

**СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТИ**

**ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА**

С. Аманжолов атындағы ШҚУ 70 жылдығына арналған

**«ҚАЗІРГІ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН  
БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**«Уәлиев оқулары-2022»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**2-бөлім**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

Международной научно-практической конференции

«Увалиевские чтения-2022»

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ В  
УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННЫХ ВЫЗОВОВ»,**

посвященной 70-летию ВКУ имени С. Аманжолова

**Часть 2**

**COLLECTION OF MATERIAL**

International Scientific and Practical Conference

«Ualievsky Readings-2022» on the topic

**«CURRENT PROBLEMS OF SCIENCE AND EDUCATION UNDER  
CONDITIONS OF MODERN CHALLENGES»,**

dedicated to the 70th anniversary of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University

**Chapter 2**

**Өскемен - Усть-Каменогорск, 2022**

**Бас редактор:**

*Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,*

**С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – ректор, профессор, PhD**

**Бас редактордың орынбасары:**

*Ровнякова Ирина Владимировна,*

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Басқарма төрағасының орынбасары – стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, п.ғ.к.

**Редакция алқасы:**

*Алимбаева Нурлана Бауржановна*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің инновациялық даму және коммерциаландыру департаменті директоры;

*Шарипиева Гульнур Даулетхановна*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылым және ғылыми жобаларды коммерциализациялау бөлімі жетекшісі;

*Адиқанова Салтанат*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің IT және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің деканы, PhD;

*Оразалин Слямбек Калибекович*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, т.ғ.к.;

*Куленова Гульнара Борисовна*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің педагогика жоғары мектебінің деканы, мед.ғ.к.;

*Апышева Асель Ануарбековна*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің экономика және құқық жоғары мектебінің деканы, э.ғ.к.;

*Ислямова Сараш Аскаровна*, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «Берел» баспасының директоры

**Қ 22 «Қазіргі сын-қатерлер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» «Уәлиев оқулары-2022»**  
Халық. ғыл.-тәжір. конф. матер. жинағ. = Сб. матер. Междун. науч.-практ. конф. «Увалиевские чтения-2022»  
**«Актуальные проблемы науки и образования в условиях современных вызовов».** - Өскемен:  
С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2022. – 540 б. – 2-бөлім.

ISBN 978-601-314-666-9

«Қазіргі сын-қатерлер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» «Уәлиев оқулары-2022» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жинақталған. Мақалалар қазіргі химия ғылымы мен білім берудің теориялық және қолданбалы аспектілері; жаһандық сын-қатерлер жағдайында педагогикалық ғылым мен білім беруді дамытудың өзекті мәселелері; жаратылыстану-техникалық ғылымдардың, цифрлық трансформация контексіндегі STEM-білім берудің қазіргі жағдайы мен даму перспективалары; социогуманитарлық ғылымдардың қазіргі даму тенденциялары; экономика, мемлекеттік басқару және құқық саласындағы зерттеулердегі ғылыми және қолданбалы аспектілер саласындағы зерттеулерге арналған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Увалиевские чтения-2022» «Актуальные проблемы науки и образования в условиях современных вызовов». В статьях раскрыты теоретические и прикладные аспекты современной химической науки и образования; актуальные проблемы развития педагогической науки и образования в условиях глобальных вызовов; современное состояние и перспективы развития естественно-технических наук, STEM-образования в контексте цифровой трансформации; современные тенденции развития социогуманитарных наук; научные и прикладные аспекты в исследованиях в области экономики, государственного управления и права.

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

**ISBN 978-601-314-666-9**

© С. Аманжолов атындағы ШҚУ, 2022

**ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДА  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ  
ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ  
НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ**

ӘОЖ 373.3.091712:811.512.122

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП  
МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Ыбраимжанов К.Т., Баймухамбетова К.М.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан  
e-mail: kuralai-61@mail.ru, tarmpi\_school@mail.ru

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Осы тұста В.Г. Белинскийдің: «...ұстаздың қолында адам өмірінің келешектегі тұтас тағдыры тұр», – деген сөзі еріксіз еске түседі [1]. Уақыт өткен сайын білім саласының әлеуметтік рөлі де нығайып келеді. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Әрине, бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Расында, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан да, Елбасының «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Мен сіздерге - жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», - деген [2]. Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Елбасы бұл Жолдауында мемлекетте білім алып, еңбек етіп жатқан азаматтарға ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруді міндеттеп отыр. Әрине, біздің еліміз үдемелі индустриалды-инновациялық бағытта шарықтап, тез дамып келе жатқан елдердің қатарында. Сол себепті жаңа өзгерістерге әр уақытта да қазақстандық азаматтардың дайын болулары керектігін Елбасымыз ашық айтты. Елбасының осындай саясатын жете түсінген ел азаматы өзінің кәсіби біліктілігін үзбей жетілдіріп, озық технологияларды меңгеру жолында тынымсыз еңбек етуі керек.

Бүгінгі қоғам – үздіксіз өзгеріс үстіндегі қоғам. Адам баласы қандай мамандық иесі болмасын, қандай да бір жерде жұмыс атқармасын өзінің кәсібінің майталманы болуы керек, ал мамандықтың майталманы болу үшін не керек? Ең алдымен, еңбек керек, ізденіс керек, өзін-өзі жан жақты білімді, білікті ұстаз ретінде дамыту үшін талпыныс керек. Сондықтан бүгінгі таңда болашақ маман иесіне әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіре отырып, кәсіби біліктілігі мен іскерлігін арттыру біздің басты міндетіміз болып табылады.

Қоғамның қазіргі даму жағдайында білім сапасына талаптың жоғарылауына байланысты мамандар даярлауда О.А.Абдуллина, А.Л.Ташимова, И.С.Өтебаев, С.А.Қыпшақов, Ұ.Ж.Қонақбаева, Л.В.Ширина; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бойынша – Қ.М.Нағымжанова, Т.Е.Демидова, Қ.Т.Ыбыраимжанов, М.З.Джанбубекова, жаңа форматта (PhD) - М.Н.Оспанбекова, С.А.Фейзулдаева, Ұ.Б.Ахатаева, Ж.К.Стамбекова және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері қызығушылық тудырды.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ой-пікірлерін саралай отырып, білім алушының ой-өрісінің кеңеюі, танымдық қабілеттерінің дамуы болашақ бастауыш сынып мамандарды даярлау кезінде қолданылатын кәсіби шеберлікті дамыту барысында жеделдейтіндігін пайымдауға болады. Сонымен қатар, ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс әрекетке даярлау мәселесі қарастырылғанымен қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығына байланысты теориялық және әдістемелік негіздері әлі де болса жеткілікті түрде зерттелмегендігін байқауға болады. Осыған орай, қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін дамытудың маңыздылығы мен білім беру парадигмасының өзгеруіне сай ұйымдастыру мен дайындау мәселесінің арасында және қазақ тілін оқытуда болашақ мамандарды инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы педагогикалық шарттарды іске асыруда жоғары оқу орны мүкіндіктерінің жоғарылығы мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы арасындағы қарамақайшылықтардың бар екендігі анықталды.

Инновациялық кәсіби іс-әрекетті жетілдіру үшін қазақ тілін оқыту барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылықпен жұмыс істей алуына, қазіргі таңдағы жаңа инновациялық технологиялардың ғылыми негіздерін үйреніп, бағыт бағдар алуына жол ашу керек. Ол үшін кәсіптік шеберлігін жүзеге асыру мақсатында тиімді нәтижеге қол жеткізетін жоспарлы жұмыс атқарылуы тиіс. Мәселен, диагностика қоя білу керек, жаңа инновациялық технологияны қолдана алу қажет, нәтижені тексере отырып баға қоя алу керек.

С.А.Фейзулдаеваның зерттеуі бойынша жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау үшін жүйелілік, интегративтік, кешендік, тұтастық, тұлғалық-іс-әрекеттік

әдіснамалық тұғырларды негізге алған. Соның ішінде, басты тұғыр ретінде интегративтік тұғырды өз нақтылауында басшылыққа ала отырып, мазмұнына қарай *таным және белсенділік, теория мен практиканың бірлігі, жан-жақтылық, сана мен әрекеттің бірлігі* қағидаларына негізделген мұғалімнің кәсіби дайындығының қазіргі заманғы теорияларын ескерген және әрбір кезеңдерде дайындықтың базалық компоненттерінің мақсаттары қалыптасатындығын және қойылған мақсатқа сәйкес олардың сандық және сапалық өсуін қамтамасыз етілетіндігін айқындаған [3]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекеттерін дамытуға даярлауда автордың пікірін басшылыққа алуды жөн көрдік. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің басты маңыздылығы – инновациялық білім мазмұнын тасымалдаушы, кәсіби ұйымдастырушы. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін шығармашылық мәселелерді шешуді ынталандыру әдістерін қолдану маңызды.

Еліміздің білім беру ордаларында уақыт талабына сәйкес инновациялық технологияны қолдану арқылы жаңаша дәріс беру өмір талабынан туындап отырғандығы бәрімізге мәлім. Ендеше, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби даярлығын жетілдіруде педагогикалық іс-тәжірибе жағынан өсуіне жоғары оқу орнының ықпалы орасан зор. Мәселен, мұғалімнің кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан да қазақ тілін оқыту барысында біліктілікті арттыру курстары арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытуда оқытушы жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық, түзетушілік әрекеттерді атқарып отыруы керек. Оқытушының осындай әрекетіне білім алушының өзі де бойындағы бар білімін көрсете отырып, байланыс жасағанда ғана сапалы нәтижеге қол жеткізуге болады. Білім алушылардың өз білімдерін тәжірибе жүзінде пайдаланып отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор болып келеді.

Болашақ педагогты дайындау жаңашыл білім беру технологияларын талап етеді. Кәсіби білімге деген біліктілік тәсілі «оқу жұмыстарын ұйымдастырудан және оқу жоспарларын орындаудан білім беру әрекетін ұйымдастыруға» ауысуын жүзеге асыру. Біліктілік тәсілін жүзеге асыру - білім беру әрекетінің оқыту технологиялары, бағдарламаларын құрастыру мен жүзеге асыру, білім беру мен оқыту саласындағы ерекше пән ретінде айқындалады.

Тұлға теориясының негізін қалаған ғалым Л.С.Выготскийдің еңбектерінде: «...кәсіби дайындықты – педагогикалық қызметке бағытталған дайындық кезеңінде пайда болатын болашақ педагогтың санасын, оның болатын *қызметке қатынасын анықтаушы жаңа құрылымдар*. Дайындық – кәсіби функцияларды орындауға *бағытталу механизмін*, педагогтың болатын қызмет барысына нақты бағытталуын білдіреді» деп нақтылайды [4]. Ғалымның пікірінен, болашақ мамандардың кәсіби қызметке дайындығы мамандыққа енуді, кәсіби білім стандарттарын, яғни нормаға, технологияландыруға жататындардың барлығын меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде пайдалануға білігі мен дағдысы болған жағдайда өз кәсібіне даярлығы бар деп саналатындығын пайымдауға болады.

Әр оқытушының басты мақсаты, білім алушылардың бойынан тек кемшіліктерді ғана көріп қоймай, кәсіби дамуына неғұрлым ұтымды жолмен ықпал ету керектігін түсіну және инновациялық іс-әрекетін арттыру жөніндегі бірлескен іс-шараларды жиі өткізе отырып, біріккен талқылау жасағанда ғана болашақ маманның кәсіби дамуы арқылы мәртебесінің де көтерілетіні анық. Осыған орай қазіргі таңда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда мына міндеттер жүктеледі:

- ❖ Өзінің кәсібіне деген қызығушылығын арттыру;
- ❖ Өзін кәсіби маман ретінде сезіну;
- ❖ Педагогикалық біліктілігі сауаттылығы;
- ❖ Педагогикалық үдеріс теориясын өз тәжірибесінде пайдалана алуы;
- ❖ Бастауышта оқытылатын пәндердің теориялық білімділігі;
- ❖ Шығармашылық қабілетінің болуы;
- ❖ Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру, пәндерді оқытуда компьютерді пайдалана алуы;
- ❖ Өзінің педагогикалық жетістігі мен кемшілігін бағалай алуы;
- ❖ Нәтижені пайымдай білуі.

Жаңа әлеуметтік тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігінің қалыптасуы - білімінің жоғарғы сапасын қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытушылардың кәсіби шеберлігі мәселесін күрделендіріп отыр. Әдістемелік дайындықтағы білім беру әрекетімен жұмыс жасау жобалау әрекетінің барысында білім алушылардың инициативасы бойынша туындайды. Болашақ педагогтар меңгеруге келмейтін, керісінше құрастырып, онымен өмір сүруі керек кәсіби әрекетке ену қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Мұндай құрылыс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетіне талпынысын тудырады. Осыған қарай жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үшін қазақ тілін оқытуда төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізу қажет:

- Білім алушылардың кәсіби шеберлігін диагностикалау;
- Білім алушыларға үздіксіз білім беру жүйесінде әдістемелік көмек беру;
- Қазақ тілін оқытудың жаңа әдістері мен инновациялық технологияларын қолдана білуін меңгерту;
- Білім алушылармен жеке және топтық түрде жұмыс жүргізу: кеңес беру, сабақ, сабақтан тыс шараларды сараптау, кәсіби шеберлік байқауларын ұйымдастыру.

**Сонымен, білім саласындағы маңызды мәселелер деп - кәсіби даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен инновациялық технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу болып табылады. Сондықтан, қоғам дамуының қазіргі кезеңі адам қызметінің басым бөлігін ақпараттандырумен, компьютерлендірумен ерекшеленеді. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс - әрекетінің**

практикалық сұранысы артуда. Қоғамдық прогрестегі жетістіктер болашақ ұрпақтың білімі мен тәрбиесіндегі жетістіктерге, ал ол өз кезегінде болашақ маманның білік деңгейіне байланысты. Сондықтан да мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру проблемасы аса назар аударуды талап етеді [5].

Қолда бар деректер білім беруді жақсарту және қазақ тілін оқыту сапасын арттыру үшін қазақ тілін оқытудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарау және тіпті өзгерту қажет екенін көрсетеді. Тілді тек ғылыми тұрғыдан білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес, жан-жақты жалпыланған және нақты анықталған, әдістемелік тұрғыдан келіспейтін мәліметтер ғана үйретуі керек екендігі белгілі. Ал білім мазмұны – бұл, әр студенттердің мүмкіндіктері бойынша оқытуды алдын-ала болжау, қарапайым ережелер негізінде оңай игерілетін және зерттелетін, таңдалған тілдік материалдарды жинау. Оқу ортасында білім беру бағдарламалық жасақтамасын қолдану студенттерді болашақ мұғалімге кәсіби дайындау үшін ақпараттық ресурстарды табудың және қол жеткізудің жақсы тәсілі болып табылады және тілдік материалдардың ерекшеліктерімен жүйеленеді:

- 1) тақырып пен терминнің анықтығы;
- 2) тілдік материалдың ғылыми дұрыстығы;
- 3) тілдік материалдың ішкі ерекшеліктерін ескеру қажет;
- 4) тілдік материал ерекшеліктерінің осы сыныпқа сәйкестігі;
- 5) тек осы материал үшін ерекше қасиеттерді енгізу;
- 6) өмірлік қажеттілік бойынша түрлік белгілерді жасау;
- 7) тілдің ерекшеліктерін күнделікті сөйлеу практикасында пайдалану;
- 8) материалдың ескерілетін ерекшеліктерінің жүйелі сипаты [6].

Қазақ тілі оқытушысының негізгі мақсаты - оқыту тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу, білім беру нарығындағы соңғы жетістіктерге сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда оқу материалдары мен инновациялық әдістемелердің кең спектрін ұсыну. Ал қазақ тілін оқытудағы басты практикалық мақсат - өз ойын еркін білдіруге мүмкіндік беретін деңгейге жету және инновациялық кәсіби даярлығын жетілдіру. Жоғары білім аясында мұғалімдерді нұсқаушы деп атауға болады және олар пәндік салада терең білімі немесе білімі бар пән саласындағы сарапшылар ретінде жалданады. Барлық осы рөлдер үшін оқыту дегеніміз-студенттерге бағыт беру, айту және нұсқау беру арқылы оқу процесін басқаратын адамды білдіреді. Нұсқаушы жауап береді, ал студенттер нұсқауларға бағынып, ұстануы керек.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығының сапасын жетілдіру жүйесіне педагогикалық университет түлектерінің белсенді формалар мен оқыту әдістерін қолдану қабілетін мақсатты түрде даярлаудың маңыздылығын көрсетеді. Әдістемелік іс-әрекеттің инварианты түрінде ұсынылған, оқытушыны оқытудың белсенді формалары мен әдістерін қолдануға және қолдануға дайындау болашақ бастауыш сынып мұғалімнің кәсіби-әдістемелік іс-әрекетінің тағы бір құрамдас бөлігі болып табылады және жеке қалыптасу объектісі бола отырып, инновациялық іс-әрекеттің құрамдас бөлігін даярлауға мүмкіндік береді. Отандық ғалымдар мен әдіскерлердің ғылыми еңбектерін, жаһандық білім беру жүйесінде тілдерді оқытуға арналған әдістемелік жұмыстарды зерттей отырып, осы жұмыстың отандық білім беру нарығындағы уақтылы рөлін, сондай-ақ осы

инновациялық әдістеменің алғашқы кешенді әдістеме болып табылатындығын аша отырып, біз өзіміздің негізділігіміз бен өзектілігімізге сенімдіміз.

Қорыта келе, білім алушы күшпен қуатты да, шабыт пен дарынды да оқытушыдан алатыны белгілі. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық жаңашыл инновациямен қаруланған, өскелең ұрпақтың толық қанды білім алуына, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіруге, ұлтжанды, тәрбиелі жеке тұлға болып даярлануына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. В.Г.Белинский мен А.И.Герценнің педагогикалық теориясы. В.Г.Белинскийдің педагогикалық көзқарастары. (1811-1848) <https://sites.google.com>
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Елбасы Жолдауын талқылауға арналған шаралардың материалдары / Жауапты ред. Б.К.Сұлтанов. - Алматы, 2013. -226 б.
3. Фейзулдаева С.А. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат -Талдықорған, 2019. -51б.
4. Выготский Л. С. Собрание сочинений: В 6 т. Т. 3. - М.: Педагогика, 1983. - С. 68.
5. Қадырбаева. Б.А. Студенттерді кәсібибіліктіліктерге машықтандыру мәселелері. // Білім әлемінде. - Алматы, 2014.
6. G.Nurbekova, S.Odanova, B.Sabdenova, L.Adilbekova, Z.Osmanova. Métodos de enseñanza de las palabras derivadas del lenguaje de Kazakh mediante tecnologías interivas. Opcion. Universidad del Zulia. том. 34 , 2018, стр. 273-289.

УДК 373.1

### **ИННОВАЦИОННЫЕ РЕШЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ОСНОВ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧЕНИКА НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ВО ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЕ**

<sup>1</sup>Авдеева Н.В.

<sup>1</sup>КГУ «Валеологическая специализированная школа-комплекс для одаренных детей» УО ВКО, г. Усть-Каменогорск, Казахстан  
Ira1969st@mail.ru

В настоящее время экологическое образование школьников становится приоритетным направлением в педагогической теории и практике, так как одной из актуальных проблем является экологическая неграмотность населения, неумение предвидеть последствия вмешательства человека в природу.



Каждый человек, независимо от его специальности, должен быть экологически образован. Под экологическим образованием понимается «непрерывный процесс обучения, воспитания и развития личности, направленный на формирование системы научных и практических знаний и умений, ценностных ориентаций, поведения и деятельности, обеспечивающих ответственное отношение к окружающей среде и здоровью» [1]. А результатом этого процесса, будет являться экологически культурная личность.

Исследователь З.Е. Сыдыкова даёт такое определение экологической культуры: «составная часть общемировой культуры, которая характеризуется глубоким и всеобщим осознанием себя как части природной среды, и как субъекта, ответственного перед собой, перед живущими и последующими поколениями» [2]. По определению Б.Т. Лихачёва, «экологическая культура – это целостное свойство личности, возникающее как интегральный психический феномен в результате формирования компетенций» [3]. Экологическая культура, по словам Э.В. Гирусова, представляет собой «особенно сложное явление, включающее огромное многообразие составляющих как в образе мышления, так и в сфере практической деятельности, радикально отличающихся, как правило, от тех, которые были характерны для прежнего типа культуры, с ее направленностью на волевое преобразование природы во имя потребностей человека» [4].

В самом общем виде можно сказать, что «экологическая культура» - это целостное свойство личности, включающее в себя совокупность экологических знаний, умений и практических навыков разумного природопользования, обеспечивающих ответственное отношение к окружающей социально-природной среде и здоровью. Основными компонентами экологической культуры личности должны стать: экологические знания, экологическое мышление, экологически оправданное поведение и чувство любви к природе [5].

В младшем школьном возрасте у детей активно осуществляется процесс формирования экологической культуры. Благодаря целенаправленной деятельности происходит формирования знаний, чувств, интересов, переживаний, оценок, развития способностей [6].

Формирование экологической культуры эффективно формировать во внеклассной работе. Четко организованная, целенаправленная внеклассная работа позволяет использовать дополнительный материал, расширяет природоохранный кругозор и конкретизирует знания ученика [7]. Во всех своих проявлениях внеклассная работа нацелена на развитие интереса детей к познанию природы, применение ими знаний на практике, формирование исследовательской деятельности в целом и формирование экологической культуры. Использование разнообразной деятельности во внеклассной работе даёт школьникам возможность овладения глубокими знаниями о связях человека с природой, помогает увидеть экологические проблемы в реальной жизни, научиться простейшим умениям по охране природы, позволяет им быть психологически готовыми к общению со специалистами различных областей

природопользования и активно оперировать знаниями с целью принятия конкретных решений в той или иной ситуации.

Эффективность внеклассной работы по формированию экологической культуры школьников в значительной степени зависит от связи ее содержания с урочным материалом предметов «Естествознание», «Познание мира» в начальных классах. Работа, используемая при проведении внеклассных занятий по различным предметам, может иметь экологическую направленность, которая будет способствовать формированию экологической культуры школьников. Внеклассная работа предполагает постановку конкретной цели при проведении каждого занятия, решение определенных воспитательных и образовательных задач, что требует умелого подбора учителем содержания, методов и приемов работы.

В процессе внеклассной работы учитель решает следующие задачи по развитию экологической культуры младших школьников:

- вооружение учеников дополнительными знаниями, отражающими закономерности окружающего мира;
- создание между учениками дружеских отношений, направленных на формирование требовательности, внимания и заботы друг к другу;

Повысить эффективность внеклассных занятий может систематичность, последовательность и перспективность в проведении работы. Большое значение для учеников имеет пример учителя, родителей, которые активно влияют на сознание и поведение детей, на их отношение к окружающей среде. Педагогу важно построить внеклассную работу на краеведческой основе, которая поможет детям постичь тайны природы, узнать особенности своего края, его богатства. Успех формирования экологической культуры младших школьников зависит не только от того, как учитель понимает его цели и задачи, методы и приемы, но и от создания необходимых условий для воплощения их в учебно-воспитательный процесс. Чётко организованная, целенаправленная внеклассная работа позволяет использовать дополнительный материал, расширяет природоохранный кругозор и концентрирует знания. Именно во внеклассной работе дети могут вступать в контакт с природой, повышать свою экологическую осведомлённость [3].

Одним из важнейших вопросов для современной начальной школы является вопрос о том, какие технологии следует использовать для формирования основ экологической культуры у младших школьников на уроках и во внеклассной работе. И.М. Чередов в своих трудах говорит о том, что «выбор той или иной формы внеклассной работы по формированию экологической культуры зависит, в первую очередь, от особенностей класса, уровня развития детей, их интересов, доступных условиях и возможностей» [8]. Формирование экологической культуры младших школьников возможно, только если учитывать особенности современных детей.

В эпоху технологического прогресса, быстрого развития инновационных технологий необходимо использовать возможности инновационных технологий в образовательном процессе. Применение новых технологий как средства

формирования экологической культуры помогает расширить возможности внеклассной работы, позволяет изучить более детально вопросы экологического характера.

В младшем школьном возрасте дети лучше воспринимают объекты и процессы, которые они могут наблюдать, ощущать, то есть наглядность. И в этом могут помочь информационно – коммуникационные технологии. Благодаря их использованию можно значительно расширить круг изучения тем экологической направленности. Кроме того, с помощью этих технологий можно наглядно продемонстрировать детям последствия не соблюдения экологических норм и возможности изменения ситуации на планете, благодаря повышению экологизации населения в глобальных, земных масштабах. Далее, обязательно нужно закрепить теоретические знания в ходе практической деятельности. В связи с этим, во внеклассной работе обоснованным будет использование метода «образования в природе». Этот метод заключается в изучении детьми природных явлений и объектов в реальных условиях: на экскурсиях, в проектной деятельности, в проведении опытов и экспериментов, экологических квестов и т.д. Подобная наглядность и возможность прочувствовать всю важность и суть изучаемых процессов в природе и в значительной степени повышает интерес учащихся к экологическим проблемам, уровень их экологической культуры.

Внеклассная работа по формированию экологической культуры детей должна строиться на основе использования принципа прогностичности. Детям необходимо не только быть экологически образованными, но и экологически культурными. Принцип прогностичности даёт осознание последствий каждого действия, что в свою очередь поможет воспитать экологически культурную личность, а в последствие и экологически культурное общество [9].

Для формирования экологической культуры младших школьников также не стоит забывать о таком методе, как метод проектов. Проектный метод обучения представляет собой гибкую модель организации учебного процесса, ориентированную на самореализацию личности учащегося, развитие его интеллектуальных возможностей, волевых качеств и способностей в процессе выполнения проектов. Проекты являются средством интеграции, дифференциации и гуманизации образования, значимым средством формирования экологической культуры учащихся. Эффективным также будет использование массовых форм и методов пропаганды эстетической ценности природы и необходимости ее охраны. Это лекции, беседы, рассказы, объяснения, читательские конференции. Действенны и приемы воспитания на примере, поощрении [10].

Внеклассная работа предоставляет возможность использования различных инновационных технологий для формирования экологической культуры. Но только комплексное использование всех доступных средств и форм внеклассной работы, способствует полноценному развитию у младших школьников интереса к познанию природы, исследованию ее экологического состояния, поиска причин и источников загрязнения окружающей среды, и в итоге формированию экологической культуры.

## Список литературы

1. Иванов С.А. Новые горизонты экологического образования: от ноосферного мировоззрения к ноосферной этике // Образование и наука. - 2015. - №3. - С. 29-46.
2. Сыдыкова З.Е. Формирование экологической культуры младших школьников с использованием инновационных технологий в учебно-воспитательном процессе. – Шымкент, 2007, 35 с.
3. Бобылева Л. А. Учебные пособия эколого-краеведческого содержания для младших школьников // Начальная школа. - 2001. - №6. - С.21-30.
4. Гирусов Э.В. Экологическое образование в контексте культуры // Философские науки. - 2006. - №4. С.129-138.
5. Глебова В.Д., Лёшина Л.А. Создание условий для развития нравственно-волевых качеств личности в системе экологического образования в сельской национальной школе // Эксперимент и инновации в школе. - 2011. - №2. С.43-47.
6. Игнатов С.Б. Использование технологии «кейс-стади» в формировании экологической компетенции обучающихся // Инновационные проекты и программы в образовании. - 2013. - №1. - С.30-35.
7. Чередов И.М. Формы учебной работы в средней школе. Книга для учителя. – М, 1993, 160 с.
8. Елдаков Е.Н. Особенности непрерывного экологического образования // Начальная школа. - 2006. - №7. – С. 26-27.
9. Миронов А.В. Содержание экологического образования будущего учителя. – Казань, 1989, 28 с.
10. Пахомов В. И., Пахомова Т.Н. Полевая экологическая практика как средство формирования экологической компетентности обучающихся. // Эксперимент и инновации в школе. - 2011. - №4. - С. 61-68.

37.013(092)

## А. БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Адилханова А.Т.  
ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша  
«М. Шаяхметов атындағы №23 орта мектебі» КММ  
e-mail: asem.adilkhanova.84@mail.ru

*Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім жақын емес алысқа.  
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда  
Дедім: «Сен де қатарыңнан қалыспа»*

**А. Байтұрсынов**

Данышпан дара тұлғалар, керемет ойшылдар әрқашан тұңғыық терен, шексіз жұмбақ болатыны белгілі. Олардың ой-пікірлері мен атқарған істері

тарихпен, заманмен астаса қабысып, тіпті бүгінгі күннің, болашақтың өзекті мәселесі болып қала бермек. Осындай тұлғалар қатарына Ахмет Байтұрсынов та жатады.

Бала өмірінің ұмтылу, талпыну, есеюге құмарлық қасиеттерін суреттей келіп, өз өлеңдерінде жазған еді. Әлеуметтік оқиғалардың шиеленісті дәуірінде өмір сүрген ол өз заманының сыры мен қайшылықты шындығын тануға тырысып бақты. Сол жолда не қилы өмір өткелдерінен өтті.

Қазақстан Республикасының мәдени-этикалық білім беру тұжырымдамасында «мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту ұлттық мәдени дәстүр жалғастығына, тарихи мұраларды жандандырып тәрбие құралына айналдыруға, халықтар мүддесі мен бірлігінің тоғысуына негізделуі қажет. Мәдени-этикалық мұраны жандандыру мен жалғастыру, ұлттық патриоттық сезімді ояту мен аялау ең алдымен мектептен басталуы тиіс»,/1/ - деп өте орынды айтылған.

А.Байтұрсынов ұлттық мүддені жеке бастың мүддесінен жоғары қоя білді. «Елдің өзін ел сезінуін, өзгелермен тең сезінуін, өзінің ұлтын ер сезінуін, қайраттанып, намыстанып жігерленіп өмір сүруін» армандады. Сол жолда революционер – демократтарша өмірінің ақырына дейін күресе білді. Асыл арман жолында ел тағдыры үшін өз өмірлерін қиюдан да тайынбады.

Сондай ғалымдардың бірі – А.Байтұрсынов еді. «А.Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», - деп Ә.Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды. «Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тілашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар» /2/

Егер, А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларындағы құндылықтарды іріктеп, тәлімдік мүмкіндіктерін айқындай отырып жасаған әдістемелік ұсыныстар іске асса, онда рухани құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық және патриоттық санасы жоғары жеке тұлға қалыптастыруға игі ықпал еткен болар еді.

Бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан, табиғаты бөлек жандар болады. Ахмет Байтұрсынұлы сондай адамдар қатарындағы ұлағатты ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы мәдениетіміз бен ғылымымызға қалтқысыз беріле қызмет сіңірген, таланты мен тағдыры, жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан жан. Ахаң – күрделі тұлға, зерделі ғалым. Күрделі болғанда, ел-жұртының тарихы мен тағдыр талантын терең біліп толғаған, танымына лайық алысқа қол ұсынған алғашқы оқымыстысы.

Ол – ең алдымен қазақ балаларының ана тілінде саутын ашып, ары қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап танытқан зерттеуші, әрі сол зерттеушінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар А.Байтұрсынов – өз халқының саяси, мәдени, рухани және

әлеуметтік өмірінің сан-саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері А.Байтұрсынов – өнер иесі – ақын; қазақтың тілін емес, әдебиетін де мәдениетін де зерттеуші ғалым. Сондықтан А.Байтұрсынов қалдырған мұра да әр тектес. Олар көркем дүние – өлең жинақтары «Маса» мен «Қырық мысал»; әдебиеттану саласынан жазылған ғылыми еңбек «Әдебиет танытқыш», қазақ тілін оқыту үйретуге арналған оқулықтар мен хрестоматиялар, оқыту әдісіне арналған методикалық құралдар; оқу – ағарту проблемасын сөз ететін мақалалар, графика мен терминология мәселелерін әңгімелейтін мақалалар мен баяндамалар... Демек, А.Байтұрсыновтың бұл бай мұрасын бір текті басылын етіп ұсыну мүмкін емес.

А. Байтұрсыновтың – алған білімі, мамандығы жағынан профессионал лингвист емес еді. Оны тіл біліміне алып келген, оқу – ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып көзін ашу. Сол арқылы қазақ халқын ұлттық теңсіздіктен құтқару мақсаты болатын.

А. Байтұрсынов қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Сол үшін қазақша сауат ашатын әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» деген атпен алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылды. «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу – ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланды. Кітап бетінің төменгі тұсындағы сілтемеде хат таныту жолдары көрсетіліп, сабақ әдісі қоса беріледі. Барлық әріптерді өтіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады. Мысалы, «Туысқан – туған іліктес» деген тақырыпта ата, баба, ана, әже, шеше, аға, іні ... деген сөздер беріледі. Сол сияқты киімдердің, ойындар мен ойыншықтардың т.б. атаулары ұсынылады. Және бір көңіл аударатын жері – автор балаларға лайық тілмен жазылған, тәрбиелік мәні бар бар жұмбақ – жауаптарды, мақал – мәтелдерді, шағын өлең жолдарын береді./3/

1912 ж. қазақ балаларын қазақша сауаттандыратын әліппені жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білу үшін қазақ бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне міндет етіп алады да, сол міндетті атқару үшін «Тіл құрал» деген атпен үш бөлімнен тұратын оқулық жазуға кіріседі. «Тіл құрал» яғни, кітап тілдің құралы деген мәнде емес, тілдің өзі құрал деген мағынада беріліп тұр. Сондықтан «Тіл - құрал» деп арасына сызықша қойылып жазылады. Бұл құралдың фонетикаға арналған I бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Әрі қарай жөнделіп, толықтырылып бірнеше рет басылды. 1927 жылы Қызылордадағы басылымы 7-ші деп көрсетілген.

«Тіл - құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанмен, бұл қазақ тілінің фонетикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тілінде тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы еді. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларын

көрсетуде де, сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да күні бүгінге дейін А.Байтұрсыновтың атаған оқулықтарының негізі сақталып келеді.

Осыдан кейін А.Байтұрсынов сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алып, ол үшін «Баяншыңы», «Әліппе астарын» жазған. Балалардың тілдерін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеп, Т.Ш.Шонановпен бірігіп, үлкен хрестоматия (ол да «Оқу құралы») құрастырған. Бұл оқулықтар тек оқулықтардың басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды. «Қазіргі қазақ тілі» саласының іргетасы болды. [4]

Халық қамқоршысы 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Оқу жайы» деген бас мақала жариялап, онда: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалатын өнімді 2-3 есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік», - дейді.

Халықты надандық түнегінен шығару үшін оған білім беру қажеттігін дәлелдеді. 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Бастауыш мектеп» деген мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, халық сауатын ана тілінде ашу мақсатын алға қояды.

Ғұлама ғалым, көрнекті педагог, белгілі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі қоғамдық – педагогикалық көзқарастар мен тәлімдік ой пікірлерді жүйелеп жинақтай келе, мынандай тұжырымдар жасауға толық мүмкіндік туғанын байқадым:

-Ахмет Байтұрсыновтың жастарды ұлттық болмысқа сай жоғары менталитетті, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеудегі идеялары өзінің ұстазы, Қазақстандағы педагогикалық демократиялық озық ойдың иесі Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеясымен үндестігі негізделді;

- А.Байтұрсыновтың шығармашылығын жан-жақты меңгерту– таптырмас тәрбие құралы екені сараланды;

- Ғалымның өмірі мен шығармашылығын терең меңгертудің оқушыларды елжандылыққа, Отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеп жетілдіруде игі ықпал ететіндігі айқындалып дәлелденді.

Менің ойымша ендігі міндет – ақыл ой алыбы А.Байтұрсыновтың асыл сөз, асыл ойларын санамызға сіңіру, өсиеттеріне сай еңбек етіп, іс қылу; өнегелі өмірін жастарға үлгі етіп ұсынып, кеменгерлік, даналық пікірлерін тәрбиенің қуатты құралына айналдыру.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз; «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі-өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан. Артында бықсыған күл емес, мәңгі өшпес жалын, от қалдырған, «қазағым» деп халқымыздың болашағына бар өмірін арнаған арыстай азаматымыздың өмірін келер ұрпаққа дәріптеп, өмірін үлгі тұтуымыз керек. Себебі, А.Байтұрсыновтай ірі, кесек тұлға тарихымызда көп емес, санаулы-ақ қана. А.Байтұрсынов өмірі мен қызметі асыра мақтау, жалған бояуға зәру емес.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Иманбекова Б., Ахмет Байтұрсынов мысалдарының тәрбиелік мәні. /Ақиқат, 1999. №2., 83-86 бб.

2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдері, аудармалар, зерттеулер. – А: «Жазушы». 1989. – 320 б.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің халық бірлігі мен ұлттық тарих жылына арналған қаулысы. / Егемен Қазақстан, 1997, (2).

4. Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы және Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның орындалу барысы тақырыбына өткізілген қалалық ғылыми-практикалық конференция. / Алматы ақшамы. 25 қыркүйек, 1998.

ӘОЖ 37

## **МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР, ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

Айдарханова Н.Б.

ШҚО, Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылы  
nurgul.1176@mail.ru

Қазіргі кезде мектептердің басты мақсаты-жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз құқығын өз қалаулары мен қоғам талабына сай өзін көрсете білетін, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойында қалыптастырған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімі іс-әрекетінің негізгі мәні әр оқушының табысқа жету жағдайын жасау болып табылады.

Біздер, пән мұғалімдері, оқушының оқу бағдарламасын неліктен меңгермейтінін, оған бұл мәселеде қалай көмектесуге болатынын білуіміз керек. Пән мұғалімдерінің міндеті осы олқылықтардың алдын алып және бар олқылықты жоюдың әдіс-тәсілдерін ойластыру және жоспарлау. Ол үшін оқушы біліміндегі олқылықтарды жою жолдарын қарастыру қажет деп есептеп, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша жұмыс тәжірибеммен бөліскім келеді. Әрбір оқушымен табысты жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің оқу жағдайын, біліміндегі олқылықтарды және олардың себептерін білуі, оның пәнге деген қызығушылығын, сынып ұжымымен және тікелей мұғаліммен қарым-қатынасын ескеруі қажет деп есептеймін. .

Математика пәні мұғалімдері үшін бұл жұмыс өте өзекті деп ойлаймын. Әр мұғалім алдында мынадай мақсат қою керек: математиканы оқытуда оқушы біліміндегі олқылықтарды анықтау және жою, әр оқушының ойдағыдай жеке дамуына жағдай жасау. Ол үшін :

1. Оқушыларды қателесуден қорқудан еркін таңдау мен жетістікке жетуге жағдай жасау арқылы босату.



2. Оқушылардың пассивтілігін жеңу және оларды белсенді іс-әрекет субъектісіне айналдыру мақсатында сыныптағы оқытудың түрлері мен әдістерін өзгерту.

3. Оқушыларға қосымша сабақтарда, сабақ барысында жеке жұмыстар арқылы, тақырыпты меңгерген оқушылардың жұмысы арқылы уақытында көмек көрсету.

Оқушы біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін әр мұғалім өз тәсілдерін қолданады. Тақырып бойынша алынған білімді бекіту сабағының соңында негізгі білімді қалай меңгергендігін анықтайтын қысқаша тест және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын беремін.

Осындай тапсырмалардың нәтижесінен оқушылардың тақырып бойынша олқылықтары анықталады. Одан кейін жеке оқушылармен жұмыс жүргізу кезінде деңгейлік тапсырманы Блум таксаномиясына салып орындатқан жөн. Тақырып, тарау бойынша оқушылардың жиі жіберетін қателіктерін пән мұғалімдері өз тәжірибелерінде анықтаған деп ойлаймын. Сондықтан осындай қателіктерді болдырмас үшін жаңа ұғымдарды түсіндіру барысында ескеріп, оқушылардың көңілін аудару керек. Көптеген қателіктерді түзету және алдын алу үшін мектеп оқушыларында өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру өте маңызды. Бұл дағдылар екі бөлімнен тұрады:

- 1) қателерді анықтау мүмкіндігі;
- 2) оны түсіндіру және түзету мүмкіндігі.

Қателерін анықтай алуға тақырып бойынша қысқаша жасалған тіректік карточка-конспектілер көмектеседі. Бұл конспектілерде тақырып бойынша ережелер мен формулалар, схемалар мен кестелер, графиктер болады.

Келесі қадам анықталған олқылықтарды жою. Бұл жерде оқушымен жеке жұмыс, оқушы топтарымен жұмыс жүргізіледі. Ол сабақ кезінде немесе сабақтан тыс жүргізілсе де болады.

Жеке оқушымен жұмыс барысында: Өзінің қателіктерін түсіну және оларды жою үшін оқушылардың қолында ереже, формула немесе есептердің шешу алгоритмі болу керек. Мектеп оқушылары 5- сыныптан бастап алгоритмі бар дәптер жүргізеді, онда ережелер, алгоритмдер және зерттелген тақырыптар бойынша қолдануға арналған мысалдар жазады. Дәптер мектепті бітіргенге дейін сақталады. Алгоритмге арналған дәптерге жазба жасаған кезде оқушылар есте сақтайды, көзбен көреді және моториканы қолданады. Қателерді түзету-оқушылардың білімі мен біліктілегіндегі олқылықтарды жоюдың негізгі формаларының бірі. Бұл жұмыс үнемі мұғалімнің назарында болғанда ғана тиімді. Қатемен жұмыс жасау да пайдалы, өйткені кез келген қатемен танысып, оны талдай отырып, бала болашақта бұндай қателіктердің қайталануынан өзін белгілі деңгейде сақтандырады. Қателер бойынша мақсатты жұмыс оларды жүйелеуді қажет етеді. Бұл жағдайда негізгі рөлді олардың пайда болуының жалпы себептерімен, олармен жұмыс істеудің жалпы әдістерімен біріктірілген қателіктер тобы атқаруы керек. Қателіктерді осылай жүйелеу оларды түзетудің жолдарын көрсетуге және болашақта бұл қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Осы жүргізілетін жұмыстар бірсарынды болып оқушыларды жалықтырмас үшін әр түрлі әдіс -тәсілдерді қолданған дұрыс. Мысалы:

1. Қатені тап;
2. Ойын әдістері;
3. Білімді түзету карточкалары;
4. Жаңа технологияларды, АҚТ, жеке тұлғаға бағытталған әдістер;
5. Деңгейлік тапсырмалар және т.б.

Танымдық қызығушылық – адамның туа біткен танымдық қажеттілігіне негізделген ішкі мотив. Көптеген зерттеулер қызығушылық ерік пен зейінді ынталандыратынын, есте сақтауды тезірек және күшті етуге көмектесетінін дәлелдеді. Бұған проблемалық элементтер мен оқушыларға бағытталған оқыту ықпал етеді.

Кез келген жұмыс тиімді және нәтижелі болу керек. Оқушы мен мұғалімдердің бірге істеген жұмыстарының нәтижесі оқушылардың олимпиадаларға қатысуы, жүлделі орындар алуы, ҰБТ-да жақсы нәтиже көрсетуінен көрінеді. Ал осы жетістікке жетудің бірден бір кепілі- оқушы сауаттылығын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамытып, білім мазмұнын жаңғырту.

Функционалды сауатты оқушы өмірде белсенді, шығармашылық тұрғыда ойлай алады, тиімді шешім қабылдай алады, өз кәсібін дұрыс таңдай алады және өмір бойы білім алуға дайын болады.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылыққа берілген тапсырмаларды қарастырайық.

№1. Тақырып: Ондық бөлшектерге амалдар қолдану

Адам ағзасын жақсы қалыпты ұстау үшін қажетті дәрумендер мен минералдарды тұтынады. Көктем мезгілінде адам иммунитеті әлсірейтінін байқайды. Ағзадағы темір жетіспеуі: сөйлеу қабілеті, ойлау қабілеті нашарларлайды, сонымен қатар қан аздығына әкеледі.

Мектеп асханасында ас мәзіріне мыналар ұсынылды: дүйсенбіде котлетпен (100 гр.) қарақұмық ботқасы (200 гр.), орамжапырақ салаты (100 гр.), сейсенбіде бауырдан жасалған құймақ (150 гр.) кара өрік пен қызылша салаты (100 гр.)

Қай күні түскі ас ішіп темірдің тәуліктік нормасын қабылдайсың? Қай ас мәзіріне құрамында темірі бар тағамды қосу керек? (анықтамалық материалдар беріледі)

№2. Тақырып: ЕҮОБ

Балаларға бірдей сыйлық дайындау үшін 90 шоколад, 150 алма және 210 кәмпит сатып алынды. Ең көп дегенде неше сыйлық дайындауға болады?

Екі есеп талданады. Сұраққа жауап іздейді.

Күнделікті өмірде біз сыйлық дайындау үшін қажетті нәрселерді жеткілікті етіп сатып аламыз. Сондықтан бұл екінші есептің тұрмыста кездесіп қолданысы шамалы. Ал бірінші есеп болса, мұнда адам ағзасын әлсіретпей қажетті

дәрумендер мен минералды керек мөлшерде тұтынып отыруын қадағалау үшін маңызды.

Осындай есеп оқушының математикалық сауаттылығын қалыптастырып, математиканың өмірде қажеттігін ұғындырады.

Әртүрлі қызықты есептер адам ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Сабақ барысында, ҰБТ-ға дайындық барысында практикалық мазмұнды есеп шығаруда оқушылардың көбі қиналады. Сол есептерге тоқталып кетейік.

Жиі кездесетін логикалық есептерді шешудің негізгі тәсілдері

**Жіктеу әдісі.** Кей есеп адамды жаңылыстыратындай көрінгенімен мәтінде берілгенді дұрыс түсіне отырып, не айтылғанына байланысты жіктеп көрсеңіз, қиындық туғызбайды. Әр шартты жүйелі орындағанда жауабына бір табан жақындаймыз. Бастысы, айтылған нәрсені ретпен жазып шығу.

**Соңынан бастап жазу әдісі.** Осы тәсілді қажет ететін есептерді мәтіннің соңынан бастап шығару керек. Шартты есептерге теңдеу құрғанда соңында не сұрады, соны  $X$  деп белгілейміз. Ары қарай берілген мәтінге қарап, теңдеу немесе жүйе құрамыз. Барлығы есептің формасына байланысты.

Ерітіндіні проценті бойынша табуға арналған есептер ҰБТ - да жиі кездеседі. Оны шығару көптеген оқушылар үшін қиындық туғызады. Сол себепті мен бір есепті бірнеше тәсілмен шешу жолдарын көрсеткім келіп отыр.

- 1есеп . Теңіз суының құрамында 5% тұз бар. 80кг теңіз суына, ондағы тұздың мөлшері 4% болу үшін қанша тұзды су құю керек?

Аналитикалық тәсіл

**Есеп 1. Теңіз суында 5% тұз бар. Массасы 80кг болатын теңіз суынан 4% тұзды су алу үшін қанша кг тұзды су құю керек?**

**Шешуі:**

$x$  кг - II ерітіндідегі тұзды судың массасы

$y$  кг - I ерітіндідегі тұзды судың массасы

**Пропорция құрамыз**

80кг -100%

$y$  кг -5%


80+ $x$  -100%

4кг-4%


$(80+x) \cdot 4 = 4 \cdot 100$

$80+x=100, x=20$ кг    **Жауабы: 20кг**

Ерітінділердің қосылыстарына арналған есептерді теңдеу құрмай-ақ, крест әдісі арқылы тез есептеп табуға болады. Крест әдісі бойынша шығару жолы мына схема бойынша жүзеге асруға болады.



- мұндағы В, С қосылатын ерітінді, А – қосылғаннан кейінгі шыққан ерітінді  
 $|A - C|$ ,  $|A - B|$  - әр ерітіндіден қанша бөлік алатынын көрсететін оң шама.




$$\frac{4}{1} = \frac{80}{x}$$

$$4x = 80$$

$$x = 20 \text{ кг}$$

Осы есепті мынадай модель арқылы қарастырайық.

- Әрбір құйманы екі фрагментке(құрамына байланысты) бөлінген тіктөртбұрыш ретінде қарастырайық. Заттарды араластыруды көрсету үшін 1- және 2- тіктөртбұрыштардың арасына “+”, ал 2- мен 3- тіктөртбұрыштың арасына “=” таңбасын қойып, нәтижеден шыққан 3- құйманы белгілейік. Сұлба мына түрде болады:



«Отбасылық құндылықтар», «Қоршаған орта», «Достық», «Арман», «Сегіз қырлы, бір сырлы адам», «Тіл және мәдениет» атты модульдарды қамтиды. Адамға әсер ететін факторлар – ген, тәрбие және орта екендігі педагогика ғылымынан барлығымызға белгілі. Осы факторларды ескере отырып, зерттеу жұмысында белгілі бір логикамен жоғарыдағыдай тақырыптар алынды. Өйткені оқушы өз отбасында тәрбиеленеді, онда белгілі бір отбасылық құндылықтар қалыптасады, сол құндылықтарды бала өз бойына сіңіре отырып, мектепте білім алады. Білім алу барысында өзінің айналасындағы басқа да оқушылармен қарым-қатынасқа түседі, яғни белгілі бір қоршаған орта оған әсер етеді. Сонымен қатар осы қоршаған ортада өзінің жаны қалаған немесе көзқарастары үйлескен оқушылармен дос болады, әр нәрсені өзара ақылдаса отырып, ортақ шешімдер қабылдайды, яғни оқушы достықтың қадір-қасиетін түсіне білу керек, сол үшін де бағдарламада достықтың түрлеріне (адал дос, амал дос) тоқтала отырып, соған орай мәтіндер мен шығармашылық тапсырмалар беріледі. Оқушылар жан достарымен бірге армандайды, өмірге бірге жоспар құрады, осы ретте «Арман» атты модуль де енгізілді. Оқушы да бір индивид. Индивид болғаннан кейін болашақта ол жеке тұлғаға айналуы мүмкін, ол үшін бала кезінен бастап оқушы айналасындағыларға қызықты адам болып танылғаны жөн. Бұл ретте де «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» деген модуль арнайы енгізілді. Сол сияқты адам болған жерде тіл бар, тіл бар жерде мәдениет бар, оқушылар өз

ұлтының мәдениетімен қатар, «Тіл және мәдениет» модулын оқу барысында қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен де танысып, өзіндік ой түйіндей алатын болады.

Орта буын оқушысына тілді қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтінтүзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай, лексикалық минимумдар негізінде мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін игертуді көздейді.

Сөз бен сөйлемді, мәтінді әрі тілдік, әрі қатысымдық бірлік ретінде оқыту тілдің мәдени-танымдық, қатысымдық, әлеуметтік, кумулятивтік қызметтерін меңгеруіне жол ашады.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жана идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру-заман талабы. Тіл-халықтың жаны, ұлтымыздың құжаты. Тіл құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын бірудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу. ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Республикамыздың егемендік алып, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлттық мәдениетіміздің жан-жақты өркендеуіне негіз болды. Мемлекеттік тіл-халықтың барлық мұқтажын, өнер, мәдениет, радио, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, шаруашылық, ресми іс-қағаздарды т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қуатты қолданыс құралына айналуы қажет. Оқушылардың тәрбиесі мен білім деңгейінің жоғары болуы, сауаттылығы, қазақ тілін меңгеру, түсініп оқуы мен қатесіз жазуына байланысты екендігін көрсетеді.

Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіндіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс.

Бірақ, оқушының тілін қалыптастыру үшін, мұғалімнің өзі бір құзырлыққа жету керек. Сол үшін оқушы санасына, қазақ-тілі ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтыны туралы ұғым қалыптастыру керек.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру - ең маңызды жұмыстардың бірі. Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарында оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарына түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйретіледі. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін, біріншіден жүйелі түрде, «оңайдан қиынға принципін» басшылыққа сала отырып күнтізбегін жоспар қажет деп ойлаймын. Содан кейін жоспарды



басшылыққа ала отырып, оқушылардың тілін дамыту үшін әр түрлі тәсілдер арқылы жұмыс жүргізу. Осы мақсатта оқытушы әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қолданады. Басты назар аударатынымыз оқу, сөйлеу, талдау, жазу жұмыстарына мұқият көңіл бөлу.

### **Қорытынды**

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру – қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі заман талабына сай білім беру үрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттай отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда, осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырылады.

«Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңында»:

«Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту»-дейтін тұжырымдар бүгінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін ғана емес, тіл дамытудағы өзекжарды мәселелерді де айқындайды .

Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Орыс тілді мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеуге үйрету, оны оқыту әдістемесін жетілдіру-бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі.Әдіс-тәсілдердің түрі көп,бірақ оларды орынды қолдану ғана көздеген мақсатқа жеткізіп, білім сапасын арттырады. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытып үйрету талабы тіл мамандарының алдына үлкен жауапкершілік артып отыр.Сондықтан да, қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу тілін мұғалімнен шеберлікті,ізденушілікті, әр түрлі әдіс-тәсілдерді оқушының білім деңгейіне қарай тиімді қолдануды қажет етеді. Тіл дамыту - қазақ тілі пәні бойынша әрбір сабақтың ең негізгі мақсаттарының бірі болатындығы осы жұмыста дәлелденді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 604 бұйрығы).

2. Типовая учебная программа по казахскому языку и литературе в школах с неказахским языком обучения//Утверждено приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года

3. Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин

атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019 ж.

4. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996.

5. Адамбаева Ж. Орыс мектепте қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары. Алматы, 1992 ж.

6. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. Астана – 2014.

7. К.Сариева, Ф. Оразбаева т.б. Қазақ тілі. Оқу құралы. –Алматы, 2000.

8. Қадашева Қ., Асанова У., Ашиқбаева Б. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Астана, 2012.

9. Құрман Н. «Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері».-Астана, 2008.

10. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері. Электрондық ресурс: <http://emirsaba.org/aza-tildi-emes-mektepterde-tilderdi-damita-oitu-edisteri.html>

Астана, 2017ж.

11. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері. Электрондық ресурс: <https://josparlar.kz/?p=1996>

12. Қазақ тілі мен әдебиетін басқа ұлттарға оқыту тарихы, зерттелуі. Электрондық ресурс: <https://stud.kz>

13. Оқылым бойынша жүргізілетін креативті оқыту әдістері. <https://infourok.ru/oilim-boyinsha-zhrgiziletin-kreativti-oitu-disteri-850039.html>

УДК:378.147

## **НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Аманова М.А.

КГУ «Казахская школа-гимназия имени К. Бозтаева»  
Абайская область, г. Аягоз, Jumagulova\_17\_83@mail.ru

В современном мире конкурентоспособность страны определяется уровнем интеллекта ее граждан, поэтому система образования должна развиваться в соответствии с потребностями завтрашнего дня. Современное состояние казахстанского общества, его интеграция в мировое образовательное пространство требуют повышения конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики и соответствия реалиям времени системы образования Республики Казахстан. [3]

Для удовлетворения потребностей в образовании современному обществу необходимо использование в системе образования информационных и коммуникативных технологий, так как информационная цивилизация, культура и грамотность стали залогом успешной профессиональной деятельности человека. [2]

С появлением Интернета возникло противоречие между неограниченным объемом информации и ограниченной возможностью ее потребления. Происходит переход от традиционного обучения к компетентностному, в основе которого лежит выработка у обучаемых способности применять полученные знания, умения, навыки, опыт творческой деятельности и ценностных отношений для решения проблем в нестандартных ситуациях. [1]

В целом обновление содержания образования должно осуществляться, с одной стороны, в сторону уменьшения учебной нагрузки на ученика, а с другой — в сторону его обогащения через отражение ценностей нового мира, достижений общественных и естественных наук.

Обновленное содержание образования РК – это программа образования, которая в будущем будет удовлетворять запросам будущих поколений. Обновленное образование – гарант будущего. *Критерии обновленного образования:* ученик в центре образования стоит как личность, которая умеет думать, исследовать, проводить опыты, умеет использовать функциональную грамотность, творчество в работе, работает индивидуально и в группе.

Причины осуществления модернизации образования связаны с переменами, происходящими во всем мире. Благодаря росту научно-технического прогресса усиливается спрос на информацию, образование, культуру. Большая часть людей занята творческой деятельностью по обеспечению разнообразных потребностей общества в целом и каждого по отдельности. Эти обстоятельства сводятся к информационным проблемам. Поэтому главное, чему следует учить – умение осваивать и использовать новую информацию для решения стоящих перед человеком проблем, то есть информационная культура. [4]

В обновленной программе образования продумана межпредметная интеграция. Так как в современном мире преобладают тенденции к таким видам интеграции, как: экономическая, политическая и информационная, то и в среднеобразовательной школе также должна осуществляться предметная интеграция.

Новшеством обновленной программы является четкое определение ожидаемых результатов по каждой цели программы. Теперь у учителя появится возможность точно оценивать результаты обучения, которые помогут и учителю, и ученику определить степень достижения целей. Отсюда – возможность корректировки преподавания для учителя и возможность определения своего уровня знаний для ученика, что также приводит к формированию размышления у ученика, становлению навыков саморегуляции и рефлексии учителя. [5]

Использование информационных технологий в образовательном процессе позволяет повысить эффективность учебного процесса, усилить разнообразие и привлекательность подачи материала, осуществлять дифференциацию в обучении, а также внедрить различные формы обратной связи. Особое место занимают технологии позволяющие развивать активность и самостоятельность учащихся. Это обучение в сотрудничестве, проектное обучение и т.д.

Современное общество требует от учащихся и учителей такого системного подхода к образованию, при котором знания обучающийся получает через свою деятельность и, благодаря своевременному и мудрому сопровождению учителя в процессе, приводит собственные знания в систему.

В данное время информационно-коммуникативные технологии открывают новые горизонты не только в работе, но и в обучении. С распространением Интернет технологий образование подверглось существенным изменениям. Дистанционные технологии в образовании значительно расширили его возможности. В современном мире получать различное образование можно, находясь в любой точке планеты, даже не выходя из дома. И хотя традиционные формы получения образования не сдают своих позиций, дистанционное обучение в последнее время набирает все большую популярность. [6]

Новые технологии обучения не отбрасывают преподавание информации ученикам. Просто меняется роль информации. Она необходима не столько для запоминания и усвоения, сколько для того, чтобы ученики использовали ее в качестве условий или среды для создания собственного творческого продукта.

В настоящее время принято выделять следующие *основные направления внедрения компьютерной техники в образовании*:

- использование компьютерной техники в качестве средства обучения, совершенствующего процесс преподавания, повышающего его качество и эффективность;

- использование компьютерных технологий в качестве инструментов обучения, познания себя и действительности;

- рассмотрение компьютера и других современных средств информационных технологий в качестве объектов изучения;

- использование средств новых информационных технологий в качестве средства творческого развития обучаемого;

- использование компьютерной техники в качестве средств автоматизации процессов контроля, коррекции, тестирования и психодиагностики;

- организация коммуникаций на основе использования средств информационных технологий с целью передачи и приобретения педагогического опыта, методической и учебной литературы;

- использование средств современных информационных технологий для организации интеллектуального досуга.

Основная цель информатизации состоит в создании единой образовательной и информационной среды учебной, педагогической, управленческой и обслуживающей деятельности школы, где одной из основных ролей играют информационно-коммуникационные технологии, позволяющие повысить качество и доступность образовательного процесса.

Весь процесс ориентирования новой системы образования на интеграцию в мировое информационно-образовательное пространство, которое происходит на сегодняшний день, сопровождается значимыми изменениями в организации всего процесса обучения, который должен соответствовать техническим возможностям. Постепенное погружение современных информационных

технологий в сферу образования позволяет изменить организационные методы и формы обучения, сделав его более комфортным и легкодоступным.

Информационно-коммуникационные технологии является важной частью процесса модернизации образования. На данный момент *ИКТ* — это различные технические устройства и способы обработки информации, в первую очередь — компьютеры с необходимым программным обеспечением и средства телекоммуникаций, на которых размещена необходимая информация. Они дают возможность воплотить в жизнь дистанционное взаимодействие учителей и обучающихся, другими словами — получать образование дистанционно.

Использование информационно-коммуникационных технологий в современном образовании предполагает несколько вариантов:

*Электронное обучение* (E-Learning), которое изначально подразумевало обучение при помощи персонального компьютера, но в данное время это понятие расширилось. Теперь E-Learning охватывает большое количество различных образовательных технологий, делящихся на две группы — синхронные (дистанционное обучение в реальном времени) и асинхронные (обучение, при котором ученик получает всю необходимую информацию из онлайн-источников или с электронных носителей информации и самостоятельно регулирует темп и график освоения материала).

*Дистанционные образовательные технологии* являются совокупностью интерактивного самообучения и интенсивной консультационной поддержки. Дистанционное обучение — это совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема учебного материала и интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения. При этом доставка пособий может осуществляться и без участия компьютеров и Интернета.

Дистанционное обучение обучающихся имеет ряд *характеристик*, которыми оно отличается от других способов получения среднего образования и подчеркивающими его инновационность и актуальность:

- основная доля учебного процесса не требует непосредственного взаимодействия учителя и учащегося;
- большей частью используются электронные средства обмена информацией;
- интерактивное взаимодействие носит систематичный характер;
- большая ответственность за продуктивность процесса возлагается на обучающихся.

Для обеспечения качественного учебного процесса возможно задействованиеразличных видов дистанционного образования: видеоконференции, т.е. обмен видеоизображением, сопровождающееся звуком; аудиоконференции - обмен звукодержающей информацией на цифровых и аналоговых средствах связи; компьютерные телеконференции; видеолекции; занятия в чате; веб-уроки; телевизионные каналы и другое.Для преподавания каждогопредмета возможно применение любых видов дистанционного

обучения, успешное сочетание которых позволит сделать процесс познания нового материала менее монотонным и более интересным и продуктивным.

Таким образом, изменения в обществе естественно ведут к изменениям в системе образования. Условия диктуют настоятельную необходимость в том, чтобы современное образовательное учреждение, начало создавать принципиально новую функциональную личностно-ориентированную модель своей деятельности, базирующейся на принципе полноты образования. Качество образования является гарантией успешного освоения образовательных программ на всех ступенях системы образования, а также в целом успешности человека.

Представление о качественном образовании на сегодняшний день довольно значительно преобразуется, приобретая новые характеристики на основании требований современного мира, предъявляемых к системе образования. Для современного мира характерны быстрые меняющиеся условия, постоянное обновление информации, поэтому значимым элементом профессиональной компетентности учителя является систематическое улучшение своих знаний и навыков, овладение прогрессивными технологиями воспитания и обучения. Учителю необходимо иметь способности к самоанализу и самооценке, восприятию новой информации и внедрению в работу инновационных способов взаимодействия со всеми участниками образовательного процесса.

#### **Использованная литература:**

1. Асанова.Д.Н, Шынтас.А.А «Возможности и перспективы развития системы дополнительного образования в Казахстане»

ӘОЖ: 159.922

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ**

Амисултанова Ж.С., Аргынбек Айтжамал

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі кезде жоба әдіс тәрбиелік-білім беру үрдісін ұйымдастыру нысаны ретінде әр түрлі бағыттарда пайдаланылады және мұғалімлердің жұмысында бірінші жыл ғана қолданылып келмейді. Біздің жұмыс тәжірибемде жобалық әдіс сөйлеуді дамыту бойынша жұмыстың формасы ретінде пайдаланылды.

Жалпы алғанда, оқушылардың сөйлеуін дамытуда жобалық әдісті пайдалану өзін бастауыш сынып оқушыларының жұмыс жасаудың тиімді формасы ретінде танытты.

Жоба әдіс көптеген мәселелерді – тек сөйлеуді дамытып қана қоймай, сондай-ақ оқушылардың жан-жақты дамуы мен тұлғалық қалыптасуы мәселелерін шешті.

Жобаның құрылымы оқушылардың өзара әрекеттесуіне негізделген. Олардың қызметі ішкі мотивацияның, жалпы және меншікті мақсаттарды шешудің негізінде құрылған. Зерттеу, іздеу, проблемалы, шығармашылық әдістер пайдаланылды. Жобада пайдаланылатын ауызша, көрнекі, практикалық әдістер оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, өзінің ойын анық және түсінікті білдіруге, әңгімелесушімен сыпайы болуға, интонациялық және артикуляциялық сөйлеу мәнерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызды. Бұдан басқа, ол логиканы, жадыны, бейнелі ойлауды, елестетуді дамытуға, өзін-өзі сыйлау және басқаларды сыйлау сезімін ұялатуға мүмкіндік берді.

Жобалық әдіс бастауыш сынып оқушыларының білімнің әр түрлі салаларына танымдық қызығушылықтарын дамытуға, коммуникативті дағдылар мен өнегелік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жобаға қатысу оларға өздерінің маңыздылығын сезінуге, өзін оқиғаның толыққанды қатысушы ретінде сезінуге көмектесті, «Мен өзім», «Мен істеймін», «Мен істей аламын» позицияларын нығайтуға мүмкіндік берді. Оқушылардың жалпы іске үлес қосуға, ынтасын, даралығын білдіруге, топта арнайы бір орынды иеленуге мүмкіндіктері пайда болды.

Жобамен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінің ұжымдық сипаты әр балаға жобада өзін-өзі көруге, жеке қатысушылығын бағалауға, бір мақсатқа жету үшін, жалпы күштердің пайдасына көз жеткізуге мүмкіндік берді.

Жобамен жұмыс жасау ата-аналар мен оқушылардың, педагогтар мен ата-аналардың жақындасуына мүмкіндік берді. Эмоционалды қарым-қатынас, жалпы іске қатысу үлкендер мен балалар ұжымының бірігуіне мүмкіндік береді.

Дегенмен, жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстың үрдісінде кейбір проблемалармен кездесуге тура келді:

1. Жобаға қатысуға сөйлеуі жақсы дамыған балалар ниет білдірді, ал қалғандарын біртіндеп тартуға, ойын қызметімен қызықтыруға мәжбүр болдым.

2. Жобаға топтың барлық балалары қатыспайды, сондықтан жобаға қатысқан балаларға берілген білім қалғандарына бос уақытта берілді.

3. Ата-аналарды ынталандыру әрқашан сәтті болған жоқ. Үлкендер уақыттың жетіспеушілігін, қандай да бір жұмысты дайындай алмайтындығын сылтау етті. Жеке әңгімелесулерде оқушылардың сөйлеуін дамыту үшін, жобалық әдістің мәнін түсіндірдім, белсендірек ата-аналарға сүйендім, олар өздерінің үлгісімен басқаларын еліктіріп әкететін.

4. Оқушылардың білімдерін, олардың балабақшада және үйде практика жүзінде қолданылуын талдай келе, балалар құқықтарды қолдана алады, бірақ міндеттерін ұмытып кетеді деген қорытындыға келдім. Сондықтан, отбасындағы және қоғамдағы міндеттерге көбірек көңіл бөлу керек [1].

Жобалық әдісті өзінің жұмысында пайдаланғысы келетін педагогтарға бірнеше ұсынымдар бергім келеді.

1. Жұмысты әрбір бала оған зор ықыласпен қатысқысы келетіндей, ынта білдіріп, оның жұмысын өзінен басқа ешкім істей алмайтындығын сезіне алатындай етіп ұйымдастыру керек.

2. Балаларға әр баланың даралығы көрінетін таңдау еркіндігі керек. Жоба үрдісінде оқушылардың мінезі, психологиялық ерекшеліктері пайда бола бастайды.

3. Баланың өнімдік қызметіне, зерттеулерге тілектес, мүдделі қатынас білдіру керек. Тіпті біреу дұрыс емес қорытынды жасаса да, жетекші сұрақтар арқылы балаға көмектесу. Көптеген сөздерді, анықтамаларды балаша түсіну үлкендерге қарағанда тура емес. Үлкендердің қағидаларының шеңберінде оларды шектеудің қажеті жоқ.

4. Баланың қоршаған әлемге табиғи қызығушылығын қолдау. Бұл қасиеттер – жобаны жүзеге асырудағы сәттілік кепілі. Оқушылардың өздерінің логикасы бар, оларға барлығын түсіндіру және дәлелдеу мүмкіндігін беру керек.

5. Бала қиялын дамыту. Кейде балалар шынайы зерттеулерді қияли әңгімелермен толықтырады және оларға сенеді. Олар тек әңгімелерін ерекше етіп тұратындай бірдеме ойлап тапқысы келеді. Егер мұны тоқтатса, өзінің күйзелістерімен бөлісу ықыласы жоғалып кетеді. Тек бұл балада ғана емес, сөйлесу кезінде отырған балаларда да.

6. Кез келген педагогқа мына сұрақ маңызды: Егер ата-аналар жобада қатысқысы келмесе не істеу керек? Мұнда ең бастысы педагогтың шынайы қызығушылығы, оның шығармашылық әлеуеті және балаларға не қызықты екендігін, олар қайда барғысы келеді, қандай жаңалықтар ашатынын тыңдай білуі, көре білуі, тіпті сезіне білуі, сондай-ақ балалар мен ата-аналарды қызығушылықтармен еліктіруі болып табылады. Басқаларға үлгі бола алатындай белсенді ата-аналарға сүйену өте маңызды [2].

Оқу шығармашылық жоба деп біз субъектілі жаңашылдығы бар және мұғалімдермен бірлестікте орындалған, бұйымды идеядан оны жүзеге асыруға дейін құру және дайындауды атаймыз.

Оқушылар үшін оқу шығармашылық жобалардың мазмұны деп біз жобалау тапсырмасы мәселесін және оны орындауды, үрдістің сапалық және іс-әрекеттің нәтижелерін талдауын таңдау бойынша, жобалау-технологиялық жағдаяттар, тапсырмалар, міндеттер және оларды шешудің тәсілдер жүйесін атаймыз.

Мұғалімнің оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін қолдану оқушылардың аталған іс-әрекет түріне қызығушылығының саналылығы мен тұрақтылығын қалыптастыратын, танымдық және әлеуметтік мотивтерді туындатады. Осы кезеңде арнайы әдістер мен тәсілдердің арасында талдау, жедел эскиз жасау, ақпараттық қолдау пайда болады.

Іс-тәжірибелік жүзеге асыру кезеңінде оқушылардың мұғалімнің басшылығымен бұрын белгіленген технологиялық операцияларды орындайды, өздерінің іс-әрекетін түзетеді, жұмыстың өзіндік тексеруін және өзіндік бағалауын жүргізеді. Бұнда технологиялық тәртіпті сақтау, жұмыс орнын ұйымдастыру, біліктері қалыптасады және дамиды.



Мұғалімнің осы кезеңде қолданатын оқыту әдістерінің кешенді сипаты болады. Мысалы, ақпараттық қолдау әдісі оқушыларды сәйкес техникалық-технологиялық құжаттармен қамтамасыз етеді.

Жаттығу әдісі жаңа материал немесе инструментпен жұмыс барысында тұрақты біліктерін қалыптастыруға қажет. Іс-тәжірибелік жұмыс әдісі бұйымды тікелей дайындауда қолданылады, ал ағымдағысы нұсқаушы әрекеттерді түзетуге ықпал етеді. Өзара тексеру әдісі, балалар-кеңесшілер жұмысын ұйымдастыру, бірлескен күйзелістер жағдаятын құру - оқушылардың бірлескен еңбек іс-әрекеті мен оқу ынтымақтастығын ұйымдастыру білігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқу іс-әрекетін ынталандыру үшін және оның жағымды түрткісін қалыптастыру үшін, үрдіс пен іс-әрекеттің нәтижелерін оперативті тексеруді жүзеге асыру қажет, сонымен бірге балалар мен микро ұжымды мадақтауды жүзеге асыру қажет. Жауапкершілік және міндеттілікті қалыптастыру әдісі балаларда жеке тұлғаның табандылық, қиындықтар мен сәтсіздіктерді жеңуге талпыныс, еңбекқорлық, ұқыптылық және т.б. сияқты жағымды адамгершілік сапаларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тексеруші-бағалау кезеңінде бұйымды соңғы рет тексеру, түзету және сынау жүргізіледі. Оқушылардың орындаған жұмысын талдау олардың мақсатқа жеткендерін және оның нақты нәтижелер мен арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы кезеңде балалар, сонымен, мысалы (топтарының аты мен эмблемасы), өз тақырыбының шағын жарнамалық жобасын құра алады, өз жоба тақырыптарын жүзеге асыру тәсілдерін ойластыра алады.

Тексеру мен өзіндік тексеру әдістері мен тәсілдер әдісінің тобы балаларға мұғалімнің басшылығымен үрдіс пен өз іс-әрекетінің нәтижелерін адекватты бағалауға мүмкіндік береді. Аталған кезеңнің қорытындысы оқушылардың өз құрдастары алдында өз жобасын қорғауы болып табылады. Жобаны тек мұғалім бағаламайды, сонымен бірге құрамына басқа параллель немесе төменгі топ балаларынан тұратын қазылар алқасы, оқушылардың ата-анасы бағалайды. Бұнда балалар өз іс-әрекеттер әдісінің нәтижелерін көрсетеді, есеп береді, өз жұмысын өзіндік бағалайды, қазылар алқасының мүшелік төрайымының сұрақтарына жауап береді. Шығармашылық жобаларды қорғаудың ең бір маңызды сәті – эмоционалды қысымға толы сәті болып табылады. Сондықтан ол ойын түрінде жүруі мүмкін, бұл жерде ойынның біліктілік сипаты болуы мүмкін.

Жобалау іс-әрекетінің қорытындысында басқа топ және балабақшаның балалары қатыса алатын, шығармашылық жобалардың көрмесі жасалады. Жоғарыда атап көрсеткендей, оқытудың жобалау әдісін қолдану мұғалімнің тақырыптың жүйесін құруын талап етеді, сонымен бірге оқушылардың жас ерекшелігі мүмкіндіктерін есепке алатын, олардың жобалау іс-әрекетінің мазмұнын құруды талап етеді.

Оқушылардың жобалау іс-әрекеті келесі өлшемдерге сәйкес болған жағдайда сәтті болуы мүмкін:

1. мәселені анықтау, жобаның тақырыбын таңдау;
2. ұсынылатын шешімдерді, тұғырларды және тұжырымдарды аргументтеу;

3. қабылданған жобалау кезеңдерін орындау, олардың дербестігі және аяқталғаны;

4. ғылыми жұмыстың шығармадан өзгешелігін көрсету;

5. шығармашылық деңгейі: материалды жүзеге асырудың және жобаны көрсетудің өзгешелігі.

Оқушыларды жобалау іс-әрекетіне дайындаудың тиімді әдісі ретінде дизайн-жаттығулар алынады. Ол оқушылардың үш негізгі бағыт (оқушылардың үшін қол жетерлік) бойынша мұғалім ұсынған еңбек объектісін жетілдіруде шешімдерді іздеуден тұрады: бұйымның пайдалылығы, оның беріктігі және эстетикалық тұрғыдан әдемілігі. Мысалы, қарапайым ертегі сюжеттерінің әр түрлі фигурада берілуі, балалар ұсынылған бұйымның үлгісіне өздерінің өзгерістерін енгізуге болады: жапсырмалау тәсілі арқылы ертегі сюжетін өзгерту; ұсынылған композициялардың жаңа нұсқаларын құрастыру; нақты кітаптың өлшеміне сәйкес оның негізінің өлшемдерін өзгерту; ертегінің негізін материалдың басқа түрін – қағаз немесе қатырма қағазды пайдаланып бұйым жасау.

Шығармашылық деңгейдегі жобалау идеяларын таңдауда және жобалау-технологиялық тапсырмаларды шешудегі өзекті әдіс ретінде ойға шабуыл әдісі алынады. Оның мәні – топта «идеялардың генераторы» және «сарапшылар» топтары құрылатындығында. Бірінші топ композиция құрумен байланысты орындауға болатын идеяларды ұсынады, ал екінші топ оларды бағалайды, ең қызықты және өзектілерін таңдайды. Оқушылардың шығармашылық ізденісін жандандыру үшін мұғалімнің алдын ала құрған және ұсынған сұрақтар сериясын қолдануға болады. [3;36]

Оқушылардың құрастырған идеяларын тіркеуге үйрету жедел түрде эскиз жасау әдісі арқылы жүргізіледі. Жобалау іс-әрекетінің бұл әдісі арқылы бұйымның үлгісін тез жасауға, оның болмайтын бөлшектерін бейнелемей жасауға болады. Шағын-маркетингі зерттеу әдісінің тәсілдері оқушылардың өздерінің идеяларын бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан бағалауды, сонымен бірге ақыл-ой, физикалық және материалды күш-қуат жұмсаудың рационалдығын бағалауды үйренуге мүмкіндік береді. Ол үшін балалар келесі проблемалық сұрақтарға жауап іздейді: «Осыған ұқсас дайын бұйымдар бар ма? Олар қанша тұрады? Оны дайындау қымбатқа немесе арзанға түсе ме?». Бұдан басқа, атанған әдіс мектеп жасына дейінгі оқушылардың заттық рефлексия қабілетінің қалыптасу негізінде, еңбек іс-әрекетінің субъектілері ретінде жағымды тәжірибесін қалыптастырады.

Жоба жасауда мультимедиялық бағдарламаны қолдану әдісінің көп артықшылықтары бар. Ол әр түрлі сөйлеу түрлерін жаттықтыру және оларды әр түрлі түрде үйлестіруге, тілдік құбылыстарды білуге, лингвистикалық құбылыстарын қалыптастыруға, коммуникативті жағдайларды құруға, тілдік және сөйлеу әрекеттерін машықтандыруға, сонымен қатар қатысушылардың жеке өзіндік жұмыс жүргізулеріне мүмкіндік береді.

Таңдалған тақырып бойынша жоба (презентация) жасағанда балалар ата-аналарымен бірге интернет желісін пайдалана отырып, тақырып туралы ең

қызықты оқиғаларды, мәліметтерді іріктеп алады. Жобадағы мәліметтерді игерудегі ең маңыздысы балалар көрнекілікті, анимацияны, дыбыстарды қолданады. Оларға: суреттер, хаттамалар, маңдайша жазулары, жарнамалар, кестелер, диаграммалар жатады.

Сөйлеу барысында балалар әр слайдқа толық мәліметтер береді. Өз ойын ашық айту жоба құрушы логикалық, тілдік, грамматикалық жағынан дұрыс құруға ұмтылады.

Жобалау әдісі арқылы ұсынылатын тапсырмаларды орындау барысында балалар шығармашылықпен ойлауға, өз әрекетін өз бетінше жоспарлауға, жоба бойынша алдына қойған міндеттерді шешуге алдын ала болжам жасай білуге, басқаша айтқанда, жұмыс істеу мәдениетіне үйренеді.

Жобалау әдісіне тән жетістіктерге мыналарды жатқызуға болады:

- жобалау әдісі оқушыларды оқыту үрдісіне және тілдік қатынасқа белсенді жұмылдыра алуымен ерекшеленеді;

- оқушыларды білім алуда, өз ісін ұйымдастыруда жауапкершілікке үйретеді;

- жобамен жұмыс істеу барысында оқушылардың тілдік дайындығы қалыптасады;

- жобалау әдісі оқушылардың белсенді түрде өз бетінше ойлауына, жұмыс істеуіне және алған білімін есте сақтауы, тиісті жағдайда қолдана алуына көмектеседі, сонымен бірге оларды жеке тұлға ретінде қалыптастырады;

- жобаны қорғау кезінде балалар өз әрекетін ұйымдастырып бағалай алатын жеке тұлға ретінде ғана емес, тілді меңгеруге байланысты өз бойындағы кемшіліктерді жеңуге де үйренеді [3].

Сонымен қорыта келгенде балабақшада жобамен жұмыс технологиясын қолдану жеке тұлғаны дамыту бағытында оқушылардың өз бетімен хабарды жинауға, сараптау, тиімді де тиісті қорытынды жасауға, өз ойын дәлелдеуге, сөздік қорын толтыруға, сөйлеу тілінің мәдениетін тиімді үйренуге, эстетикалық талғамын дамытуға үлкен үлес қосады. Балалар жобалау әдісімен жүргізілетін жұмыс барысында өздерінің мұғалімге беймәлім таланттарын көрсетуге мүмкіндік алады. Олар ұйымдастырушылық қабілеттерін арттырады. Сондықтан, жобалау әдісі тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ең озық әдіс деуге негіз бар.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Фазылова Р.Л. Проект на уроках немецкого языка \Иностранный язык в школе.-1999.- №.3

2. Голуб Г.Б., Чуракова О.В. Метод проектов как технология формирования ключевых компетентностей учащихся. – Самара: Изд-во «Профи», ЦПО, 2018.23-50с

3. Голуб Г.Б., Чуракова О.В. Метод проектов как технология формирования ключевых компетентностей учащихся. – Самара: Изд-во «Профи», ЦПО, 2013.23-50с.

## **МҰҒАЛІМНІҢ РЕФЛЕКСИЯЛАУ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Аскабулова Ж.А., Таттимбетова А.Б.  
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ АҚ  
Педагогикалық өлшеулер орталығы, Қазақстан

Берілген мақалада мұғалімдердің өз тәжірибесіне рефлексия жасау дағдыларын ұштау арқылы кәсіби дамуына қолдау көрсету, сабақ сапасын бағалау арқылы оқыту тиімділігін арттыру жолдары қарастырылады. Сапаны бағалау оның құрамдас бөліктерінің жоспарлау, оқыту және бағалау бөлімдерінің дұрыс құрылымдалып, іске асырылуының нәтижесі арқылы анықталады.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында,  
ал ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»

Н.Ә. Назарбаев

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына, ел тізгінін ұстар ұрпағының біліміне байланысты. Еліміздің білім беруді дамыту бағдарламасында: «Бүгінгі білім берудегі басты мақсат – тек білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, өзгерістер заманында тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» деп көрсетіліп, осы мақсат негізінде сапалы білім беру міндеті айтылады. Себебі қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі білім. Сондықтан да, қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуы жүзеге асырылуда [1]. Бұл істің нәтижелі болуы бала бойына білім нәрін себуші басты тұлға мұғалімнің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Джон Кеннедидің «Ұлттың дамуы толығымен білім сапасының дамуына тәуелді» деген ұлы сөзі бар [2]. Осыған орай Қазақстандық мұғалімдерге оқушыларды қазіргі және жылдам қарқынмен дамытын әлемдегі өмірге даярлау үшін іс тәжірибелеріне өзгерістерді енгізу арқылы әр мұғалім өз тәжірибесін зерделеп, кәсіби дамып отыруы маңызды. Осы мақсатта бүгінгі таңда мектеп өміріндегі мұғалімдердің біліктілігі мен білімділігін шыңдаудағы болып жатқан өзгерістердің бірі – жалпы мұғалімдерді аттестаттау бойынша мұғалімнің кәсіби құзырлылығын бағалау. Педагог қызметіндегі кәсіби құзыреттілік оның мәртебесін көтеретін басты күш болып табылады. Ол ұстаздың теориялық дайындығын анықтаушы білімдер мен оның кәсіби қызметін іс жүзінде атқаруға дайындығының негізгі құраушысы болатын іскерлік пен дағдылар жүйесін қамтитын компоненттерден тұрады.

Кәсіби құзырлылық - мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуын, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде

оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етуді білдіреді. [3].

Рефлексия жасау дағдыларын ұштау арқылы кәсіби дамуына қолдау көрсету бүгінгі таңдағы білім саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Рефлексивті практик мұғалім әрқашан өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүретін педагог болғандықтан тиімді оқытушы бола алады» [4, 90 б] деп көрсетілгендей, мұғалім жұмысының тиімділігін, оның рефлексиялау дағдысын өткізген сабақ сапасын бағалауынан көруге болады.

Мұғалімнің мектептегі негізгі қызметінің көрсеткіші-сабақ үдерісі арқылы білім мен құндылықтарды бала бойына дарыту іске асырылады [5]. Ал сабақ оның құрамдас бөліктері болып табылатын жоспарлау, оқыту мен бағалау бөлімдерінің тиімді құрылымдалып, сапалы өткізілуіне байланысты болмақ.

Сабақтың жоспарлау, оқыту, бағалау және сапаны бағалау бөлімдері бойынша мұғалім өзінің оқытуы мен оқушылардың білім алуының қаншалықты сапалы болғандығын бағалауы арқылы жұмысының тиімділігін анықтап отырады. Қай салада болмасын орындалған жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Білім сапасын бағалаудың теориялық әдіснамалық негіздерін зерделеу барысында Блэк П., Уилиям Д., Выготский Л.С., Шамова Т.И., В.С. Леднев, Т.Д.Макарова, М.М. Поташник, С.Е. Шишов, зерттеушілердің еңбектерінде, адамның әлемдік стандарттарға сәйкес білім алуын қамтамасыз ету үшін білім сапасын үздіксіз бағалап отыру қажеттігі атап көрсетілген. Өйткені кез-келген білім беру жүйесінің сапасы білім сапасымен, өз кезегінде мұғалім сабағының сапасын ұдайы бағалап, оқушының да, өзінің де даму бағыттарын анықтап отыруымен тікелей байланысты болады. Сондықтан, өткізген сабағының сапасын бағалап ұдайы тәжірибесін жетілдіру арқылы кәсіби тұрғыда дамып отыру мұғалімге қойылатын маңызды талаптардың бірі болып табылады.

Мұғалім өз сабағына рефлексия жасауы негізінде сабағының сапасын анықтап, осы арқылы өзінің жоспарлау, оқыту мен бағалау тәжірибесін жетілдіріп, кәсіби дамуына бағыт алып отырса, оқушылары үшін сабақтың сапасын анықтап отырудың тиімділігі олардың жеткен жетістіктерін анықтауы арқылы одан әрі дамуына бағыт беруі көзделеді. Ал сабағының сапасын ұдайы талдап, бағалап, қорытынды шығарып отыруы сабағының сапасын арттырып, жақсаруына мүмкіндік туғызары анық. Бұл әрекеттердің талапқа сай орындалуы мұғалім жұмысының тиімділігін көрсетеді. Сондай ақ, мұғалім жұмысының тиімділігі оның тиімді жоспарлауы, оқушымен сындарлы қарым-қатынас жасауы, сыныпта бақылау жүргізуі мен оқушыға уақытылы қолдау көрсетіп, дамуына бағыт беруімен бағаланады.

Бүгінгі таңдағы білім саласындағы өзекті мәселелердің бірі-мұғалімдердің рефлексия жасау дағдыларын ұштау арқылы кәсіби дамуына қолдау көрсету. Рефлексия - ойлауға бағытталған ой, яғни бұл адамның өз тәжірибесін ой елегінен өткізіп, артықшылығы мен кемшілігін саралау, болған жағдаяттан өзіндік жаңа білім тудырту үдерісі. Мұғалімнің оқыту сапасы туралы рефлексиясы тәжірибеден туындайтыны, ол оқушылардың оқуына әсері бары

бәрімізге мәлім. Рефлексиялық тәжірибе мамандарға кәсіби жоғары деңгейге жетуге ықпал етеді. Ал мұғалім рефлексиясы кателесуге жол бермейтін, өз тәжірибесін терең ойлау арқылы үнемі дамуды ілгерілететін үдеріс. Рефлексиялық дағдыға ие болу мұғалімдерге өз мамандығының құзыретті деңгейіне жетуге, өз ісінің шебері атануына көмектеседі. Өйткені педагогтің рефлексиялық қасиеті кәсіби дамуының негізгі шарты болып табылады. Осылайша, рефлексиялаушы мұғалім – ойлана алатын, өз тәжірибесін талдай алатын, зерттей алатын педагог. Бұл жөнінде Д.Дьюи рефлексиялаушы мұғалім өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіруге жалықпайтын қажеттілікке ие «өз мамандығының мәңгі оқушысы» деп көрсеткен [6]. Рефлексиялық қабілеті дамыған мұғалімде рефлексиялауға деген тұрақты қажеттілік сезіліп тұрады. Ол кез-келген әрекетті орындауда өзіне сұрақ беруден бастайтын дәрежеге жетеді. Мұғалімдердің кәсіби дамуында бұл құзыреттілікті қалыптастыру өте маңызды. Өйткені мұғалім оқытуында тиімді ақпаратты таңдай білуі, кез-келген жағдайда дұрыс жол тауып, жағдайға қатысты өзгерістер енгізе білуі оның тапқырлығын шыңдайды, оқытуын сапалылыққа бағыттайды. Осы мәселеге қатысты М.Барбер мен М.Мушердің «Мектепте оқытуда ұдайы жоғары сапаға қалай жетуге болады?» атты мәселе бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесін зерттеуі нәтижесінде үш факторды анықтаған. Солардың ішіндегі осы қарастырылып жатқан тақырыпқа қатыстысы мұғалім қызметінің тиімділігін арттыру үшін дайындыққа, яғни өздік рефлексиялауы арқылы тәжірибесін ұдайы жетілдіріп отыру қажеттігін бөліп көрсетеді.[7,8 б]

Бұдан білім беру жүйесінің сапасы мектептегі мұғалімдер сапасынан жоғары болуы мүмкін емес екендігі, әр мектептің сапа көрсеткіші сол мектептегі мұғалімнің оқыту сапасына тікелей байланысты деген қорытынды шығады. Яғни, оқу мен оқыту нәтижесін жақсартудың бірден бір жолы оқу мен оқытуда сапалылыққа қол жеткізу болып табылады. Ал, оқытуды жетілдіру үшін мұғалім өз тәжірибесін ұдайы зерделеп, сыртқы бақылаушы ретінде атқарылған әрекеттерін ой елегінен өткізіп, талдап отыруы қажет. Орын алған жағдаяттарды тереңнен талдап, олардың себеп-салдарын айқындай отырып, бағалауы тиіс. Ескіні сыни тұрғыда бағалай отырып, жаңа идеялар көзқарастар тууына мүмкіндік жасап, өз тәжірибесін зерделеуі нәтижесінде оқу мен оқытуды дамытуға жағдай жасап отыруы тәжірибесінің жақсаруына мүмкіндік туғызады.

Бұл бүгінгі күні мектептердің білім беру бағдарламаларының үлгілеріне сәйкес сабақ беру, оқыту сапасын қамтамасыз ету сондай ақ, сапалы білімге қол жетімділік білім беру ошақтарының алдына қойып отырған стратегиялық бағыттардың маңыздысы болып табылады [8]. Өйткені сапалы білім — ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. Осы тұжырым негізінде мұғалімнің сабағының сапалы болуы, сабақтың құрамдас бөліктері болып табылатын жоспарлау, оқыту мен бағалау бөлімдерінің талапқа сай іске асырылып, әр баланың жеке тілін табуға, яғни қажеттілігі мен қабілетін ескере отырып, оқытуды оқушылардың қызығушылықтарына қарай бейімдеуге және

олардың білім деңгейінің жоғарылауына, қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасауға басымдық беріледі.

Мұғалімнің тәжірибеде сабағының сапалы болуы үшін 1-сызбанұсқада «Оқыту мен оқу үдерісінің өздік реттелу механизмі» құрылымдалып, графикалық бейне түрінде ұсынылып отыр.



*1-сызбанұсқа «Оқыту мен оқу үдерісінің өздік реттелу механизмі»*

Оның сабақтың мақсаты оқу нәтижесін анықтауына мән беруі қажет. Бағалау критерийлері мақсатқа жетудің бағыттарын көрсетіп ойлау деңгейлеріне қатысты құрылымдалуын ескеру. Сабақ барысында орындалатын тапсырмалар ойлау деңгейлеріне қатысты бірте бірте күрделенуі ескеріліп, нәтижелі орындалуы мақсатында дескрипторлар берілгені абзал. Орындалған тапсырмалардың бағалау түрлері мен құралдарын қолдану арқылы нәтижесі бағаланылып, нәтижесі бойынша мониторинг жасалғаны жөн. Бұл оқушылардың қаншалықты мақсатқа жеткендігін анықтауға осының негізінде саралау тапсырмасы арқылы дамуға бағыт беруде маңызды болып табылады. Саралау тапсырмасы оқушылардың деңгейлеріне қарай қолдау көрсетуді көздейді. Осы қадамнан кейін сабаққа рефлексия жасау мақсатында бағалау критерийлеріне негізделген қорытынды тапсырма орындалады. Бұл тапсырманың мақсаты оқу мен оқытудың табыстылығын анықтауға көмектеседі. Осының көмегімен мұғалім сабағы бойынша қорытынды бағамдауы арқылы тәжірибесін дамытудың кейінгі қадамдарын жоспарлауға түрткі болады.

Мұндағы мұғалім сапалылыққа қол жеткізуде сабағын жоспарлауда оқушыларының қажеттіліктері мен қабілетіне сай дамытуды ескере отырып, оқыту, бағалау мен өздік талдаудың сапалылығын арттыру. рефлексияның жасауына дейінгі орындалатын әрекеттері көрсетіледі.н егжей тегжейлі ойластырғаны жөн.

Сабақ сапасын рефлексиялауды арттыруға арналған ұсыныстар:

➤ әр оқушының қажеттілігі мен қабілетіне сай оқу жетістігінің дамуына тікелей әсер ететін қалыптастырушы бағалаудың түрлерін күнделікті тәжірибеде тиімді қолдану;

➤ әр баланың дарындылығын қажеттілігі мен қабілетіне қарай дамыту, саралау қағидаларын тиімді қолдану;

➤ бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісі негізінде оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру.

Қорытындылай келе, мұғалімдердің өз іс-әрекеттерін жоспарлай алуы, оқытуы мен бағалауына жауапкершілікпен қарау, іс-әрекетіне рефлексия жасай білу дағдыларын жетілдіру арқылы сабақтың сапасын бағалап, мұғалім жұмысының тиімділігін көрсетуі сабақ сапасының артуына әсер ететін басты фактордың бірі екендігі айқындалды. Мұғалімнің сабақ сапасын бағалау арқылы - жеткен жетістікті сабақтың мақсатына, күтілетін нәтижеге сәйкестендіре отырып, мұғалімнің сапалы оқытуы мен оқушының табысты оқуының нәтижелерін бағалау арқылы екі жақты дамуға мүмкіндік жасау қарастырылған тақырыптың өзегі болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы, 2014 жыл, Астана, «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».

2. Жаңалыққа бастаған жаңартылған бағдарлама, [bilimainasy.kz](http://bilimainasy.kz) р=17890.

3. Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы оқу құралы, Алматы, Аль-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті, 2011. — 176 б.

4. «Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру кустарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий»: Оқу-әдістемелік құрал – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2012 164 б.

5. Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары: әдістемелік нұсқаулық. / Қ.С. Абдраманова, Ж.Д. Джансугирова, Б.Қ. Дильманов, Е.Т. Оспанов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 46 б.

6. Зулкашева Ш.М., «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы БҚО ПҚБАИ Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері, Педагогикалық рефлексия мұғалімнің кәсіби дамуының негізі ретінде, 2018 ж.

7. М.Барбер, М.Муршед «Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах», 2018 г.

8. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» 2011-2020 жылдарға арналған даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №158 қаулысы.



## ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аубакирова А.Б., Джандаралова Ж.А.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Адамгершілік – қоғамдық өмірдің объективті заңдылықтарына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді білдіретін моральдық ұғым.

Біздің зерттеуіміз үшін «адамгершілік тәрбие» санаты (категориясы) тірек ұғым болғандықтан, оған кеңірек тоқталғанды жөн көрдік. Педагогикалық әдебиеттерде «адамгершілік тәрбие» категориясын анықтау жөнінде бірыңғай көзқарастар жоқ деуге болады.

Педагогикалық энциклопедияда «адамгершілік тәрбие» ұғымына былай деп анықтама берілген: «Адамгершілік – мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру» немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез бітімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру үрдісі» .

Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі - мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі»-деген анықтама берілген [1].

В.В.Макаев адамгершілік тәрбие үрдісі негізгі бөліктерін дәлелдейді:

- адамгершілік түсініктерді, ұғымдарды, идеяларды қалыптастыру;
- адамгершілік сезімдерді дамыту;
- адамгершілік сенімдерді қалыптастыру;
- мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу;

-жағымсыз ықпалдарға, теріс әсерлерге қарсы тұра білу іскерлігін қалыптастыру [2].

Адамгершіліктің негізгі өлшемі адамгершілік қасиеттер болғандықтан біз орта буын оқушыларының бойында қалыптастыруға мүмкін қасиеттерді ескере отырып, көркем шығармадан үлкенді сыйлау, мейірімділік, кішіпейілділік, әділеттілік, достық, еңбексүйгіштік, туған жерге деген сүйіспеншілік, бауырмалдық, беріктілік, ұқыптылық, қарапайымдылық сияқты өлшемдер бойынша талдау жасадық.

Тәрбие ісі-жеке тұлғаның дамуы барысында бағыт береді. Ол жеке тұлғаны қалыптастырудың басты күші болып есептелініп, білім беру үрдісінде жүзеге

асырылады. Қажеттілік оның белсенділікті қозғаушы жеке тұлға іс-әрекетінің себебі болатынын көрсетті. Оларды қанағаттандыру жағдайларға сәйкес өзгеріп отырады. Адамгершілік қасиеттің белсенді және баяу пайда болуы жеке тұлғаның қажеттілік, мүдделері мен мотивтеріне байланысты.

Осы айтылғанның бәрі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде өте маңызды құралы болып табылады.

Зерттеуші психологтар эмоциялық сананы дамыту, шындық құбылыстары мен моральдық әрекеттерді эмоционалды түрде қалыптастыруды адамгершілік сапаларды қалыптастырудың қажетті шарты санайды, өйткені «адамгершілік ұғымдары эмоциялық әсер, адам сезімі арқылы білінген жағдайда ғана адамгершілік сенімге толықтай айналады деген.

Адамгершілік сезімнің сипаты жалпы адамзаттың құндылықтарға қарсы келмей, олармен үндес болуы керек, себебі ол кез-келген халықтың тілі мен мәдениетіне салт- дәстүріне ұлттық ерекшеліктеріне құрметпен қарау деген сөз.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастары тіл дамыту жұмыстарынан көрініс табады.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастары көркем шығармадан көрініс табады.

Ұжымдық көркем шығармашылық саналатын халық ауыз әдебиеті халықтың еңбек және әлеуметтік тәжірибесінен жинақтаған білімі мен даналығының көрінісі болып табылады. Ондағы әрбір сөз мазмұнды, шынайы, таза болып келеді және жоғарғы адамгершілік нормаларды насихаттайды. Бұл халық ауыз әдебиеті туындыларының тәрбие үрдісінде нәтижелі құрал ретінде қолдану мүмкіндіктерін аңғартады. Сол себепті көркем шығарма адамгершілік тәрбие негізі болып табылады.

Ұлы ойшылдың бұл ой-толғамын Абай өлеңдері әр қырынан толықтыра түседі.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денен  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-елең.

Қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты туған жырларды бірнеше жанрға бөліп, жіктеуге болады. Олар үйлену салт жырлары (жар-жар, сыңсу, беташар), жоқтау, бата беру т.б.

Шағын шығарманың негізгі міндеті - балалардың бүкіл адамгершілік –оқу үрдісінде саналы, мақсатты сипат беру, олардың танымдық-адамгершілік іс-әрекетін көркем туындыдағы озық адамгершілік үлгілеріне балалардың қажетті білім, іскерлікті, дағдыларды меңгеруге бағыттау.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу моральдық-психологиялық мінездері мектепте бүкіл оқу мерзімі бойында қалыптасады. Жалпы алғанда, генетикалық тұрғыда адамгершілік қасиет адамдықтың негізгі белгісі. Шынында, белгілі бір адамгершілік іскерлігін, адамгершілік тәрбие жұмыстарын орындау дағдысын игеру үшін, ең алдымен терең теориялық білімдерді меңгеру қажет.

Өйткені көркем шығарма арқылы адамгершілікке тәрбиелеу жұмысында балалардың адамгершілік түсініктері мен теориялық білімдеріне сүйінеді.

Адамгершілік тәрбиесі қоғамдық талаптар және әрекет-қылық нормаларын ескерумен іс жасауға мүмкіндік беруші ептіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тәрбие үрдісінің маңызды бір бөлігі.

Адамгершілік тәрбиесінің негізі - өз іс-әрекетіне жауапкершілікті, адал, қайырымды, жалғандықтан жаны аулақ адамды тәрбиелеу. Қай халықтың болмасын мемлекет тарапынан ғаламдардың назарын адамгершілік тәрбиені зерттеуде ең ұтымды, тиімді жолдарын таба білуге бағыттап және оқу-тәрбие жұмыстың халықтық тәлім-тәрбиемен ұштастырып, жалпы тәрбие ісінде құрама әдіс-тәсілдердің әдіснамалық соның ішінде, адамгершілік тәрбиенің өз мәнінде жүзеге асуын қадағалап отыру жоспарланған.

Адамгершілік сезімі - біздің ұлттық болмысымыз, ата-бабадан сіңген қасиет. Ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-бабаға мирас болған өсиет.

Бүгінгі күні мемлекет өз бигігін өзі алып, тәуелсіз ел болғанда, ата-бабалар салып кеткен тәрбиенің алғашқы бастаулары имандылық, қайырымдылық, кішіпейлік пен ізгілікке тәрбиелеуге мүмкіндік алды. Ал осы асыл қасиеттің негіздерін көркем шығармадан табамыз.

Тәрбие деген ұғым тек қана айтыла салатын дерексіз ұғым емес, тәрбие ең алдымен нақты, өз ұлтына берілген, жалпы халықтың әлеуметтік мәдениетін түсініп білетін, соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, айналасындағыларды, түсініп, қолұшын беретін, нағыз адам сүйгіштік рухтағы белсенді адамды тәрбиелеу үшін керек.

Тәрбиенің негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері, құралы болу керек. Бұл қағида шығармаға тән болу керек. Егер тәлім-тәрбиеміз осы негіздерде болмаса, ол жай сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді.

Кейбіреулер сол ұлттық нақыштар сол күйінде болса екен дейді., ал кейбіреулер көркем шығарма тәрбиесі қазіргі өмірмен байланысты болса екен дейді.

Шындығында ескінің жаңамен қауышып жатқаны өміршең келеді. Шағын шығарма деген ұғым әр халықтың ғасырларға ұласып жатқан тәрбие үлгісі, бала тәрбиесінде қолданатын әдіс-тәсілі, үлгі-өнегесі, сондықтан да «көркем шығарма» деген сөздің мағынасы әлдеқайда кең. Себебі, ол бүкіл ұлтқа тән қасиеттердің бәрін қамтиды.

Оған әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлер, тағы басқа ұғымдар кіреді. Жалпы баланы көркем шығарма арқылы адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиелеуіміз керек.

Адамгершіліктің үлгісін Төле би, Қазбек би, Әйтеке би, Ақтанберді, Бұқар жырау және XX ғасырдың басында қалыптасқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулат сынды ұлы тұлғалар жасады. Олар тек өсиеттерімен ғана емес, өз істерімен, парасаттылықтарымен де өнеге көрсете біледі.

Зерттеуші Д.С.Құсайынованың көзқарасы бойынша, «Адамгершілік» - адамның туа біткен биологиялық қасиеті емес, ол - әлеуметтік, тәлім-тәрбиеде қалыптасқан, адамға деген сүйіспеншілік сезім. Ол адамдарға түсінушілікпен қараудан көрінеді, - деп түсініктеме берген.

Бұл берілген түсініктемелердің барлығы жалпы адамгершіліктің мән-мағынасын ашып береді, бірақ оны әлі де болса толықтыра түсу қажет.

Ал, біздің анықтамамыз адамгершілік қоғамдық талаптарға сай ізгілікті, инабатылықты білдіретін моральдық ұғым.

Қазіргі кезеңде, ертегілер негізінде балаларды тәрбиелеу мүмкіндіктеріне жол ашумен қатар, педагогика ғылымдарына тән анықтамалар, негізгі қағидалар ғылыми тұрғыда тиянақтауда, шағын шығарманың педагогикамен байланысын анықтауда және оның қағидаларын оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдаланудың жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ашып көрсетуде. Адамгершілік тәрбиесінде шығарманың орнын салыстырып зерттей келе ол көркем шығарманың негізгі қағидаларын ұсынады:

- Келер ұрпақтың ақылды, білімді, мәдениетті азамат болуын тілеу.

- Баланы жастайынан еңбекқор, елгезек етіп тәрбиелеу.

- Адамгершілік, ар-ождан, жанашыр, кішіпейіл, иманжүзді, мейірімділікті арқау ету.

- Адамгершілік халықтық тәрбиенің басты қағидалардың бірі. Балаларға арналған шығарма арқылы адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - алдымен балалардың сана-сезіміне, ұлттық тәрбие үлгілерін өн бойына сіңіртуге ықпал ету. Мектепке дейінгі балаларға ата-баба салт-дәстүрі арқылы адамгершілікке, инабаттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу бүгінгі таңда басты мәселелердің бірі. Өткен ұрпақтан жаңа ұрпаққа берік қалыптасатын дәстүр, оның өміршеңдігі мен әсерлігі ұрпақтан ұрпаққа тіл дамыту жұмыстары арқылы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Осы мәселе педагогикалық тұрғыдан әлі де тереңірек зерттеуді қажет етіп отыр

Ұлы адамдардың өмірі, еңбектері шығармада берілген. Осыған орай тақырып таңдап ала білу, баяндама әзірлеу, әдебиеттер тауып қолдану, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарата жұмыс түрлерін таңдап ала білу, баяндама әзірлеу, экскурсия, саяхаттар, кездесулер, кітап көрмелерін ұйымдастыру сияқты адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны, формасы, тәсілдеріне қатысты пайдалы әдістемелік нұсқаулар берілген. Осыған байланысты тәрбиелік іс-шараларда тұжырымды дәлелдермен адамгершілік сапаларды көрсеткен.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, адамгершілігі мол, парасатты, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу.

Ғұлама ұлы бабамыз Әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, Ахмет Байтұрсынов «Біз әрқашан білімге ұмтыламыз. Негізінде тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар... Міне адамдар! Міне тұлға! деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілетін білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен.

## Әдебиеттер тізімі

1. Тешебаева К.Ф. Тәрбие- әлеуметтік мәдени құбылыс. – Алматы: Жазушы, 2020 ж
2. Сәдірмекова Ж. Жеткіншектерді халықтық педагогика арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: Пед. ғыл. канд. дисс.... авторефераты. – Алматы. – Алматы. 1990. – 24 б.
3. 18. Мұқанов Б. Тәрбие жұмысын түрлері... //Қазақстан мектебі.10 - 2008ж/ 29-30 б.

УДК 373.1

### **ВНЕДРЕНИЕ МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ РЕАЛИЗАЦИЮ ИННОВАЦИОННО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ (ИЗ ОПЫТА ВАЛЕОЛОГИЧЕСКОЙ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ ШКОЛЫ-КОМПЛЕКСА ДЛЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ)**

Ахаева Н.В., Стеблецова И.С., Ахаев А.В.

КГУ «Валеологическая специализированная школа-комплекс для одаренных детей» управления образования Восточно-Казахстанской области, г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан, Ira1969st@mail.ru

В настоящее время одной из важных задач национального образования является развитие экологической культуры личности. С ее решением напрямую связаны вопросы устойчивого развития общества, здоровья всех людей и безопасности окружающей среды. Экологическая культура и экологическое мышление входят в перечень «мягких» навыков или навыков 21 века - soft skills. Вместе с тем, в казахстанских школах существует проблема: экологическое обучение и воспитание направлено, в основном, на формирование естественнонаучной грамотности школьников в рамках отдельных предметов. Наблюдается нацеленность на получение формальных результатов через рассмотрение отдельных тем, отсутствует акцент на особенностях экологической ситуации в Республике Казахстан. Все вышеперечисленное требует пересмотра содержания экологического образования.

Первые впечатления о природе, представления о разных формах жизни ребенок получает в детском саду и в начальных классах школы. У него формируются первоначальные знания об экологии, основы экологического мышления. В связи с этим формирование и развитие экологической культуры необходимо осуществлять с дошкольного возраста. Учитывая все это, нами была разработана модель развития экологической культуры дошкольников и младших школьников (рисунок). Данная модель реализуется в рамках Проектного офиса, созданного на базе Валеологической специализированной школы-комплекса для

одаренных детей. Модель описывает цель, которая реальна, измерима, достижима и конкретна в реализации; педагогические условия, необходимые для развития экологической культуры воспитанников детского сада и учеников начальной школы; составляющие и взаимосвязанные друг с другом компоненты экологического обучения и воспитания; критерии и показатели развития экологической культуры; осуществление экологического образования через направления инновационно-исследовательской деятельности команды развития; мониторинг и эвалюацию, а также уровни сформированности экологической культуры; ожидаемый результат.

Так, SMART – цель, на которую направлена реализация разработанной модели развития экологической культуры дошкольников и младших школьников, заключается в формировании личности нового типа, обладающей экологической культурой и мышлением, способной осознавать последствия своих действий в окружающей его среде и умеющей жить в относительной гармонии с природой.

Важный компонент модели - педагогические условия. **В процессе осуществления опытно-экспериментальной работы нами были созданы следующие условия для обеспечения качественного экологического обучения и воспитания:**

- отбор содержания образования, направленного на развитие экологической культуры дошкольников и младших школьников;
- наличие высоко мотивированных педагогов, способных осуществлять экологическое образование через инновационную и исследовательскую деятельность, владеющих различными образовательными технологиями и основами проектного менеджмента;
- наличие в школе-комплексе образовательно-развивающей среды;
- учет возрастных и психофизиологических особенностей детей детского сада и учащихся начальной школы;
- индивидуализация в процессе экологического образования;
- использование вариативных и интерактивных форм работы, адекватных поставленной цели;
- включение детей детского сада и учащихся младших классов в практическую деятельность по охране природы;
- нетворкинг - сотрудничество стейкхолдеров образовательного процесса в процессе экологического образования.

Структурные компоненты модели развития экологической культуры детей дошкольного возраста и учащихся начальной школы - когнитивный, эмоционально-ценностный, деятельностный - были определены, исходя из понимания экологической культуры как «личностной характеристики, выражающей сформированность у человека социально-экологического опыта в виде знаний, умений и навыков, а также определенного уровня воспитанности» [1; 55].

В соответствии с исследованиями Д.Ю. Соловьевой [2], Ю.А. Морозовой [3] нами были сформулированы следующие показатели экологической культуры детей дошкольного возраста и учащихся начальных классов:

- когнитивный: обучающийся владеет знаниями о природе, ее закономерностях, экологических взаимосвязях живых организмов; знает правила осуществления деятельности в природе; выявляет причины загрязнения окружающей среды; с помощью учителя, родителей реализует экологическое самообразование;
- мотивационно-ценностный: обучающийся понимает важность охраны природы, ее ценности; выражает индивидуальное отношение к окружающей среде и ответственно ведет себя в ней; положительно относится к деятельности по охране природы; размышляет по экологическим проблемам и ситуациям;




Рисунок - Модель развития экологической культуры дошкольников и младших школьников

- деятельностный: владеет первоначальными экологическими умениями и навыками, необходимыми для решения экологических проблем и задач охраны природы; вносит посильный вклад в защиту природы, участвует в экологической деятельности и мероприятиях; заботится о животных и растениях.

На основе выделенных критериев и показателей определены следующие уровни сформированности экологической культуры у детей детского сада и учащихся младших классов:

- высокий: дошкольник и младший школьник владеет первоначальными знаниями о взаимодействии и связи организмов в природе, о проблемах охраны природы; умеет находить и отбирать при поддержке взрослых или самостоятельно в информационном пространстве информацию по проблемам экологии, применять необходимые знания в экологической и природоохранной деятельности; понимает важность охраны природы; проявляет внимание и доброжелательность по отношению к природе, в целом; принимает активное участие в организованной учебной деятельности, уроках, внеклассных мероприятиях, коллективных делах по охране природы;

- средний: дошкольник и младший школьник недостаточно владеет первоначальными экологическими знаниями; находит и отбирает в информационном пространстве информацию по проблемам экологии по определенному алгоритму, предложенному педагогами или родителями; недостаточно проявляет ответственное отношение к природе; недостаточно проявляет чувство сострадания к природе и человеку в ней; нечасто принимает участие в делах по охране природы и в эколого-пропагандистской работе;

- низкий: дошкольник, младший школьник не знает и не понимает экологические взаимосвязи организмов в природе; знает отдельные факты и экологические проблемы; безответственно относится к природе и не понимает необходимость и значимость ее сбережения; не проявляет активных действий в работе по сохранению и защите природы.

С целью реализации структурных компонентов модели, а также осуществления системной работы по развитию экологической культуры детей детского сада и учеников младших классов в школе была создана команда развития из числа представителей администрации, педагогического и ученического коллективов, родительской общественности, а также сотрудничающих со школой организаций. В соответствии с разработанной моделью были определены основные направления инновационно-исследовательской деятельности команды развития. В целом, командой развития были определены 5 кейс-стади: 1) организация проектно-исследовательской деятельности стейкхолдеров по развитию экологической культуры в образовательном процессе; 2) улучшение школьной практики в процессе экологического образования; 3) внедрение инновационных форм работы в процесс экологического воспитания; 4) внедрение информационно-коммуникационных технологий для развития экологической компетентности стейкхолдеров; 5) разработка экологического мультимедийного контента через создание и съемку детских познавательных видеовыпусков.

Так, в рамках кейс-стади «Организация проектно-исследовательской деятельности стейкхолдеров по развитию экологической культуры в образовательном процессе» реализуются авторские курсы «Организация исследовательской деятельности «Бала-зерттеуші» и «Юные исследователи», разработанные педагогами школы-комплекса; школьниками 1-4 классов разрабатываются и защищаются на Национальном конкурсе исследовательских проектов и творческих работ школьников «Зерде» проекты по экологической



тематике («Создание экологического удобрения для выращивания картофеля», «Экологически чистые источники энергии» и пр.). В группах детского сада созданы уголки экспериментирования.

В рамках кейс-стади «Улучшение школьной практики в процессе экологического образования» осуществляется интеграция образовательных областей и учебных предметов с целью углубления знаний в области экологии. Примером могут служить комбинированный урок, в рамках которого интегрированы математика, исследование и экология; экологическая беседа «Вода в жизни человека», организованная в рамках внеклассной работы; внеклассное мероприятие «How can we clean the world?». Кроме того, организуются мастер-классы и экологические часы, в том числе, с участием специалистов в области экологии и защиты окружающей среды, ученых ведущих университетов. В процесс экологического образования внедряются результаты исследований в действии педагогов. В учебном процессе активно используется «Сборник экологических диктантов для учащихся 1-4 классов», разработанный учителями школы и включающий тексты, тестовые задания, задания на грамотность чтения и пр.

Учитывая, что для детей детского сада и учеников младших классов ведущим видом деятельности является игра, одно из основных направлений работы команды развития - эдьютейнмент образовательного процесса, то есть организация обучения с использованием компьютерных, ролевых, деловых, подвижных, настольных и других игр. В процессе экологического образования педагогами школы-комплекса активно используются принципы моделирования и симуляции, интеллектуально - развивающий комплект «Valeo», набор «Дары Ф. Фребеля», интеллектуально-творческая игра «Жипто», кинетический пластилин, развивающие игры серии «Мой Казахстан» и др. Задача педагогов - сделать занятия и уроки интересными, увлекательными и, в то же время, практико-ориентированными, понятными, опирающимися на уже приобретенные экологические знания и умения детей.

В рамках кейс-стади «Внедрение инновационных форм работы в процесс экологического воспитания» организована творческая деятельность в «Университете детей»; налажена работа театральной студии. В течение учебного года проводятся выставки рисунков, книг на экологическую тематику; выставки поделок из вторичного сырья «Мусор смело пустим в дело!». Организуются коллективные творческие дела с целью реализации экологических проектов, акций «День сохранения энергии», «Украсим школьный двор цветами», «Береги воду» и др. Организуется выпуск экологических лифлетов, создан и размещен в школе ящик для утилизации батареек и пр.

В рамках кейс-стади «Внедрение информационно-коммуникационных технологий для развития экологической компетентности стейкхолдеров» осуществляется развитие информационных компетенций участников по поиску и отбору необходимой информации в области экологии. В социальных сетях, на сайте школы-комплекса и на ю-туб-канале освещается деятельность школы-комплекса по развитию экологической культуры личности. Педагогами и

учениками школы-комплекса издаются публикации на экологическую тематику, учителями выпускаются соответствующие методические пособия. Так, например, с целью развития профессиональной компетентности педагогов, осуществляющих экологическое образование детей младшего возраста, а также оказания методической помощи педагогами школы разработано методическое пособие «Цикл экологических занятий «Путешествие Валеошки по стране Эколандии»». В нем предлагаются методические разработки, технологические карты по различным экологическим темам и направлениям.

В рамках кейс-стади «Разработка экологического мультимедийного контента через создание и съемку детских познавательных видеовыпусков» в соответствии с «Циклом экологических занятий» разработан и реализован одноименный цикл детских экологических познавательных видеовыпусков по проблемам охраны воздуха, воды, почвы, животных, растений, сохранения энергии, влияния на окружающую среду транспорта, предприятий, мусора, роли экологических знаний в жизни человека. Целью разработанных видеовыпусков является развитие экологической культуры и поведения у детей детского сада и учащихся начальной школы; формирование позитивного экологического мышления и мотивации к природоохранной деятельности, самообразованию по проблемам экологии.

Для качественной организации видеовыпусков «Путешествие Валеошки по стране Эколандии» и привлечения внимания как можно большего количества детей младшего возраста, а также их родителей на базе Валеологической школы-комплекса был сформирован коллектив профессионалов из числа педагогов и родителей, включающий сценариста, режиссера - постановщика, оператора, специалистов по монтажу, свету, музыке. Были созданы две студии (для ведущего и для учащихся – участников видеовыпусков), подобраны красочные декорации с цветовым решением, соответствующим возрастным особенностям дошкольников и учащихся младших классов. Разработанные видеовыпуски размещены на ю-туб канале школы, находятся в открытом доступе и выходят под словом «Валеошка».

Таким образом, внедрение модели формирования экологической культуры личности через реализацию инновационно-исследовательской деятельности в системе дошкольного и начального образования позволяет системно осуществлять процесс развития экологической культуры детей с наиболее раннего возраста, тем самым, формируя у них гибкие навыки, необходимые для жизни в современном обществе.

### **Список литературы**

1. Кезин В.Г. Экологическая культура и место экологических отношений в ее составе // Вестник ПНИПУ. Социально-экономические науки. - 2014. - №3 (24). – С.55-62 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskaya-kultura-i-mesto-ekologicheskikh-otnosheniy-v-ee-sostave>.

2. Соловьева Д.Ю. Диагностика экологической культуры учащихся: что планировать в Год экологии // Справочник заместителя директора школы. – 2017. - №11. – с.30-42 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://docplayer.com/81293932-Diagnostika-ekologicheskoy-kultury-uchashchihsya-chto-planirovat-v-god-ekologii.html>.

3. Морозова Ю.А. Формирование экологической культуры у младших школьников во внеурочной деятельности. – Режим доступа: <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/168435-formirovanie-jekologicheskoy-kultury-u-mladsh>.

ӘОЖ: : 37.01(574)

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ахет Ә.Р.

Ғылыми жетекші: Кенжебекова Ф.С., п.ғ.м., лектор  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
E-mail: Fariza\_phd04@mail.ru

Қазіргі кезде өскелең ұрапакты тәрбиелеу алға қойып отырған негізгі мақсаттардың бірі – қоғамда өзіндік орны бар, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, мемлекетіміздің болашағы – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. «Өзін – өзі тану» - бұл өзінің потенциалды және жеке бас қасиетін, интеллектуалды ерекшелігін, мінез-құлқын, өзінің қатынасын өзге адамдар арқылы өзін тану процесі. Адамгершілік ақыл-ой – өнегелік қарым-қатынастың, жағдайдың белсенді үрдісінің айнасы, ол өнегелік фактілерді үнемі жинақтайтын, ой елегінен өткізетін, қарым қатынасқа түсетін, жағдаяттардың, олардың талдауын жасайтын, бағалайтын, шешім қабылдайтын, жаңа таңдаулар жасайтын үрдіс.

Осы орайда бабамыз Әбу-Насыр Әл-Фарабидің «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл - ойдың жан - жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат», - деген .

Абай, Шәкәрім өз еңбектерінде тұлға бойында, рақымшылық, қанағат, төзімділік, жауапкершілік секілді қасиеттердің қалыптасуына көп көңіл бөлген. Бұл тұлғаның адамгершілігінің белгісі ретінде қарастырған.

Ұлы Абайдың он тоғызыншы-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді», -деп ақыл-естің, тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман»- деп жіктейді.

Ал Ш.Құдайбердиев Абайды үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік ізгі қасиеттерді өзіне ұран тұтып балаға қатарыннан қалма, өтірік, өсек айтпа, ұрлық

- зорлыққа әуес болма, жалқаулықтан, жамандықтан қаш, өнерлі, өнегелі елдердің жастарынан үйрен, оқу оқып, білім ал, талаптан деп өсиет айтады:

Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,

Арсыз сол – адамдық пен жан сақтайды.

Адал сол – таза еңбек пен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық ар сатпайды [1, 17 б.].

Ақынның жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық пен ғылымды меңгеру. Осы екі жол кісіні қиындықтан құтқарады, адамгершілік тезге салады. Абай, Шәкәрім өз еңбектерінде тұлға бойында, рақымшылық, қанағат, төзімділік, жауапкершілік секілді қасиеттердің қалыптасуына көп көңіл бөлген. Бұл тұлғаның адамгершілігінің белгісі ретінде қарастырған.

Сол секілді қазақ ағартушылар Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов балаға адамгершілік тәрбие беруді оқу – тәрбие ісінде пайдалануға айрықша көңіл бөлу қажеттілігін барынша дәлелдеуге талпынды.

Сұлтанмахмұт «адамгершілік арқылы жақсы қасиеттер қалыптастасады» десе, қазақ ағартушысы, педагог Ы. Алтынсарин мынадай адамгершіліктің түрлерін атап көрсетеді жеті жақсы қасиет:

Бірінші: Имандылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниет пен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық

«Адамгершілік тәрбиесі жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік – қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс. Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті - өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым - қатынасын ақылға салып, ар - ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі. Тұжырымдай келе адамгершілік – адамның рухани байлығы

Өзін-өзі танудың ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, психологияда кеңінен ашылып көрсетіледі:

- өзін-өзі тану – психологиялық кемелді және ішкі үйлесімділікті қабылдау құралы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулықты қабылдау жағдайы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның өзіндік дамуының бірден-бір жолы және оның жүзеге асырылуы.

- өзін-өзі тану пәні ол көркем мінез, рухани-адамгершілік тәрбиені адам бойына жинақтауға әсер етеді. Жәнеде жеке тұлға болып қалыптасуға ықпалын тигізеді [2, 36 б.].

Бұл мәндер өзара тығыз байланыста болып келеді және олар бір-бірін толықтырып отырады.

«Өзін өзі тану» пәнінің құрылымдық - мазмұндық және әдістемелік аспектілері жайлы да айтып өтейк. «Өзін-өзі тану» сабақтарындағы жағымды ойлау . Жағымды күйге келу формалары (сабақтың басында және сонындағы іштей жағымды күйге келу). Жағымды күйге келу сабақтың басында және сонында өткізіледі, кейде сабақта тәртіп бұзылған жағдайда сабақтың ортасында да өткізуге болады. Сабақтың дәйексөзі (жағымды ой - пікір) – Мұғалім сабақтың мақсатына сәйкес келетін нақты сөзді тақтаға жазу керек. Балалар оларды есте сақтау, түпкі санада сақталу үшін бірнеше рет дауыстап айтады немесе дәптеріне жазады .

Оқиға және әңгіме айту. Әңгіменің мақсаты бұрын меңгерген білімді көкейкесті ету, оқушылардың алдағы тұрған міндеттерді шешуі үшін оқу-танымдық іс-әрекетке олардың белсенді қатысуына зейінін , мүмкіндіктерін шоғырландыру. Әңгіме барысында оқушылардың жаңаны тануға дайындығы мен түсіну дәрежесі анықталады . Әңгімелесуді ұйымдастырудағы жақсы нәтиже көбінесе қойылатын сұрақтардың дұрыс болуына байланысты. Сұрақтар балалардың ойына түрткі салу үшін ақты, қысқа, логикалық тұрғыда ойластырылған болуы тиіс. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс ойындар сахналау, дөңгелеу үстелдер, плакат жасау, сурет салу, өлең құрастыру, ән шығару ұсақ түйек жасау және т.б. шығармашылық жұмыс, топпен іс-әрекеттерді мұғалімнің оқиғаны айтып беруінен соң өткізген дұрыс. Егер оны өткізуге үлгермеген жағдайда келесі сабақта өткізуге болады .

Сабақты жоспарлау бойынша ұстанымдар: Тақырып оқулықтан алынады, қалған материалдарды мұғалім өзі таңдайды. Мұғалімнің шығармашылық қатынасы маңызды. Оқулықтан нені алатынын, ол мұғалімнің сыйы ретінде жаңадан нені ұсынатынын жүреппен ұғынатыны абзал. Сабақтың мақсатында жалпы адамзаттық құндылық сабақтың тақырыбымен байланысты көрініс табуы тиіс. Сабақтың міндеттерінде (білімділік, дамытушылық, тәрбиелік) таңдап алынған жалпы адамзаттық құндылыққа сәйкес қасиеттер көрініс табуы тиіс [3, 172-173 бет ].

«Өзін-өзі танудың» қағидалары:

Қарама-қайшылық қағидасы. Алғаш рет философия тарихында бұл қағиданы Г. Гегель қалыптастырды : Қарама - қайшылық шынайылық өл шемі, қарама - қайшылықтың болмауы адасу өлшемі болып табылады.

Жүйелілік қағидасы. Әр адамның өмірі әрқашан қандай да бір шамада жүйелілік сипатқа ие, өйткені әр адам шынайы түрде болмыстың әртүрлі ішкі жүйелеріне (табиғат ритмдері , еңбек ұжымы және т.б.) кіреді.

Даму қағидасы. Өзін - өзі танудағы осы қағиданы іске асыру өзінің өмірін генетикалық талдау (өз құрамына тарихи талдауды да кіргізеді), уақыт

аралығында, яғни өткенде, қазіргіде, болашақта өз өміріндегі өзгерістерді тану ретінде қарастырылады .

Үздіксіз кеңістік пен уақыт қағидасы. Шынайы әлемнің әр объектісі, адамды қоса алғанда, белгілі бір кеңістікті - уақыттық өлшемдермен сипатталады, өзінің денесі арқылы адам кеңістікте белгілі бір орын алады және осынын салдарында әлемнің өзге құбылыстарымен (адамдармен, заттармен және т.б. ) бірге өмір сүреді [4, 62-65 бет].

«Өзін-өзі тану» пәні мазмұнының әдіснамалық негізі, ол рухани-адамгершілік тәрбие процесі туралы философиялық көзқарастар, тұлға қалыптасуының психологиялық негіздері, дәстүрлі этнопедагогика және қазіргі заманғы педагогика. Руханилықтың артықшылығы оқыту мазмұнының, әдіс-тәсілдерінің таңдауын анықтайды. Адам субъективтілігінің, даралығының қалыптасуы, яғни жоғарғы деңгейдегі ақиқаттың таным жолына бет алып, соған сәйкес өзінің өмірлік жолын анықтайтын тұлға «Өзін-өзі тану» курсының өзекті мәселесі болып табылады. Аталмыш ұстанымдар мәдени-тарихи дамудың тұжырымдамалы теорияларында, тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыда, психиканың жүйелі түсінігінде, сана сезімнің және тұтастай тұлғаның біртұтас дамуында сипатталады.

Түйіндей бастасақ «Өзін-өзі тану – рухани-адамгершілік пен ізгілікке бастар жол» дей келе өзін - өзі тану ол рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы. Және ХХІ ғасырдың маңызды мәселелерін шешуге бағытталған: ізгілік пен қайырымдылық, жауапкершілік пен заңға мойынсынушылық, барлық адамдарға деген кішіпейілділік пен құрмет қасиеттерімен сипатталатын әдіснама. Бұл жерде біз жаңа сана-сезімді тәрбиелеуде адамды қамқорлық көрсетуге, қайтарымызсыз жақсылық жасауға, сыйлауға баулу маңызды деп есептеуіне көмек бере аламыз. Себебі үйімізде, ортамызда, қоғамда, мемлекетімізде одан әрі жер ғаламшарында орын алып жатқан әр мәселе құрушы, жасаушы ретінде адам деген жоғары атаққа еш нұқсан келтірмеуі тиіс. Дәл осы жерде адамгершілік тәрбиесіне бағытталған өзін-өзі тану пәнінің маңыздылығын көреміз. Пән ретінде де, тәрбиенің бағыты ретінде де өзін-өзі тану пәні адамдарды өмірдің мәнін, өзіндік көзқарасын, өмірдегі өз орны мен ролін айқындауға жол ашады. Адамды жеке тұлға деп қарастырып, өзіне, өзінің күші мен қабілеттеріне сенімділігін күшейтуге, жақсылық жасауға, әділ әрі парасатты болуға, өзімен және ішкі жан-дүниесімен үйлесімділік орнатуға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байлук В. В. Адамтану . 1 - кітап . Өзін - өзі тану.
2. Голубчиков А. Я. Жеке адамның өзін - өзі анықтауы ( әлеуметтік - философиялық талдау ).
3. Зимбардо Ф. Өзін - өзі бағалауды қалыптастыру . Өзіндік сана және тұлғаның қорғаныш механизмдері . - Самара , 2006 .

4. Шалгынбаева Қ . Өзін - өзі танудың теориясы және әдістемесі: Оқу құралы / Қ . Шалгынбаева , Ф.Жумабекова , А. Омарбекова . - Астана: Фолиант, 2019. - 184 б .

ӘОЖ 375.09

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Базарбек Бағи

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан  
dar\_bag\_nur@mail.ru

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес "Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту" сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар білікті мамандар қажет [1,3].

Жалпы «дарындылық» феноменін алғаш зерттеуден бастап-ақ ғылымда екі бір-біріне қарама-қарсы «био» және «социо» бағыттары қалыптасқаны аян. Дарындылықтың негізгі басымды қозғаушы күші тек қана генетикалық нышандар болып табылады деген пікір Ф. Гальтон, Г. Айзенк еңбектерінде айқын көрінген. Екінші бағытты ұстанған ғалымдар негізгі фактор ретінде қоршаған ортаны қарастырған. Ал қазіргі таңда А.Т. Асмолов негіздеген ұстаным әлдеқайда өміршең екендігін дәлелдеп отыр. Л.С. Выготскийдің теориясын негізге алған бұл бағыт «дарындылықты» білімді өз бетінше игеру, ашу, жаңа жағдайда көшіре білу, мәселені мақсатты шешу, бір сөзбен айтқанда, «интеллектуалды дарындылық» ретінде зерттейді [9].

Педагогикалық энциклопедияда: «Дарындылық дегеніміз – адамдардың қабілеттерін жете жақсы дамуының жоғары сатысы», - деп атап көрсетіледі. Осы қабілеттілік арқылы адамдар көптеген жақсы жетістіктерге жете алады. Дарындылық – сапалы қабілеттердің өзіндік бірлесуі: оның арқасында іс-әрекет жақсарды [5].

Дарынды балалар - жалпы және арнайы дарындылығын (музыкаға, сурет, техникаға т.б.) байқатқан балалар. Дарындылық қарқыны бойынша басқадай жағдайлар бірдей болғанда баланың өз құрдастарының озықтық дәрежесі бойынша диагностикалау қабылданған (ақыл-ой дарындылығы тестері осыған негізделген) [7].

Грек философтары дарындылықты құдайдың құдіретінен дей келе, оны дамытуда білім мен тәрбие берудің маңызын жоққа шығармайды. Ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесіне негізделген тәрбие теориясында айналасындағы дүниені шынайы ақиқат тұрғыда танып- білуін қамтамасыз етуі мен қоғамға, адамдарға

дұрыс қарым-қатынасын қалыптастырылуын қарастырады. Бұл идеялар Платон, Аристотель, Гераклит, Гиппократ, Демокрит, Плутарх, Квинтиллан еңбектерінде одан әрі дами түсті [9,10].

Оқушылардың жеке қабілеттерін, дарындылығын, ақыл-ойын дамыту мәселесі туралы құнды пікірлер Ф.Бэкон, М.Монтень, Д.Локк, Д.Дьюи, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, И.Кант еңбектерінде айтылды [9,11,12].

Дарындылықты, ақыл-ой қабілетін дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменскийдің XII ғасырда жазған «Ұлы дидактика» атты еңбегінде: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», - деп ерекше атап өтті [10,13].

XVIII-XIX ғасырда дарындылық пен интеллектуалдық қабілет туралы және қайнар көзін іздеуде И.Г.Песталоцци еңбектерінің маңызы зор болды. И.Г.Песталоцци «Көзбен қабылдау әліппесі» деген еңбегінде баланың сезім тәжірибесіне сүйенеді. Ол интеллектуалдық ақыл-ой тәрбиесінің алғашқы сатысы - танымдық белсенділікті дамытуға қажетті оқытудың эвристикалық бақылау әдістемесін жасайды. «Адамның әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті, - деп жазды Песталоцци, - бұл оның бақылаулары нәтижесінде қалыптасқан ой- өрісінің жемісі» [8].

XIX ғасырда қазақ халық ағартушылары да халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин: "Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім", - дейді [11].

Ш.Уалиханов шығармаларында жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынадай: "Қырғыз-қайсақтар табиғатының ақыл-ой жүйріктілігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшеленеді" [12].

Абай Құнанбаев адамды қоршаған орта - табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы - туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ұлы ойшыл адамның ойы мен санасы еңбек іс- әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: "Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады".

Сонымен қатар, дарынды балалардың сөйлеу тілінде шапшаңдық және сонылық сияқты ерекшеліктер болатыны анық. Дарындылық психологиясын зерттеуші В.С.Юркевич: «Жоғары танымдық белсенділік - дарындылықтың бірініші белгісі, ол әртүрлі сипатта көрінуі мүмкін. Маңыздысы, тапсырмалар мазмұнында бала үшін қызықты жаңалықтар болуы керек», - дейді [11,12,13].

Дарындылықтың құрылымын ұсынғандардың ішінен ең маңыздысы болып белгілі американдық ғалым Дж.Рензуллидің үш шеңберлік моделін атап өтуге болады. Бұл тұжырымдамада дарындылық үш бөлігінің бір-біріне тығыз қарым-



қатынасы арқылы құралатыны айтылады: 1) орта деңгейден жоғары интеллект; 2) креативтілік; 3) тапсырмаға қызығу (1 - сурет).

Дж.Рензуллидің көзқарасының маңызды жағы дарындылықты табиғи құбылыс деп түсіндіре келе, «дарындылық» ұғымының «әлеует» (потенциал - латын сөзі роіепііа - күш, бір нәрсеге қабілеттілік) ұғымына алмастырады.



1-сурет Дж.Рензуллидің үш шеңберлі моделі [7].

Бала ата-ана мен педагогтар еркіндік беріп, өзіне керекті деген білімді дамыту арқылы ғана дарынды бола алатынын сезеді. әрі қоршаған ортаның эмоциялық қолдауы бостандық пен сенімділік «Мен»-ді нығайтады, сол арқылы өз қабілеттерін қолдануға деген батылдық пайда болады. Сол уақытта интеллекттік қолдау ақпарат пен ойды «қамқорлыққа» алып талаптарға қоршау жасайды, қоршаған ортасынан балаға мотивация келеді. Дарындылық жоғарыдағы факторлар арқылы дами алады [7].

Әр адамның іс-әрекеттің бір түріне икемді болуы оның сол әрекетті орындауы үстінде, әсіресе, істің нәтижесінен анық байқалады. Бұл - адамдардың даралық ерекшелігі. Мысалы, бірдей жағдайда бір істі бір адам тез меңгеріп, өте шапшаң, нәтижелі әрі сапалы етіп атқарса, ал екінші адам іске бірден төселіп кете алмай, сол іс-әрекетке лайық әдет-дағдыларын қалыптастырмағандықтан, істі баяу, нәтижесіз, сапасыз атқаруы мүмкін. Бұл жайттар бірінші адамның қабілеттілігі екінші адамға қарағанда әлдеқайда жоғарғы деңгейде дамығандығын көрсетеді.

Адамның істеген ісі мен әрекетін бақылап көрмей тұрып, оны сол іске қабілетті не қабілетсіз деп кесіп айтуға болмайды. Мәселен, сурет өнерінің әліппесімен әлі танысып үлгермеген баланы өнердің бұл түріне қабілетті не қабілетсіз деу әлі ертерек. Тек ұйымдастырылған оқу-тәрбие негізінде ғана оның сол іс-әрекет түріне қаншалықты бейімді екендігін білуге болады.

Арнайы жүргізілген зерттеулердің көпшілігі адамның қабілеті ата-тегіне, яғни, тұқым қуалау факторына байланысты деген көзқарасты қолдайды. Бұл көзқарас бойынша, әр адамның қабілеті - оған туа берілетін өзіндік дара табиғи қасиет [12].

Дегенмен, қабілетті адамда тек туа пайда болатын қасиет деген дұрыс емес. Себебі, қабілет - адамның даралық психологиялық ерекшелігі. Ал туа пайда

болатын нәрсе - қабілеттің дамуына негіз болатын анатомиялық және физиологиялық ерекшелік - нышан.

Нышан - мидың, жүйке жүйесінің, талдағыштардың адамдар арасындағы табиғи даралық өзгешеліктерін айыруға себеп болатын тума анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері. Адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға бейімді болуы қабілеттің дамып қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Алайда, бұл нышандар іс-әрекеттің нәтижелі болуының толық жағдайы болып саналмайды. Ол үшін адам бойындағы нышандарды дер кезінде анықтап алу керек. Содан соң, оны әр алуан әрекет үстінде дамытып отыруға бейімделіп, тәлім-тәрбие арқылы өрістете түсі қажет. Нышан сан қилы мағынада көрініс береді. Мәселен, әлеуметтік ортаның, тәрбие мен оқыту істерінің және түрлі жағдайлардың әсерінен белгілі бір нышандар негізінде түрлі қабілеттердің дамуы мүмкін. Мысалы бойында шапшаңдықпен дәлдік, ептілік пен шеберлік нышандары бар адамдар тіршілік жағдайы мен қызмет саласына сай әртүрлі қабілетке ие болуы мүмкін. Бірі - хирург-дәрігер, екіншісі - гимнаст, үшіншісі - суретші т.с.с.

Нышанның ерекше түрі адамда жас кезінен байқалады. қазақтың аса дарынды күйші-композиторы Құрманғазының шәкірті Дина Нұрпейсова өзінің күйшілік қабілетін сегіз жасынан байқатып, бірақ-рет тыңдаған күйін мүдірмей, айна-қатесіз, дәл орындай алған.

Дарынды киноактер, әрі режиссер Шәкен Аймановтың да жалпы өнерге деген құштарлығы бала кезінен-ақ айқын байқалғандығы жайлы Қазақстанның халық әртісі Кәукен Кенжетәев тебірене еске алады. Егер белгілі бір іс-әрекет барысында жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай жетістіктер адамның балалық шағынан байқалмаса, ондай балада қабілет жоқ деп айтуға болмайды. Мысалы: аса көрнекті математик Н.Н. Лузин, биолог К. Линний, жазушылар Вальтер Скотт, С.Т. Оксаков, И.А. Гончаров т.б. өздерінің қабілеттілігін кешірек танытқан [13].

Адамдардың қабілетінде жеке адамға тән айырмашылықтары да болады, яғни, іс-әрекет нәтижесі әр адамда әр түрлі. Біреудің ісі сапалы, екіншісінікі сапасыз. Дәлірек айтқанда, адам қабілетіндегі айырмашылық істің нәтижесінен, яғни, оның сәтті не сәтсіздігінен байқалады.

Қызығушылық адамда объектіні жан-жақты танып білуге ұмтылудан туындайды. Ал бейімділік - нақты іс-әрекетті орындауға талпыну. Қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өз ара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар себеп болады. Мысалы, адамның бейнелеу, көркем өнер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ ол осы с алалардағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім тауып, қабыса алады.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның жетістікке жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен тыс оның мінез-құлқында мынандай сапалық көріністер болуы қажет: ең алдымен еңбексүйгіштік, табандылық, батылдық. Осындай ерекше қабілеттілігі бар, адамның өзі де айтарлықтай табысқа қол жеткізе бермейді. Негізгі, адам өзінің іс-әрекетке, жеке басына сын көзімен

қарап, бойындағы жетістік, кемістігін икемімен күш-қуатын, мінезінің ұнамды, ұнамсыз сапаларын айқын ажырата аларлық деңгейде болуы керек.

Адамның қабілеті жайлы сөз болғанда оның іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері есте болады. Мұндай мүмкіндіктер іс-әрекеттерді меңгеруде айтарлықтай табысқа, еңбекте жоғарғы көрсеткішке жетуге әкеледі.

Біркелкі тең жағдайларда (дайындық деңгейі, білім, дағды білік, жұмсалатын уақыт, ақыл-ой, дене күші) қабілетті кісі қабілеті төмендеу адамға қарағанда істе мейлінше жақсы нәтиже көрсетеді.

Қабілетті адамның жетістігі - оның нервтік психикалық қасиеттері комплексінің іс-әрекет талаптарымен сәйкес келуінің нәтижесі болып табылады.

Кез-келген іс-әрекет күрделі де сан қырлы болып келеді. Ол адамның психологиялық және физикалық қуатына әр түрлі талап қояды. Егер жеке адамда бар қасиеттер жүйесі осы талаптарға сай болса, онда іс-әрекетті табысты, әрі жоғарғы дәрежеде орындай алады. Егер осындай сәйкестік болмаса, онда индивидте қабілет болмағаны.

Міне, сондықтан қабілетті адамның басқа бір қасиетімен (заттың түстерін жақсы айыру, пропорция сезімі, музыкалық есту т.б.) шатастыруға болмайды. Қабілет әр кезде де жеке адам қасиеттерінің синтезі.

Сөйтіп, қабілетті іс-әрекет талабына сай және онда жоғарғы көрсеткішке жетуді қамтамасыз ететін жеке адам қасиеттерінің синтезі деп анықтауымызға болады [14].

Дарындылық әрбір адамның ақыл–сана, оқу, шығармашылық, көркемөнер, адам аралық қатынастар түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді.

Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллект деңгейі анағұрлым жоғары.

Өз қызығулары бағытында дарынды адамдар қайтпас қажырлық таныта алады. Бұл қасиеттің адамдағы көрінісі – 2-3 жасар баланың бір іспен үзбей шұғылдана алу уақыты.

Басқа қатарларымен салыстырғанда дарынды бала өзін қызықтырған іспен бірнеше сағат шұғылданып, қажет болса, оған бірнеше күндер бойы қайта оралып, көздегеніне жетпейінше, әрекетін тоқтатпайды.

Дарындылық дәрежесінің артуы қажетті білімдермен ептілік, дағдыларды игеріп әрі жетілдіріп баруға тікелей байланысты.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Білім туралы заң. – Алматы: Юрист, 2002.
2. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы// Егемен Қазақстан, 2018. – 5 ақпан.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын жүзеге асыруға қатысты құжаттар жинағы. – Алматы 2020. – 350 б.
4. Нарықбаева Л.М. Научно-педагогические основы подготовки будущего учителя к работе с одаренными детьми. Автореф. к.п.н. 19.11.01. – Алматы, 2017. – 26 с.

5. Байтурсева Г.С. Проблема одаренности // Сов. педагогика, 2015. - №4.
6. Үмбетова Ж.О. Методические основы выявления и развития интеллектуального потенциала одаренных детей в процессе обучения математика (на примере начальных классов): Автореф. Дисс... канд. пед. наук. – Алматы, 2018. – 19 с.
7. Дарынды балалар- ел болашағы. «Жас ғалымдардың жинағы» Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдыққа арналған (баспада).//
8. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері  
//«Жаңа формациядағы педагогтарды даярлау мақсатында инновациялық технологияларды оқу -тәрбие үрдісіне енгізу мәселелері» атты Халықаралық ғылыми –тәжірибелік интернет-конференцияның материалдары. I том.-80-83 б.Шымкент-Мәскеу, 2016.//
9. Савин Н.В. Педагогика. -Алматы, 2017.- 128с.
10. Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведение человека.- М. Просвещение, 2016. - 317 с.
11. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе. Дисс. на соиск. док. пед. наук. – Алматы , 2019. – 300 с
12. Рубинштейн С.Л. Проблема способностей и вопросы психологической теорий // Психология индивидуальных различий. Тексты. М., -2015. - 59-68 с.
13. Студенттердің ғылыми жұмыстарының жинағы. – Өскемен. - 2017. – 135 б.
14. Бап –Баба С. Жалпы психология / С. Бап–Баба. – Алматы: «Дарын». – 2013. – 345 б.

ӘОЖ 530(075.8)

## **ФИЗИКА ПӘНІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ**

Байгожина С.Б., Бектасова Г.С., Иманжанова К.Т.

Ғылыми жетекшісі: Бектасова Г.С., филос.ғ.к., физика және технологиялар кафедрасынң қауымдастырылған профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., ҚР

e-mail: saltab1986@mail.ru

Қазіргі кезде физика ғылымының, өндірістің дамуына сәйкес пәннің мазмұны кеңейіп, тереңдеп, оларды оқытудың ерекшеліктері көбеюде. Сондықтан физиканы оқыту әдістемесі жеке ғылым саласы болып қалыптасып, ірге тасы қалануда. Барлық жеке пәндерді де оқыту әдістері дидактикаға негізделеді.

Кілттік сөздер - дидактика, физика, эксперимент, технологиялық әдістер, ғылым, теория, табиғат, жас қоғам, болашақ, әдістеме.

Физика пәнінің қазіргі жағдайда оқушылардың танымдық әрекетін басқарудың тиімділігін ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, оқу-тәрбиенің сапасын көтеру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Танымдық белсенділік екі тұрғыдан қарастырылады. Зерттеушілер танымдық белсенділікті іс-әрекет ретінде, екінші тұрғыдан – сапа, тұлғалық білім ретінде қарастырады.

Бұл мәселені нақтылағанда «танымдық іс-әрекет» және «танымдық белсенділік» ұғымдарын ажыратып жіктеудің теориялық қана емес, тәжірибелік те мақсаты, маңызы бар екенін түсінуге болады. Егер белсенділік пен іс-әрекетті ұқсас құбылыс пен ұғым ретінде қарастыратын болсақ, онда бұндай жағдайда мәселе өзінен-өзі шешіледі, оқушылардың кез-келген іс-әрекеті белсенді іс-әрекет болып табылады[1].

Оқушының танымдық іс-әрекетін педагогикалық технологияларды қолдана отырып, мына жағдайларды анықтап алу қажет:

- ✓ Оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары, олардың психологиялық құрылымын жасау;

- ✓ Психологиялық материалдар, әдістемелер құру;

- ✓ Осы мақсаттарға жетуге бағытталған амалдар жиынын жасақтау;

- ✓ Осы мақсаттарды таңдап алынған амалдар арқылы жүзеге асыратын оқушылардың психологиялық мінездемелерін құру;

- ✓ Оқу-тәрбие мәселелерін жүзеге асыру барысында оқушылардың басқа оқушылармен қарым-қатынас жасау қасиеттерінің процесіндегі психологиялық мінездемелерін анықтау;

- ✓ Анықталған амалдарды орындау барысында қолданылатын құралдарды жинақтау;

- ✓ Оқыту мен тәрбиелеудің принциптерін құру [2].

В.Ф.Шаталовтың сөзі бойынша, бүгінгі күні мұғалімнің қызметі білім көзі болу ғана емес, сондай-ақ таным, оқушының танымдық қасиеттерін ұйымдастыру болып табылады. Мұғалім сыныпта оқып-білуге, үйренуге мүмкін болатын барлық жағдайды жасай алуы тиіс.

Танымдық белсенділік ұғымы оқушының оқуға, үйренуге, дарындылығын тануға, білуге деген ынта-ықыласының, күштарлығының ерекше көрінісі. Танымдық белсенділік проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруде, өзіндік жұмыс орындауда жүзге асатын педагогикалық күрделі процесс.

Оқушының өздігінен білім алуы өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді. Өздігінен білім алуды оқушылардың күнделікті рухани қажетіне айналдыру мәселесіне мән берілмей келеді. Өздігінен білім алу әрекеттің мақсат-міндеттерін, мазмұнын, ұйымдастыру жолдарын оқушылардың өздері анықтап алады, өзіндік іске асырады. Ал, оларға кеңес, нұсқау, жалпы бағдар беріп, басқарып отыру – мұғалімнің міндеті болып саналады[3].

Физика пәнін алып қарасақ, физика пәнінде танымдық белсенділік танымдық әрекетпен үйлеспейді. Оны таным процесінің қатынасын білдіретін, субъектінің тұлғалық білімі, психикалық жағдайы ретінде қарастыруымыз қажет болады.

Танымдық белсенділік жеке тұлғаның қасиеті ретінде іс-әрекет барысында көрінеді және қалыптасады. Танымдық белсенділік оқытудың ағымдық сипатын және қарқындылығын қаматасыз етіп, оқушылардың сабақ барысындағы белсенділік мүмкіндігін арттырады. Бұл физика сабағын жүргізу барысында танымдық іс-әрекетте көрінеді және қалыптасады, бірақ бұл ұғымдар ұқсастығын білдірмейді.

Танымдық белсенділіктің құрылымында жеке тұлғаның сапасы төмендегідей компоненттермен ерекшеленіп енеді:

- оқу тапсырмаларын орындауға дайындық;
- өзіндік іс-әрекетке ұмтылуы;
- тапсырма орындаудағы саналылық;
- оқытудың жүйелілігі, өзінің тұлғалық деңгейін көтеруге ұмтылысы.

Белсенділікпен қатар оқушылардың физика пәнін оқуға деген қызығушылығының тағы бір маңызды қыры ашылады, яғни олардың мұғалім көмегінсіз объектіні, құралды анықтауға байланысты іс-әрекетті жүзеге асырудағы дербестігі, ынтасы. Танымдық белсенділік пен оқушылардың дербестігі бір-бірінен ажырамас құрам бөліктері:

- неғұрлым белсенді оқушылар, соғұрлым дербес;
- оқушылардың жеткіліксіз дербестігі басқаларға тәуелді етеді және дербестіктен айырады.

Құзыреттіліктердің жеке құрылымын талдап көреміз. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың жаратылыстану пәндерінің мүмкіндігінде мынадай аспектілерін қарастыруға болады:

- ақпаратты талдау;
- ақпаратты өңдеу;
- ақпаратты жинақтау;
- ақпаратты қолдану;
- нәтижесін бағалау.

Оқушының ақпараттық құзыреттілін дамыту үшін, оның барлық қыры бойынша жұмыстар ұйымдастыру керек. Физика пәні бойынша оқушының ақпараттық құзыреттілігінің құрылымына сәйкес сабақ барысында оны жүзеге асырудың алгоритмі :

1. Жаңа ақпараттың мазмұнын талдау: бұрыннан білетін мәліметті айқындау және жаңа ақпаратты бөлу;
2. Жаңа ақпаратты тірек сызбаға түсіру немесе танымдық іс-әрекетке жетелеуші тапсырмаларды орындау;
3. Басқа ақпарат көздерін пайдалана отырып өз бетінше қорытынды жасау;
4. Жаңа ақпараттың өзгерген жағдайдағы қолданысын көрсету. (құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар)
5. Өз іс-әрекеті мен жеткен жетістіктеріне баға беру (рефлексия).

Сонымен, оқушылардың құзыреттілігін танымдық іс-әрекет арқылы арнайы ұйымдастыру білім сапасын арттырудың негізгі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістері іздестіріп, құрастырамыз.

Физиканы оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген.

Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылдық ойлауы да дамытылады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығының көрсеткіштері ретінде төменде берілген:

- таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы;
- өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;
- оқу-танымдық қызметтегі негізгі түйінді анықтау білігі;
- игерілген білімді тасымалдай білуі;
- өз іс-әрекетін бақылауы, бағалауы;

Сонымен қорытындылай келгенде, елдің ертеңі білімді жастар қолында. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

«Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012.
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы –Астана ,2004.
3. «Математика және Физика» журналы 2010,№5.

ӘОЖ: 37.091.4

### **БІРТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ**

Баймуханова А.Т.

Ғылыми жетекші: Козыбаева А.К., магистр  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: aneltalgatkyzy@gmail.com

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде оқыту оқушылардың рухани және зияткерлік дамуын қамтамасыз етуі керек. Оқытудың заманауи тәсілдері жүзеге асырылатын қазіргі заманғы мектеп әр түрлі қабілеттері бар балаларды оқытуды ғана емес, сонымен қатар сабақтарда баланың жеке басының құндылығын растайтын жеке тұлғаға бағытталған оқыту моделіне бағытталған

шығармашылық орта құруды мақсат етеді. Оқушының жеке басын құрметтеу және оның рухани әлеуетін білім беру мазмұнында ескеру қағидасы әлеуметтік тәжірибе аспектісінде қарастырылған әлемдік мәдениетпен танысу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, білім беру процесінің мәні, яғни оқыту, тәрбиелеу және дамыту процесі әлеуметтік тәжірибені жеке тәжірибеге мақсатты түрде айналдыру, студенттерді адамзат мәдениетінің барлық байлығымен таныстыру болып табылады.

Қазіргі уақытта жетекші педагогтар мен психологтар бұл көзқарасты ұстануда. Білім беру жүйесінде қолданылатын көптеген жаңалықтардың ішінде мұғалім оқу ақпаратының көзі емес, шығармашылық оқу процесінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі болып табылатын, әр оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, оқушылардың іс-әрекетін дұрыс бағытқа бағыттайтын технологияларға ерекше назар аударылады. Мұндай технологиялардың ішінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы ең танымал. Бұл технология маңыздылығы бойынша және білім беру сапасын арттыру бойынша күтумен байланысты бірінші орындардың бірінде тұр.

Тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы саласындағы зерттеулерді Г.Г. Кравцова, Т. А. Матис, Ю. А. Полуянова, В. В. Рубцова, г. а. сияқты ғалымдар жүргізді. Цукерман, И. Барлық зерттеушілер балаларды оқытуға жеке көзқарас қажеттілігін, балалармен сәтті жұмыс істеудің негізгі шарты ретінде орта мектептің бірыңғай білім беру стратегиясының маңыздылығын атап өтеді. Дегенмен, жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясын қолдану процесін толығымен ашатын жалпылама ғылыми-педагогикалық жұмыстар әлі жоқ. Оқушылардың дамуының әлеуметтік маңыздылығы және осы процестің ғылыми дамуының жай-күйін талдау осы зерттеу проблемасын таңдауға әкелді, ол жалпы білім беретін мектепте жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану тәсілдерін анықтаудан тұрады.

Әлеуметтік педагогтің әсер ету объектісі отбасындағы бала, ересек отбасы мүшелері және отбасының өзі, тұтастай алғанда, ұжым бола алады.

Әлеуметтік педагогтің отбасымен қызметі әлеуметтік-педагогикалық көмектің үш негізгі компонентін қамтиды: білім беру, психологиялық және делдалдық.

Білім беру компоненті әлеуметтік педагог қызметінің екі бағытын қамтиды: оқыту мен тәрбиелеуге көмек.

Оқытуға көмек халық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбиедегі ең типтік қателіктерге мыналар жатады : тәрбиенің мақсаттары, әдістері, міндеттері туралы жеткіліксіз түсінік; барлық отбасы мүшелерінің тәрбиесінде бірыңғай талаптардың болмауы; балаға соқыр махаббат; шамадан тыс қатаңдық; білім беру мекемелеріне тәрбие беру туралы алаңдаушылықты ауыстыру; ата-аналардың жанжалдары; балалармен қарым-қатынаста педагогикалық әдептіліктің болмауы; физикалық жазаларды қолдану және т. б. басқа.

Тәрбиедегі көмекті әлеуметтік педагог ең алдымен ата-аналармен-оларға кеңес беру арқылы, сондай-ақ баламен бірге отбасына оны нығайту және оның



тәрбиелік әлеуетін барынша толық пайдалану мақсатында уақтылы көмек көрсету міндетін шешу үшін арнайы тәрбиелік жағдайлар жасау арқылы жүргізеді.

Тәрбие функциясы жүзеге асырылатын отбасылық өмірдің негізгі бағыттары: ата-аналық міндет, махаббат пен қызығушылық салалары.

Әлеуметтік педагог отбасына көмек көрсету кезінде ата-аналармен олардың отбасында қолданылатын тәрбие әдістерін талдап, ең сәйкес келетінін анықтауға көмектесуі керек.

Ата-аналарға ұсынылған тәрбие процесінде әдістер мен әдістер жүйесі барлық отбасы мүшелеріне ыңғайлы білім беру ортасын құрайтын нақты қатынастарға айналуы керек.

Әлеуметтік-педагогикалық көмектің психологиялық компоненті 2 компонентті қамтиды: әлеуметтік-психологиялық қолдау және түзету.

Қолдау қысқа мерзімді дағдарыс кезінде отбасында қолайлы микроклимат құруға бағытталған.

Тұлғааралық қатынастарды түзету, негізінен, отбасында балаға психикалық зорлық-зомбылық болған кезде, оның нейропсихикалық және физикалық жағдайының бұзылуына әкеледі. Зорлық-зомбылықтың бұл түріне баланы қорқыту, қорлау, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау, сенімді бұзу жатады.

Әлеуметтік педагог отбасындағы қарым-қатынасты баланың құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес баланың адами қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген әдістер арқылы отбасында белгіленген тәртіп пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдау үшін түзетуі керек.

Ақпараттандыруға көмек отбасын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған. Ол кеңес беру түрінде жүзеге асырылады. Мәселелер тұрғын үй, отбасы-неке, еңбек, азаматтық, зейнетақы заңнамаларына, балалардың, әйелдердің, мүгедектердің құқықтарына, сондай-ақ отбасы ішіндегі проблемаларға қатысты болуы мүмкін.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесін құрудың принциптері мен шарттары.

Бұл жүйені құру принциптері тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектеп жеке тұлғаны дамыту мақсатын қойған жоқ деп айтуға болмайды. Керісінше, бұл мақсат жеке тұлғаны жан-жақты, үйлесімді дамыту міндеті ретінде үнемі жарияланып отырды. Бұл дамудың әлеуметтік-педагогикалық модельдері болды, олар игеруді қажет ететін әлеуметтік-мәдени үлгілер түрінде сипатталды. Тұлға осы үлгілердің тасымалдаушысы, олардың мазмұнын білдіруші ретінде түсінілді. Соңғысы қоғамда үстемдік ететін идеологиямен анықталды.

Тұлғаға бағытталған білім беру түрін, бір жағынан, дамып келе жатқан оқытудың идеялары мен тәжірибесінің одан әрі қозғалысы, екінші жағынан, сапалы жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы ретінде қарастыруға болады. Қазіргі тұлғаға бағытталған білім беруді анықтайтын теориялық және әдіснамалық ережелердің жиынтығы Е.В. Бондаревскаяның, С. В. Кулневичтің,

т. и. Кулпинаның, В. В. Серіковтың, а. в. Петровскийдің, в. т. Фоменконың, И.С. Якиманскаяның және басқа зерттеушілердің еңбектерінде ұсынылған. Бұл зерттеушілерді балаларға гуманистік көзқарас, «адам өмірінің ерекше кезеңі ретінде бала мен балаға құндылық қатынасы» біріктіреді. Зерттеулер адамның құндылықтарының жүйесін адам қызметінің мәні ретінде ашады. Тұлғаға бағытталған білім берудің міндеті-жеке тұлғаның даму ортасы ретінде педагогикалық процесті жеке мағыналармен қанықтыру.

Мазмұны мен формаларында әр түрлі білім беру ортасы өзін-өзі ашуға, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеке дамып келе жатқан білім берудің ерекшелігі баланың субъективті тәжірибесін жеке маңызды құндылық саласы ретінде қарастыруда, оны әмбебаптығы мен өзіндік ерекшелігі бағытында байытуда, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде мазмұнды ойлау әрекеттерін дамытуда, іс-әрекеттің өзіндік құнды формалары, танымдық, ерікті, эмоционалды және моральдық ұмтылыстар. Мұғалім жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды моделіне назар аудара отырып, жеке тұлғаның еркін шығармашылық өзін-өзі дамытуына жағдай жасайды, балалар мен жасөспірімдер идеяларының өзіндік құндылығына сүйенеді, мотивтер оқушының мотивациялық-қажеттілік саласындағы өзгерістер динамикасын ескереді.

Жеке қабілеттер білімді игеру қабілеті ретінде анықталған оқу қабілеті арқылы қарастырылды.

Жүйеде білім неғұрлым жақсы ұйымдастырылған болса (теориялық түрі бойынша), оқу қабілеті соғұрлым жоғары болды. Оқу материалының мазмұнына, арнайы дизайнына байланысты оқу қабілеті жеке тұлға ретінде емес, жеке тұлғаның типтік ерекшелігі ретінде қарастырылды (теоретиктер, эмпириктер, көрнекі-бейнелі ауызша-логикалық ойлау иелері және т.б.). Барлық көрінетін айырмашылықпен бұл модельдер мыналарды біріктіреді:

- тұлғаны дамытудың негізгі көзін (детерминанттарын) оқытуды тану;
- алдын ала белгіленген (жоспарланған) тұлғаны қалыптастыру;
- қасиеттері, қасиеттері, қабілеттері («мен қалағандай бол»);
- білімді, іскерлікті, дағдыны (олардың көлемін ұлғайту, мазмұнын күрделендіру) және әлеуметтік-маңызды эталондарды ұғымдар, идеалдар, мінез-құлық үлгілері түрінде меңгеру ретінде дамытуды (жас, жеке) түсіну;
- әлеуметтік-мәдени орта («құжымдық субъект») өнімі ретінде жеке тұлғаның типтік сипаттамаларын анықтау және дамыту;
- жеке тұлғаны дамытудың негізгі көзі ретінде оқу әсерін ассимиляциялау (интерьерлеу) механизмін анықтау.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаға бағытталған оқытуды түсіну мен ұйымдастырудың басқа тәсілі әзірленуде. Ол әр адамның даралығын, өзіндік ерекшелігін, өзін-өзі бағалауын тануға, оның «құжымдық субъект» ретінде емес, ең алдымен өзінің ерекше субъективті тәжірибесіне ие адам ретінде дамуына негізделген.

Тұлғаға бағытталған оқыту жүйесін жүзеге асыру педагогикадағы «векторларды» өзгертуді талап етеді: оқытудан бастап, нормативті түрде

құрылған процесс ретінде (және осы мағынада қатаң реттелген), оқуға, оқушының жеке іс-әрекеті ретінде, оны түзету және педагогикалық қолдау.

Оқыту даму векторын соншалықты белгілемейді, өйткені ол үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады. Осылайша, оқыту функциясы айтарлықтай өзгереді. Оның міндеті-барлығына ортақ, біртұтас және міндетті психикалық дамуды жоспарлау емес, әр оқушыға өзінің білім тәжірибесін ескере отырып, жеке қабілеттерін жетілдіруге, тұлға ретінде дамуға көмектесу. Бұл жағдайда оқытудың бастапқы сәттері оның түпкі мақсаттарын (жоспарланған нәтижелерін) іске асыру емес, әр оқушының жеке танымдық мүмкіндіктерін ашу және оларды қанағаттандыру үшін қажетті педагогикалық жағдайларды анықтау болып табылады. Оқушының қабілеттерін дамыту жеке тұлғаға бағытталған педагогиканың негізгі міндеті болып табылады, ал дамудың «векторы» оқудан оқуға емес, керісінше, оқушыдан оның дамуына ықпал ететін педагогикалық әсерді анықтауға негізделген. Бұл бүкіл білім беру процесіне бағытталуы керек.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесін жобалау туралы бірнеше пікірлер. Оның ерекшелігіне сүйене отырып, әдеттегідей идеалды модель құру мүмкін емес, яғни оқушы субъективті тәжірибенің тасымалдаушысы болып табылатын «материалдың қарсылығын» ескерместен жалпы мақсаттар мен түпкілікті нәтижелерді белгілеу. Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды құру мен басқарудың әсері тек ұйымға ғана емес, сонымен бірге білім беру процесінің негізгі субъектісі ретінде оқушының жеке қабілеттеріне де байланысты. Бұл дизайнның өзін икемді, өзгермелі, көп факторлы етеді.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесін жобалау мыналарды қамтиды:

- оқушыны оқу процесінің негізгі субъектісі ретінде тану;
- дизайн мақсатын анықтау-оқушының жеке қабілеттерін дамыту;
- оқушының субъективті тәжірибесін, оның оқу процесінде бағытталған дамуын анықтау және құрылымдау арқылы мақсатты іске асыруды қамтамасыз ететін құралдарды анықтау.

Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру тек ғылыми білімді ғана емес, сонымен қатар метатанымды, яғни танымның әдістері мен әдістерін қамтитын білім мазмұнын дамытуды талап етеді. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің арнайы формаларын жасау маңызды.

Сондай-ақ, ерекше рәсімдер қажет, оқушының даму сипаты мен бағыты қадағаланды; оның жеке басын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау; баланың психикалық даму нормасы туралы біздің мәдениетте қалыптасқан идеяларды өзгерту (салыстыру көлденең емес, тігінен, яғни баланың даму динамикасын анықтау). басқалармен емес, өзімен салыстырғанда).

Осылайша, мектепте жеке тұлғаға бағытталған білім беруді енгізу үшін қажетті жағдайларды бөліп көрсетуге болады.

- Білім беру процесінің тұжырымдамасын қабылдап оқыту мен тәрбиелеудің үйлесімі ретінде емес, жеке тұлғаны дамыту, оқыту мен тәрбиелеу органикалық түрде біріктірілетін қабілеттерді қалыптастыру ретінде;

- білім беру процесінің негізгі қатысушылары: менеджерлер, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар арасындағы қарым-қатынас сипатын анықтау;

- білім беру үдерісінің инновациялылығы тиімділігінің критерийлерін анықтау.

Қорытынды ой: Жеке тұлғаға бағытталған оқыту білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі білім адамның жеке басын дамытуға, оның мүмкіндіктерін, таланттарын ашуға, өзін-өзі тануды, өзін-өзі тануды қалыптастыруға бағытталуы керек. Тұлғаға бағытталған оқыту оқу орталығында білім алушының өзі — оның мотивтері, мақсаттары, ерекше психологиялық қоймасы, яғни оқушы тұлға ретінде болатындығын болжайды.

Оқушының жеке тұлға ретінде дамуы (оның әлеуметтенуі) оны нормативтік қызметті игеру арқылы ғана емес, сонымен бірге өзінің дамуының маңызды көзі ретінде субъективті тәжірибені үнемі байыту, қайта құру арқылы жүреді.

Оқытудың негізгі нәтижесі тиісті білім мен дағдыларды игеру негізінде танымдық қабілеттерді қалыптастыру болуы керек, өйткені мұндай оқыту процесінде өзіндік құнды білім беру қызметіне белсенді қатысу жүреді, оның мазмұны мен формалары оқушыға білімді игеру кезінде өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік жасауды қамтамасыз ету қажет.

Осылайша, жеке тұлғаға бағытталған оқытуға мүмкіндіктер болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1.Әлеуметтік педагогика негіздері — 2011 жылы Алматы қаласы «Қазақ университеті» баспасында басылып шыққан кітап. Кітап авторы/құрастырушысы — А. Б. Айтбаева. Беттер саны — 165.

2.Құрманалина, Ш. Педагогика : оқу-әдістемелік құрал / Ш. Құрманалина, Ә. Ғалымова. - 3-бас. – Астана : Фолиант, 2016. - 272 б.

3. Международный журнал экспериментального образования. – 2022. – № 3. – С. 16-19.

ӘОЖ:378.147:811.111

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Бакиянова К.Ж.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы

«Ю. Гагарин атындағы орта мектеп» КММ

Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан

Оқушының мәтінді қабылдап, түсінуі мәтіннің сыртқы белгілерін, сосын ішкі құрылымын кең түрде талдау арқылы жүргізіледі, ерекшелігін сараптайды, жалпыдан жекеге немесе жекеден жалпыға жүру жолын таниды. Осындай кең түрдегі талдау барысында оқушының теориялық білімді меңгеруіне мүмкіндік ашылады.

Қабылдау түйсінулерге негізделеді (көру түйсігі, есту түйсігі, иіс сезу түйсігі т.б). Есту және көру түйсігін жетілдіру үшін вербалдық (көргенін немесе естігенін сөзбен айту), вербалдық емес (сызбалар, диаграммалар, модульдер, суреттер т.б.) тәсілді пайдаланған тиімді. Бейнелік-таңбалық сызбалар оқушының санасында бейнеленген ұғымдарды жүйелеп сыртқа шығаруға, ұғымнан туған ойды сөзбен байланыстырып айтуға мүмкіндік ашады.

Қазіргі кезде оқушының тілдік-қатысымдық дағдысын жетілдіруде оқытудың экрандық, аудио, визуальдық құралдары маңызды орын алады. Бала танымы жаңа деректер мен хабарлар арқылы қалыптасады. Сабақта түрлі аудиомәтіндерді тыңдату, сол мәтіндер бойынша шығармашылық тапсырмалар беру, интерактивтік тақта арқылы бейнефильмдер көрсету баланың өз ойын байланыстырып, жүйелі жазуға үйренуіне ықпал етеді.

Баланың үйрену механизмінің бастапқы негізі – айналасындағыларға ұқсаудан, өз тәжірбиесінде алған білімін сынап көріп, оны зерттеуден тұрады. Бұл оқу үрдісінде мұғалімнің баланы оқуға үйрету міндеті арқылы жүзеге асырылады.

Оқушыны жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде теориялық білім беру ұстанымы басшылыққа ала отырып, тұтас бір ойды білдіретін сөйлемдерді байланыстыру жолдарын теориялық мәліметтерге сүйеніп орындау көзделеді. Мәтіннің сөйлемнен айырмашылығы, оның бөліктерге жіктелуі, негізгі ой мен тақырып байланысы, мәтіндегі сөйлемдер байланысы т.б. теориялық білім беру мәтін құрастыру үрдісіндегі ерекше кезең болып табылады. Мәтінді мағыналық, құрылымдық жағынан теориялық талдау тілдік ерекшеліктерді танып білуге септеседі, мәтіннің ақпараттық бағытын түсінуге, мәтіндегі тұтастықты қамтамасыз ететін элементтердің арасындағы байланысты саналы түрде ұғынуға мүмкіндік ашады.

Ұжымдық рефлексияға құрылу ұстанымы бойынша оқушыға білім беру үрдісі білік пен дағды қалыптастыруды ғана емес, әр оқушының танымдық мүмкіншілігін ашу және оны қанағаттандыру үшін педагогикалық қолайлы жағдайларды анықтауды көздейді. Бұл сабақ үрдісінде жүзеге асырылады. Оқушының үйренген білімі мен білігі мұғаліммен, балалармен бірігіп орындаған жағдайда оның оқуға деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан да әдебиеттік оқу сабақтарында оқушының өз ойын байланыстырып жазуына толық жағдай жасайтын субъект-субъектілік қарым-қатынас ұстану негізге алынады. Жеке тұлғаның еркіндігі оқу әрекеті жағдайында субъектілер қарым-қатынасын жүзеге асыру арқылы орындалады.

Мәтін (текст; текст)-1) баспаға шығаруға арналған пішімді немесе бастапқы түрдегі бедербелгілік мәліметтер бөлшегі; 2) хабардың алмастыру хаттамасының ерекшеліктерімен байланысы жоқ ақпарат бөлігі; 3) бастапқы программаның жазбасы. Объектілік немесе жүктемеленетін модульдің бөлігі.

Мәтін - бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Мәтін сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы,

істелген нәрсенің шеберлілігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән -мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді.

Мәтінтану қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды. Герменевтика мәтінді түсіндірумен айналысады. Киелі мәтіндер герменевтикасы экзегетика деп аталады. Мәтінді қарастыру шеберлігін поэтика зерттейді. Ол Мәтіннің қалай құрылғанын, оның құрылымы мен композициясын зерттейді (формальды мектеп, құрылымдық поэтика, генеративті поэтика). Мәтінді қазіргі семиотика (мәдениет мәтін ретінде) мен мәтін философиясындағыдай тым кең мағынада түсінуге болады. В. Рудневтің жасаған мәтін тұжырымы жеті баптан тұрады.

1) мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты (өзара байланысқан) (құрылымдық поэтика тезисі).

2) мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктер мотивтер ретінде айқындалады. (Мотивті талдау тезисі);

3) мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психоталдау);

4) мәтіннің әрбір жекеленген және үстірт кәрінісінің (мәнінің) астында мифологиялық сипаттағы терең, әмбебап заңдылықтар жатыр (К.Т. Юнгтің аналитикалық психологиясы);

5) мәтін шындықты суреттемейді, ол онымен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы);

6) бір мәтіндегі ақиқат нәрсе, басқасында жалған болып шығуы мүмкін (мүмкін дүние (нәрсе) семантикасы);

7) мәтін — қатып-семіп қалған мән емес, ол автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат (Бахтин поэтикасы).

Сағира Рахметованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», атты кітабында- «Көркем шығарма жазушының сөзі арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде оқушыда елес (адамдардың портреті, табиғат картинасы, ондағы оқиғалар т.б) туады. Бұл оқушының сезімін де қозғайды. Балалар қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Бомба түсіп: «-Ей, тілсіз жануарлар. Мені, де сені де балапанынан айырған қара жүрек жауыздар...» деген сөздерді оқығанда, көздеріне жас келеді. Осы ішкі көрініс айқындала түсуі үшін, оқушының санысында осы бейне анық жасалу үшін шығарманы оқымас бұрын оқушылармен алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Бұл көбіне әңгіме түрінде ұйымдастырылады. Дайындық әңгіме оқығалы тұрған шығармадағы оқиға ұқсас, балалардың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты тәсілдермен өткізіледі.

Мысалы, М.Әуезовтың атақты «Абай жолы» романынан кішкене балалардың түсінігіне сай келетіндей етіп, қысқартылып алынған Абайдың балалық шағын көрсететін үзінді оқулықта «Бүлдірген тере барғанда» тақырыбы арқылы беріледі. Осы мәтінді оқуға дайындау барысында мұғалім балаларға бүлдіргеннің қандай түрлерін білетіндерін айтқызып, оның қалай өсетіні, балаларды бүлдірген теріп көрген-көрмегендері жөнінде әңгіме өткізеді. Осылайша, алдын ала әңгіме жүргізілгеннен кейін, «Бүлдірген тере барғанда» шығармасының мазмұнын білуге оқушылардың ынтасы артып, оны тереңірек

ұғынуларына және әңгімеден молырақ әсер алуына жағдай жасалады», деп тұжырымдаған.[2]

Мектеп оқушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібіне өткір қойылуда. Ал сөйлеу ауызша және жазбаша болатыны белгілі. Сондықтан оқушының жазбаша сөйлеу икемділіктерін дамытуда сауат ашу мен әдебиет пәнін оқытудың маңызы ерекше. Сондықтан баланы жазбаша сөйлеуге үйрету мәтін құрастырудан басталады. Демек, сөйлеу тілін дамыту үшін баланың мәтін туралы түсінігі мен оны құрастыра білу икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады. Ой белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін байланыстырып, сөйлем арқылы жасалатыны белгілі. Сөйлем — синтаксистің қарастыратын нысаны. Сөйлем жай және күрделі болады. Яғни құрмалас сөйлемнің анықтамасы: Екі я бірнеше жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді деген пікірмен анықталады. Ал, бірнеше емес, ондаған сөйлемнің мәні де сол ізбен түсіндіріліп, оны қайырым (абзац) деп, мәтіннің мәні ашылмай жүр. Сондықтан қазақ тіл білімінде, ғылыми әдебиеттерде, мектеп оқулықтарында мәтін туралы түрліше түсіндіріру байқалады. Мәселен, мәтін түзетін қайырымды белгілі бір үзінді, жаңа ойдың басталуы десе, мәтін — сол шығарманың формасы деп те жүр. Бұл пікірлерге қарағанда мәтін-дегеніміз сөйлемдер арқылы жасалған шығарманың толық түрі, немесе мазмұнды бөлшегі екендігін байқаймыз. Олай болса, оқушыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек.

Мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл дамыту жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарға жауап беру және шығарма, мазмұндама жаздыру арқылы жүзеге асырылады. Ал мектеп оқушыларының сөйлеу икемділіктерін дамытуда мәтін құрастыра білу — қажетті мәселе. Сондықтан баланы шығарма жазуға үйретуден бұрынғы мәтін құрастыра білу икемділігі мен дағдысы қалыптастырылады. Ахмет Байтұрсынұлы «тілді дамытуда тиімді деген әдіс-тәсілдердің әр түрін ұсынған. Әдіскер ғалым А.Байтұрсынұлының қағидалары мен тиімді тәсілдерін кәдеге жаратып, жас ұрпаққа тіл нақыштарын, мәтін құрастыра алу мен сөйлеу мәнерін үйрете білсек, ойы озық болып, тілі дамиды, сөздік қоры байи түседі», деп өз ойын білдіреді.[3]

Әдебиет пәнінің негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде мұғалімдердің оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренуіне сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде.

Осыған орай, өз сабақтарымызда оқушының дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтеру, яғни сөйлеу тілін дамытуға ерекше назар аударып отыруымыз керек. Сабақ барысында бастауыш сынып оқушыларының сөйлеген сөздерінде жиі кездесетін кемшіліктерге көңіл бөлсек, баланың сабақ үстінде айтайын деген ойын анық жеткізе алмауы, яғни мәтінге байланысты мазмұнын айтуда бір деректі айтып бітпей жатып басқасына ауысып кетуі немесе керексіз сөзді орынсыз қолдануы (мысалы: жаңағы, сосын, яғни, сөйтіп, т.б.) сияқты

ауызша сөйлеу тіліндегі қатерлерді көптеп кездестіреміз. Байқалған кемшіліктерді ескере отырып оқушыны ойлауы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдарындағы ізденістерімізді оның тірі тіл неғұрлым түсінікті, жинақты, нақты болғанын талап етіп, өз ойын дәл айтуын қадағалап отыру керек. Баланың оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында кез-келген тапсырманы берер кезде. Біріншіден, оның бала ұғымына сәйкес, түсінікті болуын ескереміз. Себебі, баланың түсінбей қалған сөзі топтастықтың бастамасы деген нақыл сөз бар. Мысалы: калькуляторда бір сан қате болса, сол санмен орындалған есептеу нәтижесі де қате болып шығады. Міне, тап осы сияқты оқушының түсінбеген сөзге қате мағына немесе балама тауып, нәтижесінде сөйлемді қате түсінуі жиі кездеседі. (Мысалы: Ағашты аралау — сөздің кесу деген мағынаын, көшені аралау — жүру деген мағынамен шатастырады). Екіншіден, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлеміз. Үшіншіден, қандай да болсын берілген тапсырма бала бір қызығушылығын оятатындай деңгейде болу керектігін түсінеміз. Егер бала бір нәрсеге қызықса, онда оның табиғатына тән білсем, білгенімді айтсам деген сөйлеуге деген талпынсты күшейте түседі де, сөйлеуге деген қажеттілік туады. Логикалық мағынасын бұзбай мәтін құрастыруды үйрету жолын қарастырамыз. Себебі, мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады. Оқушыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет. Оқулықтардағы мәтіндер оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек. Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.[4.]

Сабақта бірімен мәтінді тек оқытып қана қоймай, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, қанатты сөздер алып, қосымша дәптермен жұмыс жүргізу. Одан басқа, оқушылардың назарын сол мәтіннің авторына аударту. Мысалы: бүгінгі сендердің қызығып тыңдаған әңгімелерді кім жазған екен? Ол жазушыны естеріне сақтадыңдар ма? Автордың қандай туындыларын білесіңдер? Кітабын тағы оқығыларың келеді ме?-деген сұрақтар қойылады. Автор туралы буклет, реферат, хронологиялық таблица, сөзжұмбақ жасаймыз. Егер ол автор ақын немесе композитор болса, ол кісінің өлеңдері мен



әндерін жаттаймыз, күй табақтар, кара сөздер, поэмалар, термелер бар аудиокассеталар тыңдаймыз, берілген оқиғаға байланысты оқушылар өз ойларын суреттер арқылы да жеткізеді. Әр мәтінге байланысты портреттер, суреттер, дидактикалық материалдар қолданамыз. Оқушыны қызықтыратын мәтіндер таңдау, оқушының қызығушылығын есепке алу, оны ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білу керек. Ол негізгі әдістер: әңгімелесу, көрнекілік, техникалық құралдар қолдану, жұмысты қазақша сөйлесу түрінде жүргізу, қазақша білімін конкурстарда, конференцияларды, олимпиадаларда көрсетуге жағдай жасау керек. Осындай жұмыс түрлерін жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолдануға болады. Мәтінмен жұмыс арқылы ойды қозғату, ояту арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу» «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Мәтіннен жаңа ақпарат алады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың мәтін бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Сурет арқылы бейнелесек: Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өзі үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу - бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұны жаңарту, өмір талабына орай

дамыта оқыту, оқытудың жанаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына жауап беру мұғалімдерге жауапты істер жүктейді. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп, сөйлеуіне зор көңіл бөлуде. Осыған орай, өз сабақтарымызды оқушының дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтеру, яғни сөйлеу тілін дамытуға ерекше назар аударуымыз керек.[4]

### Әдебиеттер тізімі

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы/С. Рахметова. 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы А. «Ана тілі» 1992,448бет.
3. Б.Шканова Әдебиеттану және әдістеме мәселелері, Орал.2011.
4. Б.Шалабай. Мәтіннің композициялық ұйымдасуы // «Қазақстан мен Түркияның ортақ мәдени құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2007. -23б.

ӘОЖ: 327(480:574)

## **СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДҮНИЕТАНУ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Бакиянова Б.Ж., Кобыкбаева А.А.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Сыныптан тыс көптеген шаралардың жүзеге асырылуы оқушылардың сабақ үлгерімін, дүниетанымын арттыруға үлкен себін тигізеді. Бұған қосымша жұмыстардың нәтижелі формасын таңдау, олардың бір-бірімен орынды кезектесіп келуі, жаңа дәстүрлі формаларды қолдану, бәрі де көзбояушылықты болдырмауға жағдай туғызады, оқушылардың сыныптан тыс өмірін қызғылықты, тартымды әсерлі ұйымдастырып, сапасын және дәрежесін көтеруге игі ықпал етеді.

Ал жаңа буын оқулықтарының бәрі дерлік осы стандарт талабына сай жазылып отыр. Осы тұрғыдан алып қарасақ, кез-келген оқулық мазмұны үш түрлі міндетті жүзеге асыруға бағытталады. Ол – білім беру, дамыту, тәрбиелеу. Осының ішінде тәрбиелеу ерекше маңызды міндет болса, оның бір саласы – сыныптан тыс жұмыс.

Қазіргі кезде ізгілендіру, мектептегі демократияландыру, тұлғалық - бағыттаушылық көзқарас жағдайында сыныптан тыс жұмысының мақсаттылығы, мәні және мазмұны ғана өзгермейді, сонымен бірге

сыныптан тыс жұмысын ұйымдастыру формасына тікелей қатысты оның әдістемесі де өзгереді.

Ол өзімен бірге дәстүрлі формаларды қайта қарау және қайта құруға, дәстүрлі емес формаларды шырмашылықпен іздестіруге ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың сыныптан тыс әрекеттері нақты мақсатты көздейді - белгілі бір нәрсеге қатысты нақтылы қарым-қатынасты дамыту;

- музыкаға, кітап оқуға, табиғатқа серуендеуге.

Осыған байланысты ұйымдастыру формасы таңдалады: тәрбие сағаты, пікірталас, оқырмандар конференциясы, саяхат, кештер, жарыстар.

Содан кейін барып оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне, сынып жағдайына байланысты нақтылы тақырып атауы анықталады. Мысалы, «Өнеркәсіптің табиғатқа әсері» - пікірталас, «қоғамдағы өзгеріс, оған менің көзқарасым» - дөңгелек үстел, «Батыл да, күшті ептілер»- спорттық ойын.

Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру формасы қаншалықты әртүрлі болған сайын, соншалықты мақсатқа жету және тәрбие міндеттерін орындау жеңіл әрі жемісті болады. Сыныптан тыс жұмысының формасында оның мазмұны жүзеге асады. Яғни, сыныптан тыс жұмыстарының мазмұны оқушылардың теориялық білімдерін кеңейтіп, молықтыра түседі және де оқушылардың жеке қабілеттерін дамытады. Сыныптан тыс жұмысының дәстүрлі қалыптасқан түрлері өте көп.

Осы орайда В.А.Сухомлинский былай дейді: «Балалар әсемдік, ойын, ертегі, музыка, сурет, шығармашылық әлемінде өмір сүруі міндетті» [3;16 б.]. Оны таңдау негізінен тәрбиенің жалпы және жекелеген мақсат, міндеттеріне, қызметінің тәрбиелік маңызына, сыныптағы немесе жекелеген оқушылардың тәрбие міндеттеріне сай жетістіктері мен кемшіліктеріне байланысты аткарылады.

З.Әбілева оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда өнер арқылы эстетикалық тәрбие берудің кейбір формалары мен әдістерін, жолдарын нақты айқындай отырып, оны әдеби-драмалық жұмыс жүргізу, музыкалық өнер сүйшілер клубының жұмысы, бейнелеу өнері арқылы жүзеге асыруды ғылыми тұрғыда дәлелдеген [1;74б.]. Автор сыныптан тыс жұмыстардың төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсеткен:

1. Белгілі бір бағдарламаны орындау мақсатында болмағандықтан әртүрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады.

2. Сыныптан тыс жұмыс түрін ұйымдастыруда әртүрлі жастағы оқушыларды қамтуға болады .

3. Сыныптан тыс жұмыс түрі оқушылардың өз қалауынша сүйікті жұмыс түріне бейімдейді.

Міне, осындай ерекшеліктерге байланысты сыныптан тыс жұмыс түрлерінің әдістемесінің де өзіндік ерекшелігі бар деген тұжырым жасайды. Бұдан шығатын қорытынды сыныптан тыс жұмыстарда бейнелеу өнеріне байланысты жүргізілген жұмыс түрлері сабақтармен байланыстырыла жүргізілсе, оқушылардың білім қорын арттыруға септігін тигізетінін дәлелдеген.

Т.Қ. Жұмажанова әдебиеттен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарды саралай отырып, оған сыныптан тыс ұйымдастырылатын әдебиет үйірмесі, мәнерлеп оқу үйірмесі, драмалық үйірмелерді жатқызған [3;32 б.].

Сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстардың көпшілік түрлері: әдеби кештер, әдебиет апталықтары, өлкетану үйірмелеріне жан-жақты тоқталған. Зерттеу жұмысында үйірме жұмыстарының мазмұны ашылып, оның жұмыстарынан үлгі келтірілген, оны өткізудің жолдары көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың ұйымдастыру әдістемесін жасап, оның тиімді әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білген. Мысалы, әдебиеттік ойындар, ойын тапсырамаларды, «Абай мұрасы асыл қазына» атты сыныптан тыс ұйымдастырылған тәрбие сағатының үлгі жоспарын ұсынған.

Белгілі ғалым-әдіскерлердің еңбектеріне талдау жасай отырып: «Сыныптан тыс жұмыстар деп, мектепте бірақ сабақ кестесінен тыс жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының барлық түрін айтамыз», - деген анықтама беруге болады.

Бұдан шығатын қорытынды мектепте жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар оқу-тәрбие процесінің жалғасы болып, ол білімдік, тәрбиелік, дамытушылық сипатта жүргізілген жұмыстар төмендегідей мақсаттарды көздейді:

- бастауыш сынып оқушыларының сабақ барысында алған теориялық білімдерін толықтырып, тереңдетіп, дамытып, оқуға, көркем шығарма үлгілеріне сүйіспеншілік сезімдерін туғызып, ынтасын арттыруға жағдай жасау;

- сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны бастауыш сынып бағдарламасының мазмұнын толықтыратындай болуы;

- сыныптан тыс жұмыстар сабақтан бос кезде бастауыш сынып оқушыларының дұрыс демалысын ұйымдастыра отырып, практикалық жағынан дағды әрекеттерін қалыптастыру.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік құндылығы, олардың тиімділігі көбіне бірқатар талаптарды сақтауға байланысты:

- сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын талаптарың ең маңыздысы – оның өмірмен, практикамен тығыз байланыстылығы. Кез келген үйірменің, ғылыми қоғамының жұмысы айнала, қоршаған өмірмен танысуға және оны көркейтуге белсене қатысуға себепші болуы тиіс;

- сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылуын мектептің оқу-тәрбие міндеттеріне бағындыру қажет.

Үйірмелік және жаппай сыныптан тыс жұмыс үшін жалпы білімді және дүниетанымды кеңейтуге, адамгершілік және еңбек тәрбиесін беруге, саяси сананы, эстетикалық талғамды және дене қуатын дамытуға септігін тигізетін материал іріктеудің маңызы үлкен;

- сыныптан тыс жұмыстарды ең алдымен жүйелі, үнемі өткізіп отыру қажет;

- сыныптан тыс жұмыстар түрлері әсіресе, патриоттық тәрбие беру мәселесі оқушылардың қолынан келетіндей, шамалары жететіндей мазмұнда болуы керек.

Егер сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны, берілетін тапсырмалар, жеңіл немесе тым күрделі болса, онда оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға қатысу қызығушылықтары жойылып кетуі мүмкін.

Бастауыш сынып оқушыларын ұйымдастыра және топтастыра отырып, сынып жетекшісі сабақтан тыс іс-әрекет процесінде бүкіл бастауыш сынып ұжымымен және оқушылардың басқа да бірлестіктерімен оның дұрыс өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру үшін мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекеті бірнеше негізгі бөлімдерден тұрады: оқушыларды зерттеп білу, оқушылар ұжымын ұйымдастыру және тәрбиелеу, білім сапасын арттыру және тәртіпті нығайту, сыныптан тыс жұмыс барысында қоғамға пайдалы әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру және өткізу, оқушылардың тәрбиелік іс-әрекеттерін үйлестіру, ата-аналармен тұрақты байланыс, патриоттық тәрбиеге тарту. Осы негізгі бөлімдер жинақтала келіп, мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесін құрайды.

Сыныптан тыс жұмыстар нәтижелі болуы үшін оны дұрыс ұйымдастыра білудің маңызы зор. Ең алдымен сыныптан тыс тәрбие жұмысының жоспарын құрады. Мектеп директорымен және оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп мұғалім алдағы оқу жылындағы тәрбиенің негізгі міндеттерін анықтайды, оқушылар тартылып, айналысатын іс-әрекеттердің түрлерін қарастырады және мектеп көлеміндегі негізгі тәрбиелік шараларды белгілейді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының жоспарын құруда оның ұйымдастыру формалары мен өткізу әдістері таңдалып, сараланды. Содан соң жоспардың қалай орындалатынын қадағалап, тәрбие жұмысының нәтижелерін ескеріп отырады.

Бастауыш сынып оқушыларына «Менің Отаным – Қазақстан» атты сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру» бағдарламасы жасалды.

Мектепте жыл сайын жалпы сыныптар арасында мектепішілік олимпиада өткізу дәстүрге айналған. Әр оқушы өзі қалаған пәні бойынша олимпиадаға қатысуға жолдама алады.

Сыныптан тыс жұмысының мазмұнына әсер ететін негізгі факторларға:

1. Мектептің ерекшелігі және ондағы қалыптасқан дәстүр. Мәселен, егер мектепте оқуға басымдылық берілген болса, онда сыныптан тыс жұмысында таным аспектісі басым болады.

2. Оқушылардың жас, жеке-дара және сынып ерекшелігі.

3. Мұғалімнің өзінің жеке басының ерекшелігі, қызығушылығы, бейімі. Егер де мұғалім оқушыларды оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізуге тырысса, онда оның мақсатына жетуге ықпал ететін сыныптан тыс жұмысының мазмұнын таңдайды.

Дәстүрлі сабақ түрлерін өтудің мәні мынада

- оқушылардың танымдық белсенділігі, оқуға қызығуы артады;
- оқушылардың бастамашыл, шығармашылық әлеуметі дамиды;

Дүниетану бойынша сыныптан тыс жұмыстарының ішінен сыныптан тыс оқу ерекше орын алады.

Сыныптан тыс кезде кітаптарды талқылау, кітап оқуды үгіттеудің оқушылардың әңгімелей өз ойларын дұрыс айтып бере білуінің маңызды құралы болып табылады. Талқылау мына ізде болуы мүмкін: қандай да бір кітапты тандап алу жөніндегі мұғалімнің кіріспе сөзі; оқушылардың шағын баяндама жасауы онда олар кітаптағыдан не ұнатқанын айтып шығарманың негізгі идеяларын қысқаша талқылап өтеді; мұғалімнің қорытынды сөзі. Талқылауды неғұрлым ойдағыдай ұйымдастыру үшін көрнекі құралдарды: картиналарды, суреттерді, открыткаларды, диафильмдерді, кинофильмдерді пайдалануға болады. Талқылау қызықты, қызу, ашық өтуі үшін мұғалім әр түрлі ойын сәттерін енгізуі мүмкін, олардың бірі-үзінділердің қай шығармалардан алынғанын табу.

Сыныптан тыс жұмыстың қызықты формасы - КВН (көңілділер мен тапқырлар клубы), бұл төменгі жастағы оқушылардың ойланғыштығын, есте сақтауын, тапқырлығын, логикалық ойлауын табиғаттану жөніндегі білімін скерлігін, даудысын тексерудің бір формасы болып табылады. Сценарийін құруда мұғалімнің рөлі үлкен, өйткені төменгі жастағы оқушылардың өз бетімен әр түрлі тапсырмаларды ойлап табуы қиын.

Қойылатын сұрақтар балалар оларға тапқырлықпен жауап бере алатындай қызғылықты да, нақты болуы қажет. КВН өткізгенде мұғалім көптеген қызғылықты материалдар мен ойындар пайдаланады, алайда барлық тапсырмалардан оқушылардың материалды нақты білуі байқалуы қажет, Сондықтан сценарийде жеке-дара тапсырмалар мен қосымша тапсырмалар ұштасып жатады. Командалардың құрамын анықтағанда жалпы дамуы бірдей оқушыларды таңдау керек. Балл санын анықтауда сұрақтардың қойылуын және оған қайтарылған жауапты тапсырманы дұрыс орындауды ескеру кекрек.

Қорытынды жасау тек балалардың тапқырлығы мен ұғымдылығын, дайындаған, олардың шығармашылығы мен белсенділігін ғана емес, ең алдымен өткен материалды түсіну сапасын білуге мүмкіндік береді. Мынадай: Пайдалы қазбалар», «Біздің өлкенің табиғаты», «Шығыстың інжу-маржандары», «Алтын күз», «Жайнаған көктем», «Аяз-Атаның айла әрекеттері», «Жаз және демалыс» т.б. тақырыптарға жүргізілген КВН қызықты болады.

Мысал ретінде «Алтын күз» тақырыбына жүргізілген КВН-ді алайық. КВН-ге екі команда қатысады. Бастауыш сынып балаларының құрамына мұғалім, тәлімгер және үш оқушы кірген жюри мүшелерімен таныстырады. Кездесу жаттығудан басталады да оқушылар мына сұрақтарға жауап береді: қай суретшінің шығармашылығында басты объекті орман болып табылады? Сендер қылқан жапырақтарды ағаштың қандай тұқымдарын білесіңдер? «Алтын күз» картинасының авторы кім? Сендер біздің өлкенің қандай жабайы жануарларын білесіңдер? Біздің тоғайда қандай құстар бар? Әрбір дұрыс жауап үшін команда бір ұпай алып отырады.

Кейін конкурстық тапсырма беріледі: әр түрлі тұқымдас ағаштар мен бұталардың жапырақтарын кім көп әкеле алады. Әрбір жапырақ және оның атын дұрыс атағаны үшін (жапырақтарды тек мектеп маңындағы учаскеден немесе жақын маңдағы скверден жинайды) бір ұпай. Одан кейінгі тапсырма күрделене түседі, жапырақтың түсі мен формасын айту. Бұдан соң күз туралы жақсы өлең немесе ән орындап беру конкурсы. Әрбір нөміріне бес ұпайдан беріледі. Жюри жақсы деген нөмірлерді жалпы мектеп мерекесіне таңдап алады. КВН өткізу кезінде тек көпшілік болып қатынасу ғана емес, орындаушылардың жеке қасиеттері де: оның дауысы, өзін ұстауы, өлеңді сезімімен оқуы да ескеріледі. Өлең ән мазмұны тақырып пен маусымға сай болу қажет.

КВН кезінде жұмбақтар, жұмбақ сөздер, қызғылықты сұрақтар пайдаланылады, оларды осы шараны ұйымдастырушылар құрастырады. Соңғы тапсырма-табиғи материалдардан ұсақ-түйектер жасау. Белгілі бір уақыт ішінде балалар орман мүйісін жасап, оған қызғылықты көрініс заттар қояды, ол үшін тапсырмаларды, бүрлерді, жапырақтарды, жаңғақтарды және т.б. пайдаланады.

Соңында қорытынды жасалып, жеңіске жеткендер марапатталады. Айтылған формалар сыныптан тыс жұмыстың көп түрлерін кейбіреулері ғана. Бастауыш класс мұғалімі алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибесін пайдалана отырып, бұл іс-әрекетті жетілдіру жолында үнемі жұмыс жасауға тиіс.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Әбілева З. Оқушыларға кластан тыс жұмыстарда өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру. - Алматы, 1970. - 280 б.
2. Нысанбаев Ә., Абаханов Т. Ойлау тарихының белестері. Фил. Тарихы. – Алматы, Ғылым, 1994. – 76 б.
3. Блонский П.П. Избранные педагогические и психологические сочинения. В 2-т. – М. Педагогика, 2019. – 304 с.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М. Педагогика, 2020–472с.

ӘОЖ 374.00

### **LESSON STUDY – БІЗДІҢ МЕКТЕБІМІЗДЕ**

Балдикова А.Ж.

«Тимирязев қазақ мектеп-интернаты» КММ  
Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы,  
jumagulova\_17\_83@mail.ru

Қазіргі заман талабы жаңашылдық болғандықтан дәстүрлі сабаққа деген көзқарас өзгеріп, сабақ беру тәсілін жаңа бағытқа бұра бастадық.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын

педагогикалық тәсіл. Ол ХІХ ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған.

Lesson Study сыныпты зерттеу нысандарының бірі сондықтан бұл мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсіл болып табылады. Lesson Study-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болғандықтан ол тәжірибені жақсартудың демократиялық жолы болып табылады.

Оқыту үдерісінде жаңа технологиялық құралдар мен әдістердің маңызы өте зор. Ол арқылы оқушы толыққанды білім алып, өзінің ойын дамытады, шығармашылық жұмысқа деген ынтасы көбейе түседі. Алған білімін ұзаққа дейін есінде сақтап, қажет кезде қолдана білуіне мүмкіндік алады. Оқыту процесін жүйелі түрде мұғалім, ал сәйкесінше оқу процесін оқушылар жүзеге асырады. Lesson Study-ең алғаш батыс елдерінде қалыптасып, Жапония елінде дамып, шет ел тәжірбиесінен алынған қыту жүйесі. Өзге тілден аударғанда “сабақты зерттеу” деген мағынаны білдіреді. Онда оқушылар мен мұғалімдер белсенді түрде сабақты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сабақ барысында жасалған іс-әрекеттер зерттеледі. Lesson Study бірлескен жұмысты талап етеді.

Нәтиже барысында зерттеу сабағының жоспар бойынша жүзеге асып-аспғандығы жайлы тұжырымдар жасалады. Бұл арқылы мұғалімдер тәжірибе жинақтайды.

Өткізілген әрбір зерттеу сабақтарының соңында өз педагогикалық тәсілдерімен топ мұғалімдерімен бөлісе отырып, оны қағаз жүзінде орнатып, басқа мұғалімдермен бөліседі, тәжірибе алмасу процесі жүйелі жүреді.

Сабақты зерттеу тобының жұмысын жүргізуде мынандай қадамдар бойынша ұйымдастыруды жөн көрдік:

Сабаққа дейін.

- ✓ Сабақты зерттеу тобын құру.
- ✓ Сабақты зерттеудің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау.
- ✓ Таңдалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау.

✓ Сабақты бірлесе жоспарлау.

✓ Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысында және сұхбаттарда қолданылатын құралдарды таңдау.

✓ Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу

Сабақ кезінде.

Зерттеу сабағының барысында А,В,С деңгей оқушыларын бақылау, зерттеу сұрағы бойынша күтілетін нәтиже, қолданылған әдістердің тиімділігін байқау.

Сабақтан кейін.

- ✓ Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу.
- ✓ Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау.



Сабақты зерттеу топтарының жұмысы туындаған проблеманы шешу мақсатында кемінде топтастырылған үш сабақтық циклден құралуы керек, өйткені бір немесе екі сабақ ауқымында проблеманы шешудің объективті болуы екі талай.

Сонымен қоса зерттеу топтарын құруда төмендегідей жақтарына назар аударуды жөн санаймыз. Біріншіден, сабақты зерттеу топтарының құрылуы мұғалімдердің өз еркі бойынша жүзеге асырылғаны дұрыс. Осы арқылы олардың өз жұмысының нәтижесіне деген жауапкершілігі артатыны анық. Мұнда сабақты зерттеу топтарына қосылғысы келмейтін мұғалімдерді күштеуге болмайтынына назар аудару керек. Екіншіден, сабақты зерттеу топтары мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың негізгі құралы болғандықтан, туындаған проблеманың теориялық мәселерін зерттеп, оны шешудің амалдары мен тәсілдерін сабақтар топтамасы басталмай тұрып айқындау қажет. Басқаша сөзбен айтқанда, әр сабақ циклі осы мәселелерді шешетін коучингтерден басталғаны дұрыс.

Қорыта келгенде, Lesson study зерттеу сабағының тиімділігі:

- ✓ Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- ✓ Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- ✓ Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады. Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.

- ✓ Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады. Мұғалімдер білімнің ғылыми мағынасын түсінеді және зерттеушілерге айналады. Оқушының ішкі уәжі артады.

- ✓ Білім сапасын көтеруге ықпал етеді.
- ✓ Функционалдық сауаттылығы дамиды.
- ✓ Қоғамға бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады.

Біздің бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Lesson study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндік. Lesson study оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік. Сабақты сапалы зерттеу арқылы білім сапасын көтеруге болатынына көзіміз жетті, яғни сол арқылы болашақта бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға болатынына кәміл сенеміз.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік кітапханасы «LESSON STUDY: Теориясы мен қолдану тәсілдері», Астана 2013 жыл.

## СОВРЕМЕННЫЕ ВЗГЛЯДЫ И ПОДХОДЫ В ГЕОГРАФИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Бапинова А.Т.

КГУ «Средняя школа №24» отдела образования по городу  
Усть-Каменогорску Управления образования ВКО

*«Всё в наших руках, поэтому нельзя их опускать»*  
(Коко Шанель)

Современное информационное общество требует от учителей подготовить человека обучаемого, способного самостоятельно учиться и многократно переучиваться в течение постоянно меняющейся жизни, готового к самостоятельным действиям и принятию решений.

Для жизни и деятельности человека важно не наличие у него накоплений впрок, запаса какого-то внутреннего багажа всего усвоенного, а проявление и возможность использовать то, что есть, то есть важны не структурные, а функциональные качества.

География как интеграционная наука охватывает все новые и новые сферы познания. Работа учителя географии неразрывно теперь связана с информационными технологиями и геоинформационными системами. Традиционный механизм организации учебной деятельности опирается на усвоение школьниками системы базовых понятий и слабо отвечает требованиям современной школы. Новая школа предполагает, что главный результат обучения заключается в преобразовании индивидуальной картины мира при ее взаимодействии с научно-географической. Особенность современного процесса обучения – переход от традиционного к личностно-ориентированному обучению, направленному на саморазвитие и самовоспитание школьников.

Долгие годы перед школьным географическим образованием ставилась главная цель – овладение основами географической науки. Однако сейчас в рамках отводимых на географию учебных часов и большого количества отраслей географических знаний эта задача становится трудно выполнима. Поэтому основной целью учебной географии является формирование функциональной грамотности личности школьника. Именно география как мировоззренческий предмет должна помочь учащимся осознать свое место в мире и понять их тесную взаимосвязь с окружающей природной и социальной средой. Изучение географии направлено на развитие личной ответственности школьника за все происходящее в окружающем нас мире. В конечном итоге география призвана помочь решить задачу выживания в современном мире, а географическое мышление должно стать частью общественного сознания, которое во многом формируется в период обучения в школе.

Основу организации учебной деятельности составляет решение учащимися системы учебных географических задач, которые создают условия

для развития комплексного стиля мышления, способствуют мыслить пространственно, во временном аспекте, решать географические проблемы, действовать в природе с позиции экологической целесообразности; уметь работать с географическими картами, справочниками, вести наблюдения.

Задача учителя при этом заключается в выявлении избирательности ученика к содержанию, виду, форме учебного материала, его мотивации, наблюдении процесса самореализации, предпочтения к видам деятельности.

При современном обучении меняется не только роль ученика и учителя, но существенно меняется и содержание традиционного школьного урока. Меняются цели и задачи урока.

Цели и задачи определяются на основе содержания изучаемой темы и планируемых результатов (предметных, межпредметных, личностных). Учащиеся подключаются к определению задач урока, последовательности и способов учебных действий, необходимых для решения поставленных задач.

При оценке результатов преобладают формы самоконтроля и взаимоконтроля. Учащиеся совместно с учителем определяют затруднения, встречающиеся несоответствия и намечают направления корректировки полученных результатов. Самооценка и взаимная оценка обязательно присутствуют в определении степени достижения поставленной цели и достижения планируемых результатов. В условиях таких активных образовательных преобразований перед учителем географии стоят конкретные задачи обновления содержания, приёмов и технологий обучения на основе комплексного подхода к решению обозначенных проблем.

Обновление содержания означает усиление гуманизации географии, экологизации и экономизации предмета. В содержании уделяется особое внимание к практической направленности географического образования. В требованиях к результатам обучения приоритетными стали умения обучающихся приобретать и использовать знания.

При планировании домашних заданий максимально учитывается индивидуальные возможности, интересы и уровень развития учащихся. **Прием «Письмо другу».** Проверка дом. задания: учащиеся составили письмо другу в другое государство о разнообразии рельефа Казахстана. Описали формы рельефа и их красоту.

Для формирования личности учащегося, его целостного представления видения мира, особое значение имеет мировоззренческий аспект содержания учебного материала. Наиболее важным, на что необходимо обратить внимание, - это формулировка вопросов и заданий, которые предполагают организацию деятельности учащихся, а вслед за этим демонстрацию учащимися тех или иных умений (аналитических, логических) при ответе на них. Кроме того, вопросы и задания должны предполагать, как мы с вами знаем, умение учащимися выявлять логические взаимосвязи, применять знания в практической плоскости и способствуют формированию их личностных качеств - логики мышления, самостоятельности оценочных суждений, собственной точки зрения и умения высказывать их, формулировать и т.д. Например, *Сравните карту полезных*

*ископаемых с тектонической картой.* Определите какие виды полезных ископаемых встречаются в горах, а какие на платформах? Сделайте вывод о залегании разных групп полезных ископаемых.

Любой урок – имеет огромный потенциал для решения новых задач, он должен быть жизненным, одушевленным личностью учителя. Современный урок - это такой урок, на котором ученик из пассивного слушателя превращается в активного участника процесса. Для этого нужна постоянная работа учителя, который находится в поиске нового и достаточная материальная база для проведения и организации практической деятельности. Например, в самом начале урока использую прием **«Беру - не беру»**. Класс делю на группы, раздаю им карточки с заранее подготовленными картинками с фотографиями исследователей, учащиеся должны найти те карточки, которые соответствуют новой теме, а я решаю «беру или не беру». Далее учащиеся самостоятельно формулируют тему и цель урока. Или использую прием **«Ассоциации»**. Прочитайте тему урока и ответьте на вопросы: -О чем может пойти речь на уроке? Какая ассоциация возникает у вас? Учащиеся перечисляют все возникшие ассоциации, учитель записывает их на доске.

Уже на первых этапах изучения географии учителю необходимо продумать систему работы, ориентированную на применение в учебном процессе современных методов и технологий обучения. Существенной в этом плане выступает оценочная деятельность учителя. Оценка учебных достижений по сравнению с традиционной системой оценивания должна быть более содержательной, дифференцированной, объективной. На завершающем этапе недостаточно «просто повторять» изученные темы или прорешивать многочисленные тесты. Необходимо продумывать приемы, повышающие познавательную активность ученика, способствующие целостному осмыслению содержания крупных разделов и тем школьной географии, внутрипредметных связей между ними, применять приемы обучения, создающие благоприятные условия для применения знаний в известных (стандартных) и новых учебных ситуациях. В этой связи важно обратить внимание на обобщение и систематизацию основных знаний и умений, соответствующих требованиям нового образовательного стандарта.

Концепция географического образования разработана в условиях реализации требований, поэтому наиболее актуальными остаются технологии: Информационно – коммуникационная, проектная технология, технология развивающего обучения, здоровьесберегающие технологии, технология проблемного обучения и т.д. Охарактеризуем некоторые, наиболее эффективные из них.

### **1. Информационно-коммуникационная технология.**

Применение ИКТ способствует достижению основной цели модернизации образования – улучшению качества обучения, обеспечению гармоничного развития личности, ориентирующейся в информационном пространстве, приобщенной к информационно-коммуникационным возможностям современных технологий и обладающей информационной культурой, а также

представить имеющийся опыт и выявить его результативность.

## **2. Технология критического мышления.**

Что понимается под критическим мышлением? Критическое мышление – тот тип мышления, который помогает критически относиться к любым утверждениям, не принимать ничего на веру без доказательств, но быть при этом открытым новым идеям, методам.

Основные методические приемы развития критического мышления: «Кластер», таблица, учебно-мозговой штурм, интеллектуальная разминка «Зигзаг», «Инсерт», эссе, «Корзина идей», «Синквейн», «Круги по воде», ролевой проект, «Да – нет», «Чтение с остановками», «Взаимоопрос», «Перепутанные логические цепочки», «Перекрёстная дискуссия».

**3. Проектная технология.** Цель технологии - стимулировать интерес учащихся к определенным проблемам, предполагающим владение определенной суммой знаний и через проектную деятельность, предусматривающим решение этих проблем, умение практически применять полученные знания.

## **4. Технология проблемного обучения.**

Сегодня под проблемным обучением понимается такая организация учебных занятий, которая предполагает создание под руководством учителя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение профессиональными знаниями, навыками, умениями и развитие мыслительных способностей.

## **5. Кейс – технология.**

Кейс-технологии объединяют в себе одновременно и ролевые игры, и метод проектов, и ситуативный анализ.

Кейс технологии противопоставлены таким видам работы, как повторение за учителем, ответы на вопросы учителя, пересказ текста и т.п. Кейсы отличаются от обычных образовательных задач (задачи имеют, как правило, одно решение и один правильный путь, приводящий к этому решению, кейсы имеют несколько решений и множество альтернативных путей, приводящих к нему).

В кейс-технологии производится анализ реальной ситуации (каких-то вводных данных) описание которой одновременно отражает не только какую-либо практическую проблему, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при разрешении данной проблемы.

## **6. Технология творческих мастерских.**

Одним из альтернативных и эффективных способов изучения и добывания новых знаний, является технология мастерских. Она представляет собой альтернативу классно – урочной организации учебного процесса.

Мастерская схожа с проектным обучением, потому что есть проблема, которую надо решить. Педагог создаёт условия, помогает осознать суть проблемы, над которой надо работать. Учащиеся формулируют эту проблему и предлагают варианты её решения. В качестве проблем могут выступать различные типы практических заданий.

В мастерской обязательно сочетаются индивидуальная, групповая и фронтальная формы деятельности, и обучение идёт от одной к другой.

### **7. Технология модульного обучения.**

Модульное обучение возникло как альтернатива традиционному обучению. Семантический смысл термина "модульное обучение" связан с международным понятием "модуль", одно из значений которого – функциональный узел. В этом контексте он понимается как основное средство модульного обучения, законченный блок информации.

### **8. Здоровьесберегающие технологии.**

Организация учебной деятельности с учетом основных требований к уроку с комплексом здоровьесберегающих технологий: соблюдение санитарно-гигиенических требований (свежий воздух, оптимальный тепловой режим, хорошая освещенность, чистота), правил техники безопасности; рациональная плотность урока (время, затраченное школьниками на учебную работу) должно составлять не менее 60 % и не более 75-80 %; четкая организация учебного труда; строгая дозировка учебной нагрузки; смена видов деятельности; обучение с учетом ведущих каналов восприятия информации учащимися (аудиовизуальный, кинестетический и т.д.); место и длительность применения ТСО; включение в урок технологических приемов и методов, способствующих самопознанию, самооценке учащихся; построение урока с учетом работоспособности учащихся; индивидуальный подход к учащимся с учетом личностных возможностей; формирование внешней и внутренней мотивации деятельности учащихся; благоприятный психологический климат, ситуации успеха и эмоциональные разрядки; профилактика стрессов: работа в парах, в группах, как на местах, так и у доски, где ведомый, более "слабый" ученик чувствует поддержку товарища; стимулирование учащихся к использованию различных способов решения, без боязни ошибиться и получить неправильный ответ; проведение физкультминуток и динамических пауз на уроках; целенаправленная рефлексия в течение всего урока и в его итоговой части.

### **9. Технология интегрированного обучения.**

Интеграция - это глубокое взаимопроникновение, слияние, насколько это возможно, в одном учебном материале обобщённых знаний в той или иной области.

Закономерности интегрированных уроков:

- весь урок подчинён авторскому замыслу;
- урок объединяется основной мыслью (стержень урока);
- урок составляет единое целое, этапы урока – это фрагменты целого;
- этапы и компоненты урока находятся в логикоструктурной зависимости;
- отобранный для урока дидактический материал соответствует замыслу, цепочка сведений организована как «данное» и «новое».

### **10. Технология ТРИЗ.**

Использование ТРИЗ на уроках даёт возможность обучающимся увидеть в географии инструменты творчества. Включение ТРИЗ технологии в урок повышает интерес к предмету, активизирует участие детей в получении приобретаемых знаний, формирует у обучающихся умения управлять про-

цессами творчества: фантазированием, пониманием закономерностей, решением сложных проблемных ситуаций.

Основные приемы, повышающие активизацию деятельности школьников на уроках географии.

1. *Удивляй!*
2. *Лови ошибку!*

Цель этого приема – добиться понимания “ошибкоопасного” места, а не механического запоминания правильного ответа.

3. *Пресс-конференция.*
4. *Своя опора.*
5. *Метод фокальных объектов.*
6. *Метод морфологического анализа.*
7. *Свои примеры.*
8. *Мозговой штурм.*

Новым станет проверка умений использовать такие источники географической информации, как текстовые, видео- и фотоизображения, компьютерные базы данных для поиска и извлечения информации, необходимой для решения учебных и практико-ориентированных задач, критического осмысления, анализа, обобщения и интерпретации географической информации.

Качественное изменение образования невозможно без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе, поэтому важно, чтобы учитель сам понимал суть новых изменений.

### **Литература.**

1. Критическое мышление через чтение и письмо. Идеи Дьюи. 2003г., №1.
2. Журнал «12-летнее образование», 2006. №7, с.37, «Некоторые подходы к реализации Гос.прогр. развития системы образования».
3. Сборник докладов Международной НПК, 2020 г.
4. Гин А. Приемы педагогической техники. - «Вита-Пресс». М. — 1999.

ӘОЖ: 37.01(574)

## **ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІМДЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС**

Баянов Ж.Е.

Ғылыми жетекші: Кенжебекова Ф.С., п.ғ.м., лектор  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: jandosbaianov@gmail.com

Қазіргі таңда бойында психикалық дамуы баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатологиялық формалар кездесетін оқушылар бақытсыз жағдайдың құрбаны болуға әкеліп соғады. Жан күйзелісіне шыдай алмау, жағдайдан шығудың жолын таппау, үмітсіздікке бой

алдыру мен жеке басының дағдарысы, проблемада байланып қалу - осының бәрі айналып келгенде таңдауды тарылтып, қауіпті әрекеттерге итермелейді. Әртүрлі жағдаяттар өз көкейтестілігін жоғалтпай, қайта жас ерекшелігіне қарай арта түсуде. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық мәселеге айналып отыр. Осы дауасыз дерттің алдын- алуда мектеппен отбасы арасында тығыз қарым-қатынас орнатуда жинақталған «Тәуекел» тобындағы балалармен атқарылатын түзету дамыту тақырыбындағы жұмыстардың маңызы зор. Тәуекел дегеніміз – алдын ала қарастыратын болжам немесе жоспарланған нәтижемен салыстырғанда зиян шегу. «Тәуекел» тобындағы балалармен жұмыс жасау барысында әрбір баланың психо-физиологиялық даму бағыттарын ескеру қажет. «Тәуекел топтағы» оқушылар – бұл педагогтар тарапынан ерекше көңіл бөлуді талап ететін санаттағы балалар тобы. Оларға әр түрлі өлшемдер (критерии) арқылы төрт топқа бөлінетін барлық оқушыларды жатқызуға болады.

Бірінші топ – физиологиялық өлшемдер:

1. Ішкі ағзаларының созылмалы ауруы бар;
2. Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің мәселелері бар;
3. Жиі және ұзақ ауыра береді;
4. Психоневропотологта есепте тұрады;
5. Ауыр дәрігерлік отаны басынан өткізген;
6. Стресс алған.

Екінші топ – әлеуметтік өлшемдер:

1. Асоциалды отбасында тұрады (балаға дұрыс көңіл бөлмеу немесе агрессиялық қатынас);
2. Отбасы құрылымының бұзылуы (толық емес, тек формалды түрде толық, яғни бала тәрбиесімен ата-анасының біреуі ғана айналысады, өгей әке, өгей ананың пайда болуы және т.б.);
3. Аз қамтылған отбасында тұрады;
4. Ата-анасы ішімдік ішеді немесе есірткі қолданады;
5. Босқындар, оралмандар отбасынан (бейімделу және тіл меңгеру мәселелері);
6. Тұрғылықты жерін, мектепті, сыныбын ауыстырудағы бейімделу мәселелері;
7. Өз бетімен үйден кету.

Үшінші топ – оқу-педагогикалық өлшемдер:

1. Оқу үлгерімі нашар;
2. Сабақты себепсіз көп босатады;
3. Жекелеген кейбір пәндерді себепсіз босатады;
4. Оқу үлгерімі және білім сапасы түсіп кеткен.

Төртінші топ – қылықтық критериясы өлшемдер:

1. Эмоционалды-еріктік сферасында бұзылыстар бар (өзін-өзі ұстай алмау, дөрекілік, өтірік айтады, көргенсіз, эмоционалды ұшқалақ, адуындық, қорқақтық, ызақор, шектен шыққан мінез-құлық, өшпенділік, қаскөйлік, ашуланшақтық,



агрессиялықтың және қаталдықтың жиі көрініс беруі, бұзақылық, тұйықтану және өзімен-өзі болып кету);

2. Пайдакүнемдік пиғылдағы әрекеттер жасау (материалдық пайда табу үшін жасалған ұсақ құқық бұзушылықтар, істер (ұрлық, алып-сатарлық, алдап кету);

3. Құрбыларымен қарым-қатынас мәселелері (жағдайсыз, формалды емес, референттік топ, тұйықтық, балалар ұжымынан шеттеп қалу, құрбыластары мен жиі болатын ұрыс-керістер, төбелестер, анти- және асоциалды сипаттағы формалды емес ұйымдарға қатысу);

4. Ата-анасымен өзара қарым-қатынастағы қиындықтар (отбасылық тәрбиелеудің жағдайсыз тұрпаты: либералдық немесе индифференттік стильдер, баладаналшақ кету, ажырасу, ата-аналармен жиі жан жалдасу және қақтығыстар және т.б.);

5. Психобелсенді заттарды қолдану (токсикомания, ішкілікке, нашақорлыққа бейімділік, соның ішінде құрамында психобелсенді заттар бар дәрілерді қабылдау);

6. Мектепішілік есепте тұратындар (кәмелетке толмағандарды мектепішілік және қалалық есепке қою туралы шешім тек қана педагогикалық кеңестің шешімімен қабылданады) [1, 27б.].

Баланың отбасы жағдайының толық еместігі, ата- ана тарапынан балаға психологиялық қолдаудың болмауы, мұғалім тарапынан оқушыға жасалынған қысым және елемеушілік әрекеттердің өзі баланың бойындағы қиындықтарға әкеледі. Сондықтан «тәуекел» тобындағы балалармен жұмыс жасау барысында оқушының даму да мән берген жөн. Негізгі көңіл аударатын басты объекті – бала өмірі мен әлеуметтік проблемалары. «Тәуекел тобы» оқушылармен жүргізетін жұмысының мақсаты: проблемалық қауіпті өмір жағдайындағы балаланың әлеуметтік тұрақтануы үшін кедергі-қиындықтарды жеңу және оған жағдай жасау немесе проблеманы шешу, сонымен қатар әлеуметтік ортаның педагогикалық мақсатты, қолайлы жағдайын жасау. Бала мен әлеуметтік қоршаған орта өзінің әрбір даму кезеңдерінде жаңа әлеуметтік сана жағдайы мен бұрынғы қалыптасып қалған өлшемдер, талаптар аралығындағы туындаған қайшылықтарды тез сезініп отырады. Егер бағалау нормасы дер кезінде өзгермесе, субъект ретіндегі баланың әлеуметтік өмірдегі дамуына қажетті қолайлы жағдай жасалмаса өмірлік маңызды шешімге келу кезеңінде кедергілер, «өмірдің проблемалық жағдайы» пайда болады. Егер отбасы мен әлеуметтік орта балаға бұл кедергілерді жоюға көмектесе алмаса, онда ол «Тәуекелдік жағдайға» жетеді. Ал, егер бұл тұста педагог-маман араласпаса кедергі көбейе түседі де, бала «әлеуметтік қауіпті жағдайға» ұшырайды, сөйтіп, «Тәуекел тобында» болады.

«Тәуекел топтағы» балалармен жұмысты қарастырайық. Үнемі дағдарыстық ситуацияға жиі түсетін балалар «тәуекелге бейім топқа» жатады. Ата-аналардың маскүнемдігі, ата-аналардың махаббатының болмауы, қорлықтың себебі болуы мүмкін. Мұндай балалар өз қиындықтарын жеңе алмай, қараусыз қалуы мүмкін. Мұндай балаларға әлемге деген сенімсіздік, өзіндік

бағалаудың төмен болуы, қобалжу тән. Өмір ерекшеліктеріне байланысты пайда болатын психологиялық проблемалар агрессияның мінез қалпы ретінде қалыптасуына алып келеді. Агрессия көрсету арқылы мұндай балалар өз дегендеріне жетеді. Агрессияның мінез бітіміне айналуы балада қарым-қатынасқа керек дағдылардың қалыптаспауымен байланысты. Бұл ата-аналардың тәрбиесінің жетіспеуінен болады. Келесі себеп – зақым әкелетін ситуацияларға реакциясы. Сондықтан «тәуекелге бейім топтағы» балалармен түзету жұмысы кезінде қарым-қатынас пен мінез-құлықтың әлеуметтік мақұлданған стилін қалыптастыруға көп көңіл бөлу керек. Мұндай балалардағы агрессияның себебі:

- эмоциялық зақым әкелетін жағдайдың болуы және оданшығудың мүмкін болмауы;
- өзінің керек еместігін сезіну;
- ата-аналардың агрессияны қолдауы балалардың үнемі осындай мінез-құлық көрсетуіне алып келеді;
- ата-аналардың балаларынан бас тартуы;
- болашақ алдындағы қорқыныш [2, 49б.].

«Тәуекел топтағы» балалармен түзету жұмыстары ұзаққа созылады. Психологтың жұмысы кеңес беруге бағытталады. Психотерапиялық жұмыс агрессия табиғатына байланысты болады. Бір жағынан агрессияны елемей, оған көңіл аудармау керек болса, екінші жағынан, агрессиялық мінез-құлықты ойын контекстіне кіргізу керек, ал үшіншіден, ойын арқылы агрессияның сыртқа шығып, мәселенің жағымды шешілуіне бағдарлану керек. Кіші мектеп жасындағы балалар үшін арттерапия, сюжеттік-рөлдік ойындар жақсы әсер етеді.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларының күрделенуі, моральдық-экологиялық қоғамның қалыптасуына байланысты көзқарастарға қайшы келетін идеялар мен құндылықтарды тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының әсері «тәуекел тобындағы балалар» мәселесін ушықтырды. Балалардың тәуекел тобына жатқызылуы әртүрлі қолайсыз этиологияларға байланысты, яғни әртүрлі әлеуметтік тамырларға ие. Бұл балалар санаты, олардың өмірінің белгілі бір себептеріне байланысты, басқа санаттарға қарағанда теріс сыртқы әсерлерге бейім. «Тәуекел тобындағы» балалар-бұл кейбір жағымсыз факторлардың әсерінен қиын жағдайға тап болған балалар. Балалар әдетте олардың толық дамуы үшін қалыпты жағдайлардың болмауына байланысты қауіпке ұшырайды. Даму ерекшеліктері бар балаларға әсер ететін және олардың қолайсыз әлеуметтенуінің ықтималдығын анықтайтын жағымсыз факторлар - бұл физикалық кемшіліктер, Әлеуметтік және педагогикалық немқұрайлылық және т.б. Әлеуметтік қорғалмаған (қауіпті топтар) және педагогикалық тұрғыдан қараусыз балалар, негізінен психологиялық және физикалық тұрғыдан сау, бірақ дұрыс емес тәрбие немесе ұзақ уақыт болмауы салдарынан қиын болды. Әлеуметтік-педагогикалық немқұрайдылық «баланың жеке басының жағымсыз жағдайы, өзін-өзі тану, белсенділік және қарым-қатынас субъектісінің қасиеттерін түсінбеуде көрінеді және өзін-өзі бұзылған бейнесінде шоғырланған» [3, 35б.] - деп саналады. Әлеуметтік-педагогикалық

немқұрайлылықтың даму жағдайы оқу микросоциумының сипаттамаларының, оқу-тәрбие процесінің және баланың ішкі ұстанымының үйлесімінен тұрады. Әлеуметтік-педагогикалық немқұрайлылық көбінесе балалардың, әсіресе балалық шақтың отбасылық әлеуметтенуінің ерекшеліктерімен анықталады. Оның қалыптасуының негізгі факторлары-ата-аналардың педагогикалық қабілетсіздігі, отбасының мәдени деңгейінің төмендігі, балалардың даму ерекшеліктерін байқағысы келмеуі, балалардың дамуына немқұрайлы қарау, жасына сәйкес келетін дамушы ортаның болмауы. Мұндай балаларда жетекші қызмет түрі қалыптаспаған, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас бұзылған, нәтижесінде олардың психикалық дамуы жеке және зияткерлік салаларда даму ерекшеліктеріне ие.

Біз «тәуекел тобындағы» балаларға дамуында ерекшеліктері бар балаларды жатқызамыз, өйткені олардың физикалық, әлеуметтік, моральдық жағдайының бұзылуына байланысты ерекшелігі білім алуға қолайсыз жағдайлар жасайды және кең қауіп аймағын жасайды. Даму ерекшеліктері бар балаларды олардың дамуына әсер ететін және тәрбиелеу үшін арнайы педагогикалық жағдайлар жасауды қажет ететін ерекше қасиеттері бар жеке тұлға ретінде қарастыру керек. Кейбір жағдайларда педагогикалық қиындық осы факторлардың бірінің, ал басқаларында олардың комбинациясының, кешеннің басым болуының салдары болып табылады. Бұл қиындықты жеңе алмайтын жағдайларда «қиын», «түзетілмейтін» бала пайда болады. Педагог дұрыс көзқарас таба алмаған педагогикалық және әлеуметтік қараусыз балалар көбінесе «қиын» және «түзетілмейтін» категорияларға енгізіледі. «Тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс жасай отырып, отбасымен бірге жұмыс жүргізу қажет [4, 29б.]. Егер «қауіп-қатер тобындағы» отбасылармен қатар профилактикалық жұмыс жүргізілмесе: отбасы, ол тұратын қоғам, үйге бару, ата-аналармен әңгімелесу, отбасының бұзылуының себептерін анықтау туралы ақпарат жинау оң нәтиже бермейді. Тәуекел тобындағы отбасылардың қолайсыздығы-ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімі мен дағдылары жоқ, ата-аналардың біреуі немесе екеуі де алкогольді теріс пайдаланады, материалдық байлықтың төмендігі. Қолайсыз отбасыларға барған кезде ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен оқытуға жауапкершілік, отбасында қолайлы жағдай жасау туралы ағартушылық әңгімелер жүргізіледі, салауатты өмір салты насихатталады. Жағдайды талдап, баланың негізгі проблемаларын анықтағаннан кейін, осы жағдайды тудырған себептердің кешені анықталады. Сонымен қатар, білім беру мекемесінің жағдайында оларды өзгерту мақсатында әсер етуі мүмкін себептердің ауқымы анықталады - бір жағынан, екінші жағынан, алдын-алу жүйесінің органдары мен қызметтерінің мамандарын тарту арқылы жанама әсер етуі мүмкін себептер. Әлеуметтік мұғалім, бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты, студенттер мен білім беру мекемесі, отбасы, қоршаған орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, бөлімдердің және әкімшілік органдардың мамандары арасындағы делдал бола отырып, бір уақытта бірнеше рөл атқарады. Әлеуметтік педагог бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиямен, білім басқармасымен және мектеп басшылығымен бірлесіп Бағдарламаны іске асыруға тартылған барлық тараптардың қатысуы мен жауапкершілігін бөледі. Білім беру

мекемесінің әлеуметтік-психологиялық қызметінің құрамында жұмыс істей отырып, әлеуметтік педагог өз жұмысын психологпен және қызметтің басқа да мамандарымен, сондай-ақ кәметке толмағандардың істері жөніндегі Комиссияның Жауапты хатшысымен, осы жұмысқа тартылған басқа да адамдармен тығыз байланыста жоспарлайды және жүзеге асырады. Әлеуметтік педагогтың ведомствоаралық байланыстары құпиялылық пен құпияны сақтауға байланысты шектеулермен жүзеге асырылады. Сонымен, тәуекел тобындағы жас өспірімдермен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс сипаты жайлы сөз қозғадық.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абдрахманов Р.Р. Анализ подходов к профилактике злоупотребления психоактивными веществами детьми из группы риска // Социальная профилактика и здоровье. - 2004. - № 1. - С. 8-15.
2. Битянова М.Р. Социальная психология. – М.: Просвещение, 1994. – 83с.
3. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – М.: Изд-во «Институт».
4. Дети «группы риска»: Социальная, психолого-педагогическая помощь: Материалы Междунар. науч.-практ. конф. — М., 1998.
5. Дети с нарушениями развития / Сост. В.М. Астапов. – М., 1995. - 230с.

ӘОЖ 37

## **ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ**

Баяхметов Қ., Ерғалиева Ш.Қ.  
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» КММ  
ergalieva\_shynar@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада білім беру үрдісінде оқытудың өзекті мәселелері, жаңа технологияларды пайдалану оқытудың нәтижелі құралы ретінде қарастырылады. Оқу іс әрекетінің түрлері және оларды оқыту үрдісінде қолдануға байланысты әдістемелік ұсыныстар мен олқылықтардың орнын толтырудағы әдіс тәсілдер түрлері беріледі.

Кілттік сөздер: білім беру, оқу-іс әрекет, білім алушылар, жаңа технология, олқылықтар, қауіп қатерлер.

“Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін,  
мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын”

*А. Эйнштейн*

Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне енуі «өмір бойы білім алу» тұжырымын жүзеге асыратын жас ұрпақтың құзіреттілігін дамытуға бағытталған мемлекет пен қоғамның талаптарына сәйкес болуын қажет етеді.

Жаһандық сын-қатерлер білім саласына да өз әсерін тигізері анық. Оның бір айқын дәлелі әлемде болып жатқан ахуалдар жағдайында балалар

білім алудан кенде болмас үшін оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қаралды. Дүниежүзілік педагогикалық тәжірибенің барлық арсеналы қаралды. Нәтижесінде оқу үрдісі үшін ең сұранысқа ие және перспективасы жоғары, бұл – қашықтан оқыту әдісі болып танылды.

Соңғы оқиғаларды ескере отырып, білім беру саясаты жүйесін жаңарту білім беру процесін сапалы жақсартуға мүмкіндік берді. Тәжірибе көрсеткендей, қашықтан білім беру технологиялары маңызды рөл атқарды. Қазақстан аз уақыттың ішінде ғаламдық проблемалардың ығына көніп, жедел түрде маңызды шешім қабылдай білді.

Осындай сын қатерлердің салдарынан білім беруде олқылықтар орын алып, оны қалпына келтіру үшін оқу үрдісінде жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың қажеттілігі бұрынғыдан да артты. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі *«педагогикалық технология» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті*. Білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі білім алушыны оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет: оқу үрдісін қарқынды жүргізуді жаппай қолға алу, білім алушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы білім алушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіруді үнемі басшылыққа алу.

Педагогикалық технология білім сапасын тексеруді жеке алып қарауға, оны жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Білім алушылар материалды қаншалықты деңгейде меңгергені анықталып, атқарылатын жұмыстар белгіленеді. Оқытушы оқу материалын бекіте алады, бірақ оны меңгермеген жеке білім алушылармен оқу жұмыстары ұйымдастырылады. Ал оқу материалын білім алушылардың көбі меңгермесе, онда өткен материалды бекітумен қатар оны меңгермеу себептері анықталады. Ол үшін диагностикалық құралдар (тест, бақылау жұмыстары, сұхбат, әңгімелесу) қолданылады.

Оқыту сапасы, ең алдымен, қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтің кәсіби құзыреттіліктеріне байланысты екендігін ескере отырып, сабақтарды түрлендіре оқытудағы әдіс тәсілдердің тиімділігі оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары мен спортқа деген сұраныстарының артуына мүмкіндік беруде.

**Жаңа педагогикалық технология** мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлеріне: оқытудың дербес және топтық формасы жатады. Бұл жерде алға қойылған басты мақсат, оқушыларға деген сенім, өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп, беделі мен идеяларын қалыптастыру, қадір-қасиет сезімін дамыту.

Сонымен жалпылап айтқанда оқу үрдісінде оқушының тұлғасының дамуына ықпал жасайтын сабақтар үлгісінің бәріне жүктелетін міндеттер жүйесі төмендегідей:

- Оқушылардың базалық білім, ептілік дағдыларын (білім беру стандарты бойынша) игеру жүйесін жетілдіру;

- Оқыту үрдісінде оқушылардың теориялық және өнімділік ой құрастыру әрекеттерін танымдық қабілеттерін белсендіру;

- Оқушылардың танымдық қызығушылығын, оқуға деген мотивін дамыту.

- Оқу материалын игеруде және оқу іс әрекетінде жете ұғынуға талпындыру.

- Белгілі бір мәселе шешуде оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру.

- Көбіне оқу жұмысының топтық түрлерін қолдану;

- Оқушылардың өзіндік жұмыстарының ізденісті зерттеу түрлерін ұйымдастыру;

- Оқу үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану;

- Дамыта оқытуға арналған ойындарды қолдану;

- Жаттығу сабақтарын сапалы ұйымдастыру (коммуникациялық жаттығулар, зейін, ес, ойлау, т.б.) арналған дамыту жаттығулары;

Осы іс тәжірибелерді жинақтай отырып, оқытудың озық технологияларын өз сабақтарында пайдалану маңыздылығы ерекше.

Сонымен, оқытудың жаңа форматының тиімділігі неде?

Біріншіден, ол оқытудың жеті модуліне негізделеді.

1. Оқыту және оқудағы жаңа тәсіл;

2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;

4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;


5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;

6. Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу;

7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Сонымен технология әдістемеден өзге, себебі ол білім алушылардың материалды меңгеру іс-әрекетін басқарады, олардың үлгермеу себептерін анықтауға ерекше назар аударады. Технологияға білімді сапалы түрде меңгеру үрдісін басқару және білім сапасын тексеру блоктары, кері байланыс жүйесі енеді. Кері байланысты мұқият түрде жан - жақты жасау керек. Ең бастысы, оқу материалын білім алушының меңгеруі. Педагогика ғылымында білім сапасы бірінші орынға шығады. Оны көтеру педагогика мен психология ғылымдары алдында тұрған маңызды міндет.

Пәндерді жаңаша оқыту мен олқылықтардың орнын толтыруда, қашықтан оқуда бірнеше әдіс тәсілдерді практикада қолдануды ұсынамын.



**«Шахмат» әдісі. Кері байланыс. Саймон Браунхилл бойынша.**

АҚ ТҮС - менің мықты тұстарым (оқу мақсаттары бойынша түсіндім)

ҚАРА ТҮС - менің әлсіз тұстарым (оқу мақсаттары бойынша түсінбедім)

**Оңай және қиын сұрақтар кестесі.** Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

**«Бағытталған оқу» стратегиясы,** бұл стратегия арқылы оқушылардың ортасында шығармашылық, ынтымақтастық аурасын туғызу мақсатында оқушылардың өздеріне ереже жасату, әрі ол ережені оқыту барысында ұстану.

Мысалы: 1. Жұмысқа белсенді қатысу. 2. Бір-бірімізді бөлмей тыңдау. 3. Бір-бірімізді мұқатпау. 4. Сөйлеушінің (айтушының) пікірін құрметтеу.



**Қ.О.Бітібаеваның жаңа білімді меңгерту технологиясы:**

**«Тоғызқұмалақ» сөздігі.** Ұлттық ойындағы термин сөздерді үш тілде үйрену: мысалы,

ұлттық-национальный-national; ойын-игра-game; стратегия-strategy; айла-тактика-tactics; тақта-доска-desk; тоғыз-девять-nine; құмалақ-кумалак-pebbles.

**«Алфавит» әдісі** арқылы әріптерге сәйкес кері байланыс жасау.





## «Алақандағы мәселе» / «Проблема на ладошке»

**Нұсқау:** Қатысушылардың әрқайсысы ойлана отырып, алақанындағы затқа қарай отырып сырт көзбен қарағанда «Сіз қалай ойлар едіңіз?»- деген сұраққа жауап беру. Сабақтағы олқылықтар төңірегінде қайталау, пысықтау.

### Рефлексия: «Нысана»/Мишень



Плюс +	Минус -	Қызықты
Оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады.	“Қолымнан келмей жатыр” немесе “түсініксіз болып тұр ” деген ойларын жазады.	Өздеріне не қызықты болды, соны жазады, немесе не жайында көбірек білгісі келеді, соны жазады.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

**Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз** – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

**Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз** - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

**Вебинар дегеніміз** – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі технологиялары бар: Онлайн кездесулерге арналған құралдар (бейнесабақтар, бейнеконференциялар, бейнеқоңыраулар):

Zoom - Zoom Video Communications әзірлеген меншікті бейне конференциялық бағдарламалық құрал. Ол тегін тіркелгілер үшін 40 минуттық шектеумен бір уақытта 100-ге дейін құрылғыны тегін қосуға мүмкіндік беретін бейнетелефония қызметін ұсынады.

WhatsApp - бұл IP арқылы жылдам хабар алмасу және дауыстық тегін



қызмет.

Skype — тегін, меншікті, жабық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама, ол компьютерлер арасында Интернет арқылы мәтіндік, дауыстық және бейне байланыстарды қамтамасыз етеді, қалауы бойынша тең дәрежелі желілік технологияларды, сондай-ақ ұялы және қалалық телефондарға қоңырау шалу үшін ақылы қызметтерді пайдаланады.

Көптеген ата-аналар Қазақстандағы қашықтықтан оқытуда қолданылатын платформаларды атап кеткен. Қашықтықтан оқыту кезінде отандық мектеп оқушылары төрт бағыт бойынша білім алады:

- «Балапан» және «Еларна» телеарналарында;
- «Қазақ радиосы» және «Классика» эфирінде;
- Интернет-платформалар арқылы: Kundelik.kz, Daryn.Online, «Online.Mектеп», Bilimland және Opiq.kz

Нақты айтқанда, білім алушыға үнемі жол сілтемей, өзінше әрекеттене алуына бейімдеу. Мұның нәтижелік көрсеткіші сол: білім алушының білімді, берілген мағлұматты жәй ғана, бір сәттік тұрғыда қабылдап қана қоймай, саналы да тиянақты игеруіне ықпал ету. Білім сапасын және пәрменділігін арттыру мәселесі оқу үрдісіне оқытудың жана технологияларын тереңдете ендіру жолымен шешіле алатындығы сөзсіз және бұл ретте тұтас алғанда білім берудің сапасы мүлде көтеріліп, жеке тұлғаны шығармашылықты тұрғыда дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Қорыта келгенде дидакт ғалымдарымыздың ұсынған анықтамаларын зерделей келе, педагогикалық әрекетті-әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны – педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, алдын-ала жобаланған оқутәрбие үрдісі бірізді жүзеге асатын жүйе деп түсінгеніміз жөн деген қорытынды жасауға болады.

Білім саласындағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жастарды дайындай білуіміз керек.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. К.Өстеміров, А.Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары» - А.,2006ж.
2. Инновационные педагогические технологии. Активное обучение /Панфилова, А.П. – 2011.
3. Педагогикалық менеджмент: оқулық /Паньшина,Т.В. - 2012
- 4.Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы /Каримов.А.Н. – 2011.
5. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ МУЗЫКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӨТКІЗІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бидахметова Ә.Б., Темешева А.Т.

ШҚО Білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім беру бөлімінің  
№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы КМҚК,  
Өскемен қ., Қазақстан, bb\_elvira@mail.ru

Музыкалық сабақ-бұл балалармен білім беру жұмысының бір түрі, оның барысында мектеп жасына дейінгі балаларды жүйелі, мақсатты және жан-жақты тәрбиелеу, әр баланың музыкалық қабілеттерін қалыптастыру жүзеге асырылады. Музыкалық сабақтар балалармен білім беру жұмысының негізгі нысаны болып табылады, оның барысында оқушылар негізгі білім, білік және дағдыларды алады, мұнда балаларды әртүрлі музыкалық іс-әрекеттерге үйретеді: тыңдау, ән айту, музыкалық-ырғақты қимылдар және балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық сабақ-бұл бақшада салу қиын, өйткені музыкалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінің кезектесуі балалардан назар аударуды, зейінді, ерікті күш-жігерді қажет етеді. Сабақты құрудың қиындығы-мұғалім балалардың назарын әр түрлі тақырыптағы және көңіл-күйдегі шығармалар естілген кезде эмоционалды көтерілуді төмендетпей, бір іс-әрекеттен екіншісіне шебер ауыстыруы керек.

Музыкалық сабақтарда тұлғаның жағымды қасиеттері тәрбиеленеді:

- сабақтар балаларды бірлескен іс-әрекеттермен, қуанышты, эстетикалық тәжірибелермен біріктіреді;
- олар мінез-құлық мәдениетін үйретеді, белгілі бір зейінді қажет етеді;
- ақыл-ой күш-жігерін, бастамасын, шығармашылығын көрсетуге ықпал етеді. Музыкалық сабақ балаларды ұйымдастырудың басқа түрлеріне әсер етеді:
- тәуелсіз музыкалық белсенділік алынған білім мен дағдылар негізінде белсенді түрде көрінеді;
- мерекелер мен ойын-сауық сәтті өтеді, өйткені музыкалық сабақта алдын-ала дайындық алдын-ала жүргізіледі.

Музыкалық сабақтардың мазмұны.

Сабақтың мазмұны қойылған мақсаттарға, міндеттерге, оқу тапсырмаларына және балалардың жасына байланысты. Музыкалық сабақтың мазмұнына музыкалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлері кіреді: музыка тыңдау, ән айту, музыкалық-ырғақты қимылдар (музыкалық ойындар мен билер), музыкалық сауаттылыққа үйрету, балалар аспаптарында ойнау.

Музыкалық сабақтарда жалпы тәрбие жұмысы жүзеге асырылады, арнайы музыкалық қабілеттер дамиды, оқу материалына шығармашылық, бастамашыл көзқарас қалыптасады. Үйренген дағдылардың сапасына қойылатын талаптар күрделене түседі және топтан топқа артады.

Айрықша ерекшелігі-балаларға музыкалық іс-әрекеттің бірнеше түрі (тыңдау, ән айту, қозғалыс, балалар музыкалық аспаптарында ойнау және т. б.) үйретіледі, бұл сурет салу, модельдеу, математика және т. б. сабақтарында жоқ.

Бұл сабақты өткізуде белгілі бір қиындықтар туғызады:

- сабақты құрудың қиындығы, өйткені мұғалім балалардың назарын бір іс-әрекеттен екіншісіне олардың эмоционалды көтерілуін төмендетпей шебер ауыстыруы керек.

- тағы бір қиындық - оқу материалын үйренудің дәйектілігі:

- бастапқы танысу;

- оқу процесінде дағдыларды игеру;

- үйренген материалды қайталау, бекіту, орындау.

Мысалы, жұмыс жүргізіліп жатқан үш әннің біреуі жақсы игеріліп, мәнерлеп орындалады, екіншісі бірінші рет тыңдалады, үшіншісі тек үйренеді.

Ырғақты үйрену процесі ұқсас-жаңа биде балалар оның жеке элементтерін біртіндеп игереді, ал таныс музыкалық ойын қайталанатын. Сабақтың соңында қозғалыс қарқындылығы мен жалпы жүктемені азайту керек.

Іс-әрекеттің сипаты балаларда әртүрлі эмоциялар тудырады. Көңілді, қызықты ойын белсенділікті арттырады, сондықтан оны сабақтың басында емес, күрделі тапсырмаларды орындағаннан кейін жасаған дұрыс.

Оқыту тәжірибесінде әр түрлі қызмет түрлерін осындай ретпен бөлу орынды деп саналады:

- Сабақтың кіріспе бөлімінде кішігірім музыкалық-ырғақты жаттығулар, көбінесе жаттығу сипаты беріледі (бидің жеке элементтері, жаңа биге, дөңгелек биге, мерекелік шеруге қажетті құрылыс). Бұл қозғалыстар балалардың назарын ұйымдастырады және күрделі тапсырмаларды орындауға дайындайды;

- жаттығудан кейін балалар отырады, музыка тыңдайды және ән айтады. Ән айту әр түрлі вокалды жаттығуларды, шығармашылық тапсырмаларды орындауды, музыкалық есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды, 2-3 әнді үйренуді қамтиды;

- оқытудың келесі кезеңі-ойын, көңілді би, дөңгелек би түріндегі музыкалық-ырғақты әрекет. Тыныш тапсырмалар динамикалық тапсырмалармен ауысып, физикалық белсенділікті біркелкі бөлуге мүмкіндік береді.

Сабақтың құрылымы икемді және мектеп жасына дейінгі балалардың жасына, мазмұнына, материалдың ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі керек.

Мұғалім музыкалық сабақтардың құрылысын ойластыра отырып, белсенділік пен шығармашылықты көрсетуі керек.

Музыкалық сабақтар түрлері мен түрлеріне бөлінеді:

Музыкалық сабақтардың түрлері балалардың оларға қатысу санына байланысты:

Кіші топ.

Жеке-артта қалған және талантты балалармен музыкалық сабақтан кейін 2-3 минут өткізіледі.

Шағын топтарда-4-6 бала, балаларды мерекеге дайындау, балалардың музыкалық аспаптарында ойнауды үйрету және т. б. мақсатында 10-15 минуттан аспайды.

Біріккен сабақтар-ұйымдастырушылық міндеттерді шешу мақсатында мереке алдында 2, 3 жас топтары біріктіріледі.

Мазмұны мен құрылымына байланысты сабақтар келесіге бөлінеді:

1 түрі-дәстүрлі немесе Типтік сабақтар балалардың музыкалық іс-әрекетінің барлық немесе барлық дерлік түрлері қатысатын бірнеше оқу-тәрбие міндеттерін бірден шешеді. Дәстүрлі сабақтарды қолдану оқытуда жүйелілікті, оқу материалын игеруде, балалардың белгілі бір білімді, дағдыларды игеруінде біртіндеп, дәйектілікті қамтамасыз етеді.

2 түрі-доминантты әрекеттер. Сабақтың осы түрінің құрылымында музыкалық іс-әрекеттің кез-келген түрі басым болады (тыңдау, ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау). Мұндай сабақтар балалардың музыкалық іс-әрекеттің белгілі бір түріндегі артта қалуын жеңу үшін қолданылады.

3 түрі-тақырыптық сабақтар. Тақырыптық сабақтар құрылымының айрықша ерекшелігі-оларда музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлері бойынша музыкалық материал біртұтас тақырыппен біріктірілген, ол музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлерінде түпкілікті болып табылады және музыкалық өнер құралдарымен жүзеге асырылады. Сабақтың тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін, мысалы: "Алтын күз", "Жыл мезгілдері", "сүйікті ойыншықтар", "музыка жанрлары", "музыкалық экспрессивтілік құралдары" және т.б. бұл айына 1 рет өткізілетін қорытынды сабақтар.

4 түрі-кешенді сабақтар. Бұл бір тақырыпқа негізделген әрекеттер. Ол көркемдік қызметтің бірнеше түрлерінің көмегімен жүзеге асырылады: көркем-сөйлеу, музыкалық, бейнелеу, театрландырылған.

Музыкалық сабақтарды ұйымдастыру және құру

Балабақшадағы музыкалық сабақтар үшін белгілі бір жағдай жасалуы керек. Олар әдетте залдарда өткізіледі, онда шоғырлану, музыкалық шығармаларды қабылдау және тапсырмаларды орындау процесіне кедергі келтіретін бөгде шу енбейді. Сабаққа балалар қозғалысқа ыңғайлы киімде немесе арнайы костюмдерде, жұмсақ аяқ киім - чешкаларда болуы керек. Әр сабақты бастамас бұрын бөлме желдетіліп, еден дымқыл әдіспен сүртіледі. Белгілі бір топқа, сондай-ақ кіші топқа салынған карантин кезінде жыл басында сабақтар топтық бөлмеде вокалдық материалда немесе музыкалық ойыншық-аспаптармен өткізіледі. Жазда сабақтар мүмкіндігінше таза ауада өткізіледі.

Күндізгі режимдегі музыкалық сабақтар үшін Тұрақты уақыт бөлінеді, олардың белгілі бір ұзақтығы белгіленеді: аптасына 2 рет әр жас тобында негізінен таңертең, 15-18 минуттан кіші, 18-25 - орта, 25-30 - ересек, 35-45 - мектепке дайындық топтарында.

Ән айту және музыка тыңдау кезінде балалар музыкалық жетекшінің оң қолындағы аспапқа мүмкіндігінше жақын қатарға қойылған орындықтарда отыруы керек. Орындықтар балалардың жасына және бойына сәйкес келуі керек.

Әдеттегі сабақтарда ән айту және музыка тыңдау кезінде сіз қону алаңдарын белгілей аласыз. Мысалы, кіші топтарда ең кішкентай, сондай-ақ тұрақсыз назармен ерекшеленетін мазасыз балалар мұғалімнің тапсырмалары мен музыкасын жақсы көру және есту үшін алдыңғы қатарда отырады. Орта және үлкен топтарда алдыңғы қатарда есту қабілеті нашар, дауысы аз, тәртіпті емес және жаңадан келген балалар отырады. Бұл орналастыру оларға мұғалімнің және артқы жағында отырған балалардың дұрыс ән айтқанын жақсы естуге мүмкіндік береді. Олар әр минут сайын музыка жетекшісі мен тәрбиешінің бақылауында болады. Қажет болған жағдайда балалар орындарын ауыстырады. Басқа сабақтарда балаларды отырғызу іс-әрекет түрлерімен, мұғалімнің жұмыс әдістемесімен анықталады.

Музыкалық сабақтарды ұйымдастырудағы тәрбиешінің рөлі.

Музыкалық сабақтарда балаларды оқыту процесіне белсенді қатысады: кіші топтарда мұғалім балалармен бірге ән айтады. Орта және ересек топтарда ол әндерді үйренуге көмектеседі және музыкалық жетекшімен бірге үйренген шығарманың орындалуын бағалайды

Кіші мектеп жасына дейінгі балаларды музыкалық-ырғақты қозғалыстарға үйрету кезінде мұғалім барлық қозғалыс түрлеріне қатысады (жаттығулар, билер, ойындар), осылайша балаларды белсендіреді.

Орта, ересек және әсіресе дайындық топтарында мұғалім қажет болған жағдайда әрекет етеді: кез-келген қозғалысты көрсетеді, сол немесе басқа құрылысты еске түсіреді, балаларға биде, музыкалық ойында және т. б. жеке нұсқаулар береді.

1. Мұғалім балалардың шығармашылығын ынталандырады: тақырыпты ұсынады, рөлдерді бөледі, сюжеттің дамуын жалпы түрде көрсетеді.

2. Мұғалім өзінің тобының музыкалық репертуарын әр түрлі музыкалық іс-әрекеттерде жақсы білуі керек.

Музыкалық жетекші мен тәрбиешінің бірлескен жұмысы мен өзара көмегі мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы музыкалық тәрбиесінің міндеттерін шешуде қажетті нәтижелерге әкеледі. Балабақша ұжымы музыкалық сабақтарға тиісті көңіл бөлуі керек. Оларды өткізу кезінде айқайлауға, қатты сөйлесуге жол берілмейді. Кейбір балаларға, болашақ музыканттар, бишілер сияқты көзқарасқа жол берілмейді. Мұндай көзқарас кейбір балаларда бос әурешілік, ал басқаларында қызғаныш, реніш сезімін тудырады. Сабақтарда барлық балалар өздерін тікелей ұстауы керек, бір-бірінің сәттіліктері мен сәтсіздіктерін шын жүректен сезінуі керек, мұғалімдерге деген сенім мен жанашырлық пен өз қабілеттеріне деген сенімділікті сезінуі керек.

Мәдени тыңдаушыны тәрбиелеудің басты шарттарының бірі-музыкалық шығармалардың мазмұнын терең эмоционалды түрде сезіну. Бұл қызығушылық негізінде пайда болады. Балалардың қиялының таңғажайып ерекшелігін - оның музыканы қабылдаудағы белсенділігін ескере отырып, балалардың музыкалық тәжірибесіне сүйену керек. Музыкалық тәрбие процесі әрдайым балаға түсінікті болуы керек, эмоционалды түрде қызықты, сондықтан ол тек қабылдап қана қоймай, қабылдағанын ойластырады, тыңдай және ести алады.

Сондықтан, кіші топтарда көбінесе ойын жоспарының тақырыптық музыкалық сабақтары өткізіледі, олар айналасындағыларға тек жағымды эмоциялар тудырады. Мұндай сабақтардың негізгі міндеттерінің бірі-музыкаға деген қызығушылықты, оны тыңдауға, ән айтуға, билеуге, сүйемелдеуімен ойнауға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Орта топта сабақтар нақты құрылымға ие болады. Оларды өткізу барысында балаларға оқу тапсырмаларын дұрыс және мәнерлеп орындау талаптары қойылады. Сабақтың барлық түрлерін қолдана отырып, ересек топта мұғалім әр баланың бағдарламалық талаптарын игеруге қол жеткізеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Жакаева К.А. Музыка пәнін оқыту әдістемесі: Бакалавриат 050106 «Музыкалық білім» студенттеріне арналған оқу құрал / К.А. Жакаева, С.А. Жакаева; КГПУ. – Костанай: КГПУ 2019. – 92 б.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрық.

ӘОЖ 37. 02

## **LESSON STUDY ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ**

Болаткерова У.Т.

Ғылыми жетекшісі: Китапбаева А.А., б.ғ.к., қауымдастырылған  
профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: ulzhan\_muratzhanova@mail.ru

Еліміздің болашағы бүгіннен басталатынын түсінетін, өте дана халықпыз. Еліміздің келешегі - бүгінгі балалар. Тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ. Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде көптеген инновациялық технологиялар көмегімен өзгерістер болып жатқаны мәлім. Жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында коммуникативтік, тілдік, мәдени құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту мақсатында оқу – тәрбие процесінде білім алушылардың белсенділігін арттыру проблемасы, бөліп көрсетілген. Ал, бүгінгі «Даму» заманында, білім беру мекемелерінде, ұстаздардың алдына қойылған міндеттер; жан-жақты дамыған, білімді, дарынды, талантты, рухани бай, ғылыми жаңалықтарды меңгере алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіне сенімді ұрпақты тәрбиелеу мен шыңдау болып табылады. Осы бағытта білім беруді қамтамасыз ету үшін, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыру мақсатында, мұғалімнің кәсіби дамуы мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану маңызды. Қазіргі уақытта әр педагог үшін де

білімдерін шыңдау, дамыту басты мақсат болып тұр. Себебі, білім бір орында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отырады. Әр күн сайын жаңа ашылулар мен жаңалықтарды оқып үйреніп, көруге болады.

Я.А. Коменский мен Д.К. Ушинский балаларға тәлім - тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жан иесі» - деген.

Бұл, көрсетілген міндетті, абыроймен жүзеге асыру үшін ұстаздың кәсіби, әдістемелік, пәндік құзыреттілігі аса маңызды. Ұстаздың құзыреттілігін шыңдайтын және оқушыны жан-жақты зерттеп, білімін шыңдауға бағыт болатын әдіс - Lesson Study әдісі. Себебі, Lesson Study тәсілі – қазіргі заманауи мектепте ұстаздардың өзінің тәжірибесін талдай алуға; проблемаларды көріп және келешекте оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру арқылы зерттеуші - мұғалім дайындап, оқытуды жетілдіріп, сапасын арттыруға; сабақ уақытында оқушылардың материалды игеруі туралы, оқушылардың болжамдары арасындағы олқылықтарды анықтап, қандай да пәнге деген белсенділіктерін арттыруға шешімін көздейді. Яғни, Lesson Study - бұл сыныптағы іс –әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study – ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және талдауын көздейді. Lesson Study – дің пайда болу тарихына тоқталсақ, бізге Жапониядан келген. АҚШ – қа бұл тәсілді «дзюгекенкью» деген жапон сөзін «Lesson Study» деп аударған Макото Йошида болды, бұл мектептегі оқуды жетілдірудегі жапондық тәсіл.

Lesson Study тәсілін қолданудың тиімділігі:

1) білім берудің стандарттары мен мақсаттары арнайы сыныпта жүзеге асады;

2) әр – түрлі ақпаратты, технологияны, әдісті қолданып, оқушының дамуын көздейді;

3) түрлі қасиеттеріне әсер ете отырып, оқу процесін дамытады;

4) даму қажеттігі жайлы мәселе туындап, оны шешу жолдары айқындалады.

5) әр – түрлі деңгейдегі оқушыларды зерттеп, олардың білім сапасын жақсарту үшін, жоспар құрылады.

Lesson Study қадамдары: сабақ жоспарын құру; сабақ жоспарын талқылау (негізгі сабақ беруші мұғалім, тренер немесе әріптестер); сабақ жоспарын қайта нақтылап жазу; зерттеу сабағын өткізу; зерттеу сабақты талқылау (бақылаушы, әріптестер, зерттеуші, мектеп әкімшілігі).

Осы, жоғарыда айқындалған барлық мақсаттар мен тиімділіктерге және қадамдарға сүйене отырып, «Lesson Study» - тәсілі арқылы биология сабағында оқушылардың белсенділігін арттыру негізінде 8-ші сынып оқушыларымен тәжірибелік – эксперимент жұмысы жүргізілді.

Мақсат: жаңа әдістер мен жаңа бағалау формаларын биология сабағында қолданып, оқушылардың белсенділігін арттыру, сабақтың сапасын жақсарту.

Зерттеу объектісі: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы орта білім беретін аралас мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Зерттеу жүргізетін мұғалімдер тобы құрылды, олар мектепте оқытудың жаңа кәсіби тәсілін енгізу түрін қолдайтын үш-төрт адамнан құрылды. Шығармашылық топ мұғалімдері: география пәні мұғалімі Оразалинова А.К., қазақ тілі пәні мұғалімі Сагитжумартова С.К., тарих пән ұстазы Мерекеқызы А., химия пәні мұғалімі Кулбекова А.Ж.

Ең бірінші өткізілген, сабақ жоспарын құру отырысында, бақылауға алынған А,В,С санатындағы (жоғары, орташа, төмен) оқушылар анықталып, білім берудің педагогикалық тәсілдің мақсаты мен міндеттері анықталып, сабаққа қатысу кестесі жасалды, биология пәнінен сабақтың тақырыбы белгіленді. Оқушылардың әрқайсысына жеке тапсырмалы карточкалар құрастырылып, өткізілетін сабақтың кезеңдері ойластырылды. Негізінен, биологиядан сабақ жоспарын құруда Пит Дадлидің «мәтіндік ақпарат пен бейне материалдар бұл жерде тиімді көмек көрсетеді» тұжырымдамасына сүйеніп енгізілді.

Мұғалімдер тобы бірлесіп, 8-ші сыныптың биология сабағынан «Заттардың тасымалдануы» тарауы бойынша: «Иммунитет. Иммундық жүйе. Туа біткен және жүре пайда болған иммунитет түрлері» атты тақырыбына жоспар жасады.

Сабақтың мақсаты: иммунитеттің мәнін қарастыру, иммунитеттің түрлерімен танысу; адамды жұқпалы аурулардан қорғау жолдарын анықтау; иммунитетті сақтауға және нығайтуға ықпал ететін факторларды зерттеу.

Міндеттер:

1) Тәрбиелік: Ағзаның қорғаныс жүйесі – иммунитет туралы түсінік беру, жаңа анатомиялық - физиологиялық түсініктерді - иммундық жүйенің құрылысы туралы, иммунитеттің механизмдері туралы, иммунитет түрлері туралы, иммунитеттің әртүрлі түрлерінің ерекшеліктері туралы түсінік беру, екпенің пайдасын көрсету. Дағдыларын қалыптастыру: оқулық мәтінімен, сызбалармен өз бетінше жұмыс істеу; логикалық ойлау, талдау, болжам жасау, қорытынды жасау, ауызша және жазбаша түрде ақыл-ой операцияларының нәтижесін құрастыру.

2) Дамытушылық – интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын, сөйлеуін, зейінін және есте сақтауын дамыту, негізгі нәрсені бөліп көрсету, жалпылау және талдау әдістерін қалыптастыру, жеке және ынтымақтастықта жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал ету.

3) Тәрбиелік: Ғылыми биологиялық жаңалықтар мысалдары бойынша патриоттық сезімге тәрбиелеу; физиологиялық процестерді білудің практикалық қажеттілігіне көз жеткізу; гигиеналық, валеологиялық, дене шынықтыруды жалғастыру, зиянды әдеттердің қауіптілігін дәлелдеу және салауатты өмір салтын сақтау қажеттілігі мен профилактикалық егулердің пайдасын дәлелдеу.

Зерттеу сабағы барысында, білім сапасын арттыру үшін, оқушылардың белсенділігін көтеру үшін, сабақтың өткізілу жоспары келесідей құрылды:



Бірінші кезек – «Миға шабуыл» әдісі. Мультимедиялық презентация көмегімен суретті немесе текст құрамды сұрақтар дайындалып, ой қозғау процесі орын алады.

Екінші кезек – «Кілттік сөздер» әдісі. Оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында, әріптері ауысқан сөздерді анықтап, орнына қою.

Үшінші кезек – «Рөлдік ойын» әдісі. Оқушылар екі топқа бөлініп (1 топ - Туа біткен иммунитет, 2 топ – Жүре пайда болған иммунитет) өз ойлары мен білімдерін еркін айту.

Төртінші кезек – «Деңгейлік тапсырма таңдау». Әр оқушы өзіне жасырын сұрақ таңдап, соған нақты жауап беруге талпыну.

Сонымен қатар, сабақ соңында қызығушылық пен белсенділік дәрежесін анықтау үшін, сауалнама жүргізілді. Олар келесі сұрақтарды қамтыды;

- 1) Бүгінгі сабақтан нені білдің?
- 2) Сабақ барысында болған ең қызықты сәт?
- 3) Қандай кезең тиімдірек болды?
- 4) Егер, бұл сабақты тағы бір қайталаса, онда нені өзгертесің?
- 5) Сабақта нені жиі пайдаланғың келеді?
- 6) Иммунитет түрлерін ата, мысал келтір.

8-ші сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесі бойынша, 80 %-ы сабақтың қызықты әрі тақырыптың оңай есте сақталғанын көрсетті. Ал, 20%-ы сабақ барысының тез болғанын, түсінуге, өз-өзін көрсетіп шығуға қиындық туғанын көрсетті.

Осы, Lesson Study - зерттеу сабағынан кейін, мұғалімдер тобы «Биология сабағында қолданылған әдіс, тәсілдер қаншалықты тиімді болды?» - деген сұрақтарға өз ойларын білдірді:

- «Миға шабуыл» әдісі кезінде, оқушылар, тек оқулықтағы біліммен шектелген. Басқа да интернет материалдарын қарастыруға не болмаса қосымша кітаптардан материал қарауға тапсырма берілмегені анықталды.

- «Рөлдік ойын» әдісі кезінде оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, сабаққа деген қызығушылықтары артқаны байқалды. Себебі, топқа бөлгенде оқушылардың талпынысы артып, әр оқушы өзін жеке тұлға ретінде сезініп, өз үлесін қосуға тырысты. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталатыны анықталды. Топтық жұмыстар оқушының белсенділігін арттырады.

Зерттеу сабағына алдын-ала таңдалған А, В, С деңгейдегі үш оқушыға мұғалімдер тобынан келесідей сипаттама берілді, ол келесі 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1- А, В, С – үш деңгейдегі оқушыларға берілген сипатта

Оқушы	Бастапқы сипатта	Зерттеу барысындағы сипаттамасы
А	Өз ойын еркін жеткізіп, сұрақтарға жауап беруге тырысады, оқылым мен жазылымы орташа деңгейде.	Миға шабуыл әдісінде жоғары балл жинады, себебі тыңдалымы зерек, ой қозғауы шапшаң, материалды есте жақсы сақтайды, салыстыру жасайды, кері байланыста белсенді.

В	Жеңіл тапсырмаларды оңай орындайды, ал биологиялық терминдерді есте сақтауда қиналады, жазылымы орташа, өз ойын айтуда қиналады.	Видео материалды көруде есте сақтауы жақсы, ал тыңдалымда орташа. Рөлдік ойында өз ойын оңай жеткізді, қызығушылық танытты.
С	Жалпы білімі төмен деңгейде, қарапайым сұрақтарға жауап беруде де қиналады, оқылым мен жазылым және тыңдалымы төмен деңгейде.	Барлық әдістерде қызығушылығы бар, бірақ сұрақтарға жауап беруде материалды толық түсінбегендіктен қиналды.

Жалпы, Lesson Study - тәсілін биология сабағында белсенділікті қолдану сабағы нәтижелі болды. Сынып оқушыларының биология пәнінен қызығушылығы артып, көзқарасқары өзгеріп, блсенділіктері жоғарылады.

Зерттеуге алынған үш оқушы да, Lesson Study тәсілімен жүргізілген сабақта тақырыпты меңгеру прогресін көрсетті. Бірақ, дегенмен де ол бір – екі сабақтың ішінде аяқталатын жұмыс емес, сондықтан мұғалімдер тобы тарапынан кемшіліктер мен ұсыныстарын ескерілді.

Оқушылардан алынған сауалнама мен мұғалімдер тобынан алынған сұхбат нәтижесінен Lesson Study тәсілі оқушылардың белсенділігі мен білім сапасына, мұғалімдердің өз пәндеріне тәжірибе жинауларына септігін тигізді.

Қорытындылау:

Болашақта та, Lesson Study тәсілін биология пәніне жиі қолданып, жаңа не өткен тақырыптарды қайталау барысында қолданып, оқушының білім, білік дағдыларын және белсенділігін арттыру мақсатында үлгерімі «С» деңгейдегі оқушылармен әлі де жұмыстар жасап «В» деңгейге жеткізуге, «В» деңгейдегілерді «А» деңгейге жеткізуге тырысу жұмыстары жүргізіледі. Ал, талантты және дарынды оқушыларға арнайы күрделенген тапсырмалар беріп, шығармашылық жағынан ізденуге бағыт - бағдар көрсетіледі.

«Lesson Study тәсілі арқылы биология сабағында оқушылардың белсенділігі мен білім сапасын арттыру», - мақсатында жүргізілген эксперименттік зерттеуден кейін келесідей шешеімдер шығардық:

Оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттырып, олармен бірлесе индивидуальды жұмыстарды ұйымдастыру үшін, мұғалім әрбір оқушының білімділігін, қабілетін білуі қажет және де оның (педагогтың) барлық оқушылары өзінің берген тапсырмаларын орындай алатынына көз жеткізуі керек. Оқушының қаншалықты өзінің мүмкіндіктерін, фантазиясын жүзеге асыра алатыны оның тек көңіл күйіне ғана емес, мектепке деген, оқу процесіне, сондай-ақ оның жалпы дамуына байланысты.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шарипханова А. С. Жаңартылған мазмұндағы биологияны оқыту әдістемесі: оқу құралы / А. С. Шарипханова, З. С. Даутова. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2019. – 130 бет.

2. Пит Дадли. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері. Астана, 2013. 4 – 46 б.

3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.
4. Е. Сарманов, С. Сапарова «Сабақта жаңа технологияларды қолдану», 2016. – 45 б.
5. Юсупов Б.Ю. Мұғалімге тән педагогикалық қасиеттер. Алматы, 2016. – 56 б.

УДК 373.1

## **ПРИЁМЫ РАБОТЫ УЧИТЕЛЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ УМЕНИЯ ЦЕЛЕПОЛАГАНИЯ**

Булыга Л.А., Ермакова А.Г., Калиакперова Т.Н.  
КГУ «Валеологическая специализированная школа-комплекс для  
одарённых детей» управления образования ВКО  
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан,  
e-mail: nastyaermak11@mail.ru

Немецкий педагог А. Дистервег ещё в 19 веке говорил: «Сведений науки, не следует сообщать учащемуся, но его надо привести к тому, чтобы он сам их находил, самодеятельно ими овладевал. Такой метод обучения наилучший, самый трудный, самый редкий. Трудностью объясняется редкость его применения. Изложение, считывание, диктовка против него детская забава. Зато такие приемы никуда и не годятся...».

Актуальность этого высказывания несомненна, так как важнейшей задачей обновленного содержания образования является формирование универсальных учебных действий.

Основу содержания деятельности учителя составляют три взаимосвязанные этапы урока: целеполагание, самостоятельная деятельность, рефлексия.

Целеполагание в обучении - это установление учениками и учителем целей и задач обучения на определенных его этапах. Как известно, цель деятельности – это ее предвосхищаемый результат. Поэтому очень важно, чтобы цель была связана со всеми остальными компонентами педагогического процесса.

Этап целеполагания занимает ведущее место и в структуре традиционного урока, но в новой позиции предусматриваются качественные изменения этого этапа: учитель не транслирует свою цель, а создает условия, включающие каждого ученика в процесс целеполагания. Лишь в том случае, когда ученик осознает смысл учебной задачи и примет ее как лично для него значимую, его деятельность станет мотивированной и целенаправленной. Именно на данном этапе урока возникает внутренняя мотивация ученика на активную, деятельностьную позицию, возникают побуждения: узнать, найти, доказать». Целеполагание необходимо для проектирования образовательных действий

учащихся и связано с образовательными стандартами, со спецификой внутренних условий, с уровнем развития детей, мотивами их учения, особенностями изучаемой темы, имеющимися средствами обучения, педагогическими воззрениями учителя. Как известно, цель деятельности – это ее предвосхищаемый результат.

Часто формулировка целей вызывает серьезные затруднения у педагогов, и, тем более, у учеников. Причина этого, возможно в том, что цель рассматривается как какое – то отвлеченное понятие, этап, который необходимо преодолеть, а затем про него можно и забыть. В личностно – ориентированном обучении целеполагание проходит через весь процесс образования, выполняя в нем функции мотивации деятельности обучающихся, стабилизации учебного процесса, диагностики результатов обучения. Всем известно, что эффективность целеполагания определяется степенью соответствия результатов обучения поставленным целям. Скажем: «Как цель поставишь, таким и будет результат». Поэтому цели урока должны быть согласованы с целями обучения и сформулированы в формате SMART: конкретны, измеримы, достижимы и определены по срокам.

Но как вовлечь учащихся в процесс формирования умения учиться? Как же это воплотить практически?

С чего же начинается процесс целеполагания? Если мы хотим сделать обучение продуктивным и значимым для ученика, тогда нужно начинать с диагностики ученических целей. Для этого можно использовать устное собеседование, письменное анкетирование, тестирование, наблюдение и др. Варианты могут быть открытые и закрытые. В качестве открытого вопроса можно использовать такой: «Что для меня самое главное?» Закрытая форма такая, например: «Хочешь ли ты получать отметку «5» по математике?»

Постановку целей ученики осуществляют под руководством педагога на разные временные отрезки: урок, домашнюю работу, учебную четверть, год. Отсутствие изначальной заданности (перечня готовых целей, формулировка целей учителем) для целеполагания позволяет выявить действительно личностно – значимые цели ребенка. Все приемы целеполагания классифицируют на:

**Визуальные:**

1. Тема-вопрос
2. Работа над понятием
3. Ситуация яркого пятна
4. Исключение
5. Домысливание
6. Проблемная ситуация
7. Группировка.

**Аудиальные:**

1. Подводящий диалог
2. Собери слово
3. Исключение
4. Проблема предыдущего урока.

Рассмотрим некоторые приёмы, которые могут способствовать формированию способности к целеполаганию, процессу выбора одной или нескольких целей.

1. Формулировка темы в виде вопроса. Тема урока формулируется в виде вопроса. В ходе обсуждения учителя с детьми строится план действий на уроке.

2. Выявление неполноты знаний учащихся. В начале урока на этапе актуализации знаний ведётся беседа, которая выявляет определённую неполноту знаний учащихся.

3. Дополнение цели урока с помощью слов-помощников. Учитель формулирует тему урока и просит учащихся, с помощью слов помощников сформулировать цель урока. Слова помощники: повторим, изучим, узнаем, проверим.

Эти приёмы являются универсальными, не требующими больших затрат времени урока и сил учителя.

Легко заметить, что практически все приемы целеполагания строятся на диалоге, поэтому очень важно грамотно сформулировать вопросы, учить детей не только отвечать на них, но и придумывать свои. **Задания по формированию умения целеполагания у школьников:**

1. Задачи без вопросов;

2. Задания, в которых один и тот же учебный материал можно использовать для осуществления различной деятельности (на уроке русского языка учитель спрашивает детей, какие задания можно выполнить со словом река);

3. Переформулировать задание таким образом, чтобы учебная цель стала очевидной.

Математика. «Найди значение выражений», «Заполни таблицу» и т. д. – здесь учебная задача скрыта, поскольку задание формулируется, как практическая задача, направленная на получение конкретного результата, поэтому учащиеся по просьбе учителя, должны определить чему они будут учиться, выполняя то или иное задание.

#### **Алгоритм процесса целеполагания.**

Алгоритм процесса целеполагания, осуществляемого педагогом при планировании обучения по своей дисциплине, включает следующие шаги:

- формирование целей обучения данной дисциплине на основе требований гос. стандарта;

- конкретизация целей обучения с учетом особенностей класса, группы, каждого ученика и его личностного смысла в обучении, конкретных условий, средств и способов достижения;

- определение целей обучения по разделам, темам, модулям и т.д.;

- планирование целей конкретного занятия, разложение их на микроцели (задачи каждого этапа).

Эффективность целеполагания определяется степенью соответствия результатов обучения поставленным целям. Поэтому, цели должны быть:

- реальны, достижимы (указывать на конкретные результаты обучения);

- инструментальны, технологичны (определять конкретные действия по их достижению);

-диагностичны (поддаваться измерению, определению соответствия им результаты деятельности).

Таким образом, приемы целеполагания формируют мотив, потребность действия. Ученик реализует себя как субъект деятельности и собственной жизни. Процесс целеполагания – это коллективное действие, каждый ученик – участник, активный деятель, каждый чувствует себя соиздателем общего творения. Дети учатся высказывать свое мнение, зная, что его услышат и примут. Учатся слушать и слышать другого, без чего не получится взаимодействия.

Именно такой подход к целеполаганию является эффективным и современным.

### **Список использованной литературы**

1. Дистервег А. Руководство к образованию немецких учителей. Избранные педагогические сочинения. - М.: Учпедгиз, 1956, с. 136-203 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://jorigami.ru/PP\\_corner/Classics/Diesterweg/Diesterweg\\_Rukov\\_k\\_obraz\\_nem\\_uchitel.htm](http://jorigami.ru/PP_corner/Classics/Diesterweg/Diesterweg_Rukov_k_obraz_nem_uchitel.htm)

2. Хуторской А.В. Проблемы и технологии образовательного целеполагания [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0822-1.htm>.

3. Целеполагание на уроке [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://mc-krkam.edusite.ru>

4. Формирование навыка целеполагания [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.gimnazy161.ru>

5. Модульная технология планирования учебной темы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://menobr.ru>

6. <http> Формирование умения целеполагания у младших школьников [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [//www.school2100.ru/](http://www.school2100.ru/)

7. Аствацатуров Г.О. Технология целеполагания урока. - Волгоград, «Учитель», 2010, 256 с.

8. Подходы к целеполаганию на уроке [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.eidos.ru>

9.Формирование навыка целеполагания [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.gimnazy161.ru>.

10.Каким должен быть современный урок [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.it-n.ru>.

11. Соловьева Д.Ю. Диагностика экологической культуры учащихся: что планировать в Год экологии // Справочник заместителя директора школы. – 2017. - №11. – с.30-42 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://docplayer.com/81293932-Diagnostika-ekologicheskoy-kultury-uchashchih-sya-cto-planirovat-v-god-ekologii.html>.

## **МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІ МЕН ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

Газизова К.К.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ  
<sup>2</sup> Өскемен қ., Қазақстан

Тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымызда болып жатқан сапалы өзгерістер, экономикалық қарқынды дамуы білім беру жүйесіне үлкен талаптар қоюда. Мұндай үлкен өзгерістер оқушылардың оқуға көзқарасына, мотивациясына өз ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму деңгейі талап ететін білімді, жылдан жылға көлемі артып келе жатырған ақпаратты меңгеруде оқушылардың осы білімді игеруге деген қызығушылығының, оқуға мотивациясының алатын орны ерекше. Әсіресе, білім берудің алғашқы баспалдағы болып саналатын бастауыш мектепте оқушылардың оқуға оң мотивациясын қалыптастыру оқыту процесінің нәтижелі, жемісті жүргізілуінің басты шарттарының бірі.

Адам іс-әрекетінің мотивациясы туралы көптеген ой-пікірлер, теориялар Аристотель, Гераклит, Демокрит, Лукреций, Платон, Сократ секілді ежелгі философтардың еңбектерінде-ақ пайда болды. Олардың пікірі бойынша өмірдің оқытушысы «қажеттілік» болып есептеледі.

Қазіргі уақытта мотивация теориялары көптеп саналады. Мотивацияның қазіргі теорияларының көздерін алғашқы психологиялық білімдер туған ошақтардан іздеген жөн. Ол, әсіресе, ХІХ ғасырдың ортасына дейінгі ежелгі философтардың еңбектерінде айқын көрінеді. Яғни, олардың пікірінше тек адам ғана санаға, ақылға, ерік-жігерге ие. Адам мотивациясының ошағы - оның ақыл-ойы, санасы және ерік-жігері [1].

Жеке тұлғаның қажеттілік-мотивациялық сферасын қалыптастырудың қажеттігі В.Р.Асеев, А.Н.Леонтьев, Н.А.Бекшаева, М.С.Искакова, Т.К.Құдайбердиева, А.Маслоу, Н.А.Тернова, А.Ю.Тимакова, Х.Хекхаузен және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Мотивация және мотив мәселелерін дүние жүзінің көптеген ғалымдары зерттеген (Д.Н. Узнадзе, А.Г. Ковалев, А.К. Маркова, К.Е.Ахметов) [2,3,4,5] .

Адамдардың және жануарлардың іс-әрекетіндегі белсенділіктерінің себептерін ғылыми зерттеудің негізін ежелгі ойшылдар салды (Аристотель, Гераклит, Демокрит, Лукреций, Платон, Сократ).

ХХ ғасырдың 20 жылдары батыс психологиясында тек адамға қатысты мотивация теориялары пайда болды. Мұнда органикалықтан басқа оқыту және теория нәтижесінде пайда болатын психогенді қажеттіліктер бөліп көрсетілді.

Бүгінгі күні көптеген балаларда, оқу іс-әрекетіне бейімделуде көптеген қиыншылықтар болады. Бейімделу - бұл ерекше мәселе. Оқу іс-әрекетіне бейімделу – бұл баланың жүйелі, ұйымдастырылған мектептік оқуға ауысуы кезіндегі танымдық, мотивациялық және эмоциялық-еріктік сфералардың қайта құрылу процесі. Оқу іс-әрекеті, бірқатар авторлардың көрсетуі бойынша Д.Б.Эльконин [2], В.В.Давыдов кіші мектеп жасындағы оқушылардың басты іс-әрекеті болып табылады [3]. Ол осы жас кезеңіндегі бала психикасының дамуында болатын маңызды өзгерістерді айқындайды. Оқу іс - әрекеті кезінде кіші мектеп жасындағы оқушылардың дамуындағы маңызды жетістіктерді сипаттап, оның одан әрі оқуға бейімделуін қамтамасыз етуші іргетасы болып табылады. Психологиялық жаңа құрылымдар қалыптасады. Оқушылардың оқуға бейімделу механизмдері көп түрлі аспектілерге ие. Соның ішінде физиологиялық және психологиялық бейімделуі өз алдына кезеңдерге бөлініп, әр түрлі көріну деңгейімен сипатталады.

Балалардың оқуға бейімделу процесінің жетістігі сонымен қатар көбіне баланың денсаулығы күйімен де айқындалады. Бұл жағдайда көбіне «мектептік стресс», «мектептік қорқыныш» мектептік фобия туралы айтылады және бұл мәселе жөнінде елуінші жылдардың ортасында-ақ айта бастады. Баланың оқу процесіне бейімделуіне көбіне:

- оқу іс-әрекеті элементтерінің қалыптастырылмауы;
- оқу мотивтерінің қалыптастырылмауы;
- мотивациялық зейінді оқу әрекетін ерікті реттеу қабілетсіздігі;
- мектептік өмір темпіне бейімделе алмауы кедергі болады.

Оқу мотивациясы көбіне арнайы мақсатқа бағытталған жүйелі жұмыс ретінде емес, стихиялы түрде қалыптасады. Оқудың мотивациялық сферасын жүйелі басқармаған жағдайда мотивацияның регрессі, оның деңгейінің төмендеуі пайда болады, оқу іс-әрекеттің мотивтері өзінің әрекеттілігінен айырылады. (Мектептердің оқу мотивтерін тәрбиелеуге дұрыс көңіл бөлмеуі бұл мәселенің күрделілігін, әлі толық талқыланбағандығын көрсетеді) [6]. Мотивтер жас ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, кіші жастағы балалар үшін тікелей талаптандыру мотивтері, жоғары сыныптағы балалар үшін перспективті талаптандыру және әлеуметтік мотивтер үлкен роль атқарады. Ал ойдың талаптандыру мотивтері оқытудың барлық сатысында болуы қажет.

Оқушының оқуына күшті әсер ететін себептердің бірі – мотивтер. Олар дидактикалық процестің басты қозғаушы күштері болады. Әсер етіп тұрған мотивтерді зерттеу және дұрыс қолдану, жеке адамның дамуын бағыттауын мотивтерді қалыптастыру – педагогикалық еңбектің өзегі болып табылады.

Мотивтер (латынша қозғалтамын) – оқушыларды білім мазмұнын белсенді меңгертетін, өнімді танымдық іс-әрекетке ұмтылдыратын процестердің, әдістердің және құралдардың жалпы аты. Егер де оқушылардың іс-әрекетінде мотив болмаса, онда ол бейтарап процеске айналуы мүмкін. Мотив – адамның объективті мұқтаждығы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. Демек, мұқтаждық пен ынта мотивация негізі болады. Оқушылар білімге мұқтаждығын сезуі қажет, ал мұқтаждық олардың оқуға деген ынтасын көтереді.



Кез-келген іс-әрекет түрі сияқты оқу іс-әрекетінің нәтижелі жүргізілуі мотивацияның деңгейіне тәуелді екендігі белгілі. Қоғамның дамуы ең алдымен білім беру жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуына тікелей басланысты болса, білімнің алғашқы баспалдағы бастауыш мектеп болып табылады. Мұның барлығы қоғамымыздың қазіргі даму жағдайында кіші оқушылардың оқу іс-әрекет мотивтерін қалыптастыру мәселесін қайта зерттеудің **өзектілігін** көрсетеді.

Мотивацияны енді психология ғылымы аясынан қарастырсақ, адам мотивациясы жөніндегі алғашқы психологиялық теория - XVII-XVIII ғасырларда пайда болған, адам мінез-құлқын рационалистік негізде, жануарлар мінез-құлқын иррационалистік негізде түсіндіретін автоматтық теория.

Мотив және мотивация теорияларын қарастыра отырып, оның бірде мінез-құлыққа қатынасты, енді бірде, ерікке байланысты, үшіншіде, мотивация - адамның жоғары мүмкіндіктері ретінде қарастырылатындығын көреміз. Ал төртінші жағдайларда - мінез-құлықты анықтап беретін факторлар жиынтығы, бағыттаушы, қолданушы; келесі жағдайда - мотивтер жиынтығы; ал бесінші жағдайда - ағзаның белсенділігін тудыратын оның бағыттылығы, ізденуі, - деп қарастырылады.

Сонымен қоса, мотивацияны нақты іс-әрекетті, психикалық дамуды реттейтін үрдіс, қозғалыс мотиві, механизмі ретінде де қарастырады, мотив іс-әрекеттің нақты формаларын, тәсілдерін, бағытталғандығын т.б. анықтайды, іс-әрекетпен талаптануға жауап беретін үрдістер жүйесінің жиынтығы ретінде де сипатталады.

Мотивацияға берілген барлық анықтамаларды екі бағытқа топтастыруға болады:

1. Мотивацияны құрылымдық позициядан фактор немесе мотивтер жиынтығы ретінде қарастырады. Мысалы, В.Д.Шадриковтың көрсетуі бойынша: «Мотивация - жеке тұлғаның мақсаты, қажеттіліктері шартынан, жақындастық пен мұратының деңгейінен, іс-әрекет жағдайынан өмірге көзқарасынан, сенімдерінен байқалатын бағыттылығы. Осы факторлардың ықпалымен ниет қалыптасып, тапсырмаларды шешеді».

2. Бұл бағыта мотивацияны статистикалық түрде қарамай, динамикалық білім ретінде үрдіс механизмі етіп қарастырады.

Оқушыларының оқу-танымдық мотивтерін қалыптастыру туралы теориялық тұжырымдарымыз бен мәселені шешу тұрғысындағы әдістемелік ұсыныстарымыз практикалық сипаттағы дәлелділікті талап етеді.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес, зерттеу жұмыстарының жүйесі мектебіміздің бастауыш сыныптарда жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары мынадай бағыттарда іске асырылды: оқушылардың оқу үрдісі; мектеп мұғалімдерінің оқу мотивтерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекеті.

Зерттеу жұмыстардың алғашқы кезеңінде бірінші сынып оқушыларының оқу үрдісі бағыты бойынша сауалнама, бақылау, тест арқылы мотивтері тексерілді; әдістемелер нәтижелері, тапсырмалар қорытындылары;

педагогикалық ситуациялар, сабақтағы рефлексия нәтижелері жан-жақты талқыланды.

Зерттеу жұмысының екінші, яғни қалыптастыру кезеңінде оқушылардың оқу іс-әрекеті мотивтерін қалыптастыру жұмыстары екі жүргізілді және бұл жұмыстар эксперименттік топқа жүргізілді.

А.Маслоу ұсынған әдістемелер негізінде зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік қажеттіліктері мен өзін-өзі көрсету қажеттіліктері анықталды.

Осындай мүмкіндіктерді педагогикалық процесте жүйелі жүргізген дұрыс.

Әртүрлі әдістемелер жүргізулер арқылы оқушының оқу-танымдық мотивациясын қалыптастыруға болады.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныбында бейімделу деңгейін тексеру үшін, біз «бейімделушілік» деп аталатын көпдеңгейлі, жеке сауалнаманы қолдандық. Бұл сауалнамаларда бірнеше құрылымдық деңгейі бар, ол әртүрлі көлем мен сипаттағы ақпаратты алуға мүмкіндік береді (1-кесте).

Сауалнамаға 4 шкала енгізілген:

1. Жүріс-тұрысын реттеу шкаласы - психикалық-жүйке күйзелісіне бейімділігін, өзін-өзі бағалауы мен шындықты қабылдауының пара-парлығын сипаттайды.

2. Коммуникативті қуат шкаласы - коммуникативтік қабілеттерінің, ашушаңдығының деңгейін және төңірегіндегілермен қарым-қатынас орнатуға икемділігін сипаттайды.

3. Адамгершілік қалыптылығының шкаласы - әлеуметшілдігінің деңгейін, жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтауын және ұжымдағы өзінің орны мен рөлін парапар бағалауын сипаттайды.

4. Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің жеке қуатының шкаласы - (жоғарыда аталған 3 шкаланың қосындысы) бейімделудің үш тобын айқындайды: жақсы, қанағаттанарлық және қанағаттанғысыз.

Кесте 1 «Бейімдеушілік» әдістемесі бойынша оқушылардың бейімделу көрсеткіштері

№	Бейімделу түрлері	Алғашқы зерттеу оқушы	Соңғы зерттеу оқушы	Орташа мәнісі арасындағы айырмашылық
1	Жүріс-тұрысын реттеу	48,68	11,76	+33,92
2	Коммуникативті қуат	19,88	14,24	+5,64
3	Адамгершілік қалыптылығы	8,84	8,84	0
4	Жеке қуатының шкаласы	74,4	34,84	+39,56

Сонымен, сауалнамалар нәтижелерін пайдалана отырып, біз анықтауыш зерттеу кезіндегі оқушы А-ның оның соңғы зерттеу кезінде агрессивтілігі түрлерінің ерекшеліктеріне салыстыру жүргіздік. Нәтижелердің талдауы ашуыза көрсеткіші мен вербальді агрессивтілік деңгейі қалыптастырушы эксперименттен кейін төмендегенін көрсетті, бұл олардың ілгері озық дамуымен

байланысты; жанама және ауто агрессивтілік деңгейі, керісінше, жоғары, бұл тағы да шағын әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасын орнатуы қиынға соғатынын дәлелдейтін дерек, көңіл-күй байланыстарының бұзылуы реттелмеген көңіл көрінісіне жетелейді, сондай-ақ, оларға басқа адамдарға қатысты өздерін кінәлі сезіну және бөтен біреудің кінәсін өзіне артушылық тән.

«Бейімдеушілік» жеке сауалнамасының көмегімен, сондай-ақ, бейімделу деңгейіндегі айырмашылықтар да анықталды. Алғашқы зерттеу кезінде бейімделу көрсеткіші төмен деңгейіне сәйкес келеді, яғни, олардың психикалық ахуалын шекаралық есебінде сипаттауға болады, бейімделу барысы ауыр өтеді және психикалық-жүйкесінің жұқаруы ықтимал.

Қолданылған әдістемелер нәтижесін қорытындылай отырып, мынадай мәселелер ескерілуі қажет деп есептейміз:

- Оқушылардың когнитивті сияқты, әлеуметтік өрістерде де мотивтерінің бастамашылдығының көрінуіне ықпалын тигізетін сыныптағы қолайлы психологиялық ахуалдың құрылуы, осының арқасында балаларға ұстаздары секілді, оқушылар тарапынан да орын алып келген жағымсыз көзқарасты жеңудің орайы келеді.

- Балалармен жұмыс барысында мұғалімдер олардың жеке тұлғасының даму ерекшелігін ескеріп отыруы қажет.

- Ата-аналар мен мұғалімдер «мадақ реңкінің» құрылуынан сақтануы, сәбидің бала кезден-ақ, оның жарқырап көрінбейтін, шыңына жетпейтін жағдайларға кезігуі керектігін білуі тиіс. Сәтсіздік – кез келген адамның алдынан шығатын, қалыпты жәйт.

- Көңіл-күй тұрақтылығы тренингтеріне ат салысу.

Оқу-танымдық мотивациясын қалыптастыруда оқытуды ұйымдастырудың түрлі формалары мен интерактивті әдістерді пайдаланылды. Оқушылардың жеке тұлғасын дамыту, қадір-қасиеттерін арттыру, танымдық іс-әрекетті басқару икемділіктерін дамыту мақсатын көздеді. Белгіленген педагогикалық талап, дидактикалық шарттарды жүзеге асыру барысында оған қол жеткізілді.

Зерттеу барысында №1 Әдістеме барысында сауалнама жүргізу нәтижелері қалыптастыру эксперимент кезінде өзгерушілік байқалды.

Кесте 2 – Салыстырмалы көрсеткіш

№	Оқитын мектебің сені несімен қызықтырады	Алғашқы зерттеу Пайызы, оқушылар саны	Соңғы зерттеу Пайызы, оқушылар саны
1	Оқу, білім алу міндет	20% - 4бала	40 % - 9 бала
2	Достарыммен кездесу үшін	60 % - 13бала	50% - 11бала
3	Мектепке әрең келемін	15% - 3бала	0% -
4	Басқа жауаптар	10% - 2бала	10% - 1бала

Салыстырмалы көрсеткіштер нәтижесінде балалардың мектепке, оқуға қызығушылығы артқанын байқауға болады, 4 оқушыдан 5 оқушыға көбейіп, соңғы зерттеу барысында 9 оқушы болды.

№2 Әдістеме бойынша соңғы зерттеу барысында алғашқы көрсеткіштер өзгеріп, оң нәтижелерге қол жеткіздік.

Әдістеме бірінші сынып оқушыларының мотивацияларын зерттеуге арналды.

Мақсаты: Оқушының мектепке көзқарасын, мұғалімдермен қарым-қатынасын, оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау.

Зерттелген сынып: 1 а. (Барлығы-22бала). Талдау жасау барысында төмендегідей нәтиже алынды 3-кесте.

Кесте 3 – Мектепке көзқарасы

№	Деңгейлері	Алғашқы зерттеу Пайызы, оқушылар саны	Соңғы зерттеу Пайызы, оқушылар саны
1	Жоғары деңгей	19 % - 4 оқушы	41 % - 9 оқушы
2	Орташа деңгей	41% - 9 оқушы	50% - 11 оқушы
3	Сыртқы мотивация	19% - 4 оқушы	9% - 1 оқушы
4	Төмен деңгей	23% - 5 оқушы	0%

Нәтижеден балалардың мектепке көзқарасы өзгергендігі байқалды. Жоғары деңгейдегілердің саны алғашында 4 бала болса, соңғы зерттеуде 5-ке артып, 41% көрсеткішті көрсетті. Орташа деңгейдегілердің саны алғашқы зерттеуде 9 бала болса, соңғы зерттеуде 2-ге артып, 11- 50% көрсеткішті көрсетті. Төмен деңгейдегілердің саны алғашында 5 бала болса, соңғы зерттеуде мүлдем болмай, зерттеу барысындағы жұмыстардың нәтижесінде балалардың мектепке оң көзқарас қалыптасты.

Мотивтер әрекеттің танымдық, еріктік, мазмұндық қырларымен қатар жүріп, олардың қалыпты дамуына ықпал етеді. Ол оқушының ұғым-түсініктерін кеңейтуге тірек бола отырып, бірте-бірте оның ішкі қасиетіне ауысады. Оқу-танымдық, мотивациялық іс-әрекетінің нәтижелілігі, оқушының жеке қасиеттерін, білімі мен кәсіби құзіреттілігін, біліктерін дамытуда мәнді рөл атқаратын, басты факторының бірі ретінде қарастырылатын мотивтерге тәуелді келеді.

Жақсы баға мотивациясы кейде басымдылық танытады. Үлгерімі жоғары оқушы мотивациясы тапсырмаларды жақсы, дұрыс орындау, қажетті нәтиже алу, жетістікке жету ұмтылысынан айқын көрінеді.

Жоғары баға алу мотивінің жақсы оқу мотивациясына сәйкестігі, өзін-өзі реттеудің қалыптасуына жағдай жасап, сыртқы бағалаусыз оқушының оқу-танымдық әрекетінің сапалы, нәтижелі болуына бағыттайды.

Зерттеу жұмысының материалдары дайындалды. Сол әдістеме бойынша, үлгі ретінде берілген сабақтар жоспарларынан тапсырмалар мен тәсілдер негізінде жүргізілді. Мақсатты жұмыс жүргізілсе, жетістік болатындығы анықталды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ковалев А.Г. Коллектив и социально-психологические проблемы руководства. М.:2019. - 311 с.

2. Маркова А.К. Формирование мотивации учения: Книга для учителя. – М., 2020. – С. 73-81.
3. Ахметов К.Е. Менеджмент негіздері. А., 1993.- Б. 322.
4. Ахметов Н., Хайдаров Ж. Теория и технология игры. А., 1998.- С. 295.
5. Қоянбаев Ж.Б, Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000. – Б. 267.
6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. М., 2001.- С. 536.

ӘОЖ 37:573.2

## **БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ**

Джарылкапова Н.А.

Ғылыми-жетекші: Калиева А.К., аға-оқытушы

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан, nesibeli.dzharylkapova@bk.ru

Аннотация. Мектептегі биологиялық білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде оқушылардың танымдық белсенділігі деңгейінің жалпы төмендеуіне байланысты білім сапасының төмендеуі және жалпы оқуға теріс көзқарастың күшеюі байқалады. Сондықтан оқытуды ұйымдастыруға басқаша көзқарас қажет, бұл оқушы мен мұғалімнің оқу-әдістемелік өзара әрекеттесуіндегі орнын өзгертуге мүмкіндік береді. Биологияны оқытудың заманауи тәжірибесінде ойын технологиялары үлкен танымалдыққа ие болды. Оқу процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру мәселесін шешудегі басты мәселе оқушылардың танымдық қызметін жандандыру болып табылады. Танымдық белсенділікті арттырудың әдістерінің бірі-дидактикалық ойындар.

Кілт сөздер: ойын әдістері, танымдық белсенділік, дидактикалық ойындар, қызығушылық, биология сабағы.

Оқыту әдістерінің мәселесі педагогикалық ғылымда және мектепте оқыту практикасында маңызды мәселелердің бірі болып табылады, өйткені оқыту әдістері - мұғалім оқушыларды ғылым негіздерімен қамтамасыз ететін, танымдық қабілеттерін дамытатын, жеке тұлғаны дамытатын, ғылыми дүниетанымды қалыптастыратын негізгі құралдар.

Ойын әдістері-бұл оқушылардың шығармашылық және іздеу деңгейіндегі жұмысын ғана емес, сонымен қатар биологияны зерттеудің күнделікті қадамдарын қызықты етуге мүмкіндік беретін ерекше оқу құралдарының бірі. Ойынның шартты әлемінің көңіл көтеруі ақпаратты есте сақтау, қайталау, бекіту немесе ассимиляциялаудың монотонды әрекетті жасайды, ал ойын әрекетінің эмоционалдылығы оқушының барлық психикалық процестері мен функцияларын белсендіреді. Ойынның тағы бір жағымды жағы-бұл жана жағдайда білімді қолдануға ықпал етеді, яғни оқушылар алған материал өзіндік тәжірибе арқылы өтеді, оқу процесіне әртүрлілік пен қызығушылық тудырады.

Ойын-бұл білім алушы үшін табиғи және адамгершілік оқыту түрі. Ойын арқылы жасөспірімдерді оқытқанда оқу материалын ересектерге ыңғайлы етіп емес, оны оқушыларға қабылдауға ыңғайлы, табиғи түрде үйретеді.

Оқытудың ойын әдістері ғылыми білімнің әртүрлі салаларында ұсынылған және көптеген мұғалімдер мен психологтар зерттеген, қазіргі уақытта әлемнің ақпаратпен қаныққандығына байланысты ойын әдістерінің өзектілігі артып келеді. Мектептің басты міндеті-тәуелсіз бағалауды дамыту және ақпаратты таңдай білу дағдысын дамыту.

Сөздің кең мағынасында педагогикалық ғылымдағы «әдіс» дегеніміз педагогикалық мақсатқа жетудің ең жалпы тәсілдерінің жиынтығы деп түсініледі. «Қабылдау» - педагогикалық міндетке қол жеткізуге байланысты жеке алынған педагогикалық іс-әрекеттер. Осылайша, педагогикалық әдіс ретінде ойын әр түрлі іс-әрекеттегі балалардың белсенділігін ынталандыруға ықпал етеді және материалдық және рухани нәтижелердің жетістіктерімен байланысты мақсат қоюды қамтиды. Қазіргі мектепте ойын әдісі кең технологияның элементі ретінде, сыныптан тыс жұмыс технологиясы ретінде қолданылады [1].

Ойын келесі түзету-дамыту, түзету-тәрбие және білім беру міндеттерін шешеді:

- баланың танымдық іс-әрекетін дамыту;
- эмоционалды-еріктік саланың дамуы;
- қоршаған әлем туралы идеяларды байыту;
- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру;
- мәдени мінез-құлықты қалыптастыру;
- мотор саласын, соның ішінде ұсақ моториканы дамыту;
- қорқыныш пен жағымсыз эмоцияларды тыя білу.

Ойын әдісінің мақсаты-баланың қоршаған өмірге сәтті бейімделуіне, тұлғаны түзетуге және дамытуға жағдай жасау [2]. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін сабақтарда және сабақтан тыс уақытта келесі ойындар қолданылады:

- а) дидактикалық;
- б) сюжеттік;
- в) рөлдік;
- г) театрландырылған;
- д) жылжымалы;
- е) конструктивті.

Педагогикалық ойындар – белгілі бір тәрбиелік мақсатты көздейтін және соған сәйкес педагогикалық нәтиже беретін ойындар. Педагогикалық ойындар әр түрлі және былайша жіктеледі:

- дидактикалық мазмұнына қарай;
- ұйымдық құрылымға қарай;
- балалардың жас ерекшеліктеріне қарай;
- мазмұнның ерекшелігіне қарай.

Оқыту әдісі аясында қолданылатын ойындар оқушыларға педагогикалық әсер ету түріне қарай жіктеледі және белгілі бір қызмет атқарады [3]:

1. Дидактикалық ойындар – ақыл-ой кемістігі бар оқушының танымдық іс-әрекетінің құралдарының бірі. Дидактикалық ойындар бақылауды, зейінді, есте сақтауды, ойлауды, сөйлеуді дамытады, оқудың тиімділігін арттырады.

2. Рөлдік ойындарда балалар рөлдердің көмегімен ересектердің өмірін, олардың қарым-қатынасын, қызметін бейнелейді. Ойын барысында оқушы әлемді танып, әлеуметтік тәжірибені үйренеді. Оқуға деген ұмтылыс, жұмыс істеу қабілеті мен қалауы, сондай-ақ моральдық қасиеттер тәрбиеленеді, сөйлеу қоры байытылады.

3. Театр ойындары-рөлдік ойындардың бір түрі, бірақ олар алдын - ала дайындалған сценарий бойынша дамиды, оның негізінде ертегі, әңгіме мазмұны жатыр. Бұл ойындар мұғалімнің режиссурасын, ал баланың репликаларын айтуды талап етеді.

4. Қозғалмалы ойындар моторика, яғни қозғалыс бұзылыстарын түзету құралы ретінде қызмет етеді, өйткені балалардың кейбіріде қозғалыс бұзылыстары кездеседі.

5. Ақыл-ойы бұзылған балалар үшін конструктивті ойындар әртүрлі заттардың пішінін, көлемін, мөлшерін қабылдауды дамыту құралы ретінде қызмет етеді. Конструктивті ойындар барысында балалардың кеңістіктік бағдары, сондай-ақ ұсақ моторикасы дамиды.

Жаттығу ойындары оқушылар үй тапсырмаларын орындаған кезде де орын алуы мүмкін. Мысалы, кроссвордтар. Оқу кроссвордының ойын және оқу тапсырмасын қамтитын дидактикалық ойын екендігіне сүйене отырып, кроссвордтардың бірнеше түрін қолдануға болады: танымдық, жалпылама. Танымдық (немесе оқытушы) - оқулықтың параграфы немесе беттері (мәтінді, суреттерді, схемаларды, сұрақтарды, қорытындыларды, тестілерді пайдалана отырып) бойынша жасалады. Оның мақсаты белгілі бір білімді, дағдыларды, дағдыларды игеруге бағытталған. Жалпылама-оқушыларға биология сабағының келесі тақырыбын оқығаннан кейін, қорытындылау, себеп-салдарлық байланыстарды нақтылау, қорытынды тестілеуге дайындық мақсатында ұсынылады.

Терминологияны дамыту үшін кроссвордтарды жиі қолдану ұсынылады. Мысалы, оқушылар үйге берілген тақырып бойынша кроссворд жасай алады. Келесі сабақта оларды топтарға бөлініп немесе жеке - жеке шешуге болады. Кроссвордты бекіту кезеңінде де қолдануға болады. Балалардың көпшілігі мұндай жұмысты жақсы көреді, ол оларды шаршатпайды, сонымен бірге қызықтырады, бастамашылық, тапқырлық, шығармашылық көрсетуге мүмкіндік береді.

Биология оқушылардан үлкен сөздік жұмысын талап етеді. Көптеген терминдерді есте сақтау қажеттілігі, олардың мағынасы мектеп оқушыларына жиі қиындық тудырады. Осыған байланысты ребустар керемет жаттықтырушы ойын.

Сондай-ақ, оқушының жеке мүмкіндіктерін өзін-өзі тексеруге арналған ойындар ұсынылады. Бұндай ойындар сонымен қатар зейінді дамытады; балаларды уақытты бағалауға, көзді дамытуға, байқауға, шығармашылық

қабілеттерге бейімдеуге үйретеді. Балалар ойынға қызығушылық танытады, олардың көмегімен балалар әртүрлі қиындықтарды, кедергілерді өз бетінше жеңеді.

Оқушыларға мәтіндермен ойын түрінде жұмыс істеуге ұсынылады. Мұндай ойындарды өткізу үшін арнайы жабдық қажет емес, олар аз уақытты алады, бірақ жақсы нәтиже береді.

Сондай-ақ жарыс ойындарын өткізуге болады. Жарыс ойындарын өткізу өте маңызды, өйткені оқушылар өз жұмысының нәтижесін, сондай-ақ олардың оң және теріс жақтарын бірден көреді. Мұндай ойындар көбінесе жеке немесе топтық жарыс болып табылады, бұл көптеген ерікті қасиеттерді тәрбиелейді: тәуелсіздік, табандылық, ұстамдылық, шыдамдылық, жеңіске деген ұмтылыс. Оқушылар үшін бәсекелестік ойын қоршаған ортамен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін эмоционалды деңгейдегі нақты жағдайларға еліктеу ретінде әрекет етеді.

Оқу-тәрбие процесінде ойын әрекеті маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Ойын мен оқыту элементтерінің үйлесімі мұғалімге балаларға қажетті ақпаратты жеткізу процесінде үлкен көмек береді. Бір ойынды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Алайда, мұның бәрі мұғалімнің нақты жұмыс жағдайларына байланысты. Есте сақтау керек, ойындардың тартымдылығы мен тиімділігі үшін пропорция сезімін білу керек, әйтпесе олар оқушыларды шаршатады және эмоционалды әсердің балғындығын жоғалтады.

Ойындарды қолданудың сәттілігі, ең алдымен, мұғалімнің сыныпта жасайтын сөйлеу қарым-қатынасының атмосферасына байланысты. Оқушылардың осындай қарым-қатынасқа үйренуі, мұғаліммен бірге бір процестің қатысушылары болуы маңызды.

Әрине, биология сабағы тек ойын емес. Жалпы ойын атмосферасының және ойындардың арқасында пайда болған мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасының сенімділігі мен жеңілдігі жігіттерді маңызды әңгімелерге, кез-келген нақты жағдайларды талқылауға итермелейді [4].

Биологияны оқытудың мектеп тәжірибесіне келесі ережелерді енгізген жөн:

- Мектептегі биологияны оқыту процесі оқыту ойындарын қамтитын дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту әдістерін қамтуы керек;
- Оқу ойыны әр оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруі керек;
- Тиімді болу үшін биологияны оқытудың барлық кезеңдерінде жаттығу ойынын біртіндеп (қарапайымнан күрделіге дейін) енгізу керек;
- Өзін-өзі оқыту негізінен проблемалық, белсенді ойын болуы керек, онда әр оқушы қызықты коммуникативті-танымдық оқу міндеттерін шешеді, яғни бәрі оқушының оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде шоғырланады.

Адамның адамгершілік қасиеттеріне ең алдымен дұрыс амандаса білу, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болу, өзара сыйласу, қарапайымдылық, кішіпейілділік, салмақты да сабырлы болу, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу жатады.

М. Дулатов «... жалғыз құрғақ білім үйрену емес, біліммен бірге ұлттық тәрбиені қоса беру, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару. Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады» деген.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Ол үшін ең әуелі ұрпақтарымызды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек.

ӘОЖ 371.21

## **ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

Жакипбекова М.К.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы  
бойынша білім беру бөлімінің «№6 орта мектебі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан, madinaks@bk.ru

*«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен  
байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі  
жаңа білім беру өте қажет»  
тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев*

XX - ғасырдың соңындағы қоғамда болған өзгеріс жалпы білім беру жүйесінде де күрделі серпілістер әкелді. Мемлекетіміздің дүние жүзілік білім беру кеңістігіне шығуы, Қазақстанда осы кезеңге дейінгі қалыптасқан тарихи жағдайларға, жинақталған құндылықтарға және қоғамның түбірімен өзгеруіне байланысты қазіргі уақытта мектепте физика пәнінің білім беру мен тәрбиелеу

мақсаты жаңаша көзқарас алды.

Физика ғылымының жеткен жетістіктері өндірісті механикаландыруда, энергетикада, автоматтандырылуда және жаңа материалдарды жасауда пайдаланылуда. Өндірістің техникалық жағынан қарулануы – кешенді механикаландыру мен автоматтандырылу, есептеу техникасының енуі жұмысшыдан физика ғылымының негізін біліп, оны политехникалық сипатта қолдану дағдысы мен біліктілігін қалыптастыруды талап етуде.

Сондықтан қазіргі қоғамда әлеуметтік жағынан бейімделу үшін адам баласына тек білім ғана емес, алған білімін күнделікті өмірде, практикада шығармашылықпен қолдана білуді қажет етеді.

Қазіргі заманғы «физика» оқу пәнінің негіздерін қалыптастыруда қоғамның дамуының екі мақсатын ескеру қажет:

а) өмір сүруге қажетті дүниежүзілік және жалпы ұлттық проблемаларды шешу;

б) жоғары технологиялармен қамтамасыз ететін ғылыми-техниканың жаңалығын қолдану.

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде физиканың маңызды орын алуы ғылыми- техникалық прогрестің үздіксіз артып отыруына байланысты емес, табиғаттағы басқа да ғылымдардың дамуында алатын орнына байланысты болып отыр. Физика химия, биология, астрономия мен тығыз байланыста болғандықтан, оның негізгі әдістерін осы ғылымдарда қолданады. Осының барлығы жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыларды физика курсы бойынша дайындауда ерекше орын алады. Сонымен қатар қазіргі нарық жағдайындағы қоғам өте сапалы мамандарды қажет етуде, ал бұл өз кезегінде мектептердегі білім берудің маңызын арттыра түсуде.

Бүгінгі таңда еліміздегі және әлем кеңістігіндегі физикалық білім берудің басым бағыттары ретінде:

– оқушыларды іргелі физикалық теориялардың негіздерімен таныстыру, игерілген білімдерін бақыланатын құбылыстар мен үдерістерді түсіндіруге қолдана алу біліктілігін қалыптастыру;

– оқушылардың ғылыми ойлауын және дүниетанымын, әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыру;

– оқушыларды болашақ кәсіпті таңдап алуға дайындау, олардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту, білім алуға ынталандыру, қазіргі заманғы өркениеттегі физиканың рөлін ашу;

– оқушылардың ақпаратты сын көзімен ой елегінен өткізе алу, түсіндіре алу, түрлендіре алу, игеру, оның ғылыми сапасын бағалай алу сияқты қабілеттіліктерін дамыту болып табылады.

Физика пәнін оқытуда күтілетін нәтижелерге жету практикалық және ойлау іс- әрекетінде, белсенді қарым-қатынас жасауда көрініс табатын оқушылардың білім, білік, дағдыларының тереңдеуіне әкеледі және нақты жағдайларда өзінің мүмкіндіктерін бағалау арқылы таңдауды жүзеге асыра алу біліктерінде пайдаланылады.

Білім алушының жетістіктері МЖМББС-да белгіленген күтілетін

нәтижелер жүйесі түріндегі оқу іс-әрекеттері түрлерін игеру сапасын бағалау жолымен анықталады.

Күтілетін нәтижелердің орындалуы пәндік білім, білік және дағдыларды пәндік, түйінді және базалық құзырлықтардың құрамды компоненттерін белгілі бір контексте интеграциялауды көздейтін оқу іс-әрекеттерінің әр түрлерінің сипаттамасы болып табылады.

Күтілетін нәтижелердің көпдеңгейлі жүйесін жобалауда

а) мәдени үйлесімділік,

ә) табиғи үйлесімділік,

б) іс-әрекеттік тұрғыдан қарау,

в) жүйелілік,

г) практикалық бағытталғандық қағидалары басшылыққа алынады.

Физика пәнін оқытуда білу, түсіну, қолдану, білік түрінде берілетін игеру деңгейлерінің иерархиясы білімді игерудің толық үдерісін сипаттайды.

Сондықтан физика пәні бойынша оқушылардың оқу жетістігі келесі күтілетін нәтижелер арқылы сипатталады:

– табиғат құбылыстарының және жасанды орталардағы үдерістердің өту барысын талдайды;

– адам мен табиғаттың өзара әрекеттесу аясындағы ғаламдық және аймақтық проблемаларды, экологиялық проблемалардан туындайтын қатерлерді азайту қажеттігінің құндылығын түсінеді;

– игерілген білімдері мен біліктерін күнделікті өмірде, химиялық және биологиялық құбылыстардың қандай да бір қасиеттерін сипаттау үшін пайдаланады;

– игерген білімін басқа жаратылыстану пәндерінен игерген білімдерімен ұштастыра отырып, адамзат қызметінің әр түрлі саласында қолданады.

«Физика» пәнінен білім берудің бұл мақсаттарына жетудегі мүмкіндіктері жеткілікті, ол оның қоршаған ортаны, қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін танып-білудегі мәнімен анықталады.

Қазіргі оқу жүйесінде әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде бағалағандықтан, мұғалім білімнің нақты көзі емес, оның ұйымдастырушысы болып табылады. Мұғалім сабақтарда адамның табиғатпен өзара қатынасына байланысты жалпыадамзаттық мәселелерді, адамның әлемдегі және ғаламшардағы орны мен қатысуына дайындау қажет. Бұлардың біріншісі пән мазмұнын белгілі бір ретпен құру арқылы шешілетін болса, екіншісі тек білім мазмұны арқылы ғана емес, белгілі бір түрде жоспарланған оқыту формалары, әдістері және құралдары арқылы жүзеге асады. Жаңа ұғымдар тәжірибе деректерін талдау негізінде енгізілгені орынды болады, ал бұл қарастырылатын ұғымдардың оқушыларға түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Бұл сынып оқушыларына қиын материалды түсіндіргенде, таза дәлелдемелерге қарағанда көрнекілікке, көркемділікке, нақтылыққа көбірек назар аударған абзал.

Қолданбалы материал теориялық материалды зерделеу кезінде қарастырылғаны дұрыс. Оның мазмұны, негізінен, адамзат қоғамындағы жаратылыстану ғылымдарының ролін көрсетуге, оқушылардың ғылым

жетістіктерін әр түрлі көзқарас тұрғысынан бағалай алуға, ғылыми-техникалық прогреске байланысты туындайтын экологиялық проблемаларды түсінуге бағытталатын болады.

Оқу пәнінің әрбір бөлімі қорытынды сабақтармен аяқталады, онда оқушылардың теориялар мен әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы білімдері жүйеленеді. Бұл сабақтардың мақсаты – теориялардың қолдану аясын және олардың қазіргі заманғы әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесіндегі орнын көрсету болып табылады.

Оқушылардың қабілеттіліктерін дамытудың маңызды факторына арнайы қызығушылықтары жатады. Адам қызметінің белгілі бір саласына қызығушылық оқушыны осы қызметпен болашақта айналасуға деген бейімділігіне жалғасуы мүмкін. Қандай да бір оқу немесе еңбек іс-әрекет түріне қызығушылықтың туындауы оған деген қабілеттіліктердің пайда болуымен тығыз байланысты және олардың дамуының алғышарты болып табылады.

Адам өміріндегі шығармашылық, ізденіс әрекеттері түрлі есептерді шешумен тікелей байланысты. Оның ішінде, оқушылардың оқып-үйрену үдерісінде табиғаттың жалпы, және ең бастысы – іргелі де, негізгі заңдарын қарастыратын физика ғылымы есептерін шығару, түрлі ғылыми тәжірибелер мен жобаларды қою мен қорғау аса маңызды болмақ. Физика ғылымы қоршаған әлемнің сансыз құбылыстарында орын тебетін табиғаттың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Физиканың зерттеу ауқымы, оқыту технологиясы өте кең, сондықтан ол қоршаған әлем жайлы білімнің маңызды көзі болып табылады.

Физика адамзаттық мәдениеттің маңызды құраушысы ретінде тек ғылыми-техникалық қана емес, гуманитарлық потенциалға ие болып отыр. Сөйтіп, мектеп физикасы дүниетанымдық қызметпен қатар, дамытушылық және тәрбиелеушілік қызметтерді де қоса атқарады. Бұлар мектептегі физика курсынан білім берудің ең басты мәнін анықтайды.

Мектепке арналған физика курсының мәнділік қызметінің мазмұнына орай бұл пәнді жаңа технологиялық әдістерді пайдалана отырып оқытудың негізгі мақсаты мынаған саяды: оқушылардың ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту; физиканың қазіргі қоғам өміріндегі және жалпы адамзат мәдениетін дамытудағы рөлін ашу; табиғатқа ғылыми көзқарасты бекіту; адамның дүниеге қатынасына, жеке тұлғаның құндылық жүйесіне, физикадан берілетін білімді түрлі мәселені шешуге шығармашылықпен қолдануға алғы шарт болатын әлеуметтік мәні бар біліктер мен дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру.

Негізгі мектептің физика курсының бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың практикалық әрекетіне үлкен мүмкіндіктер туғызады. Бұл курс оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, байқаулар жүргізу мен эксперименттік тапсырмалар орындау іскерлігін қалыптастыруға бағытталған. Мұнда зертханалық жұмыстар ерекше орын алады. Оқушылардың білімдері мен біліктілігіне қойылатын талаптар іргелі физикалық теориялар құрылымына сәйкес жүйеленгенін көреміз.

Жаңа технология бойынша ұстаз өзі сабақ беріп жүрген пәнінің мазмұнын анықтап, оқушының еріксіз білуі тиіс материалды сұрақ түрінде жазып, мақсаттарын анықтайды. Осы мақсаттардың мазмұнына қарап, топтап, технологиялық картаға орналастырады.

Оқу үрдісінде болып жатқан өзгерістерден бізде тыс қалмаймыз. Сол үшін оқытудың жаңа түрлерінің бірі – сабаққа оқытудың жаңа технологиясын енгізу. Оның мақсаты - оқушының ізденуін, сабаққа қызығуын, ойлауын, пікір таластыру қабілетін іске асырып, күшейту. Қазір біздің республикамызда көптеген мектептер осы жаңа технологияны басшылыққа алып істеуде, оның нәтижесін де көруде. Мәселен, оқытудың жаңа технологиясы негізінде I деңгейден II деңгейге өту әдісін алуға болады. Мұның өзі оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін, белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын, білімін белсенді түрде еріксіз өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылдырады.

Жаңа технологияда оқушы өз жұмысын ең төменгі деңгейдегі тапсырманы орындаудан бастайды. Бұл тапсырмалар төрт түрге бөлінеді:

- А) Репродуктивті Ә) Алгоритмді
- Б) Эвристикалық В) Шығармашылық

**Репродуктивті деңгей** – бұл бәріне бірдей білім негізінде берілетін тапсырмалар. Бұл деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдері мен оқулықтағы бар мәселелерге байланысты құралады. Сол үшін оқушы бұл деңгейдегі тапсырманы орындағанда көп ойланбай, тез жауап беруі тиіс.

**Алгоритмді деңгей** – оқушы мұғалімнің түсіндіргені бойынша қабылдаған жаңа материалды пайдаланып, тапсырманы орындайды.

**Эвристикалық деңгей** – оқушы өзі ойланып, ізденіп қосымша әдебиеттерді пайдаланып жауап береді. Бұл тапсырманы орындағанда оқушының қисынды ойлау қабілеті қызмет атқарады.

**Шығармашылық деңгей** – оқушы өзінің белсенділігін көрсетеді. Жаңа тақырыпты оқушы өзінің ізденуі арқылы шығармашылыққа ұмтылады.

Физиканың қазіргі курсының ғылыми-әдістемелік идеялары оқушының өз ойы, пікірі бойынша жұмыс істеуді үйретуді талап етеді. Ал бұрынғы әдістеме бойынша оқушы сабақ бекітуде, өткен сабақты қайталау кезінде сұрақтарға жауап беріп қана қоятын, ал қазір кейбір факторларды, физикадан алған білімдерін тұрмыста және техникада қолдана алады.

Физиканы оқыту әдістемелері оның мазмұны мен оқыту әдістерін анықтайды. Оқушының зейінін, пәнге деген ынта-ықыласы белгілі бір сабаққа аудару және зейіннің тұрақтылығын қалыптастыру үшін шаралар қолдану қажет. Мұндай шараларға сабақты өткізудің әр түрлі әдістерін жатқызуға болады. Мұғалімнің әңгімелеуі, тәжірибелерді көрсетуі, лабораториялық жұмыстар, оқулықпен және дидактикалық материалмен өзіндік жұмыс, эксперименттік есептерді шығару, кестелерді, кино және диафильмдерді көрсету, оқушылардың хабары, сұрақ-жауап, тестік тапсырмалар, тағы сол сияқты әдістерді лайығына қарай кезектестіріп отыру керек.

Физиканы оқытудың алғашқы басқышында сабақтың ең жақсы түрі -



әңгіме-сабақ болатыны анықталған. Мұғалім сабақты көрсету арқылы түсіндіреді, оқушылар бұған белсене араласып, сұрақтарға жауап береді, тәжірибелерден өзіндік қорытынды жасайды, құбылыстарды түсіндіреді.

Физиканы оқытудың жаңа технологиясына қойылатын жалпы талап дамыту мақсатындағы оқытуды қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі алға қойған мақсат оқушылардың физикалық ойлауын дамыту, олардың физикалық есептерді өздігінен шығара білуін қалыптастыру үшін проблемалық оқыту әдісін қолдану қажет. Кейбір мәселелерді оқып үйренгенде проблемалық жағдайлар туады. Оқушы өзін зерттеушінің орнына қояды да, өздігінен проблеманы шешеді, яғни оны дәлелдейді, тәжірибе жасайды. Оқушы жаңа есепті өзінде бұрыннан бар біліммен шығарады. Есеп шығару барысында оқушы алдына қойылған проблеманы шешу іске асырылады.

Көрсетілген тәжірибелер және лабораториялық жұмыстар арқылы оқушыларды ғылымдағы зерттеудің эксперименттік шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру. Экспериментті қою үшін мұғалімде қандай да алгоритм болуы тиіс. Үнемі сол мақсатты ұстауы және оқушыларды соған үйретуі керек. Мұғалімнің бақылауымен, басшылығымен жүргізілген жұмыстар оқушының физикаға деген сүйіспеншілігін дамытудағы әсерлі құрал бола алады. Қосымша әдебиеттерден оқитын, үйде бақылау және тәжірибе жүргізетін және алған мәліметтерін жауап бергенде пайдаланатын, баяндамалар, хабарламалар жасайтын, әзірленген приборларды көрсете алатын оқушылармен жекелей жұмыс жүргізу керек.

Берілген тапсырмаларды қаншалықты деңгейде орындағанына қарап, оқушы өзіне-өзі баға береді. Мұның өзі білім берудегі демократиялық критерий. Жаңа технология физика сабағының сапасын жоғарылатады және пайдалы жақтарын көрсетіп береді.

Әрбір оқушы өз біліміне, психологиясына байланысты өзінің алдына қойған мақсатына шыдамдылықпен жетуін қалыптастырады. Әрбір тапсырма олардың тәртібі мен мінез-құлқына әсер етеді, бастаған ісін толық аяқтауға және жауапкершілікпен қарауға тырысады. Мұндай әдістер оқушыны шығармашылықпен ізденуге, жұмыс істеуге ұмтылдырады. Сол үшін оқушыларды жаңа технология әдістері бойынша физика пәнін оқытудың маңызы зор.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдысын қалыптастыру. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың сабаққа қызығуын арттыру, өздігімен білім алуға құштарлығын таныту. Оқушыларды танымдық қабілетке жетелеу, олардың оқу еңбегін арттыру үшін дидактикалық материалдарды көбейту, күрделі физикалық есептерді шығару үшін, сұрақтарға жауап беру үшін негізгі формулалары мен заңдылықтарды пайдалана білуге үйрету. Оқушыларды физика пәнінің негізінен алынатын эксперименттік жұмыстарды бақылау және оларды сипаттайтын негізгі заңдылықтарды айқындау жөніндегі тапсырмаларды орындауын бақылау. Осылайша оқушының білім деңгейін саралау мақсатында қолданылып жүрген «жаңа педагогикалық технология» әдістеріне физика

сабақтарында да орынды қолданып отыру керек.

Мектептің жоғарғы сатысындағы физика курстары негізгі ІХ – ХІ сыныптарда оқылатын жүйемен және сол мазмұнда жаңартылып, толықтырылып, оқушыға түсінікті де терең білім беретіндей болып қайта құрылғаны абзал, себебі көптеген зерттеулер, оқушылардың халықаралық физика олимпиадасы, осы кездегі физика курсының бағдарламасы дамыған елдердің бағдарламасына сәйкес келе бермейді. Сол себепті дарынды оқушыларды қарастырылып отырған бағыттар бойынша таңдау анықтау мақсатында диагностикалық зерттеулер жүргізіп, оқытуды іске асыру керек.

**Қазіргі технологияны қолдану дегеніміз** – келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан- жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ»ДББҰ, 2012.
2. Жексенбаева Ү.Б. «Балалардың дарындылығын диагностикалау», Алматы: «РАДиАЛ» баспасы, 2005ж.
3. Жексенбаева Ү.Б. «Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру», Алматы: «РАДиАЛ» баспасы, 2005ж
4. // Дарын. Ақпарат-әдістемелік жинақтары. –Астана, «дарын»РҒПО. 2003-2008жж.
5. // Одаренный ребенок. Ғылыми-практикалық журнал. – Москва,2004-2008жж.
6. Дарынды оқушыларды дамыту тұжырымдамасы
7. Ж. Әбикеев. Педагогика тарихы. Алматы. 2006.

ӘОЖ 373.3 (574)

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ БАУЛУ**

Жақсығұл Ж.Б.

Ғылыми жетекші: Базарбек Б., сениор-лектор, магистр  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: zh.zhaksigul003@gmail.com

Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған «Орта білім алу міндеттілігі» қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабын оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл тұлға қалыптастыруын қойып отыр.

Ел Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан-2030» жолдауында

«Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерін, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады...» деген сенімі жай айтылған сөз емес. Бүгінгі білім беру талабына орай білім беру мазмұны, мақсаты қайта қаралып, түбегейлі жаңартылуы керек.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу-әрбір ұстаздың басты міндеті. Қайсыбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрлерін пайдаланса, кейбірі жаңашыл педагогтардың тәжірибесін қолданады. Қай әдісті пайдаланса да мақсат - бағдарламадағы материалдың мазмұнын шәкірт бойына сіңіру, пәнге ынтасын, қызығушылығын тәрбиелеу.

Бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік - дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дайындаудағы басты мақсаты - оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу.

Мұғалімнің әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Бұл аталған талаптармен бірге мұғалімнің күнделікті өтілетін әрбір сабағы ғылыми түрде негізделіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс. Осы талаптардың орынды атқарылуында ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлшынысын ұдайы дамытып әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастыра біліп, оқытудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білгенде ғана бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеті дами түседі.

Шығармашылық дегеніміз-адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі.

Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі.

Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн. Шығармашылыққа үйрету үшін мынадай жағдайларды ескеру тиіс.

Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назары бір нәрсеге бағытталуы керек.

-Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үлесуі керек.

- Оқушының шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу.

- Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру қажет.

Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіру керек.

Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде, түрлі лингвистикалық жаттығулардың да ролі зор. Сабақ үстінде материалды салыстырып қарама-қарсы қою әдісі арқылы да ұғындыру өз нәтижесін береді.

Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсіл көмегімен өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауын және қиялын, ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы балалардың ортасынан қабілеті жоғары бала іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тану, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру-әрбір мұғалімнің негізгі міндеті.

Сондықтан оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.

2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.

3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу /ана-грамма, сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар т.б./

4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс /кері есеп қарастыру, мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме, мәтін құру, т.б./

5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

6. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.

7. Ой шапшандығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

8. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Ал сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың жұмыс түрлері.

1. Әр түрлі кездесулер өткізу.

2. Әр түрлі тақырыптарда сайыс, пікірталастар өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жазу.

3. Балаларға арналған журналдарға жаздырып, оны сабақ кезінде үнемі пайдалану.

4. Әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинау, реферат жазу.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу оқушының шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды

тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу.

2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу.

3. Шығармашылық іс-әрекетке жағдай тудыру.

Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулитын жұмыстардың әр түрлері бар. Мысалы, өлең құрастыру, ертегі, әңгіме құрастыру және сөз өнері.

Ең алғаш «ұйқас» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, оқыған өлеңдегі ұйқастарды тауып, қалай жазылып тұрғанын талдаудың мәні зор. Содан кейін өлең құрастыруға жаттығу есебінде мына төмендегідей жұмыс жүргізуге болады:

Жұмыстың немесе ойынның аты «Лимерик». Бұл ойынды Эдвард Лир деген ағылшын ойлап тапқан.

Ойынның шарты: белгілі бір құрылымға бағынатын мазақтама, күлдіргі өлең шығару. Ол құрылым бойынша өлең бес тармақтан тұруы шарт. Сонымен әр тармақта сілтеме беріледі.

Айталық, бірінші тармақ - кейіпкер, екінші тармақ - кейіпкерге мінездеме, үшінші, төртінші тармақ – қимыл - әрекет, оқиға, бесінші тармақ - оқиғаға авторлық көз қарасы, кейіпкердің іс- әрекетіне бағасы.

Ертегі, әңгіме құрастыру - Алғашқыда сурет бойынша әңгіме құрудан басталған бұл жұмыс бірте-бірте күрделене түседі. Бұдан соңғы кездерде оқыған ертегінің мазмұнына сәйкес әңгіме құрастыру сияқты болып жалғаса береді. Тек бұл жұмыс тұрақты түрде жүргізіліп тұруы керек.

#### **Ауызша суреттеу.**

Алғашқы кезде қиындау тиеді, өйткені, ол ауызша айтуға әлі дағдылана қоймаған. Үйде ол оқығанын не өзіне, не ата-анасына айтпайды. Тек оқыл шығумен шектеледі. Бұдан баланың өз ойын айтуы, оны әртүрлі сөздермен жеткізіп, ұйқасын келтіреді.

#### **Диафильм құрастыру.**

Диафильм - суретті шығарма. Суреттер тірек ретінде пайдаланылады.

Енді оқушылар жоғарыда сөз етліген ауызша суреттеуді қағазға бейнелейді.

Ол арқылы оқыған шығармаға деген өз көзқарасын, сезімін білдіреді.

Диафильм құрастыру оқушылар алдына төмендегідей мақсаттар қоюдан басталады:

- тақырыпты қызықты эпизодтарға бөл.
- Диафильм кадрларының ретін көзіңе елістет

- Оларды альбом бетіне сал.
- Кадрлардағы сюжеттер бойынша әңгімелеп бер.
- Егер қиындық туғызса, әр кадрға қысқа текст құрастыр.
- Кадрлар бойынша әңгімеле. Әңгіме толық мазмұнды болсын.

Кадрлар бойынша әңгімелету баланың байқағыштығын, ойын, тілін дамытады. Негізгі анықтай білу, лигоканы есте қатаң сақтау, өз ойын жүйелеп айта білуге үйретеді.

### **Драмалау**

Драмалау - баланың қабілеттерін дамытудың негізгі кілттерінің бірі.

Балалар шығарманың кейіпкерлеріндей өздерін сезіну арқылы тәжірибе жинақтайды, мінез-құлығын қалыптастырады. Оқушыларды шығармашылық жұмыстың мұндай түріне тарту арқылы олардың қоршаған дүниеге деген көзқарасын қалыптастыруға, сезімдерін, қабілеттерін дамытуға болады. Драмалау балалардың ойын, тілін дамытады.

Сөз өнері - өнердің биік шыңы. Ұлы ұстаз А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша "Сөз өнері - адам санасының үш негізіне: ақылға, қиялға, көңілге сүйенеді" деген. Ендеше, сөз өнерін меңгерту үшін осы үш істі бірлікте қарастыруымыз керек.

1. Балаларға қысқаша ертегі, әңгіме оқып, қызық жеріне келгенде үзіп, /"Контексті үзу" тәсілі/ өз ойынша аяқтауды оқушыға тапсыру.
2. Сөздік ойындар.
3. Ұйқас ұсыну арқылы өлең шығару.
4. Берілген мәтіндегі бір бөлікті өзі ойдан шығару /басы, аяғы, соңы/.
5. Берілген тірек сөздер арқылы қызықты мәтін құрастыру т.с.с.
6. Тірек-сызбалар, символикалық белгілер, суреттер арқылы ертегі құрастыру.

Сондай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Болашақ данышпандарды тәрбиелейтін, дарындылардың талантының көзін ашатын бірден бір орта-мектеп. «Білім –теңіз, мектеп-кеме» демекші, оның тереңіне сипатын жетік білетін, сырын менгерген, құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын- мұғалім.

Олай болса, қоғамымыздағы әрбір адам өз ойын өз тілінде-өз ана тілінде білдіріп, білімнің жемісін сол тілде таратады. Халықтың мәңгі ғұмыры-тілінде. Ендеше білім беру мен тәрбиеге қатысты нәрсенің бәрі де шығармашылыққа бет бұруы керек.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың қай пәнде болсын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту, олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойын, ынтасын арта түседі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Білім, 2015. – 265 б.
2. Дарынды оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру. // Ә.Мүсілімұлының 70 жылдығына арналған «Сапалы білім беру – Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізі» тақырыбындағы республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция жинағы, Қызылорда, 2016.
3. Едігенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығына қалыптастыру. Дисс. на соиск. канд. наук. – Алматы, 2014. – 146 с.
4. Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведение человека.- М. Просвещение, 2014. - 317 с.
5. Шығармашылық дербестікті қалыптастыру. Қазақстан мектебі №10, 2007-31 б.
6. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы. “Ғылым”. 2012г.

УДК 81'243

### **SIGNIFICANT ASPECTS OF USING INFORMATION TECHNOLOGY (QR CODES) IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES**

Жандильдинова А.М., Илиясова А.Қ., Жанаева Ж.А.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, Казахстан

e-mail: araily.zhan25@gmail.com, arailym001@mail.ru, zhuldyz.zh.a@mail.ru

Modern digital technologies have been linked with the process of teaching foreign languages for a long time. These are intellectual tools that mediate teaching and learning. The scope of information technology in language teaching is unusually wide. A computer or a tablet is effectively used to get acquainted with a new language material, train it and improve skills and abilities. The latest technologies are used in a wide variety of communicative tasks and situations, taking into account the personal characteristics of the learners. All information technologies are divided into training, developing, educational types of technologies. The process of learning and using technologies is developed to improve actively the cognitive functions of students.

Educational technologies are designed to expand the cognitive resources of all users and meet their intellectual needs. The introduction of information technology transforms the education of students into a more active, constructive, interactive way. The process of education in the informative environment is explained by the fact that students have the opportunity to focus on the cognitive process in the direction they are interested in. It becomes constructive due to its self-organization, when goals and objectives, methods of implementation are not imposed by the teacher. The teaching

acquires an interactive character due to interaction in the Internet community of users with similar interests [1].

New trends in the development of the Internet open up unlimited opportunities for instant access to a great amount of resources. The integration of technical devices and, above all, the Internet and mobile communication, opens up real prospects for the permanent online presence of the user in social environment with a flow of unlimited knowledge. Under these conditions, English becomes the working language of a multicultural virtual society. In modern realities, education has long gone beyond the classroom. Social services combined with information and reference materials, online translators, videos and podcasts make the Internet an indispensable educational resource. Distance learning, which is popular today, either complements the learning process in the classroom, or aims to achieve special goals in accordance with the diverse needs of students. The goals and objectives are determined by the students themselves, depending on the social environment in which they live and act, as well as depending on the information flows that form the attitudes of students in the virtual community.

Mobile technologies and, in particular, the use of QR codes that can correspond to the agenda of modern society in the context of a surge of complications and constant updates in the market of modern technologies [2].

Mobile devices, systems and technologies are used both in education and in the daily life of every person (payment for public transport, bills, etc.). As a result, these changes affect both the content and the relevance of education. As many scientists note, in the 21st century, life long learning should take place which considers that an individual must constantly learn quicker because of the very fast pace of life, he has to adapt to a changing reality filled with digital technologies. However, digital technologies gave rise to mobile technologies and it led to the expansion of teaching methods. It should be noted that teaching methods in pedagogy allow students to develop their skills that they will need in the future to function successfully in society [3]. Due to the fact that almost every student has a Smartphone, as well as access to the Internet, it plays an important role in their use.

If we talk about the description of the term itself, QR code, as part of mobile technologies and mobile learning, is an abbreviation for Quick Response. QR code is a variation of the matrix barcode (or in other words bidirectional barcode), first developed for industrial automation in Japan in 1994; in turn, a barcode is a code automatically read by a machine that contains information about the item on which it is installed; The QR code is a trademark of the Japanese company Denso [3]. These square black and white codes may contain links or other data that redirect the learner to a source for more information about a particular subject.

In relation to the educational process, QR codes are considered in the paradigm of mobile technologies, which represent a certain way of using mobile services both independently and in collaboration with other information and communication services at any time and place [1]. You can definitely say that, innovative teaching methods can be implemented through the introduction of mobile technologies in the educational process, and the use of QR codes as part of mobile technologies. It is also worth noting




that the key characteristics of mobile technologies are their personalization or, in other words, student-centered learning (authenticity and easy compatibility with other teaching methods) [4]. Under student-centered learning, we assume that the training program is aimed not at the one who teaches, but at students. This allows teachers to pay more attention to the peculiarity of each student, and thus it is possible to clearly monitor the progress of students throughout the course. But we must understand that mobile applications using QR codes are not the kind of technique that can be used as the main method in education, but are only an addition to education. This code gives us the opportunity to facilitate the learning process and make it more interactive, exciting and diverse [5].

So how can we use QR codes in learning and teaching process? First of all, let's see how we can generate codes on our own and in what kind of exercises we can use them and then we can enumerate a variety of applications and sites that enable us to integrate these codes into our classroom work.

The first step of integration QR codes into learning process is preparing to work with the program. For generating QR code we need any kind of application or site that turn links into code. Obviously, we are able to encode any information to our links (URL):

1. Additional information to the text or task in the textbook;
2. Links to the site;
3. Links to video or podcasts;
4. Links to audio recordings;
5. Links to online questionnaire and quizzes;
6. Links to presentations in *Prezi*, *Canva*, *Powtoon* or other interactive applications;
7. Links to interactive exercises that can be used with interactive whiteboard.

As an example, we can take the site *qr-creator.com* (or you can use any other scanning program as Qrafter, QR code generator). It is available and easy to use. The first step to convert the link into code is to find URL that you need to generate and copy it to *qr-creator.com* to take a new generated code. So QR code is ready to use in the classroom. (Picture 1)



Picture 1 - Generating QR code

There are things that we need to have before using QR codes. They are:

1. a good Internet connection;

2. a Smartphone or tablet with camera to scan the code and open a resource prepared directly by the teacher.

3. some Smartphones don't have ability to read codes through camera, so applications are needed to read them (from IOS or Android)


4. a generated QR code.

Apart from making codes, it is possible to place them into textbooks in order to fix them into material that is presented to learners as an additional tasks or information that help them to complete their individual work. Because except students' classroom work they have an individual task.

Exercises with QR codes are board games. Especially, it is extremely interesting for students to find a required information (word, suffix or prefix, a part of the sentence, photo, parts of the speech) in the form of the game. Moreover, it is also good to use it for questionnaires, tests, surveys in the end of the semester, or midterm to know about the progress of students.

There are different types of applications that produce codes to facilitate the process of sharing the link with students. One of the facilitator in learning foreign languages called *Quizlet*. It is a platform that allows the user to learn new words in different languages by drilling exercises, tests and game, so that students are able to memorize them at once without any effort. It is the most effective way to remember new vocabulary. In order to share this information with students this program gives us opportunity to generate QR code and give it to students.


Another platform that we want to share is *EZcheck*. It has its own site and application that teachers download in *AppStore* and *GooglePlay*. However, this service is not used during the learning process it is a great idea to use it at the beginning of the lesson. This tool enable us to check attendance of students in the classroom. It means that a teacher create groups into this platform and make a special QR code through this site before the lesson and start a check-in session to find out whether students are in the classroom or not. It can be performed online and offline. Especially, it is helpful when there is a great amount of students (during the lecture, conference) and a teacher doesn't have time to check or register them all one by one. Teachers demonstrate the QR code and Pin code in the interactive whiteboard or a laptop, students scan the code and teachers can see them automatically in *EZcheck* service. You can see it in Picture 2.



Picture 2 – Check-in session in EZcheck

Moreover, there are also a service called *Plickers*. It is useful when there is no good Internet connection, absence of Smartphones among students. Also *Plickers* is perfect for a group work, as a teacher can collect answers from groups in a short amount of time. But in this platform the process is a little bit different, students have printed QR code cards with different variations of answers and a teacher should scan answers of every group with his/her Smartphone. Especially, it is a good idea to implement these cards in the end of the class when you need to take a feedback from students about the lesson and the theme that they have learnt before.

In this application a teacher should sign up in the official site, create his/her own class of students, content by adding some sets, download Plickers to print QR code cards and Plickers app to teachers phone. Here you can see the example of QR code in Plickers. (Picture 3).



Picture 3 – Plickers QR code

In conclusion, the implementation of modern technologies, especially, QR codes in the educational process allows:

- to present training materials not only in a printed form, but also using video, podcasts, audio materials, which gives a real opportunity to learn the material at a higher level;
- automate the process of assimilation, consolidation and application of educational material, taking into account the interactivity of many e-learning tools;
- to motivate students to study foreign languages;
- to contribute to the creation of positive motivation for learning;
- improves speaking and listening skills;
- to inspire learners to use mobile technologies in the educational process;
- to prepare students for further successful living in society.

### References

1. Harmer J. How to teach English. An introduction to the practice of English language teaching. Edinburg.: Gate Longman, 2000, 198 p.
2. Nurzhanova A., Beissebayeva S., Ospanova B., Orazbekova Z., Satbekova. Teaching Kazakh Language as a foreign language by the blended learning model, Opcion, Vol 36, Num 91, 2020.
3. Graham, S., Prepering for the 21 centuries: Soft Skills Matter, Stedman Graham, Haffington Post, 2015.

4. Kankaanranta, M., The use of the Quick Response codes in the classroom , Marja Kankaanranta University of Jyväskylä , 2012.

5. Маруневич О.В. Особенности обучения профессионально-ориентированному чтению на иностранном языке студентов-инженеров путей сообщения, Сборник статей Международной научно-практической конференции «Совершенствование методологии познания в целях развития науки». Волгоград: Омега-САЙНС, 2019, с. 193-198.

ӘОЖ: 373.5 (072) Ж88

## **БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНДЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ**

Жумагельды Р., биология магистранты

Ғылыми жетекші: Шарипханова А.С., б.ғ.к., қауымдастырылған  
профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі кездегі білім беру жаңартылған оқу бағдарламасының дәстүрлі емес әдістері мен нысандарын қолдануды талап етеді. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесінің басты міндеті – қазіргі заман талабына сай жан – жақты, зерделі, дарынды, талантты тұлға қалыптастыру, оқушылар мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс – әрекеттердің әр түрлі салаларында сондай – ақ тұлғааралық қарым – қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін дамыту.

Осыған байланысты, міндеттердің бірі – мектеп түлектеріне қазіргі қоғамда белсенді өмір сүру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру; оқу процесінде алынған білімді әр түрлі оқу және практикалық міндеттерді (функционалдық сауаттылықты) шешу үшін қолдану.

Сондықтан жаратылыстану–математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуға көшу қажетті және уақыт талаптарына сай, ақылға қонымды шешім болып табылады.

Бұл тәсіл биология пәні үшін қолайлы. Себебі, жаратылыстану бағытындағы басқа пәндер сияқты, биологияда да латын тілінде көптеген белгілер мен терминдер қолданылады, олар арнайы аударманы қажет етпейді. Сондықтан мұғалімге өз сабақтарын ағылшын тілінде оқытуға дайындалу және шет тілін кіріктіре отырып білім беру аса қиыншылық тудырмайды.

Осыған сүйене отырып, келесі мәселе анықталды: биология және ағылшын тілі сабақтарын кіріктіру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қалай ықпал етеді?

Зерттеу проблемасының негізінде бұл зерттеудің өзектілігі анықталды, ол биология пәнін ағылшын тілімен интеграциялау жағдайында әдістемелік тәсілді әзірлеуден тұрады, оның ғылыми ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік негіздемесі де бар.

Зерттеудің жаңалығы-биология және ағылшын тілі кіріктірілген сабақтарды өткізуде белсенді формаларды қолдану оқушылардың сөйлеу дағдылары мен сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Біздің жұмысымыздың мақсаты - оқытудың белсенді формалары мен әдістерін қолдана отырып, биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту.

Жұмыстың мақсатына сәйкес негізгі міндеттер негізделді:

1. Тақырып бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді ақпараттық іздену мен талдауды жүзеге асыру;
2. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы проблемаларды анықтау;
3. Оқытудағы CLIL технологиясын зерттеу;
4. Топтық оқытудағы әдістердің тиімділігін зерттеу.
5. Оқушылардың тілдік дағдыларын қолданудың практикалық қабілетін қалыптастыру.

Зерттеу нысаны: ағылшын тілімен интеграция жағдайындағы биология бойынша оқу жұмысының процесі.

Зерттеу нысаны: биология пәні мен ағылшын тілін кіріктірудегі оқу жұмысының әдістемесі.

Зерттеу болжамы: - биология және ағылшын тілі сабақтарын кіріктіру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді

Біздің қойылған мақсаттарды іске асыру үшін алғашқы қадамымыз топтағы модельді анықтау болып табылады, яғни "7Т" деп аталатын топтық оқыту моделін таңдап алудан басталады. Неліктен біз бірлесе оқытудың осы моделіне тоқталдық? Бұл модель ағылшын тілінде пәндік дағдыларды дамыту үшін қолданылатын қосалқы әдіс ретінде қызмет етеді [2]. Біз осы модельдің тиімділігін талдадық, оған топта жұмыс істеудің 7 факторы кірді:

Thrust — материалдың мазмұнына назар аудару.

Trust - топ ішінде командалық рухты дамыту.

Talent – топ мүшелерінің креативті ойлауын дамыту.

Team Skills – сыни тұрғыдан тиімді және өнімді ойлау қабілеті.

Task Skills – топ алдына қойылған міндеттерді табысты орындау.

Team Leader Fit – көшбасшылық қасиеттерді дамыту.

Team Support – мұғалім тәлімгер ретінде қызмет ететін және оқушыларға өзін көрсетуге мүмкіндік беретін шара. Осының барлығы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым – қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуымен қарым – қатынас жасай алу қабілетінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық белгілі бір мәдени ортада өмір сүру үшін қажетті деп саналатын

және оның әлеуметтік қарым – қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімдік әлеміне бару жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық – ақпараттық материалдардың білім алушының өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, оқушы оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ білім алушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән- мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

Осылайша, біз бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді технологияларды қолдануымыз керек деген қорытындыға келдік.

Функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру үшін зерттеудің тиісті құралдарын таңдау қажет.

Ол үшін интеграцияны тек пәндер бойынша білімнің өзара байланысы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістері мен формаларының технологияларын біріктіру ретінде қарастырдық [1]. Көптеген педагогикалық технологиялардың ішінен біз тілді оқытуда аса табысты қолданылатын әдістердің бірі болып табылатын CLIL технологиясын пайдалануға баса назар аудардық.

Біздің жұмысымыз келесі ретпен құрылды.

1. Пәндер бойынша оқу бағдарламаларын келісу (бір тілдік емес және бір тілдік пән). Сабақтарды жоспарлау кезінде біз оқу және тілдік мақсаттарды қарастырдық. Сонымен қатар, сабақтың мақсаттары SMART мақсаттарының өлшемдеріне сәйкес келді. Яғни мақсаттар нақты, қол жетімді және өзекті болып табылады.

Оқу бағдарламаларын талдау кезінде біз оқушылардың білімін біріктіруді қажет ететін материалды таңдадық [5].

2. CLIL технологиясын жүзеге асыру жағдайында интеграцияланған сабақтың формалары анықталды, білім мен дағдыларды тез, қол жетімді және берік игеруге ықпал ететін оқытудың ойын формасы ең тиімді болды. Ойын жағдайының құмарлығының әсерінен пәндік және тілдік дағдылар тиімді қалыптасты.

3) біз бұл технологияны тәжірибеде қалай іске асырдық?

"Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі." тақырыбындағы сабақтың үзіндісіне мысал келтірейік.

Пәндік мақсаттар:

- Тыныс алу мен тыныс шығару кезіндегі ауа құрамын анықтай алады;
- Адамның тыныс алу мүшелерін ажырата алады;

- Тыныс алу және тыныс шығару механизмін модельдеу арқылы тұжырымдай алады.

Тілдік мақсаттар: оқушылар келесі сөздер мен терминдерді біледі және қолданады: Мұрын, Nose,

Мұрын қуысы, Nasal cavity, Жұтқыншақ, Pharynx, Көмей, Larynx, Кеңірдек, Trachea, Бронхылар, Bronchi, Өкпе, Lungs, Бронхиола, Bronchioles.

Оқушылар тыныс алу мүшелерінің ағылшынша атауларын айтады, тыныс алу дегеніміз не екендігін өз сөздерімен жеткізеді, тыныс алудың негізгі мүшесін, тыныс алу мен тыныс шығару кезіндегі ауа құрамын баяндайды.

Сабатқа сөйлеу әрекетінің барлық түрлері қатысты.

Оқу мәтіндерінде суреттер, оқылғанды визуализациялау үшін суреттер болды. Шетелдік мәтінмен жұмыс жасау кезінде білім алушыларға мәтіннің құрылымдық таңбалануы ұсынылды (жолдарды нөмірлеу, абзацтар, тақырыптар, субпозициялар), бұл мәтінмен жұмысты әлдеқайда жеңілдетеді.


Мәтін идеясын және ондағы берілген ақпаратты жақсы түсіну және анықтау үшін мәтіндер сызба түрінде ұсынылды [3]

Оқушылар мәтін идеясын өз сөздерімен жеткізе алады деп күтілді. Біз студенттер қарапайым тілдік құралдарды да, жетілдірілген әдістерді де қолдана алады деп болжадық.

Төменде оқушылар тақырыпты зерттеуде қолданған мәтін мен тапсырмалардың үлгісі келтірілген.

Бұл жұмыс топта ұйымдастырылды [4].

Оқу стратегиялары: мәтінді оқыңыз. Мәтіннен кілт сөздерді таңдап, олардың мағыналарын табыңыз. Бұл мәтін не туралы деп ойлайсыз?



Ауызша сөйлеуді дамыту қалай жүзеге асырылды: тақырыпты анықтауда оқушылар ең алдымен бір қолдарымен мұрындарын жауып тұрып, өз ойларымен бөлісті (I don't have enough oxygen to breathe...Breathing starts when you inhale air into your nose or mouth) сөйтіп, What is the topic of the lesson today? деген сұраққа (The breathing system) деген жауап күтілді. Топтарға тапсырмаларға сәйкес тыныс алу және тыныс шығару механизміне байланысты кластер құру ұсынылды, онда оқушылар ағылшын тілінде олардың болжамдарын дәлелдеуі керек еді.

Оқушылар тобының біріне тыныс алу және тыныс шығару кезіндегі ауа құрамының айырмашылығын көрсетіп, оларды ағылшын тілінде дыбыстау ұсынылды.

Тәжірибе көрсеткендей, биология сабақтарына ағылшын тілін кіріктіруде оқушылар өздерінің тілдік қабілеттерін көрсете алатын,биология пәнін оқуға ынталы деп айтуға болады.

Бұл зерттеу, яғни кіріктірілген оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететінін дәлелдеді.

Зерттеу негізінде келесі қорытынды жасауға болады:

1) Биология және ағылшын тілі пәндерін бірлесе оқыту оқушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді.

2) білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады және жалпы функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3) заманауи білім беру педагогикалық технологияларының шебер үйлесуі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен, CLIL технологиясын биология сабақтарында қолдана отырып, мұғалім сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрін біріктіруі керек: тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу. Бұл техниканы қолданудың бірінші кезеңін мәтінмен жұмыс деп санауға болады. Мазмұнды балалардың жақсы қабылдауы үшін суреттермен бірге мәтіндерді таңдаймыз. Шет тіліндегі мәтіндермен жұмыс жасау кезінде білім алушыларға зерттелетін материалды бөлуге көмектесетін құрылымдық маркерлер ұсынылады. Бұл маркерлер лингвистикалық (тақырыптар, субпозициялар) немесе диаграммалар болуы мүмкін.

Сондай-ақ жаңа форматтағы сабақтың ажырамас бөлігі болып табылатын ынталандыру өрнектерін де қолдануға болады «Good», «Great job», «Brilliant», «Perfect», ал егер дұрыс емес жауап болса, оқушылар мұғалімнен келесі қалыптастырушы бағаны ала алады: «Try again», «Not quite right», «Be attentive» және тағы басқалар.

CLIL әдістемесі пәнмен де, шет тілімен де тығыз байланысты. Оны жүйелі қолдану білім алушылардың мәдениетті терең түсінуін қамтамасыз етеді, тіл мен қоғам арасындағы қарым – қатынас тұрғысынан «үлкен суретті көру» қабілетін дамытады. CLIL көтермелейтін меңгерілген танымдық және академиялық дағдылар оқушылардың оқуға деген ынтасын, өз қабілеттеріне деген сенімділігін арттыруға ықпал етеді деп қорытынды жасауға болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Зарукина, Е.В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению [Текст:] учеб.- метод. пособие/ Е. В. Зарукина, Н.А. Логинова, М. М. Новик. СПб.: СПбГИЭУ, 2012. – 59 с.

2. Казанцев Ю.Н. «Формула успеха, или как увлечь учащихся новым предметом» // Биология в школе. – 2014. – стр. 15-19

3. Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С. Технология игры в обучении и развитии. –М.: Просвещение, 2015 год. – стр. 26-34

4. Шевелева В.С. Активные методы обучения организации самостоятельной работы над темой // <http://www.openclass.ru>

5. Хромова Т.Н. Активные методы обучения // <http://tatianakhromov.ucoz.ru>



## **БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ**

Жумагулова А.Б.

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «№6 орта мектебі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан, akmaral.zh.b@mail.ru

Еліміздің білім берудің дамытудың қазіргі заманғы кезеңі – оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысатын өтпелі кезеңін бастан кешіруде деп білеміз. Пән мұғалімдері дарынымен ерекшеленетін оқушыларға неғұрлым жайлы орта және әр баланың даму мүмкіндігіне жағдай жасап, оқыту жүйесін құруға берік негіз болатын тиімді оқытудың жаңа технологияларын басты тірек етіп алуы керек.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуда. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің, басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу–тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Осы кездегі жаһандану заманында белсенді, құзіретті, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу – алға қойған басты мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру әсіресе оқу, білім саласында қызмет атқаратын жандар – ұстаздар үшін ең маңызды екені белгілі. Заман талабына сай мұғалімдерге пән жетекшісі болу аз, мұғалім – ұстаз – инноватор. Осы жолды неғұрлым жылдам әрі іс-тәжірибе жинақтай жүріп өтсе, онда, талапқа сай, бүгінгі шәкірт болашағына нық қадам басады.

Пән мұғалімдері әрбір сабаққа, тақырыпқа және әр сыныптың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын тандай білуі қажет. Сонымен қатар оқушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ғылыми зерттеу ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын тандай білудің маңызы зор. Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

Сабақ барысында және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемалап оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар, модульдік технологиялар, оза оқу технологиясы, білім беруді ізгілендіру, зерттеу

технологиясы, тірек сигналы арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясын, дамыта отырып оқыту, оқу үшін бағалау.

Осы аталған технологиялардың ішінде биология сабақтарында ойын технологиясын тиімді қолдануға болатыны жайлы айтқымыз келеді. Ойын - балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретіні белгілі дерек.

Ойын, білім алу, еңбек ету – адамның негізгі қайраткерліктері. Ойын - әрқашан кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және көңіл көтеру деп ойлайтындар қателеседі. Кейбір педагогтар мен психологтардың мектеп жасындағы балалар, ойын жасынан өтіп кетті, - деуі бекер деген пікірлерге қосыламыз. Ойындағы оқиға-жайлар сабаққа әр қилылық нәр береді, сабақты қызық етеді, оған эмоциялық бояу береді деп білеміз.

Сонымен, ойын арқылы келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі; баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Мұғалім ойын технологияларын пайдалана отырып, баланың әр қырынан көрінуіне (интеллектуалдылық, шығармашылық, эмоционалдылық, коммуникативтік) және оның мінез-құлқында, қарым-қатынасында, оқуында пайда болатын әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі формализм элементтерін жояды.

Дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Ойын жағдайын балалар сабақ барысында бір-бірімен ақпарлармен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындай етіп, ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда оқушылар белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе, оның топтық түрде өтуіне байланысты. Топтық түрде сабақтағы білім алу, дәстүрлі білім беру «мұғалім – оқушы» өрнегін күрделендіреді. Яғни, өрнек былай күрделенеді: «мұғалім – топ – оқушы», бұдан келесі өрнек туындайды: «оқушы – оқушы». «Оқушы – оқушы» жүйесінде «топ – оқушы», «оқушы – топ» өрнектері өздігінен туындап жатады және оқушылар білмейтіндерін көрсетуге тырыспайды. Балалар бір-бірінің ойларымен пікірлерімен алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, тексереді, қателерін түзейді. Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық

балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежелмеуін, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптарды негізгі басшылыққа алу керек. Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

1. Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы тиіс.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларға әбден түсіндірілгені жөн.

3. Ойынға сыныптағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет.

4. Ойынның жүру барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал, ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды.



Сурет -1. Топтық жұмыс

Аталған тәжірибелер мен пікірлерді ескере отырып, мен биология сабақтары барысында қолданатын ойын элементтері: «Бинго», «Алтын қақпа», «Крестер және нөлдер ойыны», «Жаңбыр тамшысы», «Гүлге қонған көбелек», «Ақ қала» «Үздік биолог» кімге бұйырады? «Шындық детекторы», «Жәшік сиқыры», «Ғажайып алаң», «Блогбастер», «Ыстық орындық», «Микрофон», «Сөз мерген», «Рольдік ойындар», «Баскетбол», «Маршруттық ойындар», «Мозайка» және тағы басқа.

«Үздік биолог» кімге бұйырады?, «Сөзмерген», «Алтын қақпа», «Ғажайып алаң» ойындарын апталық кештерде «Жәшік сиқыры» ойынын апталықтың кештерінде ойынның бір кезеңінде, сол кезеңнің бір элементі ретінде алуға болады.

«Жәшік сиқыры» ойынында арнайы оқушылардың денесіне сәйкес жәшіктер дайындалып, оларға әріптер жабыстырылады. Берілген сұрақтарға

оқушылар әріптер жапсырылған жәшіктерді киіп жауап береді. Бір топқа берілген әріптер: к, ү, л, т, е, ө, м, і, р, с. Берілген сұрақтар:

1. Гүл құрылысы (күлте)
2. Аз сөз алтын, көп сөз ..... (көмір)
3. Қыста сойған малды, көктемде ..... ін жейді
4. Ең қу аң (түлкі)
5. Мал терісінен тігілген, үстіге киетін не ? (күрме)
6. Өрмекші тоқиды (өрмек)



Сурет -3. «Жәшік сиқыры» ойыны

Биология сабақтарында қолданған ойын элементтерінің кейбір түрлеріне тоқтала кетсек:

«Шындық детекторы». Бір топтан 1 оқушы шығады. Оған мұғалім сұрақтар қояды. Қалған оқушылар сол сұрақтарға қате немесе дұрыс жауап бергенін бақылап отырады. Қате жауап берген сұрақтарын оқушылар талқылдайды.

«Крестер және нөлдер» ойыны. Жекелей тапсырма, жұптық, топтық тапсырма ретінде алуға болады. Бетті бірнеше ұяшықтарға бөліп, әрбір ұяшыққа қойылатын сұрақтардың жауаптарын, сонымен қоса бұрыс жауаптар да жазылады. Оқушылар дұрыс жауапты – «0», қате жауапты-«Х» белгілейді.

«Мозайка». Бұл ойын элементінде тақырыпқа байланысты бөлікке бөлінген суреттер беріледі. Осы суреттерді бір-бірімен құрастыра отырып, суреттің атын атап, оған сипаттама беру керек.

«Жаңбыр тамшысы». Топтық жұмыста қолшатырға көптеген сұрақтары бар стикерлерден жаңбыр тамшылары қиылып алдын-ала жапсырылады. Сұрақтарға жауап бере отырып, қолшатырды жауған жаңбырдан қорғау керек.

«Гүлге қонған көбелек». Көбелек тәрізді стикерлерге сұрақтар алдын-ала жазылып, гүлге орналастырылады. Сол сұрақтың әрбіреуіне дұрыс жауап бере отырып, оқушылар өздеріне көбелектер жинайды.

Ойын арқылы оқушы меңгереді:

1. Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
2. Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шешеді.

3. Уақытты үнемдеуге үйретеді.
4. Оқу барысында алған білімдерін нақты істе қолдануға мүмкіндік береді.
5. Оқушылар үшін психологиялық жағымды.
6. Оқушылар үшін қауіпсіз.
8. Ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.
9. Ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді.



Сурет -3. Оқушының суреттерді құрастырып, тапсырманы орындау

Яғни, биология сабақтарында ойын элементтерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа дайындығы, қызығушылығы артты. Сыныптағы оқушылар өз бетімен ізденуге талпынды. Нашар оқитын оқушылардың сабаққа дайындығы артты. Топпен жұмыс жасауға, сыныптағы достарын тыңдауға дағдыланды, қосымша материалдармен жұмыс жасай бастады. Бірақ, мұғалім ойын элементтерін сабақ барысында қолдануда басты қағиданы ұстану керек. Сабақ ойынға айналмау керек. Мұғалімнің басты міндеті білім беру, оқушыға кез-келген білім саласын меңгертудің жеңіл де тиімді жолдарын тауып, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. 12 жылдық білім, №2 2007
2. «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» №2. 2014.- 64 б.
3. «Педагогика мәселелері» №3. 2011. /Оқушылардың шығармашылығын дамытуда оқу процесінің маңызы/ - 94 б.
4. «Педагогика мәселелері» №3.2014 /Оқушы болашағы – ұстазда/ 94 б.
5. «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» №5. 2012/Ойынмен оқытайық/ - 64б.
6. Педагогика: оқулық/Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлары. Ұжымы – Алматы, 2005. - 430б.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМНІҢ ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ

Тасқынбек Жұлдыз

Ғылыми жетекші: Шарипханова А.С., б.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан, ztaskynbek@bk.ru

Мақалада қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты ретінде білім алушылардың оқу үлгерімі, академиялық дарындылығы сипатталады. Академиялық үлгерімнің әлемдік маңызы бар екені, әлемдік зерттеу нәтижесінде экономиялық жағынан дамыған елдер арасында өтетін PISA зерттеулері әр елдің бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп, білім алушылардың оқу жетістігінің зерттелуі қарастырылған. Зерттеулерге білім алушылардың барысында функционалдық сауаттылығы нысанаға алынып, сыни ойлау қабілеттері сыналаны баяндалады.

Тірек сөздер: Академиялық үлгерім; Академиялық дарындылық; PISA зерттеулері.

Білім алушылардың оқу үлгерімі олардың белгілі бір салада жалпылама білім деңгейін қалыптастырып сол саланы меңгеруіне ықпал етеді. Қазіргі мектепте оқытылатын әр пән білім стандартына сай білім алушыны ақпараттандырып, дамытып, болашақта белгілі бір саланы таңдап, мамандануын жүзеге асырады. Осы тұста оқушылардың оқу үлгерімінде анықталатын жинақталған теориялық білімі күнделікті өмірде практикалық жағдайларда қолданыс табады. Сондақтан білім алушылардың академиялық үлгеріміне басты назар аударылып, білім деңгейін арттыруға мақсат қойылады.

Оқу үлгерімі оны қалыптастыратын білім алушының психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік жағдайларымен тікелей байланысты.

Психологиялық жағдайларда білім алушының тұлғалық қасиеттерімен, өзін қалыптастырушы немесе өзін-өзі реттеушілігімен, тұлғаны бағыттаушы мақсаттылығымен тікелей байланысты. Білім алушының рухани байлығы, тұлға ретінде шығармашылық жағынан дамуы, өзін қалыптастырудағы жоспарларының болуы, өзін-өзі тани алуы, сияқты тек жеке тұлғаға тиесілі қасиеттерге байланысты болады.

Ал педагогикалық жағынан оқу үлгерімін қалыптастырушы мұғалім іс-әрекетіне, сабақты сәтті өткізу, оқытуды жүйелі ұйымдастыру, оқушының сабаққа қызығушылығын туғызу, сабақты игеруін қамтамасыз ету, сабақ барысындағы білім алушы іс-әрекеттерін бақылау, тақырып және бөлім бойынша білімін бағалау және үлгерімді арттыруға жағдай жасау сияқты күрделі оқу процестерімен жүзеге асады. Сонымен қатар, білім бағдарламаларына, оқыту бағыттарына, мектеп ішілік жоспарлар мен талаптардың жүзеге асырылуына да байланысы туындайды.

Әлеуметтік тұрғыда оқушының отбасылық жағдайын, ата анасынан қолдау табуы мен білім алушыны қоршаған ортамен, оның қалыптастырушы әлеуметтік

ортамен тікелей байланысты болады. Көбінесе әлеуметтік жағдайдың шарттары экономикалық жағдай қалыптастыратындықтан, білім алушыны қосымша біліммен қамтамасыз ету, материалдық жағынан қажеттіліктерін де ескрген жөн.

Енді осы академиялық үлгерім немесе академиялық ұтқырлық ұғымын сипаттайтын болсақ:

Академиялық дарындылық – бұл білім алушының жеке оқу қабілетінің көрсеткіші, білім алушыда академиялық дарындылықтың барлық таңдалған компоненттерінің болуы. Ал осы академиялық дарындылықтың белгіленген нәтижесі, бағалау бойынша марапаттардың, елеулі жетістіктерді академиялық үлгерім деп қарастыруға болады. Демек білім алушының академиялық дарындылығы оның академиялық үлгерімін қалыптастырады деп пайымдауға болады. Мектепте оқытылатын әртүрлі пәндерге оқушыларда бірдей жоғары академиялық үлгерім көрсете бермейді. Әр түрлі оқу пәндері бойынша білім алушылардың академиялық үлгерімі әр түрлі болады. Бұл білім алушының пәнді игеруіне, белгілі бір салаға бейімділігіне байланысты болатынын көрсетеді. Сонымен қатар кейбір оқушылар барлық пән бойынша өзінің академиялық дарындылығын көрсете біледі. Білім алушы академиялық дарынды болуы үшін жоғары мотивация, мақсаткерлік, еңбексүйгіштік, табандылық, тиянақтылық, ұқыптылық, ізденушілік, интеллектуалдық танымдық дамудың жоғары шегі сынды тұлғалық қасиеттерінің болуын қажет етеді. [1]

Білім алушылардың академиялық үлгерімі мен академиялық дарындылығы қалыптасуына олардың жас ерекшеліктерінен көрініс табады. Жастары артқан сайын жеке тұлға ретінде өзіндік мақсаттылығымен, өзін-өзі реттеуі жүзеге асып, білім деңгейін көтеруге деген құлшынысы арта береді.

Білім алушылардың академиялық үлгерімін арттырып, білім деңгейі мен сапасын көтеріп, жан жақты дамыған, толық ақпараттанған сауатты тұлға тәрбиелеу тек орта мектептің ғана емес тұтас бір елдің мақсаты деп айтуға болады. Оған мысал ретінде халықаралық маңызы зор зерттеулерді ұсынуға болады. Негізінен оқу жетістігін бағалайтын ауқымды зерттеу PISA зерттеуі болып табылады.

Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық бағдарламасы жалпы білім беру сапасының мониторингтік зерттеуі 15 жастағы жасөспірімдер арасында үш жылдық циклмен 2000 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл зерттеуді Экономикалық Үнтымақтастық және Даму ұйымы (OECD – Organization for Economic Cooperation and Development) жүзеге асырады. Ал осы ЭЫДҰ елдеріне әлемдік экономикалық шамамен 80%-і тиесілі болып, олар өз араларында білім алушы жастардың сауаттылығы, білім деңгейі бойынша бәсекеге түседі. 2009 жылдан бастап Қазақстан PISA зерттеуіне қатыса бастады. [3]

PISA зерттеуі әлемнің 79 елінде жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын өмірде әртүрлі салаларында қолдану деңгейін, тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алуын, яғни сыни ойлау қабілеттерін бағалайды. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша үш саласы бағаланады. [2]



PISA зерттеуіндегі ұсынылатын тапсырмалар құрылымы оқу жетістігін бақылайтын тест, диктант, экзамендерге қарғанда нақты бір шынайы өмірлік жағдаят сипаттамасы болып, ол негізгі тапсырмаға байланысты туындаған бірқатар мәселелер түрінде беріледі.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық саласы бойынша зерттеуде білім алушылардың осы жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері бойынша меңгерген білімдерін қолдана білуін, мәселелерді анықтауы мен тиісті шешім қабылдауын, тұжырымдай алуы мен қорытынды жасай білу қабілеттерінің сынға алады. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық деңгейін зерттейтін PISA тапсырмалары белгілі бір блоктары арқылы өлшенеді. Ондағы тапсырмаларының мазмұны білім алушылардың құзыреттілігін нақты тексеру жолы шынайы өмірлік жағдаяттар мен мәселелерге негізделген мәнмәтіндер арқылы жүзеге асады. Тапсырмалар құрылымы жаратылыстану-ғылыми сауаттылық саласындағы метапәндерді қамтиды. Оларға физика, химия, биологияның негізгі салалары, Жер және ғарыш туралы ғылымдары, технологиялар салалары кіреді.

PISA зерттеулерінде теориялық білімін берілген мәнмәтінге қатысты қолдана білу білігі білім алушыдан белгілі бір құзіреттіліктерді дамытуды талап етеді:

- құбылыстарды ғылыми түрде түсіндіру;
- жаратылыстану-ғылыми зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;
- деректерді интерпретациялау және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдемелерді қолдану.

Зерттеудің негізгі элементі білім алушылардың құзіреттілігін тексеру болып табылады. Құзіреттілік жеке тұлғаның біліктілігін, білімін, дағдысын, іс-әрекеттік жұмылдыру қабілеттерінен көрініс табады.

Тапсырмаларда бағаланатын әрбір құзіреттілік мынадай типтегі ғылыми білім материалында көрсетілуі мүмкін.

1. Мазмұнды білім (пәндік салалар) – бұл ғылыми мазмұнды білім, мынадай пәндер салаларына жатады.

2. Процедуралық білім – алуан түрлі әдістерді, стандартты зерттеу рәсімдерін білу. [2]

Зерттеу тапсырмалары білім алушылардың жас ерекшелігіне негізделіп, стандартқа сай жүйелі түрде құралады және логикалық тұрғыда түсінікті, анық болып жасалады.

2018 жылғы PISA зерттеулері нәтижелері бойынша, қазақстандық білім алушылар пәндік білімдерін еске түсіру немесе өздеріне таныс оқу жағдайларында қолдана алу деңгейінде меңгергені байқалған, бірақ білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда қолдануда едәуір қиындықтар туындаған. Бұл теориялық білімнің практикалық жағынан қолданыс таппауының көрсеткіші болып табылады.

Осындай нәтижеден кейін жаңартылған оқу бағдарламасын меңгеру арқылы оқушылардың негізгі құзіреттіліктері мен функционалды сауаттылықтарын дамыту көзделіп, осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, шығармашылығын, сауаттылығы мен көшбасшылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау жүзеге асырылады. Оқытудың негізгі мақсаты ретінде дағдыны қалыптастырып қана қоймай, нақты



мәселелер мен проблемалардың шешімін табуда нақты өмірлік жағдайларда қолдану біліктілігін қалыптастыру маңызды болып саналады.

#### **ТҰЖЫРЫМДАР**

Қазіргі білім беруде басты мақсат білім алушылардың академиялық үлгерімін арттыру, білімге икемділігін қалыптастыру, сауаттандыру болып табылады. Осы тұста академиялық үлгерімді білім алушының оқуға қабілеті мен жан-жақты дамуға икемділігі, әртүрлі пәндер бойынша оқу үлгерімі білім алушының академиялық дарындылығына тікелей байланысты екені анықталады. Академиялық үлгерімді немесе оқу жетістіктері тек жеке білім алушыға ғана емес, экономикалық жағынан елдің дамуы үшін, елдер арасында өзара бәсекелестік үшін маңызы зор болып табылады. Дамыған елдер арасында жасөспірімдер білім деңгейін, оқу жетістігін зерттеудің бір түрі PISA зерттеулері болып табылады.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Осы математика, жаратылыстану және оқу бойынша білім алушылардың сауаттылық деңгейінің жоғары болуын әлемнің көптеген елдері іргелі ғылымдар мен жаңа технологиялар саласында елдің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Жоспар бойынша 2021 жылғы зерттеулер математикалық сауаттылыққа негізделетін болады. Осы тұста Қазақстан білім саласындағы оқу жетістігінің әлемдік бәсекесіне түсетін болады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Зұлпыхарова М.М., Сәдуақас Г.Т., Сұлтанбек М.Ж «Академиялық дарындылық» ұғымының теориялық аспектілері //Абай атындағы ҚазҰПУ-н ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 4 (68), 2020 ж.

2. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020. – 56б.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

ӘОЖ 613:008:39

### **ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Ибраимова Л.Н.\*, Бекназаров Ж.О.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: leskul.ibraimova@mail.ru

Ұлт денсаулығының көрсеткіші-кез-келген өркениетті елдің деңгейлік сипаттамасы және оның әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік және рухани дамуын, дұрыс басқару критерийі, халқтың өмір сүруі мен қызмет тиімділігінің

жетекші факторы. Демек, ұлттық денсаулық мәселесі, оны сақтау және жақсарту қоғам дамуының барлық кезеңдері мен тарихи кезеңдеріндегі маңызды мәселелердің бірі болды. Ғасырлар бойы Ұлы Дала төсінде табиғатпен етене жақын тұратын, оның климаттық жағдайларын адаптацияланған қазақ халқы мен оның этномәдени құндылықтарынан құралған «Денсаулық философиясы» жастарды салауатты өмірге тәрбиелеудің бір маңызды факторы болып табылады. Адамның, әсіресе жастардың этномәдени құндылықтарды негізге ала отырып салауатты орта құра алуы мен өзара әрекеттесу мәселесі белгілі бір қиындықтарды еңсеруге бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, моральдық-рухани, мәдени, білім беру, сауықтыру сынды сын-тегеуріндерге жататын басымдықтарға сәйкес, денсаулықты сақтау және салауатты өмір салтын ұстану процесін жандандырудың инновациялық әдіснамасын құру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты этномәдени құндылықтар арқылы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырупризмасын қарастыратын адам денсаулығы философиясының феноменін зерттеу ерекше мәнге ие болды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыспен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Халық саны 18 миллионнан асып, өмір сүру ұзақтығы 72,5 жасқа жетті.... Біздің стратегиялық мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу.... Әл-ауқатымыздың келесі бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы.... Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты. Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек....[1]. Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы. Бұл – қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген сөз. Бүгінде халықты сапасыз әрі денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден қорғайтын тұтас саясат жоқ. Халқымыздың бақуатты өмір сүруі және еліміздің озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуы – Тәуелсіз мемлекетіміздің мәңгілік мұраты», - деп ел болашағына сенім білдірген еді[1].

Әрбір зайырлы мемлекеттің алдына қойған басты мақсаты мен оны жүзеге асыратын міндеті – халықтың денсаулығын жақсарту мен өмір сүру сапасынарттыруды қамтамасыз ету болып табылады. Еліміздің даму бағытын бекіткен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: « Біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуіміз қажет... Денешынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Алайда елде барлығы үшін қолжетімді спорт нысандары, спорт құрал-жабдықтары жетіспейді. Осыған байланысты Үкімет және жергілікті органдар дене шынықтыруды, бұқаралық спортты дамыту және типтік жобадағы денешынықтыру-сауықтыру нысандары, соның ішінде, аула нысандары құрылысы бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл жұмысты келесі жылы-ақ бастау керек»[2; 96]- деп,

жастарды салауатты өмір салтына баулу, бұқаралық спортты дамыту және дене тәрбиесімен, спортпен шұғылдану мәселелеріне баса зейін қою керектігін айқындап берді

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңының 1-бап, 1-тармағында «Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары» [3] деп нақты көрсетілген. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының «Қазақстан Республикасының жастар саны» атты ресми мәліметінің соңғы нұсқасына назар аударсақ, 2020 жылы еліміздегі жалпы жастар саны 3 765 383 адамды құрайды. Оның ішінде қала жастары 2 125 065 адамды құраса, ауыл жастары 1 640 318 адамды құрайды. Жалпы жастардың, анығырақ айтқанда, 14-29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының өңірлер бойынша ерлер саны 1 919 076, әйелдер саны 1 846 307 құрап отыр [3]. Қазақстан Республикасындағы жастардың саны 2021 жылдың 1 қаңтарында берілген халықтың жалпы саны 18 877 128-ге [3] шаққанда 20 % құрайды. Аталмыш пайызды құрайтын жастардың отбасылық өмірге даярлығын қамтасыз етудің бірнеше ықпалды факторлары бар. Ең бірініші, әрі ең негізгісі – «отбасылық тәрбие». Жастар жеке отбасын құрудың идеялық немесе материалдық макетін өз отбасында жүріп қалыптастырады. Өз отбасындағы әлеуметтік жағдай мен отбасылық үйлесімділік оның дәл осындай отбасы формасын қайталауды не болмаса керісінше, қарама-қарсы формадағы отбасын құруға ықпал етеді. Баланың қалыпты отбасында болуы оның сол форманы ары қарай сақтағысы келетін ойынан аңғарылады. Отбасының сипатына көңілі толмаған жеткіншек өз қиялында отбасы формасын ойластырып, соған ұмтылудың қадамдарын жасай бастайды. Ол қиялға негізделген жаңа отбасылық форма практикалық тұрғыдан жарамды не болмаса жарамсыз екенін уақыт көрсетеді.

Жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің формаларын, әдістерін және мазмұнын анықтап, салауатты өмір салтына тәрбиелеудің негіздерін жасау. Елімізде білім беру жүйесі жаңартылған форматқа түбегейлі көшті. Сондықтан да білім беру мекемелерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – өскелең ұрпақты салауатты өмір сүруге бейімдеу, олардың көзқарасын қалыптастыру, жастардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жаңартылған білім алып, алған білімдерін болашақ өмірінде, кәсібінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Салауатты өмір салтының кешенді бағдарламасында» білім бері жүйесінің жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлін арттыру қажеттігін айрықша атап көрсеткен [4].

Осы стратегиялық маңызды міндеттерді шешуде салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің алатын орны мен рөлі ерекше. Ал ол тәрбиенің құрамдас бөлігі – нашакорлыққа, зиянды әдеттерге (темекі шегуге, ішкілік ішуге) қарсы тәрбие беру. Сондықтанда білім беру ұйымдары алдына төмендегідей мақсат қойылады – бүгінгі дамыған қоғамда белсенді өмірге дайын жеке тұлғаның өмірлік, танымдық ұстанымдарын, дүниеге дұрыс көзқарастарын қалыптастыру үшін

қажетті жағдай жасайтын бірыңғай жүйе қалыптастыру болып табылады. Бұл жүйе жастарды зиянды әрекеттерден алдын алуды әлеуметтік-құқықтық құндылықтарға бағыттап тәрбиелеуде және өзін өзі қадірлеуде жауапкершілікті дамытуды басшылыққа алады. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған құжаттар елдерге халықтың денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі тиімді кешенді бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға төмендегідей мақсатта белсенді ықпал етуді ұсынады: 1) әрбір жеке тұлғаның толық денсаулық әлеуетін оған қатысты экономиканың барлық секторларын қамти отырып, қауіп-қатер факторларының денсаулыққа әсерін төмендету жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге үкіметтің жауапкершілігі;

2) салауатты өмір салтының пайдасына шешімдер қабылдау үшін жағдайлар жасау;

3) денсаулық және тұрақты дамуға капитал салу ретіндегі өмір бойғы біліммен қамтамасыз ету және алдын алу;

4) денсаулықты сақтау мен нығайтудағы мүмкіндіктерді арттыру үшін халықтың қажеттіліктеріне жауап беретін денсаулық сақтау жүйесін және тиісті инфрақұрылым жасау», - деп атап көрсетеді [5, 28-29 бб.].

Қоғамдағы салауатты өмір тіршілігі – адам денсаулығын сақтаудың және оны нығайтудың негізі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Ертеден денсаулық пен салауатты өмір салтын сақтау туралы ғылымның пайда болуы адамзат тарихының тереңіне бойлап келеді. Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болған алғашқы өмір сүру кезеңінде-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, оны еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде қарастырған. Алғашында дене тәрбиесі ұйымдасқан ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс берді.

Бұл кезеңдегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыруда тәрбиелік маңызы зор болды. Біздіңше, салауатты өмір салтына тәрбиелеу дегеніміз - жеке тұлғаға темекі шегуге, ішкілік ішуге және нашақорлыққа қарсы тәрбие беру деп түсінеміз. Дамыған отыз елдің қатарына қосылу дегеніміз, әрбір отбасының мәдени, әлеуметтік, экономикалық жағдайы өте жоғары жағдайда болуы қажет деген сөз. Олай болса басты мақсат- жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани - этномәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Адамдардың өмір салтынан олардың өзара қарым-қатынасы, рухани мәдениеті мен мінез-құлқы көрініс табады. Сондықтанда қоғам мен адам өмірінің даму дәрежесі, мәдениеті, тұрмыстық ереже нормалары және әдет-ғұрыптары сол қоғамның өмір салтын сипаттайды. Ал өмір салтын ұғыну үшін олардың қалай тұрмыс шегіп, еңбек ететінін, оқып білім алатынын, нені ойлап қам жейтінін, өзі өмір сүретін қоғамға қалай қарайтынын, өмірдегі өзінің орны мен міндетін қалай түсінетінін білу керек.

Өмір салтын сипаттап, анықтайтын маңызды тағы бір белгі - ол адамдардың қоғамдағы әлеуметтік жағдайы. Өйткені бір өмір салтының

екіншісінен мәндік, сапалық жағынан айырмашылығы осыған байланысты. Күнделікті өмір салтының түрлері белгілі бір әрекеттің, жағдайлардың әсер етуінен, моральдық принциптердің, өмірге көзқарастың салдарынан өзгеріп отырады. Әлеуметтік жағдайлар өмір салтының ішкі әлеуметтік мәнін, сапалық сипаттарын айқындайды. Сол себепті адамдардың өмір салтын әлеуметтік құбылыс деп санауға болады.

Сонымен «өмір салты» деген ұғымға жеке адамдардың, әлеуметтік топтар мен бүкіл қоғамның тіршілік тәсілі, мақсат-мүддесі, рухани жан дүниесі кіреді екен. Әрине, бұл сол қоғамдағы саяси экономикалық, әлеуметтік жағдайларға да байланысты қалыптасатынын айтып өтеміз.

Салауатты өмір салты дағдыларын үйрету және дағдыландыру-қазіргі заман талабы. Осы бағытта жүргізілетін барлық іс-шаралар короновирус шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге және адам денсаулығына зиян келтіретін әдеттерге қарсы жүргізілетін үгіт-насихаттау жұмыстарына бастау болады. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу және оның құрамдас бөліктері болып табылатын темекі шегуге, ішкілік ішуге қарсы тәрбие мен наша тартуға қарсы тәрбие беру проблемалары бойынша бірқатар зерттеулер (Бөлеев Т., Бөлеева П., Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е., Ембергенова А., т.б.) және жеке еңбектер [6,7,8,9] бар.

Осыдан жоғары оқу орындарында салауатты өмір салтын қалыптастыру төмендегідей мүмкіндіктер тудырады:

- 1) студент жастардың денсаулығын күшейту;
- 2) жеке тұлғаның гигиеналық сауаттылығын арттыру;
- 3) қазіргі жағдайда (пандемия кезінде) денсаулықты сақтау әдістері мен қағидаларын қатаң ұстау;
- 4) салауатты өмір салтының маңызы мен түрлерін танып білу;
- 5) психопрофилактика және психогигиенаның әдіс-тәсілдерін қолдану;
- 6) жеке денсаулығын сақтауға жауапкершілікті арттыру;
- 7) дене қимылдары белсенділігін күшейту [10, 45 с.] т.б.

Салауатты өмір салтын сақтай отырып өмір сүру үшін төмендегі талаптарды орындау керек:

1. Нақты әр күн тәртібінің болуы.
2. Жеке гигиенаны сақтау (қол жуу, антисептик пайдалану, арақашықтықты сақтау).
3. Дәрумендері бар құнарлы және дұрыс тамақтану.
3. Бос уақытта таза ауада тынығу.
4. Дене еңбегімен шұғылдануы.
5. Таңертең жүгіру және күн көзінде серуендеу.
6. П. Ивановтың кеңесі бойынша табиғатта көбірек болу.
7. Зиянды әдеттерден бас тарту.
8. Дене қозғалысындұрыс пайдалану.
9. Фитнес залдарында жаттығу (қалауы бойынша) [11, 97 с.]

Сонымен жоғарыда берілген ұсыныстарды ескере отырып, жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің негіздері жасалынды, салауатты өмір

салты құрылымының нобайы ұсынылды. Біз өз тәжірибемізде жастарға денсаулық туралы үйрете отырып, жоғарыда айтылғандардың барлығын сабақ процесінде қолданамыз.

Осы ұстанымдарды негіздеп жастарды салауатты өмірге тәрбиелеуде педагог орны ерекше.

Біз жеке адамның өмір салтын зерттегенде осы бос уақытқа көбірек көңіл бөлуіміз керек. Себебі ол өз кезегінде отбасы тұрмысына, білімі мен мәдениетін көтеруге, спорт, демалу сияқты бірнеше құрылымға бөлінеді. Адамның рухани мәдениеті мен дене мүшесінің дамып жетілуі осы бос уақытты қалай дұрыс пайдалана білуіне тікелей байланысты болады [12, 211 б.].

Жастардың салауатты өмір салты жағдайы, оны өзара байланыстыратын өмір тіршілігінің тәсілі, оның өмір салты, бүкіл қоғамның өмір салтын белгілейтін жағдайдан және әлеуметтік топтың өмір салтын өзара байланыстырудан анағұрлым айырмашылығы бар. Жеке адамның өмір салтын өндіріс тәсіліне және қоғамдық-экономикалық мәнге, табиғи-географиялық жағдайға, өзінің этникалық бірлігіне, сол жеке адам жататын әлеуметтік топтың объективтік жағдайы мен өмір деңгейіне ешқандай бағыныңқы емес деп айтуға болмайды. Мұның бәрі адам өмірінде зор рөл атқарады. Неге десеніз қоғамда өмір сүре отырып, оған тәуелді болмау мүмкін емес. Өйткені жеке адамның өмір тіршілігі түрінің әлеуметтік мәнін қоғамдық-экономикалық жағдай анықтайтыны анық.

Жастардың этномәдени құндылықтарын қалыптастырудың өзекті мәселесі қоғамда қызу талқылануда, себебі ол келешек ұрпақтың салауаттылығын қалыптастыратын негізгі тетік ретінде ұсынылуда. Әлеуметтік-мәдени ортада этномәдени технологияларды қолдануды, жастардың салауатты өмір салтын қызмет ретінде қалыптастыруға тартуды, оларды эмоционалды және моральдық реттеу әдістеріне оқытуды қамтитын жастардың этномәдени құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық жағдайларының кешені анықталуда.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Қазақстан халқына Жолдауы. 5.10.2018. Қолданыс режимі: <https://www.akorda.kz/>

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы. – Алматы: Білім, 1998.99-101б.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының «Қазақстан Республикасының жастар саны». Қолданыс режимі: <https://stat.gov.kz/>

4. «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы № 905 қаулысы. (2006.06.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/ Қолданыс режимі: <https://online.zakon.kz/>

5. Иманғалиев А.С., Арыстанғалиева А.Г., Қасымғали Г.М. Ұлттық құндылықтар арқылы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру//ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, - 2020. - № 4 (68), -28-29бб.

6. Болеева П.К. Методика антинаркотического воспитания студентов: учеб.пос.– Алматы: Нұрлы Алем, 2008. – 108 с.

7. Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. Жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік мектептер мен лицейлердің, колледждердің оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттері арасында темекі шегудің, нашақорлықтың, ішімдікке салынудың алдын алуға арналған көпсатылы білім беру бағдарламасы. - Алматы: Раритет, 2003. - 24 б.

8. Ембергенова А. Маскүнемдік дертпен тең. - Алматы: Қазақстан, 1988. – 47 б.

9. Болеев Т.К. Система антиалкогольного воспитания учащихся: учеб.пос.– Алматы: НұрлыАлем, 1999. -154 с.

ӘОЖ 37.035.3

## **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ибраимова Л.Н.\* , Шаринова Г.С.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: leskul.ibraimova@mail.ru  
e-mail: gulnur\_sharinova@mail.ru

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Міне, сол ғасырлар қойнауында қорытылып, жинақталып қалыптасқан қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін жеткіншектердің тәрбиесінде, соның ішінде еңбек тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Қазақ халқының сондай дәстүрінің бірі - жеткіншектерді дәстүрлі еңбекке тәрбиелеуі. Сондықтан, қазақ халқының әлеуметтік, рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, жеткіншектердің еңбек етуге белсенділік қасиетін, дәстүрлі еңбек процесін меңгертуде тұрақты дағдыларын, шығармашылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету өзекті мәселе болмақ.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшкен Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеру және халықтың еңбек салт-дәстүрлеріне сүйену арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстық пайдалы көзін тауып, өзінің

таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу - қазіргі қоғамның талабы.

Еңбек тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері, еңбекке тәрбиелеудің мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық сатысында өзекті зерттеу объектісі болып отырған.

Жеткіншек ұрпақты еңбекке тәрбиелеудің халықтық негізін және халық тәрбиесі құралдарының тиімділігін атап көрсеткен қазақтың ағартушы-педагогтары: М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, т.б. болды [1-6].

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде еңбекке тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негізін жасау, Қазақстандағы оқушыларды еңбекке тәрбиелеу тарихы, оқу-тәрбие процесі барысында оқушыларды еңбекке даярлау жүйесі маңызды орын алады. Бұл ретте аталмыш жүйеде жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды өмір мен еңбекке даярлауды жетілдіруде барлық пәндер бойынша оқу материалы мазмұнын қолданудың аса тиімді формалары мен тәсілдерін іздестіруге аса зор мән беріледі.

Мысалы, қазақтың көрнекті ғалымы, педагог, психолог Т.Тәжібаев «Халықтық педагогиканың негіздері» атты мақаласында: «Малшылардың арасында өмір сүре отырып, өскелең ұрпақ мал шаруашылығындағы еңбекке психологиялық тұрғыдан тікелей қатысуы арқылы да әзірленді, тиесілі білімін, іскерліктері мен дағдыларын қабылдады. Балаларды еңбекке баулуға халық елеулі мән берді. Көшпенділік өмір салты шабандоздыққа үйренуді және дағдылануды талап етті. Оған балаларды жастайынан үйретті: бүлдіршіндерді атқа отырғызып ауылдарды аралатып, жайылымдарға апарды, өз бетінше ер-тоқымда отыруға дағдыландырды. Ал сәби үш жасқа толғанда ат үстіне отырғызып, арнайы сай-жоралғыларды жүзеге асырды. Бес жасында ол үлкендердің көмегінсіз-ақ ат ер-тоқымына өз бетімен отырып, өз бетінше жылқы арқасына қамшы басуға үйренуі тиіс еді, 7-8 жасында оған ат жарыстарына қатысуға рұқсат беретін, 14-15 жасында ол кәдімгі шабандоз атанады», - деп жазады. Біз бұдан қазақ халқының балаларды жас ерекшеліктеріне сай тәрбиенің «үйрету», «жаттықтыру» әдістерін қолдана отырып, отбасында оларды болашақ қоғамдық өмірге, өнімді еңбекке дағдылаудың өзіндік педагогикалық ғылыми негізделген жүйесі болғандығына көз жеткіземіз [7].

Қазақ халқы осындай тәлім-тәрбие негіздеріне сүйене отырып, жас жеткіншектің нағыз азамат болып өсуіне қамқорлық жасаған. «Баланы жастан...» деп, сәби келешегіне отбасында, жас кезінен назар аударудың қажеттілігіне көңіл бөлген.

Сондықтан біз ең алдымен теориялық-әдіснамалық тұрғыдан «этика», «мораль» ұғымдарына берілген ғылыми еңбектердегі анықтамалардың мазмұнын, мәнін қарастыруды көздейміз.

Аристотельдің пікірінше: «этиканың мақсаты - таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда, бұл ғылымның пайдасы болмас еді».



Аристотельдің пайымдауындағы «этика» ұғымын Цицерон грек тілінен латын тіліне аударғанда «moralis» (мораль), яғни грек термині «этика»-ның тура баламасы болып шыққан. Мәселен, орыс тілінде ол «нравственность», ал қазақ тілінде ол «этика» - әдеп, «нрав» - мінез, «нравственность» - құлықтылық, өнегелілік, ізгі адамгершілік, рақымшыл деген мағынаны білдіреді.

Алайда күн бүгінге дейін бұл түсініктерге оның мәнін ашатын нақтылы анықтамалар берілмеген. Оны ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау дәлелдейді. Мәселен, Аристотельдің түсінігінше, этика - адамгершілік (ізгілік) туралы ерекше, практикалық ғылым, оның мақсаты адамға ізгілікті, рақымды және бақытты болудың жолдарын үйрету [8, б.32]. Біздің көзқарасымыз бойынша, бақытты болу - қоғамдық өмірде өз орнын табу, қоғамға пайдалы еңбек ете білу. Бұны біз, алдыңғы аға ұрпақтың өндірістік еңбектегі білім мен дағдыны, шеберліктер мен іскерлікті ұрпақтан ұрпаққа қалдыруды және оларға қоғамдық, тарихи-әлеуметтік тәжірибені меңгертуді көздеуі деп түйіндейміз.

Мәдениеттің өзегін салт-дәстүр, әдеп кұрастырады. Егер соқыр сезім (инстинкт) жануарлар тіршілігіне қалай әсер етсе, салт-дәстүр де алғашқы адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқына, ақыл-ойына солай ықпал етті. Алғашқы рулық қоғамдағы әдеп көріністері: «қанға қан, жанға жан» принципі, сезімнің ақылдан басым болуы, жеке бас бостандығының қауымдық мүдделермен тежелуі, т.б. осындай жайттардан байқалады. Дәстүрлі қоғамдағы әдептің қарапайым түрін кейін рационалды имандылық қағидалары алмастырды. Алайда бұдан көне әдеп жүйесі жоғалып кетті деген ой тумайды. Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесі халықтық педагогикадан бастау алады. Халықтық педагогика жеткіншектерді дәстүрлі еңбекке тәрбиелеу процесінде ересек адамдардың қайырымды, әдепті, ілтипатты қарым-қатынасы арқылы олардың еңбекке деген сүйіспеншілігін, еңбек адамдарын құрметтеу сезімдерін оятып, қазақ халқының әр түрлі кәсіптік салаларына қызығушылығын арттырады. Ол қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңара түскенімен, бастапқы негізін сақтап, адамдардың әлеуметтік қызметтеріндегі қарым-қатынастардың басқа да жағымды құндылықтарын қамтиды. Сол әдептің бір санаты ретінде танылатын ұғым - ізгілік.

Тарихи тұрғыда ізгілік адамдар арасындағы бытыраңқылық пен жатсынуды жеңуге, өзара түсіністікті, моральдық теңдік пен туысқандық бірлікті орнықтыруға жәрдемдесетін іс-қимылдар мен қоғамдық бастамаларды білдіреді. Ізгілікті бұлайша ұғыну - мұратқа ұмтылған адамның өз нәпсілерінен, материалдық мұқтаждықтан, жеке адамға жасалатын топтық және қоғамдық қысымнан тәуелсіз болуына себептесіп, ізгіліктің тарихи және жағдаяттық нақтылықтарына гуманистік тиянақтылық береді. Ізеттілік -адам бойындағы имандылық, инабаттылық, сыпайылық, өнегелілік, қарапайымдылық қасиеттерді қамтиды. Ізгілік - халқымыздың ұлттық қасиеті. Үлкенді сыйлау, кішіге ілтипат білдіру - ізеттілікке жатады. Бұл қасиеттер көбінесе отбасындағы еңбек тәрбиесінен көрініс тауып, жеткіншек ұрпақты құндылықтар арқылы жан-жақты дамытуға, еңбек дағдыларын игертуге, оған деген өз жауапкершілігін арттыруға, әдепті ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Алайда қазақ халық педагогикасында осы қасиеттермен қатар, халқымыздың моральдық-этикалық көзқарастар ұстанымында жеткіншектерді еңбекке тәрбиелеуде «абырой», «намыс», «парыз», т.б. түсініктер жоғары бағаланған.

Педагогика ғылымы жеткіншектер тәрбиесінің мазмұнына енетін ғылыми дүниетанымды қалыптастыру мәселесін шешуде оның құрамды бөліктерін ажыратып қарайды. Педагогикалық ғылыми еңбектерде дүниетанымның төрт құрамды бөлігі көрсетіліп жүр. Олар: ғылыми білім жүйесі, дүниетаным, сенім, адам мұраты.

Білім - объективтік дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі. Білім арқылы жеке адам табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективтік жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғады. Ғылыми білім - адамның дүниетанымының қалыптасуы мен дамуының үлкен тірегі. Міне, осының нәтижесінде білім әр адамның көзқарасына, сеніміне айналады.

Дүниетаным - жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстар туралы түсінігі, ой тұжырымы. Адамзаттың пайда болу тарихын түсіндіруде әр түрлі көзқарастардың бар екені мәлім. Мысалы, материалистер мұндай проблеманы ғылыми дүниетаным тұрғысынан дәлелдесе, ал дін ілімінің өкілдері тәңірдің қалауымен деп тұжырымдайды.

Сенім - терең, тиянақты ойланып айтылатын идеялардың жиынтығы. Сенім жеке адамның өмірлік позициясының беріктігін анықтайды, мінез-құлқын сипаттайды. Әр түрлі идея адам сенімінің негізі, шындықты терең тану, өз мақсатын жүзеге асыруда адам әрекетінің тірегі.

Адам мұраты жеке түсініктің жоғары сатысы адам баласының жоғары мұрат-мақсаттары, өмірге ұмтылушылығы, талаптанушылығы. Мұрат айналадағы өмірді жетілдіруде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуда адамның сезімін оятады [9].

Мысалы, қазақтың қариялары ай жаңа туғанда оған қарап тағзым етеді. Содан соң қолын көтере, алақанын жайып: «Ай көрдік, аман көрдік. Бақытты, байлық заман көрдік. Амандықпен осынша жасқа келдік. Ескі айда есіркедің! Жаңа айда жарылқа!» - деп бетін сипап, тілек тілейді. Ересек адамдар: «Көкте тәңір бар, жерде әулие бар» - деп балалардың аяғын аспанға көтертпейді. Жаздыгүні алғаш жаңбыр жауғанда: «Ауыру-сырқаудан басымды аман сақта» деп, бас киімін шешіп, жаңбырға басын төсейді. Ал найзағай алғаш күркірегенде: «Алла, ырыздығымызды молынан бер. Малымыздың желінін сау қылып, сүтін мол ете гөр», - деп шөмішпен айран алып шығып, оны босағаға төгіп, үйдің жабығына жағады. Сүт ең қасиетті, әрі киелі тағам саналады. Үйге кіріп кеткен сары бас жыланды өлтірмей, басына ақ (сүт немесе айран) тамызып шығарып жібереді, бұл жыланды «киелі» деп санаған ұғымнан туындаған.

«От - құдайдың адамға жіберген сыйы» деп түсінген ертедегі ата-бабаларымыз оны да қастерлеп, киелі санаған. Қыстауға көшіп келгенде немесе көшердің алдында «тағам дәметкен аруақтардың мұрнына иісі барсын» деп қарындағы сары майды ашып, оның аузын майымен қоса кесіп алып, жанып

тұрған отқа салған. Сондай-ақ жаңа туған жас сәбиді бесікке бөлерде: «Алас, алас, әр пәледен қалас» деп бесікті отпен аластайды.

Қазақ халқының ұғым-түсінігінде: көк аспан - бейне бір киіз үйі сияқты, барлық өмірге пана болған көк күмбез, аспан әлеміндегі жұлдыздар - осы көк күмбезге жағылған шырақтар, аспандағы жұлдыздардың адам өмірімен тығыз байланысы бар. Әрбір адамның өмірін жаратып, тағдырын белгілейтін бір жұлдызы болады. Ол жұлдыз жоғарыласа, бұл адамның бағы өрлейді, жұлдыз төмендесе, адамның бағы қайтады. Жұлдызы оңынан туса, барлық іс сәтті болады, жұлдызы солынан туса, оның жаны көкке ұшады. Қазақтар ісі оңалған адамды «жұлдызы оңынан туды» дейді, аспанда аққан жұлдызды көргенде: «Менің жұлдызым жоғары!», «Сақтай көр, жасаған!» деп сиынады. Олардың ұғымынша, адамдардың жұлдыздары әр алуан: кейі топырақ, кейі су, кейі от, кейі жел сияқты болып келеді, бұл сол адамның мінездемесін, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейді[10].

Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінен, қарым-қатынастарынан туындайды. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттілік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ұждан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді.

Қазақ халқының жеткіншектерді еңбекке даярлаудағы тәрбие құралы ретінде пайдаланылатын моральдық-этикалық ұғымдары ұрпақтан ұрпаққа жазылмаған заң ретінде ұлағатты асыл сөздері немесе афоризмдер арқылы беріліп отырған.

Бұл афоризмдердегі еңбек тәрбиесі моральдық-этикалық көзқарас тұрғысында жай сипаттаумен ғана шектелмейді, моральдық-этикалық норма, тәжірибе түрінде қарастырылады.

Қазақтың дәстүрлі еңбек тәрбиесіне байланысты моральдық-этикалық ұғымдарын «тыйым» сөздердің мазмұнынан да толық байқауға болады.

Тыйым сөздердің әлеуметтік қызметі балаларды еңбек тәрбиесінде шаруаға ұқыптылық, салмақтылық қасиеттерін қалыптастыруға, еңбекті қадірлеп, өзін-өзі тәрбиелей білуге, еңбек адамдарына құрмет көрсете білуге баулуға бағытталған.

Жалпы тыйым сөздердің көпшілігі көне замандардағы наным-сенімдерден бастау алғанымен, іс-жүзінде барлығы да өмір қажеттіліктерінен туындап отырған. Бұл тыйымдардың сан ғасырлар бойы тұрақты сөз тіркесі ретінде тілдік қолданысымызда сақталып келуінің өзі, олардың наным-сеніммен ғана емес, нақты тіршілікпен байланыстылығының, өмір үшін өзектілігінің белгісі. Тіл - таразымызда тартылып, сөз санамызда сақталып қалған моральдық-этикалық түсініктер мазмұны ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, бүгінгі қазақ халық педагогикасында балаларды еңбекке даярлауда тірек болары анық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұмабаев М. Таңдамалы өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. - Алматы, «Ғылым», 1992. - 195 б.
2. Байтұрсынов А. Ақжол: өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және

- әдеби зерттеулер. /Құрастырған Р. Нұрғалиев. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. - 225 б.
  4. Құдайбердиев Ш. Үш анық. - Алматы, 1991. - 80 б.
  5. Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1989. - 372б.
  6. Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары. - Алматы. 1957. - 97 б.
  7. Тажибаев Т. Педагогическая мысль Казахстана во второй половине XIX века. - Алма-Ата, «Казахстан», 1965. - 164 с.
  8. Гусейнов А.А. Этика Аристотеля. - М., 1984. - 64 с.
  9. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. - Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, 1998. - 378 б.
  10. Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы: Қазақстан, 1974. - 186 б.

УДК 37.025

## **XXI ҒАСЫРДЫҢ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ: БЕТАЛЫСЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ**

<sup>1</sup>Игібаева А.К., <sup>2</sup>Ақитбаева Н.К., <sup>3</sup>Даутова М.Т.

<sup>1,2</sup>Аманжолов университеті.

<sup>3</sup>Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Toktarova\_07@mail.ru

Еліміздің жан-жақты дамуы болашақ ұрпақтың білім деңгейіне, сондай-ақ, олардың бәсекеге қабілетті маман болуына байланысты екендігі белгілі жайт.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) PISA халықаралық зерттеуінің нәтижелері Қазақстанның осы бағдарламаға қатысқан барлық жылдарында нашар нәтижелер көрсетеді. Алынған деректер білім беру жүйесіндегі проблемаларды көрсетеді, білім беруді дамыту стратегиясын түзетуге, күшті және әлсіз жақтарды көруге және қазіргі заманғы мұғалімді даярлауға баса назар аудару қажет басым бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сондықтан осы тұрғыда қойылып отырған сұрақ - 21 ғасырда қандай мұғалім қажет, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыруда қандай әдіс тәсілдері қолдану қажет және т.б сұрақтар жауап іздеуде. Жалпы, бізге қандай мектеп, мұғалім қажет деген сұрақтар өте орынды.

Педагогика теориясы мен практикасында болашақ ұстаздарды даярлау кезінде қандай тенденцияларды байқауға болады?

Біріншіден, идеал модельдер мен болашақ мұғалімдердің нақты дайындығы арасындағы алшақтықтығы. Педагогикалық білім беруде

функционалдық тәсіл басым, ол оқу пәндері арасындағы әлсіз байланыстарда, оқу және педагогикалық іс-әрекеттің жекелеген түрлеріне дайындықта көрінеді. Білім беру ортасын саралау процесін ескеру қажет. Инклюзивті білім беру, көші-қон үдерістері, оқушылардың әлеуметтік бейімдеудегі әртүрлі қиындықтары, көптідлідік, шағын мектептердің басылымдығы, оқулықтардағы кемшіліктер, сонымен қатар келген пандемия және т.б мәселелер мұғалімге жаңа талаптар қояды [1].

Екіншіден, бүгінгі балалардың психологиясы басқаша. Олармен жасанды интеллектпен жұмыс істеуге, стратегияларды түсінуге, шешім қабылдау этикасын меңгеруге және ынтымақтастықтың дағдыларын меңгеруге, сондай-ақ маңызды өмірлік мәселелер туралы әңгімелесуге тура келеді.

Оқу үрдісіндегі жаңа технологиялар, цифрландыру, роботтандыру, т.б. өзгерістер болашақ мұғалімнің әдістемелік, технологиялық дайындығын жетілдіруді талап ететіні сөзсіз.

Үшінші - жаһандану процесі рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына, дамуына өз әсерін ықпал ететінін байқатады. Осы тұрғыда ұлттық келбетін сақтай отыра, болашақ мұғалімнің рухани дайындығына қандай, қай көлемде өзгерістер қажет екенін дұрыс қарастыру өте маңызды.

XXI ғасыр педагогикасының негізі – жеке тұлға. Сондықтан, төртіншіден, жаңа бағдарлама педагогикалық процесте оқушының жас және дербес ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Баланы неге және қалай ұйрету керек деген сұрақтарға педагогтармен бірге психологтар жауап беру тиіс. Оқушыларға қандай метадағдылар қажет? Себебі балалардың психофизиологиясындағы айырмашылықтары әр үш-бес жыл сайын пайда болады. Балаларға қол жетімді ақпараттың көлемі, оны алу және игеру әдістері сапалы түрде де өзгерді. Назарларын қалай ұстауға, есте көп ақпаратты қалай сақтауға, сол ақпараттық ағынмен қалай күресуге болады? Олардың зейіні, есте сақтау қабілеті, ақпаратты қабылдауы әр түрлі. Ал мұғалім бәріне орта талап қояды. Әр оқушы математиканы, әдебиетті де, химия мен физиканы да жақсы білуге тиіс деп санаймыз. Солай болу керек пе? Оқыту үрдісінде гендерлік принциптер сақталана ма? Қыз бала мен ұл баланың айырмашылықтарын біз тәрбие беру процесінде ғана еске аламыз. Ұл балалар белсенді іс-әрекетке тартылуы тиіс, оларға кеңістік пен қозғалуға мүмкіндік беру қажет. Яғни ол табиғат заңы. Ал қыз баланың психологиясы басқа.

Отандық психологиялық-педагогикалық ғылымда әлі де серпіліс жасалмаған және тиісті жауаптар жоқ деп айтуға болады. Мұғалімдер, оқушылар, олардың ата-аналары қиындықтарға тап болады, себебі мұғалімдердің көпшілігі басқа шындықта жұмыс істеуге дайындалған, өйткені негізгі теориялар XIX-XX ғасырларда қалыптасқан. Ал уақыт бір орнында тұрмайды.

Сонымен қатар, пандемияда өзгерістерді білім саласына әкелді. Алайда мәселе мынада, цифрлық педагогикаға мұғалім қай дәрежеде дайын? Білім берудегі цифрландыруды және мұғалімнің кәсіби дамуын қандай психикалық ұстанымдар тежейді? Цифрландыру процесі білім беру процесінің барлық

субъектілеріне-мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға және т. б. қандай қауіп төндіреді?[2].

Сондықтан, қазіргі кезде болашақ мұғалімнің дайындығының теориялық және практикалық жағдайлары, жоғарыда айтылған проблемалар өзгерістерді талап етеді.

Біздің ойымызша, ол талаптар мынандай:

Бірінші - болашақ мамандықты таңдаудағы ертерек басталатын кәсіби бағдар беру мәселесі. Педагогикалық оқу орындарына іріктеу тетігін жетілдіру. Мұндай іздеумен американдық мұғалімдер арнайы айналысады (Дж. Девор, Х.М. Бреланд және т.б.). "Американың Болашақ мұғалімдері" клубтары ұйымдастырыған, онда жоғары сынып оқушылары Педагогика және психология бойынша қарапайым білім алады, бастауыш сынып мұғалімдерінің көмекшісі болады.

Мұғалім болу әр адамның қолынан келмейді. Осы жерде педагогика тарихына өз үлесін қалдырған классиктер- аль-Фараби, Ян Амос Коменский, Ибрай Алтынсарин, В.А. Сухомлинский, А.С.Макаренко және т.басқаларының қоғамдағы мұғалімнің орны туралы, оның миссиясы туралы айтқан пікірлерді естен шығармау керек. Сондықтан білім бағдарламасы бойынша мектептердерде педагогикалық сыныптары болу тиіс. Қазргі цифрлық технологияларды пайдалана келіп, виртуалды педагогикалық сыныптарды ашуға болады. Сол сыныптарда болашақ студенттерді іріктеп, кәсіби дайындығын жүргізуге болады. Осы тұрғыда әр түрлі әдістерді, технологияларды қолдану мүмкіншілігі зор. Педагогикалық олимпиадалар, педквестер, кіші Академиялар, педагог династияларын тәжірибелерін дәріштеу т.б жұмыс түрлері жетерлі.

Екіншіден, бірінші курсқа оқуға түскеннен бастап болашақ ұстаздардың педагогикалық мотивациясын ары қарай дамыту, ұштастыру бағытында педагогика,психология пәндерді оқыту барысында белгілі педагогтармен кездесу ұйымдастыру, сабақ барысында кеңінен еліміздегі және шетелдегі озық педагогикалық тәжірибесімен таныстыру, мектеп,мұғалім туралы кино,фото және т.б мәліметтерді пайдалану, волонтерлік жұмыстар жүргізу да өз әсерін берері мәлім.

Үшіншіден, педагогика және психология, әдістеме пәндерінің маңыздылығын күшейту. Болашақ ұстаздардың теориялық білімдерін нығайтып, кеңінен практикалық әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдану. Пән әдістемесінен дәріс оқуға озық мектеп мұғалімдерін кеңінен тарту өз нәтижелерін береді.

Төртіншіден, болашақ мұғалімнің педагогикалық тәжірибесіне көңіл аудару. Осы тұрғыда мектептермен тығыз байланыста болу, мектеп басшыларының, мұғалімдердің жауапкершілігін арттыру, дуалды оқытуды нығайту. Ондай әрекетті білім қауымдастығының кәсіби жауапкершілігі деп айтуға болады.

Бесіншіден, қазіргі мұғалім оқушылардың білім алу үдерісін ұйымдастырушы ғана емес, олардың танымдық-практикалық әрекеттерін, өзара

қатынасын реттеуші әрі олардың өмірлік кеңістікте кез-келген жағдайға бейімделуіне қажет негіздерді қалауы тиіс.

Мұндай жаңа міндеттерді болашақ мұғалімнің кәсіби психологиялық дайындық біліктілігінің өсуінсіз шешу мүмкін емес. Психологияның педагогикалық пәндерімен қатар оқыту басымдық ретінде сақталады. Сонымен қатар, ауырлық орталығы жалпы психология курсынан педагогикалық психология курсына ауысу қажет. Жаңа әлеуметтік шындықты, ғылымның, техниканың, мәдениеттің жетістіктерін көрсететін жаңа курстар мен тақырыптар енгізілуде. Мысалы, Лондон педагогика институтының бағдарламасы жыл сайын 14 элективті пәнді ұсынады [3].

Сонымен, білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту.

Қоғам - білімді де білікті, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстаздарға мұқтаж.

Қытай тарихында жоғары лауазымға ұмтылған адамдар екі емтихан тапсыруға мәжбүр болған: бірінші-каллиграфия, екінші- өлең шығару. Неліктен дейсіздер? Себебі ондай әрекеттер тек қана адамға, оның миына ғана тән. Ал жақсы ұстаз болу үшін қандай өмірлік емтихандар тапсыруымыз керек? Осы сұраққа бірлесіп жауабын іздейік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Фокина А. Роль педагога в главных теориях педагогики 21 века. М. 2021г.

2. Игібаева А.Қ., Ерболатұлы Д., Турарова Г.У. Киберәлеуметтендіру: беталысы және келешегі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика және психология» ж. 2020 ж №4.

3. Kusainov. G., M., Игібаева А.К., Шалғынбаева Х.К. Pedagogical Technology: A specific historical approach. <http://revista.sangregorio.edu.es/index.php/REVISTASANGREGORIO/article/view/1608>

УДК 378.02

### **АҒЫЛШЫН ПӘНІН ҮЙРЕНУ – ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ НЕГІЗІ**

<sup>1</sup>Кажикенова Б.А.

<sup>1</sup>«К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ,  
Абай облысы, Аягөз.қ., Қазақстан, jumagulova\_17\_83@mail.ru

Мектептерде оқу сапасын жақсартуда әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелер беруде. Ағылшын тілі ана тілімен қоса оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп

қоймайды,оны өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым – қатынас мәдениетіне де үйретеді.[1]

Оқушылардың шет тілінде дұрыс сауатты сөйлеуінде тілдік материалды меңгерудің рөлі өте зор. Сөздік жұмыс мәтінде кездесетін жаңа сөздерді іздеумен қоса түрлі тұрақты сөз тіркестерді, қосымша мағыналы сөздермен жаттығулар орындау арқылы жүзеге асады. еді. [2]

Ағылшын тілі сабағында оқушының ауызша сөйлей алу дағдысын қалыптастыруда дидактикалық ойындардың үлесі зор. Мәтінді ауызша мазмұндауға, жоспар құруға, белгілі бір суретке қарап тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалық ойындарды ойнау барысында қалыптасады. Баланың жас ерекшеліктеріне, сабақтың мақсатына сай ұйымдастырылған ойындардың берері де мол. Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады.

Ойынды мынадай мақсаттар қойып пайдалану керек: алфавитті және лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалдарды есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту, қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т.б. түрінде де ойналады. Ойынның түрлері: лексикалық, орфографиялық, дидактикалық және грамматикалық, рөлдік болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйрететін арнайы ойындар да болады.

Ағылшын сабағында тыңдау,сөйлеу,жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру оқушының тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгеруіне тікелей әсер етеді. Оқушы тілді жақсы меңгеру үшін төрт дағдының негізі берік қалануы керек.

Шетел тілінде оқушылар дұрыс қарым – қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс Шетел тілінің қызметі – оқушыларды өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықпен түсіністік, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беріп әрі жеке басын, өмірге көзқарасын жан-жақты дамыту. Шетел тілі пәні бойынша білім мазмұнына тақырыптар, қарым-қатынас ситуациялары, мәтіндер, тілдік материалдар; лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, практикалық біліктер, сөз әдептері, оқу әрекетінің тиімділігін іске асыратын жалпы оқу білік дағдылары жатады.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. [3]



Қазіргі таңда ағылшын тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер көп. Олар : тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және т б .

Сондай-ақ халықаралық қатынастар аясында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгергендігі белгілі. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс.

Және де тілді меңгеру қиынға соғатындықтан ағылшын тілінде аудио-видео, онлайн программаларды көп көріп, тыңдау қажет. Ағылшын тілін оқып меңгеремін деген әрбір тұлғаға көп көмегін тидіреді.

Оқиғаны ағылшын тілінде баяндау үшін 1500-2000 аралығындағы сөздерді білу жеткілікті. Алайда, көп білгеніңіз өзіңізге жақсы. Ағылшындардың өзі шамамен 12000-20000 аралығында сөз біледі, бұл оның біліміне, ортасына байланысты. Сондықтан сөздік қорымыз қаншалықты көп болса, соншалықты қарым-қатынас еркін жасай алатынымыз айдан анық.

Жаһанданған заманда интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға , сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады . Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсіп қарым –қатынас жасау да өте тиімді болып тұр.

Болашақ — білімділер заманы. Әр қазақстандық үшін ағылшын тілін оқып үйрену — бәсекеге қабілетті тұлға бейнесін шыңдай түсетін, экономикалық мүмкіндіктерімізді арттыратын бірден-бір тетік. Жаһандану дәуірі кезеңінде замана көшіне қалмай, үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз, жаңғырта аламыз.

Қорытындылай келе, егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан- жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Қанша тілді меңгерсең де, қанша әлемдік мәдениеттің биік өнертабысына қол жеткізсең де, өзіңнің ұлттық тіліңді сақтап, ұлтымыздың мәңгілік байлығы – туған тұғырлы тіліміз бен халықтық құндылықтарымызды ешқашан ұмытпауымыз керектігі әрбіріміздің жадымызда жүруге міндетті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Э.С.Баймұратов, Е.О. Артықова «Заманауи әдістемелік технологияны қолдана отырып шет тілін оқытудың маңыздылығы.

## **ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ**

<sup>1</sup>Русанов В.П., <sup>2</sup>Какиева Л.Х.

<sup>1,2</sup>НАО «Восточно-Казахстанский университет  
имени Сарсена Аманжолова»,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, kakieva@mail.ru, prep\_rusanov@mail.ru

Открытие государственных границ потокам товаров, услуг, финансов, информации и, особенно, людям открыло дорогу глобальной интеграции, взаимопонимания и геополитической стабильности. Впервые в истории стала реальной возможность существования единого мирового сообщества. Однако глобальные связи, глобальные сравнения и рейтинги, глобальные потоки людей, идей, знаний и капитала неизбежно трансформируют высшее образование, которое становится центральной движущей силой этого процесса.

В настоящее время проблема глобализации занимает важное место в научных исследованиях. Значимость ее изучения обусловлена, с одной стороны, возрастающей социально-экономической и культурно-политической важностью осмысления положительных и отрицательных последствий глобализма, с другой стороны, недостаточной научной разработанностью данной проблематики в конкретных областях деятельности. Особенно актуальным исследование преимуществ и недостатков глобализации становится в образовательной сфере, ответственной за развитие человека, а на более высоком уровне обобщения - за формирование человеческого капитала. Анализируя многообразие глобализационных проявлений, можно отметить, что ее основной сущностной чертой является подведение различных национальных идей и систем под одни институциональные правила [1].

Глобализация по мнению А.В. Фролова, представляет собой тесную интеграцию и конвергенцию, на основе которой существует единое мировое образовательное сообщество, где высшее образование является центральной движущей силой. Проявлением глобализации является формирование мировых университетов (альянсы и консорциумы), определение международного рейтинга университетов, формирование глобальных связей и сетей, распространение научной кооперации и др. [2, с.6].

А.Л. Андреев отмечает, что проявлениями глобализации также являются: образовательная мобильность, которая приобрела массовый характер; применение в сфере образования франчайзинга (практика, в соответствии с которой, пользующееся международной репутацией образовательное учреждение предоставляют другим, в том числе зарубежным, учебным заведениям лицензии на свои образовательные программы); введение международных квалификационных требований, обеспечивающих конвертируемость документов об образовании; широкое распространение

технологий дистанционного обучения. Одним из проявлений глобализации является стандартизация, как ориентированность на результат, удовлетворяющий принятым общим стандартам для большого количества стран. Все это позволяет говорить о формировании единого образовательного пространства, охватывающего практически весь мир [3, с.9].

Глобализация становится ключевым фактором, обуславливающим существенные изменения в высших учебных заведениях. Для университетов, являющихся субъектами глобализации, появляются возможности, требующие их реализации.

Глобализация образования включает в себя три взаимосвязанные тенденции:

1. Создание сетей. Почти треть мирового населения имеет доступ в Интернет, более половины населения мира пользуются мобильными телефонами, и эти показатели стремительно растут. Лидеры по росту интенсивности таких связей – университеты.

2. Беспрецедентный рост роли знаний. Знания и исследования стали основой развития экономик и культур многих стран мира.

3. Растущий доступ к образованию. Значительный рост желающих получить высшее образование объясняется модернизацией большинства стран мира и ростом среднего класса в данных странах. По данным ЮНЕСКО, темп роста числа студентов в начале двадцать первого столетия в странах Восточной Азии и Тихоокеанского региона составлял ежегодно более 8%, в Африке – 7%, в Центральной Европе и Латинской Америке – 5%. [2, с.61].

В то же время данные тенденции способствуют и формированию целого ряда противоречий, основными из которых являются:

1. Противоречия между национальными и глобальными перспективами. Большинство государств фокусируют внимание образовательных институтов на собственных задачах, обеспечивающих экономическую эффективность и конкурентоспособность данных стран. Но глобальные исследовательские университеты исходят из глобальных воззрений на развитие и руководствуются глобальными амбициями. Тем более, что предпочтение национальным интересам уже не принято демонстрировать явно. Они сейчас придерживаются позиции приоритета глобального высшего образования с решением национальных образовательных задач на базе интернационализации.

2. Между элитными исследованиями и массовым образованием.

В мировом образовательном пространстве существует в основном два типа университетов: исследовательские, которые преимущественно фокусируются на исследованиях и избирательны при наборе студентов, отдавая себя от массового обучения и образовательные, которые в основном занимаются массовым образованием. Оптимальный баланс исследовательской и образовательной функций университетов становится основой их процветания и глобальной роли в экономическом развитии своих регионов.[2, с.61].

Единое образовательное пространство является важным фактором в формировании единого мировоззрения, а вхождение в единое мировое

образовательное пространство предполагает установление глобального диалога между различными образовательными системами.

В сфере образования глобализационные процессы приводят к значимым изменениям различных образовательных систем, интеграции их в единое пространство, но при сохранении различий, обусловленных образовательными традициями. При этом глобальное образование - это не просто совокупность множества национальных образовательных систем, это особый интеграционный процесс в сфере образования, процесс многосторонних связей, поиск новых форм взаимодействия различных государств и их образовательных систем, направленных на их развитие и совершенствование.

Современная глобальная образовательная система, основное содержание которой составляют культурные и научные достижения всего человечества, осваиваемые в единых организационных формах, на основе общих средств, методических принципов и технологических возможностей образовательной деятельности, имеет название единого образовательного пространства. Основные его характеристики следующие:

Во-первых, наиболее эффективные методики и опыт обучения становятся общим достоянием большинства регионов и стран мира. Глобализация основных проблем человечества и их всеобщее интеллектуальное и практическое освоение осуществляются через образование, обретающее таким образом единые цели. Реально же становление единого образовательного пространства в современном мире происходит противоречиво, в столкновении интеграционных и дезинтеграционных процессов в образовании. В ней заметное место занимает дифференциация - тенденция к разнообразию конкретных теорий и практик обучения.

Во-вторых, современный мир находится в процессе становления глобальной организации социокультурного пространства; процессы глобализации развертываются объективно по мере реализации социальнокультурного потенциала каждого общества и предполагают принципиально новую целостность, с не вполне ясными контурами.

В-третьих, основными элементами в формировании мирового образовательного пространства являются: разработка общих подходов к образовательному содержанию и методам, создание и внедрение более глубоких форм сотрудничества в образовании, укрепление международных правовых основ интернационализации, складывающееся в глобальное информационное пространство, растущее число международных организаций в этой сфере и др. [4, с.66].

Процессы глобализации затрагивают сегодня университеты во всем мире, а задача вхождения в мировое образовательное пространство в качестве полноправного участника становится для многих университетов одной из первостепенных.

В последнее время глобализация начинает все более осязаемо воздействовать на образовательную сферу, способствуя интеграции национальных систем образования. Наиболее определенно эта тенденция

проявилась в Болонском процессе, главной целью которого является достижение открытости образования и повышения его конкурентоспособности, создание единого европейского пространства высшего образования и обеспечение равных возможностей для получения образования, в том числе профессионального, независимо от нации, государства, географии, гражданства. В числе ведущих принципов Болонской декларации заявлено достижение высокого качества образования посредством введения единой методологии и технологии управления качеством, развития связей в рамках Европейской ассоциации по обеспечению качества высшего образования [ 4, с.61].

Интеграция Казахстана в мировое сообщество, успешная конкуренция с другими странами без качественного образования объективно просто невозможна. Казахстану, чтобы не оставаться на обочине истории, необходимо добиться того, чтобы казахстанская система высшего образования приобрела достойный уровень, соответствующий своим культурным и научным традициям и успешно интегрировалась в мировое образовательное пространство. [ 5, с.61].

Решение данной задачи должно стать национальной идеей и носить всеобщий характер, а это требует массового обучения и профессиональной подготовки всех слоев общества – от рядового потребителя до руководителей любого уровня.

Удовлетворение потребности государства и общества в образованных гражданах – ведущая цель государственной образовательной политики Республики Казахстан. Ее стержневая задача сформулирована как обеспечение высокого качества образования на основе сохранения его фундаментальности и соответствия актуальным и перспективным потребностям личности, общества и государства.

Международное сотрудничество вузов Казахстана направлено на интеграцию в мировое образовательное пространство, взаимодействие с ведущими вузами ближнего и дальнего зарубежья, определение международного рейтинга университетов, формирование глобальных связей и сетей, распространение научной кооперации и др.

В соответствии с международными стандартами организация учебного процесса университетов Казахстана строится на основе кредитной технологии обучения, осуществляется переход на трехуровневую систему профессиональной подготовки: бакалавр, магистр и PhD -доктор философии.

Одной из основных форм международного признания вузов Казахстана является аккредитация образовательных программ.

Аккредитация по международным стандартам – это свидетельство достаточно высокого уровня качества профессионализма и учебных программ казахстанских вузов.

Немаловажную роль в поступательном развитии Восточно-Казахстанского университета им. С. Аманжолова занимают международные связи, которые ориентированы не только на страны СНГ, но и на мир в целом.

Университет является членом четырех международных Ассоциаций:

- Евразийской Ассоциации университетов;

- Международной Академии Высшей школы;
- Великой Хартии университетов;
- Открытого университета Западной Сибири.

Заключены договоры о сотрудничестве со многими вузами стран мира:

- Российской Федерацией – Российский университет Дружбы народов, Новосибирский Государственный педагогический университет, Омский Государственный университет имени Ф.М. Достоевского, Алтайский Государственный педагогический университет и др.);

- Южная Корея – Джионгсангский национальный университет;

- Украина – Сумский государственный университет (соглашение о сотрудничестве);

- Швейцария – Цюрихский университет. Факультет социальной антропологии и прикладных исследований (соглашение о сотрудничестве);

- Даувгавпилский университет (соглашение о сотрудничестве);

- Турция Университет Мармары (соглашение о сотрудничестве) и др.

Одной из основных форм работы ВКУ им. С. Аманжолова в этом направлении – международный обмен студентами, магистрантами, соискателями и преподавателями.

Студенты нашего университета получают образование в течение одного семестра в высших учебных заведениях Литвы (Университет имени Витаутаса Великого, г. Каунас); Польши (Университет имени Адама Мицкевича, г. Познань) и др. В рамках Соглашения по международному сотрудничеству в Алтайском государственном университете проходят обучение 79 обучающихся первого курса магистратуры образовательных программ «Педагогика и психология» и «Педагогика и методика начального обучения»

В нашем университете обучаются и иностранные студенты. Так в текущем учебном году заканчивают обучение 35 иностранных студентов России, Азербайджана, Таджикистана, Монголии и др.

Ежегодно преподаватели нашего университета принимают участие в международных конференциях, выставках, семинарах и курсах повышения квалификации в странах ближнего и дальнего зарубежья.

Таким образом, международное сотрудничество ВКУ им. С. Аманжолова носит плановый и целенаправленный характер.

Стратегические цели университета, исходя из Национальной стратегии развития образования, направлены на интеграцию в международное образовательное пространство путем обеспечения мобильности студентов и преподавателей, увеличение вузов-партнеров, участие в разработке международных образовательных программ, использование новейших информационных технологий и качественного реформирования системы высшей школы в соответствии с мировыми стандартами.

## **ЛИТЕРАТУРА**

1. Бауман З. Глобализация: последствия для человека и общества. - М. 2004. - 450 с.

2. Фролов А.В. Глобализация высшего образования, противоречия и инновации. //Вестник высшей школы Alma mater.- № 8- 2011- С. 61-66.
3. Пушкарева Е.А. Единое образование в условиях глобальных преобразований: к постановке проблемы // Вестник НГПУ, 2012. № 2, С.59-66
3. Андреев А.Л. Россия в глобальном образовательном пространстве // Высшее образование в России. – 2009. - №12. – С. 9-20.
- 4.Пушкарева Е.А. Единое образование в условиях глобальных преобразований: к постановке проблемы // Вестник НГПУ, 2012. № 2, С.59-66
5. Панин М.С. Императив глобализации – приоритет качества образования // Педагогическое образование и наука - №12 – 2008. – С.60-65.

ӘОЖ 82`01:37.091.3

## **ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

<sup>1</sup>Сейпутанова А.Қ., <sup>2</sup>Калданова Г.К.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., ф.ғ.к., С. Аманжолов атындағы  
ШҚУ-дың қауымдастырылған профессоры,  
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: aiimgul@bk.ru, gulnazym.kaldanova@bk.ru

“Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі” - деп әдебиеттің төрінен Абайдан кейінгі нағыз ақын атанған Мағжан Жұмабаев атап өткендей, жаңаға жаны құмар ұстаздар қауымы кез келген көріністен мағына мен өзгешелік, жаңғыру мен жаңалық іздейтіні баршаға мәлім. Оқыту жүйесі мен оқу үрдісіне жаңалық тек қазіргі таңда, ХХІ ғасырда енді деген пікірден аулақпын. Әр заманның өзіндік инновациясы, “Эврикасы” болғаны тарихтың даму сатысында айқын көрінеді. Тілге тиек етіп отырған инновация сөзінің анықтамасына тоқталсам, инновация (латын сөзі *in-* енгізу, *novus* –жаңалық) жаңалық енгізу дегенді білдіреді екен. Қазақстандық ғалымдардың ішінде ең алғаш болып «Инновация» сөзіне қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов болды: “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі”. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет». Дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асуы үшін оны технологияландыру қажеттігі туады. Қазіргі кезде әдебиеттерден осы заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын технологиялардың түрлері көп [1].

Дегенмен, түрлі әдістерді түрлі ерекшеліктер мен қағидаларды ескере отырып қолданғанда ғана өз нәтижесін бермек. Мысалы, физика сабағында түрлі тәжірибелерді жүзеге асырып, физика заңдылықтарын дәлелдеу үшін технологияларды түрліше қолдануға болады. Сол сияқты, қазақ әдебиеті сабағында да инновациялық технологияларды қолдана отырып әдебиет кейіпкерлерін әр қырынан таныта аламыз. Қ.О.Бітібаева өзінің «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты мұғалімдерге арналған еңбегінде былай дейді: «Әдебиет пәнінің ерекшелігі сол – ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі керек. Әдебиет мұғалімі сабақта белсенді түсіндіруші, белсенді хабаршы ғана емес, ол ең алдымен өзінің алдында адам, азамат, болашақ қоғам орнатушылар отырғанын, олардың өз сезімі, өз ой-пікірі бар екенін сезінуі керек...» [2]. Заман тартысында шындықтың бұрмаланған тұсын, астарлы жеткізілген ойды ашып бере отырып, оқушы ойына қозғау салып, жағдаяттан, проблемадан шығу жолдарын нұсқап, өмірмен байланыстыра білім алушыны әдебиет әлеміне жетелейміз.

Әдебиет – екі дүние, бүгін мен өткеннің, арасындағы алтын көпір. Әдебиет – тарихтың жазбаша суреті. Әдебиет – ғылымның бастауы, көненің көзі. Әдебиет - сөз өнері, асыл сөз. Сан ғасырдың сырына куәгер, жырына қанық, оқиғаның мәнін ашып, ақиқатын айқындап берер ұлттық мұрамыздың жауһары, құндылықтарымыздың тұтқасы әдебиет айдынында екені даусыз, анық мәселе. Осы тұрғыда ұлыларымыздың ұлы ерліктерінің көрінісін ұрпағымызға жеткізу, жүрегіне ұялата алу мұғалімнің педагогикалық шеберлігін, жан-жақтылығы мен шығармашылығын талап етеді. Жаңаны оқушы санасында жаңғырта білуіміз шарт. Әдебиет сабағы – шығармашылық бастауы. Әдебиет сабағын оқыта отырып біз болашақ ақын-жазушыларды, тарихшыларды тәрбиелейміз. Ал, ақын-жазушылар – мемлекеттің айнасы. Мәдениеті мықты елді жау да, дау да ала алмақ емес. Қазақ әдебиетінің қазақ сахнасында қандай рөл алатынын, арыдан келе жатқан тарихпен оқушы шығармашылығын ұштастыру әр әдебиет пәнінің оқытушысының міндеті. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында оқу үрдісінде әдістер мен технологияларды түрлендіре отырып ұйымдастырылған сабақ жемісті болмақ. Ең алдымен, әдістерді қолданбас бұрын жас ерекшеліктері ескерілуі шарт. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай таңдау жайлы С.В.Селевко былай дейді: “Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі”. Өз тәжірибемде қазақ әдебиеті сабағында қолданып жүрген технологияларым мен стратегияларыммен бөлісем. “Мұғалім — өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады” К.Д.Ушинский.

Ойын технологиясы – бірден-бір бастауыш сыныптан орта буынға өткен сыныптар үшін тиімді болмақ. Ең алдымен, ойын мен дидактикалық ойынның ара-жігін ажыратып алайық. Жалпы ойыннан педагогикалық ойынның



ерекшелігі – оқу-танымдық бағытта сипатталған, педагогикалық қорытындыға ие нақты оқыту мақсаты қойылады. Оқу әрекеті қызығушылықты ояту мақсатында ойын түрінде ұйымдастырылады. Аты атап тұрғандай ойын элементтерін оқу процесіне кіріктіру. Қазақ әдебиеті пәнін оқытуда ойын технологиясының қай әдістерін қолданған тиімді болмақ, ашып көрсететін боламын. Мысалы, «Сымсыз телефон» әдісін кез келген шығарманы оқытуда кейіпкерлер бейнесін ашу үшін қолданған тиімді. Ол үшін бір оқушыны тақтаға шығарып кез келген кейіпкерді құлағына сыбырлау арқылы немесе қағаз бетіне кейіпкер есімін түсіріп көрсетіп, қалған орнында отырған оқушыларға жасыруға болады. Осылайша ойын элементтерін қолдана отырып, кейіпкерлердің тек атын ғана емес, іс-әрекеті мен образдарын да есте сақтауын қамтамасыз ете аламыз. Бұл әдісті тықырыпты қорытындылау барысында ұйымдастыру керек. “Қазына іздеу жолында” әдісі: тірек сөздер арқылы мәтін мазмұнын анықтау керек. Алғашқа сабақтарда қолданған ұтымды. Себебі, тірек сөздерді оқушыға ұсына отырып тақырыптың не туралы болмағын аңғарта аламыз. «Сөзді тап» - оқушы бір сөзді алады, сосын сөздің өзін атамастан, ол туралы синоним сөздерді атайды. Топтағы оқушылар сол сөздерді табуы керек. «Лоторея барабаны» - оқушы сөзді қалтадан суырып алып, ол туралы не білетінін айтады. Бұл әдістер қайталау сабақтарында, нәтиже сабақтарында өз тиімділігін көрсетеді. «Суретіне қарап сөзін тап» суреттерді көрсету арқылы тақырыпты болжатуға немесе суреттерді дұрыс орналастыру арқылы шығарма желісін құруға болады. Осы сияқты әдістерді қолдану арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығы, шығарманы оқуға деген ынтасы артпақ.

Ұжымдық өзара оқыту технологиясы – алынған білімді жұптасып, топтасып, ұжым болып бір-бірімен бөлісу. Оқушылардың өзара оқыту әрекеті мен бірлігін қалыптастыру. Әр деңгейдегі оқушыларды бірге отырғызу арқылы қиын сәтте қолдау көрсету, білгенімен бөлісіп, С деңгейдегі оқушыны В деңгейіне дейін жеткізуге болатынын тәжірибе барысында көріп жүрміз. Ұжымдық оқыту технологиясы оқушының өз ойын айта білуіне, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуге бағытталған. Топтық, ұжымдық және жеке оқушы арқылы да орындала береді. Ұжымдық оқыту әдісінде оқу үрдісін төрт түрлі ұйымдастыруға болады: жеке-дара, жұптық, топтық, ұжымдық. Бұл технологияны жүзеге асыру барысында мынадай әдіс-тәсілдерді қолданамын: “ЖИГСО” – ұжымдық оқыту әдісі. Шығарманы оқытуда қолданған ұтымды. Себебі, оқушылар өздерін мұғалімнің орнына қойып, бір-бірін алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылап, оқытады.

1. Топқа бөлу, топты рет саны бойынша номерлеу;
2. Мәтінді бөлікке бөлу;
3. Мәтіннің әр бөлігімен топта танысады;
4. Үйренгенін өз топтарына келіп, талдайды.

“Бір-бірімен бөліскен әңгіме”. Суретпен жұмыс. Әр топ тақырыпқа байланысты сурет таңдап алады. Суретке қарап өлең құрастырады. Әр топтың өлеңдері алмастырылады да, сол өлең қай суретке сәйкес келетіні таптырылады.

Сурет пен өлеңдер тақта ілінеді. Барлық оқушы жұмыстармен танысады. Бұл әдісті әңгіме оқығанда қолданамын.

“Бірін-бірі оқыту”

Топқа бөлу, абзац бойынша іштей оқу, әр топ өз тобында талдайды, оны ортаға шығып қорғайды. Оқушы мәтінді топта таныса отырып, бір-біріне үйретеді, постер құрады.

1. «Тек бір минут». Жұптағы оқушылар өзара ақпаратты орнында бөлісіп, бір минуттың көлемінде өзге жұптарға мейлінше көп ақпарат беруге тырысуы керек.

Дамыта оқыту технологиясы – оқушының алған білімін өзіндік ойлаумен ұштастыратын бірден-бір әдіс. Көркем туындының мазмұнын түсініп, оны талдау барысында проблемалық сұрақтарға жауап береді. Әдебиетті оқытуда оқушыны жан-жақты ізденуге, өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуға, сонымен қатар, тұтас көркемдік талдау жасауды үйретеді. Сабақ үстінде оқушының қабілеті мен дарынын дамытуға жәрдем етеді. “Жазушының қойын дәптері”.

Менің әрекетім	Ой толғанысым

Менің әрекетім бөлігінде көркем мәтіннің кейіпкерлерінің орнына өзін қояды және сол сәттегі әрекетін көркемдеп жазады. Ой толғанысым бөлігінде кейіпкердің ісіне баға береді, ой толғайды. “Кубизм” (Саралаңыз)

6 жағында 6 тапсырма болады.

1. Суреттеңіз (ойынша суреттеп айту);

2. Салыстырыңыз (неге ұқсас, басқалардан айырмашылығы қандай);

3. Байланыстырыңыз (нені ойыңызға түсіреді, басқалармен байланыстырыңыз);

4. Зерттеңіз (саралаңыз, қалай жасалғанын айтыңыз, зерттеңіз);

5. Қолданыңыз (қалай қолданылатынын айтыңыз);

6. Талқылаңыз (өз ойыңызды дәлелдеңіз немесе жаңадан туған бір пікіріңізді айтыңыз). Бұл әдіс оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытады.

Эссе немесе ой толғаныс стратегиясы – тақырыпқа сай өз ойын анық, нақты, әдеби тілде жаза білуіне көмектеседі. Шығармашылық деңгейін дамытуға септігін тигізеді.

Проблемалық оқыту технологиясы - проблемалық жағдаят туғызу арқылы немесе шығарманың ішінен проблеманы тауып, проблемалық сұрақтар құрастыру, тығырықтан шыға білу сынды дағдылар арқылы оқушыны өмірде кездесетін қиындықтардан тайсалмауға үйрете аламыз. “Миға шабуыл” стратегиясы – мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінеді. Пікірдің көп болуы мәселенің тез шешілуіне көмектеседі. Бастысы, уақыттың сақталуы.

Сыни тұрғыдан ойлау – «ойлау туралы ойлану». Ол маңызды мәселелерді талқылауды, тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Оқушы мен мұғалімнің іс-

әрекеті бақылауға, ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге, болашақта әрекет етуге негіз болады [2].

Сыни тұрғыдан ойлау –  
«Ел бастау қиын емес-  
Қонатын жерден көл табылады.  
Қол бастау қиын емес-  
Шабатын жерден ел табылады.  
Шаршы топтан сөз бастаудан

Қиынды көргенім жоқ» - деп Бұқар жырау бабамыз айтқандай, сыни тұрғыдан ойланып, пікір білдіру де ерлікпен тұспа-тұс. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол оқушының әрекет жасауына негіз болады. Бұл жердегі ұтымды тәсіл – балалардың жеке басының тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру [3]. “Кейіпкерге хат”. Мәтінмен танысып, мәтін кейіпкеріне өзсын көзбен сезімін білдіру. Мәтінмен жұмыс “Сарайшық” сыни көзбен кейіпкерлердің әрекетіне баға береді.

“Шығарма қалай аяқталады?”, “Кейіпкердің орнында болсаң не істер едің?”, “Сен автордың орнында болсаң шығарманы осы тақырыпта қалай жазған болар едің?” деп сұрақтар қою арқылы оқушыларды сыни тұрғыда ойланта аламыз.

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың тиісті деңгейде:

1. Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу
2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу
3. Мәселені шеше білу

Пікірталасты жүргізе білу қабілеттері белгілі бір деңгейде қалыптасады [4; 106.].

Оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында әр сабағымды түрлендіріп өткізуге тырысамын. Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгертуде және оқушы қабілетін дамытуда инновациялық технологиялардың алар орны ерекше. Себебі, оқушылардың шығармашылық, ойлау қабілеті артып, өз бетімен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойланып, проблемалық сұрақтардың шешімін табуға, қорытынды жасай алуға жетелейді. Ал, сабақ жоспарын құру мұғалім шеберлігіне, ізденуіне, құзыреттіліктерді меңгеруіне, мәліметтерді ұсына білуіне, қызықтыра білуіне байланысты. Сабақтың негізгі идеясын анықтап, құрылымын жоспарлауда, «Бұрынғы білімін қалай пайдалана алады? Өмірге алған тәжірибесінің әсері қандай? Сабақтың болашақта оқушыға қандай пайдасы бар? Қызығушылығын арттыру үшін қандай іс-әрекет қолдану керек? Өзін-өзі бағалай ала ма? Оқушыдан күтілетін нәтиже қандай?» - деген сұрақтар көкейде тұруы тиіс. Оқушының оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер туралы пікірлерін ескеру керек. Әдебиет әлемінің құпиясына үңіле білу, оқушыны үңілдіре білеу оқытушының қолында!

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Нағымжанова Қ.М., Нұрғазиева Н.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар. Өскемен, ЖШС “ШҚПК Арго”, 2007. – 3 б.
2. Қ.Бітібаева. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы «Рауан», 1990.
3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.
4. Жартынова Ж.А., Ким В.Н., Корнилова Т.Б., Қойлық Н.О., Орақова А.Ш. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау. Алматы, 2014 жыл.

ӘОЖ: 94(574)

### **КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ОЗЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ**

Калигумарова Г.К., Олжабай Самал

<sup>1</sup>Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Қаншама заман өтсе де, маңызын жоймаған халықтық педагогиканы тәлім-тәрбиенің туы қазығына айналдыру ата-ананың да, мектеп ұйымының да басты борышы.

Қоғам барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми-педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін әділ, ержүрек ізгі ниетті, ал-ждан мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс салтына байланысты шешіп отырды. Ол үшін ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәрбиесін сыннан өткен салт-дәстүрлерді педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланып келеді.

Халықтық педагогика дәуірдің небір қатал сынынан өтіп, жаңарып, шым болаттай тіршілік тынысы және салт-дәстүрлері мен біте қайнасып, бірге жасалып келе жатқан қазына.

Қазақ халқының ұлы педагогы, этнографы жазуы Ы.Алтынсарин өзінің әдеби және педагогикалық еңбектерінде қазақтың фольклорын пайдалана білген.

Ы.Алтынсарин барлық еңбектерінде жеке адамның жоғары қасиеттерін қалыптастыруда еңбек, адамгершілік ақыл-ой тәрбиесінің ерекше орын алатынын атап көрсетеді. Кемеңгер ұстаз Ы.Алтынсарин ұлағатты сөздерді,

педагогикалық мұраларды халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңғырту кезеңінде кең мағынада насихаттау әрбір ғалымның, мұғалімнің борышы болуы қажет.

Қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов ұстаздық етуде және тәлім-тәрбиелік еңбектер жазуда өз ұлттың салт санасын терең зерттеген. Сан ғасырлық тарихы бар ата-бабаларының халықтық педагогикасына терең ғылыми талдау жасады.

Сөйтіп, олар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп-ғұрып, салт-дәстүрімен тәлімдік мұраларын жас ұрпаққа, ұлттық тәрбие беруде пайдалану жолдарын көрсетті. Сол мақсатта олар қазақ мектептерінің оқушылары мен мұғалімдеріне арнап оқулықтар, оқу құралдар және әдеби шығармалар жазды.

А.Байтұрсынов қазақтың халық педагогикасын жан-жақты зерттеп, қазақ этнопедагогикасының негізін қалады, ұлттық білімнің шамшырағы болды.

Халық педагогикасының арқауы-ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлері. Ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлері-ұлттық тәрбиенің негізі. Міне, осы тұғырлы-тұжырымды ірі ғалым лингвист, әдебиет зерттеуші дарынды ақын, аудармашы, қазақ тілі бөлімінің іргетасын қалаушы, қазақ баспасөз тілінің ұлттың үлгісін жасаған талантты көсем сөз иесі, туған халқының рухани дүниесін жандандырған

Ғұлама – А.Байтұрсынов жан-жақты зерттеп, олардың тәрбиелік мәлін ашып берді. Ол қазақ этнопедагогикасының негізгі нұсқаларын зерлей зерттеп, талғай тауып, олардың ғылыми теориялық негіздерін жасады.

М.Жұмабаевтың "Педагогикасы" нағыз ұлттық тәрбиені насихаттауға бағытталған, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында мектеп мұғалімдері мен тыңдаушыларға арналып жазылған тұңғыш халық этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені, Мағжан «Педагогикасының» басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен тығыз байланыстығында, өзі айтқандай, қабысып жабқанында. Оқулықтың басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие басшылыққа алынып, оған сүйеніп, ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді даярлау туралы ой-пікірлерінің айтылуы қазіргі кезде қазақ мектептерінде оқу-тәрбие үрдісіне ұлттық мазмұн беру қажеттілігімен сипатталады.

Ж.Аймауытов – ақын, жазушы, драматург, сыншы, публист, аудармашы педагог. Ұстаз жазушы «Тәрбие жетекшісі» деген педагогикалық еңбек жазып, қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесіндегі келеусіз жағдайларды ашып көрсетті де, тәрбие ісінде баланы ынталандыру тәсілдерін ұсынды. Баланы шындыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу үшін, оған талап қоя білу, қойған талаптың орындалуын қадағалау, баланың ішкі дүниесіне терең үңіліп, оны арман-тілегі қарай демеуші тәсілдерді қолдау әдісін уағыздайды.

Дарынды зерттеуші 1926 жылы қазақтың ұлттық жан тіршілігін терең көрсетіп, бүкіл адамзаттық психологияның негізінде оқулық жазып, оны ”жан жүйесінің ғылымы” деп атады.

Мұхтар Әуезов - қазақ халқының ұлттық мәдени мұраларын жоғары бағалап, рухани байлығын ұлылықпен ашып көрсете білген, қазақ халқын бүкіл әлемге танытқан ғұлама жазушы. Ол қазақ этнопедагогикасының бір негізі – ауыз әдебиетін жан-жақты терең зерттеп, халық педагогикасын қадірін халыққа таныта білді.

М.Әуезов ең әуелі батырлық жырлар мен ғашықтық жырлардың халықты тәрбиелейтін қасиеттерін ашып ”Қыз Жібек”, ”Қозы Көрпеш – Баян сұлу” сияқты ғашықтық жырлардағы қазақтың салт-дәстүрлерінің қайырымды қасиеттерін толғап, таңдап, мөлдір махаббат пен табанды күрескерлікті жастарға үлгі етіп көрсетеді. Қазақ халқының ақындық, өнерпаздық қасиеттерін рухани мұра ретінде ұрпаққа ұлағаттылықпен ұсынды.

Батырлық жырлардың әлемдік әсем нұсқаларын, әсіресе, қырғыз халқының ”Манас” эпосын қазақ эпосымен салыстыра зерттеген ғалым, эпостық ұлы шығармалардың қазақ ауыз әдебиетінде мол екенін дәлелдеп, қазақ халық педагогикасының кереге-қабырғасы кең екенін кейінгі зерттеушілерге айқындап береді.

Халық педагогикасының ауқымды бір саласы – ертегілер. Ұлы ұстаз ертегілердің тәрбиелік мәнін терең ашып, ”Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жиреншікті етіп көрсету үшін, хайуанның мінез-құлқын дәл адамның мінез-құлқындай етіп сурет әсерлі болады”- деп көрсетеді. Педагог жазушы: «Ертегілердегі аса мол атаулар, ұғымдар, ақындық, образдық, стильдік теңеу сөздер қазақ халқының тілін байытады» - дейді

Бала тәрбиесіндегі ең негізгі тірек бұл халықтық педагогиканың бай мұрасы деп есептейміз. Осыған орай төменгі сынып оқушыларының бойында халықтың педагогиканың озық дәстүрлері арқылы адамгершілік қасиет саналарды қалыптастыруда мүмкіндік жасайтынын дәлелделеді.

Оқушылардың жас ерекшелерін еске алу негізгі қағида болып есептеледі. Мұнда ең алдымен оқушылардың адамгершілік сезімі мен адамгершілік дағдыстарына ерекше мән бердік.

Төменгі сынып оқушыларының ерекшелігін ескере отырып біз адамгершілік тәрбие беруде негізгі жол деп іс-әрекетті ұйымдастыруды ойластырды. Осыдан оқушының өзі жолдастары мен құрбыларымен жәнек ересек адамдармен қарым-қатынас жасауда халықтық дәстүр негізінде әрі әсерлі, балалардың көңіл-күйін туғызатын қызықты іс-әрекеттерді педагогикалық, психологиялық талаптарға сай ұйымдастырдық. Тәрбие процесі үнемі білім берушілік негізінде жүріп отыру керек. Осыны ескере отырып біздің жұмысымыз мұғалім балаларға адамгершілік қасиет саналарға байытылды. Халық дәстүрінің бала ұғымына сай жүйесін іріктеп оқуға берілген тапсырмалардың орындалуына нақтылы талап қоя білді.

Бұл үшін оқулықтарды, әдістемелік оқу құралдарды, мақал-мәтелдерді, аңыз-әңгімелерді, шешендік өнерді, жырауларды, толғауларды, ойындарды,

нақыл сөздерді, айтысты т.б. қазақ халықтық педагогика мұраларының ең озық дәстүрлерін саралап топтастырып жинақтады.

Сонымен қатар біздер өзіміздің зерттеуімізде төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық тәжірибесі мәселесін құрастырғанымызда тек қазақ халқының ғана халықтық педагогиканың дәстүрлерінің қалыптасуы, жинақтаушы ол жалпы азаматтық игіліктердің, қазынаның дамуымен сабақтасып жатқанына мән берді.

Бала тәрбиесі қай халықты, қай ғасырда болмасын толғандырған. Орыс халқы ауыз әдебиетінде сондай-ақ Орта Азия халықтары сонымен бірге шетел халқының бала тәрбиесінде жинақталған салт-дәстүрлерге де талдау жасалды.

Халықтың озық дәстүрлері туралы жинақталған материалдарға адамгершілік саналар тұрғысынан оқушыларды жағымды іс-әрекеттерге қызықтыратындай жанды кейіпкерлердің бейнесіне еліктейтіндей, мысалдар мен мазмұндарға педагогиканың талдау жасалды. Жоғарыдағы талданған материалдарды төменгі сынып оқушыларына адамгершілік тәрбиесін беруде халықтың педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалануды тиімді жүргізу үшін арнайы педагогикалық бағдарлама жасалды.

Бағдарлама жасау барысында біз соңғы жылдарда халыққа білім беру министрлігінің бекіткен бірнеше тұжырымдамалары мен бағдарламаларына сүйенді.

Сонымен қатар халықтық педагогика мәселесімен арнайы шұғылданып, зерттеу жұмысын жүргізіп жүрген ғалым педагог, психологтардың еңбектеріне талдау жасалды. Мәселен, педагогика ғылымының кандидаты С.Қалиев "Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі" атты монографиялық еңбегінде ақыл-ой тәрбиесі, еңбек дене, өнер тәрбиесі адамгершілік тәрбиесінде халық дәстүрлерінің алатын орнына, оның мазмұнына және кейбір қағидаларға, жүзеге асырылатын жолдарына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тоқталған.

Халық педагогикасын насихаттауға және оны іс жүзінде ұйытқы болған Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова "Кәусар бұлақ" бағдарламасында қарастырылды. Бұл бағдарлама негізінен мектеп табалдырығын жаңа аттаған 1 сынып оқушыларынан басталып 11 жыл бойы жүргізілетін жұмыстар жалпы көрсетілген.

Халқтың педагогиканың озық дәстүрлері арқылы төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде адамгершілік саналардың ішінен ең құнды, күдіретті қасиеттерді адамгершілік бағдарламасына іріктеп ендірді.

Олар мыналар: ақыл-ой сана, еңбек Отанына, халқына, жалпы адамзатқа, табиғатына сүйіспеншілік, елжамдылық, ар-ождан, ізеттілік, ата-анаға, өзінің жақын туыстарына мейірімділік, бауырмалдық, кеңпейілділік. Жоғарыда аталған төменгі сынып оқушыларының бойында қалыптасатын ең құнды қасиеттерді тәрбиелеуде бәріне тірек болатын гуманизм (ізгілік) идеясын негізге алды.

Бұл бағдарлама төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканы пайдаланудың ғылыми педагогикалық, психологиялық негізі Р.Төлеубекова "Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика" еңбегінде айқындалады.

Халқымыз кезінде арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындарды болмаса да, өз ұрпақтарын бесікте жатқаннан бастап ертегі, өлең,

жыр, асыл сөздері арқылы тәрбиелікке баулыған. Өз ұлтына тән тектілігін сақтайтын сәтті қағидалар мен ережелерді дүниеге келтіріп, ұстанғаны белгілі.

Отбасындағы ұл мен қыздың тәлім-тәрбиесіне терең көңіл бөліп, ”Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер” деп, әке-шешенің бала тағдырына, болашағына жауапкершілігін міндеттейді.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің ”Ел боламын десең, бесігіңді түзе” деген кеменгерлік тұжырымы тәрбиенің негізі отбасында қалыптасатынының тағы бір дәлелі. Иманды ұл мен инабатты қыз қайдан шығады? Әрине, ұшқан ұясынан, ата-ана және ұлағатты ұстаз тәрбиесінен қанаттанып ұшады. Қазақта ”Баланы жастан”, ”Құс ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі” деген үлгі аларлық сөздер аз емес. Осы мәйегі мол ас барлы сөздерден де халық педагогикасының нышаны аңғарылмай ма?

Халық педагогикасы саласына сүйене отырып оқушыға шамымдық біліктен гөрі, тәрбиелік білім берілуі керек. Ашып айтқанда, балаларға бесікке салу, тұсау кесу, ұлттық ойындарды үйрете бергенше, олардың сезімін, мінез-құлқын, адамгершілік қасиетін тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлген жөн. Сол секілді сыныптан тыс тәрбиелік шаралар мен әдеп сабақтарын өткізумен шектелмей, әрбір пәнді оқыту барысында халқымыздың ерекшелігін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын ұрпақ санасына сіңіре берген жөн.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ұзақбаева С.А. Халық педагогикасындағы эстетикалық көрініс – Абай шығармаларының арқауы. “Ұлағат” журналы, 1995, №1.

2. Төлебиев Ә. Т., Әлмұханбетов Б.А. Өнер тарихы : жалпы білім беретін мектептің оқушыларына арналған оқу құралы / Ә. Т. Төлебиев, Б. А. Әлмұханбетов. – Астана : Арман - ПВ, 2019. – 304 б

3. Қышқашбаев Т.Ә. Бастауыш класс оқушыларына қазақ ұлт аспаптық музыкасы арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беру: п.ғ.к. ... дисс. 13.00.01. – Алматы, 1992. - 164 б. – 0492РК00128

4. Дүйсембінова Р.К. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. - Алматы, 2020. – 335 б.

ӘОЖ: 37.01(574)

#### **ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қасенова Д.Қ.

Ғылыми жетекші: Кенжебекова Ф.С., п.ғ.м., лектор  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: Fariza\_phd04@mail.ru, dianakasenova@icloud.com

Адамгершілік тәрбие мен патриоттық тәрбие қоғамдаңызды орын алады. Бұл баланың жеке басының тұтас қалыптасуы мен дамуына бағытталған процесс, ол Отанмен, оның тарихымен, қоғаммен, ұжыммен, адамдармен,



еңбекпен, өзінің міндеттерімен және өзімен қарым-қатынасын қалыптастыруды көздейді. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауында орын алады. Патриоттық тәрбиенің тиімді жүйесін құрудың теориялық негізі патриоттық тәрбие бойынша жеке мұғалімдер мен тұтас педагогикалық ұжымдардың мақсатты жұмысы болуы керек деген ойдамыз.

Тұлғаның әлеуметтік және рухани дамуында патриоттық тәрбиенің маңызы зор. Бұл оның дүниетанымы мен туған еліне, басқа ұлттар мен халықтарға деген көзқарасының ажырамас элементі ретінде әрекет етеді.

А.Н. Радишев. «Жерлестерінің бүтіндігі мен тыныштығы үшін... Бар кедергілерді жеңіп, намысты сақтауға талмай ұмтылады, жақсы кеңестер мен нұсқаулар береді. Ол немқұрайлылықтың үлгісін көрсеткенше, жойылып, жоғалып кетуге тезірек келісетін еді... және оның өлімі туған жеріне күш пен даңқ әкелетініне сенімді болса, ол өз өмірін құрбан етуден қорықпайды... Ол Отан деген бір есімнен жүрегі елжімей қалмайтын асқан асыл...» [21; 205-206].

Орыс сыншы-демократы В.Г. Белинский патриотизм жалпыадамзаттық құндылықтар мен мұраттарды қамтиды және адамды жалпыадамзаттық қоғамдастықтың мүшесі етеді деп көрсетті. «Туған жерді сүю, - деп атап көрсетті ол, - онда адамзат мұратының жүзеге асуын көргісі келіп, мүмкіндігіне қарай осыны алға жылжыту» [4; 488-489 б.].

Қ.Д. Ушинский патриотизм тәрбиенің маңызды міндеті ғана емес, сонымен бірге оның қуатты педагогикалық құралы деп есептеді. «Тәкаппарсыз адам болмайтыны сияқты, – деп жазды ол, – Отанға деген сүйіспеншіліксіз адам болмайды, бұл махаббат тәрбиеге адамның жүрегіне сенімді кілт, оның табиғи, жеке, жеке, жаман жаман әрекеттерімен күресуге күшті тірек береді. отбасылық және рулық бейімділік» [26; 160].

Патриот сөзі алғаш рет 1789-1793 жылдардағы Француз революциясы кезінде қолданыла бастады. Патриоттар содан кейін монархистер лагерінен шыққан, ол кезде сеніп жүргендей, отанға сатқындар мен сатқындарға қарама-қарсы, өздерін халық ісі үшін күресушілер, республиканы қорғаушылар деп атады.

В.И. Дальдың сөздігінде келесі анықтамалар беріледі: «Патриот – Отанын сүйетін, өз игілігіне жанашыр, Отанын сүйетін, патриот». «Патриот» – өз Отанын сүйетін, халқына берілген адам), өз Отанының мүддесі жолында құрбандыққа баруға және ерлік жасауға дайын адам». Жоғарыда келтірілген анықтамалар патриотизмнің адамгершілік қасиет ретіндегі мәнін дәлірек түсінуге жақындауға мүмкіндік береді. Философиялық түсіндірмелі сөздігінде : «Патриотизм (грек тілінен.patris - отан) - мазмұны отанға деген сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен бүгініне мақтаныш, Отанның мүддесін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік-саяси ұстаным, әлеуметтік сезім» - деген. Патриотизм сөзі лексикалық мағынасында «Туған жерге деген сүйіспеншілік, өз атамекеніне, халқына адалдық» дегенді білдіреді[5]. Осы тұрғыдан келгенде патриотизм ғасырлар, мыңжылдықтар бойы адамдарда қалыптасқан терең сезім.

Патриоттық тәрбие - бұл орыс қоғамындағы адамның қажетті сапасы, оны қалыптастыру тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі, оның тиімділігінің маңызды критерийі болуы керек.

Бүгінгі күні балалардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады. Қазіргі заман талабында азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптары көңіл толтырарлықтай болып отыр. Атқарылып отырған жұмыс еліміздің азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толықтай орындалуға бағытталуда. Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандарға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастыру үрдісі жүруде. Көптеген елдерде мемлекеттік нышандар мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың белгісі болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады. Мемлекеттік нышандардың көмегімен оқушылар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді.

Мектеп-халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін жас жеткіншек бойына сіңіретін орта болса, ата-бабадан қалған өшпес мұра, мол қазынаны қабілеті жоғары ұрпақтың бойына дарыту - ата-ананың міндеті екендігін әр ата-ана түсініп, өз жауапкершілігін сезінуін қамтамасыз ету - бүгінгі күннің талабы деп түсінуіміз қажет.

Көріп отырғанымыздай, бұл анықтамаларда негізінен жеке адамның туған жерге деген әртүрлі қарым-қатынастарына мән беріледі. Бірақ бұл қарым-қатынастарды тек адамгершілік сезімдерге ғана жеткізуге болмайтыны анық. Олар кеңірек мағынаға ие және жеке тұлғаның тиісті қажеттілік-мотивациялық саласын, оның патриоттық санасы мен мінез-құлқын қамтиды, олар бекітілген, тұтастай алғанда патриотизмді адамгершілік қасиет ретінде сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, патриотизмді адамның өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен адалдығынан, оның ұлылығы мен даңқын сезінуінен және онымен рухани байланысын сезінуінен, қажеттілігі мен тілегінен көрінетін адамгершілік қасиеті ретінде анықтауға болады. Кез келген жағдайда өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға, өз билігі мен тәуелсіздігін іспен нығайтуға ат салысу.

Патриотизм мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мазмұнын тереңірек тоқтала кетейік. Атап айтқанда: адамның туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілік сезімі, ана тілін құрметтеу, Отанның мүдделеріне қамқорлық, азаматтық сезімдер мен Отанға адалдықтың көрінісі, оның әлеуметтік және мәдени жетістіктеріне мақтаныш, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қолдау, Отанның тарихи өткеніне және одан мұра болып қалған дәстүрлеріне құрметпен қарау, еңбегін, күші мен қабілетін отанының гүлденуіне жұмсауға ұмтылу.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мазмұны

мыналарды қамтиды: әртүрлі ұлт өкілдерін құрметтеу, басқа халықтардың тіліне, ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне қатысты адамгершілік әдептілігін сақтау, басқа мемлекеттер мен халықтардың мәдениеті мен тұрмысының жетістіктеріне қызығушылық таныту, жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға ұмтылу. Алайда патриотизм мен этносаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мен қалыптастыру үдерісі үшін олардың мәні мен мазмұнын ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі, немесе, кейде, оларды кейде деп атайтын психологиялық, құрылымдық құрамдастарын да білу қажет. жиынтық осы адамгершілік қасиеттердің тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді.

Баланы адамгершілік, отансүйгіштікке тәрбиелеу – күрделі педагогикалық процесс. Ол адамгершілік сезімдерді дамытуға негізделген.

Отан сезімі... Ол баланың бойында отбасына, ең жақын адамдары – анаға, әкеге, әжеге, атаға деген қарым-қатынастан басталады. Бұл оны үйімен және жақын ортасымен байланыстыратын тамырлар.

Отанға деген сезім сәбидің алдынан не көріп, нені таңғалдырып, жан дүниесінде қандай сезім тудыратынына сүйсінуден басталады... Көптеген әсерлерді әлі терең түсінбесе де, басынан өткен. баланың қабылдауында патриоттық тұлғаны қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Әр халықтың өз ертегілері бар, олардың барлығы да ұрпақтан-ұрпаққа негізгі адамгершілік қасиеттерді: мейірімділік, достық, өзара көмек, еңбексүйгіштік қасиеттерін береді.

Осы орайда педагогтың міндеті – бала алған әсерлердің ішінен оған неғұрлым қолжетімдісін таңдап алу. Сонымен қатар, балалардың назарын аударатын эпизодтар жарқын, елестететін, нақты және қызығушылықты оятатын болуы керек.

Адамгершілік-патриоттық тәрбие беруде үлкендердің, әсіресе жақын адамдардың үлгі-өнегесінің маңызы зор. Үлкен отбасы мүшелерінің (аталар мен әжелер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар, олардың майдандағы және еңбек ерліктері) өмірінен алынған нақты деректерге сүйене отырып, балалардың бойына «Отан алдындағы борыш», «Отан алдындағы борыш», «Отан алдындағы парыз», «Отан алдындағы парыз», «Отан алдындағы парыз», «Ұлы Отан соғысы» сияқты маңызды ұғымдарды сіңіру қажет. «Отанға деген сүйіспеншілік», «жауды жек көру», «еңбек ерлігі» т.б.

Тұлғаның әлеуметтік және рухани дамуында патриоттық тәрбиенің маңызы зор. Бұл оның дүниетанымы мен туған еліне, басқа ұлттар мен халықтарға деген көзқарасының ажырамас элементі ретінде әрекет етеді. Орыс сыншы-демократы В.Г. Белинский патриотизм жалпыадамзаттық құндылықтар мен мұраттарды қамтиды және адамды жалпыадамзаттық қоғамдастықтың мүшесі етеді деп көрсетті. Қ.Д. Ушинский патриотизм тәрбиенің маңызды міндеті ғана емес, сонымен бірге оның қуатты педагогикалық құралы деп есептеді. Отанды қорғауға дайындық құрылымында, әдетте, моральдық-саяси, психологиялық, әскери-техникалық дайындық ерекшеленеді. Психологиялық дайындықта келесі компоненттерді бөліп көрсетуге болады: қажеттілік-

мотивациялық, интеллектуалдық-эмоционалдық, мінез-құлық және ерікті, олардың дамуы тәрбие жұмысының нақты әдістемесін қажет етеді.

Патриотизм орыс қоғамында өз Отанына, өз халқына берілгендік пен сүйіспеншілік, азаматтық және қоғам игілігі үшін қызмет ету ретінде түсініледі. Патриотизм азаматтардың ұлттық өзіндік санасының жалпы және ажырамас бөлігі ретінде орыс қоғамын оның рухани-адамгершілік негіздерін жаңғыртуда біріктірудің негізі болуы мүмкін және болуы керек. Бұл мәселені шешу жеке тұлғаның патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасауды көздейтін патриоттық тәрбие береді. Тұлғаның патриоттық тәрбиесінің критерийлері:

- өз Отаны, оның тарихы, мәдениеті туралы жүйелі білім қалыптастыру;
- өзінің шағын Отанын: облыстарды, қалаларды, ауылдарды дамытуға үлес қосуға ұмтылу;
- өз мемлекетінің мүддесін қорғаудағы белсенді ұстанымы, азаматтың, қоғамымыздың мүшесінің міндеттерін орындаудағы әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі.

Патриоттық тәрбие өскелең ұрпақ пен жас азаматтарды тәрбиелеу үшін ерекше маңызды, өйткені дәл осы жерде қоғамның бірлігі мен бірлігінің, еліміздің еңбек және зияткерлік әлеуетін молайту мен дамытудың жақын келешегі, мемлекеттің нығаюына негіз болды.

Патриоттық тәрбиенің мазмұны мен ұйымдастыру формалары тәрбиені әлеуметтік белсенді, адамгершілік жағынан дені сау тұлғаны дамытуға бағыттайтын принциптерге негізделген. Патриоттық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылатын анықтаушы қағидалардың қатарында азаматтық пен ұлттың әлеуметтік мәнін тану болып табылады. Патриоттық тәрбиенің іргелі қағидаларына мыналар жатады: ғылыми сипат, гуманизм, тарихи-мәдени мұраның басымдығы, оның рухани құндылықтары мен дәстүрлері, әр түрлі ерекшеліктерін ескере отырып, балалар мен жастардың дамуындағы сабақтастық пен сабақтастық халықтың санаттары. Бұл қағидаларды жүзеге асыру балалар мен жастардың жоғары мәдениеті мен білімін дамытуды, Отанға лайықты қызмет етуге дайындықты көрсететін идеяны саналылықты қамтамасыз етуге арналған.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні патриоттық тәрбие ұғымының теориялық тұрғыдан сипаттадық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Балтабаев М. Қазақ халқының дәстүрі және жастар. –А: Ана тілі, 2001.
2. Сухомлинский В.А. Балаларға жүрек жылуымен. –Алматы: Мектеп, 2006.
3. Белинский В.Г. Толық колл. оп. - М., 1954. Т.IV.
4. Бим-Бад В.М. Педагогикалық энциклопедиялық сөздік. – М.: Энциклопедия, 2003 ж.
5. Максакова В.И. Кіші мектеп оқушыларының тәрбиесін ұйымдастыру: Мұғалімге арналған нұсқаулық. – М.: Ағарту, 2005. 254 б.

6. Әскери-патриоттық тәрбие негіздері: Студенттерге арналған оқу құралы пед. No 2115 мамандығы бойынша институттар / Л.А. Бублик, Ю.С. Васютин, А.Н. Выршиков және т.б., ред. Г.В. Орташа. – М.: Ағарту, 1988 ж.

ӘОЖ: 796.011.3

## **ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕГІ ОЙЫН ІС- ӘРЕКЕТІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ**

<sup>1</sup>Қасымова Б.Б., <sup>2</sup>Карбаева Ж.К.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ

<sup>2</sup> Өскемен қ., Қазақстан

Оқушылардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушыларға білім бере отырып ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Ал ол ойын арқылы тиімді жүзеге асырылуы мүмкін, өйткені ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Ойлау тәсілдерін қалыптастыру өзінен өзі жүзеге асырылмайды: мұғалім бұл бағытта белсенді әрекет етуі керек. Өз сабақтарында мұғалім оқыту үдерісін бір жағынан, балаларды біліммен қаруландырып, екінші жағынан ойлау тәсілдерін жан-жақты қалыптастыратындай етіп ұйымдастыруы керек. Ойын бала өмірінде айтарлықтай маңызды орын алады, оларды сабақта қолдану балаларды өз бетінше ойлауына, алған білімдерін қойылған міндеттеріне қарай әртүрлі жағдайда қолдана білуге үйретеді. Оған қоса, ойындар – бұл әрқашанда қызықты және танымдық белсенділіктерін арттырады, ойын арқылы оқушылардың оқу үдерісіне деген құлшынысы мен қызығушылықтарын арттыруға болады.

Ойынға деген қажеттілік ойнауға деген тілегінің болуын дамытушы міндеттерді шешу мақсатында бағыттап, қолдану керек. Ойын тұтас педагогикалық үдеріске қосылған кезде тәрбиелеу құралына айналады. Ойынды

басқара отырып, мұғалім бала тұлғасының дамуының барлық жақтарына әсер ете алады: сезімдеріне, санасына, ерік-жігеріне, жалпы мінез-кұлқына т.б.

Ойын іс-әрекетінің ойлау процестеріне әсер етуі жалпыға мәлім. Отандық педагогикада іс-әрекеттерді тәрбиелейтін, оқушылардың тұлғалық сапаларын белсендіретін, олардың өз бетінше әрекет етіп, ойлау іс-әрекетін қалыптастыратын балалар ойынының қорына өте бай.

Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады». Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады.

Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп білеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады.

Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала ойын талабына зейін қойғысы келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда оны құрдастары ойыннан шеттетуі ықтимал.

Бүгінгі күн талабы – баланың оқыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек.

Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тоәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін

ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды.

Адамзаттың көптеген жылдар бойғы ойнау тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Ойынның шығу сырын ғалымдар жүздеген жылдар бойы зерттеп келеді. Оның шығу тарихы жайлы көптеген пікірлер бар. Көп тұжырымдардың бірі бойынша ойын қоғамның діни, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы кезіндегі бос уақыт пен демалысты өткізу мәселесінен туындаған. Ерте заманда ойын қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып, оған діни-саяси маңыз берілген. Ерте гректер ойынды Құдайлар қолдаған десе, Қытайда мерекелік ойындарды император ашып, өзі де қатысқан. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті көрініс-құбылыс.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері - мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті - балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыларды оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады. Сабақ барысында ойын әдістері мен жағдайларын өткізу мынадай негізгі бағыттарда жүргізіледі:

Сабақ процесінде пайдаланатын ойындардың бірнеше түрлерін атап көрсетуге болады. Мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы

топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды.

Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі - дидактикалық ойындар. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады. Бастауыш сыныптардың тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Оқушылар әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет. Ойындар оқушылардың ой - өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды.

Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді. Ойын арқылы оқушы нені меңгереді?

1. Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
2. Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.
3. Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді
4. Оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.
5. Уақытты үнемдеуге үйретеді.
6. Оқушылар үшін психологиялық жағымды.
7. Ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді.
8. Оқушылар үшін қауіпсіз.
9. Кейде қарапайым оқу қызметімен салыстырғанда көп уақыт мөлшерін алады.
10. Ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек
11. Кейбір ойын түрлерінде қатысушылардың саны шектеулі.
12. Ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушыларата-аналарымен, өзгебалалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен ізденебілуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді.

Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды зор. Халық жасаған мұралар сан алуан. Солардың бірі ұлт ойындары. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы,



бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қарау керек. Ұлт ойындары отбасы тәрбиесінен бастап, мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында қосымша материал үшін, баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн. «Ойыннан басталады», - десек, баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін бастауыш сынып мұғалімінің басты қолданатын тәсілі - ойын.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатынасының типтерінің модельдеріне, еңбекте көрініс табады.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады.

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кезкелген бала да адамның мәдениеті де ойынарқылы дамиды.

Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын деген халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Сондықтан кез келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Гальперин, П.Я. К исследованию интеллектуального развития ребенка. / П.Я. Гальперин // Вопросы психологии. – 1999. – №1. -с. 36–46.

2 Головченко, Л.В. Развитие логического мышления учащихся начальных классов на уроках русского языка и во внеурочное время [Электронный ресурс] / Л.В. Головченко. – Режим доступа: <http://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/russkii-yazyk/obobshchenie-opyta-po-teme-razvitie-logicheskogo-myshleniya-uchashch?page=100>. – (Дата обращения: 15.12.2021).

3 Кулагина, И.Ю. Возрастная психология: Полный жизненный цикл развития человека. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений [Текст] – М.: ТЦ Сфера, 2014. – 464 с.

ӘОЖ 371.21

## **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Кенжебекова Ф.С., Игібаева А.К.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: Fariza\_phd04@mail.ru, aiko-53@mail.ru

Білім беру жүйесінде жаңа бағыттағы білім мазмұнына өзгеріс енгізу және оны ұйымдастыру, мектептердегі жаңашылдықты пайдалану, білім беру субъектілерінің өзара қатынасына тікелей ықпал етеді. Білім берудегі инновациялар қоғамның талаптарына байланысты болып келеді. Бұл орайда болашақ мұғалімдерді инновациялық қызметке даярлау қажеттілігі туындайды. Өйткені, инновациялық үдерістерді игеріп алудың мәні, заманауи білім беру жаңғыртуының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Инновациялық технологиялар мен модельдерін игеру – бұл кәсіби табыстылықтың кепілі, болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі ұтқырлық пен тиімділікке алып келетін бағдар [1, 9б.]. Білім беру үдерістерін, соның ішінде инновациялық үдерістерді модельдеуде зерттеліп отырған құбылыстың бір қалыптан екіншісіне өту кезектілігін анықтаған дұрыс. Яғни үдерісті модельдеудің нәтижесі деңгейлердің кезектілігінің және олардың арасындағы байланыс орнатудың бейнесін көрсету. Сәйкесінше, «үдерістік модельдер» құрамында мақсаты, субъектілердің құрамы және әрекеттері, ерекшеліктері, жұмыстың әдістері, формалары және амалдары, алынған нәтиже және үдерістің тиімділігінің көрсеткіштері сияқты сипаттамалар болуы тиіс.

Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін, оның идеялық позициясын, негізгі теориялық қағидаларын анықтауда теориялық-әдіснамалық негіздер басты бағыттаушы болатыны анық. Іс-әрекеттің бұндай негізделуі әдіснамалық бағыт-бағдар арқылы анықталады.

Инновациялық білім беру жүйелерін жобалаудағы үдерістік бағыт бағдарды зерттеумен айналысқан Н. О. Яковлева өз зерттеуінде үдерістік бағыт-бағдарға «объектіні құбылыс ретінде зерттеуге және нәтижені үдеріс терминдерінде сипаттауға мүмкіндік беретін зерттеудің теориялық-әдіснамалық

стратегиясы» деген анықтама береді [2, 17б.]. Болатын нақты өзгерістер инновациялық үдерістердің нәтижесі болып есептеледі. Білім берудегі жаңашылдықтар білім беру үдерісінің жалпы бағыттылығы, білім беру траекторияларының және бағыттарының саны мен сипаты, мектеп көрсететін білім беру қызметтерінің тізбектемесі, білім берудің құрамы мен білім беру технологиясы, оқытушы және оқушының қарым-қатынасының, өзара әрекеттестігінің сипаттамасы, жеке білім беру үдерістерінің ұйымдастырылуы және олар арасындағы байланыс, оқыту және тәрбиелеу үдерісінің жүктемесі, қарқыны және үйлесімділігінің динамикасы бойынша өзгерістерді алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, келесі нәтижелерді көздейді:

1. Мектеп қоғамының толысуының және ұжымдасуының өсуі.
2. Тәрбиешілердің және оқытушылардың кәсіби құзыреттілігінің артуы.
3. Мектептің материалдық базасының баюы.
4. Мектептің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюі.
5. Мектептің өмірінің нормативтік негіздерінің жаңаруы.

Адам қоғамының үнемі дамуының маңызды факторы болып табылатын инновациялық іс-әрекет қазіргі уақытта адам өмірінің барлық салаларында ерекше мәнге ие болды. Г.Н. Жуков, П.Г. Матросов, С.Л. Капланның деректері бойынша, келесі сипаттамаларға назар аударайық:

1. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістердің дамытудың қажеттілігі білім берудің модернизациясының басым міндеттерінің жетілдірілуіне және заманауи жұмыс берушілердің кадрлар дайындаудың талабына негізделген.

2. Инновациялық әрекет орта арнайы білім беру мекемелерінде білім беру жүйесінің жеке аспектілері бойынша басты көрінісі болып есептеледі. Жаңашылдықтардың басым бөлігі білім берудің ақпараттандырылған оқыту технологиясын, білім берудің жаңа тәсілдерін – білім берудің сапасын басқару технологиясын, орта таптағы мамандарды дайындауда әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықтың тиімді формаларын жасауға жұмылдырылған.

3. Инновациялық үдерістердің жылдам дамуына үлкен мүмкіндіктерді эксперименталды-инновациялық орталықтар ретінде білім беру мекемелері береді. Бірақ бұл үшін олар оқыту-тәрбие әрекетінің бүкіл басым бағыттарын жүзеге асыруға керекті мүмкіндіктердің барлығына ие болуы керек.

4. Инновациялық үдерістер педагогтардың шығармашылық потенциалын ашуға және дамытуға, олардың біліктілігін арттыруға, білім беру үдерісінің ішкі заңдылықтарын тануға ықпал жасайды [3, 24б.].

Қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесінің жаңартылуы қажеттілігін туғызады. Инновацияларды енгізу білім беру тиімділігін арттырудың негізгі жолы болып табылады. Сондықтан инновацияны білім беруде пайдалануға деген талпыныс жалпы сипатқа ие болуда. Мектептегі инновациялық іскерлік сапалы болуы үшін, ол педагогикалық іскерлік тәрізді ғылыми негізде жүзеге асуы тиіс. Білім берудегі инновациялық іскерлікті қалыптастырумен жаңа пән – педагогикалық инноватика айналысады. Білімнің

жаңа саласы – жаңашылдықтар (*инноватика*) туралы ғылым аумағында материалдық өндіріс саласындағы техникалық жаңашылдықтар заңдылықтары зерттеле бастады, ал ол ХХ ғасырдың басында құрылды. Инноватика фирмалардың жаңа қызмет, идеяларды дамыту мен ендіру бойынша іс-әрекетке деген оқыс қажеттілігінің бейнесі ретінде пайда болды. Оның негізін салушылар болып неміс ғалымдары В.Зомбарт пен В.Метчерлих, сонымен қатар австралиялық экономист Й.Шумпетер саналады. Алғашқыда инноватиканың зерттеу пәні болып ғылыми-техникалық жаңалықтарды ойлап табу мен таратудың экономикалық және әлеуметтік заңдылықтары болатын. Алайда аз уақыт ішінде жаңа саланың қызығушылықтары кеңейіп, әлеуметтік жаңашылдықтарды да қамти бастады, және ең алдымен ұйымдар мен кәсіпкерліктердегі жаңашылдықтарды қамтыды. Инновация философия, психология, әлеуметтану, басқару, экономика және мәдениеттану теорияларының тоғысында зерттеулердің пәнаралық ауданы ретінде қалыптасты. ХХ ғасырдың 70 жылдары жаңашылдықтар туралы ғылым күрделі, салалары көп ғылымға айналды. Педагогикалық инновациялық үдерістер. ХХ ғасырдың 50 жылдардың соңынан бастап ғалымдардың арнайы зерттеу нысанына айналды.

Қазақстандағы педагогикалық инноватиканың дамуы жалпы қоғамдық-педагогикалық қозғалыспен, мектептің тез дамуға деген қажеттілігі мен педагогтардың оны жүзеге асыра алмауының арасындағы қарама-қайшылықтардың пайда болуымен байланысты. Жаңашылдықтарды пайдаланудың жалпы сипаты артты. Осымен байланысты жаңа білімге деген қажеттілік, «жаңашылдық», «инновация», «инновациялық үдеріс», «жаңалық енгізу» деген түсініктерді түсінуге деген қажеттілік туындады. Педагогикалық инноватиканың негізгі түсініктеріне көшейік.

«Инновация» ұғымы латын тілінен бастау алады және аударған кезде «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағына береді, яғни қандай да бір жаңашылдықтың енгізілуі.

«Ғылыми-техникалық алға басу (прогресс)» сөздігінде *инновация* заттар, технологияларды ойлап табуға, жасалуына және жаңа құрылым түрлерін енгізуге бағытталған шығармашылық іс-әрекет нәтижесі» деп түсіндіріледі [4, 276.].

*Жаңашылдық* – құрамына жаңаның құрылуы технологиясы мен мазмұны, мәні, тәсілдері мен әдістемелері енетін құбылыс.

*Инновация* – жаңаны меңгеру (енгізу) үдерісі.

*Инновациялық үдеріс* жаңаның мазмұны мен құрылымын қалыптастыру мен дамыту бойынша іс-әрекеттер кешенін бейнелейді.

*Жаңалық енгізу* жаңашылдық және осы жаңашылдықтың тәжірибеге енуі үдерісі тәрізді инноватор адамдардың бағытталған, құрылымдық іс-әрекеттерінің үдерісі.

В.И.Загвязинский *педагогикалық инновация* ретінде «педагогикалық тәжірибеде жаңашылдықтарды таратуды» түсінеді және жаңашылдық болып берілген түрде кездестірілмеген, бірақ аналогын табуға болатын педагогикалық тәжірибе бөлігі табылатындығын атап өтеді.

Педагогикалық сөздікте (Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров, 2000) *педагогикалық инновация* ретінде: 1) білім беру ортасына тұрақты бөліктер (жаңашылдықтар) енгізетін, кешеннің жеке бөліктері мен білім беру жүйесінің өзінің сипаттамасын жақсартатын бағытталған өзгерулер; 2) жаңашылдықты (жаңа тәсілді, әдісті, әдістемені, технологияны, бағдарламаны және т.б.) меңгеру үдерісі; 3) мінсіз әдістемелер мен бағдарламаларды іздеу, оларлы білім беру үдерісіне енгізу және оларды шығармашылық тұрғысынан қайта ойластыру түсіндіріледі [4, 36б.].

Н.В.Бордовская, А.А.Реан *инновация* (латынның *in – кіру, novus – жаңа*) жаналық енгізу, жаңашылдық деп есептейді. Инновацияның басты көрсеткіші болып мектептің немесе ЖОО-ның қалыптасқан дәстүрлер мен жалпы тәжірибемен салыстырғандағы дамуындағы үдеп келе жатқан бастау табылады. Сондықтан білім беру жүйесіндегі инновациялар мына өзгерістерді енгізумен байланысты: басқару жүйесінің мақсаты, мазмұны, әдістемесі мен технологиясы, ұйымдастыруына; педагогикалық іс-әрекет стилі мен оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыруға; білім беру деңгейін бақылау мен бағалау жүйесіне; қаржыландыру жүйесіне; оқу-әдіснамалық қамтамасыз етуге; тәрбие жұмысы жүйесіне; оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына; оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетіне.

Тарихи тұрғыдан алғанда жаңаның ауданы (көлемі) әрқашан белгісіз. Жаңашылдық әрқашан нақтылық сипатқа ие, яғни ол «өз уақытынан ерте» пайда бола алады және уақыт өте келе қалыптық сипатқа ие болып немесе ескіре алады. Сонымен қатар, білім берудегі барлық жаңашылдықтарды педагогикалық инновациялар ретінде қарастыруға болмайды. Реформалар мен педагогикалық инновацияларды айыра білу қажет. *Реформа* деп мемлекеттік биліктің көмегімен ұйымдастырылып, өткізілетін жаңашылдықтар болып табылады. Реформаның нәтижелері болып білім берудің қоғамдық жағдайындағы, білім беру жүйесінің құрылымындағы, мектеп іс-әрекетінің ішкі ұйымдастырылуындағы өзгерістер табылады.

*Педагогикалық инновациялар* білім беру жүйесінің ішіндегі адамдар іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. *Педагогикалық инновациялар* – мемлекеттік органдармен емес, білім беру мен ғылым жүйесі қызметкерлері мен ұйымдарымен дамытылып, өткізілетін жаңашылдықтар.

Білім берудегі реформаның қажетті элеуметтік шарты болып кең түрдегі инновациялық қозғалыс жатады. Мұндай қозғалыс реформаны өткізудің маңызды шарты ғана емес, сонымен қатар реформаға дайындық құралы болып та табылады. Инновациялық қозғалыс педагогикалық қоғам белсенділігінің танымы мен бағытын қалыптастыруға мүмкіндік береді. *Инновациялық қозғалыс* – білім беру саласының шекарасын бұзып шығып келе жатқан қоғамдық-педагогикалық қозғалыс. Ол қоғамның өзіндік ұйымдастырылуы мен өзіндік дамуының маңызды факторына айналуға, ал оның қуатымен демократиялық реформалардың бағдарламаларының өмірге енуі қамтамасыз етіледі.

Осылайша, білім берудің қоғамдық жағдайының өзгеруі, беделінің артуы және қаржыландырудың ұлғаюын педагогикалық инновация деп атауға

болмайды. Бұл әлеуметтік үдерістер, реформалар немесе қоғамның саяси бағытының өзгеруінің нәтижесі, яғни, саяси реформаларды жүргізу нәтижесі. Оқу мекемелерінің жабдықталуы мен ғимараттарды салудағы өзгерістерді де тек қана педагогикалық инновация деп атауға болмайды, бұл негізінен компьютерлік техника саласына, оқу құралдарын өндіруге, архитектура, құрылыстағы өзгерістер. Білім беру жүйесі құрылымындағы өзгерістерді де педагогикалық инновацияға жатқызуға болмайды. Ол негізінен білім беруді басқару саласындағы өзгерістер. Басқару инновацияларына негізінен мектеп іс-әрекеттерін ішкі ұйымдастыруындағы жаңашылдықтар жатады. Осылайша, тек қана педагогикалық инновацияларға мына өзгерістерді жатқызуға болады: білім беру мазмұнындағы, яғни, барлық немесе жеке пәндердің оқу жоспарлары мен бағдарламаларындағы; мектеп іс-әрекетінің ішкі ұйымдастырылуындағы; «мұғалім-оқушы» қатынасындағы; оқыту әдістеріндегі.

Білім беру мекемелерінде инновациялар арқылы оқыту-тәрбиелік үдерістің тиімділігін арттыру мен жаңалануының көзі ретінде В.В.Анисимов, О.Г.Грохольская, Н.Д.Никандров келесілерді атап өтеді:1) оқытушылар мен жетекшілердің құрамына педагогикалық жаңашылдықты жасау, меңгеру және пайдалану кіретін инновациялық үдерісіндегі шығармашылықтары;2) білім беру мазмұнының гумандалуы (тұлға қызығушылығын ескере отырып, оқу үдерісінің мазмұнын толықтыру) және педагогикалық ортадағы педагогикалық білім беделі мен ролінің артуы; 3) жетекшілердің оқытушылардың енгізген педагогикалық инновацияларын мұқият сараптауы, оларды жетістікті түрде дамытылуы мен пайдаланылуына жағдай жасау [5, 31б.]. Қорыта келе, *педагогикалық инноватика* – білім беру саласына жаңалықтарды кіріктіруді және өндеулердің байланыстарын зерттейтін ғылым.

Сөйтіп, оқыту жүйесіндегі жеке жаңашылдықтардың жиынтығы өз кезегінде мемлекеттегі, аудандағы, аймақтағы білім беру жүйесінің кіретін үлкен аумақты қамтитын инновациялық үдерістің бір құрамдас бөлігі. Білім беру саласындағы заманауи бағыт қарқынды инновациялық үдерістерін, түрлі инновациялық жүйе және оқыту технологияларын енгізуімен байланысты. Инновациялық даму білім беру үдерісінде кешенді болып келеді және олар ең алдымен әлеуметтік үдерістер мен білім беру реформалардың қорытындысын көрсетеді. Осы арқылы қоғам өмірінде білім беру саласына өзгерістер енгізеді, сонымен қатар компьютерлік технологиялар саласына жедел түрде жаңа оқыту тәсілдері енгізіледі, оқу үдерісіндегі жеңілдіктерге, құрылысқа, оқу орындарының құрал-жабдықтарына өзгерістер әкеледі.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Котлярова И.О. Педагогическая инноватика: учебное пособие. – Челябинск, изд-во ЮурГУ, 2002. – 82 с.
2. Яковлева Н.О. Педагогическое проектирование инновационных образовательных систем: монография. – Челябинск: Изд-во Челябинского гуманитарного института, 2008. – 279 с.

3. Котлярова И.О. Соотношение инновации в образовании с развитием профессионально-педагогической квалификации: Монография. – Челябинск, изд-во ЧГПУ, 1998. – 169 с.

4. Жуков Г.Н., Матросов П.Г., Каплан С.Л. Основы общей и профессиональной педагогики. – М.: Гардарики, 2005. – 382 с.

5. Загвязинский В.И. Теория обучения: современная интерпретация. – М.: Академия, 2001.-192с.

ӘОЖ 373.2 : 004

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Исраил А.Ж.

Ғылыми жетекші: Килыбаева Г.К., сениор-лектор, магистр  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: amina.israilova.03@mail.ru

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі - жан - жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша балаға жан-жақты білімді, тәрбиені, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы. Тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс - тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан - жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Мектепке дейінгі мекемелерде интерактивті технология өзекті мәселе болып табылады. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану әртүрлі деңгейдегі дайындықтағы балаларға сараланған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бекітудің әдеттен тыс жаңа әдістерін, әсіресе ойын түрінде қолдану балалардың еріксіз зейінін арттырады, ерікті зейіннің дамуына көмектеседі. Ақпараттық технологиялар тұлғаға бағытталған тәсілді қамтамасыз етеді. Компьютердің мүмкіндіктері шолуға ұсынылатын материалдың көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалар үшін бір бағдарламалық материал бірнеше рет қайталануы керек және презентация формаларының әртүрлілігі үлкен маңызға ие. Компьютерлік бағдарламалар дербестікке үйретеді, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытады. Балаға интерактивті ойын ұсына отырып, біз оған ерекше уақыт береміз. Ойын барысында балалар жаңа әсер

алады, әлеуметтік тәжірибе жинақтайды және ата-аналарымен қарапайым өмірдегіден басқаша сөйлеседі, қарым-қатынасты жылулықпен, сезімталдықпен, құрметпен байытады[1].

Сондай-ақ Ж. Руссо айтқандай баланың өз бетінше білім-танымдық, шығармашылық әрекет идеясына үлкен мән берді демекші. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбеттілік ұстанымдарның маңыздылығына көңіл бөлді. Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңілу керек дегендей. Ол «Тумсында қанша зеректік болса да – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...» деп түйіндейді.

Дарынды балаларды анықтау үшін бастауыш сыныптан бастап зерттеу жұмыстары жүйелі жүруі керек. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың оқуға деген құштарлығы қазіргі таңда өте жоғары. Оған ата-анасының мән бере жасаған дайындығы, үлкендердің қуанышты көзқарасы, мектептің беделі, жаңа киімдер мен әдемі оқулықтар баланың қызығуын арттырып, білім алуға жетелейтіні сөзсіз. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері шеберлігімен, жаңа әдіс-тәсілді сабақтарымен, ұшқыр ойлы ойындарымен оқушы зейінін жаулап алып, білуге деген құштарлықтарын шындай түсуі қажет. Бірінші сынып оқушыларының барлығы дерлік мектепалды даярлықтан өтіп келгендіктен, оқу қиынға соға қоймайды. Әріптерді тез танып, әдемі жазып кетеді. Білікті ұстаз оқушының жас ерекшелігіне сай оқу жүгін анықтап, шығармашылық жұмыстармен толықтырып отырады. Ізденіспен жасалған әр сабақта оқушы мұғалім әрекетіне ілесіп, нәтижелі жетістікке жетіп

отыратының байқамай да қалады. Сондықтанда мұғалімнің атқарған еңбегінің жемісі осында. Қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын оқып-үйреніп, күнделікті сабақтарда шығармашылықпен пайдаланып отырса, нәтижесін берері сөзсіз. Білім сапасы мен деңгейін аңқтап, салыстырмалы мониторингтер жасап отыру оқушы қабілетін зерттеуге көп көмегін тигізеді.

Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек дейді. Ал қарсы көзқарастағылардың айтуынша, дарындылық – өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән. Сондықтан дарынды балаларды іздеу алтын түйірін іздегенмен бірдей. Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетінін айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі. Қолайлы ақуал, тамаша кәсіби ұстаздық ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады. Бастауыш сыныпта жазуының әдемі, сауатты, оқығанын, көргенін жүйелі түрде баяндауы, өлеңдерді жатқа айтуы, табиғат көріністері мен жыл мезгілдеріне шағын әңгіме жаза білуімен оқушы дарындылығын анықтау жеткіліксіз. Осы орайда мектеп психологінің көмегі қажет.

Сондай-ақ Ресей психологтері дарындылық жайлы төменгідей анықтама береді: «Дарындылық – психиканың жүйелі, өмір бойы дамитын қасиеті. Ол басқа адамдармен салыстырғанда іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде адамдарың ең жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайды».

Мектеп психологі оқушының жеке бас даму картасын толтырып, психодиагностикалық зерттеу жүргізеді. Нәтижесінде дарынды оқушыны анықтап, оқушының қабілеті қай бағытта, қосымша жұмыс түрлері және дамыту әдіс-тәсілдерін айқындауға болады. Тереңдетілген қосымша бағдарлама жасалынады. Білікті ұстаз дарынды оқушының өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңестер береді. Дарындылықты дамытуда оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді пайдалануы керек. Оқу үрдісінде дарынды оқушының қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру мақсатында мына жұмыстар сүбелі орын алары сөзсіз:

1. Шығармашылық жұмыстар.
2. Сайыстарға қатысу.
3. Мектепішілік олимпиадада ұту.
4. Тест тапсырмаларын орындау.
5. «Дарын» орталығы ұйымдастырған конкурстарға қатысу.

Дегенмен оқушы орта және жоғары буынға барғанда дарынды оқушымен жұмыс өз жалғасын табады. Мектептің педагогикалық – психологиялық зертханасы оқушы тұлғасын қалыптастыру және дамыту барысындағы жұмысын жетілдіріп, оқушы – мұғалім – ата-ана арасындағы қарым-қатынас сарапталады,

оқушының білім сапасы мен тәрбиелілігінің мониторингілері салыстырылады, сабақтардың рейтингісі анықталады. Мұғалімдердің тиімді педагогикалық технологияларды игеру диагностикасы жасалады.

Оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысы – жүйелі жұмыстардың қорытындысы және де жеке тұлғаның қалыптасуының бастауы. Ал оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, оқу материалдарын өздері игере алуға мүмкіндік туғызудың шешуші факторы – оқытудың жаңа әдістемелік жүйелерін құру болып табылады.

Оқушы бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын да қызықты іс. Алайда, әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заман талабына қарай көрегендікпен икемдеп, өз заманының озық өнегесін санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Дәлірек айтсақ белгілі бір қабілетке ие және дарынды, кез келген әрекетке қабілетті, ерекше қабілеті бар бала дарынды бала болып табылады. Мұғалімнің міндеті – оқушының қабілетін көріп, оны шеберлікпен дамытып, тәжірибеде қолдану. Тәжірибелі мұғалім оқушының бойындағы белгілі бір қасиеттерді оқытудың бірінші кезеңінде-ақ байқай алады. Мұғалім сабақ барысында әр түрлі оқу тапсырмаларын орындау кезінде оқушыларды барлық іс-әрекет түрлерінде (санау, жазу, оқу, монолог, диалог) бақылайды, ақпаратты тез түсінуді, есте сақтауды, жақсы есте сақтауды, зейіннің шоғырлануын, материалды меңгеру жеңілдігі. Дарынды бала жарқын, оның сол немесе басқа іс-әрекет түрінде тамаша жетістіктері бар. Дарынды балаларды анықтау өте ұзақ процесс, кешенді тәсіл мен зерттеу процедуралары қолданылады. Педагогикалық қабілеті, түйсігі және тәжірибесі бар мұғалім диагностикалық қызмет атқарады. Бірақ дарынды бала да бала екенін есте ұстаған жөн. Ол басқа балалар сияқты сүйіспеншілікке, назар аударуға, көмекке мұқтаж. Дарынды баланың белгілері:

- ❖ өнімділіктің жоғары деңгейі;
- ❖ жаңа нәрсе жасайды, көптеген идеяларды, есептерді шешуді, сұрақтарға жауап береді;
- ❖ абстракциялау қабілеті бар, юмор сезімі бар;
- ❖ жақсылыққа ұмтылу;
- ❖ зейінді, қиялы, қиялы бай;
- ❖ айналадағы оқиғалар мен құбылыстарды қабылдауда олар көбірек түсіреді және түсінеді.
- ❖ сөздік қоры мол, сөйлеуде синтаксистік құрылымдарды қолдану;
- ❖ сұрақ қоюды біледі, өз пікірін еркін жеткізе алады және оны табанды және жігерлі қорғай алады;
- ❖ шығармашылық қабілеті жоғары.

Дарынды балаға дамушы ортаны ұйымдастыру, сабақты жүйелі жүргізу, жеке жұмысты ұйымдастыру, баланың қабілетін дамыту үшін ата-ананың міндетті түрде белсенді қатысуы қажет. Мұғалім өз тарапынан дарынды баланы қолдау үшін келесі жоспарланған іс-шараларды пайдаланады:

❖ Күрделілігі жоғары тапсырмалар береді, оларды шешудің шығармашылық тәсілдерін ұсынады.

❖ Жеке консультациялар, сұхбаттар.

❖ Психологиялық кеңестер.

❖ Дарынды баланың ата-анасымен ынтымақтастық.

❖ Дарынды оқушының қабілетін жүзеге асыру мақсатында ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, конкурстарға, түрлі деңгейдегі фестивальдерге қатысуға баулу.

Оқу-зерттеу іс-әрекеті – оқушылардың ерекше, танымдық, шығармашылық әрекеті, ол мақсаттылықпен, белсенділікпен, саналылықпен сипатталады, оның нәтижесі танымдық мотивтерді, зерттеушілік дағдыларды, білім мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ»ДББҰ, 2012.

2. Жексенбаева Ү.Б. «Балалардың дарындылығын диагностикалау», Алматы: «РАДиАЛ» баспасы, 2005ж.

3. Жексенбаева Ү.Б. «Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру», Алматы: «РАДиАЛ» баспасы, 2005ж.

4. // Дарын. Ақпарат-әдістемелік жинақтары. – Астана, «дарын»РҒПО. 2003-2008жж.

5. // Одаренный ребенок. Ғылыми-практикалық журнал. – Москва, 2004-2008жж.

6. Дарынды оқушыларды дамыту тұжырымдамасы Ж. Әбикеев. Педагогика тарихы. Алматы. 2006.

ӘОЖ: 373.29

## **ӘДЕБИЕТТІК ОҚЫТУ САБАҚТАРЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Кудерина М.А., Ахметжанова Г.Р.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Заки Ахметов атындағы №16 орта мектебі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі кезеңде білім саласының алдына қойылған талаптар- оқушыларға білімді тереңдетіп беру. Мұны кейінгі жылдары шыққан оқулықтарда көруімізге болады. Мұндай жағдайда оқушының алдында үлкен мәселе: оқушыны қалайша шаршатпай, енжарлыққа салдырмай терең білім беруге болады? Осы тұрғыдан алып қарағанда оқыту үрдісінде ойын әдісін қолдану- бұл проблеманы шешудің бірден- бір жолы.

Н.Крупская «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген», - деген пікір айтады.[1; 12-б].

Ойын- күрделі философиялық, педагогикалық ұғым. Философия адам мәселесін зерттегендіктен, бұл жерде адамның санасы мен ойын арасындағы қарым-қатынас жайы тыс қалмайды. Мысалы, сонау ерте заманғы грек ойшылдарынан бастау алатын ойын теориясы қазірге дейін өрбу, даму үстінде.

Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген грек философы Гепокрит ойынды мәңгілікке теңеген. Оның пікірінше, ойын «Мәңгілік- шахмат ойнап отырған бала». Платон ойын теориясын қалыптастырушы ретінде назарға алынады, оның пікірінше, ойын –әрі жоғары ақыл, рахаттану, қызық және теңдесі жоқ жоғары құбылыс [2].

Осының нәтижесінде қазіргі кезеңде ойынды философиялық тұрғыдан ұғындыруда мынадай теориялар қалыптасқан:

1. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге күштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты. Ойынсыз, музыкасыз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды. В.М. Сухомлинский.

2. Ойын- артық күштен арылу жолы (Ф.Шиллер., Г.Спенсер).

3. Ойын - балаларды ересек өмірге дайындайды (К.Гросс, К.Блюллер)

4. Ойын- мәңгілікке ұштасатын құбылыс (Платон, Демокрит).

5. Ойын-функционалды тенденция теориясы (Д.Н.Узнадзе, т.б.)

Педагог ғалымдар ойынның оқыту процесіне оң әсерін тигізетініне келісе отырып, мынадай пікір айтады.

А.С. Гуревич, А.В. Килиниуктер ойынды оқытудың активті түрі деп қарастырса, Н.Н. Скатова, Р.И. Половникова, В.К. Романт оқытудың ойын әдісі дейді. [3, 17-б].

Ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы XXI ғасырда болашақ буын ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезекке міндет етіп қойып отыр. Бұл міндеттер жаңа әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі оқыту үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, оқушылардың қалыптастыру қажеттігін негіздейді. Айтылған мәселенің басты ерекшелігі оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың білім алуы барысында іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білу арқылы танылады. Әсіресе, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесі қазіргі уақытта бастауыш мектеп үшін өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Сондықтан қазіргі бастауыш мектептен бастап оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру маңызды міндет, ғылыми мәселе. [4; 21-б].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау дәрежесі мен дербес іс-әрекеттегі белсенділігінің қалыптасуына жан-жақты жағдай жасап, мектепте берілетін ғылыми білім сапасын жаңа заман талаптарына сай іріктеу мен меңгерту міндеттері олардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруға тікелей

байланысты. Оқушыны даяр білімді қабылдаушы объект емес, білімді өз бетімен ізденуші субъект ретінде қарау мақсатында оқыту жүйесін лайықтаудың қажеттігі артады.

Осыған орай бастауыш мектепте берілетін білім мазмұнын жанарту, оқытуды белсендірудің жаңа әдістемелік жүйесін жасау, ең алдымен, әрбір оқушының жан-жақты жетілуіне, ойлау белсенділігі мен ізденімпаздығының қалыптасуына, нәтижесінде шығармашыл жеке тұлғасының оқу-танымдық әрекетінің қалыптасуына қызмет етуі тиіс.

Тарихи тұлғалар, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн сынды ғұлама ғалымдар білім, тәрбие мәселелері жайлы ілімдері мол рухани мұра. Әл-Фараби алған білімнің философиялық негізін салып, ол білімді-философиялық категория және бүкіл танымның даму үдерісінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің рухани қазынасының жиынтығы деп қарастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда шығармашылық қабілет ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып табылатындығын көрсетеді.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Оқу әрекетінің мазмұнын теориялық білімдер құрайды, осы әрекет арқылы оларды игеру кіші мектеп жасындағы балалардың теориялық санасы мен ақыл-ойын жетілдіреді, сонымен қатар әрекеттің практикалық түрлерін жүзеге асырудың шығармашылық-тұлғалық деңгейін дмытады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың оқу әрекеті субъектісі ретінде қалыптастыру проблемасы психологиялық-педагогикалық ғылымда кеңінен зерттелген. Бастауыш сынып жасындағы балалардың оқу әрекетін қалыптастырудың негізгі бағыттары және оларды дамыту Т.Сабыров [3; 89-90б] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде толық сипаттама берген. Ғалым А.Х.Аренованың пайымдауынша, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыруды өзіндік жұмысымен байланыстырып, оның мазмұнын және құрылымын көрсеткен.

Білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес балаға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда, ұйымдастырылған оқу іс әрекеттің сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қазіргі әлеуметтік жағдай жеткіншек ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерді ағарту саласында бірінші орынға шығарады. Әсіресе, баланың



әлеуметтік бейімделуі, ересектермен, өз қатарластарымен қарым-қатынасты тиімді жасауы педагогикалық-психологиялық теория мен практика үшін аса мәнді. Балалардың жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық дамуы, осыған қатысты оқыту-тәрбиелеу жолдары, мінез-құлық, жүріс-тұрыс қалыпты болмағанда жүргізілетін коррекциялық жұмыстар, зерттеу әдіс-тәсілдерін негіздеген құнды еңбектер баршылық.

Ойын сонау ата-бабалар заманынан бері мазмұн жағынан толысып дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы: Йоган Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б. Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары: А.В. Вербицкий, Т.В. Кудрявцев, И.П. Пидкасистый. Қазақстандық ғалымдар: Н.К. Ахметов, Ж.С. Хайдаров т.б. Сонымен қатар, ойын проблемасымен шұғылданған көрнекті ғалымдар: Р.М. Жуковская, Д.В. Менджерицкая, Т.А. Маркова, Н.Я. Михайленка т.б.

Ойын – біріншіден, баланың жеке басын дамытуда қоғамдық мәні бар іс-әрекеттің мақсат бағдарлы, қажеттілікті қанағаттандыруға негізделген белсенділік формасы деп, екіншіден - баланың танымдық, шығармашылық, жеке бас қасиеттерін, ақыл-ой сапаларын жетілдіретін тәрбие және оқыту құралы ретінде деп түсіндіріледі.

Балалық шақ ойыннан бөлінбейді. Мәдениетті балалық шақтың мәні көп болған сайын, соғұрлым ойын да қоғам үшін маңызды болады. Балалықты танудың оған әсер етудің және балалық шаққа енудің бірден-бір әдісі ол – ойын. Балалар ойын үстінде өздерін еркін, жеңіл сезінетіндіктен өздерін көрсете алады. Балалар үшін өз тәжірибелерімен сезімдерін шығару табиғи динамикалық және денсаулық жақсартушы іс-әрекет. Ойын әсері психикалық іс-әрекеттің басқа формаларын дамыту үшін де үлкен маңызы бар. Мәселен, қиял тек ойын жағдайларында және соның әсерімен ғана дами бастайды. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады[5; 33-б].

Жеке бастың даму және қалыптасу процесін тануды дұрыс шешу психикалық процестердің заңдылықтарымен оның ерекшеліктерін білумен байланысты. Бұл салада ғалым педагогтар, психологтар Ж.Аймауытов, Л.С. Выготский, М.Жұмабаев, Қ.Жарықбаев, С.Макаренко, М.Мұқанов, Ж.Намазбаева, Т. Собиров, Г.Усманов т.б. арнайы зерттеу еңбектері бар.

Психолог ғалымдар баланың даму процесін қарастыруда бірнеше ғылыми теориялық принциптерді ұсынады. Солардың бірі Л.С. Выготский бастауыш сынып оқушыларының даму процесін сензитивтік кезеңге тән екенін және олардың үлкен сезімталдығы мен әсерленгіш болып келетіндігі анықталған. Мектепке бар ынтасымен келген 7 жасар бала тәрбиелік ықпалға оп-оңай беріледі. Оның жақсы оқушы, жақсы мінез-құлықты бала атанғысы келеді. Балалар бұл жаста барынша көпшілік мұғалімдермен тез тіл тапқыш, өзінің жаңа ұжымда, балалар арасында еркін сезінгіш болып келеді. Мұғалімнің талаптарын, мектеп ережелерін орындауға қызығады.

Л.С.Выготский теориясы бойынша баланың әсерленушілігі ішкі және сыртқы әр түрлі жағдайлардың ықпалының жиынтығы деп есептейді. Осыдан барып оның психикалық дамуын айқындайтын, басқаша да күштерді күрделендіріп жаңа түсініктерді құрастыруға жол ашады. Орта мен бала арасындағы қатынас құбылысын оның күрделілігін түсіндіргенде Л.С.Выготский бастауыш сыныпоқушыларына әсерленушілік сипат және ықпал жасайтын жағдайларды баланың қабылдауымен байланыстырады. Бұдан өмірдің ішкі рухани өмірін, әсіресе адамгершілік ойлауын, сезімін, санасын, іс-әрекетін зерттеуде осы кезеңдегі сензетивтік ерекшеліктерін ескеру мұғалімнің маңызды міндетінің бірі болып табылады[3; 46- б].

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты оқулығында бала дамуының психологиялық заңдылықтарын жан-жақты талдап көрсеткен. Мәселен, жан-тәрбиесі, ес, қиял, ойлау, тіл т.б. психикалық процестерге талдау жасаған және бұл психикалық процестерде төменгі класс оқушыларының ерекшеліктерін көрсеткен.

«Әсер күшті болса, есте ұзақ сақталады». Мысалы, қатты дауыл, сұрапыл боран сықылды күшті көріністер тез ұмытылмайды. Бір сабақтан бала күшті әсер алуы үшін баланың сол сабаққа құмар болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек. Мұғалім сабақ бергенде өзі есінен түсіп, ыңылдап тұрса, шәкіртте құмарлық бола ма?» - деген.М. Жұмабаев айқындаған заңдылықта оқу-тәрбие процесінде мұғалім де, ата- ана да керек[4; 65б].

Қ.Жарықбаев көптеген еңбектерінде және арнайы ғылыми зерттеулерінде балаларға тән психикалық (сензетивтік жасына байланысты) ерекшеліктері тереңдетіліп қарастырылған. Мысалы, мінез, түйсік, қабілет, қабылдау, ес, ойлау, қиял, эмоция мен сезім, ерік, зейін, әрекет, дағды әдептері және т.б [5; 87- б].

Төменгі сыныптағы балалар негізінде ойын жасындағы балалар. Бала мектепке келген кезде де ойнауын тоқтатпайды. Енді оқу оның негізгі қызметі болса да, ол әлі де бұрынғысындай ойнағысы келіп тұрады. Осының нәтижесінде ойын оның өмірінде бірінші орыннан екінші дәрежедегі әрекетке ысырылады.

Бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар жан. Ол үнемі секіруді, қорғауды, жүгіруді қалайды. Осыған орай біздің халықта: «Баламен ойнама шаршайсың», «Бала - шапшаң, бала - ұрыншақ» , «Ойнай білмеген, оймен білмейді» - деп тегін айтылмаған.

Бала ойыны алуан түрлі. Ойын арқылы адамгершілік қасиеттерді бойына біртіндеп тәрбиелейді және психикалық қабілеттері дамиды. Бала достықта бірін-бірі түсініп, қимыл-әрекет жасауға, тапқырлыққа, шыдамдылыққа, ептілікке және қимылдауға, ойлауға, табандылыққа дағдыланады.

М.Жұмабаев халықтық педагогика негізінде ойына мынадай мән берген: «Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады». Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанындағыны әсерлене пайдаланады[4; 69б].

7-10 жас арасы анатомиялық, физиологиялық жағынан қауырт қимыл әрекетті, қозғалысты, жылдамдықты талап ететін кезең болғандықтан бала

организімі үшін ойын қажет деп есептейміз. Сондықтан бұл жастағы бала қанша ойнаса да шаршамайды. Психологтардың анықтауы бойынша балалардың ойыны, олардың өмірге бейімделуі.

Құрбыларымен қарым-қатынас жасау қажеттігі баланы мақсатты түрде зейін қойып, есте сақтауға мәжбүр етеді. Мақсаткерлік, ерік күшін бағындыра білу - жеке басты дамытуға қажетті қасиет. Ойын мақсатсыз бос ермек емес, көп уақытқа созылатын, баланы қалжырататын жаттығулар, тіптен секіру, бұғалық тастау, допты секірту сияқты ойын түрлерін меңгеру өзінің оң нәтижесін береді. Балалар ойнап жүріп, белгілі ережелерге сүйеніп, әлгіндей заттар арқылы іс-әрекетті игеру міндетін орындайды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Жапсарбаева «Бастауыш-білімнің іргетасы». //Бастауыш мектеп №10, 2018ж-23б.
2. <https://infourok.ru/matematika-sabatarinda-oyin-elementterin-paydalanu-2472946.html>
3. Выготский Л.С. Воображение и творчество в школьном возрасте. -М. 2020г-46стр.
4. М. Жұмабаев «Педагогика». Алматы 2021ж-65б.
5. Жарықбаев Қ.Б. «Психология» оқулығы, Алматы, 2012ж- 73б.

УДК 80/ 81

## Н, Ң ДЫБЫСТАРЫН ДҰРЫС АЙТУ АРТИКУЛЯЦИЯСЫН МЕҢГЕРТУ

Култаева А.М.

«К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ, Аягөз.қ.,  
Абай облысы, Қазақстан

Қазіргі күні оқушылардың арасында «н» мен «ң»-ды ажырата алмаушылар көбейді. «Ң» әрпінің жазылуында да, айтылуында да қиындық бар. «Жанағы, ертен, танертен» деп сөйлейтін, «ң»-ның орнына «н»-ны айтатын балалар көп бүгінде. Бір қызығы, «ң»-ды дыбыстай алмайтындардың көпшілігі мұнысын кемшілік деп мойындамайды.

«Ң»-ды дыбыстай алмау бірнеше себепке байланысты. Біріншіден, баланың сөйлеу мүшелерінің құрылысы дұрыс қалыптаспағаннан болады. Яғни, баланың тістерінің қисық шығуы, таңдайының биік орналасуы, жағының дұрыс жұмыс жасамауы, ернінің қалың болуы, тағысын тағылар. Бұл кедергілер баланың әріптерді дұрыс дыбыстауына әсер етеді. Екінші себебі, сөйлеу мүшелерінің қимыл қозғалысының дұрыс болмауынан Сөйлегенде еріннің, тілдің қозғалысы қалыпты болмауы, қозғалыстың шектеулі болуы әріптерді дұрыс дыбыстауға кедергі келтіреді. Сөйлегенде тіл бір қалыптан екінші қозғалысқа тынымсыз ауысып жұмыс істейді. Тілдің белгілі қалыпты ұстап

тұруы қиындық көрсе, тілдің қалпы, қызметі баяу, нашар болса баланың сөйлеу тілі анық болмайды. «Ң»-ды дыбыстай алмау көбіне тілшіктің қызметіне байланысты. Тілшіктің толық көлемде қимылдамауынан дыбыс мұрын арқылы шығады.

Осы проблеманы шешу мақсатында 2 «А» сыныбын зерттеуге алдық. Зерттеу барысында А деңгейі, В деңгейі, С деңгейіндегі оқушылардың н дыбысын ажыратуын бақыладық.

**Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты** - Қазақ тіл біліміндегі «н» дыбысының айтылу, жазылу құбылыстарын анықтау, оларға толық түсініктеме беру, меңгерту және жалпы қолданысының жолдарын көрсету жатады.

Алға қойған мақсатымызға жету үшін мынандай мәселелерді жүйелі түрде жүргізуді міндет етіп қойдық:

- фонетика жүйесін зерттеу;
- «н» дыбысының айтылуы мен жазылуындағы ерекшелігін қалыптастыру;
- сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру;
- көркем шығармалардан және күнделікті тілдік қарым-қатынастан «н»

дыбысы кездесетін мысалдар теріп, талдау;

Оқушылардың «Н», «Ң» дыбысы мен әрпімен таныстыру және сөз ішіндегі «Н» дыбысының ерекшелігін меңгерту, сөздерге дыбыстық талдау жасату.

«Ң» дыбысы бар сөздерге мысалдар келтіру арқылы сөздік қорларын дамыту, балалардың сөйлеу мәнері мен байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Фонематикалық қабылдауын дамыту. Артикуляциялық маторикасын дамыту. Тілдің фонетикалық жағының қалыптасуына жағымды әсер ететінін көптеген тәжірибелер дәлелдейді дыбыс түзетудің тұрақтылығы, алдын ала фонематикалық қабылдауды қалыптастырған жағдайда жүзеге асады. Нәтижесінде бұл баланың жазуды меңгеруіне де жағымды әсер етеді. Дайындық кезінде қолданылатын артикуляциялық жаттығуларды жасату.

**Дайындық кезінде қолданатын жаттығуларды жасату.**

Ң дыбысының артикуляциясын еске түсіру.

Ң

Ң- дыбысын айтқан кезде ,тілдің артқы жағы жұмсақ таңдайға тығыз тиеді.Тіл ұшы төмен түседі. Дыбыс мұрын арқылы шығады. Ң- дыбысы дауыссыз үнді.

Н

Н дыбысының артикуляциясы

Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі.Тілдің орта кезі дөңгеленіп жоғарғы тістің артында тұрады.

Н мен ң дыбыстарына байланысты сөздік диктант, есте сақта, адасқан әріптер т.б жұмыстар жүргіздік

**1-жаттығу** Төмендегі ң дыбысы кездесетін буындар мен сөздерді дұрыс айтқанға дейін оқы. Өзіңе таныс әуенге салып айтуға болады. аң – даң – жаң – заң – ұң – қаң– лаң – маң – оң – паң – раң – саң – таң – шаң – ең – бең – жең – зең – кең – лең – мең – пең – рең – сең – тең – шең – мың – тың.

**2-жаттығу** Өзіңе таныс (ң) дыбысын дұрыс айта отырып, бір буынды сөздерді оқы, жазылуын есте сақта. Аң-заң-лаң-маң-оң-паң-таң-шаң-ең-жең-кең-мең-рең-сең-тең-көң-өң –мың-тың.

**3-жаттығу** Өзіңе таныс (ң) дыбысын дұрыс айта отырып, көп буынды сөздерді оқы, жазылуын есте сақта. Аңға – даңғаза – жаңа – жаңбыр – заңдар – ұңғы – қаңғыбас – лаңкес – маңдай оңқай – паңданба – саңырауқұлақ – таңданба – шаңырақ – еңіреме – женесің– зеңбірек – кеңірек – леңгір – меңіреу – ренк – сеңгір – теңбіл – шеңбер – маңай– тыңдарман – мыңдаған – шыңға – оңға – тоңба – мұңайма – сыңай–кеңейт.

#### **4-дыбысқа еліктеу жаттығулары**

Аң – сан,

Оңға – онга,

Оң -он,

Сең – сен,

**Дидактикалық ойын: «Дыбысты ұста»**

Құрамында [ң] мен [н] дыбыстары бар сөздерді айтады. Егерде [ң] дыбысы естілсе,

бір рет, [н] дыбысы естілсе екі рет шапалақтауды ұсынады

Аң,ана, жаңғақ, нан кеңірдек, шың, он, ұңғы, оң т.б

**Суретпен жұмыс:**

-Алдымен суреттерді атап шығындар.

- [ң] дыбысы кездесетін сөздерді тауып, қарындашпен қоршап қойындар.

**Дидактикалық ойын: «Сөз ойла»**

[Ң] дыбысынан басталатын сөз тауып айтуды ұсынады.

-[Ң] дыбысынан басталатын сөздер бар ма екен?

Балалар таппаған соң, [ң] дыбысынан ешқандай сөздің басталмайтынын түсіндіреді.

-[Ң] дыбысы сөздің ортасында немесе соңында тұрады, мысалы: **таң, тоңдым**

**Көркем жазу сәті.**

**1-тапсырма.**

Жаңбыр сөзіне дыбыстық талдау.(дәптерімізге көшіріп ң дыбысы бар сөздің астын сызу.)

н-ң дыбыстары қандай дыбыстар?

н-ң дыбыстары екеуі екі басқа дыбыс, екі басқа әріп. Жасалуы жағынан ң-н-ға мүлдем жуықтамайды.

Н-тіл ұшы дыбысы

Ң-тіл арты дыбысы.

Зерттеуге алынған 2 «А» сыныбының зерттеу басында 70 %-ы ң мен н дыбысын ажырата алмады.

Артикуляциялық жаттығулар, адасқан әріптер, ң мен н дыбысына сөздік диктант, дыбысты ұста сияқты әртүрлі жаттығулар жүргізу және осы процестің үздіксіз қайталануы негізінде жақсы нәтижеге жете бастадық.

Жазылымға байланысты жаттығулар орындауда н мен н дыбысын ажырата алмайтын 70% оқушының 13% -ы ажырата бастады.

Оқылым мен айтылымға байланысты жаттығулар орындауда н мен н дыбысын ажырата алмайтын 70% оқушының 10% -ы ажырата бастады

Зерттеудің нәтижесінде оқушылардың 23%-ы н мен н дыбыстарын ажырата бастады.

Қазіргі уақытта сыныптың 53% -ы н мен н дыбысын ажырата алады.

Мемлекеттік ұлттық тіліміздің баршаға ортақтығы белгілі бір заңдылықтардың, нормалардың болуын талап етеді. Ол нормалардың тіл білімінің барлық салаларында болатыны анық. Тілдің дыбыстық және мағыналық табиғаты мен таңбалануы, сандық ерекшеліктерінің үйлесімді болып келуі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сыздыкова Рәбиға «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы).

ӘОЖ 373.66

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ**

Куниязова М.

Ғылыми жетекші: Игибаева А.К., п.ғ.д., профессор  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ. Қазақстан, e-mail: madina150988@mail.ru

Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер қазіргі жоғары сынып оқушысына, ең алдымен, саналы түрде жүзеге асырылуы тиіс болашақ мамандықты таңдауға ерекше талаптар қояды. Өзгерген жағдайда кәсіптік бағдарлау жұмысының проблемасына бұрынғы көзқарастар жұмыс істемейді, өйткені тұтастай алғанда қоғамдағы құндылық бағдарлары, сондай-ақ оқушылардың белгілі бір мамандықтарды игеруге деген ынтасы мен жеке көзқарасы өзгеруде. Айта кету керек, бүгінде көптеген мамандықтар жойылу қаупінде тұр, оларды ауыстыру үшін мүлдем жаңалары келеді.

Жеке тұлғаның жасөспірімінде оның өмірінің мәнін анықтау, қоғамда өз орнын табу, оның өмірлік ұстанымын дамыту қажет. Қазақстандық және шетелдік ғылым мен практикада жинақталған тәжірибені қарастыру зерттеу проблемасы туралы өзекті және шешуді талап ететін деп айтуға мүмкіндік береді. Айта кету керек, бұл проблема қазіргі заманғы педагогикалық және психологиялық ғылымдарда жеткілікті түрде зерттелмеген, зерттеудің жүйесіз сипатын айтуға болады, сонымен қатар оның жеке аспектілеріне назар аударылатыны байқалады.

Бұл мақаланың мақсаты- қазіргі қазақстандық мектебінің жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесіндегі жаңа бағыттарды қарастыру.

Ғылымда кәсіби өзін-өзі анықтауды зерттеудің бірнеше бағыттары бар: социологиялық, педагогикалық, психологиялық, экономикалық. Мұндай тәсілдердің әртүрлілігі кәсіби өзін-өзі анықтау құбылысының күрделілігін көрсетеді. Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерін талдау осы тұжырымдаманың әртүрлі түсіндірмелерін анықтайды, олардың ішінде екі негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады: кейбір зерттеушілер оны белгілі бір факторларға байланысты болашақ мамандықты бір таңдау ретінде қарастырады (А. М. Кухарчук, В. Ф. Сафин, Д.Холланд және басқалар) және тағы бір бағыт - бұл құбылысты ұзақ процесс ретінде анықтау (Г.В. Акопов, Д. Сьюпер, Э. Гинцберг, Э.Ф. Зеер, Е. А. Климов, Т. В. Кудрявцев және т. б.).

Жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау мәселелерін зерттеу кезінде бір-бірімен байланысты бірнеше аспектілерді бөліп көрсетуге болады: бұл кәсіби өзін-өзі анықтау, жеке өзін-өзі анықтау және әлеуметтік өзін-өзі анықтау. Өзін-өзі анықтаудың әр жағы психологиялық ерекшеліктерге ие. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда кәсіби өзін-өзі анықтау саласында бірқатар педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қайшылықтар туындайтыны мәлім.

Ресей ғалымы И. В. Арендачук қазіргі оқушылардың психологиялық ерекшеліктері контекстінде мамандықты кәсіби таңдау мәселесін қарастыра отырып, тұлғаның кәсіби таңдауға психологиялық дайындығы ұғымын ашады, жоғары сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі бағыттарын ұсынады [1]. Д.М. Джумалиева өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі тануға әкелетін жеке тұлғаны белсендірудің психологиялық тәсілдерін пайдалану процесінде жоғары сынып оқушысында кәсіби өзін-өзі анықтаудың қалыптасу мәселелерін ашады [2].

Мамандықты таңдау өмірлік маңызды процесс болып табылады және адамның кәсіби қызметте ғана емес, жеке өмірінде де одан әрі табысты немесе табысты болуын анықтайды. Жоғары сыныптарда ҰБТ тапсыруға білікті даярлайтын қажетті оқыту бейініне көшу үшін оқушылар сегізінші немесе тоғызыншы сыныптарда кәсіби бағдарын айқындауы тиіс.

Қазіргі заманғы орта мектеп оқушысының кәсіби бағдарды таңдауы немен байланысты және оны қалай дұрыс жасау керек? Жоғары сынып оқушысы өзінің болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға қаншалықты дайын? Жоғары сынып оқушысы өзінің болашақ мамандығын қаншалықты дұрыс шеше алатындығын түсіну үшін біз осы жас кезеңінің негізгі әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне жүгінеміз. Ерте жасөспірімде өзін-өзі жетілдіру белсенді түрде көрінеді, оқуға деген қызығушылық пайда бола бастайды, ересектермен жанжалсыз қарым-қатынас орнатылады, құрдастарымен, оның ішінде қарама-қарсы жыныспен де қарым-қатынас орнатылады. Дегенмен, әр түрлі коммуникативті өзара әрекеттесудегі жоғары сынып оқушылары жағдайларды, құрдастарын, ересектерді бағалауда кейбір жана көзқарастарға

жол бере алады деп айтуға болады. Көпшілік ерттеушілер жоғары сынып оқушысының мамандық таңдауы мен одан әрі өмір жолын ең маңызды жас ерекшелігі деп санайды, нәтижесінде психикалық процестер мен жағдайлардың қызметі өзгереді, жоғары сынып оқушысының жеке қасиеттері өзгереді. Бұл оқушының өзін-өзі бағалауына, кәсіби таңдау жасауға көмектеседі, ол белгілі бір мамандықтың жаңа білімін, дағдылары мен дағдыларын алу стратегиясында бейімделу механизмі ретінде қызмет етеді.

Белсенді дамып келе жатқан еңбексүйгіштік және мақсаттылық негізінде жоғары сынып оқушылары өзіне деген сенімділікті, табандылықты, дербестікті және ұйымшылдықты дамытады, бұл олардың үлгеріміне және қоғамдық жұмысқа белсенді қатысуына оң әсер етеді. Оқу іс-әрекетінде жоғары сынып оқушысы өз бетінше және шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті мен ықыласын көрсете бастайды. Оқу уақытын нақты ұйымдастыруды қажет ететін жоғары сыныптардағы сабақтардың күрделілігі мен әртүрлілігі оқушының өзіндік іс-әрекетінің рөлін арттырады. Сондықтан, мектеп оқушыларының осы жасы үшін маңызды болып табылады, бұл таңдалған кәсіби бағытты жүзеге асыру үшін қажетті білімді кеңінен алуға ықпал ететін ұйымдастырылған оқу процесі.

Бірқатар зерттеулердің нәтижелері қазіргі кезеңдегі жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру проблемалары қазіргі кездегі қарама-қайшылықтардың еруімен күрделене түсетінін көрсетеді:

- жалпы білім беру мекемелері түлектерінің дайын болмауы кәсіби жолды саналы, өз бетінше таңдауды және жұмыс берушілердің жеке және кәсіби дамуға, әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асыруға қабілетті маманның кәсіби бағдарланған тұлғасына деген қажеттілігін жасады;

- жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдаудағы қажеттілігі және өзінің қабілеттері мен кәсіби саланы одан әрі бейімдеу мүмкіндіктері туралы қажетті білімінің болмауы;

- жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастырудың қолданыстағы әдістерімен және жалпы білім беру мекемелерінде білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тиімді бағдарламаларының болмауымен.

Жоғарыда аталған қарама-қайшылықтарды шешу жолында Қазақстанда «Кәсіптер атласы: болашақтың мамандықтары қандай?» атты құжат жарық көрді [3]. Атлас экономиканың 9 негізгі саласын қамтиды. Сонымен қоса жаңа, трансформацияланатын, сондай-ақ жойылып бара жатқан кәсіптер мен құзыреттерді біріктірді. Бұл азаматтарға келешекте кәсіптің перспективалы болуын ескере отырып, мамандықты дұрыс таңдауға, білім беру ұйымдарына қазақстандықтарды жаңа дағдылар мен құзыреттіліктерге оқыту қажеттілігін ескере отырып, оқу жоспарларын өзектендіруге көмектесетін кәсіби бағдар берудің заманауи құралы.

Атластың негізгі мақсаты - қазіргі мамандықтарды талдау, өзгеріп және жойылып бара жатқан мамандықтарды ескере отырып, өзекті болатын немесе



таяудағы онжылдықта пайда болатын еңбек нарығының болашақ трендтерін, мамандықтар мен дағдыларды айқындау.

Қазақстанның еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен құзыреттердің атласы 9 негізгі сала бойынша жасалып, жаңа, өзгеріп, сондай-ақ жойылып бара жатқан кәсіптер мен құзыреттерді біріктірді.

Атласты әзірлеу әдістемесі халықаралық тәжірибеге және экономика салаларын дамытудың әлемдік трендтеріне негізделген. Ол салалық сарапшылар ретінде өндіріс, мемлекеттік органдар, салалық қауымдастықтар және т. б. өкілдерінің қатысуымен рапид форсайт (rapid foresight) технологиясы бойынша пәндік терең зерделеумен болжамды сессиялар өткізуді қамтыды.

Жүргізілген форсайт-зерттеу бойынша атласты дайындау процесі біраз адамды қамтыды: 2 мыңнан астам салалық сарапшы, индустрия және инфрақұрылымдық даму, энергетика, ауыл шаруашылығы, мәдениет және спорт, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, білім және ғылым министрліктерінің негізгі профильді басшылары, ірі салалық қауымдастықтар, отандық өнеркәсіптік және индустриялық компаниялардың ТОП-менеджерлері мен тәжірибелі қызметкерлері, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің өкілдері сұрақтарға жауап берді. Аукымды зерттеулердің қорытындысы бойынша 239 жаңа, 95 трансформацияланатын және 129 жоғалып бара жатқан мамандық анықталды.

Атласта айқындалған жаңа мамандықтар болашақта жаңа технологиялардың енгізілуіне сәйкес қандай құзыреттер мен қызметкерлер сұранысқа ие болатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Трансформацияланатын кәсіптер тізбесіне қазіргі уақытта сұранысқа ие мамандықтар енді, бірақ олардың өзектілігін сақтау үшін мамандар жаңа дағдыларды игеріп, біліктілік деңгейін арттыруы қажет. Осылайша, Атлас өз құзыреттерін қай бағытта дамыту керектігі туралы нұсқаулық болып табылады.

Жойылып бара жатқан мамандықтар қазірдің өзінде мемлекетке технологиялық даму барысында өзектілігін жоғалтып бара жатқан кейбір кәсіптерге сұраныстың болмауы туралы бағдар береді.

Әзірленген Атлас – бұл Қазақстанның әрбір азаматына келешекте кәсіптің перспективалы болуын ескере отырып, мамандықты дұрыс тандауға, білім беру ұйымдарына қазақстандықтарды жаңа дағдылар мен құзыреттіліктерге оқыту қажеттілігін ескере отырып, оқу жоспарларын өзектендіруге көмектесетін кәсіби бағдар берудің заманауи құралы.

Атлас нәтижелерін ыңғайлы пайдалану үшін «Электрондық еңбек биржасы» порталының интерактивті ішкі модулінде электрондық сілтеме, сондай-ақ IOS және ANDROID платформаларына арналған Атластың мобильді қосымшасы әзірленді.

Сонымен, жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауында жаңа бағыттар орын алып келеді. 2022/2023 оқу жылынан бастап әр мектепте кәсіптік бағдар беретін жаңа лауазым енгізіліп жатыр. ЖОО-дың білім бағдарламаларында да осы бағытқа байланысты қосымша білім беру мамандықтар дайындау мәселелері қарастыруда. Сонымен қатар, оқушылардың кәсіби өзін-

өзі анықтау сұрақтары әлі де теориялық, практикалық тұрғыдан жан жақты зерттеулерді жүргізуді талап етеді.

#### **Пайдаланған әдебиет:**

- 1.Арендачук И.В. Проблема выбора профессии современными старшекласниками // Профессиональная ориентация. -2017. - №1. - С.15-23.  
URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=29426703>
2. Джумалиева Д.М. Профессиональное самоопределение старшекласника // Наука, образование и культура. - 2016. - №5(8). - С. 67-69.  
URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=26145158>
- 3.<https://strategy2050.kz/news/k-sipter-atlasy-bolasha-ty-mamandy-tary-anday/>

ӘОЖ: 316.65

### **КІШІ ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСТЕРІН САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ**

Курманова Т.А., Бақытқанова А.Б.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Кешенді нәтижеге қол жеткізуде болашақ ұрпақтың күрделі және сан қырлы танымдық іс-әрекетінің жиынтығын құрайтын маңызды кәсіби дағдыларының бірі – сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыта оқыту мақсатына айналуға.

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл үдеріс оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сонымен қатар өзара тығыз байланысты әрі күрделі қабілеттілік ретінде маңызды болып табылады Қазіргі ғылыми мәселелерді шешу ахуалы. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту туралы психолог ғалымдардың Н.А.Менчинская, Е.Н.Кабанова-Меллер, Л.С.Выготский, З.Калмыкова, Л.Н.Леонтьев, А.А.Люблинская, А.В.Петровский, Л.В. Занков, В.В. Давыдовтың және т.б. еңбектерінде көптеген пікірлер айтылған.

Ойлауды дамытудың қажеттілігі туралы әдіскерлер А.Я.Зорина, Ж.Икрамов, И.Я. Лернер, А.В. Усова, оқушының сыни ойлауын дамыту туралы Б.Г. Ананьев, Ж. Пиаже, Л.С. Рубинштейн еңбектерінде психикалық үдерістің саналы және өздігінен әрекет етуінің пайда болуы мен және дамуымен сипатталады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ойлауын дамыту туралы Н.А.Менчинскаяның еңбектерінде ойлауды дамыту оқытумен тығыз

байланысты екені айтылған .

«Білімді болу үшін үйренуші еңбектенуі керек, әрекет жасауы қажет. Білімді өз басында пайда болуы үшін адам оны есіне сақтап, түсінуі, қолдануы, талдау жасауы және бағалауы қажет. Үйренуші өзін білімді игеру үдерісінің басты тұлғасы ретінде сезініп қана үйренеді. Үйрену ісі белсенді әрекеттерден: ұмтылыс, талаптану арқылы құралады.

Проблемаларды шешу үшін адам бірінші кезекте ойлай білуі керек. Қазір ойлау мен ойлай білетін адамдардың маңызы ерекше. Терең ойлай білу - адамның басты қасиеті. Ойлау арқылы ғана адам бұл өмірден өз орнын табады.

«Бас адамға есте сақтау үшін берілмей, ойлау үшін берілген!». Қазіргі ойлаудың түрлері:

1. сыни ойлау;
2. проблема шешуде қолданылатын ойлау;
3. шығармашылық ойлау.

*1-кесте. Ойлаудың түрлері*

Сыни ойлау	Проблема шешуде қолданатын ойлау	Шығармашылық ойлау
Берілген критерийлер бойынша бағалау	Аналитикалық ойлау	Интуитивтік ойлау
Рефлексия түріндегі күмәндану	Эмпирикалық ойлау	Жорамалдық ойлау
Дербес түрде пайымдау, қорытындылау	Жүйелі түрде ойлау	Күмәндану
Сыни талдауды қолдану	Эвристиканы қолданады	Әртүрлі тәжірибиелерді жинақтайды, біріктіреді
Жүйелі түрде ойлау	Алгоритмдерді қолданады	
	Конвергенттік ойлау	
	Сызықтық ойлау (проблемалар бірінен соң бірі шешіледі)	

Сын тұрғысынан ойлау — бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы тәсілі. Ақпаратты алу ғана емес, сонымен қатар алған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, ой елегінен өткізу арқылы қолдану.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл қиын тапсырманың шешімін табу үшін жасалатын дұрыс шешім. Сол шешімге сенудің бірден бір жолы.

Сын тұрғысынан ойлау - оқушының дұрыс ойлануына жасалатын ой моделі және ой әрекетінің қызметі.

Сын тұрғысынан ойлау - шығармашылық ойлауын дамытатын ең маңызды бағыт.

**Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құралы деп айтуға келмейтін зияткерліктің түрлері:**

- есте сақтау;
- қарапайым және қиын ойларды түсінуін;

- шығармашылықта: спортшының, суретшінің, музыканттың интуитивтік ойлауы;

- Д. Клустердің ойынша сын тұрғысынан ойлаудың 5 қыры бар:

- бірінші-бұл өз бетімен ойлау;

- екінші-бұл ойын қорыту;

- үшінші-бұл проблемалық және сол ойын бағалай білуі;

- төртінші-бұл ойын дәлелдеуі;

- бесінші-сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты).

**Сын тұрғысынан ойлау технологиясы анықтағандай 6 компоненттен тұрады.**

**Сыни ойлаушы:**

- өз ойын қалыптастыра біледі;

- әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады;

- тақырып бойынша мәселені шеше біледі;

- дәлелді пікірталас құра алады;

- бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды;

- Кезкелген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі.

**Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері:**

- осы технологияның мақсаты-оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де(толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі

- жағдайтардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту;

**СТО технологиясының негізі — сабақтың үш бағыттық құрылымында:**

- ой шақыру;

- ойлау;

- кері байланыс;

**Ой шақыру тапсырмалары:**

- өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жанарту, не болмаса естеріне түсіру;

- өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту;

- өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру;

**Ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмалар:**

- өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау;

- өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағдай жасау;

**Кері байланыстың тапсырмалары:**

- өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру;

- келесі тақырыпты өзбетімен анықтауға көмек беру;

**СТО дамытудың түрі мен құралдары:**

- тақырып бойынша жинақ;

- мәтіндер талдауы;

- түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру;

- ұжымдық пікірталас;
- топпен және жұппен жұмыстардың әртүрі;
- дебаттар;
- пікірталастар;
- оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау;

**СТО-жазба жұмыстары** (оқушылардың жазған «Эссе», «5 жолды өлең» жинап отыру.

**СТО технологиясындағы мұғалім ролі:** Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау;

- түрлі пікірлермен бетпе-бет келеді;
- өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды;
- оқушыларға өзбеттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді;
- қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды;

**СТО технологиясының негізгі тәсілдері** сұрақтарды дұрыс құру дағдысын дамытуға арналған тәсілдер.

*Кесте 2. «Жуан» және «жіңішке» сұрақтар кестесі*

?	?
Неліктен, үш түсінік бер.....?	Кім .....? Не...?
Неліктен, түсіндір .....?	Қашан...?
Неліктен, сіз солай ойлайсыз.....?	Мүмкін...?
Неліктен, сіз солай ойлайсыз.....?	Болар...?
Қандай айырмашылығы бар.....?	Алар ме еді....?
Не боларын, болжап көр....?	Қалай аталады....?
Әйтпесе, не .....?	Болды ма....?
	Сіз келісер ме, едіңіз....?
	Дұрыс па....?

«Дәлелденген эссе» әдісі - белгілі бір тақырып бойынша екі оқушы шығып, пікірталас өткізеді. Тақырып жайында шолу жасап, оқушы пікірін тыңдап болып, таңдауларын жасағаннан кейін мұғалім немесе оқушы өзі пікір білдіруі керек. Бірі сол берілген тақырып бойынша теріс пікір (яғни жақтамайды, немесе келіспейді) айтса, ал екіншісі тура пікірде (яғни жақтайды, немесе келісетінін білдіреді) болады. Бұл оқушылар тоқтамастан, өз ойларын білдіріп, қарсыласына жауап қайтарып отыруы керек.

**INSERT-** әдісі «Түртіп алу жүйесі» - мәтінмен жұмыс кезінде орындаған жөн. Бұл әдісті пайдалану үшін мәтіннің талдануға ыңғайлы, баланың түсінігіне лайық, жете меңгере алатындай бірнеше мәліметтері болуы керек. Оқушы мәтінді оқу кезінде бірнеше белгілер қойып отырады. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.

«!» - білемін

«-» - келіспеймін

«+» - мен үшін жаңа

«?» - таң қалдым, сұрақ туды

Оқып, белгілеп болғаннан кейін оқушы жеке отырып кестені мәліметтермен жоғарыдағы үлгі бойынша толтырады. Артынан жұппен, топпен талқылау өткізеді.

«Ішіне және сыртына» әдісі - оқылған өлеңге немесе мәтінге т.б. байланысты алуға болады.

**«Венн» диаграмма» әдісі** - Бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. Екі зат немесе мезгілдің (объектінің) айырмашылығы мен ұқсастығы жазылады. Бір біріне айқасқан екі немесе үш шеңбер(тек шеңбер ғана болу керек деген қате түсінік). Екі жағына салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады. Оқушылардың ойлары аршылып, салыстыру сияқты күрделі операция жүзеге асады

**«Кубизм»** Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады.

Сипатта (түрі, түсі, көлемі)

**Салыстыр** (ұқсастығы, айырмашылығы) Ұсын (қалай, қай жерде пайдаланылады?) Дәлелде (қарсы және қарсы емеспін) Талда (қалай жасалған, неден тұрады?)

**Ой толғау** (бұл неден жасалған?)

Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды. 1, 2 – сыныптарда үш жағын ғана пайдалануға болады. Бастауыш сыныптарда түрлі – түсті түрде пайдалануға болады. /Кубтың әр қырына түсіндіріңіз, суреттеңіз, зерттеңіз, талдаңыз, қолданыңыз, салыстырыңыз деген сияқты жұмыс атауларын да жазуға болады/.

**«Кластер» немесе «Топтастыру», «Жинақтау әдісі»** - ойды жинақтау, ми қыртысында сәулеленген ойларды топтастыру, ассоциациялау. Бұл стратегия топпен де жұппен де орындала береді. Сабақтың әр кезеңіне де қолайлы. Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру.

а) жұпта талқылау ә) топта ой бөлісу

б) Ортақ пікірлерін плакатқа маркермен жазып, тақтаға іліп қойып түсіндіру немесе қысқаша ойларын айту.

**«Дөңгелек үстел» әдісі – топпен жұмыс.** Берілген ойды жалғастыру.

**«Сахналау» әдісі – мәтінді әр түрлі бағытта сахналау /өз қалпында, күлкілі қалыпта, қорқынышты қалыпта, жылатып т.б./**

**«Авторға сұрақ қою» әдісі** - сұрақтар қою, сабаққа оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмаларды да пайдалануға болады.

**«Кардиограмма» әдісі** - мәтінді оқығанда оқушы қандай көңіл күйде болды, сол кездегі жүрегінің қағысын сызыққа салады.

**«Блум таксаномиясы» әдісі-** Блум таксаномиясы, сұрақтар стратегиясы

- Блум сұрақтарды екіге бөледі. Олар жалпақ және жіңішке сұрақтар. Сұрақтар тізімі алдын ала жасалуы тиіс. Алдымен жіңішке сұрақтар, сосын жалпақ сұрақтар кетеді. Жіңішке сұрақтар - еске түсіруге арналған сұрақтар, жауабы нақты цифрмен немесе ия, жоқ деген жауап алынатын сұрақтар. Мысалы: - желтоқсан оқиғасы қай жылы болды? - 1986 жылы.

- Сенің таныстарыңның ішінде оқиғаға қатысқан адамдар бар ма? – бар. Жалпақ сұрақтар – сұрақтың жауабына толық әрі түсіндіре отырып жауап беріледі. Жауапты мәтіннен алуға болады. Бұл сұрақ түріне жауапты фразамен немесе нақыл сөзбен, мақал – мәтелмен беруге болады. Жалпақ сұрақтарды екінші деңгейдегі сұрақтар дейді. Сұрақтың бұл түріне сөзбен ғана емес басқа формаларда жауап беруге болады.

Мысалы: сурет немесе схема, тіпті көрініс түрінде де. Жалпақ сұрақ: – қарастырылып отырған кейіпкер неге осындай қылық жасады? (шағын көрініспен жауап беру).

**«Миға шабуыл»** әдісі – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс.

**Басбармақ** Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз.

Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

Идея туралы ойлар

Сұраққа жауап алған кезде, бұл идея туралы өзгелердің ойларын сұрау жолымен ойлау логикасын ашыңыз.

Нами было проведено анкетирование, в котором приняли участие 18 учащихся. Цель анкетирования: выяснить, какие темы интересуют ребят больше всего. Проанализировав ответы, мы выяснили, что ребятам нравится играть в игры, конечно же, и в компьютерные, слушать, смотреть и читать сказки, заниматься спортом, рисованием, загадывать и разгадывать загадки, отдыхать летом на море, дети любят членов своей семьи и своих домашних питомцев. Сравнив полученные результаты анкетирования с содержанием задач, предложенных в учебнике, мы отметили совпадение некоторых тем. Авторы учебника предлагают задачи о занятиях спортом, об играх, игрушках, о животных, о совместной деятельности детей и взрослых и другие. Но, к сожалению, к «сказочным» задачам авторы обращаются только на двух уроках в течение всего учебного года, а дети, как показал опрос, сказки и мультики очень любят, задач, связанных с компьютерными играми нет совсем. Порой предлагается решить задачу, в содержании которой непонятно о чем идет речь. Например, задача о камзоле; дети не имеют представление об этом виде одежды и, соответственно, интереса к решению такой задачи не проявляют. Вот в таких ситуациях, где необходимо найти способ повышения интереса к решению текстовых задач, мы используем придуманные нами задачи, которые помогают учащимся решать задачи с интересом и увлечением. Мы с удовольствием решали «сказочные» задачи, придуманные учащимися и учителем. Задачи о малосольных огурчиках Бабы-Яги, о Бабе-Яге-замечательной хозяйке, выращивающей помидоры. О волшебной белочке; об Иванушке, который по поручению царя строил хрустальный мост. О сказочных героях, которые собирали хрусталики; о Маленьком Муке, который бегал по извилистой дорожке, со скоростью 3 км/ч, о хулиганах, разрушавших песочницы, о компьютерных играх Виктора и Вики и другие. Ребятам предлагалось выбирать: решать задачи из учебника или из созданного нами задачника, чаще всего выбор осуществлялся в пользу нашего задачника.

Придуманные нами задачи мы использовали на уроках во время проведения устного счета, в качестве разминки: Василиса Премудрая и Елена Премудрая решили посоревноваться в сообразительности. Василиса Премудрая

записала трехзначное число, прибавила к нему 1 и получила четырехзначное число. Елена Премудрая записала четырехзначное число, отняла от него 1 и получила трехзначное. Какие числа записали барышни? Или, У Красной шапочки было 56 пирожков. Когда она отдала  $\frac{1}{2}$  часть пирожков Волку, 7 пирожков оставила для мамы, а остальные пирожки бабушке. Сколько пирожков досталось бабушке?

Работу над задачами из нашего задачника мы продолжали во внеурочной деятельности, во время проведения внеклассных мероприятий: «Занимательная математика», «Умные математики», творческий конкурс на лучшую задачу, конкурс «Задачи в рисунках», «Сказочные задачи».

Необходимо заботиться о творческом подходе к решению задач – ведь жизнь требует решения самых разных задач, и, что самое главное, человеку в жизни нужно уметь анализировать данные создавшейся ситуации, что и можно отработать в школе с помощью решения текстовых задач.

Каждый ученик начальных классов должен иметь возможность научиться решать задачи, соответствующие его возрасту, даже если в задаче встречаются незнакомые слова, не достают какие-либо данные. Поэтому на начальном этапе необходимо развивать навыки решения задач со знакомыми словами, доступными математическими операциями, и как подтвердило наше исследование содержание задач должно удовлетворять интересам учащихся.

### Список литературы

1. Математика: учебник для учащихся 2 класса общеобразовательной школы/ под ред. А.Б Акпаевой, Л.А. Лебедевой, М.Ж. Мынжасаровой.- Алматы: Аматыкітап баспасы, 2019.

2. Рахманова И.В. Проблемы решения текстовых задач в начальной школе [Электронный ресурс]. URL: [https://infourok.ru/publikaciya\\_na\\_temu\\_\\_problemy\\_obucheniya\\_resheniyu\\_\\_tekstovyh\\_zadach\\_\\_v\\_nachalnoy\\_shkole.-170700.htm](https://infourok.ru/publikaciya_na_temu__problemy_obucheniya_resheniyu__tekstovyh_zadach__v_nachalnoy_shkole.-170700.htm) (дата обращения: 25.07.2022)

УДК 371.315.5

## ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНИК ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Леонова А.С.

Научный руководитель: Стеблецова И.С., к.п.н.

КГУ «Валеологическая специализированная школа-комплекс для одарённых детей» управление образования ВКО,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, E-mail: SanjaLionKot1986@gmail.com

Статья посвящена вопросу изучения и применения формативных методик, в процессе преподавания, которые будут способствовать лучшему усвоению учебного материала учащимися начального образования.

Сегодня нет такого учителя, который не задумывался бы над вопросами: «Как сделать урок интересным, ярким? Как увлечь ребят своим предметом? Как создать на уроке ситуацию успеха для каждого ученика?» Именно интерес является основным стимулом деятельности ребёнка, его развития, обучения. Какой современный учитель не мечтает о том, чтобы ребята на его уроке работали добровольно, творчески. И это не случайно. Новая организация общества, новое отношение к жизни предъявляют и новые требования к школе.

Школа в условиях обновления отличается тем, что учебные достижения имеют продуктивный характер, а учебный процесс характеризуется активной деятельностью самих учащихся по «добыванию» знаний на каждом уроке.

Актуальность изучения процесса оценивания определяется проблемами, которые возникают в процессе контроля. Изучение процесса оценивания деятельности учащихся показало, что отсутствуют четкие, научно выверенные положения, которыми могли бы руководствоваться педагоги. Чаще всего педагоги в своей деятельности по оцениванию деятельности учащихся исходят из своих интуитивных представлений. В результате этого процесс оценивания носит произвольный характер.

Особенность использования техник формативного оценивания заключается в том, что это оценивание, которое используется в повседневной практике ежедневно, ежеурочно, а это означает, что учитель и ученики могут влиять на качество образования на самых ранних этапах обучения. Кроме того, формативное оценивание применяется в форме, приемлемой как для учащихся, так и для учителя. Учителя смогут оценить значение формативного оценивания для развития учащихся после прочтения литературы и каждодневного сотрудничества со своими учениками внести его в свое преподавание.

Начала свою работу я в 1 классе. Позже, вступил закон об обновлении содержания образования. Ранее в своей работе, при замещении учителей, я сталкивалась со старой системой оценивания, но в этом году я заступала на «пост учителя» вместе с учителями «старой закалки» на общих правах в совершенно преобразованную систему оценивания и образования в целом. В моем классе обучалось 20 учеников. Из них 14 учащихся (70%) ранее были ознакомлены с методикой формативного оценивания в детском саду и 6 учеников, что составляет 30 %, которые никогда ранее о ней не слышали. Придя в школу, эти ученики и их родители ожидали от учителя «4ок» и «5ок» и были очень удивлены изменениями в системе образования и казалось, не понимали, каким образом оценивают их знания и умения. С ребятами, которые были в курсе нововведений, дело обстояло иначе. Стоит ли говорить о том, что с учениками, которые ранее оценивались по новой методике было работать намного легче! Они понимали, что я от них требую и остальные дети, смотря на своих одноклассников, легко перенимали их опыт в этом направлении. Это очень сэкономило время урока. Со временем все дети подтянулись, и сейчас, работая в паре и в группе, уже не ощущается их первоначальная позиция. Что и подтвердила итоговая диагностика. Интересен тот факт, что первоклассники «нового поколения» совершенно спокойно относятся к своим показателям по успеваемости и даже

любят суммативные работы! И с гордостью могу сказать, что учеников с низким уровнем обучения у меня в классе нет.

В ходе своей работы, я пробовала использовать разные методики формативного оценивания. На коучингах учитель 1 уровня давала интересный материал, а так же посещала мои уроки, отслеживая успешность той или иной методики. Так же, в методическом пособии по обучению грамоте почти на каждый урок дается свой метод формативного оценивания. Проработав уже почти год, в нашем классе есть полюбившиеся приемы ФО и дети с радостью их ждут, а иногда и предлагают свои.

**Светофор.**

У каждого ученика имеются карточки трех цветов светофора. Учитель просит учащихся показывать карточками сигналы, обозначающие их понимание или непонимание материала, затем он просит учащихся ответить на вопросы: К учащимся, которые подняли зеленые карточки (все поняли): – Что вы поняли? К учащимся, поднявшим желтые или красные карточки: – Что вам не件нятно? По итогам полученных ответов учитель принимает решение о повторном изучении, закреплении темы или продолжении изучения материала по программе.

*Так же можно* оценивать выполнения домашних заданий с помощью цветовых сигналов: зелёный – я умею, жёлтый – я затрудняюсь, красный – требуется помощь.

**Индивидуальные беседы с учащимися.**

Учитель проводит индивидуальные беседы с учащимися для проверки уровня их понимания.

**Волшебная линейка.**

Ученики на полях тетрадей чертят шкалу и отмечают крестиком, на каком уровне, по их мнению, выполнено задание. При проверке учитель, если согласен с оценкой ученика, обводит крестик, если нет, то чертит свой крестик, ниже или выше.

**Лесенка.**

Ученики на ступеньках лесенки отмечают, как усвоили материал урока: нижняя ступенька - не понял, вторая ступенька - требуется небольшая помощь или коррекция, верхняя ступенька – хорошо усвоил материал и работу может выполнить самостоятельно.

**Словесная оценка (устная обратная связь).**

Самый распространенный вид оценки. Учитель похвалил учащегося за хорошее выполнение упражнения и, таким образом, провел устную обратную связь, соответственно, учащийся может понять, что данный материал или информацию он успешно освоил. Учитель указал учащемуся на ошибки в выполнении упражнения. Он не поставил за работу никакой отметки, но оценил ее. В результате учащийся может судить о том, что ему необходимо сделать для достижения более высоких результатов.

**Самооценивание.**

Процесс, в ходе которого учащиеся собирают информацию о своем учении, анализируют ее и делают выводы о своем прогрессе. Обязательное

условие проведения самооценивания – наличие критериев оценивания работы, с которыми учащиеся должны быть ознакомлены в начале изучения темы и до начала выполнения работы. Так же, в рабочих тетрадях по обучению грамоте, на каждой страничке есть «шкала смайлика», с помощью которой дети оценивают себя.

Письменные комментарии (письменная обратная связь).

Обязательный элемент оценивания – предоставление обратной связи. Проверяя письменные работы учащихся, учитель делает свои комментарии в соответствии с критериями оценки и уровнем достижения результата. Комментарии должны быть ясными и нести обучающий характер. Проверяя письменную работу, можно выделять правильные (интересные) части одним цветом, а требующие доработки – другим. Комментарии к письменным работам могут включать напоминания (что следует добавить), подсказки или примеры.

Рейтинг.

Чаще всего используется для письменных работ. Закончив работу, учащийся оценивает себя по шкале от 5 до 1 и ставит дробь. Через дробь оценивает его учитель. Также этот метод можно использовать для взаимного оценивания.

Смайлики.

Смайлики двух цветов зеленый- улыбающийся и красный – грустный. Чаще всего используется после выполнения задания или в конце урока.

Супер.

Знаком большого пальца ребенок может дать понять, успешно ли он справился с заданием или даже просто показать свой эмоциональный настрой в конце урока.

«Незаконченное предложение».

Учащиеся должны закончить предложение, например,

На уроке мне было важно и интересно...

Сегодня на уроке я понял...

Хотелось бы узнать...

Прием «Заплетем косичку»

Каждому ребенку предлагается выбрать одну из трех лент, характеризующих их настроение:

Красная - весело, интересно, занимательно;

Зеленая – трудно, волнительно;

Синяя – безразличие, скука, усталость.

Формативное оценивание – это бесконечный поток обратной связи учителя с учащимися и внесение корректив в деятельность учителя и учащихся с целью улучшения процесса обучения. Обратная связь дает представление учителю о том, как идет процесс обучения, информирует его о достижениях и проблемах учащихся. Обратная связь осуществляется на уроках в следующих направлениях: учитель – ученики, ученик – ученики, учитель – ученик, ученик – ученик. Она может осуществляться как в устной, так и в письменной форме.

Обратная связь это процесс сообщения и получения комментариев о конкретных действиях, ситуациях, спорных вопросах, которые ведут к достижению цели.

#### **Литература:**

1. Кусаинов Г. М., Сагинов К. М. «Формативное и суммативное оценивание результатов обучения»: Методическое пособие — Астана: Центр педагогического мастерства, 2014.
2. Выготский Л. С. «Педагогическая психология» М.: Педагогика, 1991 г.
3. Р. Х. Шакуров, А. А. Буркитова, О. И. Дудкина «Оценивание учебных достижений учащихся» Методическое руководство, Б. «Билим», 2012г.

ӘОЖ 911:37.091.3

### **МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖҮЙЕЛІК- БЕЛСЕНДІЛІК ТӘСІЛ**

Майлышев Т.М., Теміртай Қ.С.

Ғылыми жетекші: Бейсембаева Р.С., г.ғ.к., профессор  
«С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ,  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: tauasarmailyshev@mail.ru

Мектеп географиясы маңызды білім беру және тәрбиелік мәнге ие. Білім беру мәні география пән ретінде оқушыға географиялық білімді береді. Бұл білім әрбір мәдени, білімді адамға қажетті және бұл білімді басқа пәндер бере алмайды. Бұл білім жер туралы, оның ішкі құрылымы, жер бедері, климат, су, топырақ, өсімдіктер, жануарлар, табиғат ресурстарының орналасуы, әлемдік шаруашылық, елдердің табиғаты мен экономикасы, мұхиттар мен жекелеген мұхиттар, өз еліміз туралы білімді қалыптастырады.

Осы білімнің арқасында көптеген табиғи және әлеуметтік құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге, қоршаған әлемді, кең көкжиекті тануға ықпал етеді.

География тек қана географиялық білімді ғана емес, сонымен қатар мектепте оқытылмайтын ғылымның басқа салалары бойынша да білімді береді. Мектеп географиясы оқушылардың экономикалық дайындығын қамтамасыз етеді, оқушылар экономика туралы, оның салалары, ұйымдастыру формалары, табиғи ресурстар және әлемдік экономика туралы тұтас түсінік алады. Бұл политехникалық білімде маңызды рөл атқарады. Табиғат ресурстары және мектеп курсындағы географиялық жағдайлар тұрғысынан қарастырсақ оларды шаруашылықта пайдалану мүмкіндігі бар. Мектеп географиясы экологиялық білім беруде үлкен маңызға ие. Географияның барлық курстары арқылы табиғатты ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау идеясы артады. Көптеген тақырыптарда экологиялық мәселелер жаһандық, өңірлік және жергілікті



деңгейде де қарастырылады. Мектеп географиясы мазмұнында геология, демография және әлеуметтану туралы білім бар. Тек география оқу пәні ретінде картографиялық дайындықты қамтамасыз етеді. Картаны түсініп, оқып, білу - бұл міндеттер тек география сабақтарында шешіледі. Картаны пайдалану мүмкіндігі оқу және жазу сияқты дағдыларға тең. Карта- бұл көрнекі құрал және білім көзі. Географиялық пәндер циклі оқушыларда географиялық дүниетаным мен географиялық мәдениетті қалыптастырады.

География ғылымдар арасында ерекше орын алады, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар арасындағы өзіндік "көпір" рөлін атқарады. Тұлғаның қалыптасуындағы географиялық білімнің құндылығы географиялық білімнің жалпы мақсатын тұжырымдауға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың географиялық білім мен дағдылардың толық жүйесін игеруі, сонымен қатар оларды әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану мүмкіндігі [1].

Бүгінгі таңда география мұғалімінің алдына күрделі міндет қойылған – тәжірибеде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру, яғни практикалық есептер мен өмірлік маңызды жағдайларды шешу үшін оқушылардың алған білімдерін, іскерліктері мен іс-әрекет тәсілдерін нақты өмірде пайдалануға дайындығын қалыптастыру. Оның шешімі географиялық білім беру стандартында, "географиялық білім мен дағдыларды практикалық қызметте және күнделікті өмірде қолдану" айдарында тұжырымдалған талаптармен бақыланады [1]. Осы талаптарды іске асыру практикалық тапсырмалар көлемін ұлғайтуды көздейді.

Практикалық бағыттылықты дидактикалық принцип ретінде күшейту мұғалімді географияны оқытуда белсенділік тәсілін қолдануға бағыттайды. Егер оқу іс-әрекетінің барлық түрлері мен мектеп оқушыларын оқыту формасында, практикалық жұмыстарға үлкен салмақ берілсе, мұны жүзеге асыруға болады [2]. Қазіргі уақытта білім беру процесінде жаңа білімді өз бетінше алу, қажетті ақпаратты жинау, гипотеза жасау, қорытынды жасау және қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастыратын әдістер мен әдістерді қолдану барған сайын өзекті болып отыр. Қазіргі мектептің мақсаты-біліммен байыту емес, іс-әрекет тәсілдерін игеру. Географиялық білім беру сапасын арттыруда география мұғалімінің теориялық білімдерін практикалық қолдану бойынша оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыра білуі және қойылған оқу міндеттерін шешу үшін қажетті әр түрлі жаңа білім көздерінен өз бетінше алуы үлкен маңызға ие.

Өткізілген сабақтың табыстылығын бағалаудағы негізгі критерий География сабағында оқу іс-әрекетін ұйымдастыру сапасы болып табылады. Осыған байланысты жүйелі-белсенділік тәсіл- қазіргі сабақтың әдіснамалық негізі. Оқушылардың географиялық білімінің сапасы тұтастай алғанда мұғалімнің жұмысын бағалау критерийі ретінде әрекет етеді. Қажетті географиялық дағдылар оқушыларда тәуелсіз іс-әрекеттің әртүрлі формаларын қолдану кезінде қалыптасады.

Жүйелік-әрекеттік тәсіл- бұл білім алушылар дайын түрде білім алмайтын, бірақ оларды тәуелсіз оқу-танымдық іс-әрекет процесінде өздері оқи алатын

оқыту әдісі. Іс-әрекет әдісі технологиясы мен дәстүрлі (демонстрациялық-визуалды) оқыту әдісінің түбегейлі айырмашылығы ұсынылған құрылым мұғалімнің емес, оқушылардың іс-әрекетін сипаттайды. География мұғалімінің негізгі міндеті- оқушылардың жаңа білімді игеру мақсатында оқу материалын шығармашылық қайта құруды жүзеге асыру қажеттілігін қалыптастыратын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру. Өзіндік жұмысты орындау кезінде оқушылар мәселені шешеді, мысалы-дәлелдеу... немесе негіздеңіз... және т. б.

Географияны оқытудағы жүйелік-әрекеттік тәсілдің келесідей артықшылықтары бар:

1. оқыту сипаты ұғымдарды есте сақтаудан өзгереді оларды тануға;
2. материалды зерттеуге кететін уақыт азаяды;
3. тұлғаның мотивациялық-құндылық саласы дамуда;
4. саналы танымдық мотивация қалыптасады;
5. сабақтың даму мақсаттары жүзеге асырылуда [2].

Осылайша, География сабағында жүйелі-әрекеттік тәсілді қолдану оқушылардың өз бетінше ойлау, талдау, материалды іріктеу, жаңа жағдайда бағдарлану, практикалық міндеттерді шешу үшін, оның ішінде атластың тақырыптық карталарымен жұмыс істеу процесінде іс-әрекет тәсілдерін табу біліктерін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Географияны оқыту үдерісінде жүйелі-әрекеттік тәсілді іске асыру географиялық білімнің жоғары сапасына қол жеткізуге және оқушыларды өздерінің географиялық білімдерін шынайы өмірде және практикалық қызметте пайдалануға дайындауға мүмкіндік береді.

Теориялық білім оларды практикада қолдана алмай, оқушылардың жадын өздеріне қажет емес ақпаратпен ауырлататын қажет емес жүктеме болып қала береді. Сондықтан балаға мүмкіндігінше көп білім беру емес, оның жалпы мәдени, жеке және танымдық дамуын қамтамасыз ету, оқу қабілеті сияқты маңызды дағдылармен қамтамасыз ету өте маңызды. Шын мәнінде, бұл жалпы орта білім берудің дамушы әлеуетін іске асыруға арналған жаңа білім беру стандарттарының басты міндеті. ХХІ ғасырдың білім беру міндеттерін сындарлы орындауға жүйелі-әрекеттік тәсіл көмектеседі.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Финаров Д.П. Методика обучения географии в школе: пособие для вузов. М.: Астрель, 2007. 153 с.
2. Сущность системно-деятельностного подхода в обучении <https://infourok.ru/suschnost-sistemnodeyatelnostnogo-podhoda-v-obuchanii-3114305.html>
3. Жағанова А. Демографиялық даму еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің басты кепілі / А. Жағанова // Қазақ елі. – 2003. -№20. – Б. 329.

## КЕЙБІР ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН САРАПТАУ

Маликова Ө.М.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: osermalikova112@gmail.com

Дәрілік өсімдіктер - (лат. *Plantae medicinalis*), шипалы өсімдіктер, кептірілген немесе жаңадан жиналған өсімдіктердің бөліктері мен мүшелерін (қабық, гүл, жапырақ, тұқым, тамыр) жинап, өндеп, медицинада және мал дәрігерлігінде қолданылатын өсімдіктер. Медицина саласының жетістіктері көбінесе дәрілік өсімдіктерге байланысты. Дәрілік өсімдіктердің емдік әсері, олардың құрамында адам ағзасында белгілі бір емдік әсер туғызатын, белгілі бір ағзаларға әсер ететін биологиялық (фармакалогиялық) белсенді заттардың болуына байланысты. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті, олардың құрамында алкалоид, гликозидтердің, витаминдердің, эфир майларының және де түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты.

Қазақстанда шамамен алты мыңнан астам өсімдік түрлері өседі, солардың бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктер тобына жатады. Ең алдымен, осы шикізат түрінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктерді, басқа өсімдіктерден ажыратып, бөлек іріктеп алады. Келесіде осы шикізаттарды үш бағыт бойынша өндеуге жібереді:

- 1) дәріхана желісіне түсіп, онда ұнтақ және инфузия түрінде сатылады;
- 2) экспортқа шығады; өйткені шетел нарығында сұранысқа ие болған өсімдіктер көп;
- 3) химиялық және фармацевтикалық зауыттарға жіберіледі, олар өңделгеннен кейін шөптік препараттар алынады.

Емдік қасиеті бар өсімдіктерден, кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т. б. түрлерде дайындалады.

Қазіргі медицинадағы шөптік препараттардың үлесі 25 % - 40 %-ға дейін. Дегенмен, жүрек, қан тамырлары ауруларын емдеуде мұндай препараттардың пайызы тұрақты түрде жоғары болып қалады және 70 - 80%-ға дейін жетеді. Медицина саласы, қоғамның әлеуметтік өмірінің ең маңызды саласы болғандықтан, еліміздің, өлкеміздің дәрілік өсімдіктерін танып, зерттеп, болашақ ұрпаққа үйрету маңызды.

«Кейбір дәрілік өсімдіктердің биологиялық құндылығын сараптау» бойынша зерттеу жұмыстарымды, «Қоғалы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде практикалық жұмыс барысында, Жетісу облысы, Кербұлақ және Панфилов ауданында орналасқан «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының дәрілік өсімдіктерін зерттедім.

Бұл, өлкеде өсімдіктер шамамен 1500 түрі кездеседі, олардың арасында қылқан жапырақтарынан бастап, жазық дала өсімдіктеріне дейін бар. Қызыл

кітапқа енген 22 түрі (мысалы, қопал таспашөбі, Іле бөріқарақаты т.б) бар. Емдік өсімдіктер қатарынан шенгел, Алберт қызғалдағы, ащы мия, женшень, марал шөп тамыры, тобылғы, шетен, орман бүлдіргені, долана, сүйел шөп, жалбыз, шай шөп, жөке ағашы, алтын тамыр, мачек, циномориум, желкек, цистанхе, эримурус, бузе қызғалдағы, адыраспан көп сұраныста болатыны айқындалды. Осы емдік өсімдіктердің кейбір түрлері келесі 1 - суретте көрсетілген.



Сурет 1 - «Алтынемел мемлекеттік ұлттық» саябағының емдік өсімдіктерінің кейбір түрі (шенгел, Алберт қызғалдағы, желкек, циномориум, цистанхе, эримурус, бузе қызғалдағы, адыраспан, гониолимон, жыңғыл).

Бұл, емдік өсімдіктер арасынан гербарий жұмысын жасауға цистанхе мен адыраспан емдік өсімдіктерін кездестіріп жинап алдым. Ол келесі 2 - суретте көрсетілген.



Сурет 2 - Адыраспан мен Цистанхе емдік өсімдігі

Адыраспан (*Peganum harmala* L) мен Цистанхе (*Cistanche tubulosa*) емдік өсімдігіне ботаникалық сипаттама:

Адыраспан (*Peganum harmala* L) - емдік өсімдігі, түйетабандар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Сабағы мен гүлінде у болады, ол сасық иісті, дәрілік шөп болып саналады. Биіктігі 30 - 80 см болып, тау беткейлерінде, жол бойында, жазық далаларда өседі. Қазақстанда оның бір түрі өседі, ол ақ адыраспан өседі, шөл және шөлейтті, сортаңды жерлерде, әсіресе Шу, Іле, Сырдария, Сарысу өзендерінің бойында таралғанымен жайылымдарда

өседі. Оның сабағы бұтақты, салалы тамыры 10 м тереңдікке жетеді, гүлі ақ және сары түсті, ірі гүлі сабаққа гүл табаны арқылы бекітілген, мамыр-шілде айларында гүлдейді, шілде-тамыз айларында піседі. Жемісі қоңыр түсті, құрғақ, диаметрі 6 – 10 мм шар тәріздес, үш жеміс қалтасынан тұрады. Адыраспанның бұтағы, жапырағы мен гүлі емдік мақсатта пайдаланылады. Атақты ғалым, дәрігер Әбу Әли Ибн Сина, оны сегізкөз қабынған кезде, шаншуды басатын дәрі ретінде қолданыпты. Халық емшілері адыраспанды, ревматизм, қышыма, және тағы басқа тері ауруларын емдеуге пайдаланады. Оның шөбінен қайнатып жасалған тұнба, суық тигенде, безгек аурулары кезінде, нерв жүйесінің әлсіреуіне және ұстама ауруларына ем болып саналады. Адамдар оның шөбін жағып, түтінімен бас ауруын емдеп, әрі жұқпалы сырқаты бар адам жатқан бөлмені залалсыздандырады. Адамдар ежелден, адыраспанның ұрығын, зығыр тұқымымен қосып, демікпені емдеген. Сондай-ақ, қара немесе қызыл бұрышқа араластырып, тері ауруларына жаққан. Адыраспанды, мыңжылдық жапырақ гүлдерімен, көк шай гүлімен қосып қайнатады да, онымен асқазан сөлінің азаюын яғни, гипостгастритті емдейді. Адыраспан шөбінің қайнатындысы мен тұнбасы ауруды басып, адамды тыныштандырады. Сырқатты асқындырмай, тер шығаруға көмектеседі. Тұнбасы, суық тигенде пайдаланылады, ал қайнатындысы, ауыз қуысы мен тамаққа суық тигенде ауызды шаюға немесе басқа да шөптермен қосып, аяқты жууға қолдануға болады.

Адыраспан шөбі туралы, ғалымдар зерттеу барысында, оның құрамында гармолин бар екені анықталды, ол антидепрессант. Дәрігерлер, адыраспанды, жүрек қағысын тұрақтандырып, оның құрамындағы гармолиннің гидрохлориды туберкулез қоздырғыштарына қарсы тиімді күреседі, дейді. Бұның құрамындағы, пеганин, демікпені емдеуде оң әсерін берген. Пеганин, микроптарға қарсы күресуге мүмкіндік береді.

Адыраспанды ем ретінде қолданатын ауру түрлері; ревматизм ауруы, ұмытшақ ауруы, тіс ауруы, бастың созылмалы ауруы, тарамыс ауруы, буынның қабынуы, бел мен сал ауруы, асқазан ауруы.

Ал, адам, адыраспанды көп мөлшерде қолданса, адамды транс жағдайына түсіру мүмкін. Және, көзі нашар көретін адамдарды, адыраспанды, бал мен шарапқа араластырып емдейді. Адыраспаннан дәрі жасауға ғана емес, сонымен қатар, қызыл бояу алуға қолданады.

Циcтанхе (*Cistanche tubulosa*) - сұңғыла тұқымдасына жататын көп жылдық емдік өсімдік. Қазақстанның шөл, шөлейт жерлерінде өседі. Оның сары циcтанхе, сортаң циcтанхе, жалған циcтанхе деген үш түрі таралған. Циcтанхенің биіктігі 10 – 60 см болады. Циcтанхенің сыртқы түрі, гүлді өсімдіктен гөрі саңырауқұлаққа ұқсайды. Тамыры қысқа талшықтарға айналған және сол талшықтарымен басқа өсімдіктің тамырына жабысып өседі. Сабағы жуан, етжеңді, ұзынша келген қандауыр тәрізді қабыршақтармен жабылған. Гүлдері қос жынысты, күлте жапырақшаларының пішіні түтікті - қоңырау тәрізді, түсі екі түрлі. Түтікшесі - ақ, ал қоңырауының түсі көк не қошқыл түсті. Сәуір және мамыр айларында гүлдеп, маусымда жеміс салады. Жемісі - көп тұқымды қорапша, екі жақтаумен ашылады. Тұқымы жаңбыр суымен таралып, топыраққа

енеді. Өсімдіктің құрамында активті заттар көп. Сондықтан, цистанхені ежелден халық медицинасында қан, асқазан-ішек және жұқпалы ауруларды емдеуде пайдаланылады. Жиналған тамырларын құмнан тазартылады, ортасынан кесіп, ашық ауады көлеңкеде немесе шатырдың астында кептіріледі. Өсімдіктің кептірілген сабақтары қағаз пакеттерге оратылып, құрғақ бөлмеде 2 жылдай сақталады.

Цистанхенің (*Cistanche tubulosa*) дәрілік тамыры - емдік қасиеті, біздің ағзамыздағы қалқанша без (щитовидная железа) соның жұмысын арттырады. Ал, қалқанша без, өз орайында, біздің ағзаның қарсыласу қабілетін, қорғаныс қабілетін арттырады. Қазіргі біздің уақытымызда, әлі де елімізге қауіп төндіріп тұрған, коронавирус (COVID - 19) ауруының бар болуы кезінде, цистанхенің тамырының емдік қасиеті мол. Біріншіден иммундық жүйенің жұмысын өте жақсартады, екіншіден бұл ауру салдарынан, қанымыз қоюланып қалып, қанның ұйуына соқтырып, соның салдарынан көп жағдайда, ауыр жағдайда әкеліп соқтырады. Ал, цистанхе тамырының қасиеті, қанымызды сұйылтып, қан тамыр жүйесін, жүрек соғысы жұмысын реттеп, ішкі органдардың жұмысын қалыпқа келтіреді. Бауырда, бүйректе тас байлану, ағзада жиналған токсиндерді, вирустарды, неше түрлі паразиттерді шығуына себеп болады. Адамдардың күш қуатын арттырып, ойлау қабілетін жақсартады. Қазіргі кездегі, өте жиі таралған аллергияға да емі мол, өйткені ол бауырды тазалап шығады.

Адыраспан (*Peganum harmala L*) мен Цистанхе (*Cistanche tubulosa*) емдік өсімдігінің биохимиялық құрылысына сипаттама:

Адыраспан (*Peganum harmala L*) – емдік шөбінде алкалоидтардың шамамен 2 % - ында пеганин және белгілі бір мөлшерде гармин басым болады. Сонымен қатар вазиционин, дезоксипеганин, дезоксивацианин бар. Ал, ерте көктемде жиналған шөптер болатын болса, оларда пеганин алкалоидтардың іздері табылады. Адыраспан тұқымдарында хармин және гарманин алкалоидтары бар.

Ғалымдардың зертеуі бойынша <https://pharmkaz.kz/wp-content/> адыраспанның әр бөлігіндегі алкалоидтардың мөлшері келесі 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Адыраспанның әр бөлігіндегі алкалоидтардың мөлшері

№	Адыраспан бөлігі	Мөлшері %
1	Тамыры	1,70 – 3,30
2	Сабағы	0,23 - 3,57
3	Жапырағы	1,07 – 4,96
4	Гүлдері	2,82
5	Жеміс тостағаны	1,08
6	Тұқымдары	2,38 – 4,59

Өсімдіктің жас тамырларында, ескі тамырларға қарағанда алкалоидтар екі есе көп. Жер бетіндегі бөлікте өсімдік дамыған сайын алкалоидтардың саны да азаяды. Адыраспан тұқымында көп (14-16 %) май бар.

Цистанхе (*Cistanche tubulosa*) - емдік өсімдіктің эфир майында алкандар, спирттер, альдегидтер және гетероциклдер, пальмитин қышқылы, линол қышқылы, 14 - метилпентадеканат, этил пальмитат және 2,5,6 - триметилотан табылған. Цистанхе құрамында көмірсулар, органикалық қышқылдар (кәріптас), иридоидтар (цисгахлорин, цистанин), стеролдар (р-ситостеролдың Р-Д-глюкозиді, р-ситостерол), фенолдар, олардың туындылары фенилетаноидты гликозидтер (цистанозидтер, актеозидтер, дикофеоилактеозидтер, османтузидтер, эхинакозидтер, салидрозидтер) окшауланған, ацетозидтер), лигнандар (сирингин, лириодендрин), флавоноидтардың едәуір мөлшері (0,55%), олигосахаридтер.

Зерттеулер бойынша, цистенханың биохимиялық құрамы келесі 2 – кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - Цистанхенің макро-микро элементтері мг/г

№	Элемент	Тұқым	Жер үстіңгі бөлігі	Жер астыңғы бөлігі
Биоэлементтер - макроэлементтер				
1	Na	2083,45	2191,209	8491,357
2	K	7092,323	10619,265	7113,770
3	Ca	5570,931	3420,944	2777,234
4	P	846,086	744,333	656,047
5	Mg	4815,804	4048,881	1888,142
6	S	708,366	780,085	702,851
Маңызды элементтері				
8	Fe	902,377	248,515	330,007
9	Zn	3,168	1,578	1,654
10	Cu	1,100	0,875	1,152
11	Mn	11,559	4,473	1,853
12	Mo	0,065	0,095	0,081
13	Co	0,167	0,031	0,073
14	Cr	1,117	0,851	1,182
15	Se	0,142	0,157	0,219

Адыраспан (*Peganum harmala* L) мен Цистанхе (*Cistanche tubulosa*) емдік өсімдіктері – медицинада маңызы зор өсімдіктер. Сондықтан, табиғатты бақылап, емдік өсімдіктермен шұғылданатын ниеті бар адамдар көп болса, білімдері мен танымдары өсе берсе, біздің медицинаға қосар үлесіміз де тиімді болар еді.

Қорытындылау:

«Кейбір дәрілік өсімдіктердің биологиялық құндылығын сараптау» бойынша зерттеу жұмыстарыма емдік қасиеті бар, Адыраспан (*Peganum harmala* L) мен Цистанхе (*Cistanche tubulosa*) өсімдіктері «Алтынемел мемлекеттік ұлттық» саябағынан алынып, оларға ботаникалық және биохимиялық сипаттама беріліп, оқу әдістемесіне арналған гербарий жасалынды. Гербарийдің

маңыздылығы - оқушыларға өсімдіктің жеке басын ашып түсіндіруге, растап, кез-келген уақытта зерттеу жұмысына қолдауына болатын материал.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Н. П. Павлов, Флора Казахстана. Алматы, 2013 – 150 б.
2. З. С. Паразитные цветковые растения эволюция онтогенеза и образа жизни. 2014 – 220с.
3. Қожабекова М., Қожабекова Г. Өсімдік жанға шипа, дертке дауа, Алматы, 2013 – 25 б.
4. Кузнецова М. А. Использование растение в народной медицине, 2014 – 55 б.
5. Ә. Искендіров Қазақстанның дәрілік өсімдіктері, 2017 – 188 б.
6. Тонгур В. С. Биологические активные вещества, 2015 – 65 б.
7. Гамерман А., Кадаев Г. Лекарственные растения, 2016 – 63 б.
8. Джесси Рассел. Гармала обыкновенная, 2013 – 109 б.

ӘОЖ 37.02

## **ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛИДЕРЛІККЕ ДАЯРЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Манбаева А.Д., Шарипханова А.С., Багимбаева З.Б.

Ғылыми жетекші: Шарипханова А.С., қауымдастырылған профессор,  
доцент

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: Bagimbayevaz@mail.ru

Әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, қоғамдық құрылыстың ауысуы, ерікті, табанды, тәуелсіз, белсенді, сауатты, ақпараттанған, жаңа буынның адамын талап етеді. Өзі үшін ғана емес, өздері жүрген топ үшін де жауап бере алатын, моральды-этикалық принциптердің сақталуына, өздерінің істеріне жауапты адамдарға сұраныс артты. Өз заманының сұранысына сай жаңа адамға деген қажеттілік, жауапкершілікті ала білуге қабілетті тұлғаны дамыту, оқушы жастарды лидерлікке тәрбиелеу тәсілдерін өзгертті. Осы өзгерістер салдарынан, жаңа буын лидері шынайы құндылықтарды таратушы болуы қажет, ол өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы, айналасындағы жас адамдардың әлеуетін аша білуі, өзгерістерге бейімделуі мен қажетті шешімдер қабылдай алуы тиіс.

Бұл жағдай, қоғамнан лидерлік мәселесін қайта ойланyp қарастыруды талап етеді. Жалпы лидерлік әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамның барлық саласынан орын алып отыр. «Лидерлік» түсінігі философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, саясаттануда және өзге де адамтану мен



қоғамтануға қатысты ғылымдарда зерттеліп, бірқатар ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеушілік қызығушылығын арттырып келеді.

Соның ішінде, біз де жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеуде алдымен лидерлік мәселесінің зерттелу күйіне және тұлғаның лидерлік сапаларын талдауға, аталған мәселеге қатысты амалдардың даму тарихын зерттеуге, жоғары сынып оқушыларының лидерлік құзыреттіліктерінің даму қажеттілігін анықтап, зерттеудің терминологиялық аппаратын нақтылап, лидерліктің негізгі теориясына салыстырмалы талдау беруді жөн санадық.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңнен тұрды: анықтау эксперименті, қалыптастыру эксперименті және қорытындылау эксперименті. Анықтау эксперименті «Алматы облысы білім басқармасының Кербұлақ ауданы бойынша білім бөлімі» «Қарашоқы орта мектебі» 10-11 жоғары сынып оқушыларына жүргізілді. Анықтау экспериментіне 9-10 сыныптан 30 оқушы (15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер) және олардың ата-аналары мен 12 мұғалім қатысты.

Анықтау экспериментінде топтағы лидерліктің көрінісін, лидерлікке даярлықты тәрбиелеу қажеттілігі мен лидерлік сапалардың түрлерін және сыныптағы лидерді анықтау жұмыстары жүргізілді. Осы мақсатта бірқатар шетелдік (Г.Ш.Тажутдинова, А.И.Давлетова, Н.Н.Маслянов, Н.В.Белякова және т.б.) және отандық ғалымдар (Ұ.М.Әбдіғапбарова, Б.М.Баймұханбетов және т.б.) еңбектерінде көрсетілген, негізделген әдістемелер қолданылды.

Зерттеу барысында жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын анықтайтын әдістемелер төрт деңгей тұрғысынан қарастырылады:

- 1) Сынып тобындағы лидерліктің көрінісін айқындау;
- 2) Оқушының лидерлікке қатынасын айқындау;
- 3) Лидер бойында қандай сапалар болу қажеттілігін айқындау;
- 4) Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу қажеттілігін айқындау;
- 5) Оқушының лидерлікке бейімділігін айқындау;
- 6) Өзінің лидерлік сапаларын (ұйымдастырушылық, коммуникативтік, тұлғалық, интеллектуалдық) танытуын айқындау.

Біз бірінші деңгей бойынша сынып тобында лидерліктің көрінісін анықтау мақсатында сауалнамадан және шығарма жазудан тұратын екі бөлімді әдістемені қолдандық. Бірінші бөлім сауалнамадан тұрды, онда 12 сұрақтан тұратын сауалнама пайдаланылды; екінші бөлімде сыныптастары туралы шығарма жазу тапсырылды. Бөлімдер арасындағы үзіліс 3-4 күннен бір апта аралығында болды. Сауалнамаға жауап беру орта есеппен 15-20 минутты, шығарма жазу шамамен 45 минутты құрады. Керек жағдайда берілген сынып оқушыларының келмеуіне байланысты қосымша мәлімет жинақтау орын алды. Орта есеппен әр сыныптан зерттеуге білім алушылардың 92% қатысты.

Бірінші бөлімде қолданылған сауалнама екі бөліктен тұрды, оның әр қайсысы алты сұрақтан құралған. Бірінші бөлімі өз кезегінде екі топқа бөлінді. Бірінші үш сұрақ көмегімен сынып лидерлері анықталды:

1. Егер сендердің сыныптарың бір қиын жағдайда болса, үлкен мәселе шешімінің алдында тұрса, бұл мәселе шешімін табуға қай сыныптасыңның соңына еріп, ең алдымен кімнің кеңесіне құлақ асар едің?

2. Сыныптағы достық қарым-қатынас дамуына қай сыныптасың бәрінен көп үлес қосты?

3. Сіздің ойыңызша, сіздердің сыныптарыңыздың атын мектеп жиналысында, облыс деңгейінде кім лайықты қорғап шыға алар еді?

Сауалнамада көрсетілген нұсқаулыққа сәйкес бес адамды таңдау қажет, ең мықтысы ең біріншісі, содан соң реті бойынша көрсетіледі.

Екінші топта эмоционалды қабылдауға қатысты үш сұрақ берілген:

1. Сен өз оқыған кітабыңнан, көрген көркем фильміден алған әсеріңмен қай сыныптасыңмен бөлісер едің?

2. Қиын жорыққа қай сыныптасыңмен бірге аттанар едің?

3. Сыныптастарыңның ішінде кіммен өзіңнің сырлы ойларыңмен, жоспарларыңмен, сезімдеріңмен бөлісер едің?

Бұл сұрақтарға жауап беру кезінде зерттелушілер үш ранжирленген таңдау жасаулары керек. Сұрақтар жоғары сынып оқушылардың тобындағы эмоционалды аясының рөлін және олар үшін маңызды іс-әрекет түрін анықтау үшін қолданылған.

Сауалнаманың екінші бөлімі алты сұрақтан тұрады, жалпы топтың және жеке индивидтердің құндылықтарына қатысты қойылады:

1. Адам бойындағы қандай сапаларды, мінез-құлық ерекшеліктерін ерекше бағалайсың?

2. Сенің ойыңша, бұл сапалардың қайсысы сенің бойыңда жоқ?

3. Бұл бойыңда жоқ сапалардың қайсысын, өзің үшін аса құнды, өз бойыңда болашақта дамытқың келеді?

4. Сынып ұжымының лидерінің бойында, сенің ойыңша қандай сапалар мен мінез-құлық ерекшеліктері болуы керек?

5. Сенің ойыңша, сыныптасыңның бойындағы қандай сапалар аса құнды?

6. Сенің ойыңша, жақын достарыңның арасында қандай сапалар мен мінез-құлық ерекшеліктері бағалы?

Осы берілген сұрақтарды өңдеу барысында әр сыныптан бірқатар сапалар алынды, оны біз топтық немесе жеке дара құндылықты қатарлар деп қарастырдық. Біз жоғарыда атап өткендей әр адам сапасы әрбір қарым-қатынас жағдайында жұптар үшін құндылық болып табылады.

Зерттеудің бұл деңгейінің екінші әдістемесі – эксперименттік шығарма. Балаларға өздерінің 2-3 сыныптасы туралы 3 бет шығарма жазу ұсынылды. Оларға көмек ретінде төрт бөлімнен тұратын нұсқаулық-жоспар беріледі. Зерттелушілерге қойылған талаптар:

1. Өз сыныптасының аса ұнамды мінез-құлық ерекшелігі мен сипаты және олардың қайсысын өз бойынан көргісі келетінін көрсету. Осы мінез-құлық ерекшеліктері мен сипаты айқын көрінген жағдайды сипаттау. Егер ондай жағдайлар шын мәнінде орын алмаған болса, соған ұқсас жағдайларды сипаттап көрсету.

2. Өзінің кей жағдайларда сыныптасына ұқсас әрекет істегені туралы баяндау. Егер ондай жағдайлар шын мәнінде орын алмаған болса, соған ұқсас жағдайларды сипаттап көрсету.

3. Сыныптастарының ықпалымен өзінің мінез-құлқын өзгерткен сәттерін еске түсіру. Егер мұндай өзгерістер болса, олар қандай түрде көрініс тапқан. Зерттелуші өз сыныптасының іс-әрекетін қайталайды ма, бұл қандай жағдайларда аса айқын байқалады. 4. Зерттелушіге сыныптастарының бірі белгілі бір жағдайда немесе іс-әрекетте үлгі болғанын атап өту. Зерттелуші белгілі бір іс-әрекетке бармас бұрын сыныптасым қалай әрекет етер еді деген ойға келгенін еске түсіру. Егер мұндай жағдайлар орын алған болса, оларды толықтай сипаттау талап етіледі.

Шығарма жазу барысында балалар жоғарыда аталған жоспарды ұстанды. Дегенмен, кейбір кезде өз бетінше жазуға рұқсат сұрады. Оған рұқсат берілетін себебі, жоспар тек балаларға бағыт беру үшін арналған еді. Шығарма жоспарға сәйкес жазылуы, жазылмауына байланысты, нұсқаулық белгілі бір сыныптасын немесе олармен өзара қарым-қатынасын талдауға бастама болады. Шығарманы жазудан бас тартқан балалар болды, немесе формальды түрде «ия» және «жоқ» деп жауап бергендер де кездесті. Мұндай жауаптар жалпы талдаудан алынып отырды. Шығарманы жалпы қатысушылардың 83% жазып шықты.

Тағы бір атап өтерлік жайт біз сауалнаманы экспериментке қатысқан барлық сыныпта жүргізе алмадық. Себебі, кейбір сыныптарда шығарма жазудан бас тартушылар өте көп болды. Олардың басым көпшілігі шығарма жазудан бас тартуды сыныпта шығарма жазуға лайықты бала жоқтығымен түсіндірді. Кей жағдайда мұндай бас тарту жалпы жағдайға жағымсыз әсер етумен жалғасын тапты.

Біз мұндай жағдайларды сыныпта лидердің болмауымен байланыстырып, ол өз кезегінде психологиялық даму деңгейінің төмен болуымен түсіндіріледі.

Зерттеудің бірінші деңгейінің мәліметтерін өңдеу көп деңгейлі және көп жоспарлы сипатта болды.

Барлық бірінші үш сұрақ бойынша сауалнама бойынша сынып лидерлері айқындалды. Олар сыныптастарынан эмоционалдық таңдау сұрақтары бойынша ең жоғарғы балл алған бірінші бес бала болды.

Сынып бойынша нәтижелерін жалпы талдаумен қатар, жеке дара деңгейде кейбір параметрлер қарастырылды, сонымен қатар зерттелуші сыныптардың лидерлер шығармалары жеке талдаудан өткізілді.

Екінші деңгей бойынша оқушының лидерлікке қатынасын айқындау мақсатында сұхбат әдісі қолданылды. Мәселен, бірінші сұраққа: «Сіз лидер болуға ұмтыласыз ба?» деген сұраққа 30,9% сыналуды ия деп жауап берген, 27,7% - жауап бере алмаған және 47,3% жоқ деп жауап берген. Жауап алу барысында жоғары сынып оқушыларының 1/3 өз құрдастарын қаламайтындықтарын көрсеткен. Жоғары сынып оқушыларының жауаптарынан үзінділер келтірсек, «Сіз лидерлерге қандай қарым-қатынастасыз?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар берілді:

Білім алушы, 15 жаста: «Жағымды, солар сияқты болуға ұмтылып және бірте бірте олардан жоғары болып, өзіме лидер болу керек».

Білім алушы, 16 жаста: « Мен оларға сыйластықпен қараймын, бірақ өзім лидер болуға ұмтыламын».

Білім алушы, 15 жаста: «Сыйлаймын, кейде іштей қызғаныш болады».

Білім алушы, 16 жаста: «Егер лидер тәкәппар болса, жағымсыз».

Білім алушы, 16 жаста: «Мен оларды жек көремін. Олар мені ашуландырады» және т.б.

«Сіз лидер болуға ұмтыласыз ба?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар да берілді:

Білім алушы, 17 жаста: «Ешқашан, ешбір жағдайда лидер болғым келмейді».

Білім алушы, 15 жаста: «Кейде, бірақ ол кей жағдайларда өте қиын, кей кезде ол менің қолымнан келмейді».

Білім алушы, 16 жаста: «Біреуге бағынуды жаратпаймын».

Білім алушы, 15 жаста: «Ұмтылмаймын, бірақ қолымнан келеді деп ойлаймын».


Білім алушы, 15 жаста: «Жоқ! Ешқашан! Егер болып жатса өздігінен жүреді».

Білім алушы, 16 жаста: «Белгілі деңгейде».

Білім алушы, 16 жаста: «Иә, бірақ бұл тек мақтаныш емес, сонымен бірге жауапкершілік».

Сұраққа жауап берген 55 сыналушының ішінде 58,2% лидерлерге «сыйластықпен», «қалыпты», «жағымды»; 12,7% - сыналушы лидерлерге «кері әсерде» және 29,1% - «немқұрайдылықпен» қарайтындығын байқадық.

Біздің зерттеуіміз үшін ұжым және тұлға қарым-қатынасы басты мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, лидерді топ, ұжым таңдайды. Оқушыны ұжымдық қатынастар жүйесіне қосу күрделі, біртекті емес, қарама-қайшылыққа толы үрдіс. Әрбір тұлға ұжымда өзі үшін жағымды орынға ие болғысы келеді. 1-суретте экспериментке қатысушылардың «Сынып ұжымындағы жағдай Сіз үшін қолайлы ма?» деген сұраққа жауаптары берілген. 58,3% сыналушылар сынып ұжымындағы өмірге қанағаттанатындықтарын айтады, 10,5% - қанағаттанбайды, 31,2% қалай жауап берерін білмейді.



Сурет-1 «Сынып ұжымындағы жағдайы Сіз үшін қолайлы ма?» деген сұраққа жоғары сынып оқушыларының жауап беру нәтижелері көрсетілген

Сонымен біздің тұжырымдауымызша: жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу – олардың лидерлікке бейімділігін айқындау негізінде генетикалық әлеуетін ашу және оны жалпы білім беретін орта мектептерде ұжымдық, топтық тәрбие үдерісінде дамыту.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу үдерісі – оның мақсаттық, диагностикалық, процессуалдық, нәтижелік құрамдарының мазмұнын жасау негізінде лидерлікке даярлау кезеңдерін (бейімділік, даярлық, оқушы лидер), белгілі бір шарттармен (өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі жетілдіру) жалпы білім беретін мектептің тәрбие ортасында іске асыруға бағытталған біртұтас жүйе.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің технологиясы осы даярлауды кезеңдермен (лидерлікке бейімділік, лидерлікке даярлық, оқушы лидер қалыптастыру) жүзеге асырудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын және формаларын қарастырады.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу психологиялық шарттарды (өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі жетілдіру) сақтай отырып, жүзеге асырылатын педагогикалық шарттарды (сынып сағатын тиімді пайдалану; сабақтан тыс және сыныптан тыс тәрбие іс-әрекеттерін кіріктірумен бірегей кеңістік құру; интербелсенді технологияларды қолдану; тәлімгерлік жүйені ендіру; мектеп жағдайында шығармашылық топтар, «Көшбасшылар мектебін» құру) кешенді пайдаланғанда ғана нәтижелі болады.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығының жоғары, орта, төмен деңгейлерін айқындау диагностикалық, мазмұндық-технологиялық қамтамасыздандырғанда және оларды кезеңдермен жүзеге асырғанда ғана нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

Оқушы лидер тұлғасының сипаттамасы мен жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу үдерісінің құрылымы мен мазмұны осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеуде жалпы білім беретін мектептердің білім беру мен тәрбие ортасын тиімді пайдалану қажет.

Көшбасшылар мектебін қалыптастыру, сыныптарда ұжымдық шығармашылық топтар құру, жоғары сынып оқушыларынан төменгі сынып оқушыларына тәлімгерлер тағайындауды практикаға ендірген жөн.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу бойынша әдістемелік нұсқауларды жалпы білім беретін мектептердің оқу- тәрбие үдерісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу қажет.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Шарипханова Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы, №827 қаулысы. А.С. Биологияны оқыту әдістемесі : оқу құралы / А.С. Шарипханова,

З.С. Даутова. – А. : Эверо, 2019. - 252 бет.

2. Шарипханова А.С. Жаңартылған мазмұндағы биологияны оқыту әдістемесі : оқу құралы / А.С. Шарипханова, З.С. Даутова. - Өскемен : С. Аманжолов атындағы ШҚМУ "Берел" баспасы, 2019. - 136 бет.

3. Развитие лидеров: как понять свой стиль управления и эффективно общаться с носителями иных стилей. - М.: Альпина Паблишер, 2013. – 259 с.

4. Байкулова А.М. Психологиялық зерттеулердегі лидерлік мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Психология сериясы. - Алматы, 2015. -№2 (43). – Б. 22-25.

5. 173Әбдіғапбарова Ұ.М., Байкулова А.М.Түркі ғұламалары еңбектеріндегі харизматикалық лидердің сипаты // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2015. - №2 (46). - Б. 222-226.

6. Байкулова А.М. Психологическая структура школьного класса и качества лидера // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Психология. - Алматы, 2014. - №4 (41). - С. 167-172.

УДК 37.0:573

## **СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К БИОЛОГИИ НА ОСНОВЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПЛАТФОРМ (ZOOM, WEBEX, MOODLE, GOOGLE SERVICES, SOCIAL MEDIAS JAMBOARD, PADLET, MICROSOFT TEAMS)**

Матжанова Ж.К.

Руководитель: Ерназарова Г.И., к.б.н., профессор

Актюбинский региональный государственный университет

им. К. Жубанова, г. Актобе, Казахстан, E-mail: kazhumuratovna04@mail.ru

Разработка интеллектуальной учебной платформы и мотивирующего контента является одним из ключевых аспектов обучения. В этой статье мы описываем образовательные платформы в обучении, которые помогают учащимся детальней изучать биологию. Так целью данной статьи является изучение способов повышения интереса учащихся к биологии на основе образовательных платформ. Объект статьи – процесс работы с образовательными платформами.

Ключевые слова: биология, ученики, интересы, процесс, обучение, технология, образовательная платформа.

Сейчас биология занимает уникальное место в учебной программе средней школы из-за ее важности как науки о жизни. В Казахстане учебная программа по биологии в средней школе разработана таким образом, чтобы позволить учащимся изучить природные явления, углубить понимание, интерес учащихся к биологическим наукам и повысить их способность применять научные знания в повседневной жизни. В сфере обучения ученика интерес характеризуется

*Бұл принципті іске асырудағы сәттілік сабақта материалды жүйелі түрде бекіту мен қайталауға ғана емес, сонымен қатар үй тапсырмаларын саналы түрде орындауға да байланысты. Сана мен белсенділік принципін практикалық іске асыру оқытудың келесі ережелерін сақтау арқылы жүзеге асырылады: білім алушылардың алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін, оның маңыздылығын нақты түсінуі саналы оқытудың қажетті шарты болып табылады.*

**Оқытудың көрнекілік және түсіністілік принципі** – бұл оқушылардың нақты көріністеріне сүйену. Оқыту тәжірибесі көрнекілік принципін қолдануды ашатын көптеген ережелерді жасады. Биология пән ретінде әртүрлі көрнекі құралдарға бай: кестелер, муляждар, коллекциялар (саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар), модельдер, жануарлар мен адамның қаңқалары және т.б.; Мультимедиялық презентациялар, бейнефильмдер, зертханалық жабдықтар; жабық өсімдіктер, гербарийлар. *Көрнекі құралдарды қолдану зейінді, байқағыштықты тәрбиелейді, ойлау мәдениетін дамытады. Мұғалім көрнекіліктің әртүрлі түрлерін қолдана отырып, көрнекі құралдардың шамадан тыс мөлшеріне қатыспау керек екенін білуі керек: бұл назарды аударады және басты нәрсені қабылдауға кедергі келтіреді [2],[3].*

**Жүйелілік және бірізділік принципі.** Бұл принциптер білім алушылардың биология ғылымының негіздері бойынша білім жүйесін қалыптастыру процесімен қамтамасыз етіледі. Биологиялық курстың әр бөлімі Ғылыми білімнің белгілі бір саласына сәйкес келеді, дәйекті, жас ерекшеліктеріне және түсінуіне сәйкес, білім алушылардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейтеді. Жүйелілік білім мазмұны элементтерінің құрамы мен құрылымдық жағынан дәйекті орналасуында, олардың арасындағы байланысты орнатуда, оқу материалының даму және күрделену кезеңдерін анықтауда көрінеді. Сонымен, 7-сыныпта биология ғылымының негіздерін жүйелі зерттеу басталады. Білім алушылар өсімдік - өсімдік өмірінде белгілі бір функцияларды орындайтын ерекше мүшелері бар тірі организм екенін біледі; өсімдіктердің алуан түрлілігімен, олардың тарихи даму процесіндегі күрделілігімен, өсімдіктер, бактериялар мен саңырауқұлақтар патшалықтарымен, олардың өкілдерінің табиғи қауымдастықтарда бірге өмір сүру қабілетімен танысады [4].

**Ғылымилық принципі.** Ғылымилық принципі сенімді негізделген, дүниетанымдық және практикалық маңызы бар фактілерді, тұжырымдамаларды, заңдарды, теорияларды толық ғылыми білуге кепілдік береді. Бұл принципті қолдану ғылыми материалды таңдаудың мұқияттығы мен дәлелділігімен көрінеді. Сонда ғана адам сыртқы әлемнің бейнесін нақты көрсететін, өзара байланысты ұғымдар жүйесін білдіретін ғылыми білімге ие болады. Ғылыми білімді қалыптастырудың әмбебап құралы және негізгі тәсілі-ұйымдастырылған

оқыту; ғылыми білім жүйесі оқу материалының ішкі логикасы мен білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерімен анықталатын ретпен жасалады. Сонымен, "Эволюцияның қозғаушы күштері" тақырыбын зерттеу кезінде мұғалімнің "Табиғаттағы түрлердің алуан түрлілігі қалай пайда болды?", білім алушылар сұраққа жауап бере отырып, Ч.Дарвиннің ұстанымында баяндалған дүниетаным ұғымына сүйенеді. Оның мәні келесідей: Организм қоршаған ортамен байланысты. Қоршаған ортаның қасиеттері-ресурстардың шектеулі болуы және жағдайлардың сәйкес келмеуі; тірі ағзаның қасиеттері бар – бұл тұқым қуалаушылық, өзгергіштік және көбею. Қоршаған ортаның қасиеттері мен организмдердің қасиеттері арасындағы карама-қайшылықтардың нәтижесінде тіршілік үшін күрес пайда болады (1 - ші ретті нәтиже); тіршілік үшін күресте ең "ең күшті" жеңеді – табиғи сұрыптау әрекет етеді-2-ші ретті нәтиже; тірі организмдердің тіршілік ету ортасына бейімделуі жүреді, бұл табиғаттағы түрлердің алуан түрлілігіне әкеледі. *Осы тақырып бойынша жұмыс білім алушыларда фактілер мен ұғымдарды толық ғылыми білімді қалыптастырады [5].*

Сонымен, 7-сыныпта биология курсын оқып үйрену білім алушыларды жануарлар әлемі туралы материалдарды өсімдіктерге, бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарағанда күрделі тірі тіршілік иелері ретінде қабылдауға дайындайды [6].

Жануарлар ағзасының өмірлік процестері, әсіресе оның көбеюі мен мінез - құлқы, сондай-ақ жануарлардың алуан түрлілігі және олардың табиғи қауымдастықтарға қатысуы мәселелері ассимиляцияға қиын және алдыңғы курста алған білімге сүйенуді қажет етеді. Сонымен қатар, 7-сыныпта өсімдіктерді зерттеу жануарларды зерттеуден бұрын болады, өйткені жануарлардың тіршілігі көбінесе өсімдіктерге байланысты.

Жануарларды зерттеу мектеп оқушыларын 8 - сыныпта "Адам" курсын игеруге дайындайды ("Адам және оның денсаулығы"); бұл жануар денесімен салыстыруды қолдануға мүмкіндік береді және оның биосоциалдық мәніне байланысты адам ағзасының сапалы ерекшелігін игеруге көмектеседі. Бұл биологияны зерттеудің центрлік деңгейі [7].

*Осылайша, қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін білім алушылардың өмірлік тәжірибесін, олардың қызығушылықтарын, даму ерекшеліктерін, әр білім алушының жеке оқу дәрежесін ескеру керек, білім алушыларды оқу деңгейін ескере отырып сараланған кіші топтарға біріктіру керек.*

**Теория мен практиканың бірлігі принципі.** Бұл принцип заманауи өндірістің ғылыми негіздерін ашудың табиғи қажеттілігін анықтайды. Биологиялық білім берудің барлық компоненттері политехникалық сипатқа ие, тек "таза" теориямен ғана шектелмейді, сонымен қатар биологиялық теориялардың, заңдардың, ұғымдардың қолданбалы өндірістік саласын қамтиды. Бұл принцип білім алушылардың ғылыми білімді жұмыста, мамандықты игеру процесінде қолдану бойынша белсенді қызметін қамтиды. Осылайша, бұл принцип білім алушыға ғылыми білімді күнделікті өмірде, оқуда, жұмыста үнемі және ақылға қонымды қолдануға үйретеді. Оқыту барысында мұғалімге өзінің

болашағын анықтауда білім алушылардың бейіндік және кәсіби бағдарын жүргізу мүмкіндігі беріледі.

Қорытындылай келе, "Биология" оқу пәні, ғылым мен практиканың негізгі ұғымдарының жүйесі болып табылады; биологиядағы мектеп пәні сонымен қатар биологиялық зерттеулердің әртүрлі әдістерін (байқау, сипаттау, эксперимент, объектілерді анықтау және т.б.) және оқу іс-әрекетінің әртүрлі тәсілдерін (салыстыру, дәлелдеу, түсіндіру және т. б.) меңгеру бойынша материалдарды қамтиды. Бұл жалпы білім беру және пәндік дағдылар жүйесі, олар биологияны оқу процесінде оның принциптеріне сәйкес игерілуі керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ещанова Г. Сұлтанбек Қожахметов дидактикалық принциптер туралы // Ұлт тағылымы, 2002. – №1.
2. Өстемиров К. Оқыту құралдарын пайдалану негіздері. Алматы, 2002.
3. Мырзабаев А.Б., Биологияны оқыту әдістемесі, Қарағанды, 2006.
4. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2002.
5. Н.И.Сонин, Ә. Қ. Қисымова «Биология. Тірі организм». Оқулық, А. 2006.
6. Биология. Оқулық 7 класс Е.А. Очкур, Ж.Ж. Құрманғалиева. 2017ж.
7. Биология. Оқулық 8 класс А.Р. Соловьева, Б.Т. Ибраимова 2017ж.

ӘОЖ: 378.702

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Молдахметова Н.Т., Алиппаева А.Б.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
² Өскемен қ., Қазақстан

Қоғамдағы болып жатқан саяси - әлеуметтік және экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, бұл бағыттағы қол жеткен табыстарымызды сын көзбен саралай отырып, бағалауды, мектеп жүйесіне ғылым мен тәжірибеден жинақталған бай педагогикалық мұраны зерттеп, қолдануды талап етеді. Жаңа технологиялар ғасырында біз өткен өміріміз бен қазіргі және болашақ арасындағы сабақтастықты жоғалтпауымыз керек. Осы үш жол торабын жалғастырушы алтын көпір – аймақтық компонент. Өзінің елінің өткенін, қазіргісін және болашағын ойлайтын адам аймақтық компонентті жете түсініп, қолдана білуі қажет. Білім және тәрбие саласында аймақтық компонентті қолдану үлкен білімділікті, жауапкершілікті талап етеді. Сол үшін ең алдымен «Аймақтық компонент деген не?» сауалына үніліп, осы сұрақ жауабын терең білуіміз керек.

Аймақ - ауқымды кеңістік, жақын жатқан елдің немесе континенттің бір бөлігін алатын, бір-бірінен қалыптасқан тарихи ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Аймақ-елдің бір бөлігі, әлеуметтік-экономикалық жүйесінің, экономикалық саяси рухани өмірінің бүтіндігін көрсететін, өткен тарихы бір, мәдени және әлеуметтік ерекшелігі бар бөлігі.

Аймақтық компонент білім мазмұнының бір бөлігі, аспектісі деп аталады.

Аймақтық компонент – ұлттық аймақтық мәдениеттің ерекшелігі бейнеленген білім мазмұнының бір бөлігі.

Аймақтық ерекшелік білім беру және тәрбиелік мазмұнында бейнеленген табиғи экологиялық, экономикалық, тарихи, әлеуметтік жиынтық.

Қазақстандағы білім саласыныңдағы бірнеше жылғы тәжірибелерді талдай келе, аймақтық білім беру жүйесін білім беру үрдістеріне енгізудің бірнеше модельдерін анықталып отыр.

Олар: -

- базалық пәндер негізінде;
- пәндерді жетілдіру негізінде;
- пәндерді тереңдетіп оқыту негізінде;
- кіріктірілген пәндер негізінде;
- таңдаулы пәндер курстары негізінде.

Соңғы жылы руханият әлеміне көз жүгіртсек көңіл өсіріп, жан - жадыратар жайттар молайғаны көңілге қуаныш ұялатады.

- кеңестік жүйенің тамырына балта шабылып, парасат пен саясаттың арасын айқындалып, ұлттық рухқа, тарихқа көзқарас өзгерді;

- тарихымызға қатысты деректер, түрлі ізденістер, зерттеулер нәтижесімен толығы түсуде;

- тұғырлы тұлғаларымыздың есімдері қайта жаңғырып, еңбектері қалыпқа келтіріле бастады;

- қоғамдағы әлеуметтік – мәдени салаларда, білім- ғылым жүйесінде іргелі ізденіс, жаңа реформалар өмірге келуде.

Педагогика ғылымында тұлғаны қалыптастыруды аймақтық білім берудің маңызы зор екендігі дәлелденіп отыр. Ал бүгінгі күннің талабы, жеке тұлғаның өз талап тілегіне сай, білім алу сұранысы мен өзінің өмір сүріп жатқан аймағының тарихын, әдебиетін, мәдениетін және географиясын білуі қажеттілігі туындап отыр.

Педагогика ғылымында аймақтық білім беру мазмұнын Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, Н.И.Новиков, П.П.Блонский еңбектерінен бастау алады.

Қазақ зиялылары: А.Байтұрсынов, М.Дулатов. М. Жұмабаевтың еңбектерінде де ұлттық рухта тәрбие беру мәселесі үнемі аталып отырған.

Ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуі керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деп айтып өтті. Бүгінгі әрбір ұстаз бастауыш сыныптағы сабақ үрдістерінде түрлі әдіс – тәсілдер қолдана отырып, білім беруді аймақтандыруды баса назар аудару қажет болып отыр.

Тұлғаның қалыптасуы мектеппен шектелмейтіндігін ескермей, жалпы

білім беру барысында оқушыны жан – жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырамыз деп қарамай, оны ұжым мүшесі, үлкен механизм тетігі, қалыпқа салатын объекті деп түсіндік. Осыған байланысты білім мазмұны баланың білім, білік дағдысымен қаруландыратын құрал деп қарастырдық.

Демек, баланың жас ерекшелігіне сай мектептің әр сатысында берілген білім құрамы, көлемі анықталды. Ғылыми тұрғыда алғанда сол білім мазмұны құрамы мен құрылымы жағынан толық мәнді болған.

Алайда, бірдей көлемдегі білім мазмұны жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері мен бейімділіктері әр алуандығына қарамай, барлық оқушыларға бірдей деңгейді игеру қажет болды. Осыған орай, оқу - әдістемелік жүйе, оқу құралдары, оқу жоспарлары бірдей болып келді. Бұларда ұлттық, аймақтық, жергілікті жердің ерекшеліктері ескерілмеді. Бұл құбылыстың қандай нәтиже бергені де көпшілікке белгілі болды.

Қазіргі білім беру жүйесі мектеп типтерінің әр түрлерін ашты, білім берудің ұлттық және аймақтық моделін жасалды. Сонымен бірге ұлттық-аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру мазмұнының көп түрлілігі бірегей білім беру кеңістігін сақтау үшін қажеттілігін туғызды.

«Ұлттық-аймақтық» және «білім берудегі аймақтық компоненті ұғымдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылым ерекшелігімен байланысты. Сондықтан аймақтық компоненттің мазмұны географиялық тарихи, мәдени, ұлттық негізде болуы керек.

Аймақтық компонентке тек табиғат, аймақ және оның тұрғындары мен шаруашылығын ғана жатпайды. Сонымен қатар, аймақтық компонент ғылыми білім шеңберінде ғана шектеліп қалмайды. Оны аймақтың географиялық ерекшеліктерін, мәдени-тарихи, әдеби ерекшеліктерін ескеру үрдісі деп түсіну қажет. Ол ең алдымен өнер, әдебиет, салт-дәстүр, мәдениет, тарих.

Аймақтық компонентті оқу үрдісінде екі түрлі жолмен қолдануға болады. Бірінші жолы- әр пәннің жекелеген тақырыптары сұрыптап, оны басқа пәндермен байланыстыру.

Екінші жолы-көп аспектілі бір оқу бағдарламасын жасау.

Сонымен қатар, аймақтық компонентті сабақтың барлық кезеңінде пайдалануға мүмкіндік болады. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жергілікті материалды кеңінен қолдану арқылы танымдық қызығушылықтарын арттыруға болады. Оқушылар өз өлкесінің бай мұрасымен танысады. Дәл осы негізде Отанға деген махабатты туындайды. Аймақтың компонент арқылы өзінің «Кішігірім Отанына» деген, оның табиғи ерекшеліктеріне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелейді. Жақын болған нәрсені оқыту басқаға қызығушылықты айтады. Бұл қоғам мен уақыт арасындағы өзара байланысты ашады.

Осылайша, аймақтық компонентті оқу үрдісіне қолдану оқушылардың жаны мен санасына әсер етіп, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілігін дамытуға негіз болады.

Мұндай сабақтар оқушылардың қызығушылығын туғызып оларды өздігінен ізденуге шақырады. Шығармашылық қабілеттіліктерін дамытады, ой өрістерін кеңейтеді, оқушыларда «Мен – концепциясы» пайда болады.

Базистік оқу жоспарының жылжымалы бөлігінде жеке тұлғаның өз талап - тілегіне сай білім алу сұранысы мен жергілікті жердің тарихи – мәдениетін, әлеументтік – экономикалық ерекшеліктерінен туындайтын білім беру талаптарын қанағаттандыруға арналған мазмұны жинақталған. Сонымен қатар, бастауыш мектепте білім беру бағдарламаларын 15 пайыз өзгертуге құқ берілген.

Оқулықтардың мазмұны қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен сабақтасып жатыр. Сондықтан, тіл сабақтарында аймақтық білім беру негізінде құрылған диктанттар жинағын басшылыққа аламыз. Ондағы тақырыптардың негізі Шығыс Қазақстанның ақын- жазушыларының шығармаларынан үзінділер, өзен- көлдері, таулары, өнеркәсіптері қамтылған.

Оқу үрдісінде аймақтық компоненттерді қолдану үшін әр мұғалім, әр мектеп өзіндік жол табады. Біз оқу үрдісіне аймақтық компонентті енгізу мақсатында үш негізгі жұмыс бағытын қолдандық .

Бірінші бағыт – оқушылардың оқу іс-әрекеті. Мұнда аймақтық компонент ана тілі мен тіл дамыту сабақтарында көрсетілуі мүмкін. Ол мазмұндама, шығарма, диктант, мәтінмен жұмыс, аннотация, реферат, баяндама және т.б.

Екінші бағыт – оқушылардың оқудан тыс іс-әрекеті. Ол барлық сыныпта өтілетін сыныптан тыс оқу, іздену, зерттеу жұмыстары.

Үшінші бағыт – оқушылардың мектептен тыс іс-әрекеттері. Аймақтық компонент бойынша барлық жұмыс жүйесі тіл мен тіл дамыту сабақтарын күнтізбелік жоспарында көрініс табады.

Осылайша, аймақтық компонентті қолдану арқылы білім беру базалық оқудың мазмұны толықтырылады. Мұнда жас ерекшелікті, берілген тақырыптардың идеялық-тақырыптық мазмұнына назар аудару қажет. Қазақ мектебінің 3-4 сыныптарына аймақтық компонентті енгізу мақсатында бағдарлама жасалды. Бұл бағдарлама өз өлкемізге арналған материалдарды, әдеби шығармаларды іріктеп, зерттегеннен соң ғана жасалды.

Қазіргі кезде қаланың көптеген мектептері осы бағдарлама бойынша өз жұмыстарын жүргізу үстінде. Қаланың барлық мектептерінде аймақтық компонентті қолданбай өткізу кездейсоқ емес. Дайындалған бағдарлама аймақтық компонентті қолдану арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыруға да бағытталған.

Қаламыздағы Оралхан Бөкей атындағы №44 лицей-мектебі біздің жерлесіміз, заңғар жазушы О.Бөкейдің өмір жолы мен шығармашылығын зерттеуге бағытталған сабақтар тақырыбын дайындады Осы жұмысты ұйымдастыруда бұл мектептің бастауыш сынып мұғалімдері еңбегі орасан зор. Олар мұндай сабақтарға біршама көп дидактикалық материалды жинады. Жазушының шығармалары бойынша тест сұрақтары құрастырды, шығармашылық тапсырымалар жасалды.

Оқу үрдісіне аймақтық компонентті енгізу мен зерттеу бойынша келіссөз орталығы құрылды.

Орталықтың жұмысына алдыңғы қатарлы тәжірибемен алмасу, қызықты сабақтар жоспарлары, сыныптан тыс және мектептен тыс шаралардың жоспарларын алмастыруға болады.

Сондай-ақ аймақтық білім беру мазмұнын пәндерді оқытуда оқушылардың шығармашылық деңгейге жетелеп, көркем әдебиетке, поэзия мен проза жанрына қызығушылықтарын арттыру үшін Серік Ғабдуллин, Оңдасын Елубай, Қалихан Ысқақов, Серік Байхонов және шығысымыздың ақиық жазушылары Оралхан Бөкейдің, Қасым Қайсенов сынды жазушылардың шығармаларын кеңінен пайдаланамыз. Оны әр түрлі әдіс – тәсілдермен жүзеге асыруға болады.

Олар:

- таныс емес шығарманы сабақ үстінде топқа бөлінген оқушыларға үлестіріп беріп, ішінара ізденіс тәсілі арқылы;

- оза оқыту технологиясы бойынша оқушыларға жерлес жазушылардың шығармаларын алдына – ала таратып беру, оны салыстыру, ерекшеліктерін ажырата білу;

- жаңа тақырыпқа сәйкес жалпы сыныпқа зерттеу, іздестіру тапсырмаларын беру арқылы;

- әдеби көркем шығармалардың грамматикалық жаған қарастыра отырып, көркем әдебиет сабақтарының материалдарын қамтимылады.

Сонымен қатар, дүниетану сабақтарында Шығыс Қазақстанның табиғаттымен, экологиясы, қазба байлықтарын зерттеу, зерделеу жұмыстарымен оқушыларды айланыстыруды өз тәжірибемде жүзеге асырамыз. Осыған байланысты оқушылар өлкетану музейімен, орталық кітапханалармен тығыз байланыста.

Болашақ маманның сынып оқушыларының арасында аймақтық білім беру мақсатында интеллектуалды ойындар, олимпиадалар, викториналық ойындар, арнайы тақырыптарда сабақ барысында, сыныптан тыс уақыттарда оқушылар өз жобаларын қорғатады.

Бастауыш мектептегі білім беру мазмұнын аймақтандырудың басты мақсатты пәндерді оқып үйрену емес, ол жеке тұлғаны дамыту арқылы өз ортасына саналы азамат етіп қалыптастыру. Яғни, өлкетану материалдарын оқыту арқылы бастауыш сынып оқушысының тұлғалық қасиеттерін дамыта аламыз.

Жас ұрпағымызды қазақ рухына, ғылымына, тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне тәрбиелейтін жаңа бағдарламалар, өлкетану материалдары- ұлттық мектеп үлгілерінің белгілері.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қайырбекова А., Барақова Қ. «4-сыныпқа арналған қазақ тілін оқыту әдістемесі». - Алматы, 2004 ж.

2. ШҚО педагогика жаршысы – ғылыми - әдістемелік журналы №3 (12) 2005 жыл.

3. Бастауыш мектеп - республикалық ғылыми - әдістемелік және педагогикалық журналы №6 2009 жыл.

4. Мұғалім және қоғам – республикалық педагогикалық – қоғамдық журнал.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Молдахметова Г., Машаева Г.М.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «Заки Ахметов атындағы №16 орта мектебі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Бастауыш мектепті бітірген оқушылар оқу жылдамдығын толық меңгеріп шығуы тиіс. Алайда бастауыш мектептегі төрт жыл ішінде олар тек қана оқу үрдісінің алғашқы қадамдарын ғана игереді. Психолог Т.Г.Егоровтың айтуынша «іштей», саналы, мәнерлі және жүрдек оқу, оқыту процесінің соңғы этаптарында ғана ұстаз ойлаған деңгейге жетеді. Сондықтан бастауыш мектеп сыныптарында балалардың оқу іскерлігі аяқталмайды, ол ұзақ дамудың тек қана алғашқы бөлімі болып табылады. Оқушы үлгеріміне 200-ден артық әр түрлі жағдайлар әсер етеді. Соның ішінде ең күшті орын алатыны - баланың оқу жылдамдығы болып шыққан. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен-өзі төмендейді, үлгермейді.

Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынталығы да арта түседі.

Б.Хестер өзінің «Баланы оқытуға үйрету» деген еңбегінде былай деген: «Оқу типі оқу материалына, оны баланың түсінуіне байланысты. Оқушы өзінің бойында оқуға деген қызығушылығын арттыратын болса, соғұрлым оқу жылдамдығы артатын болады».

20 ғасырдың психологы Э.Майманның зерттеулері бойынша - ішкі сөйлеуге барлық адамдар тәуелді емес. Оқу жылдамдығы төмен және сауаты аз адамдар артикуляцияға тәуелді болады.

Олар материалды оқыған кезде сыбырлап немесе еріндерін қозғалысқа келтіреді. Оқу жылдамдығы жоғары адамдардың кейбіреулері де материалды түсіну мақсатына дағдылану нәтижесінде еріндерін қозғалысқа келтіретіндігі байқалған.

Әдетте олар қалыпты жағдайда ондай әрекеттерді жасамаған. Оқу жылдамдығына көз қозғалысының траекториясының да әсері бар екені көрінеді. Арнайы құралдар арқылы жылдам оқитын және оқу жылдамдығы нашар оқушылардың көз қозғалысының траекториясын анықтауға болады. Оқу жылдамдығы нашар оқушының көз қимыл қозғалысы жан-жаққа шашырайды. Ондай оқушы бір жолда 10-15 кідіріс жасайды. Оқу жылдамдығы жоғары оқушы бір жолда 1 кідіріс жасайды.

Екеуінің де ұзақтығы бірдей, алайда ақпарат көлемін қабылдауы бір-бірінен 10-15есе артық болады. Сондықтан оқушылардың көру аймағын өзгерту процесі өте маңызды.



Мектепке алғаш келген бала ежелеп оқиды, оның көру аумағында бір ғана әріп тұрады, көбінесе қайта-қайта бұрын оқыған әрпіне көз жүгіртіп отырады, әр әріпке жекелеп көз тоқтатады, оқу аумағы тар болады.

Осының салдарынан олардың оқығанды түсіну дәрежесі де төмен. Ал әріпті тану дағдысының қалыптасып жетілуімен қабат баланың «көру, оқу аумағы» кеңейіп, дағдылана бастайды.

Мұндай дағдыға ие болу балаға оп-оңайға түспейді, ол көп күш-жігерін жұмсайды, мұнда әсіресе зейіні мен еркі үлкен рөл атқарады.

Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету кезінде-ақ қалана бастайды. Осы кезде мұғалім әрбір жеке сөзді балаларға жеке әріптеп оқытпай, буындап оқуға жаттықтырғаны жөн, бірақ мұнда балаларды сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынудан немесе тіпті түсінбей оқудан сақтандыру керек.

Егер бала буындап оқығанда қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор.

Тез оқу дегеніміз - кез келген мәтінді қалай болса солай зулатып оқып шығу деген сөз емес, ол шапшаң оқуға қойылатын талаптарды сақтап оқу деген сөз. Шапшаң оқуға қойылатын талаптар:

- тыңдаушыға жететін ақпараттың түсінікті болуы;
- әрбір сөз бен дыбыстың анық айтылып, құлаққа жағымды болып естілуі;
- сөйлем құрылымдарын еркін меңгеру;
- дауыс ырғағы - интонацияның сөйлеу мазмұнына сай болуы;
- мәтін жолдарын тұтас, еркін көру және көздің алға жылжуын қадағалау;

Саналы түрде түсініп оқу - жылдам оқуға қарама-қарсы құбылыс. Түсініп оқу дағдысын меңгермеген оқушы білім негіздерін жете қабылдай алмайды, содан өздігінен ғылым-білімді игере алмайды.

Мен оқытып отырған бірінші сынып оқушыларында кездескен қиындықтар:

1. Әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқитындар.
2. Кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежелеп оқитындар.
3. Тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып оқитындар.

Мұндай қиындықтарды жою үшін мынадай жұмыстар ұйымдастырдық:

1. Оқушыны кітап оқуға жаттықтырып, дағдыландыру ;
  - арнаулы тапсырмалар беру;
  - карточкалар жасап, соларды әрқайсысына оқытып дағдыландыру;
  - дидактикалық материалдар пайдалану;
  - осындай жұмыстарды орындауды үйге де тапсыру.
2. Қате оқыған сөздерді буынға бөліп оқыту немесе тақтаға буындап жазып көрсету, дұрыс оқуды талап ету, ол сөзге талдау жасау;
3. Қате оқыған сөздерді қайта оқыту ;
4. Қате оқыған жерін тыңдап отырған оқушыларға түзеттіру ;
5. Жаңылтпаштар айтқызып, жаттықтыру ;
6. Орфоэпия заңын басшылыққа алу ;

## 7. Сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру.

Сыныптан тыс оқу жұмысын балалар мектепке келген кезден бастаған жөн. Өйткені сауат ашу кезінде оқушылардың ақыл-ойын, тілін дамыту жұмыстары балаларға түрлі-түсті суретті кітапшаларды көрсету арқылы дауыстап, мәнерлеп оқи отырып жүргізіледі.

Оқуы төмен балаға дұрыс, саналы және шапшаң оқу дағдысын қалыптастыруға, жетілдіруге уақытында көмектесу үшін, оны жүйелі түрде есепке алып отыруды қажет етеді.

Ол үшін мен бөлек дәптер арнап, әрбір оқушының оқыған кезде жіберген кемістіктерін белгілеп отырдым. Оны дауыстап оқыту арқылы оқудың дұрыстығын, орфоэпиялық норманы сақтау жөнінде кімнің қалай оқығанын белгілеп отырдық.

Шапшаңдық белгілі бір уақыт мөлшерінде қанша сөз оқығанымен, ал саналылық сұраққа жауап беру сияқты жұмыстармен өлшенеді. Оқушыларды мәнерлеп оқуға үйретуге бағытталған бағалау жүйесін құрастырдық. (Кесте 1).

Кесте 1 Оқушыларды мәнерлеп оқуға үйретуге бағытталған бағалау жүйесін құрастырдық

Оқушының аты-жөні	Қате саны	Оқу тәсілі				1 мин оқыған сөз саны	Мәнерлілік	Оқығанын түсінеді	Баға
		әріп-теп	Буын дап үзіп	Буын-дап созып	Тұтас сөз				
Макашев Нұрлан	4	-		Иә	-	18	Нүктеде кідіріс жоқ	Иә	3
Жүсіп Ардақ	2	-	Қиын сөздерді	-	-	20	Нүктеде даусын бәсеңдетпейді	Иә	3

Мәтінді саналы қабылдау арнайы берілетін тапсырмалар арқылы да тексерілуі мүмкін. Хабарлама сипатындағы мәтін үш немесе төртке бөлінеді де, араластырылады. Оқушы оны оқып, әр бөлікті жүйесімен біріктіруі тиіс. Мұны әрі тез, әрі дұрыс орындаған оқушы саналы қабылдауға жақсы дағдыланған болып есептеледі. Оқу үрдісінің соңғы кезеңі - оның нәтижелігін айқындау. Диагностика-оқушының білім, білік дағдыны қаншалықты меңгергендігін көрсетеді, оқудың сапасын, кемшіліктерін анықтауға көмектеседі.

Психологиялық диагностика арқылы зерттеу параметрлері нәтижесінде оқушылардың таным үрдістері дамуының мынандай пайыздық көрсеткіштері анықталды. (Кесте 2)

Кесте 2 Оқушылардың таным үрдістері даму көрсеткіштері

<i>Таным үрдісі</i>	<i>жоғары</i>	<i>орташа</i>	<i>төмен</i>
<i>Есте сақтау</i>	85%	15%	-
<i>Ойлау</i>	85%	15%	-

<b>Қабылдау</b>	44%	56%	-
<b>Түс</b>	100%	-	-
<b>Зейін</b>	79%	21%	-
<b>Сөздік қоры</b>	44%	53%	3%

Қазіргі заманғы педагогикалық ой-тұжырымдарда еркін білім беру, баланың жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр.

Шығармашыл тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Бастауыш сынып оқушысының жазу, оқу дағдысын, қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

- Оқуға қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
- Жүйелі түрде жазуға үйрету іс- әрекет жағдайында болуы;
- Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі;
- Шығармашылық іс-әрекетке жағдай тудыру;

Оқушы дұрыс оқуға шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бастауыш сынып оқушыларынан іс-әрекетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн.

Оқушыны жазу мен оқу дағдысын қалыптастыруға бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын.

Ол балалардың ойларын дамыту туралы: «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі», – деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді.

Ойлап үйрену туралы сөз еткенде баланың абайын, есін, қиялын, интелектісін дамыту туралы айтылғаны деп түсіну керек. Себебі осы қабілеттерін дамыта отырып, ойлау қабілетін жоғарғы деңгейге көтеруге болады. Ол қандай дәрежеде дамығанын арнайы сынау тапсырмалар арқылы анықтап алып, содан соң оның қорытындысына сапалық және сандық талдау жасай отырып, осы қабілеттерді жаттықтыру және дамыту жұмысына кірісуге болады.

Мысалы, көшіріп жазу кезінде әріп тастау, соңғы әріптерді жазбай кету, өздік жұмыстардағы соңғы жағындағы тапсырмаларды шала орындауы;

Мәтінмен жұмыс істеу барысында сөйлемнің соңғы сөздерін, немесе сөздің соңғы буынын тастауы, өзгертіп оқуы, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтып беруге көптеген балалардың қиналуы, өлең жаттауға ынталарының болмауы, берілген тапсырмаларды ұмытып кетуі т.б.

Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген жазба жұмыстарының нәтижесі орташа екендігі байқалды. Осы байқалған олқылықтарды жүйелей келіп, оқушылардың түсінуін, есте сақтауын, ойлауын, өзінің іс-әрекетін бақылауын, жүйелеуін зерттеуге арналған жұмыстарын жүргізу қажет.

Ол мынадай жоспармен орындалады:

- есте сақтау қабілеттерін дамыту, жаттықтыру; - қорытындылау;
- шағын топпен жұмыс;

- жеке баламен жұмыс.

Жүргізілген алғашқы сынау нәтижесінде 40% жақсы нәтиже береді. Бірнеше рет осы тәріздес жүргізілген жаттығу жұмысының арқасында соңғы жүргізген мәнерлеп оқу қорытындысында 65% жақсы нәтиже берді.

Дидактикалық жүйенің қорытындысын салыстыру негізінде баланың мектепке жетілуінің деңгейі анықталады (жоғары, орташа, төмен, өте төмен). Баланың ақыл-ойының дамуының диагностикасын жүргізу және қажетті оқу іс-әрекетінің дағдыларын оқып танысу келесі мақсаттарға жетудің жолы.

Бастауыш сынып оқушысының ақыл-ойының дамуының диагностикасын жүргізу және қажетті оқу іс-әрекетінің дағдыларын оқып танысу келесі мақсаттарға жетудің жолы.

Біріншіден, сол жастағы оқушының дамуына лайықты мөлшердің бірнеше деңгейін анықтау үшін қажет. Егер оқушы осы нормаларға сай болса, ол мәселені сол мезетте қараусыз қалдырса, кейіннен оны шешу өте қиынға соғады.

Екіншіден, диагностика оқушының жеке даму қабілеттілігінің ерекшеліктерін білу үшін қажет. Олардың қабілеттілігінің дамуы кей тұста жақсы, ал кейде онша емес болуы мүмкін. Оқушының жеке қабілеттілігінің дамуының жеткіліксіз болуының маңызды себебі мектептегі оқу процесінде қиналуында. Ертерек анықталған «әлсіз тұстарын» түзету қажет. Мысалы, қабілеттілікті дамытуға арналған қажетті ойындарды, жаттығуларды іріктеп алу қажет.

Үшіншіден, диагностика бастауыш сынып оқушысының оқу, жазу дағдысын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің нәтижесін бағалау үшін мұғалімдердің оны әрі қарай қолдануы үшін қажет. Төртіншіден, оқудың әр түрлі кезеңдерінде кездесетін тексеруге дайындалу үшін балаларды тестердің әр түрлі формаларымен міндетті түрде алдын-ала таныстыру қажет.

Жаттықтыру жұмысынан кейін балалардың осы деңгейі көтерілгенін төмендегі мониторингпен көреміз .

*Төменгі деңгей* бастауыш сынып оқушыларының дұрыс жазуы. Оқу қабілеттері дамытуға белгілі бір жағдаяттарда ғана қызығушылық танытуымен, өйткені оларда өздігінен оқу қызығушылықтары төмен. Олардың өз бетімен оқу дағдыларын дамыту әрекеттері жоқ.

*Орташа деңгей* өзін-өзі тануға деген қызығушылығының тек әуестенушілік деңгейінде ғана танылуымен сипатталады. Олардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыз, көбінесе, мұғалімнің көмегін қажет етеді. Өздігінен жазуға, оқуға қабілеті бар, бірақ талап етуді қажет етіп отырады. Оқуға ынтасы бар, бірақ тұрақсыз.

*Жоғары деңгей* оқу деңгейі жоғары. Сауатты, таза жаза біледі. Әбден жазу, оқу дағдысы қалыптасқан. Тапсырмаларды орындауда шығармашылық қызмет түрлеріне басымдық береді.

Зерттеуімізде мынадай әдістер жинағы қолданылады: өзекті мәселе бойынша педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық, әдістемелік ғылыми әдебиеттерді оқып зерттеу және талдау; мектеп құжаттары мен педагогикалық

құжаттарға талдау жасау; педагогикалық іс-тәжірибеге шолу жасау; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында арнаулы әдістемелер қолданылды.

Сараптамалық жұмыстарымыз көрсеткендей, оқытудың жоғары тимділігіне қол жеткізудің мынадай дидактикалық шарттарын ескеру қажет:

1 Балалардың қызығушылығын, жас ерекшеліктерін және басқа да жеке тұлғалық қасиеттерін есепке алып, модульдерді сапалы даярлау, оқу материалының мазмұнын іріктеп, құру;

2 Оқыту қызметінің барлық кезеңдерінде оны күшейтуге, қарқындатуға мүмкіндік беретін жұмыстарды бірізділікпен жүзеге асыру;

3 Жазу және оқу іскерлік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру;

4 Қосымша әдебиетті тиімді қолдану;

5 Бақылауды балалардың өзін-өзі бақылауымен ұштастыру.

Бастауыш сынып оқушыларын әр шығармамен танысқан кезде тілдерінің дамуының деңгейі мен сөйлеу әрекеттерінің дамуы, өз ойларын еркін де дұрыс, сауатты жеткізе білулерін қадағалау, ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын көбейту.

Жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш мектеп оқушыларының сөздердің грамматикалық ұғымдарды меңгерту үшін түсіндіргенді қайталап айтып беруге баулу әдісі ойдағыдай нәтиже береді. Бұл әдіске машықтанған балалар көбінесе грамматикалық ұғымдарды жаттап, еске сақтауға бейім болады.

Жаттығу материалдары мазмұнды болуға тиіс: материалдағы жеке дыбыстар, әріптер, буындар сөз ішінде, сөздер, алып талданады.

Осы мақсатпен алынған мысалдар мен мәтіндер ойдан шығарылған сөйлемнен құралмай, мүмкін болғанша, көркем әдебиеттен алынған сөз, сөз тіркесі, сөйлем, үзінділер болуға тиіс.

Оқушылардың әртүрлі тақырыптарды шағын әңгімелеу, жатқа айту кезіндегі сөз мәнерлері, дұрыс дыбыстаулары есепке алынып пайыздық көрсеткіштері ретінде анықталып шығарылды.

*Бастауыш сынып оқушыларының оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жұмыстарды қорыта келіп мынандай түйін түйе болады.*

- оқушының дұрыс жазу жүйелі тексеріп отырғанда жаттықтыру жұмыстарының нәтижесінде деңгейлері көтеріледі;

- Осы тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданып, баланың жазуға деген қызығушылығы артты;

- балалардың білім сапасы көтерілді;

- балалардың логикалық ойлауы шығармашылық іс-әрекетке қабілеті артып, дұрыс түсініп оқу дағдысы қалыптасты;

- осы жұмысты өткізу барысында бақылау нәтижесімен ата-аналарды таныстырып, оларға ақыл-кеңес берілді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сарыбаев Ш.Х. Жаздырып үйретудің әдістері. - Алматы 2002

2. Қаппасова Р. Балалардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру жолдары // Бастауыш мектеп.-2005.-№3.-18-19б.

3. Иманғожаева П. Балалардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру жолдары // Бастауыш мектеп.-2005.-№3.-18-19б.

ӘОЖ 37.03

## **ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ**

Мухтарова А.Т.

Ғылыми жетекші: Назарова М.Г., Г.А. Мейрамов атындағы филология факультетінің орыс тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,  
пед.ғылымдарының магистрі

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы, muhtarova.03@mail.ru

Қазіргі кезеңде адамзат алдында тұрған әлемдік сын-қатерлер жағдайында білім беру жаһандық сипат алуда. Бүгінгі таңда білімнің басым рөлі білім беруді адамзаттың өзара жақындасу мен өзара әрекеттесу жолындағы шешуші факторларының біріне айналдырады. Жаһандану өркениет дамуының қозғаушы факторы ретінде бірте-бірте адам қызметінің барлық салаларын, соның ішінде әлемдік білім беру кеңістігін қамтиды.

Білім мен тәрбие бір-бірінен өзінсіз өмір сүре алмайды. Бұл педагогикалық процестің өзара тығыз байланысты екі жағы. Білім беру процесіне тәрбие керек. Ұлы ойшылдар, философтар, өткен ғасырлардағы мұғалімдер ұрпақтарға терең даналық пен жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбие мен білімнің үйлесімділігі туралы баға жетпес тәжірибе қалдырды. Олардың ойлары-адамзаттың құнды қазынасы.

Ежелгі грек философы Аристотель өзінің барлық жазбаларында тәрбие мен оқыту мәселелерін қарастырды. Ол «главная задача воспитания - сообщать ученикам основы знаний из разных областей и вырабатывать способность самостоятельного суждения»[1] деген. Яғни, тәрбиенің басты міндеті - оқушыларға әртүрлі салалардағы білім негіздерін жеткізу және өз бетінше пайымдау қабілетін дамыту деп есептеді [1]. Әл Фарабидің тәрбие мен білім беру бірлігі туралы "тәрбиесіз білім - адамзаттың қас жауы" деген әйгілі сөзі барлық уақытта өзекті болып табылады [2].

Біздің ойымызша, білім беру саласындағы жоғары көрсеткіштер, ең алдымен, білім саласындағы жоғары жетістіктермен байланысты, өйткені тек ақылды бала білімнің рөлін түсінеді және жақсы оқуға тырысады. Мұнда білім мен тәрбие өзара байланысты компоненттер. Бұл жас ұрпаққа ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жеткізетін бір-бірімен тығыз байланыстағы құралдар.

Осы ұстанымдар бойынша бүкіл әлемде "Ұлы дидактика" және бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп тұрған сынып-сабақ жүйесі ретінде өз есімін мәңгілікке қалдырған ұлы чех педагогы Я.А. Коменскийдің педагогикалық мұрасы қызықтырады. Ол ұлттық мәселелерді адамзат баласымен тығыз бірлікте қарастырып, адамзатты құтқаруға шақырды. Я. А. Коменскийдің педагогикасы әлемнің философиялық көзқарасымен сәйкес келеді, сонымен қатар оны ұлттық білім беру мәселелері алаңдатты. Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілі адамзатты келісім мен өзара ынтымақтастыққа шақырды. Ол өзінің өмірінің мақсатын адамзат ұрпағының тыныш, әрі бақытты болуынан көрді. Коменскийдегі әмбебап тәрбие идеясы-адамзатты өзгертудің жалғыз құралы. Коменскийдің арманы мен негізгі идеясы - пансофизм идеясы юолды. Бұл – адамдардың әлеуметтік, діни, ұлттық, нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан, өркениеттің барлық білімін жалпылап, адам даналығының бәрін мектепке ана тілінде жеткізу. Оның заманында педагогиканың ұлы классигінің "саясат" туралы идеялары ерекше, ол оны "ғалам халықтарын келісімде жинау: адам өміріндегі тыныш әлем, соғыстарды тоқтату және соғыстардың себептерін жою" ретінде жасаған [3, 466].

Өз Отанын, халқын, мәдениетін сүйетін патриоттарды тәрбиелеу міндетін неміс педагогикасының классигі Ф.А. Дистервег басқа халықтардың мәдени әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеумен тығыз байланыстырған. Оның айтуынша: «Любовь к собственной земле, патриотизм не имеют ничего общего с презрением и ненавистью к иноземному» [4].

Этносаралық мәселелер бойынша ғылыми ұғымдар саласында "толеранттылық" ұғымы ерекше танымал болды (лат. толерантия-шыдамдылық) көптеген сөздіктерде "төзімділік".

Өз мәдениетіне ұқсамайтын басқа мәдениетке деген көзқарас мәселесі ежелден келе жатыр. Қытай ойшылы Конфуций адами үйлесімділік мәселелерін шешуді адамгершіліктің "алтын ережесіне" айналдырған. Ол шешімін бір сөйлеммен түсіндірді: "басқаларға өзіңіз қаламайтын нәрсені жасамаңыз". Гуманизм идеялары мен халықтар арасындағы толерантты қатынастар Я.А. Коменскийдің философиялық-педагогикалық көзқарастарында, содан кейін ағарту дәуірінің философтары Ж. Ж. Руссо, И. Канттың көзқарастарында көрініс тапты. Өткен уақыттағы қоғамдағы толеранттылықты жариялаудың жарқын жақтаушылары Джон Локк Вольтер, Л. Н. Толстой және т.б. болды.

Қазіргі жағдайда этносаралық толеранттылықты қалыптастырмайынша кез келген этнос, өңір, мемлекет арасында білім берудің демократиялық және гуманистік стратегиясын іске асыру мүмкін емес. Тек мәдениеттер мен діндердің үндесуі, олардың өзара іс-қимылы ұлтаралық қақтығыстардың әлсіреуіне, әртүрлі ұлттар мен халықтар арасындағы өзара түсіністікке, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Адамдарға деген сүйіспеншілік, мейірімділік пен кешірімділік әлемнің барлық дәстүрлі діндері уағыздайды. Олардың өсиеттері бейбітшілік пен келісімге шақырады, адамдарды адамның қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін әрекеттер мен ойлардан, діни фанатизмнен, төзбеушіліктен, ұлтаралық араздықтан сақтандырады.

Сонымен, Құранда әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы теңдік туралы айтылады, онда толерантты көзқарас көрінеді: "Арабтың басқалардан артықшылығы жоқ, ал басқалардың арабтан артықшылығы жоқ. Сол сияқты, сары түстің қарадан, ал қара түстің сарыдан артықшылығы жоқ. Артықшылықты тек лайықты және адал адам ғана алады".

Қазір ұлтаралық қақтығыстарды жеңудің жалғыз жолы – толеранттылыққа тәрбиелеу екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

Мемлекет саясатының негізгі заңдылығы ретінде әлем діндеріне толеранттылық екенін Қазақстан халқы осы жылдың қыркүйегінде біздің мемлекетіміздің астанасы Астана қаласында Рим Папасы Францисктің кездесуі кезінде бірнеше рет көрсетті. Бейбітшілік пен келісімнің бұл сапары Қазақстан үшін зор әлемдік маңызға ие болды.

Толеранттылық, этникалық өзін-өзі тану секілді екі деңгейде-жеке және этникалық қауымдастық деңгейінде көрінеді. Осыған байланысты толеранттылықты қазақ ұлтының этнопсихологиялық сипаттамасы ретінде атап өтеміз. Мәдени және діни үйлесімділік - Қазақстан халқының басты белгілері. Қазақ халқының ментальді қасиеттерін - қонақжайлылық пен достық қарым - қатынасты біз ұлтаралық қатынастар саласына таралатын толеранттылықтың белгісі ретінде бағалаймыз. Бұл тарихта және тіпті жақында болған оқиғаларда, өз елінде және біздің күнделікті өмірімізде жұмылдыру салдарынан Ресейден жастардың қоныс аударуы көптеген мысалдар келтіреді.

Көпэтносты Қазақстанның қазіргі жағдайында жеке тұлға мен этностық топтардың этникалық өзін-өзі сәйкестендіруі және толеранттылыққа тәрбиелеу үшін қолайлы мүмкіндіктер жасалуда. Бүгінгі таңда білім беру жас ұрпақта толерантты сананы тәрбиелеу мәселесін шешуге қабілетті халықтар бірлігінің қуатты факторы ретінде әрекет етеді. Б.С. Гершунский атап өткендей, «воспитание толерантности в человеческих отношениях, формирование менталитета толерантности – важнейшая стратегическая задача образования в XXI веке» [5]. Яғни, адами қарым – қатынастардағы толеранттылықты тәрбиелеу, толеранттылық менталитетін қалыптастыру-XXI ғасырдағы білім берудің маңызды стратегиялық міндеті деп айтып кеткен.

Толерантты қарым – қатынас орнату тек тұлғааралық қатынастар процесінде ғана емес, сонымен бірге бір-біріне қарама-қарсы екі философия деңгейінде - Батыс пен Шығыста қарастырылады. Екі өркениет пен философияның – Батыс прагматизмі мен Шығыс руханилығының, сондай-ақ инновациялар мен дәстүрліліктің қақтығысы Шығыс пен Батыстың этноқұрылымдық дәстүрлерін анықтау мақсатында мәдениетаралық өзара іс-қимылды зерттеуді талап етеді.

Мәдени контекстті зерттеу де маңызды, өйткені ол білім беру инновацияларының шешуші шартына айналады. Осыған байланысты мәселені толық қамту осы мәселені жариялауға назар аударуды талап етеді деп санаймыз. Өйткені, толеранттылықты тәрбиелеу жастардың санасында мәдениетке, ұлтқа және әлемге негізделген. Мәдениеттің ұлттық құндылықтарын ұстану сіздің мәдениетіңізге ұқсамайтын, басқа мәдениетті жоққа шығаруды білдірмейді,



керісінше басқа мәдениетті, тілді толеранттылық призмасы арқылы құрметтеу және білу. Сондықтан, мәдени құндылықтарды тәрбиелеудегі мәдениаралық тәсіл жас ұрпақты оқыту процесінде өте маңызды деп санаймыз.

### Әдебиет

1. Аристотель / Сост. Г.Б. Корнетов. М., 2004. (Антология гуманной педагогики).
2. Аль Фараби. Избранные трактаты / пер. с арабск. – Алматы: Ғылым, 1994. – 448 с.
3. Коменский Я.А. Всеобщий совет об исправлении дел человеческих // Избр. пед. соч. – М.: Педагогика, 1982. Т.2. – С.285- 469.
4. Дистервег Ф.А. Руководство к образованию немецких учителей // Избр. пед. соч. – СПб, 1885.- Т.1 - 248 с.
5. Гершунский Б.С. Философия образования для XX века (В поисках практико-ориентированных образовательных концепций) – М.: Изд-во Интер-Диалект+, 1997. - 456 с.

УДК 573:37.091.3

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ БИОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛЕ

Немцева А.М.

Научный руководитель: Шарипханова А.С., к.б.н.,  
ассоциированный профессор

Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: ramazanova99.99@mail.ru

Естественно-научной основой экологического образования является биологическое образование. Биологическое образование заключается в том, чтобы основная цель была-организация взаимодействия всех живых организмов и человека на разных этапах развития планеты. Биологическое образование в современных условиях перестройки, а подвергаются изменению не только структура и содержание, напрашивается вопрос о наиболее главных проблемах биологического образования и путей их решения.

Вопрос качества образования требует соответствующей организации.

Вопрос качества образования требует создания системы диагностики, определяющей стили мышления, уровни интеллектуального развития и компетенции, и, самое главное, согласования образовательных программ и учебных планов.

И, самое главное, его актуальность для современных программ обучения биологии..

Модернизация биологического образования невозможна без новых идей, подходов и современных технологий.

Создание инновационных школ, издание современных учебников, переход на новые учебные программы.

Создание инновационных школ, издание современных учебников и переход на новую учебную программу -все это не дало качественных результатов.

Это может привести только к низкой методологической культуре и низким методологическим стандартам уровней преподавателей сегодня.

В XXI—веке основным звеном педагогической системы развития школ, должна стать коллективная деятельность учащихся, что будет способствовать развитию познавательной активности и их самостоятельности, направленной на решение определенных учебных задач. Кроме того в индивидуальном и групповом обучении когнитивная самостоятельная деятельность в группах является основополагающей.

Брыкин Ю.В, исходя из результатов педагогических исследований, что при организации индивидуально-групповой познавательной деятельности учащихся наблюдается наиболее эффективное и качественное усвоение учебного материала, а именно сократилось количество удовлетворительных оценок.

Качество знаний учащихся, обучающихся по современным методикам будет наиболее выше, чем у учащихся, обучающихся по традиционной. Это объясняется оптимальными условиями для развития органического сочетания репродуктивной и творческой деятельности школьников. К одним из таких методов можно отнести индивидуально групповую деятельность, дающую возможность использовать различные методы и формы, средства обучения биологии.

В индивидуально-групповой деятельности В.В. Пашетинич выделил следующие признаки:

Признание общей цели деятельности и мобилизация всех членов группы

Чувство взаимной ответственности и зависимости при выполнении работы;

Контроль педагога за контролем, коррекцией и оценкой результатов деятельности самих учеников;

Основные процессы узнавания, усвоения материала, его контроля и модификации происходят в ходе групповой работы, а оценка знаний, компетенции и навыков-это индивидуальная оценка каждого студента.

Современные методы обучения биологии определяют наибольший успех в решении проблем школьного преподавания биологии.

Сам предмет биологии можно считать структурно-ориентированным предметом, который предоставляет учащимся возможность реализовать свою личностную ориентацию в реальном времени. Разнообразие объектов и процессов, изучаемых на уроках биологии.

Разнообразие предметов и процессов, изучаемых на уроках биологии, предоставляет прекрасную возможность для информационного обеспечения обучения в целом и развития навыков мышления.

Эта специализация дает представление о перспективах развития преподавания биологии. Например, в классах гуманитарных наук обучение биологии является ценным способом взаимодействия с природой и жизнью. Например, в классах с гуманитарным уклоном обучение биологии ценно из-за ее привязанности к природе и жизни.

Модернизация методов преподавания биологии должна решить стоящие перед ними задачи. Это даст нам уверенность в том, что система обучения биологии будет находиться на передовых позициях и позволит нам подготовить молодое поколение. Содержание знаний, структура, методы и приемы обучения должны быть укреплены и адаптированы к изменяющимся потребностям молодого поколения.

Содержание знаний, их структура, педагогические методы и формы организации обучения должны быть направлены на непрерывное формирование педагогической культуры, а также наряду с мастерством будущих учителей биологии, возлагается и на современную педагогику.

Индивидуально-познавательное обучение обеспечивает форму организации учебного процесса, стимулируя студентов к поиску решений и формированию собственных идей. Индивидуально-познавательная значимость, востребованная современным обществом, обеспечивает форму организации учебного процесса.

Степень связи содержания образования с личностью и профессиональной деятельностью учителя биологии должна быть основным критерием качества подготовки студента.

Тесная связь обучения с практической деятельностью в природе является спецификой и уникальностью биологии как школьного предмета. В биологическом образовании выделяют следующие проблемы:

Низкое качество преподавания.

Снижение наполняемости классов.

Обновление учебно-материальной базы.

Расширение базовых знаний по теории предмета, методике преподавания биологии, психологии и т.д., а также переподготовка учителей.

Решение этих проблем позволит повысить качество преподавания биологии.

Новый школьный стандарт дает почву для новых идей и творческих находок, не ограничивает действия учителя в выборе методов и средств обучения, так же он является одной из главных тем в сфере образования, который вызывал и будет вызывать множество вопросов.

Для того чтобы изменить существующую систему образования, необходимо создать систему, позволяющую действовать поэтапно.

Единый национальный тест (ЕНТ) является одним из направлений модернизации биологического образования в школах; ЕНТ предусматривает

дифференциацию выпускников школ по уровню овладения биологическими знаниями и навыками, что гарантирует объективный набор абитуриентов в вузы.

Передовые технологии на современном этапе развития школьного образования дают возможность совершенствовать профессиональные навыки, расширять кругозор, приобретать базовые знания по биологии и ее систематизации, а также развивать следующие навыки, учебники и дополнительная литература, помогающие как ученикам, так и учителям развивать навыки самостоятельной работы.

### Список литературы

1. Меморандум непрерывного образования Европейского Союза. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.znanie.org/docs/memorandum.html>
2. Москвин Д. Перспективы развития неформального и информального образования в России - <http://dmitry-moskvin.livejournal.com/298825.html>
3. Дополнительное образование детей: педагогический поиск. Сборник научно-методических статей с международным участием / под общей редакцией Б.П. Черника. Вып. 2. - Новосибирск: Агентство «Сибпринт», 2020. – 240 с.
4. Макарова Е.А. Дисциплина «экологическая психология и педагогика» в профессиональной подготовке бакалавров «экологии и природопользования».
5. Методология преподавания биологии в средней школе [Электронный ресурс].
6. Современные — методы — преподавания — биологии. Информационно-коммуникационные технологии [Электронный ресурс].
7. Проблемы и перспективы биологического образования [Электронный ресурс].

ӘОЖ 37

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ, ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Нугуманова А.С.

«Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені КММ

Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі,

Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылы, e-mail: [ainura.8612@mail.ru](mailto:ainura.8612@mail.ru)

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген

асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін.

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі

таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын.

Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез-келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі белгілі. Отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе, айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, сондай-ақ, жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «құрмет көрсетіліп, қастерленуі» тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді.

«Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Осы жерде еліміздің тарихы жетекші орын алады. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, мектептегі тарих сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу күрделі міндет. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен

шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра — батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары. Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, ақын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері оқушыларының бойында отаншылдық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор.

Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ ең басты отбасында асқақ отансүйгіштік сезімге тәрбиеленуі тиіс. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» - деген екен. Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалы зор. «Отан отбасынан басталады»-дейді дана халқымыз, отанды сүйу – отбасынан басталатыны рас. Сондықтан да бала тәрбиесінде шешуші факторы – отбасы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады.

Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениет тарихын, бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу, Л.Толстой айтқандай, айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен пара-пар. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

Ойымның қорытындысын, Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген сөзімен аяқтағым келіп отыр. Сондықтан ел болып, жұрт болып ұрпақ тәрбиесін қолға алу басты шаруа. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта аламын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы, Литера, 2000,8-бап.
2. Н.Ә.Назарбаев «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл- ауқатының артуы», Алматы, 1997.
3. Ақжайықтың ақберендері. Алматы, 2005.
4. А.Жұбанов.Ғасырлар пернесі. Алматы, 2002.
5. Источник: <https://www.tarbie.kz/27488>

ӘОЖ 80 (8)

### **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ**

Нугумаров Р.К.

«К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ  
Абай облысы, Аягөз қ., Қазақстан, jumagulova\_17\_83@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев тамыз педагогикалық конференциясында сөйлеген сөзінде: «Жаһандану және жаңа технологиялардың қарқынды дамуы дәуірінде адами капиталға қойылатын талаптар өзгерді. Сапалы білім бүгінгі таңда табысқа апарар жол және экономикалық дамудың басты құралы болып табылады. Ұлттық білім беру жүйесінің озық дәстүрлерін сақтай отырып, Қазақстан бір орында тұрмауы керек. Басты үміт барлық жаңалық пен озық нәрсеге ашық ұрпақ тәрбиелеуге қабілетті ұстаздарға артылады деген болатын.

Педагогикалық ұжымның алдына қойылған міндеттерді шешу, білім беруді дәстүрлі білімнен сапалы білімге көшіру үшін ең алдымен мұғалімдер тәжірибесіне өзгеріс енгізу қажет. Біз ұстаздар заман талабына сай болуымыз керек. Міне осы мақсатта біз мектеп тәжірибесіне сабақтағы және іс әрекеттегі зерттеулерді жүйелі түрде енгізе отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етеміз. Бүгінгі күні әр педагогтың негізгі мақсаты – өз кәсіби деңгейін үнемі дамытып отыру. Ал бұл жұмыстың ең тиімді әрі қолжетімді екі түрі: сабақтарды бірлесе жоспарлау, өзарасабақтарға қатысып, оларды жақсарту мақсатындаталдау мен талқылау. Осы екі әрекетті де қамтитын бірден бір құрал - Сабақты зерттеу әдісі. Сабақты зерттеу әдісі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді амалы. Сондай-ақ, сабақты зерттеу:



- Оқушылардың оқу дағдыларының дамуына, оқуының жақсаруына, өзін-өзі тануымен танытуына;

- Мұғалімдердің сабақты зерттей отырып өзінің әдіс тәсілін оқушының оқуының жақсаруына бағыттауына, оқу процесін басқа әріптестерімен бірлесе отырып басқаруына;

- Мектептің мәдениетінің қалыптасуына, яғни мұғалімдердің кәсіби даму ортасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Lesson study сонымен қатар жақсы мектеп мәдениетін қалыптастырады. «Жақсы мектеп мәдениеті» дегеніміз – ол мұғалімдер арасындағы тығыз қарым-қатынас. Мұғалімдер арасындағы тығыз қарым-қатынас сапалы білім беру мен оқушылардың жоғары бағалануына әкеледі. [1, 48-бет]

Сабақты зерттеу тәсілі 2019-2020 оқу жылынан бері мектеп тәжірибесіне енгізілген және тұрақты жүргізіліп келе жатыр.


2019 жылы Сабақтағы зерттеу тобы: Нугумаров Р.К., Турысбеков М.М., Жумагулова А.Р., Жолбарысова М.Б. Өскемен қаласында ПШО және НЗМ ұйымдастыруымен өткен «**Іс – әрекеттегі зерттеу және Сабақтағы зерттеу** Қазақстандық мектептерде жүзеге асыру тәжірибесі» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып «Сабақты зерттеу үдерісін мектеп тәжірибесіне енгізу тақырыбында» іс-тәжірибелерімен бөлісіп, дипломдармен марапатталды.



Сурет 1. 2019 жыл. Сабақтағы зерттеуді талдау

2021 жылы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «**Іс әрекеттегі зерттеу және сабақты зерттеу: Білім беру мекмелерінде жүзеге асыру тәжірибесі**» тақырыбында

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына 15 мұғалім қатысты. [2, 28-бет]



Сурет 2. Сабақтағы және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарының мониторингісі.

Осындай нәтижелі жұмыстар көрсеткіші бойынша мектебіміз 2021 жылдан бастап жетекші мектеп болып келеді. Жетекші мектептің қызметі мұғалімді дайындау емес, дайын білімді тереңдетуге және жетілдіруге бағытталады, яғни мамандардың бір орында қалып қоймай кәсіби дамуына ықпал ететін қызметті жүзеге асыратын мектеп деуге болады. Жетекші мектептердің негізгі атқаратын рөлі – серіктес мектептерге қолдау көрсету. Жетекші мектептердің басты ұстанатын қағидаттары білім саласындағы қандай болмасын жаңалықтар мен өзгерістерге ашық болуы, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлау, үнемі кәсіби дамыту. Жетекші мектептің қызметі тек жетекші мектеп үшін ғана емес, сондай-ақ әдістемелік қызметтің түрлерін ұйымдастыруда жүйемен жауапкершіліктің болуы шарт. [ 2, 28-бет]



Сурет 3. Жетекші мектептермен жүргізілген жұмыстар.

Жетекші мектептердің негізгі де басымдық беретін қызметі – серіктес мектептерге қолдау көрсету. Жетекші мектептердің басты ұстанатын қағидаттары білім саласындағы қандай болмасын жаңалықтармен өзгерістерге ашық болу, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлау, үнемі кәсіби даму. Міне осы орайда Аягөз аудандық білім бөлімінің оқу, ғылыми, ұйымдастырушылық,

әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен жетекші мектептердің жоспарына сәйкес биылғы оқу жылында серіктес мектептерге қолдау көрсету мақсатында «А.Көшкімбаева атындағы ЖББОМ» КММ-нің ұстаздарына мұғалім тәжірибесіндегі зерттеулер бойынша мектебіміздің тренерлері «Сабақтағы зерттеу жұмысын жүргізу» бойынша тренерлік көмек көрсете отырып, зерттеу жұмысын жүргізу оны серіктес мектеп тәжірибесіне енгізуде қолдау көрсетті.

Сонымен қорыта айтқанда мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін жетілдіруде, ал оқушының оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда Лессон стади әдісінің берері көп. Бұл зерттеу тәсілдерін іске асыру барысында мектеп жүйесін жетілдіру үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының әлеуеті кеңінен қолданылады. Сол арқылы мұғалімдерде бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті қалыптасады. [ 3, 27-бет]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу//2018жыл, Астана
2. Қ.Жұбанұлы «Қазақ тіл білімінің мәселелері»

ӘОЖ 373.5 (574)

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ МЕН ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ**

Нұрғали Б.Е.

Ғылыми жетекші: Килыбаева Г.К., сениор-лектор, магистр  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: nurgali.botagoz@bk.ru

Адамның тұлғалық дамуы өмір бойы жүреді. Әрбір тұлға туа біткен қасиет пен қабілетке сәйкес, қоғамдық тәжірибені меңгеру арқылы да қалыптасады. Егер біз бастауыш сынып оқушысы туралы айтатын болсақ, онда біз 6-10 жастағы бала туралы айтып отырмыз. Мұндай жасты балалық шақтың шыңы деп атайды. Бала бойында көптеген балалық қасиеттер сақталады – немқұрайлылық, қарапайымдылық, үлкенге төменнен жоғары қарау. Дегенмен, оның ойлау үлгісі қазірдің өзінде басқаша. Оқыту ол үшін маңызды қызмет. Мектепте ол жана білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Баланың қызығушылықтары шеңбері, құндылықтары, оның өмірінің барлық тәртібі өзгереді.

Бастауыш мектеп жасы – мектеп өмірінің басталуы. Оған ену арқылы мектеп жасына дейінгі бала оқушының ішкі позициясын, оқу мотивациясын алады. Ол үшін оқу қызметі жетекші орынға айналады. Бұл кезеңде балаларда абстрактілі түсінік қалыптасады, олар жана білім, дағдыларды игеріп, олардың барлық әрі қарай оқуына қажетті негізді қалыптастырады. Бірақ оқу іс-әрекетінің маңызы мұнымен шектелмейді, бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын

қалыптастыру оның тиімділігіне тікелей байланысты. Мектептегі үлгерім баланы ересектер мен құрбы-құрдастары тұлға ретінде бағалаудың негізгі критерийі болып табылады. Үздік оқушының немесе үлгермеушіліктің позициясы баланың өзін-өзі бағалауынан, оның өзін-өзі құрметтеуінен және өзін-өзі қабылдауынан көрінеді. Табысты оқу, кез келген тапсырманы сапалы орындауда өзінің қабілеті мен дағдыларын білу құзыреттілік сезімін қалыптастыруға әкеледі [1].

Баланың дүниетанымы адамгершілік, дүниетанымдық көзқарастары мен ұғымдары аясы қалыптасады. Оның сезім әлемі, көркемдік тәжірибелері байып, хоббиінің ауқымы кеңейеді. Демек, қарастырылып отырған тақырып өте өзекті, себебі қоғам өмірі баланың жеке басының қалыптасуында өз ізін қалдырады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының айналасындағы адамдармен: отбасында, мектепте, сыныпта, өзі мүшесі болып табылатын әрбір топта немесе ұжымда жасайтын тікелей қарым-қатынастары ерекше мәнге ие.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық даму мәселелерін көптеген ғалымдар зерттеген. Айта кетсек, тұлғаны дамыту мәселелерін Қ.А.Әбілханова, А.В. Мудрик, Н.М. Платонова және т.б қарастырған.

Психологияда тұлға категориясы негізгі анықтамалар қатарына жатады. Оны психология, философия, педагогика, әлеуметтану т.б ғылымдар зерттейді. Тұлға деп оның қоғамдық даму барысында алған әлеуметтік және өмірлік қасиеттерінің жиынтығында түсініледі.

Психологтар «тұлға» ұғымына әртүрлі анықтамалар берген. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетсек, А.Г. Маклаков тұлға әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарда көрінетін, оның адамгершілік іс-әрекетін анықтайтын және өзі үшін және айналасындағылар үшін маңызды рөл атқаратын тұрақты психологиялық сипаттары бар адам десе, Б.Г. Ананиев тұлға әлеуметтік мінез-құлық пен қарым-қатынас субъектісі деп анықтама берген. Ал, А.В.Петровский адам, сондай-ақ әлеуметтік индивид, қоғамның таным және объективті түрлендіру субъектісі, сөйлейтін және жұмыс істеуге қабілетті парасатты тіршілік иесі деп тұжырым жасаған.

Көбінесе «тұлға» ұғымының мазмұны басқа адамдардың қарым-қатынасында құнды әрекеттерді белгілейтін тұлғаның тұрақты қасиеттерін қамтиды. Тұлға – белгілі бір қоғамның, белгілі бір әлеуметтік категорияның өкілі, белгілі бір қызмет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға өзіндік көзқарасын түсінетін және дара психологиялық ерекшелік белгілері бар белгілі адам. Тұлға – жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жүйесі, әлеуметтік құндылықтардың даму дәрежесі және оның осы құндылықтарды жүзеге асыру қабілеті [2].

Кең мағынада тұлға - бұл бір адамды екіншісінен ішкі жағынан ерекшелендіретін нәрсе, оның барлық психологиялық қасиеттерінің тізімі. Бұл бейнелеуде «тұлға» азды-көпті күшті деп саналатын және оның адамдар үшін маңызды іс-әрекеттерін белгілейтін адамның қасиеттері туралы айтатын адамның өзіне тән белгілерін қамтиды.

«Жалпы тұлғаның барлық бейімділіктерінің түпкілікті дамуын қамтамасыз ету үшін оқытудың бағыты мен сипаты жетілген психикалық күштердің қажеттіліктеріне сәйкес келуі және олардың кейінгі жетілдірілуіне түрткі болуы керек», - дейді кеменгер ұстаз Ш. А. Амонашвили. Ол алты жастан бастап балалардың қабілеттерін дер кезінде іске асыруды ұсынды. «Педагогикалық үдеріс баланың ішкі күштері мен мүмкіндіктерінің әрекетін белсендіретіндей және оны тәрбиелеуге ықпал ететіндей етіп құрылуы керек деп тұжырым жасаған. Мектепте оқудың басталуы балалардың қоғамдағы дамуында үлкен өзгерістерге әкеледі. Ол «қоғамдық» типке айналады және әлеуметтік маңызды тікелей міндеттерге ие болады, олардың орындалуы әлеуметтік бағаға ие болады. Нақты қарым-қатынастардың бүкіл ұйымы қайта құрылады және оның мектептегі жаңа жағдайларды қаншалықты сәтті жеңу дәрежесімен айтарлықтай анықталады.

Баланы білім беру мекемесіне қабылдау балалар үшін жаңа өмір салтына, жаңа жетекші қызметке көшуді білдіреді - бұл баланың бүкіл жеке басының дамуына түбегейлі әсер етеді [3]. Баланың жеке басын мақсатты, қарқынды қалыптастыру балалардың бүкіл өмірі мен іс-әрекетін педагогикалық тұрғыдан дәл ұйымдастыру жағдайында ғана жүзеге асырылады, өйткені баланың нақты өмірі мен іс-әрекетінде оның тұлғасы қалыптасады. Бала тұлғасының дұрыс көпжақты дамуы үшін Макаренконың пікірінше, кең саяси білім, жалпы білім, кітап, газет, еңбек, қоғамдық белсенділік қажет. Сондай-ақ - ойын, ойын-сауық, демалыс.

Қоғамның қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары қазіргі білім беру үрдісіне қойылатын талаптарды қайта қарастыруды қажет етеді. Тәрбиенің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тұлғаны қалыптастыру, табиғи мүмкіндіктерін толық іске асыруға жағдай жасау. Бұл мәселені шешудің табыстылығын сипаттайтын жағдайлардың ішінде мектеп оқушыларын білім берудің алғашқы жылдарынан бастап оқушыға бағытталған оқу-тәрбие процесіне қосу басты орындардың бірі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушылары – бала тұлғасының ең маңызды қасиеттері қалыптасатын құнды кезең. Бұл жастың өзіне тән белгілері – жаңа дүниені білу, жаңа әсер алу болып табылады. Бірақ олардың өміріндегі басты орын эмоцияларға тиесілі. Өзі, жолдастары, құрбылары, сыныптастары, кейбір фильмдердің кейіпкерлері туралы идея ересектердің бағалауы негізінде құрылады. Ересек ортада байқалатын келеңсіз жағдайлар балаларға да әсер ететінін есте ұстаған жөн. Бастауыш сынып оқушыларының жеке басының дамуының негізі болып табылады, өйткені бұл кезеңде ең жоғары сезімталдық және әрекетке дайындығы байқалады. Сондықтан бұл жаста жеке тұлғаның дағдыларын байытуға, қабілеттерін ашуға және бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі ашуына және өзін-өзі жүзеге асыруына жол ашуға қолайлы жағдай туғызу қажет.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Эльконин Д.Б. Психическое развитие в детском возрасте [Текст]/Д.Б. Эльконин. // Под ред. Д.И. Фельдштейна. – М.: Институт Практической психологии; Воронеж: НПО «МОДЭК», 2001. – 416 с.

2. Қалиев С. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері.-А.2002 ж

3. Казанская В.Г. Личность ученика и учителя в начальной школе[Текст] / В.Г. Казанская. – СПб.: КАРО, 2004. – 208 с.

УДК 433

## **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У ШКОЛЬНИКОВ-СПОРТСМЕНОВ В СИСТЕМЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА**

Нурсултанова Н.М.

КГУ "Восточно-Казахстанская областная специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва для одаренных детей в спорте", г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: nurgul.nursultanova@mail.ru

Основная задача школы в условиях обновленной программы образования состоит не только в том, чтобы сформировать прочную основу знаний, умений и навыков, но и максимально целенаправленно развивать умственную активность учащихся, научить их самостоятельно пополнять и обновлять знания, сознательно их использовать при решении учебных задач, формировать их учебные умения. При решении этих задач особое внимание заслуживает экологическое образование учащихся.

Практические умения входят в категорию общих умений учебного труда. Формирование в школе таких умений является одним из наиболее трудных и сложных процессов.

Анализ психолого-педагогической, научно-методической литературы, практики школы подтверждают актуальность темы исследования.

Проблема исследования вытекает из вскрытого противоречия между практической необходимостью развития учебных умений и недостаточной изученностью данного вопроса в системе экологического образования и воспитания. Это послужило основой для выбора темы исследования: «Развитие практических умений в системе экологического образования и воспитания с использованием регионального компонента».

Решение проблемы составляет цель исследования. Цель исследования состоит в том, чтобы раскрыть специфику развития практических умений у учащихся общеобразовательной школы с использованием регионального компонента.

Для достижения указанной цели поставлены следующие задачи:

- 1) Раскрыть теоретические основы развития практических умений;
- 2) Изучить состояние развития практических умений на практике;

3) Сконструировать модель практических умений, формируемых в системе экологического образования при изучении регионального компонента;

4) Разработать систему заданий для развития у учащихся практических умений при изучении регионального компонента;

Для решения поставленных задач использованы следующие методы исследования: анализ литературы, опыта работы передовых учителей школ, наблюдение, педагогический эксперимент.

Гипотеза состоит в том, что специально разработанная система заданий на развитие практических умений позволяет эффективно формировать их в системе экологического образования и воспитания с использованием регионального компонента.

Лучшее владение практическими умениями способствует и лучшему усвоению изучаемого материала.

Методологической основой исследования являются: теория поэтапного формирования умственных действий, современные педагогические, методические и практические исследования, раскрывающие механизм умственной деятельности в системе экологического образования и воспитания.

Практическая значимость работы заключается в разработке методики формирования практических умений в системе экологического образования и воспитания с использованием регионального компонента.

Эффективность данной методики подтверждается результатами практических работ по географии в 9 классе. Значительная часть программы была реализована системой практических работ, в которых предусмотрены разные виды деятельности учащихся непосредственно с объектами и явлениями природы, с моделями географической действительности (географическими картами, графиками и диаграммами), предусмотрено моделирование. Что, в свою очередь, позволяет в конечном счете формировать у учащихся общеобразовательных школ практические умения.

Задача повышения качества обучения требует активизации поисков в области совершенствования методов обучения. В свете современных требований необходимо не только сформировать прочную основу знаний, умений и навыков, но и максимально целенаправленно развивать умственную активность учащихся, научить их самостоятельно пополнять и обновлять знания, сознательно их использовать при решении учебных задач, формировать их учебные умения.

Один из центральных вопросов обновления школы на современном этапе - определение такого содержания общего среднего образования, которое соответствовало бы современным потребностям общества.

Представляется разумным при обосновании базового уровня по предмету идти от категории "культура выпускника школы" определять вклад данного предмета в общее образование, воспитание и развитие с учетом специфики и уникальности данного предмета. [8, 6]

Школьная география воспитывает у подрастающего поколения географическую культуру, этапы формирования которой можно представить в виде: знания- географическое мышление - географическая деятельность. [3, 28]



При условии решения поставленных образовательно-воспитательных задач и достижения намеченной цели географического образования учащийся средней школы должен уметь [1, 30]:

- давать оценку изучаемых (или встречаемых в жизни) географических, экологических, природоохранных и других явлений с точки зрения современных социально-общественных позиций;

- владеть географическим языком;

- пользоваться различными источниками географической информации (атласами, статистическими справочниками, профилями, литературой, сетью ИНТЕРНЕТ и др.) для получения необходимой информации о географических объектах, явлениях, компонентах;

- анализировать причины возникновения тех или иных явлений - как связанных с изучением географии, так и встречающихся в реальной жизни;

- всесторонне оценивать ту или иную географическую, экологическую ситуацию и находить оптимальное её решение;

- предвидеть динамику и последствия тех или иных географических и экологических явлений;

- анализировать текущую географическую информацию, следить за логикой развития соответствующих событий;

- аргументировано и логично вести научно-географическую дискуссию;

- анализировать географические явления пространственно,

- территориально, привязывать их к географической карте.

Выделение базового уровня по географии позволяет определить требования к овладению школьниками необходимого, обязательного для всех групп умений, усвоение которых возможно с помощью специально разработанных заданий. [4, 41]

Обязательный уровень включает овладение такими умениями [6, 35]:

Умения с помощью различных источников географической информации:

- рассказывать о составе географической оболочки, ПК; о вкладе в развитие географической науки учёных разных времён и народов;

- составлять краткие описания и характеристики географических объектов (гор, равнин, озёр, почв и т.д.);

- устанавливать и объяснять связи между компонентами природы (климат-рельеф, рельеф- климат - внутренние воды - почвы и т.д.);

- объяснять и давать простейшие оценки размещению основных природных ресурсов своей местности;

- объяснять влияние природных условий на жизнь и хозяйственную деятельность человека на примере своей местности;

- выявлять неблагоприятные явления природы, их влияние на жизнь и деятельность человека.

На основе анализа методической литературы и опыта работы передовых учителей стран СНГ нами выделены условия для успешного формирования этих умений [10, 43; 9, 123]:

- 1) свободное владение этими умениями самим учителем;



- 2) наличие в кабинете и у каждого учащегося необходимого оборудования;
- 3) понимание учащимися практической значимости формируемого умения;
- 4) необходимость отработки умения в тренировочных упражнениях.

Практические работы должны строиться с учётом географического содержания курса и иметь своей главной целью сообщение географическим знаниям учащихся большей сознательности, конкретности и прочности. Практические работы должны быть связаны в возможно большей степени с непосредственными восприятиями учащихся и краеведческим изучением окружающей школу местности. Формирование географических понятий должно опираться в конечном счёте на непосредственные наблюдения учащимися природы и жизни людей. [12, 156; 2, 201]

Практические работы должны быть построены в определённой логической системе, соответствовать программе и постепенно усложняться, опираясь на пройденный материал. Задачи, поставленные перед учащимися, должны быть чётко сформулированы, понятны и доступны. [13, 37]

Сегодня картографическая грамотность становится необходимой каждому человеку в повседневном быту, она нужна современному человеку не менее, чем компьютерная. Необходимо ввести в школьное образование популярное, но достаточно подробное знакомство с космическими методами в географии и с космическими снимками. Без этого невозможны охрана природы, рациональное использование природных ресурсов, решение всего комплекса острых экологических и хозяйственных проблем, стоящих перед обществом. [7, 22]

Таким образом, можно сформулировать основные принципы совершенствования обучения в школе элементам картографической грамотности [5, 62]:

- 1) изучение видов и типов карт, атласов, аэро- и космических снимков;
- 2) освоение языка карты (системы условных знаков, картографические способы изображения, правила генерализации);
- 3) умение работать с картами (чтение, сопоставление, анализ, владение простыми навыками извлечения информации).

Экология на современном этапе развития общества – один из предметов мировоззренческого характера, формирующий у школьников комплексное, социально ориентированное представление о Земле как о планете людей. Этот курс знакомит школьников с региональным подходом как особым методом научного познания, несущим особую ответственность за формирование у школьников гуманистического мировоззрения, воспитания ответственного поведения в окружающей среде. [11, 9]

Необходимо сформировать также, экологическую грамотность и экологическую культуру учащихся об особенностях природных условий Восточного Казахстана, о рациональном использовании его ресурсов.

Программа по курсу «Экология г.Усть-Каменогорска» для 9 класса (Таблица 1) предусматривает возможный уровень экологической подготовки учащихся с учетом индивидуальных возможностей. Он реализуется через

проведение практических работ, которые предусматривают выездные экскурсии. Первая глава дает общие представления об экологии, экологических факторах и методах исследования. Вторая глава посвящена полному изучению экологических проблем г. Усть-Каменогорска. В третьей главе даются пути решения этих проблем.

Для внедрения программы в учебный процесс была поставлена следующая цель: Изучить родной край как часть экосистемы и на основе знаний многообразия и целостности окружающей среды сформировать убеждения о необходимости сохранения планеты для будущих поколений. Как правило выполнение практических работ предусматривает выездные экскурсии: на Зырянское месторождение полиметаллических руд, на Бухтарминское водохранилище, на станцию Жангиз-Тобе, на насосный и асфальтовый заводы в с. Калбатау. Рассматривая компоненты природы, учащиеся учатся давать им характеристику, делать сравнительный анализ, составлять модель экологических систем, прогнозировать процессы экосистем окружающей среды.

В результате, в конце изучения курса учащимся было предложено ответить на несколько вопросов:

При выполнении практических работ: было трудно выполнять - 60 %; было интересно – 100%; было легко, интересно – 40%; было трудно, интересно – 60%.

Каково экологическое состояние окружающей среды города? Оценка «5»- 15%; «4»- 20%; «3»- 65%.

Какие компоненты природы наиболее загрязнены? Воздух- 30%; вода – 25%; почва – 25%; растительный мир- 40%; животный мир- 45%.

Возможно ли полное восстановление природы района? Да- 15%; нет- 35%; частично возможно – 50%.

Необходимо ли полное восстановление природы родного края? Да- 60%; нет- 40%.

Таким образом, если в начале изучения начального курса географии большинство учащихся испытывали любопытство, то в конце обучения у большинства школьников появился интерес к предмету. Учащиеся, справившиеся с заданиями III уровня в начале обучения составили наименьшее количество обучаемых (13%), но в конце обучения их количество увеличилось (до 38%) в связи с преодолением трудностей, недопонимания. Процент учащихся увеличился также за счёт повышения интереса к предмету, благодаря занимательным практическим работам, а также те учащиеся, которые в начале обучения испытывали трудности и выполняли задания I и II уровня к концу обучения попытались и справились с заданиями III уровня.

Следует отметить, что в конце обучения уже 90% обучаемых испытывали интерес к предмету. И главная задача каждого педагога-географа сделать так, чтобы этот интерес не терялся и не иссякал. Остаётся малый контингент учащихся (10%), которые равнодушны к предмету и не испытывают никакого интереса. Это связано с многими проблемами, которые имеются на сегодняшний день в системе образования, это и нехватка школьного инвентаря, новых учебников и другие проблемы.

### Список литературы

1. Баринаова И.И. О базовом уровне географического образования выпускника средней школы / И.И. Баринаова // География в школе. - 1990.-N24.- С.30-32.
2. Берлянт А.М. Карта-второй язык географии / А.М. Берлянт.- М.: Просвещение, 1985.- 166 с.
3. Берлянт А.М. Картографическая грамотность и географическое образование: проблемы переориентации / А.М. Берлянт // География в школе. - 1990.-N22.- С.28-31.
4. Герасимова т.п. Практические работы нового вида в 6 классе / т.п. Герасимова // География в школе. - 1990.-N24.- С.41-45.
5. Кабанова-Меллер Е.Н. Психология формирования знаний и навыков у школьников / Е.Н. Кабанова-Меллер.- М.: Просвещение, 1962.- 128с.
6. Крылова О.В. Формирование практических умений и организация предметно-практической деятельности учащихся / О.В. Крылова // Интересный урок географии: Учеб. изд. - М.: Просвещение, 1989.- С.35-52.
7. Лиознер В.Л. Задания, помогающие формировать и проверять умения оценивать и прогнозировать изменения окружающей среды / В.Л. Лиознер, И.Б. Митрофанова // География в школе. - 2000.-N27.- С.22-25.
8. Селевко г.к. Личность ребёнка как объект и субъект в образовательной технологии / Г.К.Селевко.-М.: Школьная Пресса, 2000. - С. 6-10.
9. Сиротин В.И. Самостоятельные и практические работы по географии в 6-10 классах: Учеб. пособие / В.И. Сиротин .- М.: Просвещение, 1991.- 235 с.
10. Современный урок географии. Ч. 2: Методические разработки уроков с использованием новых педагогических технологий обучения / Ред.сост.И.И.Баринаова. - М.: Школа-Пресс, 2001. - 80 с.
11. Школа экологического выживания /Под.ред. Г.С. Чеурина.- Алматы: Демееу, 1994. 25 с.
12. Щенёв В.А. Приёмы учебной работы учащихся в курсах физической географии / В.А. Щенёв.- М.: Просвещение, 1979.- 243 с.
13. Ялышева Л.В. Развитие познавательной деятельности школьников / Л.В. Ялышева // География в школе. - 1999.-N23.- С.37-39.

УДК 378

### ӨЗІН ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІН ОҚЫТУДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Орынтаева А.Т.

«К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ  
Аягөз, Абай облысы, Қазақстан, jumagulova\_17\_83@mail.ru

Қазіргі таңда сапалы білім беру мәселесі қоғамды толғандырып отыр. Қарыштап дамып келе жатқан технологиялық прогресс кезеңінде өскелең ұрпақтың білім деңгейі заманауи талапқа сай болуы қажет.

Сол себепті ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, топтарда әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақты құру мұғалімдерден көп шығармашылық ізденісті талап етеді. Ол үшін ең алдымен топтық жұмыстарға назар аудару керек.

Топтық жұмыс оқушылардың сүйікті жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. «Неге?» деген сұрақ туындайды, себебі, оқушылар үшін ең маңыздысы – қателік жіберіп алмау деген қорқыныш сезімін жеңу, өзіне деген сенімділіктің пайда болуы. Топтық жұмыстың нәтижесінде оқушылар берілген материалды жақсы меңгереді. Олардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді, сонымен қатар топтық жұмыс сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларына сабақта топтық жұмыс жүргізу тартымды болып табылады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, топтық жұмысты алғаш ұйымдастыру сәтсіз болуы мүмкін: артық шу, баяу жұмыс жасау, оқушылардың бірігіп жұмыс жасай алмауы және т.б. Бірақ уақыт өте келе оқушылар топтық жұмыс жасауға біртіндеп үйрене бастайды. Сонымен қатар топтық жұмыс оқытуды өз бетінше ұйымдастыру түрі болып табылады.

Ынтымақтастық оқу дегеніміз - өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Оқушылармен топпен жұмыс жасау бастауыш сынып оқушылары ойын түрінде, ертегі түрінде өтілген сабақтарға жаттыққан. Топпен жұмыс жасау арқылы оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауға деген ынталары арттырады. Топтық жұмыстарды тақырыпты ашу және тапсырмаларды орындау кезеңдерінде жиі қолданған жөн. Тапсырманы орындау барысында барлық оқушы жұмыс жасауға талпынады. Біреуі сурет салады, біреуі жазады, біреуі өз ойын ортаға салады. Әр топ өзіне берілген тапсырманы жүйелі, тартымды, қызықты орындауға үйренеді. Әр сабақты өткен кезде топ ішінде топ басшысын сайлап, тобындағы хатшысы, қорғаушы тайм кипер рөлдерді бөліп сабақты қызықты орындауға тырысамын. Бірлескен оқуда оқушылар ұйымшылдықпен ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жасайды. Бір-бірін тыңдауды, сыйлауды, қолдауды үйренді. Топ көшбасшылары өз құрдастарын оқытуды, өз тобын алға тартуды үйренеді. Оқушылардың бірлесе жұмыс жасау мүмкіндігі олардың ұтымды түрде оқуына және есте сақтауына, сол алған білімді қолдана білуіне аса қажет. Топтық жұмыста барлық топ мүшелері алдына қойған мақсатты бірлесе шешеді. Олардың бойында өз тобын алға жетелеуге бағытталған сезім пайда болады. «Бәрі бірі үшін, бірі бәрі үшін» жұмыс жасайды. [2]

Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқытушы мынандай мақсаттарға жетеді:

- үйрену үрдісінде оқушылардың әрқайсысы бір - бірімен жеке қарым - қатынас орнатады;
- оқушылар туындаған өзіне деген сенімсіздік пен қобалжудан қорқыныштан, жасқаншақтықтан арылады;

- әр оқушы өзінің қабілеттері мен ерекшеліктерін ашуға, көрсете білуге жағдай жасалады;
- оқушылар арасында еркіндік және сенім атмосферасы қалыптасады;
- оқушылар топ жұмысында позитивтік, конструктивтік, шығармашылдық қағидаларды ұстанады.

Топтап оқытудың пайдасы туралы Ибн Сина Әбу Әли Хусейн Ибн Абдолла(Авиценна 980-1037) былай деген болатын: «Егер бала жалғыз оқып, сыныптастары жоқ болса, бұл оқытушы мен үйретушіге ортақ қынжылыс болмақ. Сондықтан ең жақсысы- балалар оқу тәрбие үдерісінде үлгілі мінезге бір-бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды ұйымдастыру».

Оқушыларды ұжымдық оқытудың төмендегідей пайдасы бар:

1. Оқушылар оқу және тәрбие үдерісінде ғылымға сусап тұрады. Өз білімдерін мақтан тұтып, досының білімін қызғанады. Намыс пен мақтаныш тәрбиеленушіні өзгелерден кейін қалмауға міндеттейді.

2. Оқушылар кездескенде үнемі сөйлеседі, сонымен естерін және шешендігін дамытады. Егер балалардың біреуі жақсы сөз естісе және оны құрбыларына айтса, онда балалардың естері дамиды және өзін-өзі оқыту жүреді. [2]

Оқушылардың белсенділігі зерттелген кезде өзін сабақта төмен көрсетіп жүрген оқушының бойындағы ашылмаған жаңа қырлары көрінеді. Оған сыныптастары басқа көзбен қарай бастайды. Топ өзінің ережесін шығара отырып оны орындауға тырысады. Олардың бойларында формативті бағалау кезінде басқа топтардан қалмау керектігі туралы, білімін көрсету, мақсатқа жету туралы бәсекелестік пайда болады. Сыныпта топтық, ынтымақтастық атмосфера туады. Топ ішінде шешілмейтін мәселе болмайтынын оқушылар түсіне бастайды. Әр оқушыда танымдық түрткі пайда болып, оқуға деген қызығушылық туады. Әр сабақта топ құрамы өзгеріп отыру керек. Топ барлық сабақта тек бір оқушылардан ғана тұрмағаны жөн. [3]

Топ ішіндегі туындаған эмоционалды әрекет кезінде оқушылар арасында жағымды байланыс пайда болады. Олар өзге оқушыларды да түсінуге тырысады. Оқушылар арасында басқа топ мүшесімен диалог құру, сұрақтар қою, өзгені тыңдау, өзінің көзқарасын қорғау, қорытынды шығару дағдылары пайда болады.

Қорыта келе, топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады. Топтық жұмыс оқушы белсенділігін арттыруда үлкен жетістікке жеткізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Килыбаева.Г.К. «Дидактикалық материалдарды қолдану арқылы топтық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері».

## ҰЛЫҚТЫ СӨЗ ТАҒЫЛЫМЫН ТАНЫТУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АЛҒЫШАРТЫ

Оспанова Л.К.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» КММ, Жетіарал ауылы, Lauraospanova2019@gmail.com

Тақырыптың өзектілігі: Халықтың рухы мен өмірі тікелей оның таным-түсінігі мен болмысына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда ұлт пен ұрпақ тәрбиесі маңызды болып келеді. Қазақ сөзтанымындағы қанатты сөз, нақыл сөз, афоризмдердің мақсаты мен міндетіне тоқтала отырып, ұлықты сөз мағынасына түсініктеме беру маңызды. Бұл баяндама жаһандық қауіп-қатер кезінде ұрпақ тәрбиесіне мән беру және адами қасиеттерді тәрбиелеуге өзек болар сөздерді талдап, танытумен дараланады.

Жұмыстың мақсаты: Ұлықты сөз атауына даналық сөздердің, нақыл сөз, афоризмдердің маңызы мен мәнін талдау, тәрбие мен тәлімнің құралы ретінде ұсыну.

Жұмыстың міндеті: Жүсіп Баласағұн, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері мен қанатты сөздерін, халық даналықтары, мақал-мәтелдерді талдау арқылы ұлықты сөз мағынасын ашу.

Жұмыстың құрылымы: Кіріспе ретінде баяндаманың алғысөзі қазіргі кездегі таным мен түсінікке, әсіресе, жаһандану кезіндегі жас ұрпақ тәрбиесіндегі олқылық, адамгершілік тәрбиесіндегі қауіп-қатер тұрғысында баян етеді. Негізгі бөлімде сөз төркіні мен ұлықты сөздердің мән мағыналары талданып көрсетіледі. Қорытынды бөлімде атқару керек біршама жұмыстарға сілтеме жасай отырып, ұстаздар қауымына үндеу жасалады.

Күтілетін нәтиже: Ұрпақ пен ұлт тәрбиесіндегі өзекті мәселе тек ұлт қана емес адамзаттық мәселеге ұласпауына ықпал жасалынады.

*Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады.*

*Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады.*

*А. Байтұрсынұлы*

Тәуелсіздік. Азаттық. Егемендік. Осы үш сөздің төркіні ұқсас, тамыры бір дінге нәр береді. Тәуелсіздің сөзінің төркіні тап бір тарихтағы тәуелді елді танытады. Азаттық – рухты сөз. Ақиқаты сол айтылуы да, жазылуы да ұрандатады. Бұл екі сөз де тарихтың кешегі қатпарына сіңген қан мен тердің

ізін еске салады. Қазақ онсыз да кешегісін ұмыт қалдырмайды. Қалдырған да емес. Ал, егемендіктің жайы бөлек. Жүрекке де, тілге де жайлы. Самайдағы құлаққа да жағымды естіледі. Мұнымен не айтпақпыз? Мағынасы бір болғанмен, сөзге мән берген елміз ғой. Айтылар сөздің ырғағы мен әсеріне де байқап, бала тәрбиесі мен ұлт болашағының біте қайнасқан жігіне бей-жай қарамайтын халықпыз. Бабаларымыз да солай болған. Біз де сол қаймақтың уызын татып, таңдайымыз жарыған толқынбыз. Қазіргі педагогиканың жана екпіні сол шәрбатті танымымыз бен түсінігімізді тарамдап жеткізіп жатыр ма? Жаһандық танымның шеңберінде шырмалған мән мен тәннің аражігін ажырата алмай адасып жатқан жас буынның бәз балалықтан бозкүрең бейтәлім ортаға елігіп жатқаны жанымызды шошытып, ұлт келешегі ғана емес адамзат болашағының адамшылық бейнесіне алаңдаушылық тудыратыны заңды. Жаһандануды еліктеу деп сезінетін жана танымдағы ұрпақ санасына саналы сөздерді танытуды неден бастаған жөн деген сауал талайды толғандырып жүрген болар?... Заманының заңғар тұлғалары тамызықтай жағып, тарамдап түсіндіріп кеткен сөз маржанын тізіп, тыңдағанды тамсантатын қариялар қатары сиреген сайын сида ойлы буынның таным таязданып бара жатқаны бүгін де жаңалық емес. Бірақ сол таным мен түсінікті жеткізіп, желкілдеген жас құрақты жанды, ұлықты сөздермен суарып, жасыл құраққа айналдыру тәлім мен тәрбиенің алғышарттарына негіз болуы керек. Психология мен педагогика негіздері шетел ғалымдарының жұмыстарынан жалаң, төте, жалпыға түсініксіз тілмен аударылмай, өз бабаларымыздың параққа түспей, пайыммен санаға түсірілген ілімінен алынуы керек деген ұсыныстар бұрыннан да айтылып келе жатқаны мәлім. Бірақ қолға алынуы әлі де кешеуіл тартып отыр. Осы тұрғыда, ой елегі мен тәжірибе талдаулардың талқысынан өткен ұлықты сөздердің үлгілік үзбелерін тізіп көрелік. Ең алдымен «Ұлықты сөз» ұғымана түсініктеме бере кетсем...

Ұлы деп өзгеден ерекшелеп, киесі мен қасиетін даралайтын сөзді үш әріп, екі буынды сөз деп алу, әрине, әбестік болар еді. Ұлы сөзі сонау Түркі бабамыздың тәу еткен көкбөрісінің ұлумен үндескен сөз. [У-АИ] «Ұлық» сөзі “ұлы”, “ұлылық” деген мағынада, таптық қоғамның пайда болуына байланысты жекелеген иеліктерді, не болмаса тайпалық одақтарды билегендерді атаған. Демек, төресі, биік дәреже, атақ. Немесе «Ұлытауға бардың ба? Ұлар етін жедің бе?» деген ерекше мақамның астарында нағыз киенің келелі өлшемі жатқанын аңғартады. Қазақта ер кіндікті баланы ұл дейді. Ал ұлы сөзімен ұл сөзінің түбірлес болуында да терең астар жатыр. Ер азаматтың ел басқарар көсем не ел қорғаны батыр боларынан үміт еткендіктен айтқан- ау дана бабаларымыз. «Ұлың ұлықты, қызың қылықты болсын!» деген батаны балалы үйге бағыштап тілеген. Бұдан шығатын қорытынды, ұлықты сөз дегеніміз - көп қырлы, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы, данышпан ақылдың төзінен, ой көзі айқын көрінетін, сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан, іші - алтын, сырты - күміс сөз төресі.

Ұлықты сөздерді мақал- мәтелдер, нақыл сөздер, тыйым сөздер, қанатты сөздер деп бөліп алып қарауға болады. Көркем ой мен тұжырымнан туындаған тәрбиелік мәні терең сөздердің қайсысын алсақ та, ұлық сөздер деп атауға лайықты. Қара сөз бен дана, дара сөздің айырмасын танып біліп, талғап жеткізе білген аталарымыздың күнделікті өмірдегі сөз саптауы, әсерлі сөйлеп, әділін танып білу де мақал-мәтелдер мен тыйым сөздерден көрініс тапқан.

«Ақылсыз адам айқай келеді.

Жан-жағын жайпай келеді.

Ақылды адам жай-жай сөйлейді,

Жан жағын байқай келеді» деген мақал адамның жаман -жақсы қасиетіне таразыдай талғап айтылған ой. Әр сөзді ойланып айтқан адам қашан да дұрыс шешім қабылдайтынын, ойланбай сөйлеп жүрген пенденің түбі опық жейтініне дәлел етіп айтады.

«Ақылсыз атқа мінсе,

Атасын басып кете жаздайды» деп ақымақтықтың арты дау, барар жері таяз, басар жері аяз екеніне көз жеткізе баян етеді. Тәлімнің кккесі де оы жерде жатыр емес пе?

«Болар адам – он бесінде бас болар,

Болмас адам – қырық бесінде жас болар» деп, тәрбиенің жастан, білімнің бастан екенін айтып, тыңдаушыға талпынысты үндейді. Он бес жасында ел басқарып - көсем сөйлер, қол бастап - ерлік жасар қасиетке ие болар көшпелілер тәрбиесінің жемісі екенінен ой толғайды.

«Өзін ғана ойлаған,

Жамандықтың белгісі.

Өзгені де ойлаған,

Адамдықтың белгісі» деген мақал сөз арқылы адамшылықтың алды мейірім мен қайырым деген тұжырым айтылған. Мақал мен мәтелдердің тақырыптары, адам бойында тұнған сан қырлы, сан алуан мінез- құлық, қасиет пен сипат, жақсы мен жаман, асыл мен ақықты талдап, тарамдап көрсететін тәрбиеге бастайтын тәлім сөздердің барометрі іспеттес.

«Атасы тұрып ұлы сөйлегеннен без,

Анасы тұрып қызы сөйлегеннен без» деп, сыйластықтың сара жолынан сыр тартса, «Жаман адам төршіл» деп мансапқорлық пен шенқұмарларға шектеу қоймаққа ой тастайды. Адам өмірінің кез келген тұстарына дөп келетін мақал- мәтелдерді талдап, таратып көрсету бір ғана баяндама аясына сыймақ емес. Бірақ осы мәрмәрден соғылғандай мөлдір, тұнық сөздік қор – тәлім-тәрбие саласының қаймағына, тыйым сөздер тұздығына айлануы шарт деп есептеймін.

Қазақ әдебиетіне келсек, оның жазба әдебиеті басталған 19 ғасырдың 2-жартысында қазақ халқының мәдени дәрежесі өзіне әдебиеттің қызмет етуінің дидактик. үлгісін біршама керек еткен кезеңде туды. Сол тұста әдебиетке қоғамдық сипат беріп, сол арқылы күреске түскен Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлының шығармаларында нақылды сөз сипатын қалыптастыру



көрінбей қалған жоқ. Ұлы ұстаздың әдебиеттік еңбектері өзінің педагогтығымен бір сипатта тәлімді сөздер үлгісіне құрылды. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін алсақ, «Сауысқаннан тамағы шоқуменен табылған, ...Өнер, білім - барлығы оқуменен табылған», «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар» деп, жеткіншекті ерте жастан білімге шақыратын маржан сөзден кесте тігеді. Ал шағын әңгімелері де шыңдалған шумақты мәнді, ұлықты сөздермен түйінделеді. Әдебиетте өз тұстастарынан бір дәуір ілгері кеткен Абай қазақ топырағында шын мәніндегі нағыз көркем поэзияны жасай отырып, «Сегіз аяқ» өлеңінде «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бойда қайрат, ойда көз, Болмаған соң айтпа сөз» т.т. сөз жолдары тұлықты сөздер қатарыны құрады.

Нақыл сөздер де мақал- мәтелдер сияқты біржақты пікірлерді ортақ таныммен қосақтайтын қоспасыз сап алтын сөздердің бір парасы. Нақыл сөз деп - өмір тәжірибесіне, даналық тұжырымға, мағыналық қисын мен ғибратты өнегеге негізделген терең ойлы, сөзді атаймыз. Қазақ даласынан шыққан ғұламалардың бірі, әдебиетші, тіл маманы, ұстаз, Әбу Наср әл-Фарабидің замандасы, Әбу Ибраһим Исхақ Әл-Фараби “Әдеби жинақ” [3] атты еңбегінде: “Нақыл сөз деп – болмыстағы белгісіз бір жұмбақ нәрсенің сыры ашылып, сөз қауашағына тұрақтауын айтамыз” дейді. Дәлірек айтсақ, мәтін мен мәннің үйлесім табуы, түйіннің дәлдігі. Нақыл сөздер әрдайым халық шығармашылығының формаларына жатады. Нақыл сөз негізгі идея білдіретін тәуелсіздік нысаны ретінде пайдаланылуы мүмкін, және де мағынасы әрдайым өзгеріссіз қалды және талассыз фактіні білдіреді. Алаштың арда азаматтары Ахмет Байтұрсынұлы нақыл сөзді “ділмар сөз” деп әспеттесе, Шәкәрім Құдайбердіұлы “мәнді сөздер” деп атаған. Қалай атасақ та тарих қатпарларынан еш бүлінбей, байырғы қалпында жеткен сөз жауһарларынан талай мән тауып, татуға болады. Сөз сырына үңіліп талдай кетсек,

«Тек шындыққа сөз бөбегін бөлесін,

Сол кезде оның пайдасын да көресің» деп Жүсіп Баласағұн шын сөз бен жалған сөздің аражігіне анықтама береді. Адам әрекетінің сөзінен көрніс табатын мінезін жіліктеп сөге баяндайды.

Алысқа баймай адамшылықтың ақ, адал кейіптерін сомдаудың сара жолдарын танытқан Ахмет Байтұрсынұлының ғибратқа толы нақылдарына тоқталсам, «Ағашты кесетін – балта, балтаның сабы ағаш», «Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі», «Адамның мінезі ойының түрінен, көңілдің күйінен, істеген ісінен білінеді» деген сөздерінен самаладай сезілетін тәлім лебіне сүйсінбеске лажың жоқ. «Тарихтың мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгертетінін білу. Тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын сымға тартқандай сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді» деген терең тұжырым - таным мен түсінікке балдай сіңетін түсінік. Пәлсапалық ой тұжырым, түсінікті сөзбен өрнектеліп, қисынын тапқан.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазақ танымындағы ұлықты сөздер санатындағы тәлімі мол сөздер қатарын таныту, ұрпақ тәрбиесінде кеңінен пайдаланылып, қарапайым тілдік құралдар қатарында қолданылса, қазіргі тіліміздің төркіні мен төрінен орын тепсе, жаңа заман ұрпағының жана болмысын тәрбиелеуде тектілікті оятар ма еді деген үміт ұшқынын оятады. Ұлт болмысын қалыптастыру үшін тәрбие құралдарын алыстан іздемей, барымызды байыппен танып, нәтижеге бағыттап жұмыс жасауды ұсынамын. Ол үшін:

1. Тәлім сабақтарына арналған оқулықтар қорын жазу, шығару, тарату;
2. Тіл сабақтарына «Ұлықты сөз» әдістері мен «Тәлім сөз» сәтін міндеттеу;
3. Жас ерекшелігіне сай үлестірмелер мен кітапшалар шығару;
4. Тәлім сөзден шеберлік сыныптары мен байқаулар ұйымдастыру .

Ұлт ұстазы айтқандай «Шабыттанып істемеген соң іс оңды болмайды». Ісімізге шабыт, шәкірттерімізге талапты тең берсе , тарихтың төзі мен өмірдің өлшеусіз өзегінен өз танымымызды ұлықты сөздермен үйлестіре білейік. Бабаларымыз сөз қадірін түсініп, тәлім -тәрбиені бар болмысымен бағамдай білген. «Ұлын ұяға, Қызын қияға қондырып» деп ұлын қыранға, қызын аққуға теңеген тектілік, Сайыпқырандар мен Аққулар елі яғни көкті тәңірі санап, төсінде қалықтаған төрелікті ұрпақ санасында қалыптасу үшін біздер, ұстаздар қауымы, талмай еңбек етуіміз шарт.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері.– Алматы, 2007.
2. Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. – Алматы, 2001.
3. Әдебиет теориясы. Қ. Жұмалиев. Алматы, 2015.
4. Уикипедия – ашық энциклопедиясы.

ӘОЖ 37

#### **БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Өкенова А.И.

Ғылыми жетекші: Китапбаева А.А., к.б.н., асс.профессор  
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан, e- mail: Altynaiokenova00@mail.ru

Бұл мақалада сабақтарда қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар туралы айтылады. Қазіргі уақытта біз цифрлық технологияларды барлық жерде кездестіреміз, білім де бұл бағытта табысқа жетуде. Мұғалім заман ағымынан қалмай, шәкірттерімен бірге сәнді гаджеттер мен технологияларды шебер

пайдаланады. Бұл мақалада мұғалімдер меңгеруі қажет кейбір цифрлық технологиялар тізімі беріледі.

Білім берудегі цифрлық технологиялар – бұл цифрлық технологияларға негізделген заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі.

Сандық технологиялар үлкен жылдамдықпен дамуда. Көптеген қызмет салалары сандық жүйелерге ауысады: ауруханалар, тамақтану орындары, оқу орындары. Сарапшылар мектеп бағдарламасының электронды форматқа көшуі туралы жиі айтады. Бұл идея іске асырылған кезде білім беру жүйесі ғана емес, оның мәні мен мақсаты да өзгереді.

Мектептегі оқытудың қазіргі тұжырымдамасы ескіден түбегейлі ерекшеленеді. Білім беруді цифрландыру-электрондық жүйеге көшу процесінің атауы дәл осылай аталады. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Цифрлық технологияның негізгі дидактикалық қасиеті – мультимедиа. Мультимедиа мобильді және компьютерлік құрылғыларға анимацияның кейбір белгісін әрі мүмкін емес деп ойлаған дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Смарт тақталар, смарт үстелдер және проекторлар сияқты технологиялық құралдар оқу мен оқыту тәжірибесін жақсартады. Біріктірілген оқыту жүйесін пайдалану жақсы құрылымдалған оқу жоспарын қамтамасыз етеді. Мектептер қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты оқытуға дәстүрлі көзқарастарын өзгерту қажет екенін түсінуі керек. Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал. Мультимедия – пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Зерттеушілердің пікірі бойынша дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдың 25%-ы, көру арқылы 33%-ы, көру-есту арқылы 50%-ы, ал мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдан 75%-ы есте сақталады екен.[1]

Компьютерлік графикалық материал презентациялық слайд көмегімен көрсетіледі. Microsoft Power Point бағдарламасының көмегімен оқу процесінде презентациялар мен слайдтар жасап көрсету, оқушылардың қызықты және дәлелді (мағыналы) болады, танымдық ойлауы мен есте сақтауын қалыптастырады. Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім

стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы. Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Мен жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын. Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар;
- Блок-схема, графиктер, диаграмма, т.б.;
- Тірек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары;
- Ойын арқылы оқыту;
- Сөзжұмбақ, ребустар;
- Тестілеу;

Биология сабағын меңгертуде компьютерлік анимациялардың маңызы зор. Оқушыларға жануарлардың мен өсімдіктердің суреттерін, сызба нұсқаларды көрсетіп қолдануына қолайлы. [2]

Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Осылайша, көптеген жоғары оқу орындары білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді тәжірибесін талдап, осы әдістің артықшылықтарын түсінді. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету, мекеменің әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне қажет.

Цифрлық білім беру ресурстары - мультимедиялық дыбысталған презентациялар, сандық форматқа айналдырылған мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен белгілі бір тақырып бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешен. Цифрлық білім беру ресурстары оқу процесін ұйымдастырудағы көмекші құрал болғандықтан оны сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Оның тиімділігі: Сабақ барысында дайындалған сандық объектілерді мультимедиялық проектор арқылы демонстрациялау; Зертханалық жұмыстарды орындауда электрондық микроскоп, интерактивті модельдерді пайдалану; ЦБР кешендерінен қажетті ақпаратты тез табу; Оқушылардың жеке зерттеушілік және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру; Шығармашылық тапсырмалар құрастыру мүмкіндігі; Бақылау және өздік жұмыстарды дайындау; Бақылауларды сабақтан тыс уақытта да жүргізе алуы. [3]

Менің сабақ беретін сыныптарымда биология пәні бойынша ғылыми тұрғыдан ақпарат көздері арқылы сауаттылыққа қалай көз жеткізуге болады, алға

қойған мақсатқа жетуім үшін мен не істеуім керек, менің оқушыларым өз бетімен қалай жұмыс істеу керек деген сұрақтар туындады.

Бүгінгі таңда оқыту барысында арнайы ақпараттық-техникалық құралдарды қолдануға ерекше көңіл бөлінуде. Өйткені, игеретін білім мен ғылымды одан әрі терең меңгере түсуде компьютерді қолдану және оны оқу ісінде жүзеге асырудың зор маңызы бар. Компьютермен жұмыс істеуде алдымен мұғалімнің басқаруымен, содан соң бала өз бетімен құрылған жоспарға сүйене отырып жұмыс жасауға тырысады. Бала компьютер арқылы орындап отырған тапсырмасы бойынша өзін-өзі түзету мен бақылауды жүзеге асырады. Компьютер баланы қызықтырады, сауатын ашады, ойлау қабілетін дамытады.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.

Білім беру үдерісінде ЦБР-ды қолданудың негізгі әдістері: Біріншіден. ЦБР-ды пайдаланудың ең танымал түрі, ол – электрондық құралды жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР-ды пайдаланған дұрыс. Екіншіден. оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЦБР-дағы үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет үй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары: анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті компоненттер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және қарапайым мәтіндер де пайдалы болуы мүмкін. Үшіншіден. ЦБР-ды әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады. Мұндағы бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі жайлы. Төртіншіден. мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушыға да, мұғалімге де тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздестіруге көмектеседі.

Бесіншіден. ЦБР-ды лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде және көптеген курстарда қарастырылатын әртүрлі топтық іс-әрекеттерде қолдану әдісін атауға болады. Бұл жерде, негізінен, лабораториялық жұмысты жүргізудің имитаторы болып табылатын интерактивті ЦБР жайлы сөз болады.

Алтыншыдан. оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ығайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады. Бұл әдіс уақытша жұмысқа жарамсыз оқушылар үшін, үйде оқитын немесе жолсапарда жүрген балаларға өте тиімді.

АКТ-ны биология сабақтарында пайдалану мұғалім мен оқушының қарқынды қызмет жасауына мүмкіндік береді, пәнді

оқытудың сапасын арттыру, биологиялық объектілердің елеулі тараптарын көрсету, көрнекілік ретінде шынайы өмірді бейнелеу, алдыңғы қатарға ең маңызды (оқу мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан) сипаттамалары зерттелетін объектілер мен табиғат құбылыстары қарастырылады. *Электронды ресурстарды* қолданып білім беру барысында дәстүрлі сабақтың ауқымын кеңейтіп, ақпараттық ортаны едәуір жоғарылатып, білім беру үрдісін көру арқылы қабылдауын қамтамасыз етеді.[4]

Мұғалімге тек цифрлық технологияларды зерттеп, осы бағытта өз құзыреттілігін дамыту қажет. Бірақ біз электронды оқыту дәстүрлі оқытуды толығымен алмастырмауы керек, ол оны толықтыруы керек екенін ұмытпауымыз керек, өйткені мұғалім мен студенттер арасындағы тірі байланысты ешкім және ештеңе алмастыра алмайды. Мұғалім оқушымен кері байланыс жасай отырып, оқыту барысында оқу материалын түсінікті және қолжетімді етіп қайта құра алады. Қалай болғанда да, цифрлық технологиялар біздің өмірімізге енді, сондықтан біз оларды пайдалануды үйренуіміз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. /Авторлар ұжымы: Е.Ы. Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов/ Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.

2.Применение информационно-коммуникационных технологий в образовании [Электронный ресурс]: электронное учебно-методическое пособие / А.В. Сарафанов, А. Г. Суковатый, И. Е. Суковатая и др. Красноярск: ИПЦ КГТУ. 2016. URL:<http://window.edu.ru/resource/923/60923/files/book2.pdf>.

3.Евладова Е.Б. Возможности дополнительного образования по развитию интеллектуального и творческого потенциала детей //Дополнительное образование. – 2011. - №5. – С.4-7.

4.Шаронин Ю.В. Цифровые технологии в высшем и профессиональном образовании : от личностно ориентированной SMART- Дидактики к блокчейну в целом подготовке специалистов ПОДГОТОВКЕ // Современные проблемы науки и образования. – 2019.

УДК 372.854

### **МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЛАНИРОВАНИЯ УРОКОВ ХИМИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ CLIL- ТЕХНОЛОГИИ**

Попова М.В., к.п.н.,

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: [porova\\_marina@mail.ru](mailto:porova_marina@mail.ru)

Согласно требованиям NIS-programme, учащиеся 12 классов сдают выпускные экзамены по выбранным дисциплинам на английском языке. В связи с чем, наиболее эффективной технологией преподавания профильных предметов в старших классах является использование предметно-языкового

интегрированного обучения (CLIL), которая направлена на достижение двух целей: изучение предметного содержания дисциплины и иностранного языка.

Планирование урока с использованием CLIL – технологии требует использование различных форм представления информации на иностранном языке и ориентации на активную деятельность учащихся. В качестве основных факторов, кроме целей обучения, ожидаемых результатов, критериев оценивания и рефлексии, при планировании урока с использованием CLIL – технологии, необходимо назвать 4С, языковые навыки учащихся и учителя, скаффолдинг, роль учителя и учащихся в процессе обучения (рисунок 1).




Рисунок 1 – Основные факторы планирования урока с использованием CLIL – технологии

При планировании занятий с использованием CLIL-технологии необходимо опираться на четыре компонента - «4 С»: content (содержание), communication (общение), cognition (мыслительные способности), culture (культурологические знания) [1].

1) Content - предметно-содержательный компонент, который включает подбор материала по теме на иностранном языке.

2) Communication - коммуникативный компонент, направленный на развитие навыков общения. Как правило, именно через общение развиваются предметные и языковые компетенции на уроке.

3) Cognition - познавательно-обучающий компонент, который ориентирован на развитие мыслительных навыков. Наиболее известной моделью описания способностей учащихся является таксономия Блума, которая классифицирует мыслительные навыки как прогрессию от навыков мышления низкого порядка (LOTS - Lower Order Thinking Skills) к навыкам мышления высокого порядка (HOTS - Higher Order Thinking Skills) [2].

4) Culture – культурологический (культурный) компонент, подразумевающий развитие навыков межкультурного общения, изучение и понимание особенностей культуры и взаимоотношений других стран и народов.

На основании уровня языковых навыков необходимо подбирать дифференцированные задания для более эффективного усвоения материала. Материал и задания должны быть подобраны таким образом, чтобы учащиеся могли понять и усвоить новый материал.

Как правило, учащиеся имеют различный уровень предметной подготовки и языковых компетенций, что требует дополнительной помощи в понимании предметного содержания или языковой поддержки. Скаффолдинг – это поддержка, которую учитель оказывает учащемуся различными способами. В первую очередь, это ориентация на родной язык (Я1), адаптированный материал, использование словаря терминов и клише, изображений, моделей видео и аудиофайлов, графических органайзеров, подсказок или обратной связи (рисунок 2).

Стратегии скаффолдинга помогают учащимся выстраивать речевые конструкции на иностранном языке, грамотно отвечать на вопросы и выполнять задания. Количество и интенсивность помощи могут быть снижены по мере развития предметных компетенций и языковых навыков учащихся.

В качестве примера рассмотрим виды скаффолдинга при изучении темы «Transition metals as catalysts» в 12 классе. Перед началом занятия карточки с терминологией по теме размещаются на доске и учащимся раздаются клише фраз и предложений, которые они могут использовать на уроке при выполнении заданий.

Subject-specific vocabulary & terminology:

Transition metals, catalysis, catalyst, homogeneous catalysis, heterogeneous catalysis, variable oxidation state, mechanism.

Useful sets of phrases and sentences for dialogue and writing:

The transition elements are found in the d- block of the Periodic Table.

A transition element is a d-block element that forms one or more stable ions with an incomplete d –subshell.

Properties of transition elements include ....

Homogeneous catalysis refers to reactions where the catalyst is in the same phase as the reactants.

In heterogeneous catalysis the reactants and catalyst are in different phases

The effect of the catalyst is to ...

A catalyst increases the rate of a reaction by providing an alternative reaction pathway with lower activation energy.

One or more of the reactants are adsorbed on to the surface of the catalyst...

Adsorption of reactant molecules onto active sites on the catalyst surface causes....

A good catalyst needs to adsorb the reactant molecules...

A reaction in which a product acts as a catalyst - autocatalysis

The reaction profile for a typical reaction involving...






Рисунок 2 – Виды скаффолдинга

Учитель должен обращать внимание не только на специальную лексику, а также на универсальные языковые единицы: фразовые глаголы, устойчивые выражения, степени сравнения, согласие и несогласие с высказываниями, которые пригодятся вне зависимости от темы урока или предмета[3]. Например, «Agreement and disagreement»:

I strongly agree that...

I agree with you up to a point, but ...

I agree in principle, but...

I'm afraid I disagree with ...

That's all very well, but

I absolutely agree, that...

В ходе данного урока используется адаптированный текст, иллюстративный материал и видео “Why transition metals make good catalyst?”. К разработанным заданиям приведены инструкции и дескрипторы. Учителем осуществляется поддержка и обратная связь при выполнении заданий.

В старших классах преподавание, в основном, осуществляется с использованием Hard CLIL, поэтому учитель должен по возможности проводить занятие на английском языке (L2). Использование родного языка (L1) возможно в случаях инструктирования, скаффолдинга, поощрения и обратной связи.

При планировании урока необходимо уделять внимание заданиям, которые вовлекают учащихся в активную деятельность, общение и сотрудничество. В качестве таких заданий можно назвать «Установите соответствие (Matching)», «Верно-Неверно (True-False)», «Заполните пропуски (Fill in the gaps)», «Найдите ошибку (Find the mistakes)», mind map, создание постеров, презентаций, участия в мини-проектах и т.д.

Применение CLIL-технологии в процессе обучения направлено на развитие четырех основных навыков речевой деятельности. В ходе проведения занятия, навыки чтения развиваются через использование предметных текстов, презентаций, чтение инструкций, условий задач, упражнений и вопросов. На различных этапах работы с текстом внимание фокусируется на лексике, на предметном содержании текста, а затем также на конкретном грамматическом материале.

Примерные задания на аудирование – просмотр видеофайлов или прослушивание аудиофайлов с целью поиска информации, заполнения пробелов, составления схем, поиска ответов на вопросы и т.д.

Навык говорения развивается в ходе обсуждения, работы в парах и группах, в результате самооценивания и взаимооценивания, при устной рефлексии. Например, в конце занятия при рефлексии «Закончите предложение» учащиеся выражают свое мнение: Today I have learnt... It was interesting to... It was difficult to... Now I can compare... I understood that... Now I can explain...

Навыки письма учащиеся совершенствуют через составление ментальной карты, ассоциограммы, заполнение пропусков в предложениях, составлении вопросов по теме урока.

Таким образом, с целью рационализации процесса обучения с использованием CLIL-технологии учителям при планировании необходимо [3-4]:

- убедиться, что задания охватывают весь когнитивный спектр;
- связывать любой материал с личным опытом и знаниями обучающихся;
- использовать дифференцированные задания, учитывающие различия в уровне учащихся в классе;
- организовать процесс обучения таким образом, чтобы его структура была проста и понятна;
- определить баланс между четырьмя языковыми навыками (аудирование, чтение, письмо и говорение); а также между некоммункативными и коммуникативными заданиями;
- использовать «скаффолдинг» для поддержки учащихся;
- выносить на обсуждение результаты работы в небольших группах, используя постеры, презентации, и др.;
- поощрять самостоятельное обучение и самооценку;
- разработать критерии оценивания с учетом не только предметных, но и языковых знаний и умений.

### Список литературы:

1. Методические рекомендации по применению CLIL-технологии в учебном процессе. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 72с.
2. Салехова Л.Л., Григорьева К.С., Лукоянова М.А. Педагогическая технология двуязычного обучения CLIL: учебно-методическое пособие / Л.Л. Салехова, К.С. Григорьева, М.А. Лукоянова. – Казань: КФУ, 2020. – 101 с.
3. CLIL classroom practices in multilingual education in Kazakhstan: guidelines and examples /eds.: X. San Isidro, D. Coyle, S.I. Kerimkulova. – Nur-Sultan: Nazarbayev University, 2020. - 146 p.
4. Coyle D., Hood Ph., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. Cambridge: Cambridge University Press, 2010-184p.

ӘОЖ 37.01(092)

### ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚТЫ ҰСТАЗЫ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Разиева Н.Т.

ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша «М. Шаяхметов атындағы  
№23 орта мектебі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: nagima.razieva72@mail.ru

“Оқытушыны бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістіктерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарап бағалау керек”, – дейді Ыбырай Алтынсарин. Мемлекетіміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойында біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек екенін атап көрсеткен болатын.

Тәуелсіздікке ұмтылыс жан алып, жан беретін күреспен қатар, рухани өміріне айрықша ықпал еткен ағартушылардың отарлау саясатына қарсы идеялық күресімен де ерекшеленеді. Солардың ең ірі өкілдерінің бірі, ұлтымыздың ұлықты ұстазы – Ыбырай Алтынсарин деп білеміз. Ы.Алтынсариннің қазақ ұлты үшін орны бөлек: қазақ педагогикасының негізін қалаушы, ұлы ағартушы, білім ісінің ұйымдастырушысы, фольклорист, ақын-жазушы, журналист. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын, методологиясын саралау оны басқа этнопедагогикалық жүйелермен салыстыруды қажет етеді. Алтынсарин ел басын біріктіру, халықтың келешегі үшін екі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы; екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Оған оның барлық іс-амалы мен бізге қалдырған мұралары куә. Педагог-ағартушы үшін қазақ ұлты қарама-қарсылықтардың ажырамас бірлігі болып көрінеді. Сондықтан, оның

шығармалары «жамандық пен жақсылық», «достық пен алауыздық», «сараңдық пен жинақтылық», «тәкәппарлық пен қарапайымдылық», «өнер, білім мен надандық», «әділдік пен әділетсіздік» сияқты қарама-қарсылық негізінде, жамандыққа жақсылықты, адамгершілікті қарсы қою арқылы қазақты өзара бірлікке, татулыққа тәрбиелейді. Ы.Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер-санаткері, халық қызметшісі болды. Ұлы даланың шартарабына саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық шығармалары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ол «Бір Аллаға сыйынып», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған», «Оқу білген адамдар, Май тамызған қылыштан...» деп, тіреу болар, сүйеу болар оқудың мәнісін ыждағаттайды, содан соң, «өнер-білім бар жұрттардың» өнегесінен үйренейік, «Біз де бекер жатпалық!» бәйгеге түсіп, бақ сынайық, қатардан, саптан қалмайық, сол үшін сендерге батамды бердім дейді. Қазағын сүйген, халқының ұлылығына бас иген дала данагөйінің ұлы тілегі мен арманы осы болатын. Ыбырай Алтынсарин туралы толғамды ой айтып, көлемді зерттеу жүргізген, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов салмақты сөзін төмендегідей бағытта сабақтайды: «Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Қазақта үш мұнара бар, олар: Абай, Шоқан, Ыбырай» деп айтыпты. Ыбырай – өз заманының көрнекті тұлғасы болған. 1888 жылы 75 күннің ішінде алты мектеп ашқан. Бұл – енді ғажап нәрсе. Сонымен қоса, физика, химия пәндерін енгізіп, оны оқу құралдарымен қамтамасыз еткен. Ыбырай оқытушылықты бәрінен жоғары қойған. Мәселен, оның «Үкімет бұйрықтары да, инспектор бақылаулары да және хрестоматия оқулықтары да оқытушының тұлғасын ауыстыра алмайды», – деген сөзі қазір де өзектілігін жоғалтқан емес. Ұстаздың әрбір ісінен, қызметінен оның ұлт патриоты болғандығын көреміз. Сондықтан, қазіргі дербес заманда айтулы тұлғаның 180 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде өткізуіміз қажет». Алғашқы «Қазақ» газетін ашқан, оны қолымен жазып, 1880 жылы жобасын дайындаған Ыбырай Алтынсарин екенін қазіргі кезде біреу білсе, біреу білмейді. «Өнерлі өрге жүзеді» дейтін ел қағидасын ұстанып, руханият шырақшысы 1880 жылдың қаңтарында «Қазақ» газетінің 4 бөлімнен тұратын 1-ші нөмірін шығарды. Жалғастыруға отаршылдық саясат мұрша бермеді. Ойшыл ұстаздың тізбек-тізбек жөңкілген замана көшінде көнермейтін, ескірмейтін ұлы, қуатты идеялары елдің, мемлекеттің, халықтың көркеюіне мәңгілік мағына дарытары сөзсіз.

Олар: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды». Ұстаздың аудиториямен байланысы хақында мынадай тұжырымды пайымдаулар өрбітеді: «оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет», «балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, әрбір нәрсені да ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерлі сөз қажет, орынсыз терминдерді қолданбау керек» («Ақтөбе екі кластық мектебінің меңгерушісіне нұсқау хат»). Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдерге арнап жазған көптеген хаттары, оның

мұғалімдердің тілегі мен мұқтажына ерекше қамқорлық жасап, көңіл бөлетіндігін байқатады. Халық училищелерінің инспекторы болып тұрғанда ол өзін мұғалімдердің ағасы, досы деп санап, оларды жұмысқа шебер жұмылдыра білді. «Менің айтқанымды емес», – деп жазады Алтынсарин, – атақты философ-педагог Коменскийдің айтқанын істендер, кімде-кім өзінде барына қанағат ете білсе, өзіне-өзі «Біз өзіміздің адал еңбегімізбен өмір сүріп отырмыз деп айта алса, сол нағыз бақытты адам». «Мұғалім балалармен істес болады, егер олар бір нәрсені түсінбесе, мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесуге тиіс: әрбір затты ықыласымен, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан қарапайым тілмен түсіндіру керек». Мұғалімге ерекше мән бере отырып, Ы.Алтынсарин олардың методикалық дайындығын арттыруға ұмтылды. Әсіресе, жас мұғалімдерге көбірек көңіл бөлді. Әрбір жас мұғалім оқу пәндерін оқыту жөнінде ауызша да, жазбаша да кеңес алып тұрды. Ол педагогикалық әліппеден бастап, асықпай біртіндеп оқытуға, қарапайым айқын түсіндіруге, өткенді қайталап отыруға, көрнекі құралдарды пайдалануға үйреткеннен кейін барып, жеке пәндерді оқыту тәсілдеріне көшуге шақырды. Ыбырай Алтынсарин оқытушылар дайындауға да зор көңіл бөлді. Талмай ізденудің және оқытушылар мектебінің қажеттігін дәлелдеудің нәтижесінде ол Орскіден мұғалімдер мектебін ашуға мүмкіндік алды. Ы.Алтынсарин қазақ даласынан бірнеше мектептер ашумен қатар, ауылдық мектепті бітірген кейбір жастардың жоғары оқу орындарына түсіп, білімдерін жетілдіруіне де жағдай жасады. Мұғалім проблемасына, оның жеке қасиеттеріне Ыбырай, әсіресе Торғай облысында инспектор болған жылдарында (1879-1889 ж.ж.) ерекше көңіл бөлген еді. Ол мұғалімдердің оқыту тәсілдерін жетілдіріп отыруын, олардың педагогикалық және оқытушылық тәсілдерді меңгеру қажеттігін баса айтқан болатын. Алтынсарин мұғалімдердің алдына төмендегідей міндеттер қойды: нағыз мұғалім болу үшін балалардың өзіндік ерекшеліктерімен мықты санасу керек, ол үшін педагогикалық әдебиттерді үнемі оқып, қадағалап отырмаса болмайды. Ыбырай мұғалімге аса сезімтал, бала жанын жазбай танитын адам болу қажет екенін айта келіп, оқу-тәрбие саласында ізденбейтін мұғалімдер туралы былай деп көрсетеді: «мұндайлар оқушыларды адастырады, содан кейін қойылған сұраққа оқушылардың жауап бере білмегеніне ренжіп, өздері де ашулана бастайды, тіпті оқушыларға өшігуге дейін барады. Осыдан кейін, оқушыларды бұрынғыдан да адастырады, мүлде шатастырып, оларды ешбір жауап бере алмайтын халге жеткізеді», ал сабақ беруге нашар мұғалімдерді «баламен түсінуге шорқақ, дарыны жоқ адам» деп сипаттайды. «Тәлім-тәрбие, оқыту ісінің нәтижесі шәкірттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді. Күнәнің ең үлкені – бала жанының нәзік қылдарын дұрыс сезе алмайтындарда. Оқушылардың түсінбеушілігін өз күнәсі деп білмей, оқушылардың зер салмайтындығынан немесе топастығынан деп білетін мұндай оқытушылардың қатты адасатындығы айтпай-ақ түсінікті», – деген қорытындыға келеді Ыбырай Алтынсарин. Ұлт ағартушысының тәрбиеші – ұстаздардың жеке басы туралы

айтқан пікірлерінің негізгі арқауы: педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол өте сезімталдықты, балаға деген өлшеусіз сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танитын қырағылықты қажет етеді. Шәкірттерді сүйе білген оқытушы ғана қатаң талапты, өнегелі, беделді тәрбиеші бола алады. Ыбырай Алтынсариннің мұғалім жөнінде білдірген осы пікірлерінің өзі-ақ, оның академик Төлеген Тәжібаев атап көрсеткеніндей, «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері», – деп атауға толық болатындығын нақты дәлелдейді. Педагог-энтузиаст ретінде ол мектептегі оқыту процесін ұйымдастыруды өте дұрыс түсінді: мұғалімнің ең бірінші роліне мән беру қажет; оқу-материалдық база шешуші маңызды; оқулықтарды қазақ мектептеріне пайдалану үшін жарамдылығы жағынан ұқыпты тексеріп отыру қажет; Ы.Алтынсарин мұғалімдерге методикалық әдебиеттер мен педагогикалық журналдарды міндетті түрде пайдалану керектігін ескертті. Торғай облысы мектептерінің мұғалімдері үшін «Семья и школа», «Народная школа» деген журналдарды жаздырып алатын. Мекеп кітапханасына Бобровскийдің «Педагогика», Коменскийдің «Великая дидактика», Бунаковтың «Родной язык», Корфтың «Наш друг», Реклюдің «Время, суша и океан», Советовтың «Земледелие и скотоводство» сияқты кітаптары алынатын. Оқу жабдықтары мен мектеп кітапханасының әдеби кітаптары үшін әрбір мектепке 600 сомнан бөлуге мүмкіндік алды. Ол кезде мұндай ақша өте көп қаржы болып есептелді. Мектеп түгелге дерлік көрнекі құралдар комплектісімен жабдықталды. Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа, ой еңбегіне үйретуге тиіс деп есептеді. Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы.Алтынсарин мұғалімдерге ауқымды тәрбиелік мағынада түсіндіреді: оқыту методтары – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға ынталандыратын жол; сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттар мен құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қорытындылар жасау. Сондықтан да, балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды. «Арифметиканы оқыту кезінде, – деп көрсетеді Алтынсарин, – балалық өмірден және маңайдағы тұрмыстан алып, адғаш жай, аса күрделі емес, кейін күрделірек есептер беріп, оқушылардың ақыл-ойына әсер етуге тырысамыз. Біз Грубе немесе Евтушевскийдің арифметиканы теория негізінде басымырақ оқытуын қалдамаймыз, бұл істі оқушылардың табыстарына, қабілеттеріне, түсінігіне қарап жүргіземіз». Ыбырай Алтынсарин туралы Кеңес тұсындағы педагогикалық әдебиетте оны ислам дініне қарсы, атеист деген пікірлер айтылып қалып жүрді. Ол атеистік идеологияның салдарынан да болар. Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Күлсеңіз, күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда болып та қоямын, сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып қоямын», – деп жазған. Ыбырай Алтынсарин указной татар

молдаларының дінді озбыр, фанатизм, догмаға айналдыруына, діни мектептерде зайырлы пәндерді оқытуға қарсылығын үнемі сынаған. Бұл мұсылман дініне қарсылық, христиан дінін тіпті де қолдау емес еді. Ол дүниені жаратушы құдай деп білген. «Жаратқан неше алуан жұртты бір құдайым, Тең етті бәрімізге күн мен айын», – дейді бір өсиет өлеңінде. «Жаз» атты өлеңінде «құдайға шүкір етер жас пен кәрі, Бердің деп жанға рахат мұндай дәрі», – деген. Ақиқатына жүгінсек, оқымысты-педагог Ыбырай Алтынсариннің 1884-жылы Қазан университетінің баспаханасында басылған «Шариат-ул-Ислам» («Мұсылманшылықтың тұтқасы») дейтін еңбегі, өзі айтқандай, қазақ жұртына бағыштап, қазақ тілінде білімдарлықпен жазған діни һәм ғылыми шығарма.

Алдымен діни заң ғылымдарының ең жоғарғы шыңына шыққан ғұламалардың (мужтаридин), сонымен қатар өз заманының ғылыми құндылықтарын мұқият түсініп қабылдаған, ұстаздық еңбегінде шеберлікпен ұғындырған, толық пайдаланған. Осылайша, ғасырлық ой-тәжірибелерді болмысына, рухына сіңіре отырып, «Әмин! Құдая қабыл ет!» деп, «Жер үстіндегі мүліктердің», «Көк үстіндегі періштелердің иесі», «Артықшылықтардың иесі» Жаратқан иенің құдыретін, Құранның ұлы идеяларын, жаратылыстың жұмбағын, ғаламның ғаламат үйлесіммен ойластырылғанын келісті баяндаған. Алланың әмір-құдіретімен пайғамбарымыз «адамзатқа түзу жолды үйретіп, шын Құдайын танытып, шын діннің һәм дүниенің ғылымдарын көрсетіп беріп еді», – деп жазады Ыбырай Алтынсарин. Шындығында, «Шариат-ул-Ислам» атты оқулығы мектептерде дін сабағының мүмкіндігін пайдаланып, қазақ балалары үшін арнайы жазылған болатын. Бұл кітап балалардың мұсылман дінінің қағидаларын игеруіне айтарлықтай үлес қосты. Ы.Алтынсарин патша әкімдерінің отарлау, қазақтарды орыстандыру, шоқындыру саясатына барынша қарсылық білдіріп, ұлттық және діни наным-сенім тәрбиесінің де іргетасын қалаған болатын. Айтар ойымызды жинақтағанда, Ыбырай Алтынсарин бізге, халыққа, өскелең ұрпаққа несімен жақын және несімен қымбат деген сұрақтарға жауап берсек, мақаламыз өз деңгейіне шыққандай болады. Біріншіден, ол өз заманының алдыңғы қатарлы азаматы, озық ойлы адамы, өз халқын өнер-білімге үндеген ағартушы-демократ; екіншіден, қазақ балаларына арнап мектеп ашқан, оларды оқытып, тәрбиелеп, көкірегін оятқан, өнер-білімге үйреткен дарынды да тамаша педагог болды; үшіншіден, өзі ашқан мектептер мен онда оқитын балаларға арнап, оқу құралдар мен методикалық нұсқаулар жазды. Қазақ тарихында тұңғыш рет нағыз педагогикалық ой-пікірдің негізін салды; төртіншіден, өзінің оқу кітаптарына арнап, танымдық, тәрбиелік мәні зор өлеңдер мен әңгімелер жазып, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің алғашқы нұсқаларын жасады; бесіншіден, Ыбырай Алтынсарин – ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданып, ғылыми еңбектер жазған, танымдық, тағылымдық ой-пікірлер айтқан ғибрат алар ғалым.

## **МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

Рантай М.Н.

Научный руководитель: Бейсенова С.Ж.

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: rantay.merey@bk.ru

В этой статье раскрыты роли английского языка в межкультурной коммуникации. Рассмотрены задачи и типы межкультурной коммуникации, а также роль английского языка в ней.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, иностранный язык, процесс обучения, студенты.

Межкультурная коммуникация — это культурное взаимодействие, представленное связью и общением между представителями различных культур народов мира. Понятие «Межкультурная коммуникация» ввел американский антрополог Э. Т. Холлом в 1950-х годах. Э. Т. Холлом считал, что межкультурная коммуникация должна проходить с использованием факторов межкультурного общения. Изучая проблемы межкультурной коммуникации, традиционно рассматриваются особенности взаимодействия двух культур, при этом повышенный интерес вызывает их несходство, так как знания о различиях культурных систем помогают преодолеть барьеры, препятствующие эффективному взаимодействию народов.

В наши дни, имея возможность путешествовать по миру и общаться с носителями языка, студенты могут испытывать сложности с пониманием культуры, менталитета и юмора людей. Чтобы избежать подобных проблем, современные педагоги должны учитывать аспекты межкультурной коммуникации в процессе преподавания.

Изучение иностранного языка — это не только разбор грамматических правил и умение свободно излагать мысли с помощью иностранных слов, также изучение истории и культуры народов, говорящих на этом языке. Большинство студентов сегодня понимают, что построение профессиональной карьеры, повышение конкурентоспособности на рынке труда напрямую зависят не только от их профессиональной подготовки, но и от высокого уровня владения иностранными языками.

Среди первоочередных задач, стоящих перед студентами такие как накопление профессиональной лексики, совершенствование грамматической компетенции, развитие навыков перевода профессиональной литературы для общения в профессиональной среде, умение писать научные статьи, способность выступать на международных конференциях, чётко и понятно выражать свои мысли. Для того, чтобы успешно решать эти задачи в условиях профессиональной иноязычной подготовки студентов к межкультурной



коммуникации, надо сформировать межкультурную компетенцию как необходимый составной элемент общения на межкультурном уровне.

Каждый урок иностранного языка – это практическое столкновение с иной культурой, прежде всего через ее основной носитель – язык. Каждое иностранное слово отражает иностранную культуру, за каждым словом стоит субъективное, обусловленное только данной языковой культурой, своеобразное впечатление об окружающем мире.

Одним из методов развития межкультурной коммуникации есть организация деятельности студенческого разговорного клуба. В данном случае, межкультурный диалог является одновременно как инструментом, так и целью. Для студентов необходимо создавать коммуникативные ситуации, которые вызывают интерес. Цель деятельности клуба – проведение межкультурного диалога в аудитории. Разговорные клубы бывают разные. Но общим аспектом деятельности для каждого из них является то, что они дают возможность студентам попрактиковаться в использовании иностранного языка в непринуждённой и дружеской обстановке, познакомиться с новыми людьми, а также наладить межкультурные связи, если на встречи клуба приглашают носителей языка.




Рисунок 1.  
Межкультурная  
коммуникация

Разговорный клуб играет важную социальную роль, студенты имеют возможность общаться с людьми разных культур, традиций. Способы заинтересовать студентов:

попросить участников подготовить собственные темы для обсуждения, подобрать интересный материал;

– задавать вопросы участникам об их жизни, о том, что их интересует;

– разделить участников на малые группы, чтобы обсуждать вопросы и выполнять заданий;

– дать участникам возможность проявить своё творчество в иностранном языке, например, с помощью поэзии, песни, скетчей, квестов, проектов. В качестве альтернативы может быть предложен просмотр фрагментов фильмов с последующим обсуждением на иностранном языке, чтение и обсуждение книг того или иного автора, чтение и обсуждение тематических публикаций.

Содействие сознательному межкультурному общению молодых людей в процессе обучения иностранным языкам, с помощью определённых методов и технологий работы, дает возможность готовить специалистов, которые смогут

успешно работать в условиях этого мира, понимая культурные различия и сохраняя собственную самоидентификацию в межкультурном диалоге.

Планируя работу разговорного клуба, целесообразным есть постановка следующих вопросов:

– способны ли встречи участников разговорного клуба заинтересовать студентов?

– какие темы актуальны и интересны для современной молодёжи?

– участвуют ли студенты в межкультурном диалоге?

– могут ли студенты углубить общие культурологические знания на встрече участников разговорного клуба?

Современное преподавание иностранного языка невозможно без привития учащимся иноязычной культуры. Иностраный язык является одним из основных инструментов воспитания языковой личности, способной адаптироваться к современному уровню и стилю профессионального и личностного общения.

Изучая иностранный язык и иноязычную культуру, студенты получают возможность расширить своё социокультурное пространство, а также культурно самоопределиться, то есть прийти к осознанию себя как культурно-исторических субъектов в спектре культуры страны как родного, так и иностранного языка.

#### **Список литературы**

1. Григорьев Б.В. Intercultural Communication /Межкультурные коммуникации / Б.В. Григорьев, В.И. Чумакова. – М.: Петрополис, 2008. –404 с.

2. [korilkaurokov.ru/angliiskiyYazik](http://korilkaurokov.ru/angliiskiyYazik)

3. Карасёв С. А. Глобализация английского языка и новые задачи методики его преподавания // Язык и межкультурная коммуникация. Материалы межвузовской научно-практической конференции. — Ростов-на-Дону: Изд-во ИУБиП. — 2005. — С. 80–81.

ӘОЖ: 37.06:373.5

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СТАНДАРТ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Сабитова М.Д., Баяхметова Н.Д., Исабаева К.К.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ  
Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен оқушылардың жеке басының шығармашылық жақтарына терең үңіле бермейміз.

Бастауыш мектеп оқушылардың оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту - өскелең буынға тәлім – тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Ойлау қабілетінің дамуымен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кез диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Өйткені, қазіргі кездегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса ал болашақта ғылым мен техниканы, өрісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектеп оқушыларынан үлкен жауапкершілікпен білім дарлықты қажет етеді.

Балаларға әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті ұрпақты тәрбиелеп оқыту, педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз.

Педагогикалық психология тұрғысынан шығармашылық қабілетіне маңызды сұрақтардың бірі. Әрбір жеке адамның шығармашылық қабілетінің дамуының жоғары жетістігі, тек сол адамның ғана жеке басының даму көрсеткіші емес, бұл қоғамдық дамуында өркендеуіне де едәуір әсер етеді. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысының дұрыс ұйымдастыруымен байланысты.

Р.С.Шуакованың ойынша: «Мектеп мұғалімдері көп жағдайда оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалдарды меңгеріп, сабақ үлгерімдерін жақсы көрсеткіштеріне қанағаттанып қояды да, олардың айрықша, стандартты емес шешім қабылдауына, шығармашылық белсенділігін дамытуға көп жағдайда жасай бермейді», - деген [3].

Бастауыш мектеп шәкіртінің тұйықтық, жасқаншақтық қасиеттері олардың бойындағы шығармашылық потенциалдарын үнемі жарыққа шығара бермейді. Олай болса, шығармашылық қабілетінің физиологиялық негізін сипаттауда әрбір бала белгілі бір нышанмен туылатындықтан, ол оның дамуы кейінгі дамытушылық жағдайға байланысты басқыншылыққа алу қажет болады.

Көп жағдайда балаларда кездесетін баяулықты, сабырлықты, оның биологиялық кемшілігі деп қарауға әзір тұрамыз. Біздіңше, тұйықтық, бұйығылық, баяулық оның табиғатының әсері емес көп жағдайда оқыту мен тәрбиенің нәтижесі, ондағы әміршілдіктің салдары болуы мүмкін.

Академик Д.Ковалевский «ән айтқысы, би билегісі, әңгіме, ертегі, өлең құрастырғысы, сурет салғысы келмейтін баланы табыңызшы», - дейді. Шынында, табу қиын. Егер ондай бала кездесе қалса, ол жаман тәрбиенің нәтижесі деуге әбден болады [10].

Бастауыш сынып оқушылары үшін негізгі бөліктер – оқу тапсырмалары, оқу әрекеттері: бақылау мен бағалау.

Көрсетілген бөліктерге сәйкес кіші жастағы балалардың бойына оқу-танымдық әрекеттің мынадай шарттарын қалыптастыру қажет.

Оқу тапсырмасын қабылдау және сезіну қасиеті; мұғалімнің көмегімен немесе өз бетінше танымдық тапсырмалар қоя білу қабілеті; дербес қабілеті; жоспарлау қабілеті; тапсырманы шешу тәсілін таңдау қабілеті; бағдарламалық және ағартушылық әрекетін орындау қабілеті; оқу істерін бақылау қабілеті; дербес жұмысын бағалау қабілеті. Өкінішке орай, мұғалімдер жоғарыда аталған шарттарға көңіл бөле бермейді.

Оқушының өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысын бастамасын дамытуға және тежеуге үйрететін – мұғалім.

Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар- оқушылардың тек шығармашылық қабілеттерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп әзірлеу. Ол үшін ең біріншіден, өз таңдаулары бойынша оқытудың ұстанымын жүзеге асыру, яғни денсаулығын, дамуын, қызығуын ескеріп, мүмкіндіктерін ашу.

Екіншіден, оқу үрдісінің сапасын арттырудың басты құрамды бөлігі - жақсы түсінікті тілмен жазылған оқулық. Ол жоғары сапалы, ғылыми түсінікті, қысқа да дәл, тілге жеңіл, мазмұнды, қазіргі технология мен психология-педагогика талаптарына сай келетін болуы керек.

Бұрынғы әдіске арналған оқу үдерісінде мұғалімге басшылық рөл берілсе, ол қазіргі оқу үрдісіне оқушы белсенділігін көрсетуі тиіс, оны оқытпайды. Ол өздігіне оқуы тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы әрбір оқушының жеке қызығуы мен шығармашылық қабілеттерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды.

Керісінше, дамуына қарай өзімен өзі салыстырылады.

Оқушылардың өз нәтижелерін бағалай білуге үйренуі аса маңызды. Сонда баға оны жіберген қатесіне берілген жазалау емес, қайта жетістігіне берлеген мадақтау, қызығу мен қажетін көтермелеу құралына айналады. Оқытудың негізгі мотиві – таным. Өйткені таным арқылы балаға оқу қуаныш және тұрақты қызығу тудырады. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру болғандықтан, оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын меңгеруі тиіс.

Егер В.И.Волокитина дені сау оқушылардың арасынан ойлау қабілеті болмайтын бала болмайды, дегенмен балалардың ойлау әрекетінің ұшқырлық дәрежесімен ойлауға қиыншылық келтіретін себептер болады десе, онда терең ойлауға мүмкіндік жасау, ойлау қарқының жеделдету, ой ұшқырлығын күшейтуге қиыншылығын келтіретін себептерді болдырмау- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады [1].

Зерттеулердің қорытындыларына сүйене отырып, шығармашылық тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұштарлық, сезімталдық, талдап жинақтай білу сияқты кешенді қасиеттермен қатар, ерекше ой қызметі қайшылықтарды түсіну шығармашылыққа деген күштарлығы болуы керек екені анықталды.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде шығармашылық қабілетті өлшеудің жаңадан жасалған диагностикалық әдістемелері қол жеткізілген психологиялық білімінің деңгейін көрсетті. Мысалы, А.Бине, Т.Симонның, Х.Мюнстербергтің және

Г.И.Россолимонның тесттері. Әр түрлі теориялық жолдар негізінде Ж.Пиаже, Г.Айзенк, Дж.Гилфорд, Дж.Равен және т.б. тестері жасалды: көптеген тесттер алғашқы ми дамуының диагностика әдістері ретінде жасалған болатын.

Шығармашылық дарынды зерттеуге арналған диагностика әдістерінің ішінде танылған және әлемге кең таралғаны, алғаш рет 1966 жылы жарық көрген. П.Торренстің шығармашылық ойлау тесттері болып табылады.

Сонымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқтамақпыз;

- мұғалім ең алдымен сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру арқылы баланың назарын бір нәрсеге бағыттау керек;

- яғни, оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма міндеттер, жаттығу ойын түрлерін ұсынған жөн.

- шығармашылық жаттығу, ойын-тапсырмалардың мазмұны балалардың жас ерекшелігіне қызығушылығына үйлесуі керек.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті бала белгілері бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмай, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыру [2].

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: «сәтсіздікке ұшыраймын», «қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқыныш сезім, екінші – өзіне тым риза болмаушылық сезімі, үшінші – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу:

- оқушыларды шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үй қолайлы жағдай жасау;

- шығармашылық бағытқа баланы жүйелі саналы түрде қалыптастырып отыру.

Оқушылардың шығармашылыққа жұмысқа баулу, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Олар мынадай:

- тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау; арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;

- ойлауын дамытатын ойындармен белсенділігін арттыру;

- берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс;

- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;

- қиялдау арқылы сурет салғызу;

- ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;

- ой шапшандылығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;

- мәтін, әңгіме, ертегіні өз бетінше аяқтау

Ал, сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жұмыс түрлері:

- мұражайға апару;

- әр түрлі кездесулер өткізу;
- әр түрлі тақырыптарда пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру;

- балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі пайдалану;

Осындай жұмыстарда үнемі жүргізу оқушылардың шығармашылық бағытта дамуына жеке мән беру болып табылады. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Осыған орай біз бастауыш сыныпта стандартты емес есептерді шығарып үйренудегі сабақты талдай кетсек, Оқушыларға уақыт бірліктері «Сағат және минут» деген тақырыппен таныстырамыз. (Балалардың назарын интерактивті тақтаға аудару.)

Сағаттың қысқа тілі сағаттық тіл деп аталады. Ол үлкен екі сызықшаның аралығын 1 сағатта жылжып өтеді. Ұзын тілі минуттық тіл деп аталады. Ол кішкене екі сызықшаның аралығын 1 минутта жылжып өтеді.

Сағат моделінің қысқа тілі 3-ті, ал ұзын тілі 12-ні көрсетіп тұр. № Сонда сағат неше болғаны? Әрі қарай сағат тілдерін жылжыта отырып, бір сағатқа дейінгі дәлдікпен уақытты анықтауға машықтандыру.

Қысқа тілі 3-тен жылжып сәл асады, ал ұзын тілі де ілгері қозғалып қанша минут өткенін көрсетеді. Ұзын тілі сағат бетімен бір рет толық айналып өтеді, яғни кіші 60 бөлікке яғни 60 минутқа, ал қысқа тілі үлкен екі бөліктің бірінен екіншісіне келіп жетеді. Демек, 1 сағатта 60 минут бар, ал 60 минут 1 сағат құрайды.

Оқушылар 1-жаттығудағы түсіндірме мәтінді оқиды да, сағаттың ұзын және қысқа тілдерін, үлкен және кіші бөліктерін, оның моделінен көрсетеді. Үлкен екі сызықшаның аралығы 1 сағатты, ал кіші екі сызықшаның аралығы 1 минутты білдіретініне назар аударылады.

Оқулықтағы сурет бойынша сағаттың ұзын және қысқа тілдері арқылы уақытты анықтап жазу. мұғалім жазу үлгісін интерактивті тақтаға жазып көрсетеді. Мысалы: 3 сағ.; 3 сағ. 10 мин.; 3 сағ. 5 мин., т.с.с.

*2-тапсырма* дидактикалық ойын түрінде «Кім шапшаң?». Ойынды барлық оқушылар бір мезгілде бастайды. 1 минут ішінде қай санға дейін санай аласың? Компьютердегі «ТІМЕ» программасындағы сағатты көрсету. Сағатқа қарап тексер. Жұмыс ауызша тексеріліп, ерекше көзге түскен оқушы мадақталады.

*3-тапсырма.* Математикалық диктант түрінде орындалады.

*4-тапсырма.* Мультимедиялық электронды оқулықпен жұмыс.

Оқушылар берілген тапсырмалармен жұмыс жасайды.

Мысалы: (сұрақтарға жауап береді) Сен сағат нешеді тұрасың? Мектепке сағат нешеде барасың? Мектептен үйге сағат нешеде келесің? Сағат нешеде ойнауға шығасың? Сен сағат нешеде ұйықтайсың? Үй шаруасына нешеде көмектесесің?

Ойлау қабілеттерін арттыру мақсатымен жасыл қоршаудағы тапсырманы орындау. Жасыл қоршаудағы жаттығу дидактикалық ойын түрінде орындалады.

«Саяхатқа шығуды жоспарлау». Мына мысалдардың жауаптарының өсу реті бойынша жолаушының қозғалыс бағытан анықтаймыз. Интерактивті тақтада көрсетілген Қазақстанның қалаларына саяхатқа шығуды жоспарлаймыз.

Мысалы:

$90 - 80 = 10$  Астана қаласы.

$40 - 20 = 20$  Қарағанды қаласы

$60 - 30 = 30$  Қызылорда қаласы

$10 + 30 = 40$  Алматы қаласы

$70 - 10 = 60$  Қостанай қаласы

$20 + 50 = 70$  Тараз қаласы

$30 + 60 = 90$  Орал қаласы.

*Стандартты емес есептер.*

1. Қоян тасбақамен 100 метрге жүгіруден жарысты. Қоян мәреге жеткенде тасбақаға әлі 90 метр жүгіру керек еді. Жүйріктер мәреге бірдей келу үшін қоян үшін старт сызығын неше метрге артқа жылжыту керек?

2. Аралда 100 адам өмір сүреді. Олардың кейбіреуі әрқашан өтірік айтады, ал қалғандары тек қана шындықты айтады. Әрбір арал тұрғынының ұнататын жыл мезгілі бар. Әрбір арал тұрғынына төрт сұрақ қойылды:

1) Сіз қысты ұнатасыз ба?

2) Сіз көктемді ұнатасыз ба?

3) Сіз жазды ұнатасыз ба?

4) Сіз күзді ұнатасыз ба?

Бірінші сұраққа «иә» деп 30 адам, екінші сұраққа – 25 адам, үшіншіге – 50, төртіншіге – 45 адам жауап берді. Аралда неше өтірікші бар?

3. Қандай да бір жылда қаңтарда 4 жұма мен 4 дүйсенбі болды. Сол жылдың 20 қаңтары жетінің қай күні болды?

4. Кубтың барлық бетін бояу үшін 6 г бояу кетті. Бояу кепкеннен кейін кубты 27 бірдей кубиктерге қиды. Енді осы кубиктердің боялмаған жақтарының бәрін бояп шығу үшін қанша грамм бояу керек?

Сонымен, *стандартты емес есеп түрлері белгілі. Дайын ережелердің көмегімен шығарылатын есептер стандартты делінеді де, ал шығару жолдары дайын ережелер арқылы табыла қоймайтын есеп – стандарттық емес болып табылады.*

Қандай да болмасын есепті шығаруды негізгі төрт кезеңге бөлуге болады: Есептің шарты мен талабын терең түсіну. Есепті дұрыс түсініп алмай, оны әрі қарай жалғастыру мүмкін емес.

Есеп шығаруға кіріспес бұрын оның мазмұнына талдау жасап, не берілгенін, нені табу керек екендігін анықтап алған қажет. Бұл тұста ұқыпты сызылған сызбалардың немесе сұлбелердің маңызы зор. Есептің берілген не ізделінді элементтері белгіленбеген болса, онда ыңғайлы белгілеулер енгізу керек.

Бастауыш мектепте стандарт емес есептерді шығарта отырып, оқушының ойлау қабілетін дамыту ерекше орын алады.

Бастауыш мектепте математиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – баланың ойлануының іскерлігінің дамуы мен қалыптасуы болып табылады. Математиканы алгоритмдік ойлау, құрастырушы және сындық, икемділік пен күш және т.б. сияқты ойлаудың көптеген сапалары қалыптасуы мүмкін.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Лихтарников Л.М.. Бастауыш мектеп оқушыларына арналған қызықты логикалық есептер.- Спб.: “Лань”, “Мик”,2006.
2. Моро М.И. Моро, А.И. Пышкало. 1-3 сыныптағы математиканы оқыту әдістемесі.-М.: Просвещение,2008
3. Ковалевский Бастауыш мектепте оқыту: Психолого-педагогикалық тәжірибе. Әдістемелік құрал.-М.: ЦГЛ, 2003.-208 б.
4. И.В. Мельченко 6 дан 10 жасқа дейінгі жас кезеңдегі интеллектуалдық іс-әрекетке мотивацияланған балаларға арналған мысалдық тапсырмалар.
5. М.И. Моро, А.И. Пышкало. 1-3 сыныптағы математиканы оқыту әдістемесі.-М.: Просвещение,2008.

ӘОЖ 00.001

## **ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ**

Садуакасова Ж.Т.

ШҚО ББ Өскемен қалалық ББ «№19 мектеп қосымша  
білім беру орталығы» КММ, Өскемен қ., Қазақстан

Мақала авторы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық зерттеу мәселесін ғылыми білімнің әртүрлі салаларына қатысты әдеби дереккөздерді аналитикалық түсіну, сонымен қатар эмпирикалық зерттеу деректерін жалпылау негізінде негіздейді. Зерттеу барысында анықталған қарама-қайшылық, бір жағынан, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту үдерісін жетілдіру бойынша педагогикалық тәжірибе барысында қажеттілігінің бар екендігін, екінші жағынан, талап етілетін мәселе деңгейінде жеткілікті дамымағанын көрсетті.

Кілт сөздер: жаңа технология, шығармашылыққа баулу, тиімді әдіс-тәсілдер, АКТ қолдану.

Бала бойындағы дарындылықты жас ерекшелігін ескере отырып анықтау. Бала дарындылығын ашылуын өз мүмкіншілік қабілетіне сәйкестендіре отырып дамыту, жетілдіру. Дарындылықтың талантқа айналуына күш салу.

Шығармашылық топ құру. Әлемдік, республикалық деңгейдегі психологиялық педагогикалық әдебиеттерге талдау жасап, мектебімізге сәйкес



келетін әдістерді таңдап алу. Дарындылықты анықтаудың принциптерімен ұстанымдары бойынша диагностика жүргізу.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «Бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталғанын» атап көрсетті. Тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыратын жаңа технологияларды қолдану.

### **Тақырыптың тиімділігі:**

Ақпаратпен жұмыс істей алу білімін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін туғызады.

Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады.

Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

Оқытудың ой – өрісін , дүниетанымын кеңейтеді.

Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектеседі.

Жаңа ақпаратты жинақтап салыстырып, жүйелеп, нақты қорытынды жасап, дәлелдейді.

Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілік қалыптастырады.

### **Тақырыптың жаңашылдығы:**

XXI ғасырдың алғашқы жылдарының негізгі проблемаларының бірі «Білім бүкіл өмір бойына » қағидасын жүзеге асыратын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарына іздеу болып табылады.

Ақпараттық технология ақпаратты алудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың әдістері мен құралдары .

Дьюидің айтуы бойынша мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді, яғни «нақты бір мәселені қарастырып, қиын жағдайдан шығудың жолын өзіндік іздеу арқылы оқушы шын мәнінде ойланады». Осыдан сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда жаңашылдығы ерекше.

«Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін-тек қана олардың оқуы үшін жағдай жаратамын» Альберт Эйнштейн дегендей мектептің тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да – мұғалім. Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға екені ұстаз екені де баршаға белгілі. Альберт Эйнштейннің пікірін одан әрі дамыта отырып, педагогикалық үрдіс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті: бір жағынан бұл мұғалімнің бағыттаушы, ал екінші жағынан оқушының өзінің ішкі әрекеті. Ол оқушының белсенді білім игеруі мен қызығушылығына, талпынысына ерекше мән берді. Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді шешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес

қосты. Алтынсариннің мұғалім міндеттері туралы, қалай оқыту керек, қалай оқу керек деген талаптары біздің зерттеулерімізде маңызы болды.

Тәуелсіз елдің тірегі білімді ұрпақ, өркениет біткеннің өзегі білім, ғылым, тәрбие дейтін болсақ, осының барлығының бастауы – бастауыш мектеп. Ал бастауыш буынның негізгі міндеті баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін дамыту, адамзаттың асыл қасиеттерін оқушы бойына сіңіру. Баланың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асады. Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену, сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, меңгереді. Мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді, түрлі іс-әрекетке бағыттайды. Шығармашылық сабақтар әр оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін, танымдық іс-әрекеттері мен дағдыларының дәрежесін көрсетіп береді. Оқушының шығармашылық әрекетін ұйымдастыру барысында бала өзінің бұған дейінгі білетін әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Өз тәжірибемде «Назарбаев Зияткерлік мектебі» бойынша курстан өтіп, одан алған тәжірибемді қолданудамын. Бұл бағдарламаның басты мақсаты педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу. Мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету. Бұл бағдарлама негізінен жеті модульге сараланған. Модульдер:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Оқытуда АКТ-ны пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқу керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеу мен дамытуына көмектесетін амал.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Оқушыларға қатысты олар жан-жақты ойлап, өз ойларын толықтай жеткізе біледі, ойларын дұрыс болмаса да еркін жеткізе алады, әр оқушы әртүрлі ойларын айту арқылы ортақ бір пікірге келеді.

Оқытуды бағалау (жиынтық баға) баға қою, мадақтау, оқу қортындысын шығару. Оқыту үшін бағалау (формативті) әр топ оқушылары немесе бағалаудың түрлері бойынша бағалау. Әртүрлі критерилар арқылы, ым ишара арқылы, білім ағашы арқылы, смайликтер арқылы бағалауға болады.

АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады.

Жас ерекшеліктеріне сәкес оқыту да бұл модульмен тығыз байланыста.

Көшбасшыны анықтау өткізетін кез-келген сабақта сынып оқушыларын топқа бөліп, әр топтан лидер таңдап алу. Келесі сабақта топтарды өзгертіп отыру арқылы әр сабақ сайын лидерлер шығып, оқушылар толық қамтылып шығады.

Бұл бағдарламадағы осы айтылған 7 модульді кез – келген сабақтарда барлығын дерлік қолданып шығуға болады. Өзім өткізген сабақтарда оқушыларым топқа бөлінуге қалыптасты, постер арқылы қорғауға үйренді, интертақтамен сабақ көруге дағдыланды, бағалау түрлерін пайдалана білді.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда оқушылардың танымдық қажетсінуін анықтау үшін мынадай тест құрастырдым:

- Мен білуге тырысамын.
- Мен өз қабілетіме сенемін.
- Өз пікірімді толық жеткізуге тырысамын.
- Сабақта кездесетін кедергілерді жеңуге тырысамын.
- Өзімнің және жолдасымның әрекетін салыстырамын.
- Өзімді бағалауға дағдыланамын.
- Өз білімімді, тәжірибелерді өмірде іске асырамын деп ойлаймын.
- Өзімнің қызығушылығымға байланысты достар іздеймін.
- Жақсы нәтижелерге жетемін.
- Жауапкершіліктен қорықпаймын.

5-ия, 4-көбінесе, 3-кейде, 2-білмеймін, 1-жоқ

Оқушылар жалпы ұпай санын есептеп шығарады. Егер сізде 45 ұпайдан жоғары болса, онда сіз қажеттіліктеріңізді белсенді орындайсыз. 36-44 ұпай өзіңізді дамытуға құлшынбайсыз. 14-35 ұпай өзіңізді мүлдем дамытпайсыз. Тест нәтижесінен оқушылардың 20 пайызы 45-ұпайдан жоғары, 48 пайызы 36-44 ұпай жинаса, 32 пайызы 14-35 ұпай жинады.

Бастауыш сынып оқушыларына жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналды. Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге үйретеді.

- Оқушының өз бетінше білім алуға деген құштарлығы оянды;
- Шығармашылық жұмыс істеуге дағдыланды;
- Оқуға ынта-ықыласы артты;
- Бір-бірінің ойын, пікірін сыйлауға үйренді;
- Өз бойларына жақсы қасиеттерді жинауға үйренді;
- Өз ойын қағазға түсіруді үйренді;
- Оқушының жеке басын, ұжымды сыйлауға үйренді:

Көрсетілген әдіс-тәсілдер бастауыш сыныптарға тиімді екендігіне көзім жетті. Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымның сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу бүгінгі күннің мақсаты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан мектебі» журналы. Алматы: 2009.- №9.
2. «Қазақстан мектебі» журналы. Алматы: 2007. - №11-12.
3. Н.С.Сарсенова «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары» Алматы: 2006.
4. А. Алимов Интербелсенді әдістемені ОО-да қолдану мәселелері. – Алматы: 2013 - №7.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» - ДББҰ, 2012ж.

ӘОЖ 37.018.01

### **ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сайранова Б.

Ғылыми жетекші: Игибаева А.К., п.ғ.д., профессор  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail:aiko-53@mail.ru

Бала тәрбиесінің негізі – бұл отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың балалығы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың

сіңірген еңбегіне, тәлім – тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата – ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан – жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция», Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» және т.б нормативтік құжаттар дәлел болалады. Мысалы, 1995 жылы 5 шілдеде Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенцияда»: «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делініп, әрбір ата – ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсеткен [1].

Адамзат қоғамының қай кезеңінде болсын отбасы тәрбиесі мәселелері күн тәртібінен түскен емес. Отбасы тәрбиесі мәселелері шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қ.Яссауи, М.Қашқари еңбектерінде кеңінен орын алды.

Келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, балаларды ата – баба дәстүрінде тәрбиелеуді мақсат тұтқан қазақ отбасылары баласын мәдениеттілікке, зерделікке баулып, халқының мәдениеті мен әдет – ғұрпын тәрбиенің бұлжымас отбасы тәрбиесі және қарым – қатынас мәселесіне қазақ ғалымдары К.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Р.М.Қоянбаев, Х.Т.Шериазданова, Б.И.Иманбекова, А.А.Капенова, Ш.Майғаранова, Г.Салғараева, А.Талдыбаева және т.б. өз еңбектерін арнаған.

Қазіргі кезеңде бұл мәселе жаңа көзқарасты талап етеді. Мектеп әлеуметтік институт ретінде соңғы он жыл ішінде іс жүзінде жаңа жағдайға келді. Біріншіден, қазіргі кезеңде білім беру парадигмасы өзгеріліп (тұлғаға бағытталған және жеке бағдарланған тәсілдер), мектеп шығармашылыққа бет бұрып, ізгілендіру процестері басталды. Бірақ белгілі бір мектептегі жағдай көбінесе жалпы қабылданған білім беру парадигмасымен сәйкес келмейді. Бұдан жарияланған мақсаттар, принциптер, көзқарастар мен олардың практикалық орындалуы арасындағы қайшылықтар туындайды. Нарықтық қатынастардың абсолюттенуі, қазіргі шындықтар өсіп келе жатқан прагматизмнің әсерінен білім беру мақсаттарының өздері деформациялануына әкеледі. Педагогикалық процестің осы жасанды бөлінуінің нәтижесінде отбасы мен мектеп мүдделерінің байланыс аясы тарылады. Тәрбие саласындағы жетістіктер отбасы мен басқа да әлеуметтік институттардың күш-жігерін біріктірген кезде ғана мүмкін болады. Жалпы білім беру мекемесі тәрбие процесін және баланың, ата-ана мен қоғамның нақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік институттардың бірі болып қала береді. Отбасы әлеуметтік институттың алғашқы сатысы болғандықтан тұлға өмірін әрдайым қолдап отыруы қажет. Себебі, осы әлеуметтік ортада әр баланың ата-анаға деген сүйіспеншілігі шексіз, шартсыз, кіршіксіз болып табылады. Сонымен қатар, психологиялық педагогикалық тұрғыдан әр отбасыға қолдау көрсету өте маңызды. Ол процес

отбасындағы қарым-қатынас көрінісін жақсартуға, жаңа өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға, бір-біріне қабылдау, түсіну және сену қабілетін перспективалық дамытуға жол ашады.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыда отбасы – бұл ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи жүйесі болып табылады. Қазақ тілі түсіндірмелерінде «Отбасы – өзіне, неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ», – деген анықтама берілген.

Отбасы, біріншіден, шағын әлеуметтік топ ретінде қарастырылады және оның қызметі тиімділігі топ ішіндегі коммуникация, яғни отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас, билік және көшбасшылық мәселелеріне, жанжалдарды шешуге, әлеуметтік орталармен топаралық өзара әрекеттесулерге байланысты.

Екіншіден, шағын әлеуметтік топ ретіндегі отбасының ерекше сипаты – жоғары аффективті қарқындылықпен және отбасы мүшелері арасындағы қатынастардың эмоциялық «қанықтылығымен», бір жағынан – махаббатпен, сүйіспеншілікпен, басқа жағынан алғанда – өшпенділікпен, жек көрушілікпен, шеттетілумен байланысты.

Отбасында әр түрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда бала өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Ата-аналардың мінез-құлқы, бір-біріне және балаға, қарым-қатынасы қалыптасып келе жатырған бала тұлғасына үлкен әсеретеді. Бала үлкендердің әрекеттерінен сезімтал болады, отбасының тәрбие үрдісінде алынған тәрбиені тез меңгереді. Ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау уәзіндері (критерий) қалыптасуымен бірге қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық туралы ұғымын түсіндіреді.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Отан отбасынан басталады» - дана халқымыздың осы сынды мақал-мәтелдері ежелден күнделікті өмірде, салт дәстүрлерде өз көрінісін табады. «Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғырпаған халық», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - деп тұжырымдаған бабаларымыздың бұл жазылмаған заңдылықтары қазірде қаншалықты сақталуда? Неке қиятын орталықтардың мәліметтеріне сүйенсек, некеге тұрған отбасылардың бір талайы көп ұзамай ажырасып кетеді, мектеп оқушыларының арасында 70% - ға жуық бала әкесіз тәрбиеленіп отырған толық емес отбасыларының ұл-қыздары. Әкесінің аты төлқұжатында тіркелмеген балаларға да үйреншікті әдетпен қабылдайтын болдық. Сонымен қатар, анасы тастап әкесінің ғана тәрбиесін көріп өсетін балалар қазірде біздің елімізде аз емес.

Кеңес және шетелдік психология, педагогика ғылымыдарында отбасы ұғымына анықтама беру, оның атқаратын функцияларын нақтылау және отбасындағы қарым-қатынас мәселерін талдау көптеген зерттеулерде орын алған. Десек те, отбасы функциясының ортақ топтамасы немесе жіктемесі толық

түрде жүйелі жасалмағандығы көптеген зерттеулерде көрсетіліп жүр. Кеңес ғалымдары Г.М. Свердлов пен В.А. Рясенцевтің (1958) еңбектерінде отбасының маңызды функцияларында ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету түрлері көрсетілген. Тұлға дамуында ата-ананың отбасылық ықпалы туралы В. Сатир және Э.А. Тийт өзінің еңбектерінде қарастырды. Сонымен қатар, аталмыш ғалымдардың еңбектерінде некедегі сәйкестікке қатысты мәселелер де талданған.

Көптеген зерттеулерде отбасына деген жағымды қатынас таныту балалық шақтан қаланады деп тұжырымдалады. Балалық шақта адамгершілік қасиет ата-ананың балаға қатынасына және олардың өз басына деген қатынасына тәуелді болып келеді. Балалық шақ онтогенезде даму барысында адам өмірінің маңызды кезеңі. Тұлғаның балалық шағының өту жағдайына байланысты, яғни оның санасы мен жүрегіне қоршаған әлемнің әсеретуіне қарай бүгінгі нәрестенің ертеңгіболмысы қалыптасады. Қазақ халқы отбасы тәрбиесіне ерекше мән беріп, «он үште- отау иесі» деген. Ерте кезде қазақ отбасыларында қыз баланы 3-5 жастан анасы қасына алып, үйдің жұмысына араластырса, ұл балаларды аңшылық, мал бағу сияқты түздің тірлігіне араластырған. Осы орайда, қазіргі өмір тіршілігіміз мүлде басқа сипатта. Сондықтан отбасында әке мен ананың қарым-қатынасы тұлғаның болашақтағы отбасы егесіретінде қалыптасуының негізі болып табылады. Ал, қазіргі таңдағы ересек азаматтардың өзіотбасылық жауапкершілік пен міндеттерді дұрыс түсінбеуінен қаншама шаңырақ шайқалып жатқаны белгілі.

Әрдайым отбасы мүшелері тұлғаның ең алғашқы қоғамдық ортасы мен өмір тәжірибесін жинақтау мектебінің ұстазы болып табылады. Бұл жағдайда отбасы қарым-қатынасында жағымды сезімдероның мүшелерін көркемдейтін болады. Отбасы әлеуметтік институттың алғашқы сатысы болғандықтан тұлға өмірін әрдайым қолдап отыруы қажет. Себебі, осы әлеуметтік ортада әр баланың ата-анаға деген сүйіспеншілігі шексіз, шартсыз, кіршіксіз болып табылады. Егер бала өмірінің алғашқы жылдарында ата-анасының сүйіспеншілігінің өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, өсе келе ата-ана махаббаты адамның ішкі, эмоциялық және психологиялық әлемінің қауіпсіздігі мен қолдау қызметін атқарады.

Ата-ананың махаббаты – адамның жан және тән саулығының, рухани байлығының және берекесінің сапа көрсеткіштері мен қайнар көзі болып табылады. Дәл осыдан ата-ананың бірінші және негізгі міндеті баланың көзқарасында оны жақсы көретіні туралы сенімділікті қалыптастыру болып табылады. Қандай жағдай, қандай күйде болсын балада ата-ана сүйіспеншілігінен еш күмән болмауы тиіс. Ұрпағына қай жас кезеңінде болмасын әрқашан мейіріммен, ілтипатпен және ізгілікпен қарау – ата-ананың табиғи да ең керекті міндеттерінің бірі.

Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстарға орай, отбасылық қарым-қатынас сипатында, оған деген көзқарас жаңа сипатта көрініс беріп жүр. Ғылыми-экономикалық даму жағдайында ата-ана өз сезімдеріне, жүрегінің үніне, өз баласының қабілеттерінен сенімділікпен арқа сүйеуі керек. Осы орайда, ата-ана

тәрбиенің қандай жүйесін ұстануына тек өзі ғана шешім жасауы тиіс. Бұл жағдайда баланың жараланғыш нәзік жүрегі үшін оның отбасында сүйіктіекенін сезіну, ата-анасы үшін қымбат екенін ұғыну болып табылады.

Ата-ана тәрбиесі негізінде отбасында тұлғаның адами сапалары қалыптасады. Бұл адами сапаларға адамгершілік, қайғыра білу, сөйлеу мәдениеті, зейінділік, мақсаттылық, инабаттылық, ізгілік және т.б. қасиеттер кіреді. Керісінше, ата-ана стиліне қарай, отбасышылдық қарым-қатынасқа байланысты өзімшілдік, қаталдық, үлкенге деген дөрекілік, қоршаған ортаға салғырттық, жауапсыздық және аяусыздық сияқты жаман қылықтар да дамиды деген сөзсіз. Осы орайда, ұрпағының тұлғалық сапаларын қалыптастыру мақсатында ата-аналар әр жағдайда отбасылық салт-дәстүрді ұстанып, өз ата-анасына құрметпен қарап, баласына боларлық тәрбиеші болып, шыншылдық, адалдығын көрсетіп, оны жетілдіруі керек.

Жалпы алғанда, әлемде мекендейтін тіршіліктің ішіндегі әдемі де қорғансыз тіршілік иесі-бұл адамзат болып табылады. Адам баласы тұлғалық дамып, әрі жетіліп өзіндік өмірге тән мен жан үйлесімдігіне жету үшін және әлеуметтік күрделі қатынастарға дайындалуы үшін шамамен екі он жылдықтай керек. Осы онжылдықтар адамға білім алып, тәжірибе жинап, мамандық алып, еңбек әрекетіне қатысып, қоғамда өз орнын табу үшін маңызды болып келеді. Сондықтан әрбір кезеңдегі тұлғалық дамуды ғылыми тұрғыда зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Біздің зерттеуіміздің басты мәселесі болып табылатын студенттердің отбасылық өмірге дайындауы өзінің құндылығымен алға шығады.

Белгілі ғалым, гуманистік психологияның негізін салушы А. Маслоу тұлғаның сәтті дамуы үшін оның қажеттіліктері өтелуі тиіс деген тұжырым жасайды [2]. Бұл қажеттіліктердің қанағаттандырылу деңгейі оның қалыпты дамуына, құрдастарынан қалмай жетілуінен емес, өзінің қате жолға түсуіне әсер етеді. Сонымен қатар, баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, қоғамда өз орнын табуына мүмкіндік береді. Айтылып отырған мәселе тікелей оның ата-анасының қатынасына тәуелді болып келеді.

Бүгінгі күні отбасылық өмір сүру жағдайлары түрлі сипатта көрініс беріп отырған жайы бар. Отбасында ерлі-зайыптылардың бірге тұруы, олардың ара қатынасын айналасындағылардың «жақсы» деп бағалауы некеде де бақыттылығын білдіре бермейді. Отбасы өмірінің астарында қытырқылардың әртүрлі болады: сырттай тату болып есептелетін отбасыларда ерлі-зайыптылардың бір-бірін жек көріп, рухани салқындық байқалуы мүмкін.

Өз балаларының жан дүниесін ата-аналардың жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта туындату үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Белгілі шетел психолог Э. Фромм тұжырымдамасында көрсеткендей, ананың және әкенің махаббаты табиғаты, генезисі және көріну формасы бойынша бір-бірінен ерекшеленеді және баланың тұлғалық дамуында әртүрлі әсер етеді [3]. Ананың махаббаты- шексіз, нәзік және шарттанбайды. Әкенің махаббаты- баладан көп нәрсені талап етеді және ол шарттанған болып келеді. Ол махаббатқа бала лайықты болуы тиіс. Әке махаббатының туа берілетін



алғышарты болмайды, ол бала өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасады деп тұжырымдайды кейбір зерттеушілер. Бала әкенің махаббатына лайық болуы үшін белгілі бір әлеуметтік жүйенің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Егер бала анадан эмоциялық қолдауды және жақындықты сезінуді қалайтын болса, әкеден бірлескен іс-әрекеттесеріктесті және беделді болудың қайнар көзін табады. Баланың ата-анаға деген қатынасы ерлі-зайыптылардың бірі-бірімен қарым-қатынасынан туындайды.

Психологиялық педагогикалық тұрғыдан әр отбасыға қолдау көрсету өте маңызды. Психологиялық-педагогикалық қолдау екі бағытта жүзеге асырылады:

I. Алдын алу: отбасындағы психологиялық шиеленістің алдын алу, ата-аналар мен балалар арасындағы әлеуметтік-психологиялық және жеке қақтығыстар. Жұмысты ата-аналар тек мұғалімнен ғана емес, сонымен бірге досынан да ақпарат алатындай етіп ұйымдастыру керек, екінші жағынан, сөйлесуге, өз пікірлерін айтуға, басқа ата-аналардың пікірлерін тыңдауға мүмкіндік бар. Бұл, бір жағынан, оларға білім туралы өз көзқарастарын түсінуге мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, біреудің ата – аналық тәжірибесі тәжірибелі мұғаліммен немесе психологпен сөйлесуден гөрі оңай қабылданады. Белгілі бір тақырып бойынша өз проблемаларын айта отырып, ата-аналар ең өзекті болып табылады және өздері ұсыныстар мен кеңестер жиынтығын әзірлеу арқылы шешеді. Нәтижесінде олар тәжірибе алмасып қана қоймай, өздеріне, құзыреттеріне көбірек сене бастайды, жаңа идеялармен және өзін-өзі бағалауды арттырады. Бұған отбасымен жұмыс істеудің көптеген түрлері кіреді: дәрістер, әңгімелер, тренингтер, консилиумдар, элективтер, ата-аналар семинарлары, топтық және жеке кеңестер, ата-аналар жиналыстары, ата-аналар кештері, педагогикалық насихат, ата-аналар конференциялары, ашық есік күндері және т.б.

II. Өзекті: ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңуде мамандардың нақты көмегі. Отбасын жеке сүйемелдеу технологиясы:

1. Сұрауларды талдау сигнал: кімде проблема бар, кім көмек сұрайды.
2. Мәселелердің иерархиясы: мәселені маңыздылық тәртібімен құру.
3. Таратпаушылық мәселе: проблемалар пайда болатын жерлерді анықтау.
4. Қажетті толқындық көмекке бейімделу: отбасының ерекшеліктеріне сәйкес тәсілді таңдау.
5. Отбасындағы жағдайды барлау: отбасы туралы қосымша ақпарат жинау.
6. Жоспарды әзірлеп жұмыс істеу.
7. Мониторинг, нәтижелерді бағалау. отбасында және оның ортасында табылған ресурстарға сүйене отырып, проблемалық жағдайды шешуге бағытталған нақты іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу-ведомствоаралық өзара іс-қимыл негізінде осындай көмек көрсететін ұйымдары арқылы азаматтарға, оның ішінде медициналық, психологиялық, педагогикалық, заңдық, әлеуметтік қызметтерге жатпайтын кәметке толмаған балалардың ата-аналарына,

қорғаншыларына, қамқоршыларына, өзге де заңды өкілдеріне жәрдем көрсету жөніндегі қызмет. Әлеуметтік қолдаудың мақсаты - өмірдегі қиындықтарды жеңу, жағымсыз салдарды азайту, отбасы мен адамның проблемаларын толық шешу.

Сонымен, отбасын сәтті ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға, балалар арасындағы қарым-қатынастарды оңтайландыруға ықпал ететін сындарлы өзара әрекеттесу және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Ол процес отбасындағы қарым-қатынас көрінісін жақсартуға, жаңа өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға, бір-біріне қабылдау, түсіну және сену қабілетін перспективалық дамытуға, ата-ананың назары мен тәрбиесінің маңыздылығын түсінуге, баланы тәрбиелеуде және дамытуда ата-аналарға психологиялық, педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған.

#### **Пайдаланған әдебиет:**

- 1.Қазақстандағы БҰҰ-ның Балалар Қорының (ЮНИСЕФ) 2018жылғы есебі. Қысқаша талдамалық есеп. Нур-Сұлтан қ.2018ж.
2. Маслоу А. Психология бытия / пер. с англ. -М., Прогресс, 1997.-С.167.
- 3.Фромм Э. Социально-психологическая часть = Sozialpsychologischer Teil // Исследования авторитета и семьи. Отчёт об исследованиях Института Социальных Исследований /Под ред. М. Хоркхаймера

ӘОЖ 37.013:573

### **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ**

Сақыпжанова Г.Т.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан, E-mail: gulsana.30@bk.ru

Мақалада мұғалімдерге қашықтықтан оқытуда сабақтарды дайындау мен өткізудің белгілі бір аспектілерімен және әдістемелік ерекшеліктерімен танысу мүмкіндігі қарастырылған.

Білім беруде оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс пен сабақ барысындағы коммуникацияның жаңа түрлерін енгізетін қазіргі технологиялық қоғамда, оқу процесінде - ақпараттық коммуникацияларды, қашықтықтан оқыту технологияларын практикалық қолдану мәселелері қарастырылады. Биология сабақтарында оқытудың желілік моделін жасауда қашықтан оқыту әдістері берген.

Түйін сөздер: қашықтан оқыту, қашықтықтан оқыту әдістері, АКТ, биология, сабақ.

Білім беру реформасы жаңғырту мен инновациялық дамуға бағытталған. Бұл біздің еліміздің бәсекеге қабілетті қоғамға айналуына және ХХІ ғасырда барлық азаматтардың лайықты өмір сүруіне мүмкіндік беретін бірден - бір жол. Осыған байланысты білім берудің жаңа мақсаты – шығармашылық және әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыру, қайта даярлауға дайындық, білім мен технологияның жаңа жүйесі. Демек, мектептегі білім берудің негізі – жаңа буын стандарттарында көрініс тапқан жүйелік – әрекеттік тәсіл.

Заманауи білім берудің басымдылығы – баланың тұлғасын жетілдіру және оның қабілеттерін шыңдау. Бұған қол жеткізу үшін оқыту технологияларын дамытудың жаңа перспективалық бағыттарын енгізу қажет. Соның бірі қазіргі кезеңде мектептің оқу үрдісінде дәстүрлі оқыту түрлерімен қатар өз орнын сенімді түрде ала бастаған қашықтықтан оқыту технологияларды пайдалана отырып оқыту болып табылады.

#### *Қашықтықтан оқыту технологиялары*

Қашықтықтан оқыту – оқытушы мен студенттердің тікелей байланысынсыз қашықтықтан оқытуға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

Технологияның мәні мынада: оқыту мен материалды меңгеруді бақылау интернет-компьютер желісінің көмегімен жүзеге асады және бұл мектеп мұғалімдерін компьютерде жұмыс жасауын дамытуға және пайдалануға көбірек мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану оқу үдерісінде кері байланысты орнатуға, білім беру, коммуникативті және тұлғалық – бейімделу құзыреттіліктерін игеру дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді [1].

Қашықтықтан білім беру технологияларының көмегімен оқыту жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың құралдарына, мультимедиялық құралдарға, бейнебайланыс құралдарына, мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің тағы бір формасына басты тәуелділікті білдіреді. Бұл оқытудың формалары мен әдістерін өзгерте отырып, оқушының да, мұғалімнің де ынтасының деңгейін арттыруға ықпал ететін, сабаққа қызықтыратын, ой өрісін дамытатын оқытудың заманауи тәсілі.

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту мазмұнының ерекшелігі – оның ашықтығы болып табылады. Интернет әлеуетті білім беру ортасын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді – оқушы білімнің негізгі көздері ретінде оқулыққа немесе мұғалімге «байлануды» тоқтатады. Қашықтықтан білім беру мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі ақпараттың өзі емес, оқушының ақпаратпен жұмыс істеу технологиясы болып табылады. Зерттелетін мәселе бойынша әртүрлі мәліметтерді игеріп қана қоймай, соларға бағдарлану қажет [2].

Қашықтықтан оқыту сабақтарына дәріс материалы, бейнероликтер, флеш – анимациялар, интерактивті тапсырмалар, виртуалды практикалық жұмыстар, on-line жүйесіндегі тесттер кіреді. Тоқсан немесе жарты жылдың соңында бақылау тесті өткізіледі, ол үшін бір ғана әрекет беріледі. Ұй тапсырмасын орындау тек электронды файлды ғана емес, сканерлеу және тапсырмаға қосу

арқылы қағаз көшірмесін жіберуді де қамтиды. Егер тапсырма қателермен орындалса немесе толық орындалмаса, бала тексеріп, мұғалімнің ескертулерінен кейін жұмысын өңдеп, қайта жібере алады. Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді, олардың бастауыш, негізгі жалпы және орта жалпы білім берудің мектепте білім беру бағдарламасын толық меңгеруін қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру бағдарламаларын меңгеру кезінде оқушыларда шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасады, ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) бойынша құзыреттілік деңгейі айтарлықтай артады. Оқушы максималды уақытта өз бетінше жұмыс істейді, өзін-өзі жоспарлауды, ұйымдастыруды, өзін-өзі бақылауды және өзін-өзі бағалауды үйренеді. Бұл оның белсенділікте өзін-өзі жүзеге асыруына, білімді игеру деңгейін өзі анықтауға, білімі мен дағдыларындағы кемшіліктерді көруге мүмкіндік береді [3].

#### *Биология пәні бойынша қашықтықтан оқыту*

Биология – тірі табиғат туралы ғылым. Биологияның кез келген бөлімімен танысқанда, ол ботаника, зоология, анатомия болсын, бала үшін оның зерттейтін объектісін көру маңызды. Бұл оқытылатын материалды жақсы түсінуге, оқуға деген ынтасын арттыруға және қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді. Биология сабақтарында әртүрлі иллюстрациялық материалдар (өсімдіктер, жануарлар және басқа зерттелетін объектілер), фильмдер мен бейнефильмдер, лицензиялық білім беру интернет-ресурстарынан алынған флеш – анимациялар қолданылады.

Биологияны оқытуда қашықтан оқыту технологияларының мүмкіндіктері пәннің оқу әлеуетін кеңірек және тереңірек пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені мақсат дайын фактілер мен іс-әрекеттерді үйрету емес, биологиялық материалда, ең алдымен, ғылыми басылымдар арқылы түсіну. Бұл ретте тыңдаушылардың танымдық қызметі белсендіріледі, оқытушының жедел кері байланысымен барынша өзін-өзі бақылау қамтамасыз етіледі. Мұндай биологияны оқытудың ерекшелігі: көрнекі құралдарға сүйену, бастапқы дереккөздерді – биологиялық еңбектерді, статистикалық, фотографиялық, анықтамалық материалдарды зерттеуге мән беру [4].

Биология пәндері бойынша қашықтықтан оқыту технологияларын сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда қолдануға болады:

1. сабақтарды жоспарлауда және өткізуде;
2. жобалау және зерттеу қызметінде;
3. мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауда;
4. дарынды балалармен жұмыс
5. жиі ауыратын немесе ұзақ мерзімді сапарға (жарыстарға) байланысты сабақты босатқан балалармен жұмыста;
6. бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық бойынша консультацияларда;
7. оқытылатын пән шеңберіндегі сыныптан тыс жұмыстарда;

8. қашықтықтан курстарды өткізу кезінде.

Онлайн ресурстар - тамаша білім беру ортасы. Бүгінгі күні көптеген онлайн платформалар қашықтықтан сабақтарды дайындауға және өткізуге арналған тегін құралдарды ұсынады. Биология сабақтарында тәжірибе барысында «Resh.edu», «Yaklass.ru», «Interneturok.ru», «LiameloN School» және т.б. сияқты білім беру порталдарын пайдалануға болады.

«LiameloN School» және «Resh.edu» сияқты платформаларда бейнероликтер ережелерге сәйкес жасалған және жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасының материалдары бар, бірақ егер «LiameloN School» сабақтарын YouTube сайтынан табуға және жүктеп алуға болатын болса, онда сабақтарға сілтемелерді «Resh.edu» платформасынан алуға болады. «Yaklass.ru», «Interneturok.ru» платформаларында оқылған тақырыптар бойынша презентациялар, тесттер және дәрістер ұсынылады.

Жоғары сыныптарда оқушылар биологиялық бағыттағы әртүрлі тақырыптар бойынша жеке жобалармен айналыса алады. Сабаққа арналған Power Point бағдарламасында презентация түрінде жасалған шағын жобалар өте танымал: «Акулалар. Скаттар. Химералар», «Аквариум балықтары», «Көбелектер», «Өкпемен тыныс алатын балықтар», «Пассериформалар», «Тақ тұяқтылар», «Дәрумендер», «Қатаю және оның маңызы», «Темекі шегудің денсаулыққа әсері», «Мичуриннің селекциялық еңбектері», «Генетиканың даму тарихы», «Полисахаридтер», «Белоктар» және т.б.

Егер бала жүйеде осы бағытта жұмыс жасаса, онда білімнің жоғары деңгейінде ол ақпарат көздерін табуда, презентация жасауда және өз жобасын ұсынуда іс жүзінде еш қиындық көрмейді.

Оқу процесінің құрамдас бөлігі пәндік білімді тереңдетуге, оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділігін және қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін сыныптан тыс жұмыс болып табылады. Осы мақсатта қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы дайындалып, ұйымдастырылатын пәндік апталықтарда зияткерлік ойындар, турнирлер, экологиялық әңгімелер мен акциялар өткізіледі [5].

Жұмыс барысында қашықтан оқыту технологияларын қолданудың артықшылықтарын айта кетуге болады:

тыңдаушылардың базалық дайындық деңгейіне және қабілеттеріне жоғары бейімделу, сәйкесінше, білім алу процесін жеделдету және білім сапасын арттыру үшін жақсы мүмкіндіктер;

компьютерлік білім беретін оқу бағдарламаларын, электронды оқу құралдарын және тестілеу жүйелерін пайдалануға назар аудару арқылы оқу үдерісінің сапасын арттыру;

оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жедел жаңарту және толықтыру;

оқушылардың компьютерлік желілерді пайдалана отырып, оның баламалы көздеріне қол жеткізу мүмкіндігі болғандықтан, «айқас» ақпараттың қолжетімділігі;

жоғары нәтижеге жету үшін практикалық және бақылау тапсырмаларының орындалуын редакциялай білу, оқу процесінде өз уақытын жақсырақ, ақылмен жоспарлау мүмкіндігі;

оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыру, білімге деген құштарлығын, компьютерлік технологиямен өзара әрекеттесіп, өз бетімен жауапты шешімдер қабылдау қабілетін арттыру арқылы шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттыру;

оқытудың практикалық жағы, өйткені оқушылар топтық жобаларды орындау кезінде бір-бірімен, сонымен қатар мұғаліммен тікелей байланысып, оқу процесінде туындайтын сұрақтарды қоя алады.

*Онлайн оқыту мен қашықтан оқытудың айырмашылығы.*

#### 1. Орналасқан жері

Онлайн оқыту әдеттегі сынып жағдайында онлайн құралдар мен платформаларды пайдалануды қамтуы мүмкін. Қашықтықтан оқыту қашықтан болып табылады және оқушы мен мұғалімнің бетпе – бет әрекетін қамтымайды.

#### 2. Өзара әрекеттесу

Онлайн оқыту, жоғарыда көрсетілгендей, мұғалімдермен және сыныптастарымен өзара әрекеттесуді қамтуы мүмкін, ал қашықтықтан оқытуда бетпе – бет әрекеттестік болмайды.

#### 3. Ниет

Онлайн оқыту мұғалімдерге өз курстарында қосымша ретінде пайдаланылуы мүмкін, ал қашықтықтан оқыту мұғалімдерді оқу платформасында алдын ала орнатылған нұсқаумен алмастырады.

Онлайн оқыту мұғалімдерге сабаққа дайындалу уақытын үнемдеуге көмектеседі. Онлайн білім беру құралдарының көмегімен мұғалімдер жұмысты бағалауға, оқушыларға жеке көңіл бөлуге және тіпті бос емес жұмыс кестелерінде өздеріне бос уақыт бөлуге көбірек уақыт бөле алады.

Қашықтықтан білім беру қашықтан болғандықтан, ол білім алушыларды дүние жүзіндегі университеттермен байланыстыра алады, бұл оны әртүрлі елдердегі білім алушыларға ыңғайлы етеді [6].

Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып білім беру барысында, оның дәстүрлі оқыту түрлерінен артықшылығы бар екені көрінеді. Ол білім алушылардың психологиялық мәселелерін шешеді, уақыттық және кеңістіктік шектеулерді, білікті оқу орындарынан қашық болу мәселелерін жояды, жеке ерекшеліктері бар, дене кемістігі бар адамдарға оқуға көмектеседі, оқушылар мен мұғалімдердің коммуникативті аясын кеңейтеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар / Е.Полат, М.Бухаркина, М.Моисеева, А.Петров. М.: Академия, 2008. 272 б.

2. Қашықтықтан оқыту: тенденциялар, саясаттар мен стратегиялар. – М.: Ред. INT, 2004, 13 б.

3. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технологиялар./Ред. Е.С.Полат, М., Академия, 2000 ж.

4. Холодкова И.В. Күндізгі және қашықтықтан оқытуды біріктіру негізінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру // Информатика и образование. 2010. No 1. С. 87-88.

5. Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары / Ред. Е.С.Полат. - М., «Академия», 2006ж.

6. Мектептегі білім беруде қашықтықтан оқытуды дамыту. Полат Е.С. <http://distant.ioso.ru/library/publication/concept.htm>

ӘОЖ: 371.31

## **САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Свенова С.Ш.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша  
білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Білім беруді жаңарту білім беру жүйелерін саралау әдіснамасына, әртүрлі білім мекемелері сипатын және олардың өзін-өзі дамыту әрекеттерін қолдайтын құндылықтар мен мақсаттарға негізделуі тиіс.

Р.Нұрғалиевтың анықтамасы бойынша: «Оқыту технологиясы – психология жетістіктерін педагогикалық практикада қолдану немесе оқытудың тиімділігін арттыру және бағалау, бағдармалаудың жүйелі тәсілі» [2].

Білім технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеріне ерекше мән берілген. Зертеу жұмысы кезінде көптеген ғалымдар мен әдіскерлердің еңбегіне сүйендік.

Педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «*Саралап оқыту- оқылатын* ақпараттың азаюы ғана емес оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқалы жүзеге асырылады», -деген анықтама берілген [3].

Білім беруді дамытудың перспективалық бағыты ретіндегі жобалау идеяларын В.И.Слободников білім берудегі инновациялық әрекеттері тұрғысынан зерттейді. Ол инновациялық әрекеттерді:

- белгілі бір әлеуметтік тәжірибе кеңістігінде;
- дәстүрлі талаптардың жаңа әлеуметтік күтінімдерге сәйкес болмауынан пайда болған әрекеттер ретінде;
- жаңа инновациялық тәжірибені, оның мәдени рәсімделуі мен берілу механизмін түсіну және қабылдау әрекеті ретінде;
- қалыптасқан тәжірибені жаңартуға бағытталған әрекет ретінде қарастырады [3].

Білімнің аталған жаңа бейнесіне сәйкес оның құрылымы өзгереді, білім саласы құрылымының көрінісі үш қырынан байқалады, олар;

Білім беру ортасы -білімнің әлеуметтік-мәдени мазмұны ретінде;

Білім беру институттары-білім беру субъектілері әрекетінің ұйымдастырылған жүйесі ретінде;

Білім беру үдерісі-білім беру субъектілері әрекетінің мазмұны мен нақты жолдары ретінде;

Білім беру саясаты-білім беру қызметін басқа жүйелер арасында қамтамасыз ету;

Білім беруді басқару-оның тұтас қызмет етуін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

Әлемдік педагогиканың, көбінесе жүгінетіні Л.С. Выготскийдің идеяларына негізделген В.В. Давыдов пен Д. В.Эльконин және Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйелері.

Сонымен, еліміздің болашағына сай адам- ол теориялық ілімен қаруланған, оны шығармашылықпен іс жүзіне асыратын белсенді қоғам қайраткері, жаңа қоғамдық өмір үшін күресуге қабілеті мол, жоғары мәдениетті, білімді, өз ісіне асқан шебер адам болуы керек.

Білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқан белгілі. Осыған орай,соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Сондай технологиялардың бірі-саралап деңгейлеп оқыту технологиясы.

Оқушылардың білім – білік дағдыларын жетілдіру үшін деңгейлеп саралап оқыту технологиясын ерекшелігі өзгеше. Саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол мұғалім тарапынан оқушыларға берілетін көмек болуы тиіс. Негізінен тәжірибеде саралап оқытудың екі түрі кеңінен қолданылады:

1. Деңгейлеп саралау

2. Бағдарлық саралау

Деңгейлік саралау – оқушылардың бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі.

Бағдарлық саралау – оқушылардың әртүрлі тобымен оқу материалын деңгейі жоғары мазмұны бағдарламамен оқып-үйренуі. Бұл технология дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлау, елестету мен еске сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін, білім сапасын дамытуға көмектеседі.

Деңгейлеп саралау технологиясы, оқушының да мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Оқушылардың даму деңгейінің бірінғай болмауына және қабілеттеріндегі айырмашылықтар мен басқа да себептерге байланысты оқу үздіктері мен үлгермеушілердің пайда болатыны белгілі. Осыған орай, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы әр оқушының қабілетіне, мүмкіндігіне, деңгейіне қарай оқытуды көздейді.

Білім технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеріне ерекше мән берілген.



*Саралап оқытудың негіздері:*

*Бастапқы ғылыми идеялары төмендегідей:*

1 саралап оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді;

2 саралап оқыту әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді ;

3 саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейге қарастырылады ең төменгі минималды базалық, бағдармалық , күделенген деңгей;

4 оқушының жеке тәжірибесіне негізделген саралап оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болуы үшін жеке тұлға ерекшеліктеріне қарай көңіл бөлінеді.

Атап айтқанда:

- психикалық даму ерекшеліктеріне, есте сақтау қабілетінің ерекшелігіне ойлау қабілетіне, зейін ерекшелігіне, өзінің эмоциялық басқара білуіне .

- пән бойынша білімді игеру деңгейіне оқушының білім мен іс-әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөлу керек .

Әр оқушы әрбір сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймайды, соны өзі игеріп, әрі пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде болуын қалайды *Саралап оқыту технологиясындағы оқу үрдесінде мынадай мақсаттар көзделеді:*

- оқушыға сенімділік білдіру.

- пәнге қызығуын арттыру .

- оқушының өз біліміне сенімінің болуы және оны әрі дамыту

- өзіндік шығармашылық деңгейге көтерілу , т.б .

Бұл технологияның тиімділігі сол, жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс . Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын белсенділігін арттыру үшін оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады.

Тақырыпты бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясы жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені, оқушының ойлануын елестету мен есте сақтауды, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Деңгейлік саралап оқыту мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік туғызады .

*Саралап оқыту* - бұл оқыту үрдісін ұйымдастыру формасы, мұғалім оқу үрдісі барысында бірыңғай сапалық қасиеттері бойынша қалыптастырылған оқушылар тобымен жұмыс істейді

*Деңгей бойынша сараптау ерекшеліктері:*

Ой еңбегінің дамуына байланысты саралау қазіргі педагогикада бірыңғай баға алып отырған жоқ, оларда оң бағалармен қатар кейбір келеңсіз аспектілері де бар.

*Оң аспектілері:*

- қиын балалармен жұмыс істеудің тиімді мүмкіндіктері пайда болады;

- қоғам үшін балаларды ақталмаған және мәнсіз теңдестіру мен орташаландыру болмайды;

- мұғалімденашар оқитын оқушыларға көмектесуге, мықты оқушыларға көңіл бөлуге мүмкіндік туады;

- сыныпта үлгермеуші оқушылар қатарының болмауы жалпы оқыту деңгейін төмендету қажеттілігін жояды;

- мықты оқушылардың білім алуда тез және терең алға жылжуына деген ынтасы жүзеге асады;

- мықтылар өз қабілеттерін көрсете алады, ал нашар оқитын оқушылар оқу жетістігін сынауға мүмкіндік алады, өзінің келеңсіз мінез-құлықтарынан арылуына мүмкіндік туады;

- мықты топтарда ынта деңгейі артады;

-бірыңғай балалар жиналған топтарда балаға оқу жеңіл;

*Келеңсіз аспектілері:*

- балаларды даму деңгейіне қарай бөлу дұрыс емес;

- әлеуметтік-экономикалық теңсіздікбайқалады;

- нашар оқитын оқушылар мықтылардың соңынан ере алмайды, олардан көмек те ала алмайды, жарыса да алмайды;

- балаларды нашар топтарға ауыстыру олардың абыройын түсірген сияқты болып көрінеді;

- жетілдірілмеген диагностика нашар оқушылардың қатарына қабілетті оқушылардың кіріп кетуіне әкеліп соғады;

*Саралап оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздемесі келесі факторлармен сипатталады:*

- оқытудың басында оқушылардың әртүрлі дайындығы;

- оқуға деген әр түрлі көзқарас;

- жеке пәндерді оқытуда оқушылар қабілеттерінің деңгейінің әр түрлі болуы;

- әр түрлі тәсілдер мен операцияларды игеру мүмкіндіктерінің деңгейінің әрболуы;

- оқушылардың жұмыс істеу қарқынының әр түрліболуы;

-өзін-өзі тексеру деңгейінің әр түрлі болуы;

*Сынып ішілік саралаудың кезеңдері:*

1.Топтарда саралауды жүзеге асырудың критерийлерін анықтау;

2. Диагностикалауды жүзеге асыру;

3.Диагностика нәтижелерін есепке ала отырып, топтарға бөлу;

4. Саралау тәсілдерін таңдау, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеу;

5.Бұл тәсілді сабақтың барлық кезеңдерінде жүзеге асыру;

6.Диагностикалықбақылау, оған сәйкес топтың құрамы өзгеруі мүмкін.

*Оқи алуларына сәйкес топтарға бөлу критерийлері:*

*1- топ*

Нашар оқитын балалар. Олар баяу әрекет етеді, сыныпқа ілесе алмайды. Егер осыларды есепке алмасак, оқуға деген қызығушылықтары төмендейді

сыныптастарынан қалып қояды. Бұл оқушылар үшін өткен материалдардан тапсырмалар берілуі керек және тапсырмалардың көлемі шағын болуы тиіс.

### *2-топ*

Бұл топтың оқушыларына материалды естеріне сақтау үшін көп рет қайталау қажет. Сырттай олардың психологиялық ерекшеліктері асықпайтындығынан, жоғары эмоционалдығынан, зейінінің төмендігінен және жинақы еместігінен байқалады. Олар үшін жинақтауға берілген тапсырмалар қиын. Бұл оқушыларға берілген жұмыс алгоритмін қолданған пайдалы.

Теорияны жақсы игере отырып, олар практикада қате жіберуі мүмкін. Бұл оқушыларға әр әректі ауызша түсіндіруді талап ететін тапсырмалар ұсынудың маңызы бар.

### *3-топ*

Бұл топқа қозуымен тоқтауының тепе-тең үрдісі бар оқушылар кіреді. Олардың тұрақты зейіні бар, заттардың белгілерін жақсы ажырата алады, жинақтау үрдісін жақсы игерген, үлкен сөздік қоры бар.

*Сараланған тапсырмалар* - бұл жаттығулар жинағы, оларды орындау негізінде балалар ережелерді жақсы түсініп, игереді қажетті дағдылары қалыптасады. Сараланған тапсырмалар тақтада, кәртішкеде, слайдтарда, таблицаларда жазылуы мүмкін.

#### *Сараланған тапсырмалар түрлері:*

##### *1. Міндетті тапсырмалар*

Дағдыны қалыптастыру үшін оқыған ережені дұрыс қолдануға ықпал етеді; олардың көлемі шектелген болуы керек және әр оқушының күші келетін тапсырмалар болуы тиіс.

##### *2. Қосымша тапсырмалар*

Бұл міндетті тапсырмаларын орындай алған және өздік тапсырманы орындауға уақыты бар оқушыларға арналған. Аталмыш тапсырма оқылған ережелерді пайдалануға арналған қиын тапсырмалар, олар салыстыруды, талдауды және белгілі бір қорытынды жасауды талап етеді.

#### *Саралау тәсілдері*

##### *1. Шығармашылық деңгейлері бойынша оқу тапсырмаларын саралау.*

Оқи алу деңгейі, төмен оқушыларға,

(1 топ) репродуктивтік тапсырмалар ұсынылады, ал оқи алу деңгейі орташа оқушылар,

(2 топ) мен жоғары деңгейі бар оқушыларға,

(3 топ) - шығармашылық тапсырмалар беріледі.

Шығармашылық тапсырмаларды барлық оқушыларға беруге болады, бірақ, 1-топ балаларына шығармашылық элементтері бар тапсырмалар берсек, қалғандарына алған білімді, жаңа қолдануға болатын шығармашылық тапсырмалар беруге болады.

##### *2. Қиындық деңгейлері бойынша тапсырмаларды саралау:*

*3-топ* үшін: материалды қиындату, санын өсіру, негізгі тапсырмаға қосымша салыстыруға арналған тапсырмалар, дұрыс тапсырмалардың орнына кері тапсырмаларды, шартты белгілерді қолдану.

3. Оқу материалының көлемі бойынша тапсырмаларды сараптау.

2 және 3-топ оқушылары негізгі тапсырмалар мен қатар, осыған ұқсас қосымша тапсырмаларды орындайды.

Бұл тәсілді қолдану себебіміз оқушылардың жұмысты орындау жылдамдығы әр түрлі болады. Қосымша тапсырмалар шығармашылық мәнде немесе қиынырақ болуы мүмкін. Сонымен қатар, дәстүрлі емес тапсырмалар, ойын жаттығулары, шынықтыратын тапсырмалар болуы мүмкін.

### Әдебиеттер тізімі

1. Колесникова И.А. Готовность учителя к применению инновационных технологий учения как условие успешного выполнения профессиональной деятельности. Москва, 2021.

2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, 2005.

3. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар», Тараз. ТарМУ-2003ж.

УДК 37.378

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейпутанова А.К., Қадырмышева Ж.Е.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

Мақалада халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту әдістемесі сөз болады. Жалпы білім беретін мектептердің қазақ әдебиеті пәні мазмұнындағы халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту жолдары қарастырылады. Халық ауыз әдебиетін оқытудың құндылық бағдарының маңыздылығы мен оқыту әдістері, технологиясы зерделенеді.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, халық ауыз әдебиеті, пән бағдарламасы, оқу мақсаты, әдіс, технология, жаңартылған білім беру, оқыту, тәрбие, ұлттық құндылық

Қазіргі әдеби білім берудің негізгі міндеті оқушылардың рухани құндылықтарын, көркемдік-эстетикалық талғамы мен шығармашылық әлеуетін дамыту. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде халықаралық стандартқа сүйене отырып, жаһандану кезеңінде сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарды алдыңғы кезекке шығару басты міндеттердің бірі. Осы орайда «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 жылдары білім беру мен тәрбиелеудің көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды,

пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту қажеттілігі айқындалып, сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңыздылығы атап көрсеткен [1].

Халық ауыз әдебиеті мәселесі М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Смаилов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Шалабаев, Ә.Мәметова, Н.Смирновалар тарапынан біршама зерттелді. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиеті мәселесі әлі күнге дейін ғалымдардың қызығушылығын тудырып, ғылымдағы өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қазақ халқының бағзы заманнан бергі негізгі рухани азығы, мәдениеті, әдебиеті, философиясы, даналығы – ауыз әдебиеті болғандығы мәлім. Фольклор – жазба әдебиеттің іргетасы. Онсыз ешбір елдің әдебиеті кемел болмақ емес. Бүгінгі күні фольклор мәселесінің өзектілігі күннен күнге артып, барған сайын оған деген жан-жақты қызығушылық артуда. Этнография, тарих, тіл білімі, тіпті әдебиет тарихы сияқты гуманитарлық ғылымдардың ешқайсысы фольклорсыз өмір сүре алмайды.

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған өз Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тарихы үшін маңызды саналған өте құнды деректер тобы жиналды. Қазақ халық ауыз әдебиеті жеке ғылым ретінде қалыптасып, ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттелінгенімен, оны жалпы білім беретін орта мектептерде оқыту әдістемесін қарастыру қажеттігі туындап отыр. Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына халық ауыз әдебиеті үлгілерінің енуі, оқыту әдістемесін жаңартылған білім беру талаптарына сай қарастыру зерттеу жұмысының тақырыбының жаңашылдығы мен өзектілігін айқындайды.

Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасында қазақ әдебиеті пәнінен 5-9 сыныптарда халық ауыз әдебиетін оқып үйрену арқылы оқушылар халықтың ұлттық рухын, дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін мәдени мұра ретінде танып біледі. Халық ауыз әдебиетін оқып-үйрену оқушының рухани жетілген әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуына, халқының өткені мен бүгінін салыстырып, ой елегінен өткізе алуына жәрдемдеседі. Қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасында халық ауыз әдебиеті үлгілері оқу бағдарламасында төмендегідей берілген

Кесте-1. Оқу бағдарламасындағы халық ауыз әдебиеті үлгілері

Сынып	Оқу бағдарламасына енген халық ауыз әдебиетінің үлгілері	Оқу мақсаттары
5-сынып	Халық ауыз әдебиеті туралы түсінік. Халық ауыз әдебиетінің	5.Т/Ж1.Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау

	түрлері. Ертегілер. «Керкұла атты Кендебай» ертегісі.	5.Т/ЖЗ Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. 5.А/И1. Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу
	Батырлар жыры. «Қобыланды батыр» жыры	Т/ЖЗ.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу Б/С2.Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу Б/С1.Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау
	Аңыз туралы түсінік. Аңыздың түрлері. «Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызы	А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу Б/С1.Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау
6-сынып	Ертегілер. «Аяз би»- шыншыл ертегісі	6.Б/С2. Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру. 6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.
7-сынып	Көне күндерден жеткен жәдігерлер. «Қыз Жібек» жыры	7.1.2.1 - әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау. 7.3.1.1 - кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру. 7.2.4.1 - шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу. 7.1.4.1 - көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып,үзінділерді жатқа айту. 7.3.4.1 - әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.
9-сынып	Шешендік өнер туралы түсінік, түрлері Майқы бидің шешендік сөздері	

	Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»	Б/С 9.3.2. 1 - шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру. Б/С 9.3.1. 1 - шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. Б/С 9.3.3.1.-шығарма ның идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу [4].
	Төле би «Ердің бақыты –әйел»	
	Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»	
	Әйтеке би «Қасқакөл дауы»	
	Айтыс және оның түрлері. «Біржан-Сара» айтысы туралы	

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі бойынша оқушылар шиыршық әдісі арқылы 5-9 сынып аралығында халық ауыз әдебиетінің барлық түрлері бойынша білім алады. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері негізінде ұлттық салт-сана, ұлттық тәрбиені бойларында қалыптастырады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту оқу мақсаттары негізінде жүзеге асады. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасында көрсетілген, тақырыпқа негізделіп ұсынылған.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін оқушылардың тілін, ойын, шығармашылық қабілетін дамытуда қолданудың тиімділігі педагогикада дәлелденіп, бірнеше жолдары ұсынылған. Оқытудың жас ерекшелік ұстанымына сай және оқу мақсаттары негізінде 5-сыныпта «Керқұла атты Кендебай» ертегісі мен «Қобыланды батыр» жырын оқытуда қолданылған бірнеше әдістерге талдау жасайық.


«Кластер» әдісі. Бұл әдіс тақырып бойынша ой тұжырымдауда тиімді. Сонымен қатар, оқушы кластер әдісі арқылы тақырыпты жүйелі айта алады. Тапсырма. басты кейіпкерлердің іс әрекеті негізінде оларға тән қасиеттерді тірек сөздер арқылы жазыңыз.



Орта буын сынып оқушылары шығармашылық жұмыстарға бейім келеді. Олардың қызуғушылықтары мен белсенділіктерін арттыру үшін көрнекі құралдар, суреттер қолдану тиімді. Ертегі немесе жырдың мазмұны бойынша



төмендегідей «Орнымды тап», «Суреттер сөйлейді» әдістері арқылы тапсырма беруге болады.

Тапсырма. Суреттерді ертегі мазмұны бойынша орналастырыңыз. Суреттегі оқиғаны мазмұндап беріңіз.



Бұл әдісті оқушылардың өздеріне сурет салғызу арқылы да қолдануға болады. Әр оқушының суреті арқылы ертегідегі оқиғаны тауып, мазмұндайды. Бұл әдіс арқылы оқушының шығарманы қабылдау дәрежесін, қиялын, шығармашылық қабілетін де дамыта аламыз.

«Қылқалам» әдісі. Кез келген оқиған шығарма негізінде «Қылқалам» әдісі арқылы ұнаған эпизод бойынша сурет салдыруға болады. Сурет салу оқушының сыни ойлауын, қабылдауын, көркем шығармадан алған әсерін көрсетеді. Үлгілік жұмыстар ретінде бірнеше суреттер алдын ала ұсынуға болады.



Қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын жүзеге асыруда (Б/С2.Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу) оқыған ертегі не жыр бойынша негізгі кейіпкерге хат, өлең жазу, олардың әрекетіне ұқсас бүгінгі батырлар туралы жазу шығармашылық тапсырмалары ұсынылады. Хат жазу арқылы оқушылардың бойында елжандылық, ерлік, батырлық қасиеттері дамиды. Сонымен қатар, «Венн диаграммасы», «Сәйкестендір», «Мен таныған тұлға», «Постер», «Төрт сөйлем», «Еркін микрофон», «Қос жазба күнделігі» әдістері ұтымды қолданылып келеді.

«Біз ескі әдетімізді сүйеміз, сүюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз, құрметіміз орыңыз емес. Себебі, әдебиетімізде өзге жұрттың әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, қазақтың халық ауыз әдебиеті даналық көз, сарқылмас қазына. Халық ауыз әдебиеті арқылы оқушы тарих пен мәдениетті біліп қана қоймай, ұлттық таным, ұлттық тәрбиені, ұлттық салт-сананы бойына сіңіреді.



### Әдебиет тізімі:

1. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Қирабаев С. А. Қазақтың халық творчествосы. Алматы, 1989.
4. Тұрсынғалиева С.Ч. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Астана: Арман-ПВ, 2017.

УДК 37.378

### «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сейпутанова А.К., Калиахметова И.Е.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті магистранты  
Өскемен қ., Қазақстан

Бұл мақалада батырлар жырын оқыту мәселесі қарастырылған. «Қобыланды батыр» жырын жалпы білім беретін орта мектепте оқыту әдістемесі мен ұйымдастырлатын жұмыс түрлері талданған. Батырлар жырын жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлап оқыту міндеті зерделенген. Жырды оқытудың пәндік және сыныптан тыс оқыту жолдары жаңа педагогикалық технологиялар негізінде ұсынылған.

**Кілтсөздер:** оқыту, тәрбие, қазақ әдебиеті, батырлар жыры, пән бағдарламасы, ұлттық құндылық, жалпыадамзаттық құндылық, технология, жаңартылған білім беру.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектептерде оқыту мен тәрбиелелудің бағдары жыл сайын айқындалып отырады. Биылғы оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажетуге баса назар аудару қажет. Қазақстан Республикасының білім жүйесінде халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін, нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу [1]. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп көрсеткендей өз Отанын сүйетін, құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі мектептің басты міндеті. Жалпы білім беретін орта мектептерде тәрбиенің басым бөлігі қазақ әдебиеті пәнінің

еншісінде. Сондықтан оқушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыра алуымыз қажет. Осы орайда, Әдістемелік нұсқау хатта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Рухани жаңғыру» идеясы негіздерінің құндылықтарын «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады. «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын: «Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық» принципі бойынша пән мазмұнындағы ел тәуелсіздігі жолындағы күрестер тарихы арқылы 121 тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғауға; «Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы» принципі бойынша ел мен жерді қорғау үшін болған тарихымыздағы соғыстарды зерделеу арқылы ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғауға; «Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі» принципі бойынша. ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануға; «Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі» принципі бойынша тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану, мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білуіміз қажет» [1] делінген. Пән мазмұнына енген патриоттық бағыттағы шығармалар арқылы жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Бастауыш сыныптан орта буынға өткен оқушыға туған жерді қорғау, елжандылық туралы ең алғашқы оқытылатын шығарма – «Қобыланды батыр» жыры.

Қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес «Қобыланды батыр» жыры 5-сыныпта оқытылады. Жырды оқытуға 6 сағат бөлінген. «Қобыланды батыр» жыры «Алғашқы сын. Кейіпкерлер бейнесі. Әйелдер бейнесі. Тұлпарлар бейнесі. Жырдың көркемдік ерекшелігі. Тарих және жыр. Кейіпкер және шынайы өмір» тақырыптарына жіктеліп беріледі [2]. Жырды оқытуда ұйымдастырылатын жұмыс түрлеріне тоқталайық.

«Қобыланды батыр» жырының мәтіні бойынша ұйымдастырылатын жұмыстар. Жырдың мәтінін меңгерту ең негізгі мәселе. Жыр мазмұнымен таныспаған оқушы ары қарай жүргізілетін жұмыстарды орындай алмайды. Сол себепті, ең алдымен жырдың мазмұнымен таныстыру өте маңызды. Жырдың мазмұнымен таныстыру сыныпта бөліп оқу немесе алдын ала үйден оқу арқылы жүргізіледі. Жырдың мазмұнын оқушының толық түсінгенін тексеру үшін жүргізілетін жұмыстар төмендегідей:

- Блум таксономиясы негізінде сұрақтарға жауап беру

Кесте -1. Блум таксономиясына негізделген сұрақтар

Білу	«Қобыланды батыр» қандай жыр? «Қобыланды батыр» жырының тақырыбы қандай? Жырдағы Тоқтарбай, Аналық, Қарлығаш кім? Қобыланды бала күнінен қандай болып өседі? Естеміс деген кім?
Түсіну	Не себепті Қобыланды Естемісті көруге жөнеледі? Неліктен Қобыланды Көктім Аймақ еліне барғысы келді? Неліктен Естеміс баланы жібергісі келмейді?

	Неліктен Көктім Аймақ Құртқаны Қобыландыға ұзатады?
Талдау	Қобыланды мен Қызыл ерге салыстырмалы мінездеме беріңдер. «Венн диаграммасы» арқылы Қобыланды батырды Керкұла атты Кендебаймен салыстыра суреттеңдер. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар таптыңдар?
Жинақтау	Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, Қобыландының ерлік істерінің тізбегін құрыңдар, баяндаудың тірек сөздерін жазып шығыңдар.
Қолдану	«Егер мен батыр болсам, ...». Сөйлемді аяқтаңдар.
Баға беру	Қалай ойлайсыңдар, Қобыланды батыр қазіргі кезде өмір сүрсе, қандай ерлік істер жасар еді? Қобыландыға ұқсағыларың келе ме? Неліктен?

«Болжам» әдісі. Жырдың мәтінін оқушыларға қызықты етіп жеткізуде «Болжам» әдісі тиімді. Мұғалім әр оқиға аяқталғанда оқушылардың жырдың жалғасы қалай өрбитінін сұрап отырады. Оқушылар өз көзқарастары негізінде дәптерге жазады. Кейін мұғалім жалғастырып оқығанда кімнің болжамы сәйкес келгендігі ортаға салынады. Бұл әдіс арқылы оқушылардың танымы, көзқарасы, сыни ойлауы дамып қана қоймай, ынта-жігері оянып, аса қызығушылықпен тындайды. Сонымен қатар, жырдың мәтінімен таныстыруда аудиотыңдалымның да орны ерекше. Жырды интерактивті тақта арқылы аудиожазбадан тындатуға болады. Оқыған арнайы маманның дауыс құбылтуына, мәнерлеп оқуына оқушылар аса назар аударады. Аудиомәтін тындату оқушының сөйлеу мәдениетін, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастырып, дамытуда тиімді. Аудиотыңдалымнан кейін оқушылар өзара рөлге бөліп оқып, оқылым дағдыларын жетілдіреді.

«Қобыланды батыр» жырына әдеби талдау жасауда сатылай кешенді талдау орта буын сынып оқушыларына ыңғайлы. Әдеби талдау жырдың идеясын, тақырыбын ашу, жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау, тіл көркемдегі, өлең құрылысына талдау жасау негізінде жүргізіледі.



Сурет-1. Сатылай кешенді талдау үлгісі

Жырдың оқиғасы кейіпкер арқылы өрбиді. Жырдың кейіпкері оқушыға тәрбие беретін, жақсылыққа жақындатып, жамандықтан жирендіретін тұлға. Жырдағы кейіпкерлер бейнесін танытуда «Кластер», «Қосжазба күнделігі» әдістерін қолдануға болады.

#### Кесте-2. Жырды талдау үлгісі

Жырдан үзінді (кейіпкердің әрекеті)	Кейіпкерге мінездеме

Бұл кесте оқушыларды дәлелді сөйлеуге, факт қолдануға үйретеді. Оқушының өзіндік көзқарасы жалаң сөз емес, дәлел арқылы берілу керек. Бұл ұстаным өмірлік ұстанымына айналу қажет. Жоғары сыныптарда эссе жазуда дәлел, факт, үзіндіні сәтті таңдауда қателеспейтін болады.

Шығармашылық жұмыстар. «Қобыланды батыр» жыры негізінде көптеген шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруға болады.

#### Кесте-3. Шығармашылық жұмыстар

Шығармашылық жұмыс атауы	Қалыптастырылатын дағды
Жыршы-термешілермен кездесу	Жырды мақаммен айтуға дағдыландыру
Сурет салу Жырдан ұнаған эпизод негізінде сурет салу	Жобалау, сурет салу қабілеттерін арттыру, суреттегі символикалық бейнелерді өмірде қолдануға талаптандыру
Көрме ұйымдастыру Тақырыптары: «Қобыланды батыр» жыры оқушылар көзімен «Жырдағы сұлулар бейнесі», «Қалмақ батырлары», «Батырлар бейнесі», «Ат - батырдың сенімді серігі»	Көркем шығармадағы негізгі ақпараттарды ажыратуға, детальді жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастырады
Эйдос конспект Қанжар – батырлық Жүрек – мейірімділік Бауыр – қамқорлық	Жырдағы оқиғаны суретке айналдыра білу (оқушы өзінің шығармашылық қабілетіне қарай символикалық бейнелер арқылы жырдағы көтерілген мәселені т.б ұсына алады)
Қабырға газеті	Қобыланды бейнесі арқылы ерлікке шақыратын қабырға газетін жасайды. Оқушылар публицистика жанрын үйренеді

«Қобыланды батыр» жыры бойынша сыныптан тыс жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Соңғы жылдары Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «туған жер», «Мәңгілік ел», «Ұлы даланың жеті қыры» жобалары аясында республика көлемінде батырлар жырын жатқа оқудан әртүрлі сайыстар

ұйымдастырылып келеді. Қазақ әдебиетінен сыныптас тыс жұмыстарды ұйымдастыруда «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде «Қобыланды батыр» жырын оқу, қазақ тілі мен әдебиеті апталығы кезеңінде жырдан сахналық қойылым қою, жырды жатқа оқудан мәнерлеп оқу, эссе жазу сайыстарын ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар, сынып оқушылары ауызша журнал арқылы басқа сынып оқушыларына жыр туралы ақпараттар таратады. Бұл ұйымдастырылтын жұмыстардың барлығы Қобыланды бейнесі арқылы ерлікке, батылдыққа, елжандылыққа баулиды.

Бүгінгі жаһандану кезеңінде жас ұрпақтың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру өзекті мәселе. Жаттанды білімнен алшақтап, рухани бай, ұлтжанды азаматтар тәрбиелеуіміз қажет. Заңғар жазушы М.Әуезовтің «Ел болам десең, беігінді түзе» деген терең мағыналы сөзі оқыту мен тәрбиелеудің бағдаршамы болуы тиіс. Мектептің оқу-тәрбие үдерісіне өткен тарихымызды дәріптейтін тарихи тұлғалар мен көркем шығармаларды түрлі іс шаралар арқылы енгізу қажет.

### **Әдебиет тізімі**

1. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.

2. Ақтанова А. С., Жундибаева А. Қ. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2017.

3. Бітібаева Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Дәуір-Кітап, 2012.

4. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, Қыздар университеті, 2015.

ӘОЖ: 37.013

## **ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ**

Секенова Ж.З., Фаилова Ж.М.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Тұлғалық-бағдарлы оқытуды ұйымдастырудағы қазіргі кезде бар, негізгі бағыттар мен жолдарды саралап қарайтын болсақ, онда осы салада жұмыс істеп жатқан теоретиктер мен практиктер тұлғалық-бағдарлы оқыту – бұл білім алушының өзіндік құндылығы, жаратылысы алға қойылатын, ең алдымен әрқайсысының субъективтілік тәжірибесі ашылатын, ал кейіннен білім беру мазмұндарымен келісіп шешілетін оқыту дегенді айтады.

Егер білім берудің дәстүрлі философиясында тұлға дамуының әлеуметтік-педагогикалық моделі берілетін үлгілер мен таным эталондарынан (танымдық әрекеттерден) тыс түрде бейнеленетін болса, онда тұлғалық-бағдарлы оқыту жеке, өзіндік өмір әрекеттерінің негізгі қайнар көзі ретіндегі, әдетте, танымда байқалатын, оқушының өзінің субъективтік қайталанбастығын тануға байланысты болады. Сонымен, білім беруде берілген педагогикалық ықпал етуді білім алушылардың жай ғана интериоризациялауы ғана емес, берілген мен субъективтік тәжірибенің «кездесуі» жүретіндігі танылады.

И.С. Якиманскаяның пікірі бойынша, оқушыны бүкіл білім беру үрдісінің негізгі қозғаушы күші ретінде тану тұлғалық-бағдарлы педагогика болып табылады [43;12]. Оның көзқарасы бойынша, білім беру үрдісін жобалаған кезде екі үрдісті: оқыту мен үйретуді ажырата білу керек. Соңғысы біріншісінің жай ғана туындысы емес, дербес, тұлғалық-маңызды, сондықтан да тұлға дамуының өте әрекетті көзі болып табылады.

Әдетте білім беру үрдісі оқыту мен тәрбиелеу болған оқу-тәрбие үрдісі ретінде бейнеленетін. Бала арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпал ету барысында дамиды деп есептелініп, соңғысын ұйымдастыруға барлық күш-жігер бағытталатын. Дәстүрлі педагогика өзінің басым мақсаты ретінде тұлға дамуын алға қоятын, міне, осы жағынан тұлғалық-бағдарлы болды.

И.С.Якиманскаяның ойынша, тұлғалық-бағдарлы педагогиканың бар моделін шартты түрде негізгі үш топқа бөлуге болады: әлеуметтік-педагогикалық, пәндік-дидактикалық және психологиялық. Әлеуметтік-педагогикалық модель білім беруге әлеуметтік тапсырыс: алдын-ала берілген қасиеттерге сай тұлғаны дайындауды қойған қоғамның талаптарын жүзеге асырды [1;23].

Қоғам білім берудің барлық институттары арқылы тұлғаның осындай типтік моделін қалыптастырды. Мектептің міндеті әр оқушы өскен сайын осы моделге сай оның нақты иегері болуын қадағалауда болды. Мұндағы тұлға типтік құбылыс ретінде, бұқаралық мәдениет иегері және оны білдіруші ретінде түсіндірілді. Осыдан тұлғаға деген негізгі әлеуметтік талаптар: жеке мүдделердің қоғамдыққа бағынуы, бой ұсыну, ұжымдық, т.б. қойылды. Білім беру үрдісі әр оқушының жоспарланған нәтижеге жетуін көздейтін барлық оқушыға бірдей жағдай жасауға бағытталды.

Білім беру үрдісінің технологиясы оқушының өз дамуының белсенді жасаушысы ретіндегі (өз бетінше білім алуы, өзін-өзі тәрбиелеуі) оның субъективтік тәжірибесін есепке алмай және қолданбай, тұлғаны «сырттан» түзетуге, қалыптастыруға және педагогикалық басқару идеясына негізделді. Тұлғалық-бағдарлы педагогиканың пәндік-дидактикалық моделі және оны дайындау әдетте ғылыми білімдерді жүйеге олардың пәндік мазмұндарын есепке ала отырып ұйымдастырумен байланысты болады. Бұл оқытуда жеке өзіндік жолдарды қамтамасыз ететін ерекше пәндік дифференциация. Мұнда оқытуды жекешелендірудің құралы ретінде білімнің иегері – дамып келе жатқан оқушы емес, білімнің өзі қызмет етті. Білім өзінің объективтілік қиындықтары, жаңалылығы, меңгерудің тиімді тәсілдерін есепке ала отырып, кіріктіру

деңгейіне, материалдарды беру «мөлшеріне», оларды өңдеу күрделілігіне сай ұйымдастырылды. Дидактика негізінде пәндік дифференциация жатты. Пәндік дифференциация технологиясы оқу материалдарының күрделілігі мен көлемін есепке алу арқылы құрастырылды.

Вариативті оқытудың ұйымдастырылған формалары, әрине, оны дифференциациялауға ықпал етті, бірақ та білім беру идеологиясы өзгерген жоқ: тұлғаны оқытуға әсер ететін өнім болғандықтан оны дифференциация ұстанымы бойынша қалыптастыру қажет еді.

И.С.Якиманскаяның пікірі бойынша, пәндік дифференциация ғылыми таным мазмұндарын есепке алу, танымның классикалық бейнелеріне сүйену арқылы жасалады. Осы негізде бағдарламалық материалдар, ғылыми мәтіндер, дидактикалық материалдар дайындалады. Бұл танымды тереңдетуге, ғылыми ақпараттардың көлемін кеңейтуге, оларды анағұрлым әдістемелік негіздеуге әкеледі.

Дифференциацияланған оқыту әр түрлі формада анық байқалатын инновациялық білім беру мекемелері үшін оқу бағдарламаларын даярлайтын авторлар осындай жолдарды таңдайды.

Субъективтік тәжірибеде тұлғаның дамуы үшін үлкен маңызы бар пәндік және рухани мағыналар көрсетілген. Олардың оқытудағы үйлесімділігі пәндік-дидактикалық модель шеңберінде шешілетін қарапайым мәселе емес. Тұлғалық-бағдарлы педагогиканың психологиялық моделі соңғы кездерге дейін генетикалық, анатомиялық-физиологиялық және әлеуметтік факторлар себепші болатын күрделі психикалық құрылым ретінде түсіндірілген танымдық қабілеттердің айырмашылықтарын тануға жүгінген еді.

Білім беру үрдісінде танымдық қабілеттер білімді меңгеруге деген жеке, өзіндік қабілет ретінде анықталатын білім алуда байқалады. Сонда, психология тұрғысында білім беру үрдісінің мақсаты: танымдық қабілеттілік ретіндегі білім алуды дамыту мен түзету; оның байқалу деңгейін бағалау; оның қалыптасу ерекшеліктерін талдау болып табылады.

Осы парадигмада көптеген зерттеулер жүргізілді, бірақ та олардың барлығы түгел қоғамдық-тарихи таным моделі бойынша құрастырылып, сол кезде жасалған педагогикалық технологиялармен байланысы болмағандықтан білім беру тәжірибесінде аз сұранысқа ие болды. Оқытудың соңғы мақсаты танымның жалпыадамзат тәжірибесінде жинақталған дағдылар мен шеберліктер және білімдері меңгеру болды. Жеке, дара қабілеттерді дамыту оқытудың маңызды нәтижесі болғанымен, жанама болып есептелінді. И.С.Якиманская көп жылдар бойы қабілеттің дамуын мақсат ретінде мәлімдеген психология осы бағыттағы білім беру үрдісін дұрыс жоспарлай алмады деп көрсетеді. Онда тиісті білім беру технологиясы болған жоқ. Ал бар технологиялар көбінесе дамыту функциясына емес, ақпараттық (танымдық) функцияны жүзеге асыруға бағытталған еді. Таным мен тұлғалық дамудың өзара тығыз байланысын теориялық түрде таныған дидактика мен психология қатар дамыды. Дидактика бағдарламалық материалдарды ғылыми таным логикасына сай жасады, ал

психология білімді берік меңгеруді қамтамасыз ету мақсатын алға қоймай, бұл материалдарды танымдық қабілеттерді дамыту үшін қолданды.

Дидактика да, психология да тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін оны әлеуметтену жолдарын көздеді. Ал бұл үшін әр түрлі жолдар таңдап алынды. Дидактика оқытуды логикадағы тарихи-қоғамдық таным моделіне, оның уақыт пен кеңістік бойынша дамуына сай жасады. Ал психология білім алуды оны ұйымдастыруға, оның әдістерін (танымның эмпирикалық немесе теориялық типтері бойынша) жасауға тәуелді болатын жеке, дара танымдық (оқу) әрекеттері ретінде талдайды және құрастырады (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Л.В.Занков). Оқыту мен білім алудың қарым-қатынастарын осылай түсінгенде оларды ажырату, әрине, қиындық тудырады.

Тұлғалық-бағдарлы жолдардың И.С. Якиманская ұсынған салыстырмалы түрде талдау олардың бір-бірінен айырмашылықтары болғанымен де, ұқсастықтары да бар екендігін көрсетті. Оларды мыналар біріктіреді: тұлғаның жасына сай қалыптасуының барлық сатыларында оның дамуының басты детерминанты оқыту екендігін мойындау; берілген типтік сипаттамалармен тұлғаны қалыптастыру ретінде оқытудың негізгі мақсаттарын жариялау; оқытудың негізгі нәтижесі ретіндегі білімдер, шеберліктер мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз ететін білім беру үрдісін құрастыру; дамыту функциясын емес, негізінен ақпараттық функцияны жүзеге асыру; оқытумен арнайы ұйымдастырылған және берілген нормативтік-пәндік әрекеттерді интериоризациялау негізгі мазмұны болатын, жеке танымдық әрекеттер ретіндегі білім алу туралы түсініктер.

Тұлғалық-бағдарлы оқытуды ұйымдастыруға деген жолдарды жіктеу кейбір маңызды қорытындылар шығаруға ықпал етті. Мысалы, біріншіден, тұлғалық-бағдарлы оқыту барысында да, оның нәтижесі ретінде де оқушының жеке, дара ерекшеліктерімен байланысты болады. Тұлғалық-бағдарлы жолдар өкілдерінің негізгі келіспеушілігі оның нәтижелері сипатымен байланысты болып отыр. Мысалы, егер педагогикалық жол парадигмасында (И.С. Якиманскаяның терминологиясы бойынша) қалай дегенмен де ортақ, бірдей нәтижеге жетуге деген талпыныс болса, онда тұлғалық-бағдарлы жол оқыту әдістерінде де, оның нәтижелерін алу барысында да вариативтілікті болжайды.

И.С. Якиманская келтірген психологиялық бағыттардан бірнеше маңызды жолдарды бөліп алуға болады. Тұлғалық-бағдарлы оқытуды тұлғаның дамуына бағытталған (немесе тікелей байланысқан) оқыту ретінде елестетуге қадам жасайтын болсақ, онда, біздің ойымызша, білімге деген қазіргі кезде бар жолдардың барлығын нақтылы екі бағытқа бөліге болады. Бірінші бағыт – адамға қарай емес, оның оқу барысында алатын білімдеріне, дағдылары мен шеберліктеріне бағдарланған дәстүрлі педагогикамен байланысқан.

Аксиома сияқты болып кеткен дәстүрлі білім беру – бұл тұлғалық даму емес, білім мен шеберлікті және дағдыларды көздейтін ақпараттық типтегі білім беру. Мұндай «білімдік» бағдар мемлекеттің білімнің көмегімен маңызды әлеуметтік мәселелерді шешкен кезеңдерінде қалыптасты. Бұл кездерде «білімдік» бағдар қажетті әрі жемісті болды.



Білім берудегі тұлғалық жол материалдарды шығармашылық таңдап (сырттай нормаланбаған) меңгеру аясын кеңейтеді. Тұлғалық сананың элементі ретіндегі «адамгершілік норма» түсінігі шартты, өйткені шындық, адалдық, жауапкершілік, мейірімділік категориялары мен басқалары адамға адамгершілік жағынан өзін-өзі көрсету тәсілін табуға мүмкіндік беріп, ештеңені де нормаламайды, Адамгершілік «ережесінің» «бұрынғы сол ережесінен» айырмашылығы, міне, осында.

Оқытудағы адамгершілік бастама – бұл оның «пән бойынша мамандығына» қарама-қарсы тұратыны, өйткені дүниеге деген адамгершілік қарым-қатынас танылатын нысананың жаратылысына байланысты болмайды, ол кез келген пәнаралық байланыстарға қарағанда, адам ізденістерінің барлық жақтарын байланыстырады. Оқытуда тұлғалық жолды жүзеге асырудың бір-ақ тәсілі бар – оқытуды тұлғаның өзін-өзі таныту аясы ету. Тұлғалық-таныту жағдайлары – оның өзін-өзі дамыту күштерін өзекті етуші жағдайлар.

Нақты субъекті үшін мұндай жағдай ретінде не болады, оның өзін-өзі дамыту күштері оқу үрдістерінен нені «алады» – бұларды нақтылы айту өте қиын, бірақ та тұлғалық-таныту жағдайлары (ол оқытуда ма, әлде тұлға дамуының басқа да аясында жасалама – бұлар тап қазіргі жағдайда аса қажетті емес) негізінде ненің болатындығын жалпылай болжауға болады:

- адамгершілік таңдау;
- өз сана-сезімі мен еркін бақылау арқылы өзіне мақсат қойып, оған қол жеткізу;
- оқу үрдісінің бірлескен авторы рөлін жүзеге асыру;
- өз жаңалықтарына қуаныш пен ерік білдіруді талап ететін кедергілер;
- басқа адамдар үшін өзінің маңызды екендігін сезіну;
- өз жетістіктерін бағалау мен талдау;
- өзінің бұрынғы көзқарастарынан бас тартып, жаңа құндылықтарды қабылдауы;
- табиғат құбылыстары мен әлеуметтік шындықтар үшін өзінің жауапкершілігін сезіну, т.б.

Әрине, осы өлшемдерге жауап беретін тәрбиелік ықпалдарды тек «өз пәнінің әдістерімен» ғана жүзеге асыруға болмайды, оларды педагогтың өз тұлғасы, оның адамгершілік тәжірибесі мен сол педагогта мүмкіндіктері бар барлық тәсілдермен жүзеге асырылуы қажет. Сабәк материалдарынан тұлғалық құндылықтар мен күйзелістерге қарай «көшу» – бұл шегіну емес, оқу үрдістеріне нағыз диалектикалықты беру деген сөз. «Танымның нысанаға қарай қозғалысы әр уақытта да диалектикалық: нақты түсу үшін шегіну». Жалпы алғанда мұнда ешқандай да жаңалық жоқ: кез келген педагогикалық жетістіктер мұғалім мен оқушылардың күштерін маңызды етуге қатысты болады [2].

Тұлғалық-бағдарлы оқыту бірлескендіктің сыртқы белгілерін ғана емес, сонымен қатар өзінің ішкі мазмұны бойынша ынтымақтастықты, оқу үрдістеріндегі субъектілердің өзін-өзі дамытуын, олардың тұлғалық функцияларының байқалуын білдіретін әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту өзінің идеалы ретінде бағдар алатын ғылыми және арнайы ұйымдастырылған танымдар қазіргі кездегі мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытудың түп тұлғалары болып табылады, ал олардың әдістерінің бір-біріне сай келуі оқу үрдісінің жетілгендігінің белгісі саналады.

Нақтырақ айтқанда, тұлғалық-бағдарлы оқытудың түп тұлғасы «тәжірибелік», «тұлғалық» таным, яғни бір жақты теориялық емес, адамның дүниені жан-жақты меңгеруі (тануы) болуы керек.

Тәжірибеге тікелей енгізілген таным – «нысананың бар жағдайын көрсету ғана емес, оның мәнісі өте үлкен». Ол мақсатты жүзеге асырумен және мақсатты болжаумен қатар жүреді: нысананы меңгеру үшін субъект психиканың еріктік, эмоционалдық жүйелерімен өзара тікелей әрекеттеседі – пайдалы қасиеттерді анықтау, бағалау, өзіне бағындыру мен алу». Мұндай жағдайларда оқыту мен білім берудің мақсаттары қандай «қоғамдық-мемлекеттік функцияларды» орындау керектігін еркін түрде анықтау арқылы құрастырылмайды. Адамның мәні мен оның өмірдегі орыны туралы мәселені жеткілікті дәрежеде зерттеп алмай, «тұлға моделін» жасау мүмкін емес [3].

Тұлғаның абсолютті құндылығы туралы түсінік гуманистік сананың маңызды феномені болып табылады. «Тұлғаның абсолюттік құндылығы – оның ар-ожданы, бұл адамның құндылығы, қоғамға қаншалықты пайдалы екендігіне қарамастан, ол – адам».

Тұлғаның еркін дамуына шақыра отырып, біз, оның әлеуметтік, азаматтық бағыттылығының қалыптасуын да ұмытпағанымыз жөн. Азаматтарды тиісті тәрбиелеуді қажет ететін азаматтық, құқықтық қоғамсыз болмайтын жалпыға мәлім еркіндік туралы шындықтарды қайталаудың қажеті де жоқ шығар. «Егер жан-жақты еркін даму қандай да бір нормативтік шеңберге енгізілмей, күннен-күнге кеңейтіліп келе жатқан жағдайлар мен оларға мүмкіндіктерді жасау жолдарымен жүзеге асырылуы мүмкін болса, онда тұлғаға қажетті қоғамдық бағыттылық қандайда болмасын әлеуметтік өлшемдермен (қоғамға пайдалылық, жеке адамды әлеуметтеу, т.с.с.) салыстырылып, дұрысталуы керек». Бұл эмоциялық-эмпрессивтік жайлармен қоса педагогикалық мақсат та «технологиялық», «өлшенерлік» болуы керек деген сөз.

Білім берудегі тұлғалық жол әр кезеңде барлық дидактикалық жүйелерде қолданылады: И.Ф.Гербарт «ынта», К.Д.Ушинский «талпыныс», ал П.Ф.Каптерев «ниет», бұлардың барлығы да тұлғаның өмірдегі арнайы талпыныстарын жүзеге асыру ретінде, әрекеттер ретінде педагогтарда бұрыннан, эмпирикалық түрде қалыптасқан білім алу туралы түсініктерді анықтайды. Білім алушы тұлғасына бағдар алу, білім беру мақсаттарын оның қатысуынсыз жүзеге асырудың мүмкін еместігін түсіну оқытудағы тұлғалық факторлар рөлдеріне түпкілікті зерттеу жүргізгенге дейін (А.Н.Леонтьев, Л.И.Божович, Дж.Бруннер және т.б.) педагогикалық әрекеттердің анық саналанбаған нормалары ретінде қызмет атқарды.

Сонымен қатар психологиялық зерттеулер педагогикада тұлға қарастырылатын «өлшемдерді» өздігінен анықтай алмайтын еді, өйткені бұл білім беру мақсаттарын, педагогикалық сананың көптеген әдістемелік және идеологиялық нұсқауларын дұрыс түсінуге байланысты болды. Олардың ең

маңыздысы – сырттай берілген мазмұнның тұлға қажеттіліктерінен басымдылығында. Мұндағы тұлғалық басымдылық білім беру мақсатына жетудің іштей қуатты шарты ретінде аса маңызды болып отыр.

А.Н.Леонтьев адам дамуының феноменін – функционалдық және тұлғалық жайларда – әр түрлі «өлшеуге» болатындығын болжай келе, тұлғалық жол ерекшелігін «жаңа психологиялық өлшем» түсінігі арқылы анықтады. Бұл екі жай да заңды, ал кейбір жағдайларда қажетті де, тек осы жолдардың бір-бірінен айырмашылықтарын көре білу керек. Жаңа психикалық құрылымдардың объективті мазмұндарын – түсініктерді, операцияларды, білім алушылардың оқу жағдайларын объективті «бастан өткізулерін» зерттеу – білім берудің әлеуметтік құнды мазмұндары таңдаумен және оларды меңгеруді бақылаумен байланысқан функционалдық жол. Ал тұлғалық жол – осы жаңа құрылымдардың: түсініктер мен операциялар меңгеріліп, жүзеге асырылатын себептердің; меңгерілгеннің имплициттік мағынасы мен меңгеру үрдісінің өзінің; ойлаудың формасын емес, мазмұнын; оқу үрдісін бастан кешіру емес, оған әсерленушіліктің – тұлғалық мазмұндарын зерттеу. Білім берудің гуманистік бағдарланған жүйесінде бұл тұлғалық-субъекті жол қосымша фактор ретінде емес, оқытудың басым мазмұны ретінде қатысады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Якиманская И.С. Знание и мышление школьника. – М.: Знание, 2012. – 175 с.
2. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Москва, 2010.- 296 с.
3. Бондаревская Е.В. Концепции личностно-ориентированного образования и целостная педагогическая теория //Школа духовности. – 2015. - № 5. – С.41-66.
4. Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепция и технологии: Моногр. – Волгоград, 1994. – 150 с.

ӘОЖ 37. 02

### **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МҰРАЖАЙЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУҒА КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ТӘСІЛДЕР**

Сембинова Ж.Ж.

Ғылыми жетекшісі: Китапбаева А.А., б.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail:sembinovaz@mail.ru

Қазіргі жаһандану заманында елдің экономикасының өсуі мен қоғамның әл-ауқатының жақсаруы үшін, әсіресе білімнің, оның ішінде жоғары сапалы білім қажет екенін бүкіл дүниежүзі біліп отыр. Осы себептерге байланысты

өзіміздің елімізде білім беру мазмұны жаңартылып, әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, жоғары нәтиже көрсетуде. Биология және жаратылыстану пәндері бойынша білім беру, тек мектеп не жоғары оқу орны қабырғасында емес, сонымен қатар, табиғат жағдайында немесе жаратылыстану мұражайларында, көрмелерде әр түрлі заттар мен құбылыстарды бақылауға және зерттеуге мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастырумен жүргізілсе, білім алушылардың сапалы білім алу мен қызығушылығы және есте сақтауы мен зерттеу, талдау, өз ойын айтуы жақсарады.

Жаратылыстану мұражайларында білім алушылар оқу курсының тақырыптары бойынша білімдерін бекітіп, тереңдетіп, бекітілген міндеттерді орындап, қорытынды жасауға даярланады. Сол себепті де жаратылыстану мұражайы арқылы тәрбиелік және ағартушылық бағытты қалыптастыруға болады. Мұражай ісінің, қызметінің негізгі бағыттары экспозициялық көрмелік, мұражай қоры, ғылыми-ағартушылық. Осылардың бәрінің негізі мұражай экспонатына келіп тіреледі. Мұражай, өзінің әлеуметтік қызметін мұражай экспонаттарын жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады. Ал, оқушылар мен студенттердің білімін жаратылыстану мұражайы арқылы дамыту үшін арнайы жаңа білім беру мазмұны болып табылатын концептуалдық тәсілдер арқылы жүргіземіз.

Концепция - (лат. Conception - түсіну, жүйе) - басты ой, жетекші идея, әлемдегі, табиғаттағы, қоғамдағы құбылыстарға қатысты көзқарастар жүйесі. Концептуалдық ойлау - тарихи шынайылықты түрлі теориялық құрылым мен концептілер ретінде біртұтас тұрғыда көрсету. Концептуалдық тәсілдер арқылы келесідей нәтиже аламыз:

1) Концептуалды тәсіл арқылы білім алушылардың ойлау дағдыларын дамыта аламыз.

2) Концептуалды оқыту білім берушілердің әдіс - тәсілдерін байытып қана қоймай, сабақтарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

3) Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырумен қатар танымдық қабілетін дамытады.

4) Бағытталған немесе өзін-өзі оқыту нәтижесінде алынған биологиялық білімдерді бекіту және реттеуге мүмкіндік алады.

Білім беруді, жаратылыстану мұражайы арқылы дамытуда концептуалдық тәсілдер келесідей болады:

1) өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі кезеңде белгілі бір жануар қаншалықты өзгеріске ұшырады немесе өзгеріссіз қалды);

2) себеп-салдар (мысалы, белгілі кезеңде қандай өсімдіктер немесе жануарлар саяси үдеріске әсер етті, оның салдары қандай болды);

3) дәйек (мысалы, белгілі бір кезеңдегі анықтамалар, анықтауыштар, энциклопедиялар арқылы мәлімет жинау);

4) ұқсастық пен айырмашылық (белгілі бір кезең аралығындағы, Қазақстан территориясындағы биологиялық коллекцияларды салыстыру);

5) маңыздылық (мысалы, табиғи экспонаттар маңыздылығын сипаттау);

б) интерпретация (мысалы, белгілі бір мұражай экспозицияларын зерттеушілер қалай зерттеген).

Осы жоғарыда көрсетілген концептуалдық тәсілдер арқылы, мектеп оқушылары мен студенттердің білімін жаратылыстану мұражайы арқылы дамыту бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Біздің алдымызға қойған мақсатымыз - биология сабақтарында мұражайлардағы жаратылыстану коллекцияларының әлеуетін пайдаланып, оқушылардың білім сапасын қалыптастыру, ойларын және тәрбиелеу танымдықтары мен қабілеттерін кеңейту, білім алушылардың зерттеу қызметтері мен іздену практикасын жетілдіру.

Осы мақсат пен жұмыстарды орындауға Абай атындағы орта мектептің 9-сынып оқушыларын Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи ландшафттық мұражай қорығы мен Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, В.С. Бажанов атындағы табиғат мұражайының жаратылыстану коллекцияларына экскурсия жасалынды.

Жаратылыстану табиғи-тарихи мұражайы үш бөлімнен тұрады: геология, палеонтология және зоология бөлімдері.

Геология бөлімінің көрмелерінде жер қыртысында кездесетін магмалы, метаморфты және шөгінді жыныстардың үлгілері, түрлі минералдар мен кристалдар, «Қызылқозы» бокситті кен орнынан бокситтер мен саздар топтамалары көрсетілген.

Палеонтология бөлімінде органикалық дүние дамуының дәлелін, өткен геологиялық дәуірлерде кездескен жануарлар таңбалары, тастанулары және сүйек қалдықтарын қызықтауға болады. Мезозой және палеозой дәуірінің ағзалары осы уақытқа дейін негізінен тастану күйінде сақталған. Көрмелерде брахиоподалар, теңіз лилиялары, қырықбуынның тастанулары, тастардағы өсімдіктердің таңбалары бар. Жаратылыстану мұражайының палеонтология бөлімінің экспозициялары тарихи-хронологиялық принципке негізделіп құрылған. Геологиялық жыл санау архей дәуірінен басталғанмен, палеонтология бөлімінің экспозицияларын тіршіліктің енді ғана жанданып келе жатқан кезеңі - палеозой дәуірінен бастаған. Бұл бөлімнің витриналарында сол кезеңде тіршілік еткен брахиоподалар мен теңіз лилияларының тастанулары көрсетілген. Мезозой дәуірі негізінен өсімдіктердің гүлденген кезеңі екені белгілі. Осы кезеңге арналған витриналарда қырықбуын, мыңжапырақ және тағы да басқа өсімдіктердің таңбалары бар тастар мен саздар, қазбалы ағаштардың сақталу формасы болып табылатын лигнит орналастырылған. Кайнозой дәуіріне арналған экспозицияларда бірегей экспонат болып табылатын, алғашқы бизонның кескінді реконструкциясы бар. Сонымен қатар осы бизондардың серіктестері болған мамонттың жауырын, омыртқа, аяқ сүйектері мен тістері, жүндес мүйізтұмсықтың аяқ сүйектері, киіктің және алыпмүйізді бұғының мүйіздерінің фрагменттері қойылған.

Зоология бөлімінде өңіріндегі тұрақты мекен ететін және көшіп-қонатын жануарлардың тұлыпы, олар мекен ететін ландшафтардың панорамасын көруге болады. Бұл бөлімнің бір ерекшелігі - табиғатта көре алмайтын жануарларды

жақыннан қызықтау мүмкіндігі. Сонымен қатар қала адамдары табиғатта өте сирек болады, ал біздің мұражайдағы жануарлар тұлыптары табиғи күйде орналасқан панорамалық ландшафттарын аралаған кезде шынымен табиғатта серуен жасағандай сезім пайда болады.

Кесте 1- Жаратылыстану мұражай түрлеріне сипаттама

№	Атауы	Тарихи мәліметтер	Экспонаттар түрлері
1	Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи ландшафттық мұражай қорығы.	1968 жылы Бутакова селосындағы мектеп мұражайы ретінде.	Зообақ алаңы 8 га, 294 жануар болды, оларда сүтқоректілердің 10 түрі, дала тасбақасы, құстардың 24 түрі бар. Зообақтағы жануарлардың көпшілік түрлері: қоңыр аю, теңбіл бұғы, бүркіт, қолға үйретілген қутұмсық қаз, ақбас тырна, тазқара, дала қыраны. Ботаникалық бақ 14 га, онда түрлі табиғаттық климаттық аймақ флорасының өкілдері орналасқан. Олар келесі атаулармен топтастырылған; ислам мәнеріндегі бақ, жапон мәнеріндегі бақ, террасалы бақ.
2	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, В.С. Бажанов атындағы табиғат мұражайы.	Жануарлар мұражайы 1964 жылы Өскемен педагогикалық институты жанында құрылған. Негізін қалаушы зоология кафедрасының меңгерушісі Бажанов Валерьян Семенович болған.	Мұражайда өлкемізде сирек кездесетін өсімдіктердің (ақшыл секпілгүл, көп тамырлы жуа, сібір қандығы, ірі гүлді шолпанкебіс, Алтай рауғашы, аққугүл, сауыр тегеурінгүлі, т.б.); құстардың (ақсұңқар, ителгі, лашын, жекдуадақ); жан-жануарлардың (шұбар кесіртке, Зайсан батбат кесірткесі, жолақты абжылан, даната құрбақасы, шұбар күзен, қызыл қасқыр) экспонаттары жинақталған.

Мұражайда өлкемізде сирек кездесетін өсімдіктер мен құстардың, жан-жануарлардың экспонаттары жинақталған. Жәдігерлерді жинауға биология

кафедрасының оқытушылары атсалысып, ғылыми зерттеу нәтижелерін мұражайға ұсынды. Омыртқасыз жануарлар коллекциясын, құстар және сүтқоректілер тұлыпын және де бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділердің ылғалды препараттарын зоологиялық экспедицияларда, далалық оқу іс-тәжірибелерінде, сабақ кездерінде, зоологиялық үйірмелерде оқытушылардың өздері дайындаған. Әрбір далалық маусым сайын ботаника мен зоологиядан баға жетпес мәліметтер жиналып отырды. Студенттер жәдігерлерді пайдаланып ғылыми жұмыстар жазады. Зоология, анатомия, биологиялық эволюция сынды пәндерді оқытуда қолданылады.

Жалпы, жаратылыстану мұражайын зерттеп, оқушылармен келесідей сипаттама кестесі құрылды. Нәтижесі келесі 1-кестеде көрсетілген.

Оқушыларға жаратылыстану мұражайына экскурсия жасап болған соң, сұрақ-тапсырмалар қойылып, жауап алынды. Ол тапсырмалардың тізімі келесідей болды:

- 1) Мұражайдың қалаушылары кім?, Қай жылы құрылды?, Құрылу себебі?,
- 2) Мұражайда өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың қандай экспонаттары жинақталған?
- 3) Қандай зоологиялық, биологиялық экспедициялар жасалынған?
- 4) Оқу орындарындағы жаратылыстану мұражайының маңызы?
- 5) Таңдалған экспонатқа презентациялық жұмыс әзірлеу.

Барлық аталған тапсырмаларға, оқушылар әрбір тапсырмаға, өзгеріс пен сабақтастық; себеп-салдар, дәйек, ұқсастық пен айырмашылық; маңыздылық; интерпретациялық концептуалдық тәсілдер әдісін қолданып, материалдарын тиімді жинады.

Қорытындылау:

Оқушылар мен студенттердің өзін-өзі дамыту үшін, жаратылыстану мұражайынан Шығыс Қазақстан облысының жер фаунасы мен флорасы туралы деректерді зерттеу бойынша арнайы жоспар құрылып, мұражайларға экскурсиялар жасалынды. Ауылдық және қалалық мектептерде жаратылыстану пәнін оқыту мен тәрбиелеу процестеріне көмектесу үшін жаратылыстану мұражайы бойынша экскурсиялық жұмыс тәжірибесінен материалдар дайындалып, арнайы презентациялар жасалды. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде, «Жаратылыстану» ғылым беру кафедрасының мұражайында білім алуға негізделген бағдарды пайдалана отырып, мұражай жинағы бойынша әдебиет көздеріне және экспонаттарға мониторинг жүргізілді. Білім алушыларды, Өскемен қаласы бойынша, жаратылыстану мұражайларына экскурсия жасап, концептуалды тәсілдер көмегімен жинақталған тәжірибені зерттеу жұмыстары орындалды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Дүйсенов Ә. Өлке тарихы бүгіннен басталады. Халық мұражайларының қалыптасуы, 2013 – 23 б.
2. Соловьева Н.В. Педагогические возможности музея как элемента социокультурной среды, 2013 – 65-96 б.

3. Бисалиева А. «Мұражайда мұралар көп», 2015 – 56 б.
4. Байкенжеева А.Т. Білім орындарында табиғат мұражайын ұйымдастыру, 2016.
5. Рассохина Е.А. Музей как инновационное образовательное пространство школы, 2017 – 146 б.

УДК 376

## **ФОРМЫ И МЕТОДЫ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ ООП НА УРОКАХ ИСТОРИИ**

Слатина Н.Г.

КГУ «Опытно-полевая средняя школа» отдела образования по  
Глубоковскому району управления образования Восточно-Казахстанской  
области, р. Глубокский, Казахстан, e-mail: neta299@rambler.ru

В современном мире интеграция детей с особыми образовательными потребностями в массовые образовательные учреждения — это глобальный общественный процесс, затрагивающий все высокоразвитые страны. Его основой является готовность общества и государства переосмыслить всю систему отношения к инвалидам и лицам с ограниченными возможностями здоровья. Образование — право каждого человека. Особое место в системе отечественного образования занимают дети с ограниченными возможностями.

Одним из основных приоритетов является развитие инклюзивного образования.

Хорошее зрение ребенка играет далеко не последнюю роль в его обучении и в жизненной деятельности. Благодаря статистике можно чётко установить, что у каждого двадцатого школьника возникают проблемы со зрением. И в данном случае адаптация детей с нарушением зрения проходит в школе достаточно сложно.

Слабовидящие – дети с остротой зрения от 0,05 до 0,2. Главное их отличие от слепых в том, что при выраженном снижении остроты восприятия зрительный анализатор остается основным источником восприятия информации об окружающем мире и может использоваться в качестве ведущего в учебном процессе, включая чтение и письмо.

Для многих педагогов эта тема актуальна, т.к. реализация педагогической поддержки, отвечающая особенностям развития данной категории детей, требует от педагогов, прежде всего, повышения уровня своей компетентности по вопросам охраны и развития зрения. Педагогам необходимо знать, что любые нарушения зрения, обуславливающиеся снижением базовых зрительных функций, неизбежно оказывают отрицательное влияние на зрительный акт, снижают количество и качество воспринимаемой информации.



Педагогам нужно знать о том, что зрительная патология не влияет на познавательные способности ребенка. Усложняется лишь восприятие окружающего мира. Восприятие у слабовидящих детей замедленное, фрагментарное, снижена наблюдательность. Поэтому необходимо чтобы пособия находились в поле зрения детей более длительное время. Если у ребенка ослабленное зрение, то увеличивается время на рассматривание объекта. При катаракте педагог работает только вблизи источника света. Если у ребенка близорукость, то у него трудно изменяется рефракция, поэтому работаем только вблизи пособия, при дальнозоркости работаем на доске. Рабочая плоскость для детей со сходящимся косоглазием должна быть вертикальная – обязательно применение подставок. Для детей с расходящимся косоглазием – горизонтальная рабочая плоскость.

В своей практике мне часто встречаются дети с различными нарушениями зрения. Большое значение в организации уроков истории имеют наглядные пособия. При работе со слабовидящими детьми они должны быть более крупные, яркие, передающие признаки реальных предметов.

Изображения на картинках должны быть выполнены в четких контурах, без лишних деталей, доступны восприятию слабовидящего ребенка. Предметы или изображения должны находиться перед ребенком в статичном состоянии на уровне глаз ребенка. Предметы и картинки с блестящей поверхностью исключаются полностью.

Демонстрация наглядных пособий сопровождается четкими, ясными и конкретными пояснениями, которые позволяют детям понимать, выделять конкретные визуальные признаки предметов окружающего мира.

По рекомендации врача-офтальмолога при изготовлении пособий необходимо использовать определенную цветовую гамму: красный, оранжевый, желтый, зеленый цвета. Эта цветовая гамма более благотворно воздействует на сетчатку глаза.

В своей практике я столкнулась со следующими проблемами слабовидящих детей.

Дети с серьезными нарушениями зрения испытывают ряд сложностей:

1. Их восприятие мира ограничено.
2. Круг общения невелик.
3. Самооценка понижена и др.
4. Сложности в общении.
5. Сложно учиться.
6. Слабая социализация (эмоциональная незрелость)
7. Не готовы к проявлению и дальнейшему формированию партнерских отношений как в микросоциуме.
8. Несобранность, рассеянность, слабая концентрация внимания.

Как правило, встречаются и сопутствующие нарушения:

У большинства детей с проблемами зрения имеются нарушения речи и слабый словарный запас. Нечеткость, узоность восприятия затрудняет узнавание предметов, их форм, характерных внешних признаков. Дети не видят строки,

путают сходные по начертанию буквы, теряют и повторяют строчки при чтении, не замечают знаков препинания, неправильно произносят слова.

У слабовидящих детей отмечаются трудности фонетико-фонематического и артикуляционного свойства. При зрительной работе у слабовидящих детей быстро наступает утомление, снижается работоспособность, снижается двигательная и мозговая активность.

Задача учителя – помочь ребенку развить возможности до заданного уровня. И если он обучается работе со слабовидящими учениками, то и учащиеся учатся полноценно жить с ослабленным зрением.

Учитель должен знать индивидуальные особенности функционирования зрительной системы ученика. Дети с нарушением зрения при одинаковой остроте и поле зрения отличаются друг от друга возможностями его использования: один может выполнять задания с опорой на зрение, другой - на осязание, третий - на осязание и зрение. В случае если у ребенка нет светобоязни, и он нуждается в дополнительном освещении, рабочее место должно быть освещено настольной лампой с регулятором степени освещенности, поскольку количество света, необходимое для нормального функционирования зрения, зависит как от общей освещенности классной комнаты, так и от функционального состояния зрительного анализатора ученика. Если у учащегося наблюдается сильная светобоязнь, его нужно посадить спиной к окну или закрыть окно шторой. При наличии светобоязни на одном глазу, ребенку следует сидеть так, чтобы свет падал с противоположной стороны. В процессе выполнения письменной работы учителю необходимо следить за осанкой ученика. Расстояние от глаз ученика до рабочей поверхности должно быть не менее 30 см. Для чтения можно использовать подставки. Учителю следует знать, что оптимальная нагрузка на зрение у слабовидящих учеников составляет не более 15 - 20 минут непрерывной работы, для учеников с глубоким нарушением зрения, в зависимости от индивидуальных особенностей, она не должна превышать 10 - 20 минут. Темп письма и чтения слепого или слабовидящего ниже. В связи с этим используются диктофоны, на которые записываются фрагменты урока. Речь учителя должна быть выразительной и точной, необходимо проговаривать все, что он делает, пишет, рисует или когда проводит опыт. Словарную работу следует проводить на каждом уроке, т.к. для многих слабовидящих характерен вербализм, который объясняется обедненностью опыта и отсутствием за словом конкретных представлений. Учителю необходимо проводить специальную работу по ориентировке. Работу по обучению ориентированию следует вести на всех занятиях, где материал позволяет усвоить и закрепить соответствующие знания.

При составлении заданий на уроках истории я учитываю количество заданий и использую шрифт минимум 16. При проведении всех видов занятий обязательно использую упражнения на снятие мышечного напряжения и зрительного утомления. Для этого необходимо использовать различные ориентиры: цветные колпачки, флажки, шарики, колокольчики. Это дает возможность детям выполнять глагодвигательные действия за конкретными предметами, не напрягая зрение. Так и на уроках стоит избегать, что бы

источники света слепили глаза или были слишком резки, стараюсь в начале урока устранить загромождающие пространство предметы, особенно в зонах движения детей, на партах находятся только рабочая тетрадь и учебник.

Хочу представить важные правила при изучении устных предметов для детей с нарушением зрения:

- Пользоваться тетрадями с яркой разлиновкой (для слабовидящих) или дополнительно разлиновывать;

- Писать черной пастой, выделять орфограммы, подчеркивать зеленым цветом;

- Приучать детей писать крупно без помарок, четкими буквами; письмо прямое, т. к. оно менее утомительно;

- Сокращать объем письменных упражнений;

- Непрерывное списывание не должно превышать 10 минут;

- Использовать учебники с крупным шрифтом, четкими иллюстрациями;

- Применять при чтении закладки, указки, трафареты с прорезью в одну строку, подставку для книг;

- Не поднимать учеников при чтении текста из учебника, тетради;

- Готовить индивидуальные карточки, тексты, рисунки, схемы и др. наглядные пособия, рассчитанные на зрительное или зрительно – осязательное восприятие слабовидящего школьника. Если специальных пособий нет, следует выделять текст, графики и т. п. черным фломастером, маркером.

- Разрешать подходить к таблицам, картам, схемам во время уроков или заранее вывешивать наглядные пособия для восприятия слабовидящим школьником.

При составлении заданий для слабовидящих детей, я ориентируюсь на любую рабочую тетрадь, составленную по программе общеобразовательной школы по истории. Задания переделываются и сокращаются, так как слабовидящий ребенок усваивает на уроке меньше, чем обычный учащийся общеобразовательной школы. На уроках использую вопросы из таксономии Блума, дневник двойной записи, игру в ассоциации, кластер, исторический диктант и т.д. Тестовые вопросы по количеству должны не превышать 10. Вопросы должны быть конкретными и точными.

- Необходимо использование заданий, соответствующих уровню психофизических возможностей учащихся определенного возраста, иначе результат будет отрицательным как в плане обучения, так и в плане адаптации учащихся к социуму.

- Включать «зарядку для глаз» со сменным режимом света на каждом уроке.

- Коррекционная направленность обучения требует активного использования не только репродуктивных, но и продуктивных методов, способствующих развитию аналитико-синтетической деятельности учащихся, переходу их от наглядно-практических к наглядно-образным и словесно-логическим формам мышления.

### **Хотелось бы предложить коллегам следующие общие рекомендации по работе с детьми:**

Предупреждайте ученика, если в классе меняется месторасположение стола и стульев.

Не оставляйте двери и шкафы приоткрытыми. Старайтесь, как можно меньше стоять против света.

Разрешайте ему вставать со своего места, чтобы лучше Вас понять или лучше видеть доску. Большая подвижность иногда лучше специального места ближе к доске, которое выделяет ученика и иногда мешает другим. Если же из-за организации класса такое отдельное место все же необходимо, способствуйте тому, чтобы слабовидящий ученик чувствовал себя среди одноклассников на равных. Задавая вопросы и делая замечания, называйте учеников по имени.

Не забывайте о том, что слабовидящий ученик не видит выражения лица. Сопровождайте все невербальные жесты, такие как кивок головы, жесты руками и т.п., словами и иногда прикосновением (похлопывание по плечу).

Спокойно употребляйте выражения, в которых встречаются слова «видеть, смотреть» и т.п.

Старайтесь словесное описание действий, предметов и ситуаций сочетать для слабовидящего ученика с собственным изучением материала на ощупь.

Важно правильно расположить школьную доску. Следите за почерком. Доска должна быть чистой. Используйте мягкий мел (сильнее нажимайте на мел).

Всегда произносите вслух то, что пишете на доске. Больше материала излагайте на бумаге. Применяйте соответствующий шрифт (курсив или жирные буквы часто усложняют чтение).

Уделяйте особое внимание материалу для чтения. Учитывайте то, какая контрастность лучше всего подойдет слабовидящему ученику.

По возможности дайте ему учебное пособие, откуда Вы взяли урок, или задания, вместо того чтобы все переписывать на доске.

Ребенок с нарушением зрения всегда будет медленнее остальных учеников. Поэтому давайте ему больше времени или сократите количество упражнений, особенно если Вы уверены, что он понял материал. Давайте ему возможность заранее готовить тексты к урокам литературы, истории, географии.

Снизьте требования к письму. Не ждите, что слабовидящий ученик будет писать так же, как остальные ученики. Сложности может также вызывать расположение текста на страницах.

С другой стороны, не преувеличивайте визуальные возможности ученика, исходя из его почерка. Многие слабовидящие ученики могут писать красиво и аккуратно.

Не делайте замечаний, если слабовидящий ученик держит учебник слишком близко к глазам. Но знайте: чем ближе к странице, тем труднее обозрение.

Мотивируйте слабовидящего ученика к активным движениям. Научиться двигаться и ориентироваться в пространстве очень важно для его

самостоятельности. Научите его также ориентироваться в классе и в здании школы. Важны как систематические упражнения, так и поддержка навыков.

Дети с нарушением зрения иногда имеют различные формы тика. Стремитесь к тому, чтобы они избавились от этого. Поддерживайте правильное поведение.

Вместе попробуйте различный материал и проверяйте, правильно ли его воспринимает ученик. Учитывайте ограниченность технических вспомогательных средств.

Используйте закладки или скрепки, чтобы проще находить нужные страницы или главы. На парте у ученика должно быть дополнительное место для лампы, лупы и других тифлоприборов.

Желтый мел рекомендуется к использованию на уроке.

Печатный текст набирается через два интервала.

В целях лучшей ориентировки при работе с карточками на листе срезается нижний правый угол. Это ориентир: верх - низ, право - лево.

Поступающие в помещение прямые солнечные лучи могут создавать блики, которые ухудшают условия зрительной работы. Для защиты глаз от прямого слепящего действия солнечных лучей, в учебных кабинетах рекомендованы к применению подъемно-поворотные жалюзи на окнах.

Хочется пожелать успехов учителям при работе с детьми с особыми образовательными потребностями. Только учёт индивидуальных особенностей, большое внимание к детям, любовь и терпение станут залогом успешной социализации и обучения таких особенных учеников.

### **Список литературы**

1. Вопросы обучения и воспитания слепых и слабовидящих. / Сборник научных трудов под ред. Литвиной А.Г., Л., 1981. С.122.

2. Епифанцева Т.Б., Настольная книга педагога-дефектолога. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. С. 477-515.

3. Никулина Г.В. Охраняем и развиваем зрение. Санкт-Петербург: Детство-Пресс, 2002.

4. Обучение и воспитание детей с нарушением зрения (амблиопия и косоглазие) в дошкольных учреждениях. /Методические рекомендации./ Под ред. Л.И.Плаксиной. М.: Просвещение, 1978г. С. 5-10, С.160.

5. Махартова Г.Х., Солнцева Л.И. Проблемы интеграции слепых в массовую школу. // Наша жизнь, 1994. №9-10.

6. Саватеева С.С. Как помочь ребенку сохранить хорошее зрение. М.; «Вента-Граф», 2004. С.7-8, С.24.

7. Ростомашвили Л.Н. Физическое воспитание детей с нарушением зрения. М.; Просвещение, 1974.

8. Солнцева Л.И. Новые формы работы школ для детей с нарушением зрения в современных условиях //Дефектология. 1994. №5.

## ОРТА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Солтанғалиева Г.М., Манкей М.

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі,  
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: soltangalieva@bk.ru

Бұл мақалада жаңа инновациялық технологияларды қолдануға байланысты орта кәсіптік білім беруді жетілдіру процесі қарастырылған. Инновациялық білім беру мекемесін анықтайтын негізді сипаттамалар келтірілді: интегративтілік пен дәйектілік, тұжырымдамалық, жанашылдық, көпнұсқалылық, тиімділік және психологиялық-педагогикалық бағыттылық. Сондай-ақ, оқыту үдерісінің сапалық нәтижесіне ықпалдасатын инновациялық технологиялар топтары, олардың білім беру процесіндегі орны мен маңызы, олардың нәтижелілігі мен тиімділігінің шарттылығы атап өтілді.

Түйінді сөздер: жаңалық, жанашылдық, білім беру жүйесі, білім беру саласы, вариативтілік қағидаты, әдістемелер, акт, ақпараттандыру, интегративтілік, әлеуметтік-педагогикалық бағыт, тұжырымдамалық, көпнұсқалылық, инновациялық технология, басым субъект.

Болашақ бүгінгі күн талабына енуі керек.  
Ол жоспар деп аталады. Онсыз бұл әлемде  
ешбір істе жақсы нәтижеге қол жеткізе  
алмаймыз.

*Георг Лихтенберг*

Қазіргі әлемнің барлық салаларындағы қарқынды өзгерістер білім берудегі жанашылдыққа, атап айтсақ: әртүрлі пәндерді оқытудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге, білім беру стандарттарын өзгертуге алып келеді. Осыған байланысты орта кәсіптік білім беру жүйесінде де бәсекеге қабілетті, ұтқыр және жеке тұлғаның өзгеруінен қорықпайтын оқыту, тәрбиелеу және қалыптастыру қажеттілігі бірінші орынға шығады. Орта кәсіптік білім алатын білім алушы өз саласындағы бірінші дәрежелі маман болып қана қоймай, сонымен қатар, заманауи ақпараттық ағындарда көмексіз өз бетінше жүре алу дағдысы бекінуі керек.

Бұл кезеңде білім беру жүйесінде вариативтілік принципі басым болады. Осы қағидаттың арқасында білім беру мекемелері авторлық тәсілдермен үндес оқу іс-әрекеті үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді таңдауға құқылы. Мұндай жағдайларда педагог бүкіл қазақстандық жанашылдардың педагогикалық іс-тәжірибелерінің таныс алуан түрін қолдана алады. Осыған орайлас орта кәсіптік білім берудің оқытушысы да оқыту үдерісінде әрдайым оқытудың заманауи техникалық құралдары мен технологияларының орасан зор арсеналын

зерделеуге, сондай-ақ, маман даярлаудың жаңашыл әдістерін қолдануға ұмтылатын болады.

Білім беруде инновациялық жаңашылдыққа бағыт ұстанған колледж деп стандартты емес технологияларға негізделген заманауи білім беру тәжірибесін ғана үйлестіріп қоймайды, сонымен бірге, авторлық сипаттағы бағдарламаларды қамтитын оқу мекемесін атай аламыз. Бұл арада орта кәсіптік білім беру саласындағы озық тәсілді айқындайтын өзіне тән негізгі белгілерді бөліп көрсетуіміз қажет. Айшықты белгілердің қатарында:

1. Білім беру процесінің интегративтілігі мен реттілігі;
2. Жалпы әлеуметтік сұрау салулардың білім беру мекемесінің мақсаттарымен сәйкес келуі мен әлеуметтік-педагогикалық бағыттылығы;
3. Оқыту үдерісінің концептуалдылығы: әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, сондай-ақ философиялық - түрлі ғылыми негіздердің авторлық әдістемелерін түсіну және қолдану;
4. Педагогикалық процесте қолдануға болатын шығармашылық, ерекше гипотезалардың, авторлық ұсыныстардың – инновацияның болуы;
5. Көпнұсқалылық: оқыту құралдарының, әдістерінің, мазмұнының немесе оқу процесінің басқа да қандай да бір компоненттерінің болуы.

XX ғасырдың басында инженер П.К. Энгельмейер педагогикалық процесті шығармашылық ретінде түсінуге алғашқы жүйелі әрекеттерді жасап, шығармашылық пен ойлау проблемаларын ғылыми зерттеудің негізін қалады. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай адамның өзін-өзі дамыту қабілеттерін өзектендіруге, оның шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған білім беру қажеттіліктерінің пайда болуын ынталандырды. Осыған байланысты қазіргі заманғы орта кәсіптік білім беру жүйесіне колледждерге ұсынылатын бағдарламалар мен оқулықтардың мазмұндық аясын шығармашылық тұрғысынан түсінуге, білім алушылармен диалогқа ізденіс жағдайын енгізуге қабілетті, өнімді жобаларды нақты жұмыс істейтін білім беру жүйелеріне біріктіруге қабілетті маман қалыптастыруға бағытталған үдеріс үйлестіріледі.

Шығармашылыққа дайын, қабілетті тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып ғылым мен техниканың, өндірістің серпінді дамуы жағдайында жұмыс істеуге, білім алушылардың креативті ойлауын дамыту үшін жеке шығармашылық ықпалдар ғана емес, шығармашылық міндеттер жүйесі құрылуы қажет деп санаймыз. Шығармашылық міндеттер жүйесі оқу іс-әрекетінің сипаты болуы керек. Осының негізінде шығармашылық ойлаудың критерийлері: нәтиже алынған процестің (шешімнің) жаңалығы, иррационалды бастама, түйсігі, түсінігі арқылы нәтиже алу, мәселені өз бетінше көру және тұжырымдау қабілеті, нәтиже алудың әртүрлі тәсілдерін іздеу, шешім табылған сәттің алдындағы айқын эмоционалды тәжірибенің болуы, тұрақты және ұзақ немесе қысқа мерзімді, бірақ өте күшті мотивацияның болуы, жаңа үйреншікті емес жағдайда бұрын алған білімдерін пайдалана білу мен таныс нысанда, құбылыста жаңа нәрсені көру, ашу қабілеті тұжырымдалады. [4.139.]

Білім алушыларды стандартты емес жағдайларды талдауға, олардың қызметі мен жетістіктерінің алгоритмін жасауға, белгілі бір өмірлік жағдайларда

технологиялық тұрғыдан ойлауға, гипотеза жасауға, мақсаттар, міндеттер, мәселелерді тұжырымдауға, әртүрлі көздерден алынған және сыни тұрғыдан маңызды ақпарат негізінде шешім қабылдауға үйрету - бұл қазіргі мұғалімнен шешуді қажет ететін ең басты мәселе. [8. 30]

Теориялық және әдіс деңгейін талдауға қатысты сұрақтарды зерттеу - педагогтарды даярлау, жеке тұлғаның қалыптасу дәрежесі кәсіби қызметтің стилі, оның қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігі дәрежесі осы саладағы істердің жағдайы жетілуден алыс екеніне көз жеткізуі керек.

Жалпы алғанда, біздің аймақтың орта кәсіптік білім беру жүйесі айтарлықтай прогрессивті және болашаққа бағытталған болса да, көптеген білім беру мекемелерінде оқу процесін жоспарлауға, ұйымдастыруға және сапасын бағалауға басым түрде репродуктивті тәсілдерді ұстанатын педагогтар әлі де болса бар. Әрине, олар қазіргі өзгерістердің негізгі бағытын қалыптастырады, бірақ бұл «педагогикалық ілгерілеудің» болу уақытының рухына сәйкес келмейтін тоқырау мен зиянды құбылыстарының бейнесін көрсетеді. Жағдайды жағымды жақсы жаққа өзгерту мүмкін. Бұл үшін оқу орнының бүкіл педагогикалық ұжымының барлық пәндік циклдардың сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру технологиясын әзірлеу және интегративті қолдану қажеттілігін сөзсіз мойындауына қол жеткізу қажет. Бұл технологияның орта кәсіптік білім беру жүйесінің білім беру мекемелері үшін өзектілігі сөзсіз, өйткені, оның дамуының қазіргі кезеңінде маманның жеке маңызды процесте білім алу қабілеті бірінші орында өз бетінше шешім қабылдай отырып, өзгертін жағдайларға икемді түрде бейімделетін іс-шараларға назар аударылады, яғни білімді игеру арқылы құзыреттілікті қалыптастыру. Білім алушылардың оқу-зерттеу қызметі - бұл өзіндік іздестіру қызметін сапалы құруға бағытталған болашақ маманның жеке басын дамыту үшін маңызды құндылықтар және танымдық процеске қатысушылардың әрқайсысын мақсатқа бағыттау және жеке жетістіктерді құрайды. Алайда, оның тиімділігі белгілі бір шарттар орындалған кезде ғана мүмкін болады:

1. Білім алушының зерттеу жүргізуге ішкі мотивациясының басымдығында (жүйе құрлымындағы маңызды ынталандыру);
2. Зерделенетін тақырып аясындағы білім алушының алғашқы хабарының болуы (ол үшін жұмыс белгілі бір құзыреттілікті жетілдіруге құрылуы);
3. Білім алушы өз жұмысынан шығармашылық шабыт алуы (жұмыс барысындағы бағалау, көтермелеу жүйесі ұсынылады). [8.31]

Сонымен, білім алушылардың оқу-зерттеу іс-әрекетінің аясында теориялық және практикалық машықтарды меңгеру үшін оқу қызметі бар ғылыми әдістер негізін тәуелсіз қолдану арқылы ғылыми білім алушылардың даму шарты мен құралы болып табылатын танымдық шығармашылықты зерттеу дағдылары қалыптасады.

Білім беру кеңістігінде өзінің қарқынды даму сипатын айшықтау мақсатында орта кәсіптік-техникалық білім беру заманауи тенденцияларға сәйкес оң тәжірибе жинақтау бағытында оқу-тәрбие жұмыстарын үйлестіріп жүргізеді. Динамизм және өзгергіштік сияқты түбегейлі жаңа белгілер барған



сайын айшықты әрекеттер үдерісінде сипатталуда, жаңа инновациялық технологияларды іздеу және сынамадан өткізу жүріп жатыр.

Бүгінгі таңда орта кәсіптік білім беру саласында алуан түрлі педагогикалық инновациялар пайдаланылады. Олардың ішінде танымал келесі инновациялық тәсілдер мен технологияларды белгілеуге болады:

1. Оқыту процесін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу және білім беру сапасын басқару. Бұл инновациялық технология жеке жағдайда бүкіл білім беру мекемесінің, сондай-ақ ағымның, оқу тобының, әр студенттің уақытында дамуын нысанды және субъективті бақылауға ықпал етеді.

2. Білім алушылардың зияткерлік дамуындағы өзгерістерді бақылау. Бұл тәсіл әр оқушыға қатысты білім беру процесінің сапасын жүйелі диагностикалау мен талдаудан тұрады, оның аясында тестілеудің әртүрлі түрлері де, оқу үлгерімінің динамикасын көрсететін әртүрлі кестелер құру да кеңінен қолданыла алады.

3. Білім беру технологиялары. Бұл технологиялар маман тұлғасын қалыптастырудың негізгі құралы және қазіргі білім беру жағдайында міндетті фактор болып табылады. Олар әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады. Бұл білім алушыларды театрларға, көрмелерге, жасөспірімдер шығармашылық орталықтарындағы сабақтарға, мәдени іс-шараларға қатысуға тарту болуы мүмкін.

4. Пәндерді оқытудағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (АКТ). Олардың маңыздылығын асыра бағалау қиын, өйткені ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың арқасында информатика мен түрлі тәртіптік салаларды біріктіруге болады. Мұндай байланыс білім алушылардың қазіргі әлемдегі ақпараттандыру процестерін - жалпы және кәсіби тұрғыдан хабардар болуына ықпал етеді. Бұл технологиялар кәсіби және арнайы пәндерді оқыту кезінде ерекше рөл атқара алады. Орта кәсіптік білім беру жүйесінде АКТ-ны қолданудың келесідей ұтымды тәжірибесі анықталды:

А. Қашықтықтан оқытудың әртүрлі нысандарын және ашық түрдегі ақпараттық ортаны қолдану жағдайында студенттердің кәсіби пәндерді оқуға деген ынтасын едәуір арттыру;

Б. Психологиялық стресстің төмендеуіне байланысты студенттер үшін білім беру процесін ақпараттандырудың тартымдылығы, өйткені өзгеріс жүзеге асырылады – "Оқытушы-студент" субъективті өзара әрекеттесуінен "студент – компьютер – оқытушы" объективті қатынастарына дейін;

В. Шығармашылық жұмыстар мен жобалар санының өсуі;

Г. Көптеген пәндер бойынша қосымша білім алуға түрлі мүмкіндіктердің пайда болуы;

Д. Еңбек тиімділігінің көрсеткіштерін арттыру;

Е. Оқытушы үшін ақпараттандырудың тартымдылығы, өйткені ол жалпы ақпараттық мәдениетті де, педагогикалық еңбектің өнімділігін де арттыруға ықпал етеді.

5. Тұлғаны дамытуға бағытталған білім беру процесінің технологиялары.

Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған технологиялар бүкіл орта кәсіптік білім беру жүйесінің бағытына сай білім алушының жеке басын айғақтайды. Бірінші кезектегі міндет - тұлғаны дамытудың қауіпсіз, ыңғайлы және жанжалсыз тәсілдерін құру.

6. Оқу процесінде озық білім беру технологияларын қолдануды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету. Психологиялық -педагогикалық қолдау ақпараттық-аналитикалық сүйемелдеуден кем емес және маңызды.

7. Дидактикалық технологиялар. Бұл технологиялар білім беру процесін дамытудың қажетті шарты болып табылады, өйткені олардың контекстінде тиімді, ұтымды әдістерін, тәсілдері мен амалдарын растаған. Осындай жана тәсілдер ретінде жобалардың дизайны мен қорғалуын, аудиовизуалды материалдар мен техникалық құралдарды қолдана келе, оқу іс-әрекетін, оқу құралы, ойын және тағы басқаларын атап өтуге болады. Оқыту әдістерінің алуан түрлілігін ескермеуге болмайды: топтық, сараланған, «шағын топтар» жүйесі және «кеңесші» жүйесін қамтыды. Педагогикалық практикада, әдетте, мұндай әдістердің комбинациясы қолданылады.

Модульдік оқыту технологиясы теориялық материалды кеңейтілген блок-модульдер арқылы терең меңгерумен, оқу іс-әрекетін алгоритмдеумен, толықтығымен және жүйелілігімен сипатталады. Оқыту сабақтарына арналған модульдік бағдарламалар мен модульдер ақпараттық материалдың мақсатымен, кешенді және кері байланысты жүзеге асыру арқылы жеке дидактикалық міндеттермен айқындалады (яғни интеграциялау теориялық блок-модуль және алгоритмдік әрекеттерді қамтиды). Модульдің мазмұны жалпы біріктірілген мақсатты анықтайды, ал оның құрылымдық элементтері оның тұжырымдамалық сипаттамасын негіздейді. Зерттелетін тақырыптың бүкіл блогында жақын, орта және ұзақ мерзімді перспективалар көрсетілген. Бұл жерде іс-әрекеттердің міндетті үйлесімділігін атап өту қажет. Модульдік сабақтың барлық элементтеріндегі іс-әрекеттер, оның негізі оқытушы мен білім алушылар арасындағы диалог оқу іс-әрекетінің бүкіл процесі бірнеше рет қайталанатын және әр түрлі өзіндік жұмыстармен қамтамасыз етілуі керек. [9. 91]

Модуль - бұл болашақ маманның осы сабақта оқу іс-әрекетінің мақсаттары, сондай-ақ, оқу тапсырмалары мен оларды орындау бойынша ұсыныстар көрсетілген әдістемелік құрал.

Модульдік сабақтар әдеттегіден ерекшеленеді: олар білімді игеру процесінің логикасына сәйкес құрылады және оқу іс-әрекетінің цикліне сәйкес келетін білімнің толық циклі болып табылады (сипаттау, түсіндіру, жобалау). Кәдімгі сабақтар логика бойынша құрылады: үй тапсырмасын тексеру, жаңа материалды зерттеу, оны бекіту, үй тапсырмасы.

Модульдік сабақ мақсатты тұжырымдаудан басталады (білім алушылар қызметінің мақсаттарын айқындау, яғни олар нақты сабақ барысында нені үйренеді). Модульдік сабақтың келесі кезеңі-мазмұнды және оқу іс-әрекетін игеруге ынталандыру. Бұл әртүрлі интеллектуалды жаттығулар, логикалық жаттығулар, шағын сынақтар.

Келесі ақпараттық блок: оның мазмұны-мұғалімнің әңгімесі, дәріс, фильм, презентация, білім алушылардың хабарламалары немесе осы компоненттердің тіркесімі. Бұдан әрі: материалды өңдеу, зертханалық жұмыстар, оқу тапсырмаларын шешу, мәселелерді талдау және шешу, сұрақтарға жауаптар, тапсырмаларды орындау, ойындар, конференциялар. Бұл кезеңде бақылаудың «қарапайым» формалары қолданылады: өзін-өзі және өзара бақылау. [9. 93]

Модульдер ішіндегі деңгейлік дифференциация оларды әртүрлі дайындықтары бар білім алушыларға бейімдеуге мүмкіндік беретіндіктен бұл жүйеде арнайы орта білім беру үшін өте маңызды келесі аспектілері: білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру басымдығы негізінде колледждегі педагогикалық процестің барлық компоненттерін біріктіре келе, оқытуды жұмыс орындары мен оқу полигондарына, оқу бөлімдеріне бағытталған курстық және дипломдық жобалауды қазіргі өндірісте қолдануды тізбесі қамтылған. Мұндай схеманы құру бастамасы жұмыс берушілер мен орта кәсіптік білім беру жүйесі әкімшілігі бірлескен әрекеттен туындады: технологиялардың күрделенуіне қарай мамандарды оқыту деңгейі бастауыш және орта кәсіптік білім деңгейінен жоғары таным мен практикалық машыққа бағытталған болуы керек.

Қазіргі уақытта ТЖКББ жүйесінің мекемелерінде өндірістік практиканы, курстық және дипломдық жобалауды іске асыру сатыларында түлектерді практикалық даярлауға жаңа тәсіл қолданылады. Тиісті мамандықтар бойынша түлектерді жоғары кәсіби деңгейде даярлау мақсатында дипломдық жобалар немесе құрылғылар модельдер түрінде нақты пайдалануды ескере отырып таңдалады. [3. 62]

Қорытындылай келе, орта кәсіптік білім беру тәжірибесі педагогикалық инновациялардың үлкен қоржынына ие екенін атап өткен жөн. Оларды қолданудың тиімділігі көбінесе оқытушылар құрамының әртүрлі озық педагогикалық технологияларды, оқу орнының материалдық-техникалық ресурстарын және қалыптасқан дәстүрлерді қабылдау және сынау қабілетімен анықталады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Калькова Г.В., Кочнева Е.И., Кривцов Л.Ю. Технологии профессионально ориентированного обучения: учебно-метод. пособие. – М.: ГБОУУМЦ ПО ДОГМ, 2012.

2. Адольф В.А., Ильина Н.Ф. Инновационная деятельность педагога в процессе его профессионального становления. – Красноярск: Поликом, 2007.

3. Беляев В.И. Становление и развитие инновационной концепции С.Т. Шацкого. – М.: МНЭПУ, 2009.

4. Бордовская Н.В. Современные образовательные технологии: учебное пособие. – М.: КНОРУС, 2010.

5. Гребенюк О.С. Общая педагогика: курс лекций. – Калининград: Калининградский университет, 2009.

6. История образования и педагогической мысли: учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003.

7. Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: Учебное пособие. – М.: Академия, 2009.

8. Лебедева А.В. Роль исследовательского обучения в формировании познавательного интереса обучающихся // Среднее профессиональное образование. – 2010. – №3. – С. 30–32.

9. Михайлова Н.Н. Развитие образовательных технологий в начальном профессиональном образовании. – М.: НИРПО, 2007.

ӘОЖ: 514.48 : 371.3.

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Сандыбаева Е.Ж., Катанова С.Д.

Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Заки Ахметов атындағы №16 орта мектебі» КММ,  
Өскемен қ., Қазақстан

Біздің елімізде болып жатқан білім беру саласындағы реформалар жаңа білім беру стандарттарын әзірлеумен, жаңа оқу пәндерін, жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын енгізумен қатар, оқыту әдістерін өзгерту қажеттілігін туғызды. «Білім беру» ұлттық жобасын іске асыру жағдайында оқытудың интерактивті әдістерін пайдаланбай білім беру процесін елестету мүмкін емес [1].

Реализация образовательной программы на английском или на другом иностранном языке требует использования эффективного образовательного подхода с учетом всех особенностей. Таким является предметно-языковое интегрированное обучение в переводе с английского Content and Language Integrated Learning (сокращенная аббревиатура CLIL). Предметно-языковое интегрированное обучение позволяет изучать содержание дисциплин с помощью иностранного или второго языка. Под вторым подразумевается язык, используемый в определенной стране или регионе [3].

Некоторые образовательные программы магистратуры на базе Университета имени Адама Мицкевича (город Познань, Польша) проводятся на английском языке. Данные образовательные программы рассчитаны на 2 года обучения, каждый из которых состоит из зимнего (winter) и весеннего (spring) семестра. Также образовательные программы включают в себя 2 типа модулей –

обязательные (obligatory modules) и элективные (elective modules). Кредиты в рамках данных образовательных программ засчитываются согласно ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System).

«Биотехнология» («Biotechnology») - одна из образовательных программ магистратуры - рассчитана на 120 кредитов по системе ECTS, которая включает в себя лекции (Lectures - Lec), семинары (Seminars - Sem), беседы (Conversatories - Conv) и лаборатории (Laboratories – Lab). На первом году обучения студенты изучают 13 дисциплин обязательного модуля – 7 зимнего и 6 весеннего семестров, на втором – 11, из которых 6 зимнего и 5 весеннего семестров. Перечень дисциплин обязательных модулей представлен в таблице 1.

Таблица 1 – Обязательные модули ОП «Биотехнология»

<b>Obligatory modules / Обязательные модули</b>	<b>Lec / Лек</b>	<b>Sem / Сем</b>	<b>Conv / Б</b>	<b>Lab / Лаб</b>	<b>Total / Общ</b>	<b>ECTS</b>	<b>Exam / Экзамен</b>
<b>TOTAL of 4 semester ВСЕГО за 4 семестра</b>	<b>200</b>	<b>55</b>	<b>175</b>	<b>497</b>	<b>897</b>	<b>120</b>	
<b>WINTER SEMESTER ЗИМНИЙ СЕМЕСТР 1<sup>st</sup> Year 1 год</b>	<b>55</b>	<b>15</b>	<b>75</b>	<b>67</b>	<b>212</b>	<b>30</b>	
Methods of the experimental work Методы эксперимен- тальной работы			20		20	2	
Biostatistics Биостатистика			20		20	2	
Viruses in biotechnology Вирусы в биотехнологии	10		5	15	30	3	Е / Э
Developmental biology Биология развития	15			22	37	3	Е / Э
High-throughput technologies in biotechnology Высокопроизводительные технологии в биотехнологии	30			30	60	5	Е / Э
Legal and ethical dimensions in medical biotechnology Правовые и этические аспекты медицинской биотехнологии			15		15	2	
Advanced scientific English Продвинутый научный английский язык		15	15		30	2	

<i>Elective modules</i> <i>Элективные модули</i>						11	
<b>SPRING SEMESTER</b> <b>ВЕСЕННИЙ СЕМЕСТР</b> <b>1<sup>st</sup> Year</b> <b>1 год</b>	<b>70</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>155</b>	<b>280</b>	<b>30</b>	
Animal models of human diseases Животные модели болезней человека	15		5	10	30	3	Е / Э
Human molecular genetics Молекулярная генетика человека	30		15	30	75	6	Е / Э
Stem cells Стволовые клетки	25			40	65	6	Е / Э
Bioinformatic data analysis Биоинформационный анализ данных			5	15	20	3	
Scientific communication Научное общение		30			30	2	
MSc Project Магистерский проект				60	60	10	
<b>WINTER SEMESTER</b> <b>ЗИМНИЙ СЕМЕСТР</b> <b>2<sup>nd</sup> Year</b> <b>2 год</b>							
Molecular therapies Молекулярная терапия	15	10		20	45	4	Е / Э
Structural biology Структурная биология	20		15	25	60	4	Е / Э
Nanobiotechnology in medicine Нанобиотехнологии в медицине	5		10	30	45	4	
Crafting innovation and entrepreneurship Создание инноваций и предпринимательства			20		20	2	
MSc Project Магистерский проект				60	60	10	
<i>Elective modules</i> <i>Элективные модули</i>						6	
<b>SPRING SEMESTER</b> <b>ВЕСЕННИЙ СЕМЕСТР</b> <b>2<sup>nd</sup> Year</b> <b>2 год</b>	<b>35</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>140</b>	<b>175</b>	<b>30</b>	

New generation pharmaceuticals Фармацевтические препараты нового поколения	20			35	55	5	Е / Э
Fundamentals of bioeconomy Основы биоэкономики	15			30	45	4	
MSc Project Магистерский проект				75	75	11	
<i>Elective modules</i> <i>Элективные модули</i>						10	

Практически каждому семестру соответствует свой модуль элективных дисциплин. Так, на первом году обучения студенты изучают 12 дисциплин элективных модулей - по 6 на каждый семестр, на втором – 10, среди которых 6 дисциплин зимнего и 4 весеннего семестров. Перечень дисциплин элективных модулей представлен в таблице 2.

Таблица 2 – Элективные модули ОП «Биотехнология»

<b>Elective modules / Элективные модули</b>	<b>Lec / Лек</b>	<b>Sem / Сем</b>	<b>Conv / Б</b>	<b>Lab / Лаб</b>	<b>Total / Общ</b>	<b>ECTS</b>
<b>WINTER SEMESTER ЗИМНИЙ СЕМЕСТР 1<sup>st</sup> Year 1 год</b>						<b>16</b>
Advanced course in scientific English Продвинутый курс научного английского языка			30		30	2
Bioimaging Биоимиджинг	15		15	30	60	6
Mechanisms, effects of drugs action and drug interactions in humans Механизмы, последствия действия лекарственных средств и лекарственные взаимодействия у человека	15				15	1
Methods in molecular diagnostics Методы молекулярной диагностики	15		10	20	45	4
Molecular basis of human genetic diseases			6	30	36	3

Молекулярные основы генетических заболеваний человека						
<b>WINTER SEMESTER</b> <b>ЗИМНИЙ СЕМЕСТР</b> <b>2<sup>nd</sup> Year</b> <b>2 год</b>						<b>9</b>
Digital PCR Цифровая ПЦР	10			15	25	3
Genetic recombination Генетическая рекомбинация	15			15	30	3
Human diseases – epidemiology, etiology and therapy Болезни человека – эпидемиология, этиология и терапия	15			15	30	3
<b>SPRING SEMESTER</b> <b>ВЕСЕННИЙ СЕМЕСТР</b> <b>2<sup>nd</sup> Year</b> <b>2 год</b>						<b>14</b>
Advances in molecular medicine Достижения в молекулярной медицине			15		15	2
Biomaterials Биоматериалы	20			10	30	3
Blood physiology Физиология крови	15			15	30	3
Molecular basis of cytoprotection Молекулярные основы цитопротекции			15		15	2
Study visits in modern biotechnological laboratories Учебные визиты в современные биотехнологические лаборатории				10	10	1
Tumor and their microenvironments – cellular and histopathological aspects Опухоли и их микроокружение – клеточные и гистопатологические аспекты	20			10	30	3

#### Список литературы:

1. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 2 февраля 2016 года № 124 «Об утверждении критериев оценки организаций»



образования» (Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 2 марта 2016 года № 13364)

2. Байденко В. И., Селезнева Н. А. Конкурентоспособные образовательные программы: к формированию концепции //Высшее образование в России. – 2011. – №. 5. – С. 24-39.

3. Coyle D. CLIL: Content and Language Integrated Learning / D. Coyle, P. Hood, D. Marsh. - Cambridge University Press, 2010. - 173 с.

ӘОЖ 373.3 : 001.8

## **ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Усаева А.Н.

Ғылыми жетекші: Килыбаева Г.К., сениор-лектор, магистр  
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан  
e-mail: erke.usaeva2003@mail.ru

Қазіргі қоғамда ерекше ойлайтын, белсенді, креативті, мақсат пен міндеттерді дәстүрлі емес жолмен шеше алатын адамдарға деген қажеттілік артуда. Сондықтан қазіргі таңда білім беру саласында оқу үрдісінің сапасын арттыруға жағдай жасау мәселесі кеңінен талқылануда. Инновациялық педагогикалық құралдар мен әдістердің негізін орынды оқу-зерттеу қызметі алады. Бұл жұмысты бастауыш мектептен бастап жақсы ұйымдастыру өте маңызды, өйткені дәл осы жаста балалардың белсенді, шығармашылық және өз бетінше әрекет етуінің білім, білік және дағдылары, талдау, синтез және бағалау әдістерінің негізін қалау керек. Ғылыми-зерттеу жұмысы осы мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі болып табылады. Оқушыларды «зерттеуші» жағдайына қоятын мұндай іс-әрекет қазіргі дамыта оқыту жүйесінде негізгі орындардың бірін алады[1].

Соңғы уақытта ғалымдардың назары оқушылардың оқу-зерттеу іс-әрекетін қалыптастырудың әртүрлі аспектілерін дамытуға аударылды: мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту (Н.Ф. Талызына, Г.И. Щукина); ғылыми ойлау стилін (Л.П.Богоявленский, П.Я.Гальперин) және студенттердің шығармашылық белсенділігін (Р.С.Альтшуллер, В.И.Андреев, А.М. Матюшкин) қалыптастыру. Проблемалық, зерттеушілік оқыту идеялары дамыды (И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, М.Н.Скаткин); жеке пәндерді оқу шеңберінде зерттеу дағдыларын дамыту технологиялары (А.Г. Иодко, Г.А. Дзида), балалық шақтағы зерттеу бастамасын дамыту (А.Н. Поддяков), студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру (Г.В. ). Отандық психологияда балалардың танымдық, зерттеушілік әрекетін зерттеу тәжірибесі бар (П.Я.Гальперин, А.Н.Поддяков, А.И.Савенков, т.б.), бұл бастауыш мектеп

жасында зерттеушілік дағдыларды дамытудың мүмкіндігі мен қажеттілігін көрсетеді. Ғалымдар өз бетінше ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің табысты дамуының физиологиялық алғышарттарына тоқталып, зерттеушілік мінез-құлық ең маңызды функцияны – даму функциясын орындайтынын және балаларға табиғи және қажетті екенін атап көрсетеді.

Балалардың зерттеуге деген қажеттілігі биологиялық тұрғыдан анықталады, бала зерттеуші болып туады. Жаңа тәжірибеге деген қажымас құштарлық, білуге құштарлық, үнемі бақылауға және эксперимент жасауға, әлем туралы өз бетінше жаңа ақпаратты іздеуге ұмтылу балалардың мінез-құлқының маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Дәл осы ішкі ізденіс баланың психикалық дамуының өзін-өзі дамыту процесі ретінде ерте бастан ашылуына жағдай жасайды[2].

Педагогика ғылымы мен практикасы «шығармашылық іс-әрекетке» жеткілікті түрде ерте жастан тартылмаса, онда бала кейінгі жылдары өтеуі қиын зиянға ұшырайтынын анықтады. Бастауыш мектепте қазірдің өзінде мектеп оқулығымен жұмыс істеуге көңілі толмайтын, арнайы әдебиеттерді оқитын, білімнің әртүрлі салаларындағы сұрақтарына жауап іздейтін мұндай оқушыларды кездестіруге болады. Сондықтан мектепте ғылым мен техниканың әр саласына қызығушылық танытатын әрбір адамды анықтау, олардың жоспарлары мен армандарын жүзеге асыруға көмектесу, мектеп оқушыларын өмірде ғылымды іздеу жолына жетелеу, оларға жан-жақты көмектесу өте маңызды. Сондықтан баланы зерттеушілік ізденіс дағдылары мен дағдыларына үйрету қазіргі заманғы мұғалімнің және тәрбиенің ең маңызды міндетіне айналады.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің жағдайында өзгермелі жағдайларға тез бейімделетін және мәселелерді шешуде шығармашылықпен жұмыс істей алатын тәуелсіз адамдарға деген қажеттілік артып келеді. Заманауи мектеп оқушысы елдің әлеуметтік және рухани дамуының белсенді қатысушысы болуға мәжбүр болады, бұл оның мектепте, жоғары оқу орнында және бүкіл өмірінде жаңа білім мен дағдыларды игеру процесінде тәуелсіз болуын талап етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекеті – бұл қоршаған әлемді түсінуге, балалардың жаңа білімдері мен іс-әрекет әдістерін ашуға бағытталған шығармашылық іс-әрекет. Өзінің мәні бойынша ғылыми-зерттеу қызметі мерзімді және ұзақ ішкі ізденіспен, ғылыми сипаттағы ақпаратты терең мағыналы және шығармашылықпен өңдеумен, аналитикалық және болжамдық қасиеттердің ерекше режимінде ойлау процестерінің жұмысымен, «сынау» арқылы әрекет етумен байланысты белсенді танымдық ұстанымды қамтиды. Осымен оның проблемалық оқытудан айырмашылығы, олармен тығыз байланыста болуы және білім беру технологияларының бір тобы болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде оқу-зерттеу қызметі іс-әрекет теориясы тұрғысынан қарастырылады. Оның белгілі бір құрылымы бар: мақсат, мотив, субъект, іс-әрекет, өнім, нәтиже, бірақ бұл құрамдастардың кез келген басқа

қызмет түрлерінен ерекшеленетін нақты пәндік мазмұны бар екендігі атап өтіледі[3].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және олардың жас ерекшеліктері бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау (Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, А.Н.Поддяков, Д.Б.Эльконин), сонымен қатар оқу-зерттеу қызметін жалпы теория тұрғысынан талдау барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекетінің келесі компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді:

- Оқушылардың оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаттары зерттелетін объектілердің эмпирикалық қасиеттерін белгілеумен байланысты болуы мүмкін; олардың шығу және даму тарихын зерттеу; кең ауқымды ақпарат негізінде зерттелетін объект туралы нақты деректер; зерттелетін объектінің мүмкіндіктерін анықтау т.б.

- Балалардың зерттеу әрекетінің қажеттілік-мотивациялық негізіне әлеуметтік және танымдық мотивтер жатады.

- а) саналы оқушы болуға, өз міндеттерін орындауға ұмтылу;

- ә) ғылыми-зерттеу іс-әрекетіндегі табысқа жету;

- Оқу-зерттеу іс-әрекетінің субъектілері: бастауыш сынып оқушысы, оқушылар тобы, бүкіл сынып, оқушы-оқушы жұптары, оқушы-ата-ана, оқушы-мұғалім.

- Оқу-зерттеу әрекетінің процесі келесі кезеңдерді қамтиды: тақырыпты таңдау; зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қою; оқуды жоспарлау және әдісті таңдау; ақпаратты іздеу, эксперименттер, сауалнамалар жүргізу, кестелер мен диаграммаларды құру; қорытындыларды тұжырымдау, нәтижелерді ұсыну, олардың қызметін талдау және өзін-өзі бағалау.

- Бастауыш сынып оқушыларының оқу-зерттеу іс-әрекетінің нәтижелері мыналар болып табылады: оқушының танымдық мотивтерін, субъективті жаңа білімдерін қалыптастыру; жаңа тәсіл; зерттеу дағдылары.

Зерттеумен айналысу оқушының жеке және шығармашылық қабілеттері мен зерттеу, ойлау дағдыларын дамытады және оқушы өзі үшін «жаңалық» ашады. Зерттеу әрекеті баланы дамытады және ол шығармашылық арқылы көрініс табады. Зерттеу дағдысын қалыптастыру психологтардың айтуы бойынша жеке тұлғаның өзін – өзі дамыту мен дамуы үшін өте маңызды. Оқушының зертеушілік дағдысының қалыптаспауы тұлғаның кез келген қиындықты жеңе алмауына, мәселені шешудегі дәрменсіздікке әкеледі. Оқушының қабілетін айтпаса, дамытпаса өз мүмкіндігінен төмен оқуына әкеп соғады. Зерттеу жұмысы күнделікті қолданыста көбінде жаңа білімді меңгеру үрдісі, яғни адамның танымдық әрекетінің бірі ретінде түсініледі. Білім берудің теориясы мен практикасы көз қарасынан қарағанда ғылыми зерттеу қызуғышылық туғызады[4].

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқу-зерттеу іс-әрекетін мақсаттылықпен, белсенділікпен, объективтілікпен, ынтамен және саналылықпен сипатталатын ғылыми іс-әрекетке сәйкес құрылымында оқушылардың арнайы ұйымдастырылған, танымдық шығармашылық әрекеті

ретінде анықтауға болады. Бұл әрекетті жүзеге асыру барысында оқушылар балаларға қолжетімді зерттеу әдістерін пайдалана отырып, әр түрлі дербестік дәрежесі бар субъективті білімді белсенді түрде іздейді және ашады. Оның нәтижесі оқушының танымдық мотивтері мен зерттеушілік дағдыларын, субъективті жаңа білім мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру және бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық дамуы болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абдрахманова А. Формирование учебной деятельности учащихся начальной школы в процессе обучения математике//«Ізденіс» №3,2011. 276бет
2. Иванова О. В. Исследовательская деятельность младших школьников.//Нач. школа плюс До и После.-2007.-№9
3. Осипова Г.И. Опыт организации исследовательской деятельности школьников: "Малая академия наук" // Волгоград: Учитель, 2007.Савенков А.И."Методика исследовательского обучения младших школьников" Самара Изд-во "Учебная литература" 2007г.
4. Асқарқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекетін дамыту//«Бастауыш мектеп» №1.2011 (18 – 19бет)

ӘОЖ 37

## **ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІЗДЕНІСТЕРІН ДАМУЫ**

Хадиева М.М.

ШҚО, Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылы  
meruyert.khadiyeva@mail.ru

Ұлттық сананы тамырынан үзіп, жоғалтып алмай, жаңа заманға сай етіп бейімдеудің басты тетіктерінің бірі жас ұрпақты ұлттық әдебиетіміздің мол қайнар көзімен сусындату - аса өзекті дүние. Алайда бүгінде жаһандану процесі біздің өміріміздің барлық саласына қанатын кең жайып отыр. Ал жаһандану жағдайындағы өзгерістерді бірінші болып қабылдайтын- жасөспірімдер, оқушылар, жастар. Демек жаһанданудың жағымсыз жақтарының жасөспірімдерді жарға жығу ықтималдығы да жоғары. Оған төтеп берудің бір жолы-ұрпаққа дұрыс, оң тәрбие беру, біліммен қаруландыру, бойына гуманизм дәнін себу. Бұл міндетті арқалар бір ғылым саласы болса, ол – әдебиет, әдебиеттану ғылым. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, ал біз оны «адам тәрбиелеу құралы» дер едік. Себебі бұл пән жас ұрпақтың бойына әдебиетті, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден қарапайым ғана білім беріп қоймайды, ең асыл – жақсылық пен ізгіліктің дәнін себеді. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдерге тәрбиеленеді. [1;6].

Әрине, мектепте оқытылатын барлық пәннің білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны, атқарар маңызы, қызметі бар. Дегенмен әдебиеттің барлық пәннің анасындай қызмет атқаратыны бәрімізге аян. Басқасын былай қойғанда, бір математиканы меңгеру үшін де сауатты оқи білу керек, оқығанын түсіну, ұғу, айта білу қажет.

Қазақтың ұлы ғұламасы А.Байтұрсынұлы «...қазақта бай әдебиет бар, асылы әдебиеттің мақсұтын таныту» деген екен. Әдебиеттің мақсұты:

- Ғасырлар бойы қордаланған ұлттық құндылықтарды жас жеткіншектер бойына сіңіру;

- Жеткіншектерді отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу;

- Көркем ойды әдемі жеткізе білу дағдысын қалыптастыру;

- Ойын нақтылы жеткізуге және көркем жазуға үйрету;

- Әдеби шығармалардан алған үлгі-өнегені өмірде қолдануға дағдыландыру;

Әдебиет - сөз өнері, көркем сөйлей білу мен ойлай білудің құнды тетігі. Оқушы бұл сабақта көркем шығарманы қабылдауы керек. Ол қолға ұстатып бере салатын зат емес. Ол оқушының жүрек қалауымен, бар сезімімен, рухани әрекетімен ғана жүзеге асады.

Әдебиетте күн тәртібінде тұрған тағы бір өзекті дүниенің бірі - оқушының бойындағы ғылыми-ізденіс қабілеттерін ашу, шыңдау. Ғылыми жұмыстарға баулу.

Бұл тек оқушыдан ғана емес, мұғалімнен де зор ынтаны, шығармашылықты талап ететіні сөзсіз. Бүгінгі таңда оқушыға бойымыздағы бар білімді беріп қана қою аздық етеді. Ол алған білімін өмірлік қажетіне жарата алып, соны шығармашылықпен іске асыру жолдарын игеруді үйрету, оқуға деген танымдық қызығушылық қабілетін арттырып отыру да көзделеді. Мен әдебиет пәні бойынша сыныптағы барлық оқушының ғылыми-ізденісін дамыту мүмкін деп айтудан аулақпын. Прозалық, поэзиялық туындыларды оқыта отырып, сыныптағы барлық оқушыға Отанын, елін, тілін сүюді насихаттап, ізгілік, жақсылық дәнін себе аламыз, бірақ барлығынан ғалым шығара алмасымыз анық. Сондықтан да бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілеттерін ашу, жақсы, танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – мұғалімнен үлкен біліктілікті, қырағылықты қажет етеді. Десе де мұғалім мақсаты оқушы бойындағы ғылыми, ізденімпаздық, зерттеу, шеберлік қасиеттерін дамыту болғандықтан, сабақта мына мәселелерді басшылыққа алғаны жөн деп ойлаймын:

- Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізу;

- Қабілетті, алғыр, дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыру;

- Сабақтан тыс уақыттарда жүргізілетін жұмыстарға – пәндік олимпиадалар, ғылыми конференция, шығармашылық байқау, интеллектуалды ойындарға қатыстырып отыру;

Әдебиет сабағында оқушының ғылыми ізденісін дамыту мақсатында қандай жұмыстар ұйымдастыруға болады, соған тоқталайық.

Төменде өз іс-тәжірибемізден туындаған ізденістерімізді ортаға саламыз. Әдебиет сабағында оқушыларды ғылыми-зерттеу бағытына жетелейтін тапсырмалар деп төмендегіні ұсынар едім: сабақта ғылыми жоба қорғау тапсырмасын ұйымдастыру.

Жаңартылған бағдарламаға негізделіп жасалған бүгінгі оқулықтарда жоба қорғауға арналған тапсырмалар көптеп кездеседі. Мәселен, 7-сыныптағы әдебиет пәні бойынша М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының желісі бойынша жоба қорғату. Мұғалімге тарихпен, бүгінгі өмірмен байланыстырып төмендегідей сұрақтарды қамтып, тапсырма орындатуына болады:

- Батыр Баян алғаш рет кімнің деректерінде кездеседі?
- Қандай көркем туындыларда есімі, ерлігі аталады?
- Ноянның шынайы өмірдегі прототипі кім?
- Батыр Баян қазасы (дастан бойынша, өмірде), моласы қай жерде?
- Ұрпақтары бар ма?
- Зерттеушілер пікірі?

Немесе «Абай жолы» роман-эпопеясының I томының, 1-бөлімінде кездесетін жер-су атаулары, олардың географиялық орны туралы постер жасау, карта құрастыру, графикалық кесте, сызбалар т.б. даярлау.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы көнерген сөздер немесе айтыстың тілдік ерекшелігіне талдау жүргізу т.б. Тізе берсек, әр түрлі бағыттағы кішігірім жоба жұмысының тақырыптары шығады. Оқушы мектепішілік, аудандық деңгейде үлкен жоба дайындамаса да, шағын үлгіні ұсына алады. Бұл – оқушының ғылыми-ізденісінің алғашқы баспалдағы болмақ. XXI ғасыр - ақпарат, ғаламтор, әлеуметтік желінің дамыған ғасыры болғандықтан, сіз ұсынып, талап қойсаңыз, оқушы сіз таңқаларлықтай жұмыс атқарары сөзсіз.

Түрлі ғылыми жұмыстар оқушылардың зерттеу икемі мен дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Ғылыми жобадан кейінгі мақала ретінде жариялауға болатын, ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік эксперимент жұмысының мазмұнын баяндайтын жұмыс түрі – ғылыми баяндама

Оны әр түрлі бағытта жүргізуге болады. Мәселен, архив материалдарымен жұмыс істеу, ауыз әдебиеті, фольклор үлгілерін жинақтау, тәжірибе жүргізу, теориялық талдау, түрлі мәтіндермен жұмыс істеу т.б. [3;11].

Бүгінгі күннің зор талаптарының бірі - эссе жазу. Әрине, оқушыны бірден көлемді эссе жазуға баулу - күрделі іс. Ол да ізденуді, ой қорытып, талдауды, дәлелдеуді қажет ететін жанр. Мәселен, төмендегі үлгі бойынша сабақ үрдісінде шағын эссе жазу жұмыстарын ұсыну. Шағын эссе құрылымын былай ұсынар едім:

I КІРІСПЕ БӨЛІМ. (шамамен 30-40 сөз)

Тапсырманы өз сөзімен қайта жазып шығу, өз ойын білдіру (мәселе ретінде көтеру арқылы да білдіруге болады), эссенің мақсаты.

II НЕГІЗГІ БӨЛІМ. (шамамен 50-70 сөз)

1-мәселе туралы пікір білдіру. Неліктен олай ойлайтыны туралы түсіндіру, мысал келтіру, ойын қорытындылау.


2-мәселе туралы пікір білдіру. Неліктен олай ойлайтыны туралы түсіндіру, мысал келтіру, ойын қорытындылау.

### III ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ. (шамамен 25-30 сөз)

Соңғы ойын білдіру. Нақты бір шешімге келіп, қорытындылауы. Эссені жазуға керекті дағдылар: грамматикалық дағды, лексикалық сөздік қор, синтаксистік құрылымдар мен тақырыпқа қатысты жинақталған материалдар қоры. Демек, әдебиет сабағында шағын эссе үлгілерін жаздыру арқылы да оқушыны ізденімпаздыққа жетелей аламыз.

Әдебиетте шығармашылық пен ізденімпаздыққа баулуда Республика жұртшылығына жақсы танымал қазақ педагогикасының тұлғасына айналған, «Қазақтың Қанипасы», «Ұстаздықтың Хан апасы» атанып, есімі әріптестерінің арасында аңыз болып тараған Қ.О.Бітібаеваның еңбегін атамай өтуге болмас. Соның бірі ұстаз ұсынған конструкциялық жобалап оқыту технологиясының үлгісі.

Бұл моделдің тиімділігі сол, берілетін көлемді түсініктерді, ұғымдарды тұжырымды түрде, көрнекі түрде ғана жып-жинақы етіп бере білуінде. Әдебиет – сөз сабағы, көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән. Ал айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол әрине, ерекше зерттеуді қажет ететін мәселе. Бұл модель – әр оқушының алдында жатады. Ол білім алудың бағдаршамындай, оқушылар оған қарап әр түрлі іздену, зерттеу жұмыстарын орындай алады. Модель әрі тірек карточка, әрі көрнекілік, әрі көмек-нұсқау рөлін атқарады. Оқулық, ғылыми еңбекпен жұмыс істеуге баулиды. Өз беттерімен модель жасауға да ықпал ететіні сөзсіз. Әдебиет сабағында 15-18 ғасырды қамтитын жыраулар поэзиясы бойынша төмендегі үлгіде модель ұсынып, оқушыға жүйелі тапсырмалар қатарын бере аламыз.



[2;132].

Сондай-ақ дайын оқылым, тыңдалым мәтіндерімен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұнынан алшақтамай, қайта жазып шығуға арналған тапсырмалар легі

де оқушыны шығармашылыққа машықтандырады сөзсіз. Яғни өзі оқыған мәтінді көрініске айналдырып, қайта жазу. Ұлы ұстаз Қ.О.Бітібаеваның оқыту технологиясында бұл киносценарий, инсценировка құрастыру деп беріледі. Бұл тәсілдердің тиімділігі – көркем мәтінді терең әрі шығармашылық жолмен түсінуіне игі ықпалын тигізеді. Сонымен қатар кино, сахна өнеріне деген қызығушылықтарын арттырады. Сынып ерекшелігіне байланысты орындалатын жұмыс мазмұны да түрлі дәрежеде болып келеді. Мәселен, 7-сыныптың оқулығында «Сүйіспеншілік пен достық» атты бөлім бар. Сол жерде берілген оқылм мәтінін пайдаланып, Уәлихановтар отбасының Г.Н.Потонинді салтанатты қарсы алуын көрініске айналдырып, қайта жазу тапсырмасы берілген. Оқушым А.Алдаберген тамаша үлгісін жасай алды. Оқушы жұмысын қоса ұсынып отырмын:

Уәлихановтар әулетінің Г.Н.Потонинді қарсы алуы

1895 жылдың жазы. Орыстың ұлы географы Г.Н.Потонин жақсы досы болған Ш.Уәлихановтың отбасымен кездесу үшін Сырымбет селосына қарай жол тартады. Ауылдың шетіне келе бергенде :

- Та, самая степная цивилизация, которую мне рассказывал Чокан, это? Эй, мальчик, это село - Сырымбет?

Бір жақсысы Потонин тіл қатқан бала орысша біледі екен.

- Да, дядя, это Сырымбетское село, а вы тот русский друг Чокана Уалиханова, который мы все ждем?

Потонин: -Да, да, мальчик, я!

Бала: - как же хорошо, что вы нашли путь, пайдемте, я вас познакомлю с Уалихановами!

Бір ауқатты үйдің жанына келе бергенде әлгі бала: -Апа, апа! Шоқан ағамның орыс досы келді,-деді дауысы жарқын шығып.

Әлгі үйдің ішінен 40-тан асқан әйел шығып: -Уа, құрметтім, сәлеметсіз бе?! Хазар теңізінен (қазіргі Каспий) Алтай тауына дейінгі жерді алып жатқан Торғай даласына қош келдіңіз! Сіз жайлы Шоқанның ыстық лебізді хаттарынан қанықпыз. Сыртта тұрмай, төрге шығыңыз!-деп қуана қарсы алды.

- Я знаю эту степную цивилизацию по рассказом историков, но очень удивлен посмотрев на нее в живую,-деп Потонин үйге кірді. Сонау Еуропадан келген құдайы қонаққа нағыз көшпенділердің құрметі көрсетіледі. Потонин «Әу» деген айтысты, тартысқа толы у-шулы көкпарды, күресті тамашалап, ақ сақалына қарамай алтыбақан теуіп, мал союды, думанды әрі қызықты тойды көріп, қатты разы болды. Кейіннен Ресейдің этнографтары мен географтарына сүйсіне хат жазады.

Потонин қазақ жерінде тағы бірнеше күн қонақ болып, кетер уақыт жеткенде қарсы алған халыққа, Шоқан отбасына риза болды: -О, великий степной народ! Добродушные казахи, я очень рад посвятить 9 дней своей жизни на вашу цивилизацию! Я надеюсь, что ваш народ получит свое достойное место в мире!

Бұл сөздерді біреуі түсінді, біреуі түсінбеді, ал Г.Потанин 6 салт аттарымен Орынборға қарай жол тартты.



Міне, әдебиет сабағында оқушыны ғылыми-ізденіс жұмыстарына баулудың түрлі жолдары бар. Қорытындылай келгенде, ғылыми-ізденістерін дамытуға арналған тапсырмалар қатары оқушыны іздендіріп, өзіндік пікір қалыптастыруына, өзінің жаңа бір дүниені жасап шығуына мүмкіндік береді. Өзіне деген сенімділігі артып, жеке көзқарасы қалыптасады. Жан-жақты болуға дағдыланады. «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы» десек, баланың көркем әдебиетті оқып, талдап, түрлі бағыттағы шығармашылық жұмыстар жасауына, өзі шешім шығаруына мүмкіндік жасайық. Елдің ертеңі – бүгінгі жастар екенін есте ұстағанымыз абзал.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қ.О.Бітібаева. Әдебиетті оқытудың әдістемесі мен технологиясы. Алматы, «Мектеп», 2003 ж.
2. Қ.Бітібаева «Бір ғылымнан басқаның...». Семей, «Үш биік» баспасы, 2008 жыл
3. Қ.Т.Барбосынова, А.М.Қартаева, Қ.Т.Қаирбаева. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушылардың ғылыми-шығармашылық жұмыстары». Өскемен, «Рекламный Дайджест», 2008 ж.

УДК 371.321:51

### **МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ**

Чукотаев М. Н., Нуртазина Е.М.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: mchukotaev@mail.ru, abdulmalipova@mail.ru

Авторлар мақалада баланың білімді игеру кезінде құзыреттілігін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, жан-жақты тұлғаны тәрбиелеудің мүмкіндіктерін қарастырады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, интеллектуалды ұлт, танымдық қабілет, шығармашылық әлеует, дидактикалық ойын.

Еліміздегі орта білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Осыған орай қазіргі білім беру мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып әлемдік жүйеге жақындастыруда құзыреттілікке бағдарлану бағытын қарастырып отыр. Бұл оқушыны жаңа тұжырымдарды түсінуге және қабылдай білуге бүкіл өмір бойы өзгермелі жағдайларға тез икемделуіне, сындарлы ойлай білуге және

ақпараттар ағынын бағдарлай алуға, топтың алдында өз ойын анық, дәл жеткізуге, тыңдаушысын иландыра білуге қабылетті интеллектуалды ұлт ретінде қалыптастыруды көздейді [1].

Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобосында қазіргі заманғы білім берудің білім беруді дамытудың болашақтағы міндеттерін атай келе, жас қазақстандықтар бастапқы интеллектуалдық әулетпен және терең ақылмен, шексіз қызығушылықпен және өмірлік күш – қуатпен ерекшеленуге тиіс деген. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жаңа білім беру жүйесінің бастауыш сыныптарда оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруды және қазіргі мектептегі оқу тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуді талап етеді. Осыған сәйкес бастауыш мектептен бастап оқу тәрбие үдерісі барысында бастауыш сынып оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру басым бағыттардың бірі болып табылады [2].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық, қызығушылық іс-әрекеттерін математика сабақтарында арттыру мақсатында қазіргі заман ұстаздары өз сабақтарын тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін қолданып, өткізуге тырысады. Педагог күнделікті өмірде әртүрлі жағдайлармен кездеседі. Онда ол, тек орындаушы ғана емес, сонымен қатар өз бетімен шешім қабылдайтын оқу - тәрбие жұмысының білгірі болуы керек.

Ұстаздық қызмет әрқашан шығармашылықты қажет етеді. Оқу үдерісінде қолданылатын әртүрлі белсенді әдістерден дидактикалық ойын түрін ерекше атап көрсетуге болады. Себебі осы тәсілді тиімді қолдану - оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, құзреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Дидактикалық ойындарда, ойын арқылы өмірлік жағдайлар қалыптасады. Ойынға қатысушы жиһангездің, мұғалімнің, дәрігердің т.б. рөлін ойнауға мүмкіндік алады.

Дидактикалық ойындар мүмкіндігінше оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты нығайтады. Білім алушының шығармашылық әлеуетін арттырады, танымдық қабілетін қалыптастырады. Тәжірибе көрсеткендей, дидактикалық ойынды өткізу үдерісінде оқушылар арасында оймен, ақпаратпен бөлісу жылдамырақ өтеді. Дидактикалық ойындар қатысушыларды шығармашылық үдеріске жақындатады. Соңғы жылдары дидактикалық ойындар үш аспектіде қолданылады: оқыту ойыны, тренинг ойыны, зерттеу ойыны. Осы жерде атап өту керек, бұл дидактикалық ойындар шынайы ойын ретінде қолданылмайды.

Әрбір нақты дидактикалық ойында аталған аспектілер бір арнада тоғысады немесе ойынның мақсатына сәйкес акцент бір аспектіге тоқталады. Дидактикалық ойындарды өткізу әдістемесі келесі кезендерден өтуді көздейді:

1. Ойынның жоспарын құрастыру.
2. Жүргізу жоспарын құрастырғанда (жүргізушіге арналған жетекші нұсқаулық, ойынның ережесі және ұсынысы) ойыншыларға арналған нұсқаулық енгізу.
3. Мәлімет жинақтау, оқыту құралдарын таңдау.
4. Ойын нәтижелерінің бағалау критерийін көрсету.

Бастауыш сыныпта математикалық білім беруде қолданылатын дидактикалық ойындар, оқушылардың қызығушылық іс-әрекетін белсендірудегі маңызды факторы болып табылады. Сыныптағы оқушыларды шартты түрде 4 топқа бөліп, құзыреттіліктерін бағалауға болады. Әрбір топтағы оқушылардың құзыреттіліктерін, танымдық қабілеттерін қалыптастыру нәтижесінде, оқушылардың оқу материалды меңгерудегі айырмашылығын өз бетімен алған білімдері мен дағдыларының деңгейін анықтауға болады. Білім деңгейіндегі айырмашылықтары бойынша оқушыларды шартты түрде төрт топқа бөлуге болады.

1-топ: білім алуда шапшаңдық танытқан оқушылар.

2-топ: білім алудағы орташа шапшаңдық танытқан оқушылар.

3-топ: білім алудағы төмен шапшаңдық танытқан оқушылар.

4-топ: білім алуда үлгермейтін оқушылар (бұл топтағы оқушылардың білім алуы тіпті оқытушылар үшін де қиындық туғызады).

Балалар топтарға бөліну мәселесі туралы білмегені жөн. Егер де топқа бөліну дұрыс ұйымдастырылса, оқушылар топқа бөліну ережесін қуана қабылдайды. Мысалы, оқушылар математика сабақтарында «Зымырандар», «Ұшақтар», «Поездар», «Машиналар» топтарына бөлінеді. Әрине, біраз уақыттан кейін, олар не себепті өздері мына немесе басқа топтың ішіне кіргендерін сезеді де, басқа топқа ауысуға тырысады.

Бастауыш сыныптың математика сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы дидактикалық ойындардың алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ойын жаттығуларын кез келген әдістемелік құралдардан кездестіруге болады. Мысалы: «Шынжыр», «Математикалық лабиринт», «Жұбын тап» және т.б. ойындар [3].

Математика сабақтарында оқушылардың білімдерін толықтыру және назарларын бір іс-әрекеттен келесіге аудару мақсатында, танымдық ойындарды жиі қолдануға болады. Одан оқушылар жағымды әсер алады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында, әрбір математика сабағында оқушыларды ойландырып, есепті шешуде әртүрлі тәсілдерін іздестіруге жетелейтін тапсырмалар құрастыруға болады. Мысал келтірейік:

$999 + * = ****$  Қосындыда төрт таңбалы сан шығу үшін

$990 + * = ****$  белгіленген қосылғыштың орнына қандай

$994 + * = ****$  бір таңбалы сан қою керек?

Басқа үш таңбалы сандармен осыған ұқсас  $*** + * = ****$  тапсырма ойлап тап.  $** + * = ***$  Үлгі бойынша қанша мысал келтіруге болады?

Оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастыратын факторлардың бірі - оқушылардың өз бетімен оқулықпен жүйелі жұмыс істеуіне үйрету және түсіндіру мәтінін қалай түсінгендерін үздіксіз тексерістен өткізу болып табылады. Бұл мақсаттарды орындайтын математикалық диктантты атап өткен жөн. Математикалық диктантты құрастырғанда бес тапсырма дайындау тиімді.

Себебі, бұл диктантты бағалауға және орындалған тапсырмаларға сәйкес баға қойылады. Осындай математикалық диктанттарда міндетті түрде орындалатын тапсырмалар деңгейін қарастыру қажет.

№1 математикалық диктант.

7 саны 91 –ден неше есе кем? (13)

68 шығу үшін 17-ні неше есе арттыру керек? (4)

8 шығу үшін 56-ны нешеге бөлу керек? (7)

Бөлінгіш – 320. Бөлінді – 4. Бөлгіш нешеге тең? (80)

Санның төрттен бір бөлігі 60-қа тең. Сан нешеге тең? (240)

№2 математикалық диктант.

22 222 мен 0 сандарының көбейтіндісін 16-ға арттыр.

555 пен 1 сандарының бөліндісін 55-ке кеміт.

960 санын 8 есе кеміт.

780 және 90 сандарының айырмасын тап, ал нәтижені 2 есе арттыр.

8 мыңнан 3 ондықты азайт [4]. Алдын ала оқыту элементтеріне көп көңіл бөлінеді. Сыныпқа келіп, танысатын жаңа оқу материалының өзгешелігіне назар аудартпай, сабақтың жаңа тақырыбын жариялауға болмайды. Жаңа материалды қабылдауға арналған дайындықты бірнеше сабақ бұрын бастау керек. Мысалы, оқушыларды математика сабағында «аудан» ұғымымен таныстыруды «Периметр» тақырыбын меңгеру барысында өткіуге болады. Екі таңбалы сандарды жазбаша баған түрінде қосуды үйреткенде де, екі таңбалы сандарды азайту алгоритміне назар аудартқан жөн.

Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың танымдық қабілеттерін және білім, білік, дағды деңгейлерінің сапасын арттыру мақсатында ауызша есептеу жаттығуларының тигізетін пайдасы мол. Ауызша жаттығулар үшін 10-15 тапсырма дайындауға болады. Аз уақыттың ішінде ауызша жаттығулардың көмегімен өткен материалды қайталап шығуға болады. Мысалы, «Шеңберлі өрнек құрастыр» ойны ұсынылады. Ойынның мазмұнына сәйкес тақтада бірінші компоненті бар өрнек жазылады. Оқушылар құрастырған өрнектің жауабы келесі өрнектің бірінші компонентіне тең болуы шарт:

$$3 \cdot 3 = 9 \quad 9 \cdot 4 = 36 \quad 36 : 6 = 6 \quad 6 \cdot 3 = 18 \quad 18 : 2 = 9$$

Оқушылар шынжыр бойынша өрнек құрастырып жаттығады.

Оқушыларға математикалық материалдарды меңгертудің әртүрлі кезеңдерінде пайдаланылатын дидактикалық ойындардың қолданылуы тиімді әдіс-тәсіл болып табылатыны сөзсіз.

«Арифметикалық амалдар» тақырыбын бекіту мақсатында «Кім жылдам?» ойыны ұсынылады.

1. Интерактивті тақтада мысалдар және оған қатысты дұрыс және бұрыс жауаптары жазылған кесте сызылған. Әрбір нұсқа бойынша оқушыларды шығарып, өрнектердің шешімі болатын дұрыс жауап таңдауды ұсынуға болады.

Барлық тапсырмаларды дұрыс орындаған топ мүшелері жеңіске жетеді.

2. Карточкамен жұмыс [5].

Жауабы 24 болатын мысалдарды теріп жаз:

$$35+9 \quad 24:1 \quad 3 \cdot 8 \quad 32-8$$

$$6 \cdot 4 \quad 16+7 \quad 1 \cdot 24 \quad 26-4$$

$$24 \cdot 0 \quad 48:2 \quad 19+5 \quad 12 \cdot 2$$

3. «Пирамида» ойыны. Мысалы: өлшемдері әртүрлі «сақиналар» жиынтығынан пирамида құрастыру ұсынылады. Әр «сақинада» өрнек жазылған. Мұны орындау белгілі бір ретпен кемитіндей нұсқада ең үлкенінен бастап, ең кішісіне дейін орналастырып шығу ұсынылады [6]. «Есептерді теңдеу құру арқылы шығару» тақырыбын бекіту мақсатында «Мен қандай сан жасырдым?» ойыны ұсынылады.

«Мен бір сан ойладым, оған 17-ні қостым, шыққан қосындыны 5-ке көбейттім де, 95 сан шығардым. Мен қандай санды жасырдым?  $(x+17) \cdot 5=95$ ,  $x+17=19$ ,  $x=2$  [7]».

Оқу үрдісін жандандыру мақсатында әртүрлі танымдық тапсырмалар құрастыру арқылы, техникалық және әдістемелік құралдарды пайдалана отырып, оқу материалын әртүрлі тәсілдермен ұсынуға болады. Мысалы, оқушыларға ребустың шешуін табу ұсынылады:

1.  $6x21+2xx=x958$ . Бұл жерде мысалды баған түрінде жазса, барлық түсіп қалған сандар көрінеді.  $(6721+237=6958)$  [8].

2. Екі санның қосындысы 462. Бір қосылғыш нөлмен аяқталады. Егер нөлді алып тастаса, екінші қосылғыш шығады. Бұл қандай сандар? (420 және 42).

Қорыта келе, математика сабақтарында дидактикалық ойындардың құндылығы мынада: ойын барысында балалар өз бетімен жаңа білім алуға дағдыланады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Сол себептен математика сабақтарында дидактикалық ойынның қолдану идеясы құпталады, ойын арқылы баланың қызығушылығы байқалып, оны арттыру жолы жоспарланады. Оқушы ақпаратты сезіммен қабылдаса, егер оны бір нәрсе таң қалдырса, дәл сол сәтте тұлғаның табиғи қабілеті жоғарылайды.

Мектеп тәжірибесінде шығармашылық жаттығулар үздіксіз орындалмай жатқандығы белгілі. Кейбір мұғалімдер шығармашылық жаттығу міндетті деңгейге жатпайтындықтан оны орындамайды, орындағанымен сабақ соңында асығыс шешуін оқушыларға жалпылама айтқыза салады, яғни талдау жүргізілмейді. Балаларда ой операциялары толық үргізілмегендіктен логикалық ойлаудың даму деңгейі төмен болады. Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың бір жолы — шығармашылық жаттығуды жүйелі орындату.

Сыныптағы оқушылардың білім деңгейі бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан мұғалім оқушыларға міндетті емес тапсырмаларды үнемі орындатып отыруы тиіс.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:

- есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;
- сызба графиктік модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру;
- есептегі нақты затты ауыстыру;
- пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;
- сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын логикалық ойлау қабілеті дамыған азамат қалыптасады.

Сыныптағы оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып, шығармашылық жаттығуларды орындатуға болады. Үлгі ретінде мына жаттығуларды беріп отырмыз:

2-сынып оқушыларына

1. Тіктөртбұрыш пішіндес бақтың ұзындығы 8 метр, ал ені 4 метр. Осы бақты қоршау үшін ұзындығы неше метр темір тор керек?

2. Қайсы сан қатары бөтен? Оны сызып таста.

1, 3, 5, 7, 9, 11

3, 5, 7, 9, 11, 13

5, 7, 9, 11, 13, 15

2, 5, 8, 11, 14, 17

7, 9, 11, 13, 15, 17

3. Кәмилә, Айша және Назымның етіктері болды. Біреуінікі – биік; екіншісінікі - аласа, көк түсті; ал үшіншісінікі - аласа. Кәмилә мен Назымдікі - аласа, ал Назым мен Айшанікі - қызыл. Олардың етіктері қандай екенін анықта.

4. 5 жыл бұрын Ержан 8 жаста болған. 6 жылдан кейін Ержан неше жаста болады?

5. 1, 2, 3, 4, 5 цифрларын бір рет қана қолданып, мысалды қалпына келтір:  
\_\_\_\_\_ + \_\_\_\_\_ + \_\_\_\_\_ = 60

3-сынып оқушыларына

1. Тіктөртбұрыштың ауданы  $18 \text{ см}^2$ , ал периметрі 18 см. Тіктөртбұрыштың қабырғаларын тап.

2. Ыдыста 6 апельсин болды. Балалардың жартысы бір апельсиннен, ал екінші жартысы екі апельсиннен алды. Неше бала апельсин алды?

3. 3 литр және 5 литрлік екі ыдысты қолданып, су ағатын шүмектен 1 литр суды шелекке қалай құйып алуға болады?

4. Әкеме 31 жас болғанда мен 8 жаста едім, ал қазір әкем менен екі есе үлкен. Қазір мен неше жастамын?

5. Сілеусін 600 кг етті 6 сағатта, ал жолбарыс одан 2 есе тез жеп бітіреді. Ол екеуі бірге етті қанша уақытта жеп бітіреді?

4-сынып оқушыларына

1. Жұлдызшаның орынына тиісті цифрларды тауып қой:

$$\begin{array}{r} - 54 * 7 \quad * 7 \\ ** \quad | \quad 2 * 1 \\ * 7 \\ \hline * 7 \\ \hline 0 \end{array}$$

2. Екі рет нөлді, екі рет бірді қолданып, неше 4 таңбалы сандарды құрастыруға болады?

3. Жұлдызшаның орынына тиісті цифрларды тауып қой:

$$\begin{array}{r} \times 68 \\ \hline ** \\ ** \\ \hline ** \\ \hline 7*8 \end{array}$$

4. Бір шаршының периметрі 24 см, екінші шаршының периметрі 8 см. Олардың қиылысуында пайда болған кіші шаршының ауданын тап. Екінші шаршының қабырғасы бірінші шаршымен қиылысқанда қақ бөлінген.

5. Бөлмедегі барлық орындықтар мен арқалы орындықтарда адамдар отыр. Орындықтардың 3 аяқтары бар, арқалы орындықтардың 4 аяқтары бар. Егер бөлмеде барлығы 39 аяқ бар болса, онда неше орындықтар және неше арқалы орындықтар бар?

Құзыреттілік тәрбие адамның өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғарғы рухани ләззатты сезінуге мүмкіндік береді. Құзыреттілік тәрбие, ең алдымен, үй іші мен отбасынан, екіншіден, бала-бақшадан, үшіншіден, мектеп қабырғасынан басталады. Баланың отбасы мен балабақшада алған эстетикалық тәрбие қоры мектеп қабырғасында жетіле әрі дами түсіп, оқушының өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды. Бұрынғы сезінген, көрген, білген эстетикалық өмір құбылыстарында көптеген жаңалықтар орын алып, баланың білімі күн санап, апталап кеңейе, тереңдей түседі.

#### **Библиографиялық сілтемелер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана. 2007.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //www.edu.gov.kz
3. Жикалкина Т.К. Игровые и занимательные задания по математике. – М.: Просвещение, 1989.
4. Ақпаева Ә.Б, Лебедева Л.А., Бурова В.В. Математика. Бақылау және тексеру жұмыстарына арналған дәптер. 1-нұсқа. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011.
5. Моро М.И., Вапняр Н.Ф. Математикалық тапсырмалар мен ойындар жазылған карточкалар. – Алматы. Рауан, 1991.
6. Құрманалина Ш.Х., Сәрсенбаева С.Ш., Өміртаева Р.Қ. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар. – Алматы. Атамұра, 1997.
7. Чилингинова Л., Спиридонова Б. Играя, учимся математике. – М.: Просвещение, 1993.
8. Левитас Г.Г. Нестандартные задачи по математике. – М.: Илекса. 2006.

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҰҒАЛІМ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ**

Шакаримова А.К.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Функционалдық сауаттылық- оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың келесідей теттіктері қарастырылып, жүзеге асырылуда:

Оның бірінші механизмі-оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Оқу әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі өзгерту жаңартылған білім мазмұнына көшу арқылы жүзеге асырылуда. Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі кең ауқымды дағдыларды дамытуды көздейді: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлеріне түсу, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелердің шешімін табу және шешімдерді жүзеге асыру.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың екінші механизмі-оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып екіге бөлінеді. Іштей бағалау- оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Оқу сапасын диагностикалау және бағалаудың екі түрі қарастырылады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Ал сырттай бағалау- білім алудың әрбір деңгейін аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау /ҰБТ,ОЖСБ-БОУД/. Сондай-ақ халықаралық /TIMSS , PISA және PIRLS/ зерттеулерге қатысуы.



